

1 2023
1397

Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі

Құрандағы Қиямет

пен

қиялдағы Қиямет

және айтуға қиын ащы Шындықтар

* * * * *

Қияметті әкелетін адамдар

мен амалдар

Үшінші кітап



Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі

**Құрандағы Қиямет
пен
қиялдағы Қиямет**

және айтуға қиын ащы Шындықтар

*** * * * ***

**Қияметті әкелетін адамдар
мен амалдар**

Үшінші кітап



Алматы – 2022

УДК 28
ББК 86.38
Қ 56

Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі
Қ 56 «Құрандағы Қиямет пен қиялдағы Қиямет...». Қияметті
әкелетін адамдар мен амалдар. Алматы 2022 ж. – 368 бет.

ISBN 978-601-10-0246-2

**Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігі Дін істері комитеті мақұлдаған**

Өзінен бұрынғы – «Тақуалыққа бастар жол немесе Құран Аяттарын талдап өз мәнінде толық түсіну әдістемесі» атты еңбектің жалғасы іспетті бұл кітаптың не айтпағы, өз атауынан-ақ көрініп тұр. Яғни, кітап Қиямет, Ақырет, махшар майданы туралы дәлелді Шындықтардан және Жан мен Рух, өлгеннен кейінгі қайта тірілу жәйлі зерттеулерден құралған.

Және «Қияметті әкелетін адамдар мен амалдар», «Соңғы Пайғамбар арабтан шыққанмен, арабтың бәрі Пайғамбар емес», деген ескертуі, сондай-ақ, «Дат, ағайын!» деген, ұлтымызды бірлікке шақырған бүкіл қазаққа өтініші енгізілген.

Кітап Құранды, Қияметті тануға ниетті барша оқырманға арналған.

Демеушілер – ұлтымыз үшін көптеген игі істердің басында жүрген қайырымды Азаматтар: Алтынбеков Бекзат Қомарұлы мен Сәрсенов Рабат Полатұлы және Қыстаубаев Амангелді Тұранұлы, Маханов Құралбай Жұмағалиұлы.

Бұл Азаматтарға үлкен рахмет, жасаған қайырларын Алла сауапқа жазсын.

МАЗМҰНЫ

Ашық Аяттар	4
Кіріспе	10
Қиямет, Ақырзаман, Ақырет сөздеріне түсінік	14
Ұлтқа Қияметті әкелген қазақ мақалдары	22
Үлкен және кіші Қиямет жәйлі және Қияметтің екі дүниеде де болатынының хабары	27
Қиялдағы және хадистегі Қиямет	35
Құрандағы Қиямет: Бейіш пен дозақ жәйлі	45
Қиямет, астарлы Аяттар және Қиямет жәйлі хадистер	71
Өмір Шындығы – «Фуссилат» сүресінің 53-аятының Шындығы	103
Тағы бір тарихи Шындық	125
Жан	132
Рух	138
Қияметтегі тірілу, бәлкім, қайта туылу болар	166

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Қияметті әкелетін адамдар мен амалдар	262
«Соңғы Пайғамбар арабтан шыққанмен арабтың бәрі Пайғамбар емес»	298
Дат, ағайын!	346
Пайдаланылған әдебиеттер	367

Қиямет тақырыбы күрделі тақырып. Біз бұрыннан айтылып келе жатқан Қиямет пен Құрандағы Қияметті айырып түсіну үшін, Аяттардан пайдаланып, ғылым мен өмір Шындығын ескеріп біраз еңбек еттік. Дегенмен, бізге қарсы шығушылар да болатынына күмәнданбаймыз. Сондықтан, көңіл қойып оқыған талапкерге Құранда құпия ештеңе жоқ, деген тұжырымымызды бекітетін Аяттарды ұсындық.

Аяттардың бәрінің түсінікті екенін ескерткен Аяттар:

«Бақара» сүресі 2-аят: **«Міне, осы Кітапта күдік жоқ, бұл – Тақуалар үшін Тура Жол көрсетуші».**

44-аят: «Елді игілікке бұйырып, өздерінді ұмытасындар ма? **Кітапты оқисындар, ойламайсындар ма?...»**

99-аят: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) расында саған ап-ашық Аяттарды түсірдік. Оған бұзақылар ғана қарсы келеді».**

106-аят: **«Бір Аятты ауыстырсақ немесе ұмыттырсақ одан жақсысын не сол сияқтысын келтіреміз. Әрине, Алланың әр нәрсеге күші жетуші екенін білмедің бе?»**

118-аят: **«...Расында, нақ иланатын елге Аяттарды ашық баян еттік».**

147-аят: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Ақиқат Раббыңнан келген. Сондықтан сірә, күдіктенуші болма».**

159-аят: **«Негізінен Біз ап-ашық Үкімдерді әрі Тура Жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін жасырғандарға Алла лағнет айтады әрі барлық лағнет айтушылар лағнет айтады».**

*«Әли Ғыман» сүресі 3-аят: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Алла (Т) саған алдыңғыны растаушы Құранды Шындықпен түсірді және Таурат пен Інжілді түсірді»;**

7-аят: **«Ол Алла саған Құран түсірді. Оның ашық мағыналы Аяттары бар. Солар Кітаптың негізгі ірге тасы... Сондай-ақ, ғылымда озат болғандар: «Бұған сендік. Барлығы Раббымыздың қасынан», - дейді. Бұны Ақыл иелері ғана түсінеді».**

108-аят: **«Осы Алланың Аяттары. (Мұхаммед с.ғ.с.) Оны саған Шындықпен оқимыз. Алла (Т) әлемге зұлымдық етуді қаламайды».**

138-аят: **«Бұл Құран – адам баласы үшін ашық түсінік, Тура Жол және Тақуалар үшін насихат».**

*«Ниса» сүресі 105-аят: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) ... саған Кітапты, Алланың өзіне көрсетуі бойынша адамдардың ара-**

сына үкім қылуың үшін Шындықпен түсірдік. Сондықтан қаралықшыларға болысушы болма».

174-аят: «Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ, сендер үшін **бір ашық Нұр түсірдік**».

*«Мәида» сүресі 15-аят: «Әй, Кітап иелері! Сендерге Кітаптан жасырған нәрселеріңнің көбін **ашық түсіндіретін** және көбірегін елемей, өтіп кететін Елшіміз келді. Расында, сендерге Алладан **бір Нұр және ашық бір Кітап (Құран) келді**».

16-аят: «Кім Алла Тағаланың Өз ризашылығына үйлессе, соны **Кітап арқылы есендік Жолдарына салады және Өз нұсқауымен қараңғылықтардан жарыққа шығарып, тұл-Тура Жолға салады**».

*«Әнғам» сүресі 46-аят: «Егер Алла есіту, көру сезімдеріңді алып, жүректеріңді мөрлесе, Алладан басқа сендерге оны әкелетін Тәңір кім? Маған білдіріңдер!»-де. Қара! **Аяттарымызды қандай айырып түсіндіреміз...**»

55-аят: «Осылайша, **күнәкарлардың жолы анықталуы үшін Аяттарымызды жан-жақты түсінікті баян етеміз**».

65-аят: «Ол сендерге үстеріңнен немесе аяқтарыңның астынан азап жіберуге не сендерді топтар түрінде ұрыстырып, біріңе біріңнің кесіріңді тарттыруға күші жетеді»-де. **Қара! Олардың түсінулері үшін Аяттарымызды қалай ашық баян етеміз**».

97-аят: «Ол, құрлық және теңіздің қараңғылықтарында ... жол табуларың үшін жұлдыздарды жаратты. **Расында, Аяттарымызды білетін елге ашық баян етеміз**».

98-аят: «Және Ол сендерді бір-ақ кісіден жаратқан. (...) уақытыңша тұрақ әрі орын бар. **Расында, ұғатын қауымға Аяттарымызды ашықтан ашық баян етеміз**».

104-105-аят: «**Расында, сендерге Раббың тарапынан ашық дәлелдер келді. Кім оны көрсе, өзі үшін; кім көрмесе, зияны өзіне...**», «**Осылайша Аяттарды ашық түсіндіреміз... Құранды білген елге түсіндіреміз**».

115-аят: «**Раббыңның Сөзі – Шындық әрі Туралықпен тәмамдалған. Оның Сөздерін өзгертуші жоқ. Ол – толық Есітуші, аса Білуші**».

126-аят: «**(Мұхаммед с.ғ.с.) міне, осы – Раббыңның Тура Жолы. Расында, үгіт алатын елге Аяттарымызды ашық білдірдік**».

*«Ағраф» сүресі 7-аят: «Әрине, оларға біліп баян етеміз. **Негізінде оларға жасырын емеспіз**».

42-аят: «Және Иман келтіріп, ізгі іс істегендер; негізінде біреуге шамасы келетінді ғана жүктейміз, солар Жаннаттық. Олар Онда мәңгі қалушы».

52-аят: «Расында Біз оларға, **Иман келтірген қауым үшін Тура Жол және мәрхамет түрінде бір Кітап түсіріп, Оны білім Жолымен айырып түсіндірдік**».

174-аят: «**Олардың Тура Жолға қайтулары үшін, Аяттарымызды өстіп ашық баян етеміз**».

203-аят: «**...Осы Құран – Иман келтірген елге Раббыларың тарапынан ашық дәлелдер. Сондай-ақ, Тура Жол әрі Мархамат**».

*«Әнфал» сүресі 23-аят: «**Егер Алла оларда бір қайыр ба-рын байқаса еді, әрине, оларға естіртер еді...**».

*«Тәубе» сүресі 11-аят: «Сонда, егер олар тәубе етіп, намазды толық орындап, зекет берсе, онда олар сендердің дін қарындастарың. **Білген елге Аяттарымызды ашық-ашық баян етеміз**».

*«Жүніс» сүресі 5-аят: «Ол сондай Алла, күнді жарық, айды нұр етіп жаратты да оған (айға) жылдардың сандарын, есептерін білулерің үшін орындар белгіледі. Алла бұларды Шындықпен ғана жаратты. **Алла білетін ел үшін, Аяттарын ашық-ашық баян етеді**».

24-аят: «Шын мәнінде дүние тіршілігінің мысалы: Біз көктен жаудырған жаңбыр тәрізді. Ол арқылы адамдар, малдар жейтін өсімдіктер аралас өсіп, жер жүзі құлпырып ажарланған кезде, жер иесі, пайдалануға күшіміз жетеді, деп ойлаған сәтте, түнде не күндіз әміріміз келіп, тіпті, кеше болмаған тәрізді түбінен орылғанға айналдырдық. **Ойланатын қауымға Аяттарымызды осылайша жан-жақты түсінікті баян етеміз**».

37-аят: «Осы Құран Алладан өзгенікі деп жала жапсыруға болмайды. Ол алдындағына растап, **Кітапты ашық баян етеді**. Әлемдердің Раббы тарапынан екендігінде шәк жоқ».

57-аят: «**Әй, адамдар! Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректегілерге бір шипа, сенушілер үшін Тура Жол және Рахмет келді**».

*«Жүсіп» сүресі 104-аят: «Олардан ақы сұрамайсың. Ол **Құран – бүкіл әлемге тән үгіт**».

111-аят: «Әрине, Пайғамбарлардың қиссаларында **Ақыл иелері** үшін өнеге бар. Құран бір жасама сөз емес. ...өзінен бұрынғыларды растайды. Сондай-ақ, **Иман келтірген ел үшін әр нәрсені ашықтайтын Тура Жол және Игілік**».

*«Хыжыр» сүресі 1-аят: «Алиф, Лам, Ро. Бұлар – **Кітаптың ап-ашық Аяттары**».

*«Нахыл» сүресі 64-аят: «Саған Құранды олардың қайшылыққа түскен нәрселерін анықтауың және Иман келтірген ел үшін Тура Жол әрі Игілік түрінде түсірдік».

89-аят: «Қиямет күні әр үмбеттің ішінде, өздерінен бір айғақ әкелеміз. (Мұхаммед с.ғ.с.) сені осы үмметке айғақ қылып келтіреміз. Сондай-ақ, саған әр нәрсені ашықтайтын және Мұсылмандар үшін Тура Жол, Игілік һәм Қуаныш түрінде Құранды түсірдік».

*«Ісра» сүресі 9-аят: «Негізінде Құран ең Тура Жолға саларды. Әрі дұрыс іс істеген Момындар үшін, әрине, зор сыйлық бар екенін сүйіншілейді».

12-аят: «Күн мен түнді екі белгі жасадық. Сонда түн белгісін кетіріп, күндізді, Раббыларыңның кеңшілігінен несібе іздеулерің және жылдардың санын, заманның есебін білулерің үшін жарық қылдық. Сондай-ақ, әр нәрсені ашық баян еттік».

41-аят: «Расында, бұл Құранды насихат үшін қайта-қайта баян еттік. Дегенмен, олардың жиреніштерін ғана арттырды».

89-аят: «Расында, Біз бұл Құранда адам баласы үшін әр нәрсенің мысалын ашалап, баян еттік. Сонда да адамдардың көбі, бас тартып, мүлде қарсы келді».

106-аят: «Біз Құранды адамдарға тоқырап оқуың үшін бөлімдерге айырып, аз-аздап түсірдік».

*«Кеһф» сүресі 54-аят: «Расында, осы Құранда адам баласы үшін әр нәрсені ашық-ашық баян еттік. Ал, Адам баласы, көп нәрселерде жанжалшыл».

*«Таһа» сүресі 113-аяты: «Осылайша Құранды арабша түсіріп, онда түрлі ескертулер баян еттік. Мүмкін олар сақтанар. Немесе оларға үгіт пайда қылар».

128-аят: «Оларды жұрттарындағы, өздерінен бұрынғы, Біз жоқ еткен нәсілдер жолға салмады ма? Рас, мұнда Ақыл иелеріне өнеге бар».

*«Хаж» сүресі 16-аят: «Сөйтіп, Құранды ашық-ашық Аяттар түрінде түсірдік. Рас, Алла қалағанын Тура Жолға саларды».

*«Мүминүн» сүресі 62-аят: «Кісіге шамасы келетінді ғана міндеттендіреміз. Жанымызда Шындықты сөйлейтін бір Кітап (Лаухыл Махфуз) бар. Олар зұлымдық көрмейді».

68-аят: «Олар Сөзді зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?»

*«Нұр» сүресі 1; 18-аят: «Бұл сүрені түсірдік те оның үкімдерін парыз қылдық. Сондай-ақ, үгіт алуларың үшін,

мұнда ашық Аяттар түсірдік». «Алла сендерге Аяттарын ашық баян қылады. Әрі Алла – толық Білуші, аса Дана».

25-аят: «Сол күні Алла оларға лайықты жазасын толық береді... Алланың ашық Шындық екенін олар біледі».

34-аят: «Рас, сендерге ап-ашық Аяттарды әрі сендерден бұрынғы өткендерден мысал және Тақуалар үшін насихат түсірдік».

46-аят: «Расында, ашық баян етуші Аяттарды түсірдік. Сондай-ақ, Алла қалағанын Тура Жолға салады».

*«Фурқан» сүресі 1-аят: «Бүкіл әлемге бір ескертуші болуы үшін Құлына Құранды түсірген Алла – өте Жоғары».

32-аят: «Тағы да кәпірлер: «Оған Құран бір-ақ жолда неге түсірілмеді?»-деді. Осылайша көкейіңе қондыру үшін Оны анықтап оқыдық».

*«Шұғара» сүресі 2-аят: «Бұл – айқын Құранның Аяттары».

*«Нәміл» сүресі 1-2-аяттар: «Та сиин. Бұл – ап-ашық Кітап Құранның Аяттары». «Момындар үшін Тура Жол әрі қуаныш».

75-79-аяттар: «Жер-көкте ашық Кітапта болмаған – жасырын бір нәрсе жоқ». «Расында бұл Құран Израил ұрпақтарына таласқан нәрселерінің көбін баян етеді». «Күдіксіз бұл Құран – Момындар үшін анық Тура Жол әрі игілік». «Расында Раббың олардың араларына үкім етеді. Ол – өте Үстем, тым Білуші», «(Мұхаммед с.ғ.с.) онда Аллаға тәуекел қыл. Өйткені, сен ап-ашық бір Шындық үстіндесің».

*«Қасас» сүресі 2-аят: «Бұл – ашық баян етуші Кітаптың Аяттары».

*«Фатыр» сүресі 14-аят: «Егер оларға жалбарынсаңдар, дауыстарыңды естімейді. Мүбәда, олар естісе де сендерге жауап қайтара алмайды. Сондай-ақ, олар Қиямет күні сендердің ортақ қосқандықтарыңнан танады. Толық хабар беруші Алладай саған ешкім түсіндірмейді».

*«Ғанкабүт» сүресі 49-аят: «... Құран – өздеріне ғылым берілгендердің көңілдерінде айқын Аяттар. Аяттарымызға залымдар ғана қарсы келеді».

*«Сад» сүресі 29-аят: «(Мұхаммед с.ғ.с.) саған бір Мүбәрак Кітап түсірдік; Аяттарын түсінсін әрі Ақыл иелері үгіт алсын».

*«Зүмәр» сүресі 2-аят: «(Мұхаммед с.ғ.с.) расында, саған бұл Кітапты бір Шындықпен түсірдік. Сонда Аллаға дінді нағыз арнап, құлшылық қыл».

23-аят: «Алла тағала Аяттары бір-біріне ұқсас қайталанып отыратын, Сөздің ең көркемін Кітап түрінде түсірді. Одан Алладан қорыққандардың түктері үрпиеді. Сосын олардың терілері,

жүрекері Алланың зікіріне жұмсайды. **Бұл – Алланың Тура Жолы.** Онымен кімді қаласа, Тура Жолға салады. Алла әлде кімді адастырса, сонда оған Тура Жол көрсетуші болмайды».

27-аят: «Расында, **Біз бұл Құранда, адам баласына әр түрлі мысалды, олар үгіт алу үшін келтірдік».**

*«Фұссилат» сүресі 3-аят: «**Бұл Кітап – білген ел үшін Аяттары ашық-ашық баян етілген арабша Құран».**

*«Зұхрұф» сүресінің 2-аяты: «**Ашық Кітапқа серт».**

*«Дұхан» сүресі 2-аят: «**Ашық баян етуші Құранға серт».** «Шын мәнінде, Оны құтты бір кеште түсірдік. Расында, Біз ескертушіміз».

* «Жасия» сүресі 11-аят: «**Бұл Құран – бір жетекші.** Сондай, Раббыларының Аяттарына қарсы болғандар үшін күйзелтуші азаптың ең қоры бар».

20-аят: «**Бұл Құран – адамдар үшін ашық дәлелдер және нақ сенген елге жетекші әрі Рахмет».**

*«Ахқаф» сүресі 7-аят: «**Олар – ап-ашық Аяттарымыз оқылған кезде, өздеріне келген Шындыққа қарсы болғандар: «Мынау ашық бір сиқыр»-дейді...**

27-аят: «Расында, маңдарындағы кенттерді жоқ еттік. Райдан қайтуларың үшін Аяттарды егжей-тегжейлі түсіндірдік». «Расында, Аллаға, Елшісіне қасарысқандар да бұрынғылар қорланғандай қорланады. **Әлбетте, ашық Аяттарды түсірдік.** Қарсы болушылар үшін қорлаушы азап бар». «Мүжәдала» сүресі 5-аятында да осылай айтылған.

* «Қамар» сүресі 17-аят: «**Расында Құранды үгіт үшін оңайластырдық. Ал, сонда түсінуші бар ма?»** (22; 32; 40...-а).

* «Хадид» сүресі 9-аят: «Ол сондай Алла, **сендерді қараңғылықтан жарыққа алып шығу үшін Құлына (Мұхаммедке с.ғ.с.) ап-ашық Аяттар түсірді.** Сөзсіз Алла – сендерге тым Жұмсақ».

25-аят: «Расында Елшілерімізді ашық мұғжизалармен жібердік. Және Елшілермен бірге адам баласының әділ тұруы үшін Кітапты, мизанды (әр нәрсенің өлшеуін) жібердік...».

*«Қалам» сүресі 52-аят: «**Негізінде бұл Құран, әлемдерге насихаттан басқа нәрсе емес».**

- - - - -

Ескерту: Әр тақырыпта кездесетін жақшы ішіндегі (1), (2), (3), (4), (5) сандар, сол қатарларға тиесілі Аяттар барын білдіреді, ол Аяттарды тақырыптың соңынан толық оқи аласыздар.

Кіріспе

Неше-неше замандардан бері адамзат Аллаға жетуге ынтық. Жетсе, көрсе, Оған деген сенімі артып, Махаббаты күшейіп, құлшылығының сапасы жақсарарына сенеді.

Бірақ, жете алмай келеді. Жетуге жолдар іздегенмен белгілі бес парыз бен тиесілі амалдардан, нәпіл құлшылықтардан басқа жол таппай тағы тосылады. Сосын тәулік бойы зікір ету жайындағы кеңестерді тыңдап, оқып, оған да күш салады. Шаршайды, жалығады. Мұның да қолынан келмейтін амал екеніне көзі жетіп, бұдан да қайтады. Соңында Алланы Қияметте көретіні туралы есіткен ертегілері мен оқығандарына ой бөліп, Онымен бұл дүниеде кездесу хақындағы арманынан қол үзеді. «Қияметке дейін кім бар, кім жоқ?!» «Сол жаққа барып көріп келген кім бар екен?!» «Діндар да болма, дінсіз де болма», «Діндар болу шарт емес», «Дінде орта жолды ұста, деген ғой!»-деген, мақалдарға тоқталады. Оған жететініне сенімі селдіреп, үміті де сөне бастайды, құлшылық та сапасызданады.

Біреулері келтірген Кәлимасынан қайтып, лағнеттелгендер мен екіжүзділер тобында қалудан сақтанып, Имандылығын күшейтсе, біреулер шайтанымен бірігіп қулыққа көшіп, ел аузындағы: «Алланың Жолында жүрген адам»,-деген «құрметті атақты» қорғап қалу үшін, діндар болып көзге көрінуге барын салады...

Қазір солардың жолы күшінде тұр. «Бақара» сүресінің 170-аятының мағынасын дұрыс түсінбеген бүгінгі молдалар мен имамдар, ұстаздар ғылым іздеп, тарихты таразылап Аяттармен салыстырып: «Не үшін Ресейге отар болдық? Неге ғайридіндер мен құдайсыздар үстемдікте?» «Құранда ұлт, ру айтылған, жүз, деген қайдан шықты?» «Бұл Құранға дұрыс па?...»-деген сұрақтарға жауап іздемейді; бес парыз бен садақа, зекеттің төңірегінде, неке мен зина, ата-ананы сыйлау мен бала тәрбиесі және ертегі Қиямет пен Ақыреттің аясында сөйлеп келеді.

Бұл мәселелерде олардан көп білетін халық мұндай уағыздан жалыққан. Сондықтан интелегент қауым мешіттерге өте аз барады.

Бүгінгі медреселерде, одан да жоғары діни оқу орындарында тәлім алып жүргендердің 70-80 пайызы тек имам болып, белін ауыртпай, басын қатырмай, мәртебеге жетіп, дәулетті жасау мақсатын көздейтіні жалған емес. Бұлай деуімізге екі түрлі се-

беп бар: біріншісі, соларға дәріс беріп жүрген бірде бір мұғалім, Ислам ғылымындағы кемшіліктер туралы мәселе көтеріп, Оны жаңа заманмен үндестіруге елді шақырған емес*; екіншісі, қолына шаһадатнамасын алған түлектердің Қиямет пен Ақырет туралы түсінігінің өмір Шындығымен, ғылым табыстарымен, заманмен қауышпайтыны.

Бұған себеп, Ислам оқу орындарындағы сіңірі шыққан білім беру әдістері.

Бұл әдіс – әлемде Ислам жөнінде: «Әсерсіз дін, әйтеуір сенім!» деген түсініктің қалыптасуына себептер ұсынған бірден бір тетік. Негізінде Ислам – әлемдегі әрекеттегі ең таза дін**.

Мұны білу үшін алдымен Қияметтің өзімізбен қатар өмір сүріп жатқанына көз жеткеруіміз ләзім. Адамдар Алламен Қияметте кездесу дегенді дұрыс түсінбегендіктен, Қияметті бастарынан өткеріп отырып, Аллаға жалынып, керегінде құдіретін көріп жүрсе де, қиялдағы Қияметпен уланғандықтан, Онымен өзінің де, атырабындағылардың да кездескенін білмей келеді.

Ал, білсе, Аллаға сенімі күшейер еді.

Не себептер болғаны белгісіз, әйтеуір, Қиямет туралы Мұхаммед (с.ғ.с.) түсіндірген таным жоғалып, орнына ертегі сияқты түсінік қалыптасып, ұзақ ғасырлар бойы адамзатты Құранға да, Қияметтің болатынына да күмәндандырып келді.

Қияметті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) түсіндіргеніне дәлел, Қияметтің Оның Өзімен (с.ғ.с.) бірге келгенін айтқан хадисі және «Мүрсәлат» сүресінің 11- аятын жасырмай, бұрмаламай толық жеткергені.

Егер Ол (с.ғ.с.) Қияметті кешегі діндарлар айтып кеткендей – бүгінгілер ежіктеп езіп жүргендей етіп түсіндіргенде, Құранның: **«...Алланың баурап алушы азабынан, кенеттен сезбеген түрде Қияметтің келіп қалуынан қауіпсіз бе?»** («Жүсіп» с.107-а),-деген, **«...Саған ілескендерді Қияметке дейін қарсы болғандарға үстем қыламын...»** («Әли Ғыман»

* «Бақара» сүресінің 42-ші, «Ниса» сүресінің 135-аяттарына амал жасап Шындықты айтуы керек еді.

** Ұстаздар мен шәкірттер ХХІ ғасырда жаңаруы тиіс. Өйтпесе, Алла Тағаланың «Ақ табан шұбырынды...» жылдары бабаларымыз бен мамаларымызға, отызыншы жылдары аталарымыз бен әжелерімізге, дәл осы бүгінде йемендіктер мен сириялықтарға (2018 ж) қырын қарағанындай, бізге де қаһарлана қалары анық.

с. 55-а),-деген, «Олар үшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санап отырмыз» («Мәриям» с. 84-а),-деген, «...Қиямет сағаты кірпік қаққандай, тіпті, оданда жақынырақ...» («Нахыл» с. 77-а),-деген, «...«Асығып тілеген азаптарыңның кейі сендерді өкшелеп тұрған болуы мүмкін...» («Нәміл» с. 72-а),-деген Аяттарына қарсы сөйлеген болар еді. Ол (с.ғ.с.) олай етпеді. Қияметті өз мәнінде ұғындырды. Сондықтан Оның (с.ғ.с.) сахабалары Аллаға шын жүректерімен берілді, Ислам күллі араб жерінде, кейін атырабындағы мемлекеттерде жеңістерден жеңістерге және үлкен жетістіктерге жетті. Ол заманды Ислам тарихында «**Алтын дәуір**», деп атады.

Ал, біздің бұндай дәуірге жете алмай келе жатқанымыз, Қиямет хақында біліміміздің мүлде жоқтығынан. Жасыратыны жоқ, осы күнде айтылып жүрген Қиямет – аңыз. Халық оған күмәнді: сенейін десе, болғандығы жөнінде дәлел жоқ; сенбейін десе, Алладан қорқады... Олардың Құранға күмәнінің көбеюі де осы жерден туындап, елде Құранға – Исламға немкеттілікпен қарау, адасқандарға еру, еліктеу, баюға құнығу, ұрлық-зорлық, жан шошитын түрлі қылмыс, неке бұзу кең етек алып отыр.

Егер олар (Қияметке күмәнданушылар) Аяттарды жақсы зерттесе, Қияметті түгел түсініп, Алланың қаһарына ұшырағандар мен адасқандарға еруден, еліктеуден, күнәлар жасаудан саналы түрде тиылады; олар баюға емес, байлық арқылы көп сауап жинауға тырысады; байлар 1929 жылғы тәркілеуді, 1932-33 жылдардағы жұт пен ашаршылықты ескеріп, сондай заманның келіп қалуынан қорқады; олар осы дүниесі ғана берілген алигархтардай болуды емес, байлығын Алла Жолына шашып, Жәннаттан, Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) жанынан құтты орын алған Әзіреті Әбу Бәкір Сыддық (р.а.), Әзіреті Омар (р.а.) және көп сахабалар жеткен табыстарға жетуге ниеттеніп, тырысар еді...

Қысқасы, Алланы, Құранды, Мұхаммедті (с.ғ.с.), Қиямет пен Ақыретті толық түсіну, жетелі пендені, адамзатты осы дәрежеге алып барады.

Біз Аяттардың түсіндіруімен өмір Шындығын, ғылым табысын үйлестіре отырып, астарлы Аяттардың Шындықтарын аштық. Мақсат, Аяттарды өз мәнінде жеткеру, Құранды күмәндардан арашалау; халықтың Аллаға, Құранға сенімін ояту, Жәннатқа баратын Тура Жолда жасап өтуіне («Бақара» с. 38-а) ықпал ету; Ис-

ламды насихаттау бағытында жұмыс істеп жүргендердің жаңаша пікірлеуіне түрткі болу.

Алла – Ғылым! Біз Оны оқығанда ғана Онымен бірге не Одан бөлек жүргенімізді білеміз. Ал, Онымен бірге екенімізді білу деген – ойлаған ойыңды, сөйлеген сөзіңді, тыңдаған нәрсенді, ашық-жасырын істеген істеріңді – бәрі-бәрін Алланың Көріп, Есітіп, Біліп отырғанына; Алла санап отырған күн есебі толғанда жақсылығыңды алдыға тартып, қуантатынына; жамандығыңды көрсетіп ашыңдырып өкінетініне, тірлігіңнен түңілетініне жүректен сену*

Бұл сену – Алла сыйлаған нығмет. Мұндай сенімге ие адамдар, екі дүниеде де бақытты. Ал, түсіне алмағандар мен теріс түсінгендер Қияметтің ішінде Алламен кездесіп жүргенін білмей, шерменде тағдырмен өмірін бос өткере береді.

Алламен біз айтқаннан басқаша бірге болуды, кездесуді ойлағандар «Ағраф» сүресінің 143-аятын оқысын. Онда: «Мұса (ғ.с.): «**...Раббым! Маған Өзіңді көрсет, Сені көрейін!**»-деді. (Алла): «**Мені әсте көре алмайсың. Бірақ, тауға қара. Егер ол орнында тұрса, сен де Мені көресің**»,-деді. **Раббы тауға елестеген сәтте, оны быт-шыт қылды. Мұса (ғ.с.) да талып түсті. Есі кірген мезетте: «Сен – Пәксің, Саған тәубе еттім әрі мен сенушілердің алғашқысымын**»,-деді».

Мұса – Алланың Өзі таңдап ашық сөйлескен Құлы әрі сенімді Елшісі, Пайғамбары («Таһа» с. 11-23-а). Оның Алламен кездесуі осылай болды. Ал, жәй пенде Алламен біз айтқаннан басқаша кездесе ала ма? Жоқ, әрине!

Сондықтан ескі түсініктерден арылып, Құранды қайта-қайта оқып терең меңгеріп, Алланы, Мұхаммедті (с.ғ.с.), Қияметті, Ақыретті жақсы түсініп, Алланы тауып, Онымен қуана табысып, таза Иманмен өліп, **бұл жалғаншыға қайтып келмейтіндей болып жасап өту керек.** Алланың бізді жерге Мұсылман етіп жібергендегі мақсаты да осы!

Алланың қалауымен, жарылқауымен осы еңбекті жаздық. Игілігіңізге пайдаланыңыз, Имандылығыңыз артып, Алланың сүйген Құлына айналыңыз!

* Алла туралы «Тақуалыққа бастар жол...» атты зерттеуіміздің «Алла көкте қай жерде?» деген тақырыпшамызда дәлелдермен айттық.

Қиямет, Ақырзаман, Ақырет сөздеріне түсінік

Қиямет, Ақырет, Ақырзаман туралы көп айтылып, ол Күннен сақтанудың Жолдары, дін адамдары мен Құранды оқыған зиялылар тарапынан түсіндіріліп жүр. Алайда, Қиямет дегенде, өлімнен кейінгі өмір және азап берілетін бір заман ғана назарда тұрады да, Қиямет – осы жер бетіндегі сын сағаты, сын минөті, сын секөнті екені ескеріле қоймайды. Алла Тағала «Әнғам» сүресінің 67-аятында: **«Әр хабардың нәтижеленетін бір уақыты бар. Жақында білесіндер»**,-дейді. Аяттағы: **«...нәтижеленетін бір уақыт...»** – Алланың санап отырған күнінің толуы («Мәриям» с. 84-а), яғни, жақсы не жаман істеріміздің Ақырына жетіп, нәтижесін көретін кезіміз. Біз Құранды жақсы білмегендігімізден, осы нәтижесін көретін кезіміз – Ақыр, Ақырет, Қиямет екеніне көңіл бөлмейміз.

Құранның «Тәубе» сүресінің 7-аятында, Алла сақтанған Құлдарын жақсы көретінін айтқан. Мысалы, пенде күз түскеннен, «Ниса» (43-а), «Мәида» (6-а) сүрелерінде келген **тәиемүм** дәретті ойға алмай – сақтанбай, сумен дәрет алады. Денесінің тоңғанын байқайды. Бірақ, «Құдай сақтайды»,-деп, мән бермей жүре береді. Алла сақтанып, тәиемүм туралы Аяттарды құрмет етпегені үшін күнін санап отырады («Мәриям» с. 84-а). Бірнеше жылдардың (мүмкін айлардың) бір күнінде күні толып, несеп жолдары қабынған ауруларға шалдығады. Бұл ауруға шалдыққан шақ – тәиемүм дәрет хақындағы Аяттардың, яғни, **«...Алла адамдарға еш зұлымдық қылмайды, бірақ, адамдар өздеріне өздері зұлымдық істейді»** («Жүніс» с. 44-а),-деген **хабардың нәтижеленген уақыты**. Енді ол бұл аурудан құтылу үшін көп амал-әрекеттерде жүреді. Ол: «Ем қона ма? Аурудан құтыламын ба? Әлде басқа жағдай бола ма?»-деп уайымдайды («Фурқан» с. 12-а). Бұл – ол үшін бір Қиямет.

Құранда «Хыжыр» сүресінің 44-аятында, дозақтың жеті есігі бары айтылған. Соның бір есігі – осы дәрет жөніндегі Аяттарға сауатты амал жасамайтындар баратын есік болар. Ол, әрине, Алланың алдына **«...жалғыз баратындар...»** – **«жеке-жеке келетіндер»** («Мәриям» с. 80; 95-а) үшін дайындалған бір есік. Ал, «Іншиқак» сүресінің 7-12-аяттарында: **«... кімнің дәптері оң жағынан берілсе, ол дереу жеңіл есептеліп, үйіне қуанып қайтады. Ал, кімнің дәптері арт жағынан берілсе, ол дереу өлім шақырады. Қайнаған дозаққа түседі»**,-деп, Құранмен жүріп әр жамандықтан сақтанған жақсының ауырмайтынын, одан

сақтанбағанның ауыратынын түсіндіреді. Пенденің дәптерінің оң жағынан берілгені – ауырып қалудан сақтанғаны, ал, артынан берілгені – ауруға шалдыққаны.

Ал, оң жағынан не артынан берілгеннен кейінгі тірлігі, тұрағы – **Ақырғы** нәтиже, **Ақырет**. Құранда **Ақырет** сыйлығы да, азабы да тұрақты екенін ескерткен... (1).

Тік тұруды мысалмен айтайық. Ұзындығы мың метр жүйектерге мақта егілген. Осыны теріп алуға терімшілерді жұмылдырамыз. Алла Тағала «...күн мен айды есеп үшін жаратқан...» (2). Сондықтан біз таң намазынан мақта терімді бастап, бесін мезгілі кіргенде аяқтаймыз.

Келісілгендей бесін уақытына азан шақырылды, терім тоқтатылды.

Терімшілер орын-орнында – кім неше метрге келсе, сол жерде тұрады. Өлшем қорытындысында кім неше метрге жетті? Қозапаяның және жүйектің тазалығы қалай? Кім қанша мақта терді? Терілген мақтаның сапасы қай дәрежеде? Төрешілер – әділет таразысы осы жағдайды анықтауға кіріседі.

Ал, жақсылық үшін жарысқан терімшілер: «Төрешілердің сарабында жұмысымыз қалай бағаланар екен?»-деп әрқайсысы іштей **тік тұрады**.

Дәл осы сияқты, қу тіршілік үшін бірде ізгілік, бірде сауап істеп жүрген біздің де бір күндері* (жылдардың бір күнінде) санаулы күніміз толып (3), Алладан бұйрық келгенде, бір қиындыққа тосыламыз («Мәриям» с. 71-а), ізгі амалдарымыз бен күнәларымыз жазылған Биллион, Сиджин (4) атты есеп дәптерлеріміз ашылып («Ісра» с. 13-14-а), осы **сәтке** дейінгі өмірімізде жасаған сауаптарымыз бен обалдарымыз таразыға (5) салынады. Екеуінің артық-кемі теңестіріледі (6). Біз «Назиғат» сүресінің: «**Оның қорытындысы Раббыңа байланысты**» (44-а),-дегеніндей, бұл қиындықтың арты жақсы болуын тілеп Аллаға жалынамыз, Алланың Мейірім, Рахымынан үміттеніп, жақсылықтың тез келуін **тік тұрып**, зарыға күтеміз. Алла Тағаланың кеңшілігімен, есеп Кітабымыз оң жағымыздан берілгеніміз, үйімізге көңілді (7) қайтамыз. Ал, күнәміз басым түссе, көзіміз төмен қарап (8), жүзімізді шаң басқандай тозаңып (9): «өліп, топыраққа айналып кетсем болмай ма?!» (10) -деп өкініп, «...азап қамшысына...» жығыламыз, яғни, алдымызға

* Әркімге әр түрлі жасында, біреулерге қабірінде...

«...келтірілген...» дозаққа (ауру, қамақ, өлім, қабір азабы...) барамыз (11).

Осы бастауды өмір Шындығымен ашып айтайық. Бұл Шындықты түсінуіміз үшін: адамдардың Алланың жердегі Орынбасары екенін («Бақара» с. 30-а), Алланың бір Құлдары арқылы, екінші бір Құлдарын қорғайтынын («Бақара» с. 251-а), Алла Өзін естеріне алмайтындарды шайтанға тастайтынын («Зұхрұф» с. 36-а) ескерейік.

Осы күнде ел арасында: «Пәтер алып беремін...», деген, не: «Ақша салсаңыз, пәлен пайызбен, ұтыс аласыз», деп дабралаған алаяқтарға (шайтанның достарына) алданғандар (ойына сенетіндер «Фурқан» с. 43-а) көп. Міне, осылар да алаяқтардың өтірігіне сеніп, жүріп-жүріп, алданғандарын білген күні **аяқтарында тік** тұрып, зырылдап, шыжылдап жүріп, оларды табуға, ақшасын қайтарып алуға күш салды. Өстіп жүріп олар: «Пәтер ала аламын ба? Ең болмаса, ақшамды берсе екен!» Екіншілері: «Пайыз пайдасы құрысын! Өз ақшамды түгел қайтарса игі еді! Бере ме? Бермей ме?...»-деп түнде ұйқы көрмей, күндіз күлкі көрмей, қан жұтады.

Бұл білімсіз сенгіштіктің, сабырсыздық пен шүкірсіздіктің **Ақырына** жеткені – Алламен кездескені.

Үкіметке арызданады («Бақара» с. 251-а). Алаяқтың күнәсі мойнына қойылып, тұтқындалады. Яғни, өсім алмау туралы («Бақара» с. 275-а) хабар нәтижеленеді («Әнғам» с. 67-а). Енді оған есеп дәптері («Ісра» с. 13-14-а) тартылды – ол: «Бұл жексұрындық қалай басталып еді? Қай жерден қателестім?»-деп, осы жолға қалай келгенін ойлайды, яғни, есеп дәптерін оқиды. Кенет осыған басты себепші болған бір «досы» есіне түседі: «Әттең, соған неге ердім?» (12)-деп өкінеді. Тергеу кезінде «досының» есімін атайды. Полиция оны да әкеп қамайды. Енді «Нахыл» сүресінің 111-аятында айтқандай, әркім өз басын қорғауға тырысып, екеуі айтысады («Зұхрұф» с. 67-а), араздасады. Бұл оған: «Бәрі сенен болды. Саған бекер еріппін!»-дейді. Ол түсін суытып, бейне битаныс адамдай кіржііп: «Кет әрі! Мен сені танымаймын! Маған жала жаппа!»-деп ауып түседі (13).

Және бір тақсіретті жері – бұларға ешкім көмектесе де алмайтыны... (14)

Міне, осы кездегі тергеу – таразы. Тергеушілердің ақты аққа, қараны қараға айыруын күткен шақ – Қиямет.

Тергеу нәтижесінен **соң**, барар бағыт айқындалып, кінәсіздер ақталып, алаяқтар жазаланады. Бұл – **Ақырет!**

Алла Құлдары үшін Ақыреттің қайырлы екенін ескертеді (15). Осынысы: «Бұл дүниенің қоқырсығы үшін Иманынды сатпа, сабыр ет; сабыр етіп, Иманмен жүрсең, алдыңда бұлардан да артық және өте қайырлы жақсылықтар бар», дегені. Расында дүние-байлыққа өліну – адамды ауруға шалдықтырады, абройсыздандырады. Ал, барға қанағат етіп, шүкіршілікпен жасау – денсаулықтың, абройлы өмір сүрудің кепілі. Осы денсаулық пен абройдың сақталып қалуы – осы дүниедегі **Ақыреттің** үлкен сыйлығы. Өлімнен кейінгі сыйлығы – әрине, Жәннат.

Қияметтің сын секөңті, сын минөті, сын сағаты екеніне «Хаж» сүресінің 47-аятының сырын ашқан ғылым дәйегін де келтірейік. Аятта, Алланың уәдесіне берік екені, пенденің асығып тілеген азабы, Алланың қасындағы бір күнде – біздер санайтын мың жылдың ішінде берілетіні айтылған. Мұны техника ғылымының докторы, профессор, дінтанушы Мұрат қажы Мыңбаев: «... қашықтық есеппен 24 сағаттық бір тәулігіміз мың жылға тең болса, жер бетінде жүз жыл жасаған адам 2,4-ақ сағат өмір сүрген боп шығады...» («Жалын» журналы. 2004 ж. 2-сан. 70-бет),-дейді. Демек, бұл, күнәкар пенденің мың жылдықта жер бетіне келе беретінін байқатады. Ал, асығып тілеген азабы (Аяттарға қарсылығы үшін тиесілі азап), осы мың жылдың ішіндегі бір күнде беріледі, деген сөз. «Нахыл» (77-а), «Нәміл» (72-а) сүрелерінің Қияметтің өкшелеп келіп тұрғанын, қас қағымда бола қалатынын ескерткенінің сыры осы (200-бетте, 5-дәлелімізде кеңірек айттық). Олай болса, әрбір пенде бүгінгі күндеріне шүкір етіп, алдағы күндерінде де жақсылықтарға жете беруінің қамын жасап, Алла айтқан Жолмен («Бақара» с. 38-а) тіршілік етуі ләзім.

Біз негізінде Қиямет пен Ақыретті бір мағыналы сөздер – синонимдер ретінде түсінеміз. Тағдыр мен сынақты шатастыратынымыз да содан. Қиямет пен Ақырет сөздерін сөздіктер мен анықтамалардан оқыдық*. **Қиямет** – тік тұру, **Ақырет** – соңғы нәтиже деген тұжырымыздың дұрыстығына көз жеткердік.

Ақырет сөзіне өмір Шындығынан мысалдар айтайық. Қазақ: «соңы», «аяғы», «ізі», «кейіні» деген сөздерді «ақыр»,

* «Тақуалыққа бастар жол...» атты әдістемемізде толығырақ берілген.

«ақыры» деп те айтады. «Ол сол қызды жақсы көретін, **ақыр** соған үйленді». «Бала күнінен әнші болуды, үлкен сахнада ән шырқауды армандайтын, **ақыр** арманына жетті». «**Ақырында** екеуі бір бітімге келді» немесе «Ол сонда сол жетімдердің малын иемденіп кетіп еді. **Ақыр-аяғы** оңбады». «...**Ақыр** жауапкершілікке тартылып, сотталып тынды», - деген сынды тіркестерде **«ақыр»**, **«ақырында»**, **«ақыр-аяғында»** сөздерін пайдаланамыз. Мағынасы жақсылық болса да, жамандық болса да – **соңғы нәтижені** ұқтырады.

Қазақ: «Жасында берекесі болмағанның, қартайғанда мерекесі болмайды», - дейді. Расында өзара сыйласа алмаған ерлі-зайыптылардың **ақыры** оңа бермейді. Соңғы уақыттағы көп шалдар мен кемпірлердің қарттар үйіне апарылатыны не өздерінің солай қарай қашатыны – «Тағабұн» сүресінің 14-аятына сауатты амал жасамайтынынан; осы Аят хабарының нәтижеленгені; жас кездерінен өмірінің **ақырына** дайындалмағандығынан.

Осылардың барлығын қорытсақ, **Ақырғы** нәтижені көреміз. Халқымызда: «**Ақырының** қайырын берсін», «**Ақыры** қайырлы болсын» не «Әйтеуір, Құдай сақтап, **Ақыры** қайырлы болды», - деген жақсылықты хабарлаған және «**Ақырет** азабы», деген тіркестер бар. Бұдан шығатын қорытынды да, **Ақырет** – Қиямет шешімінен соңғы рахатты не азапты өмір.

«Ісра» сүресінде, Мұхаммед (с.ғ.с.) мүшріктерге бейімделуге жақын қалғанын айтып: «**Егер ондай болса, саған тіршілікте де, қайтыс болғаннан кейін де, әлбетте, еселеп азап тарттырар едік...**» (74-75-а), - дейді. Мұнан біз, бұрыннан дәлел келтіріп айтып жүргеніміздей, өлімнен кейін де азап барын түсінеміз. Бұл тек қабір азабы ғана емес, «Хаж» сүресінің 47-ші, «Фурқан» сүресінің 14-аяттарының меңзегеніндей, өлген күнәкар, көктің есіктерінен әрі өте алмай («Ағраф» с. 40-а) мыңжылдықтың, елу мыңжылдықтың ішінде жерге келе береді; біз көріп жүрген тірісінде алмай кеткен жазасын жерге қайта келіп алатыны. Оның **Ақыры**: біріншіден, көктің есіктерінен өте алмай жерге қайта келгені болса, екіншісі, әлдеқандай бір кемістікпен туылу не жер үстіндегі сәтсіздікке толы машақатты өмірі...

Адамзат өмірінен дәлел айтайық. Өзінің болашақ ана екенін сезінген қыз бала кімге тұрмысқа шығуын таңдаудан бұрын, қандай перзентке ана болуы керектігін Алладан жалынып тілеуге тиіс. Ол қандай перзент тілесе, Алла оның ықыласы мен тала-

бына қарай сол перзентті береді яғни, **Ақырында** армандаған перзентін сүйеді.

Сондай-ақ, ақ некелі ата-анадан бінә болған шарананың **Ақыры** – шақалақтығында байқалады – бұл төсектегі жақсы ниеттен басталып, жатырдағы шарана мен ананың мәмілесімен жалғасып, жақсы шарана дүниеге келгесін ананың июіне көнімді болады;

-сәбилік шақтың **Ақыры** – балалыққа өткенде көренеді – шақалақ күнінен таза күтілген сәби, бала кезінде өзін-өз таза ұстайды, Имандылыққа бейім өседі;

-балалықтың **Ақыры** – жігіттік шағында танылады – балалығынан өнер мен ғылымға, спортқа дағдыланған бала, жігіт шағында дене бітімі жарасымды, зерек, көпшілік ортада сыйлы болады және өз ақылымен Имандылық Жолын ұстанады;

-жігіттік дәуреннің **Ақырын** ағалыққа жеткенде көреміз – жігіттік кезінен елге сыйлы болған адам, ағалық жасында ел зиялысы болады;

-қыз кезінен мөлдір Иманды, ақылды, Тақуа перзентке ана болуды армандаған ана мақсатына жетіп, **Ақырында** қуанады;

-ағалық заманның **Ақыры** қарттыққа жеткенде сыр береді – ағалығынан ел зиялысы дәрежесіне көтерілген Тақуа, қартайған шағында елдің абыз Ақсақалы дәрежесіне жетеді;

-ал, бұлардың барлығының **Ақыры**, әл кеткенде, денсаулық титықтағанда бой көрсетеді: өзін ақылдылық жағынан да, Имандылық жағынан да, денсаулығы тарапынан да күткен адам соңғы деміне дейін еш қандай азап көрмейді және **Ақырында** Алла одан риза болып, ол Алладан риза болып, мәңгілікке көз жұмады («Фәжір» с. 28-а).

Жалғаншыдан Алланы ұмытпай, Имандылықпен, сый-құрметпен бақилыққа көшкен Тақуа Момын, **Ақырында**, әлбетте, Жәннатқа барады.

Біз тек жақсы перзент жайын айттық, ал, ана жақсы перзентті армандамаса, туылған шарананың сәби, бала кезінен тәрбиесі оңбаса, салақ, қаңғыбас, шәйма, имансыз, сауатсыз перзент болса; баласының орта жас өміріндегі сиқына – ағалыққа жеткен **Ақырына** ата-ана өкінеді; жасы үлкейе бере бала да өкініп, іштей ата-анасын кінәлайды. Бұл да **Ақырғы** нәтиже.

Міне, **Ақыр – Ақырет** деген осы!

Және өмір Шындығына келейік. Бізде тәкаппарлықтан

мүшкілдікке түскен пендеге байланысты айтылатын: «...заманында ешкімді менсінбей, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып, шайқаған еді. Бүгінгі хәлі мынау»; ақылды жасап өткен пенде хақында ескертетін: «Басында бағы күліп тұрған заманда, талай адамға сүйеніш болып еді. «Көптің алғысы – көл»,-деген, Алла жарылқап, бүгінгі қарттық шағында ізгілігінің рахатын көріп отыр» немесе «Заманында гүрлеп өтті. Енді бәрі естелікке айналып, ұрпаққа үлгі болып қалды»,-деген өнегелі естеліктер айтылады. Бұлар да әркімнің заманының бітетінін, біткенін, аяқталғанын, **Ақырына** жеткенін түсіндіреді.

Ислам ғалымдары Қияметті үлкен және кіші деп екіге бөлген. Қияметтің үлкені, әлбетте, халықтың жаппай имандылықтан алыстауының **Ақыры** – Алланың «Әли Ғымран» сүресінің 178-аятындағы кеңшіліктің шегіне жетуі, «Мәриям» сүресінде (84-а) ескерткен санаулы күнінің толуы. Ол күн толғасын Алла бұйрық беріп – сүр үрленіп: ашаршылық, ауругершілік, соғыс, жұт, су басу, жер қозғалысы, алапат өрт, дауыл апаттарымен келген тік тұрулар... Бұлар – үлкен Қиямет. Ал, кішісі жеке бастағы не ауылдық жерге келетін түрлі апаттар. Біз бұған алда кеңірек тоқталамыз. (Ақырет және Қиямет хақында «Тақуалыққа бастар жол...» атты зерттеуімізде де айттық).

Бір ескерерлік ең маңызды жайт, Қияметтің үлкені болсын, кішісі болсын таразыға жеке бастың түсетіні: Аллаға ниеті түзу, құлшылығы мен сауап істері басым болғандар сыйлықтанып, күнәлілер жазаланатыны.

- - - - -

1. «Таһа» сүресінің 127-аяты: «Ал, міне, сөйтіп шектен шыққан, Раббының Аяттарына Иман келтірмеген кісіні жазаландырамыз. Әрине, **Ақырет азабы әрі тұрақты, әрі қатты**».

2. «Әнғам» сүресінің 96-аяты: «Таңды сөгуші, түнді тынығу және **күн мен айды есеп үшін жаратқан**. Осылар – аса Үстем, толық Білуші Алланың өлшеуі». («Ісра» с. 12; «Рахман» с. 5-а).

3. «Мәриям» сүресінің 84-аяты: «**Олар үшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз**».

4. «Мутаффифин» сүресінің 7-9; 18-20-аяттары: «Олай емес. Негізінде бұзықтардың дәптері – **Сиджин** төменгі орында болады». «Төменгі Сиджиннің не екенін қайдан білесің?» «**Ол – жазулы бір кітап**». «Жоқ, олай емес. Негізінен ізгілердің дәптері –

Биллион жоғары орында болады». «Жоғары орынның не екенін қайдан білесің?» «Ол – жазулы бір кітап».

5. «Әнбия» сүресінің 47-аяты: **«Қиямет күні, Туралық таразысын қоямыз. Ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Егер бір ұрық түйірінің салмағындай болса да, оны әкелеміз. Есеп көруде жеткіліктіміз».**

6. «Фурқан» сүресінің 70-аяты: «Бірақ, кімде-кім тәубе қылса, Иман келтіріп, ізгі іс істесе, Алла олардың жамандықтарын жақсылықтарға ауыстырады. Алла – өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді».

7. «Иншиқак» сүресінің 7-9-аяттары: «Ал енді кімнің дәптері оң жағынан берілсе», «...ол жеңіл есеппен есептеледі». «Ол үйіне қуанып қайтады».

8. «Назифат» сүресінің 9-аяты: «Ол Күні көздер төмен қарайды».

9. «Ғабаса» сүресінің 40-аяты: «Ол Күні кейбір жүздің үстін шаң басқан болады».

10. «Нәбә» сүресінің 40-аяты: «Негізінде жақын бір азапты ескерттік. Ол Күні алдын ала не істегеніне қарайды. Кәпір: **«Әттең! Топырақ болып кеткен болсам!»-дейді.**

11. «Фәжір» сүресінің 12-13; 23-аяттары: «Олар ол жерде бұзақылықты көбейткен еді». «Сондықтан Раббың оларға азап қамшысын жаудырды». «Сол Күні дозақ келтіріледі де әрі сол Күні адамзат түсінеді. Ол түсінуден оған не пайда?»

12. «Фурқан» сүресінің 28-аяты: **«Неңдей өкініш маған! Әттең! Мен пәленбайды дос тұтпаған болсам еді!».**

13.«Зухрұф» сүресінің 67-аяты: «Сол күні Тақуалардан басқа достар, бір-біріне дұшпан болады». («Ағраф» с. 38-39-а).

14. «Инфитар» сүресінің 19-аяты: «Ол күні біреуге біреу қарайласуға еш нәрсе қолдан келмейді. Ол күні әмір Аллаға тән». «Ғабаса» сүресі: 34-37; 40-42; «Моминұн» сүресінің 101; «Бақара» сүресінің 48-аяттары.

12. «Жүсіп» сүресінің 109-аяты: «Сенен бұрын да кенттердің халқынан өздеріне уақи етіп, еркектерді ғана жібердік. Ал енді олар өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын жер жүзін кезіп көрмей ме? Әрине, Ақырет жұрты Тақуалар үшін хайырлы, түсінбейсіңдер ме?»

Ұлтқа Қияметті әкелген қазақ мақалдары

«Хаж» сүресінің 38-аятында: **«Күдіксіз Алла Иман келтіргендерді қорғайды. Әрине, Алла бүкіл қиянатшыл, қасарысқандарды жақсы көрмейді»**,-деген. Ақыретін ойлап, Алладан қорыққан пенде Құранға қиянат жасап, Аяттарды беркерге шығармайды, бұрмаламайды («Тәубе» с. 32-а); Құранға қасарысып, тиымдарды істемейді, Алланың әмірлерін («Бақара» с. 186-а) орындайды.

Ал, Ақыретін ойламайтын, Алладан қорықпайтын пенде: «Қияметке дейін кім бар, кім жоқ?!» «Сол жаққа барып көріп келген кім бар екен?!»-деп, Қияметтің болатынын хабарлаған «Таһа» сүресінің 15-аятын беркерге шығарады. Яғни, ол осы мақалдарды айтуымен Құранға қиянат жасайды. Күнәға батады.

Және бірсыпыралары: «Діндар да болма, дінсіз де болма», «Діндар болу шарт емес», «Дінде орта жолды ұста, деген ғой!»-деп және бір жеңіл ойлылар: «Алла алпысқа дейінгі күнәларыңды кешемін, деген екен...»,-деп, өзінің Құранға қарсы жолда жүргенімен тұрмай, жұртты да Тура Жолдан тосып қасарысады.

Міне, бұларды Алла қорғамайды, қарғайды («Әли Ғымран» с. 86-88-а).

Әрине, Аллаға сенген Тақуалар мұндай мақалдарға сенбеді. Бұлар – ұлтымыздан шыққан әулие аталарымыз. Олар кезінде Қиямет жәйлі жалған уағыздарға да, «Бақара» сүресінің 42-ші, «Ниса» сүресінің 135-ші, «Әнғам» сүресінің 152-аяттарын бұрмалаған әділетсіздіктерге де, әлгіндей, мәнсіз мақалдарға да қарсы болды. Сол үшін олар Аллаға жағып әулиелік дәрежеге жетті.

Бірақ, олар да бүгінгі біздің Шындықты Президентке жеткере алмай, ҚМДБ-сына түсіндіре алмай жүргеніміз сияқты ұлтты тәртіпке келтіретін ықпалды буынға сөз түсіндіре алмады. Соңында еліміз ғайридіндерге, кейін құдайсыздарға отар болды.

Ал, бұл мақалдардың шығуына не себеп болды, десек, әлбетте, алдымыздан: «Менмін!»-деп, көкірекке ұрып, Қиямет жәйлі жалған уағыздар шыға келеді. 38-аят мағынасымен айтқанда, жалған уағыздарды және жоғарыдағы мақалдарды айтушылар мен айтушыларға ергендер Құранға қиянат жасады, қасарысты – Алладан келген Туралықпен жүрмеді («Бақара» с. 38-39-а). Сондықтан Алла оларды қорғамады («Хаж» с. 38-а).

Осы мақалдар шықты да Құранның күшін, өз панасына жасырып, арабша оқып білмеген елге үлкен кесірін тигізді («Әнфал» с. 25-а). Тіпті, олар Қияметті жоққа, болмайдыға шығарды. Содан елде мынандай әділетсіздіктер орнады:

1. Олардың Алла дәрежеде көтерген («Әнғам» с. 165; «Зұхрұф» с. 32-а), ықпалды буыны – молдалар, болыстар, билер, байлар, Алланың Жолымен жүруде тек бес амалды және көп әйелге үйлену («Ниса» с. 3-а) хақындағы Аяттарды ғана орындап, «Бақара» сүресінің 3-аятына Тақуалық жасамай, садақа мен зекеттен және өздеріне Алла берген ризық несібеден кедейлерге, жетім-жесірлерге пайдаландырмады;

2. Діндарлар Құранды зерттеп, тереңірек үйренуге тиым салды, яғни, Қиямет, Ақырет және өлгеннен кейінгі қайта тірілу хақындағы Аяттарға қиянат жасалды;

3. «Ағраф» сүресінің 94-96-аяттарын дұрыс түсініп, тыныштықта, тоқшылықта, кеңшілікте жасап жатқандарына шүкір қылмады;

4. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны», елге келген жұтты және басқа азапты жылдардың өткенін тілдерінде айтқанымен, **«...Аллаға (Құранға), Елшісіне (Аяттармен мағыналас сахих хадистерге) қасарысқандар, бұрынғылар қорланғандай қорланады...»**,-деген, «Мүжәдәла» сүресінің 5-аятын; **«...Егер (сендер) қайталасаңдар, Біз де қайта жазалаймыз...»**,-деген, «Ісра» сүресінің 8-аятын естеріне алмады – Тәубелеріне келмеді;

5. Молдалар Құранның біреудің күнәсін біреу көтермейді, әркім өзі үшін жауап беретінін («Ісра» с. 15-а) ескерткен Аяттарын жоққа шығарып, мүштаяқ деген амалды шығарды;

6. Құранның бөлінбеу хақындағы «Әли Ғымран» сүресінің 103; «Шура» сүресінің 13-аяттарының үкімінен өздерін жоғары ұстап, жүзге, аксүйек пен қараға бөлінді;

7. Жетімдер мен есігіндегі құлдарының еңбекақысын адал төлемеді;

8. Дау-жанжалдарда «Бақара» сүресінің 42-ші, «Ниса» сүресінің 135-аяттары ескерілмей, байлар мен мықтылардың сөзі сөйленіп, әділдікке қиянат қылды;

9. Ана – әйел жұртының құқығы қорғалмады;

10. Елде өсекпаздық пен өтірік айту және пешауыздық кең етек алды;

11. «Ниса» сүресінің 59-аятындағы басшыларға бағынындар, деген үкіміне құлақ аспай, бас-басына би болып, бірікпеді;

12. «Әли Ғымран» сүресінің 104-аятына сауатты амал жасап, елде болыс пен биді, молданы Имандылыққа шақырып отыратын әділетті Ақсақал орта құрмады... Бұл он екінің нәтижесі Алланың қаһарын әкелді. Яғни, Алла оларды шайтанға тастады («Зұхрұф» с. 36-а). Ал, ол бабаларымызға осы надандықтарын қызық көрсетіп, «...сартша сырты...» бұзылып, «Бас-басына би болып...» (Абай бабам) бастары бірікпей, **Ақырында** өз еріктерімен Ресейге отар болып тынды.

Бұдан ел көп азаптар көрді. Елім, деген есіл Ерлер арманда кетті...

Енді елімізде осы надандықтар қайталанбасын, Құранға киянат жасамайық, Аяттарға қасарысып қырсықпайық, Алладан келген Туралыққа ерейік («Бақара» с. 38-а) – жалғыз Аллаға, Құранға, Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.), Қияметтің болатынына, Ақыретке, Жәннаттың барына, дозақтың Шындығына Иман келтірейік.

Айтқанымызға қайта оралайық, осы санап өткен надандықтар қайдан шыққан еді?

-Қиямет туралы жалған тәпсірлерден.

-Ол тәпсірлер қайдан шықты?

-Құранның Аяттарын өтірікке шығаруға ниеттенгендерден шықты.

-Біздің қазақ неге оған алданды?

-Арабша оқи білмегендігінен, Ғылымға жалқаулығынан.

Басқа дәлел жоқ. Алла ешкімге зұлымдық қылмайды, адамдар өздеріне өздері істейді («Жүніс» с. 44-а).

Иә, бабаларымыз арабша оқи білмегендігінен, яғни, Құранды өздері оқи алмағандығынан, «Мен білемін!»-дегендерге алданды. Енді біз сауатты болайық. Жоғарыдағы мақалдарды қайтып тілімізге алмайық. Айтып жүргендерге ескі тәпсірлердің өтірік екенін жеткеріп, Қияметтің болғанын («Мүрсәлат» с. 11-а), ізімізде өкшелеп келіп тұрғанын («Нәміл» с. 72-а), өмір Шындығымен, өткен тарихымызбен дәлелдеп берейік...

Исламның жаулары мен дүмшелер Құранға қарсы көп құйтыркылықтар ұйымдастырды. Соның кесірінен адамдар Исламнан шошып қалды. Олардың айтқандарының бәрі жалған. Исламда адам шошитын ештеңе жоқ. Сондықтан бәріміз Иманға

келіп, Алланың қамқорлығында болайық («Бақара» с. 38; «Хаж» с. 38-а).

Алла «Нахыл» сүресінің 61-аятында пенделерді күнәлары себепті жазалай берсе, жер бетінде адам қалмайтынын ескертіп, көп күнәлардың кешірілетінін, бір сыпыраларының жақсылықтармен теңестірілетінін ескерткен. Сол үшін «Бір ережесін бұзып қойсам, күнәға қалармын!»-деп, қорықпай, Иманға келейік.

Алланың кешірімі, кеңшілігі туралы сөзімізге дәлел ретінде осы Аяттардың бірнешеуін келтірейік.

Алдымен кеш те болса, Алланы есіткен күнінен Иманға келіп, қалған өмірінде ізгіліктер істегендерге қатысты Аяттарды айтайық. «Әли Ғыман» сүресінің 191-194-аяттарында ақыл иелерінің Аллаға жалынатынын айтып келіп, 195-аятында: «...Шын мәнінде Мен сендерден еркек не әйел *(болсын мейлі, игі)* амал істеушілердің амалын зая қылмаймын. ... Және босқандардың, жұрттарынан шығарылғандардың және Менің Жолымда жапа шектірілгендердің, соғысқандардың, өлтірілгендердің **жамандықтарын жасырамын. ... оларды астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземін...**»,-десе, «Ниса» сүресінің 31-аятында: «Егер сендер **тиым салынған нәрселердің үлкенінен сақтансаңдар** *(Аллаға серік қоспасаңдар, зинақорлық, парақорлық, өсімқорлық... жасамасаңдар)* **сендердің жамандықтарыңды жасырып, өздеріңді құрметті орынға кіргіземіз**»,-дейді. Аяттар ашық – өте түсінікті. Алла осы Рахымын «Әнфал» сүресінің 29-аятында, «Фурқан» сүресінің 70-аятында, «Ғанкабут» сүресінің 7-аятында да айтып, «Зүмәр» сүресінің 53-аятында күнәкарларға Алладан үміттерін үзбеуді ескертіп: «...Алла біртұтас күнәларды жарылқайды. **Өйткені, Ол – тым Жарылқаушы төтенше Мейірімді**»...,-дейді. «Талақ» (5-а), «Тахрим» (8-а) сүрелерінде Алладан қорқып, шынайы тәубеге келгендердің жамандығын жойып, сауабын зорайтатынын ескерткен.

Мұрса берілетін Аяттар «Әли Ғыман» сүресінің 178; 195-196-аяттарынан басталады. 178-аятта: «Ал және ... **қарсы болғандар, (құтылдық демесін –) негізінде, оларға (Біздің) мұрса беруімізді, өздері үшін қайырлы, деп әсте ойла-масын. Шын мәнінде күнәларын арттырсын, деп қана орай береміз.** Сондай-ақ, олар үшін қорлаушы азап бар»,-

десе, «Ібраһим» сүресінде: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Алла Тағала залымдардың істегендерінен қаперсіз деп, әсте ойлама! **Шынында Алла оларды көздері шарасынан шығатын бір күнге дейін кешеуілдетеді**» (42-а). Яғни, күнәларын арттырсын деп, мұрса береді. (Сен де) «...оларды еркіне қой. **Жесін, пайдалансын; дәмелері айналдырсын. Олар жуықта түсінеді**» («Хыжыр» с. 3-а),-дейді. Жуықта түсінетіні – Қияметтің келетіні.

Осылар сияқты, «Нахыл» (61-а), «Кеһф» (58-59-а), «Таһа» (129-а), «Нұр» (14-а), «Фатыр» (45-а), «Иасин» (43-44-а), «Фуссилат» (45-а) сүрелерінде де әс-Сабуру Алланың Құлдарына мерзім беріп, отырғаны айтылған.

Осы жерде ерекше ескерер ереже, әрбір пенденің Алланың барлық нәрсені және жеке өзіңнің жазған-сызғаныңды да, қолыңмен істегеніңді де, біреуге айтып істеткеніңді де – бәрі-бәрін Көріп тұрғанына, жүрегіндегі адал-арам ойларыңды – ниетінді Біліп тұрғанына, айтылған сөзді, сыбырды Есітіп тұрғанына, ешбір күмәнсіз жүректен сенуі; садақа жәйлі Аяттарға сауатты амал жасап, Алланың берген несібесінен өзгелерге пайдаландыруы, Құранды бірнеше мәрте көңіл қойып оқып, Алла салған тиымдардан сақтануы мен Алланың әмірлерін («Бақара» с. 186-а) орындауы. Міне, сол кезде, біріншіден, күнәға жол қойылмаса, екіншіден, жамандық пен жақсылық таразыға түскенде жақсылықтың саны көп болып, Алланың Рахымына, Мейіріміне бөленуге үлкен Жол ашылады. Пенденің бұл амалдарды орындамай тұрып: «Алла күнәларды кешіреді», деген сөзі – бос сөз.

Мына Аяттарды толығырақ келтірейік. «Шура» сүресінің 14; 21; 34-аяттары: «Олар өздеріне білім келгеннен кейін араларындағы көре алмастықтың салдарынан ғана бөлінді. **Егер Раббың тарапынан, белгілі бір мерзімге дейін сөз бекіген болмаса еді**, әлбетте, араларында іс біткен болар еді. Расында, олардан кейін Кітапқа мұрагер етілгендер де әлбетте, одан шәк ішінде күдіктенуші». «Немесе дін тұрғысынан Алла бұйырмаған нәрсені оларға шарифат қылатын ортақтары бар ма? **Егер Алланың шешімі бекіген болмаса еді, әрине, араларында іс біткен болар еді. Күдіксіз, залымдар үшін күйзелтуші азап бар**». «Немесе оларды қылмыстарының салдарынан жоқ етеді; **көбін кешірім етеді**»;

«Нұх» сүресінің 4-аятында: «Күнәларыңды жарылқайды және **өздеріңді белгілі бір мерзімге дейін кешіктіреді**. Егер

білген болсаңдар, **шын мәнінде Алланың өлшеулі мезгілі жетсе кешіктірілмейді**», - деген. Біз жеке өзімізді де күнәдан пәкпіз, деп айта алмаймыз. Бірақ, Алла бір ізгі амалдарымыз үшін кей күнәларымызды кешірсе, бірсыпырасын сауап істерімізбен теңестіреді және бір күнәларымыз үшін күні толғанда жазасын береді. Қалай болғанда да біздің баратын жеріміз Алланың алды болғандықтан Оның Мейірімі мен Рахымынан күдер үзбейміз. Біздің мықтылығымыз осында.

Үлкен және кіші Қиямет жәйлі, яғни, Қияметтің екі дүниеде де болатынының хабары

Алла Тағала «Иасин» сүресінің 36-аятында, «Зәрият» сүресінің 49-аятында әрбір нәрсені жұбынан жаратқанын айтқан. Сол әрбір нәрсенің бірі – Қиямет те үлкен, кіші болып екіге бөлініп, бір жұп болса және Ол екі дүниеде де болады; бұл екеуі де бір жұп.

Бұған «Бақара» сүресінің 85; 114; 126; «Әли Ғымран» сүресінің 22; 56; «Мәида» сүресінің 41; «Рағыз» сүресінің 34; «Мәриям» сүресінің 75; «Зүмәр» сүресінің 26-аяттары және бірнеше Аяттар дәлел. Бұларды оқып отырып біз Қияметтің үлкен-кішісіне де, Оның екі дүниеде болатынына да сенеміз (1).

Осы жерде «Екі дүние» сөзінің басын ашып алайық. Мұның екеуі де, осы жер бетінде. Мысалға бір адамды алайық. Ол Тақуа болса, өлгесін көктің есіктерінен аман өтіп, Жәннатқа жетеді; ал, күнәкар болса, көктің есіктерінен өте алмай, түр-әлпеті өзгеріп, қайта жер басады. Ол келгенше заман өзгереді, замандастары қалмайды. Ол жазасын алу үшін өзі кеткен дүниеге екінші рет келіп тұр, ол үшін бұл дүние – о дүние. Құранда: «Дүниеде де, Ақыретте де», деп сөйлейді. Біз «Екі дүниесінде де...», дейміз.

Бізге көрінбейтін және бір жұп дүние Жәннаттар, Рухтар, Періштелер бар әлем («Әли Ғымран» с. 133-а) мен жың, шайтан бар дүние.

Алайда, Қияметтің үлкені қайсы, кішісі қайсы? Енді осыны анықтайық. Құранда: «**Қарсы келгендер топ-тобымен дозаққа айдалады...**» («Зүмәр» с. 71-а), «**Рас, билік Күні – белгілі болған бір мерзім**», «**сүр үрленген Күні топ-топ болып келесіндер**» («Нәбә» с. 17-18-а), «**Сол Күні адам баласы, амал-**

дары көрсетілуі үшін топ-топ болып келеді» («Зілзэл» с. 6-а)- деген.

Аяттардағы топ-топ болып келу, топ-топ боп көшу мен босу ғана емес, бір ауылдың аурудың, апаттың өңірінде, шеңберінде қалуы.

Топ-топ болып келуді өз еліміздің және әлем жұртының басынан өткен тарихтан білеміз және бүгінде болып жатқан оқиғалардан көріп отырмыз. Мәселен, 2016-2020 жылдар аралығында, соғыс зардабынан Сирия халқының топ-топ болып босуы, Индонезиядағы су басу мен Австралиядағы, Калифорниядағы (АҚШ) алапат өрт, 2019 жылдан басталған коронавирус; өзіміздегі Қызылағаш пен Мақтарал ауданындағы тосаттан су басу, Арыстағы жарылыс, Қордай мен «Қаңтар оқиғалары» кезінде адамдар азап шекті, үрейленді, Алланы есіне алды. Осы да – топ-топ болып, Аллаға бару.

Демек, үлкен Қиямет – бірнеше жүздеген, бірнеше мыңдаған адамдардың басына келетін: соғыс, ашаршылық, жер қаптаған алапат өрт, жұт, жұқпалы ауру, топан су басу, үлкен балдық жер қозғалысы – яғни, жалпы халыққа келген апат; ал, кіші Қиямет – жеке басқа келген қасірет, уайым, сәтсіздіктер...

Мұны Құранда үлкен-кіші деп көрсетпеген. Бірақ, бірнеше Аяттар осы дүниеде және екінші дүниеде де азап барын айтқан. «Мәида» сүресінің 33-аятында: «Алла және Елшісімен жағаласқандардың және жер жүзінде бұзақылық жасап жүргендердің жазасы: өлтірілулері не асылулары яки қол-аяқтарының қиғашталып кесілулері немесе жерден айдалулары (елден қуу). **Бұл – олардың дүниедегі жапасы. Және олар үшін Ақыретте үлкен азап бар**», -деп, талдауды қажет етпейтіндей етіп, нақты көрсеткен. 41-аятында да екі дүниенің азабын айтқан.

«Нұр» сүресінің 19-аятында: «Расында сондай, Момындардың арасында арсыздық жайылуын жақсы көргендерге, **дүниеде және Ақыретте** күйзелтуші азап бар. Алла біледі, сендер білмейсіңдер», -десе, 23-аятында: «Расында, абройлы Момын, ақ ниетті әйелдерге жала жапқандар, **дүние, Ақыретте қарғалды. Әрі олар үшін зор азап бар**», -дейді. «**дүние, Ақыретте...**», - деген. Яғни, осы жалғаншыда да және өлімінен кейін де зор азаптар шегеді, (мүмкін қабырында, мүмкін қайта туылып) деген сөз.

«Ісра» сүресінің 74-75-аяттарында мұнан да нақтырақ айтқан: «Егер Біз сені бекемдемесек, әрине, оларға біраз бейімделуге

жақындар едің». «Егер ондай болса, саған тіршілікте де, қайтыс болғаннан кейін де, әлбетте, еселеп азап тарттырар едік...», - деп, екі дүниеде де жазалайтынынан хабар берген.

Ал, «Сәжде» сүресінің 21-22-аяттарында: **«Әрине, оларға зор азаптан бері дүниенің азабын тарттырамыз.** Мүмкін олар райынан қайтар», «Раббыңның Аяттары арқылы үгіт берілгеннен кейін, олардан бет бұрғаннан кім залымырақ? Әрине, күнәкарлардың лайықты жазасын береміз», - деп, осы дүниенің Қияметінен хабар берген. Бірінші сөйлемдегі: «...зор азаптан беріде...», - дегендегі, «зор азап» – о дүниенің азабы, «...беріде», - дегені, бұл – осы дүниенің азабы берілетіні.

«Фуссилат» сүресінің 53-54-аяттарында: **«Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз. Расында Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?» «Абайландар! Расында олар Раббыларына жолығудан күдіктенуде. Көңіл бөліңдер. Әрине, Алла – әр нәрсені толық Білуші»**, - деген. 53-аяттың айтып отырғаны – күнәкарға тиесілі азаптың екі дүниеде де берілетіні; 54-аят: «Сол үшін Раббыларыңа жолығудан күдіктенбедіңдер, абай болыңдар», дейді. Демек, Алладан келген Туралықпен («Бақара» с. 38-а) тіршілік етіп, жасап өтуіміз керек.

«Тағабун» сүресінің 5-аятында: **«Сендерге бұрынғы қарсы болғандардың әңгімесі келмеді ме? Олар істегендерінің жазасын тартты. Олар үшін тағы күйзелтуші азап бар»**, - деп, қарсы болғандардың бұл дүниеде жазаланғанын және Ақыретінде де азаптанатынын ескерткен. Бұған бізде үш нақты дәлел бар:

-біріншісі, Құрандағы дозаққа тасталғандардың («Мәида» с. 60-а) және жер бетінен жойылғандардың хабары;

-екіншісі, тарихымызда жазылған ауыр тіршілік, азапты өмір;

-үшіншісі, жаңағы «Фуссилат» сүресінің 53-аятында ескерткендей, жер бетінде, өзіміз БАҚ арқылы көріп-біліп отырған замандастарымыздың басындағы қасіреттер.

«Тұр» сүресінде, қарсылар хақында айтып келіп: «(Мұхаммед с.ғ.с.) енді оларды жоқ болатын күндеріне жолыққандарына дейін еркіне қой». «Ол күні оларға әдістері еш пайда бермейді әрі оларға көмек те етілмейді». **«Шүбәсіз, ондай залымдарға одан өзге де азап бар. Бірақ, олардың көбі түсінбейді»** (45-47-а), - дейді. Біреулер пендешілік жасап: «Өліп кетсем, құтылар едім!» - деп өз-өзіне қол салады. Бұл – қате түсінік. Алланың Аяттарына,

тағдырына қарсы болғандар Алладан құтылмайды, олар алдында тағы азаптар көреді.

Осы жерде Аяттардың көп мағына беретінін тағы бір ескертіп, «Ағраф» сүресінің 94-95-аяттарын айтайық. Аяттарда: **«Тағы Біз әр қандай бір кентке Елші жіберсек, олар жалбарынсын, деп, ол жердің тұрғындарын таршылық пен қиыншылыққа ұшыраттық». «Сонан соң, жаманшылықты жақсылыққа ауыстырдық. Тіпті, артылып кетті де: «Аталарымыздың басына да таршылық, кеңшілік келген екен», -десті. Сондықтан оларды кенеттен қолға алғанымызда өздері де білмей қалды»,**-деген.

Аяттарды талдайық. Мұхаммед (с.ғ.с.) – соңғы Елші («Ах-зап» с. 40-а). Ол – өз заманына да, одан кейінгілерге де, біздерге де, біздерден кейінгілерге де жіберілген соңғы Елші («Жұма» с. 2-3-а). Бізге Елші келмейді. Біздерге Елші – Мұхаммед қалдырған Құран және Мұхаммедтің мағынасы Аяттармен сайма-сай келетін сахих хадистері, сүндеттері.

Бабаларымыздың байлары ғана болмаса, басым көпшілігі таршылықта жасап өтті. Көп азап көрген ел, кейін Алланың Рахымымен тоқшылыққа кенелді. Болыстар мен байлар, молдалар Алланы тек тілінде ғана айтқанымен әмірлерге, өсиет пен тиымдарға салғырттық етті; өткен ауыр замандарды білгішсініп әңгіме еткенімен, Алла алдымызға қайта әкеледі, деп, қауіптеніп қаһардан сақтанбады. Алланың санап отырған Күні толып («Мәриям» с. 84-а), 1929 жылы Алла **«...кенеттен қолға...»** (95-а) алғанда өздері де білмей қалды.

1929 жылдан бастап ел **«...таршылық пен қиыншылыққа...»** (94-а) ұшырады: ашаршылықтың, репрессияның, соғыстың ауыр азаптарын көріп тәубеге келді. Руға бөлу, жүзге жіктеу деген ұмытылды. Аштық пен соғыс азабынан қиналғаннан ұлт та айырмайтын. Толық тәубеге келген еді...

Енді осы дүниенің азабына және жеке басқа келетін азаптарға байланысты Аяттарға бірнеше дәлелдер келтірейік.

1. «Тахрим» сүресінің 6-аятында: **«Әй, Момындар! Өздеріңді және үй іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғандар...»**, -деген. Біз тарихтан – 1941-45 соғыс жылдарында немістердің Освенцим, Бухенвальд деген отыны адамдардан болған түрмесін білеміз...

«Фуссилат» сүресінің 53-аятымен айтсақ, Алла осы түрмелер арқылы, осы 6-аяттың («Тахрим» с.) Шындығын көрсетіп, Қиямет болғанын дәлелдейді және бізге Раббыларымызға жолығудан күдіктенбей («Фуссилат» с. 54-а), **«Аталарымыздың басына да таршылық...»** («Ағраф» с. 95-а) келген екен, деп, тек тілімізде айтып қана қоймай, сол күндердің қайта келуінен сақтануды мұқияттайды.

2. «Мүзәммил» сүресінің 17-аятында: **«Егер қарсы келсеңдер, балалардың да шашы ағаратын күннен қайтіп сақтанасыңдар?»**-деген. Мұны да сол соғысқа қатысқан ардагерлердің естеліктерінен оқыдық. Біз мұны алда ашып айтамыз.

3. «Лұқман» сүресінің 33-аятында: «Әй, адам баласы! Раббыларыңнан қорқыңдар және **ешбір әке баласы тарапынан бодау төлемейтін, сондай-ақ, ешбір бала да әкесі тараптан түк бермейтін күннен қорқыңдар.** Күдіксіз Алланың уәдесі хақ. Сондықтан сендерді дүние тіршілігі әсте алдамасын. Сондай-ақ, өте алдаушы ол, Алла турасында алдамасын», -дейді.

Тарихта 1931-33 жылдардағы ашаршылықта, тап осындай болған. Әке баласына, баласы әкесіне қарайласа алмаған. Сол ашаршылықты көзімен көргендер әкесі мен баласы қатар келе жатып, әкесі аштықтан қалжырап құлағанын, баласы қолын беріп, әкесін тұрғыза алмай, тірілей тастап кеткенін айтқан. Бұған байланысты деректерді де алдағы тақырыптарда жаздық.

Ашаршылық пен соғыстан тыс, бейбіт өмірде де баласы не әкесі қылмыс жасап қамалса немесе айықпас ауруға ұшыраса, олардың бірі екіншісіне көмек бере алмайтыны да – осы Аяттың Шындығы.

«Фуссилат» сүресінің 53-аятында айтылғандай Алла Шындықтарды көрсетіп отыр, өзіміз куәміз, бірақ, біз «Жүсіп» сүресінің 105-аятында ескерткендей, оларға көңіл бөлмейміз. Өмірде әкесі полиция не прокурор, не сот төрағасы бола тұра қылмыс жасаған баласына, әкесі ара түсе алмағаны немесе қылмыс істеген әкені бай әрі лауазымды перзенттің құтқара алмағаны рас. Тіпті, көп ағайындылардың арадағы бір жазалысына қамқоршы бола аймайтынын да білеміз.

Сол сияқты Алладан белгілі үкіммен келген ауруға кезіккен әкені не ананы медицина ғылымының профессоры, академигі атағы бар перзенті құтқара алмағанына куәміз.

Осы – бір отбасындағылардың бір-біріне көмектесе алмайтыны «Ғабаса» (33-37-а) «Инфитар» (19-а) сүрелерінде де айтылған (2) Қиямет.

4. «Нахыл» сүресінің 111-аятында: **«Қиямет күні әркім өзін құтқаруға тырысады.** Сондай-ақ, әркімге істегенінің бодауы беріледі. Оларға әділетсіздік етілмейді», -десе, «Әнғам» сүресінің 94-аятында: **«Расында, алғаш рет жаратқанымыздай Бізге жалғыз-жалғыз келдіңдер...»**, -деп, «Мәриям» сүресінің 80-аятында: **«Сондай-ақ, оның айтқанына Біз ие боламыз да, ол Бізге жалғыз келеді»**, -дейді. 111-аятта жалпы қарсылардың өз басын құтқаруға тырысатынын айтса, 94-аятта, өлім жағдайындағы пенденің хәлін білдірсе, 80; 95-аяттарда кімнің де жалғыз келетінінен хабар берген.

Бұларды біз топтасқан қылмыскерлердің, қылмысы ашылып полицияға қамалғанда – тергеу кездерінде әрқайсысы өзін ақтауға күш салатынынан жақсы білеміз.

Мұнан тыс бір бөлмеде бірнеше адам отырғанда аяқастынан өрт шықса, барлығы бірден есікке ұмтылып, әрқайсысы өзін құтқаруға тырысады.

Суға түншыққанда да солай – батып бара жатқан адамға көмекші барғанда, ол құтқарушының өзіне жәрдемге келгенін ойлай алмайды, керісінше, көмекшіні астына басып, өзі үстіне шығып, ауа жұтып, ажалдан құтылғысы келеді.

5. «Ісра» сүресінің 58-аятында: **«Біз Қиямет күнінен бұрын жоқ етпеген немесе қатты азапқа ұшыратпаған кент болмас. Бұлар Кітапта жазулы»**, -деген. Біз Нұхтың (ғ.с.) қауымының суға ғарық болғанын, Хұдтың, Лұттың, Шұғайыптың, Салихтың қауымдарының кентімен жоқ болып кеткенін Құраннан білеміз.

Және жер бетіндегі соғыстардан талай қаланың ойраны шыққанына, Сирияның (2017-19 ж.), Украинаның (2022 ж.) хәліне куәміз. 2022 жыл басында болып өткен «Қаңтар оқиғасы». Бұлар жер үстінде болған, болып жатқан үлкен-кіші Қияметтің хабары.

Ал, «Бақара» сүресінің 85-аятында: **«...Сендер Кітаптың кейіне сеніп, кейіне қарсы келесіңдер ме? Сендерден кім мұндай істесе, әрине, олардың жазасы дүние тіршілігінде қорлық әрі Қиямет күнінде қатты қинауға қайтарылады** (салынады). Алла Тағала істеген істеріңнен ғапыл емес», -деген. Бұдан біз бұл дүниеде Алланың айтқанымен жүрмегендердің қорлықта

өмір сүріп жатқанын және олардың алдағы өмірінде де қатты азапта болатынын түсінсек, 126-аяттан бұның екінші тарапын да анық біліп аламыз. Аятта: «... **Кім қарсы болса, оны да аз пайдаландырамын, сонан соң, оны от азабына зорлаймын. Ол – барар орынның жаманы» ...**», -дейді. Яғни, осы жалғанда Алланың бұйрықтары мен тиымдарын мойындамайтындарды «Әли Ғыман» сүресінің 178-аятында ескерткендей, Алла байдәулетті, лауазымды етіп қояды да, «Мәриям» сүресінің 84-аятында айтқандай, мұрса мерзімі біткенде, дозаққа айдайды, деген сөз.

Құранда бұған дәлелдер көп. «Әли Ғыман» сүресінің 56-аятында: «**Ал енді қарсы келгендерді дүниеде де, Ақыретте де өздерін қатты азаппен қинаймын әрі олар үшін ешбір жәрдемші болмайды**», -деп;

«Рағыд» сүресінің 34-аятында: «**Оларға дүние тіршілігінде азап бар. Әрине, Ақырет азабы тағы қатты. Сондай-ақ, оларды Алладан ешбір қорғаушы жоқ**», -деп, бұл дүниенің азабынан бөлек, Ақыреттегі өмірде де азап болатынын еске салады. Біз бұл дүниенің азабынан жоғарыда айтып отырғанымыздай хабарымыз болғанымен, Ақыреттің азабы дегенде **қабырда тірілгендерді білеміз**, қалғанын «Мәида» (60-а), «Рағыд» (5-а), «Иасин» (68-а) «Сад» (38-а) т.б. Аяттардан оқып отырмыз және оның болатынына, азабы қатты екеніне шын сенеміз. Себебі, Алланың сөзі рас, Ол уәдесінен айнымайды. Ол – тағдырымыздың және әлемдердің Жаратушысы әрі Иесі.

«Қасас» сүресінде перғауынды теңізге батырғанын айтып, 28-аятында: «**Олардың соңынан бұл дүниеде де қарғыс ертіп қойдық. Әрі Қиямет күні сүркейлерден болады**», -дейді. Яғни, Алланың Мейірімінен шеттестіріліп, ұсқынсыз, жексұрын кейіпте жасайды, деген сөз.

Қысқаша айтқанда, біз осы Аяттар мен дәйектер арқылы Қияметтің екіге бөлінетініне және Оның екі дүниеде де болатынына әбден сенімдіміз. Алдағы тақырыптарымызда Қияметтің жер бетінде болғандығына және бүгінде жүз беріп жатқандығы мен қабыр азабына дәлелдер айтамыз.

1. «Иасин» сүресі 36-аят: «**Сондай пәк Алла, барлық нәрсені жұп-жұбымен жаратты. Мейлі ол жердің өсірген нәрселерінен**

болсын, мейлі өздері өндірген және тағы білмегендерінен болсын»;

«Зүмәр» сүресі 49-аят: **«Адам баласына бір қиыншылық душар болса, Бізге жалбарынады. Сосын оған жанымыздан бір игілік берген сәтте: «Бұл маған білгіштігіме ғана берілді», - дейді. Жок, олай емес, ол – бір сынақ. Бірақ, олардың көбі түсінбейді»;**

«Бақара» сүресі 85-аяты: **«...Сендер Кітаптың кейіне сеніп, кейіне қарсы келесіңдер ме? Сендерден кім мұндай істесе, әрине, олардың жазасы дүние тіршілігінде қорлық әрі Қиямет күнінде қатты қинауға қайтарылады (салынады). Алла Тағала істеген істеріңнен ғапыл емес»;**

114-аят: **«Алланың мешіттерінде Оның аты зікір етілуіне тиым салғаннан әрі мешітті бұзуға тырысқаннан кім залымырақ? Олардың мешітке қорыққан түрде ғана кірулері керек еді. Олар үшін дүниеде қорлық, Ақыретте зор азап бар»;**

126-аят: **«Сол уақытта Ібраһим (ғ.с.): «Раббым! Бұны бір тыныш қала қыла көр! Және оның тұрғындарынан кім Аллаға, Ақырет күніне Иман келтірсе, әр түрлі өнімдермен ризықтандыр», - деп жалбарында. (Раббы:) «Кім қарсы болса, оны да аз пайдаландырамын, сонан соң, оны от азабына зорлаймын. Ол – барар орынның жаманы» - деді».**

«Әли Ғымран» сүресі 22-аяты: **«Міне солар дүниеде де, Ақыретте де амалдары жойылғандар. Сондай-ақ, олар үшін жәрдемші жоқ»;**

56-аяты: **«Ал, енді сондай қарсы келгендерді дүниеде де, Ақыретте де өздерін қатты азаппен қинаймын әрі олар үшін ешбір жәрдемші болмайды»;**

«Рағыз» сүресі 34-аят: **«Оларға дүние тіршілігінде азап бар. Әрине, Ақыреттегі азабы тағы қатты. Сондай-ақ, оларды Алладан ешбір қорғаушы жоқ»;**

2. «Ғабаса» сүресі 33-37-аяттар: **«Ал енді қатты дауыс келген сәтте», «Сол күні кісі туысынан қашады», «Шешесінен, әкесінен», «Әйелінен және балаларынан», «Ол күні әркімнің ісі ауыр»;**

«Ынфитар» сүресі 19-аят: **«Ол күні біреуге біреу қарайласуға еш нәрсе қолдан келмейді. Ол күні әмір Аллаға тән».**

Қиялдағы және хадистегі Қиямет

«Адамдардың арасында түк білмесе де Алланың Жолынан адастыру және тәлкекке алу үшін ертегіге айырбастап алғандар бар. Міне, солар үшін қорлаушы азап бар» («Лұқман» с. 6-а).

Әңгімені қиялдағы Қияметтен бастайық. Елаузынан: Қияметте Алланың бұйрығымен Исафил (ғ.с.) Періште сүр үрлейді; сонда жер-көктегінің барлығы жоқ болады, жалғыз Алла қалады; Ол пенделердің күнәсінің мөлшерін анықтау үшін арнаулы таразы құрады; сосын Исафил (ғ.с.) Періштеге және сүр үрлеуді бұйырады; үрлеген кезде барлық адамды тірілтіп, Алла олардың амалдарын таразға тартады; сұрақтар береді; таразы үстінде сауап істері басым болып, сұрақтардан сүрінбей өткендерді Бейішке жібереді, ал, таразыда күнәлары басым түскендерді, сұрақтарға жауап бере алмағандарды жанып тұрған дозаққа салады (1);

Қияметтің отының қалай екенін білгің келсе, екі құлағыңды саусағыңмен бас, оның отының дауысын анық есітесің,-деген хабарларға қанығып өскенбіз.

Бізге Алланың бар екенін; жалғыз екенін; Құран – Алланың Сөздері екенін; Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың сүйікті Құлы, сенімді Елшісі екенін; Періштелердің барын; тағдыр Алладан екенін; Ақыр заман болатынын; өліп, қайта тірілетінімізді; Бейіштің барын және осы – сөзсіз болатын Қиямет пен дозақты да осылай танытқан.

Қысқаша айтқанда, 1987 жылдарға дейін Қиямет туралы түсінігіміз есіткенімізге сай болып, өлгеннен кейін Жанымыз берзах деген әлемде тұрып, Қияметте қабырдағы денемізге кіріп, біз тіріліп, қабырымыздан шығып, жақсымыз Бейішке, жаманымыз дозаққа жіберілеміз,-деп ұғынып келдік.

Тіпті, жастау кезімізде, бұл ауызша деректерге сенгеніміз соншалықты, қабырға жерленгенімізден кейін, сол қабырдан о дүниеге есік ашылатындай, сол жақта Қиямет деген аласапыран сарылуды басымыздан өткеретіндей түсінетінбіз...

Осы қиялдаудан ел арасында: «Адам бұл жалғанға бір-ақ мәрте келеді. Сосын ана дүниеде, Қияметте тіріледі»,-деген

пікір туындады. Алланың дұшпандары мұны: «Өмір бір-ақ рет беріледі, жасап қалу керек», -деп құлпыртты. Бірсыпыра жастар осы сандыраққа сеніп өмірлерін бүлдіріп алды. «Жалғанға бір келіппіз дүркіреп жасап өтейік...», -деп арақ ішу, зинақорлық жасау рәуішті қылмыстарға – күнәларға тартынбай барды.

Ал, бұл ауызша айтылғандар қайдан шыққан еді? Иә, ол да дәлелсіз тәпсірлерді оқығандардың аузынан тараған уағыздан. Олар «Зүмәр» сүресінің 68-74-аяттарын; «Иасин» (51-а), «Мағарыж» (43-а) сүрелерінің қабырдан шығып Аллаға қарай жүгіреді деген хабарын; «Ағраф» сүресінің «...ол жерде өлесіндер және ол жерден қайта шығарыласындар» (25-а), деген және «Зухрұф» сүресінің «...Алла мөлшермен жаңбыр жаудырып, ... өлі жерді құлпыртты. Сол сияқты тірілтіліп шығарыласындар» (11-а), «... Раббыңның құзырына қатарланып келтіріледі... Амал дәптері алдарына қойылады...», тауларды «...Раббым тозаң қылып ұшырып жібереді...». «Оны теп-тегіс жазық қылады». «Сен одан ешбір қия не томпақ көрмейсін» («Кеһф» с. 48-49; 105-107; «Қарифа» с. 7-а), «Жер соғылысып быт-шыт болған сәтте» («Фәжір» с. 21-а), «Аспан жарылған сәтте»... «Ол ішіндегіні шығарып босатқан сәтте» («Іншиқак» с. 1; 4-а), ...«Жұлдыздар төгілген сәтте», «Теңіздер тасыған сәтте», «Қабырлар қопарылған сәтте» («Ынфитар» с. 2-4-а), Күн бүктелген сәтте», «Жұлдыздар солып, шашылған сәтте», «Таулар жүргізілген сәтте», ...«Теңіздер қайнатылған сәтте», «Жан тәнмен бірлестірілген сәтте» («Текуир» с. 1-3; 6-7-а), -деген ескертулерін және Қияметке байланысты барлық Аяттарды тіке түсінгендіктен осылай уағыздаған*.

Дәлелге Зинатулла ат-Таразидің түсіндіруін алайық: «*Бұ дүние де және осы дүниеде болған заттар да пәни, яғни, өткінші, бір уақытта бітеді. Бір заманда осы дүниеде болған адамдар, хайуандар өліп және барлық дүние нәрселері жойылып бітеді. Осы уақыт «ақырзаман» деп аталады. Қиямет күнінің қай уақытта, қай сағатта болатындығы Алла Тағаладан басқа ешкімге белгісіз...*», -деген.

«...адамдар, хайуандар...» өліп, дүние нәрселерінің бәрі жойылуы – Қиямет екенін білмеген. Сосын: «*Дүние мақлұқтары*

* Ол заманның ғалымдары бүгінгідей дәлелдері болмағандықтан осылай түсінген. Кінәламаймыз! «Бұ... осы дүниеде...» кітапта осылай жазылған.

жойылып біткеннен кейін, Алла Тағала қайтадан халықты тірілтеді. Шіріп кеткен денелер Алла Тағаланың құдыретімен қайтадан дене болып жиылады да, көктемде жерге шөп шыққандай қайта шығады. Әрбір жанға өз денесін тауып кіруіне Алла Тағала әмір береді. Содан кейін **әрбір адам ұйқыдан оянган сияқты болып тіріледі**. Кейін адамдар «махшар» алаңына жиналады. Онда Алла Тағаланың періштелері адамдардың дүниеде тірі уақытында істеген істерін, жақсылығын, жамандығын әділ таразымен өлшеп **тексереді...**» («Ислам ғибадаттары»). Алматы. «Шапағат-Нұр» б. 2001 ж),-деп Бейішке баратындар мен дозақтықтардың іріктелетінін айтады. Міне, осы жазылған түсінік, ауызшасында бұдан да ашығырақ айтылып: «Қияметте аттың тұяғының орнындай жерден мың адам бас көтереді!»-деген, Құранға тура келмейтін әфсаналар тараған.

Осындай түсініктермен жазылған Мунаввар қори Әбдурашидхонұлы түзген «Навойижи диния» атты кітапша сұрақ жауап түрінде жазылыпты. Өлімнен кейінгі өмір жәйлі сұраққа: «Өлген пенделер қабырға қойылғаннан кейін, қабырға «Мункар» және «Накир» есімді екі періште кіріп: «Раббың кім, дінің қайсы, пайғамбарың кім?»-деп сауал қояды. Сауалға дұрыс жауап берген пенделер жақсылардан есептеліп, **қияметке дейін рахатта** болады. Дұрыс жауап бермеген пенделер жамандардан саналып, **қияметке дейін азапта** қалады»,-десе, «Өлген пенделер және тіріле ме?»-деген сұраққа:

«Ақырет күні болып, барша жоқ болғаннан соң, Алла Тағаланың құдыретімен өліп кеткен пенделердің барлығы және тіріледі. ... **Тірілгеннен соң, барлығы ұйқыдан оянгандай, қабырларынан шығып, Алла Тағаланың дайындаған жеріне барып жиналады. ... Пенделердің ол күні жиналатын жерін «Махшар жері» және ол күнді «Қиямет күні» дейді**»,-деген.

Ақыр заман хақындағы сұраққа: «Бір күні бұл дүниедегі біздің көзімізге көрініп тұрған, көрінбей тұрған, жанды, жансыз бар нәрселердің барлығы жоқ болып, Алла Тағаланың Өзінен және қалағанынан басқа ештеңе қалмайды. Міне осы күнді **ақыр заман күні дейді**»,-депті.

Қиямет туралы сұрақтарға жауапта: «Қиямет күні – пенделердің бұл дүниеде қылған жақсылық, жамандықтары анықталатын; жақсы пенделер үшін сүйікті, жаман пенде-

лер үшін қорқынышты, азапты күн»; «Пенделердің жақсылық, жамандықтары қалай анықталады?»-деген сұраққа: **«Барлық пенделер қабырларынан шығып, «Маһшар майданына» жиналғандарынан соң, әрбірінің бұл дүниеде жасаған жақсылық, жамандықтары есептеліп, Алла Тағаланың құдірет таразысы арқылы есептеледі, осы жерде әркімнің жақсылық, жамандығы өзіне және барлық адамдарға мәлім болады»**,-деп бұдан кейін жақсылығы анықталғандар қуанып, «сиротіл» көпірінен өтіп, Жәннатқа кіретіні; жамандығы анық болғандар, мұнысына ұялып, шерменде болып, егер Алла күнәларын кешірмесе, «сиротіл» көпірінен өте алмай дозаққа кіретіні; «сиротіл» көпірін: **«Маһшар жері» мен Жәннаттың арасына, дозақтың үстіне құрылған, қылыштан өткір, қылдан жіңішке, өте ұзын көпір»**,-деп суреттепті, Жәннатқа кіретіндер де осы көпірден өтеді екен. Мұның айтқаны да дәлелсіз, бос қиялдың қылқылы.

Енді хадистермен жеткерілген Қияметке келейік.

2012 жылы елде: «Осы биыл 21-желтоқсан күні қиямет болады екен. Нострадамус айтып кетіпті. Оның айтқандарының 80 пайызы шынында болыпты...»,-деген сандалған өсек тарады. Осыған байланысты «Ислам және өркениеттің» сол жылғы 31 (283) санында, ҚМДБ-сының сол жылдардағы діни оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі С. Сейітбековтің «21.12.2012: Ақиқат пен дақпырт», деген хадистермен «дәлелденген» мақаласы жарық көрді. Мақала: **«Соңғы уақыттарда бұқаралық ақпарат құралдарында ақырзаман жайында халықты үрейлендіретін мақалалар жарық көруде. Әрине, ақырзаман, о дүниелік өмір жайында *гизратты насихат* жасалса, жәні бөлек мәселе...»**,-деп басталады. Сосын кейбір ғалымдардың майя күнтізбесіне сілтеме жасап күпіршілікке барғанын, тіпті, ақырзаман туралы кино да түсірілгенін жазып, білімсіздердің оларға еріп «дайындық» көріп жатқанын және көріпкелдердің сөзін жазған. Сосын: **«Әрине, ақырзаман қазір болмайтыны айтпаса да анық мәселе. Өйткені, біз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқандарына сенеміз. Оның айтқан хабарларына иланамыз да сол бойынша әрекет етеміз. Сондықтан ақырзаман қашан болады, деп даурыққанша: «Өлім хақ. О дүниеде Алланың алдына барарым хақ. Сонда Алланың алдында не деп есеп беремін? Бұл өмірде жасаған құлшылығым болмаса, Алла ризашылығы үшін жасаған**

амалым болмаса, ақырым не болмақ?»-деп, ойлануымыз керек. **О дүниеде қайта тіріліп**, Алланың құзырына жиналғанда әрбір адамның амал дәптері өздеріне таратылады. Содан кейін Алла Тағала пенделерінен жеке-жеке есеп алады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде әрбір адамнан мына бес сұрақ міндетті түрде сұралатындығын айтады. «Өмірін қайда өткізгендігі; Жастық шағын қалай өткізгендігі; Мал-дүниесін қандай жолмен тапқандығы; Мал-дүниесін қалай жұмсағандығы; Білгендерімен амал етіп-етпегендігі» (Турмизи, Қиямет, 1-бөлім, 2416 хадис).

Пенде Алланың құзырында есеп беру кезінде жасаған қылмысын мойындамай жалтарғанда, амал дәптері ұсынылады да, бүкіл ісі әшкере етіледі. Пенде сонда да мойындаудан жалтарған сәтте оның он екі мүшесіне тіл бітіп, Алланың құзырында жасаған қылмыстарын тізбектеп айта жөнеледі. Аятта осындай сәттің хақтығын былай түсіндіреді: «Сол күні Алланың дұшпандары тозаққа айдалуға жиналып, сонда олар алды-артын тосады. Ақыр оларға барған кезде оларға құлақтары, көздері және терілері олардың не істегендеріне айғақ болады. Олар терілеріне: «Не үшін бізге куә болдыңдар?»-дейді. (Терілері): «Бізді әр нәрсені сөйлеткен Алла сөйлетті. Сендерді алғаш рет жаратқан және Сол жаққа қайтарыласыңдар»,-деп жауап береді. Сендер өздеріңе құлақтарың, көздерің және терілерің айғақ болады деп жасырынбаушы едіңдер. Тіпті, Алла істегендеріңнің көбін білмейді деп ойлаушы едіңдер. Міне, осы Раббыларың туралы ойлаған ойларың өздеріңді жойды да, сонда зиянға ұшыраушылардан болдыңдар» («Фусилат» с. 19-23-аят).

«Қиямет күні оларға тілдері, қол-аяқтары не істегендеріне айғақ болады. Сол күні Алла оларға лайықты жазасын береді. Сондай-ақ, рас Алланың ашық шындық екенін олар біледі» («Нұр» сүресі 24-25-аят)»,-деп Қиямет күні жердің де куәлік беретіні хақындағы хадистерді келтіріп, ол күні ешкімнің ақысы ешкімге кетпейтінін айтып: «Енді ақырзаманның қашан болатыны жайында дініміз не айтады соған тоқталайық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қиямет қайымның қашан болатындығын сұрағандарға ұдайы: «Оның уақытын Алла біледі»,-деп жауап беретін. Десек те, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ақырзаманның уақытын айтпағанмен, оның белгілері жайлы көптеген хадистерінен «мынадай оқиғалар болмайынша қиямет қайым

болмайды» деген мағынадағы *гибраттарды кездестіруге болады. Ақырзаманның белгілерін ғұламалар осы хадистерге сүйене отырып, ақырзаманның кіші белгілері және үлкен белгілері деп екіге бөледі*», -деп, **«Ақырзаманның кіші белгілері»**, - деген тақырып қойып, кіші белгілерінен бірнешеуін келтіреді. 1-шісінде: *«...Мұхаммедтің (с.ғ.с.) жер бетіне пайғамбар болып жіберілуінің өзі ақырзаманның алғашқы белгісі: «Қиямет пен мен бірге жіберілдім», -деп сұқ саусағы мен ортанышы саусағын қимылдатып көрсеткені жайында дерек бар (Муслим, Фитән, 132; Термизи, Фитән, 39).*

2. *Қияметтің белгілерінің бірі – дін ілімі азаяды, сауатсыздық көбейеді, зина жасау етек алады, әйелдер көбейіп, еркектер азаяды. Тіпті, елу әйелдің бір ғана қараушысы болады (Бұхари риуаяты)*». Үшіншіге де әйелдердің санының көп болатындығын қайталаған.

4. *...бір түздік араб келіп, қияметтің қашан болатындығын сұрағанда, оған: «Аманат аяқ асты етілген кезде қияметті күте бер», -дейді. ...түздік араб: «Мұны қалай түсінсек болады?» - дегенде Пайғамбарымыз. «Қызмет өз маманына берілмеген кезде қияметті күте бер», -деп жауап береді (Бұхари риуаяты).*

5. *Көп қабатты үйлердің салынуы, өз ісінің маманы емес кісілердің сөз сөйлеуі мен билік етуі (Бұхари, Иман 37; Мүслім, Иман 1).*

6. *Адам өлтіру оқиғасының көбеюі (Бұхари, Фитән 25).*

7. *Жалаң аяқ, жалаңаш және кедей шопандардың да үй салуда бір-бірімен жарысқандарын көресіңдер (Мүслім риуаяты).*

8. *«Мен Алланың Елшісімін!» -деп, өзін пайғамбар деп жариялайтын отызға жуық жалғанышы дажжалдар шығады.*

9. *Зілзаланың көбеюі.*

10. *Көптеген бүліктер етек алуы.*

11. *Жөнсіз жерде адам өлтіру көбейеді (Бұхари, Фитән, 25)*», -деп осындай хадистер көптігін ескертіп: *«бірнеше мысалмен шектеуді жән көрдік»*, -деп, мұны аяқтап, **«Ақыр заманның үлкен белгілері»**, -деп тақырып қойып, үлкен белгілеріне кезек береді.

Дәлелдерді Хузайфа ибн Әсид әл-Ғыфариден жеткен риуаяттан бастап Қияметтің: тұманды (түтін), дажжал, даббатул арз, күннің батыс жақтан шығуы, Исаның (ғ.с.) көктен түсуі, яжуж-

мәжүждің шығуы, шығыстағы бір жердің шөгуі, батыстағы бір жердің шөгуі, араб түбегіндегі бір жердің шөгуі, Йеменнің Аден жазығынан бір оттың шығатыны, ол жер бетін өртеп, адамдарды махшарға жинайтын – он белгісін атап, кейінгі жағында оларды жеке-жеке талдайды.

Соңында: *«Осы айтылған оқиғалардың қайсысы болды? Әрине, ешбірі болған жоқ. Олай болса, дініміз ақырзаман жайында осындай мәлімет берген соң, біздің міндетіміз – осы айтылғандарға сеніп, ақыретіміз үшін тиісті амалымызды жасау...»*, -деп, Аллаға Иман айтқандардың Ақыр заманды көрмейтіні, жамандардың көретіні жайлі хадисті келтіріп, 2012 жылдың 21-желтоқсанында Ақыр заман болады, деген хабардың жалғандығын айтқан.

Қияметті түсіндірген тап осы деректерді барлық имамдар мен уағызшылар қайталайды. Дәлелге ҚМДБ-сы 2014 жылы бір шығарып және 2015 жылы қайта «түзетіп» бастырып шыққан (бір кітапты екі рет бастырып шығарды – ысырап туралы Аяттың үкімін ескермей) «Жұма уағзының» екінші кітабындағы ҚМДБ-сының Павлодар облысы бойынша өкіл имамы Нариман Исенов пен Семей аймағы бойынша өкіл имамы Мақсат Алтыбаевтардың еңбектерін айта аламыз.

Бұлардың Зинатулла ат-Таразидан айырмашылығы: С. Сейітбеков «Фуссилат» сүресінің 19-23; «Нұр» сүресінің 24-25; «Нәміл» сүресінің 82-аяттарын; Н. Исенов Шал ақынның, Абай мен Шәкәрімнің өлеңдерінен үзінді және Мөңке бидің Ақырзаман туралы толғауын, сондай-ақ, «Нәміл» сүресінің 56; «Ағраф» сүресінің 187; «Тахрим» сүресінің 6; «Таһа» сүресінің 81-аятын келтірген және 12 белгіні атаған; ал, М. Алтыбаев «Нәміл» сүресінің 85; «Ағраф» сүресінің 187; «Ахзаб» сүресінің 63; «Ниса» сүресінің 157-158; «Зухрұф» сүресінің 61; «Нәміл» сүресінің 82; «Әнбия» сүресінің 96-97; «Духан» сүресінің 10; «Әнғам» сүресінің 158-аяттарымен және бірнеше хадистермен қайырып, авторсыз өлеңдерден үзінділер ұсынып таратыңқырап баяндағаны.

Біз бұл авторларды айыптай алмаймыз. Бұлар оқығанын, яғни, силсила тәртібі бойынша ұстаздарының үйреткенін ғана қайталайды. Ал, ұстаздары өз ұстаздарының, олар да өздерінен бұрынғылардың заманына жараса айтқандарын уағыздаған.

Бірақ, сол ұстаздардың қай-қайсысы да «Бақара» сүресінің: **«Елді игілікке бұйырып, өздерінді ұмытасындар ма? Кітапты оқисындар ойламайсындар ма?...»**,-деген 44-аятына, «Мүминүн» сүресінің: **«Олар сөзді зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?»**,-деген 68-аятына амал жасамаған пенделер болған.

Егер амал қылса, ол ұстаздар Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Қияметтің Өзімен бірге жіберілгендігі жөніндегі хадисінен және **«Олар үшін асықпа шынайы түрде олардың күнін санаудамыз»** , -деген «Мәриям» сүресінің 84-аяты мен **«Адам баласының есеп көретін мезгілі таяды. Алайда, олар қаперсіз – бет бұруда»**,-деген, «Әнбия» сүресінің 1-аятынан ой түйіп, «Нахыл» сүресінің: **«Көктердегі және жердегі сыр Аллаға тән. Қиямет сағаты кірпік қаққандай, тіпті, одан да жақынырақ. Сөзсіз Алла – әр нәрсеге толық күші Жетуші»**,-деген 77-аятын, «Нәміл» сүресінің: **«Оларға: «Асығып тілеген азаптарыңның кейі сендерді өкшелеп тұрған болуы мүмкін»-де»**,-деген 72-аятын және «Нәбә» сүресінің Қияметтің мерзімінің тездігі туралы Аяттарынан нәтиже шығарар еді, шәкірттеріне Қияметті Құранда тастығы жоқ хадистермен емес, Аяттармен дұрыс түсіндірген болар еді.

Бұл авторлардың еңбектеріне тоқталғандағы мақсатымыз, Құрандағы Қиямет пен қиялдағы және хадистердегі Қияметтің арасын ашу және пенделерді өзімен қатар жасап жатқан Қиямет азабының, күні толғанда («Мәриям» с. 84-а) жағасына жабыса кететінін айтып сақтандыру.

XX ғасырға дейінгі халық Қияметті жоғарыда айтылғандардай ертегі, аңыз түрінде түсініп Оған сол қалпы сенді – талдамады. Яғни, ол деректер бойынша ол әлі күтілуде.

Оның Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге келгендігі туралы хадисті біліп отырып, олар Шындықты айтпаған. Қиямет деген – Құранды терең білмей, Аллаға қарсы келушілерге келетін: төңкеріс, соғыс, қабырда тірілу, ашаршылық, жұт, өрт, суға кету, емсіз – азапты ауру, ажалмен арпалысты шақ, су басу, лай көшкіні тәрізді табиғи және автопаттар мен аяқ астынан шыға қалатын бәлелер, пәлекеттер, жалалар, алаяқтарға алдану...

Бұл сөзіміздің дәлелін «Кеһф» сүресінің 32-45-аяттарынан көреміз. Аяттарда екі адамның жайы баяндалған. Біреуі бұлақты

жерде, жүзім, құрма және басқа егіндері бар, бұлардан тыс табысы да бар, бала-шағалы, байлығына сенген, Қияметтің болуынан қаперсіз тәкаппар; екіншісі – бар үмітін жалғыз Алладан күткен Тақуа. Тәкаппар барына сеніп Тақуаға артық сөйлейді. Алланың үкімімен егініне апат келіп, онан айырылған кезде: **«...Әттеген-ай! Раббыма ешкімді серік қоспасам еді!...»**-деп өкінеді. Келесі Аяттарда: **«Оған Алладан өзге жәрдем етер бір топ жоқ. Сондай-ақ, өзін де құтқара алмады».** **«...Иелік шынайы Аллаға тән. Ол сыйлық беру тұрғысынан жақсы әрі нәтиже жағынан да қайырлы»** (43-44-а),-деген. Бұл Аяттар арқылы үш нәрсені байқаймыз. Біріншісі, егініне – байлығына сену де Аллаға серік қосқанға жататынын және Алла берді, деп шүкіршілік етпейтінін, үшіншісі, апат келіп, байлығынан айырылу да Қиямет екенін.

Өстіп әрбір Аятқа, Құрандағы қиссаларға көңіл бөлсек, Құранда құпия ештеңе жоқ. Бірақ, бұрынғылардың заманы ғылымсыз заман болғандықтан, олар көп Аяттардың сырын біле алмады. Сондықтан тәпсірлерді өз ортасының танымына лайықтап жазды*. Біздің ортамыздағы өмір, ғылым Шындығын оқып, салыстырып, жаратылысты кең түсінген сауатты ұрпақ, Қиямет хақындағы ол уағыздарға сенбей жүр. Нәтижеде дінге, соның ішінде ең таза дін, соңғы дін деп өздері жоғары бағалап, бас иген Исламға да күмәндана бастады. Себебі, Ислам ғалымдары да осы аңыздарды жазған, қарсы алдында уағыз айтып отырған замандас имамы да солардың сөзін айтады. Сосын күмәндануға мәжбүр.

Күмәнданудан басқа амал бар ма?! Алла 80-ге жуық Аят арқылы (4-бетте) Құранды түсінікті, ашық Аяттармен түсіргенін хабарлаған; солай бола тұра, неге бұлар сенімсіз – түсініксіз оқиғаларды баяндайды (жазады)? Қиямет тек өлімнен кейінгі дүниеде болса, адамдар неге бұл дүниеде азаптанады?

Сол тәпсіршілер де, бүгінгі діндарлар да Қияметтің Мұхаммедпен (с.ғ.с.) бірге жіберілгенін біледі. Сол Қияметте тау көшкені, өлгендердің қабірінен шығып келгені жөнінде неге хадис қалмағанына көңіл бөлмеген.

«Әли Ғыман» сүресінің 55-аятында Алла Исаға: «Сені

* Ол кітаптар бойынша Қияметтің келуі әлі күтілуде.

Мен Өзіме көтеріп алушымын... саған ілескендерді Қияметке дейін қарсы болғандарға үстем қыламын...», - деген. Егер тәпсіршілердің айтқаны рас болып, Қиямет әлі келмеген болса, кезінде Исаға ілескендердің кейінгі ұрпағы неге Исламға қарсы? «Крес жорығы» неге болды?

Міне, бүгінгі заманның адамдарында осындай сауалдар көп. Қиямет туралы уағыздардан осы сауалдарына жауап таппаған соң олар, уағызға да, уағызшыға да құлай сенбейді. Бұл діннің құнсыздануын көрсетеді.

Еліміздің және атырабымыздағы Мұсылмандары көп мемлекеттердің Ислам мемлекет болудан қашып, зайырлылықты таңдауына да осы дәлелсіз уағыздар себепші болды.

Құран бұл сұрақтардың барлығына қолға ұстатқандай етіп жауап берген. Біз соны жеткеруге тырыстық. Бұл үлкен тақырыпқа кірісуден бұрын, «Тақуалыққа бастар жол ...», - деген еңбекті еске сала кетейік. Біз онда Аяттарды бес жолмен талдап түсінуді ұсындық. Бірінші, Құранды бірнеше рет қайталап оқып, Аяттарды жақсы меңгеру; екіншісі, ашық мағыналы Аяттар; үшіншісі, Аяттарды бір-бірімен ұштастыру тәсілімен түсіну; төртіншісі, Алланың сүбути сипаттары мен түс жорғандай жорып түсіну; бесіншісі, ғылым мен өмір Шындығы. Бұл амалдар бізді жаңылдырмайды. Әсіресе, Қиямет пен өліп, қайта тірілуге байланысты Аяттарды жетік білуге жақсы көмектеседі.

Тақырыпты қорытсақ, Қиямет жәйлі осы уақытқа дейін айтылғандардан бет бұрып, Құранды өзіміз зерттеп, Қиямет пен Ақыретті, өліп, қайта тірілуді дәлелмен дұрыс түсініп, Жәннатқа жететіндей болып, өмір сүруге кеңес береміз.

1. «Зүмәр» сүресінің 68-74-аяттары: «(Исрафил ғ.с.) Сүрге үрлегенде Алланың қалағанынан басқа көктердегі жан иелері, жердегі жан иелері жығылып өледі. Бірақ, Алланың қалағандары қалады. Екінші рет үрлегенде, олар тұрған бойда қарап қалады»,

«Жер жүзі Раббыңның Нұрымен жарық болады. Кітап қойылады. Пайғамбарлар, куәлар келтіріледі. Олардың араларына Ақиқат бойынша үкім етіледі. Олар әділетсіздікке ұшырамайды»,

«Әркімге не істегені толық төленеді. Алла олардың не істегендерін жақсы біледі».

«Қарсы келгендер топ-топ дозаққа айдалады. Сондай-ақ, олар оған барғанда есіктері ашылады. Оларға оның күзетшілері: «Сендерге іштеріңнен, өздеріңе Раббыларыңның Аяттарын оқитын және бұл күнге жолығатындықтарыңды ескертетін Елшілер келмеді ме?»-дейді. Олар: «Әрине, келді. Бірақ, азап үкімі қарсы болушыларға шындыққа айналды», -дейді».

«Оларға: «Ішінде мәңгі қалатын дозақтың есіктерінен кіріндер», -делінеді. Тәкаппарлардың орны нендей жаман».

«Ал, Раббыларына қарсы келуден сақтанғандар топ-топ Жәннатқа жолданады. Сондай-ақ, олар Оған барғанда, Оның есіктері ашылады. Оларға Оның сақшылары: «Сендерге сәлем! Қош келдіңдер! Жәннатқа мәңгі қалатын түрде кіріндер», -дейді».

«Олар: «Бізге берген уәдесін шынға шығарған және бізді Жәннаттың жеріне мұрагер еткен Аллаға барлық мақтау лайық. Жәннаттан қалағанымызша орын аламыз. Амал қылушылардың сыйлығы қандай жақсы!»-дейді».

«Нәміл» сүресінің 87-аяты: «Сүр үрленген Күні, Алла қалаған біреулерден басқа, көктерде болғандар да, жерде болғандар да үрейленеді. Сондай-ақ, **барлығы Алланың алдына сүмірейіп келеді».**

«Иасин» сүресінің 51-аяты: «Сүр үрленсе, сонда **олар қабырларынан Раббыларына жүгіреді».**

«Хаққа» сүресінің 13-15-аяттары: «Сонда бір рет сүр үрленген сәтте», **«жер мен таулар көтеріліп, соғылысып күйреген сәтте», «Міне, сол Күні Қиямет оқиғасы болады».**

Құрандағы Қиямет: Бейіш пен дозақ жәйлі

Ыждағатты кейбір қарттарымыз отбасында «Жақсыны айтып, жаманды таяп қойып», Құдайды есімізге салып, сақтандырып отырады. Себебі, олар бүгінгі хәлінде, өздерінің қуат-күші, елі мен отбасының тірегі болған Азаматтарының, аяулы немерелерінің жамандығын есіту мен көруден іштей шошынады. Тыныш жасағанын қалайды. Жүйкесі мен жүрегі көтере алмайтын уайымнан қашады. Өйткені, олар үшін ол жамандық –

Қиямет. Сондықтан сөйтеді. Біз оларды: «Ақыр заман адам», «Асан қайғы...», -деп, міндейміз. Негізінен Алланы қаперімізге салып, қамсыздықтан («Жүсіп» с. 107-а) аулақ ететін олардікі дұрыс.

«Асан қайғы» дейтіні, ел аузындағы бір аңызда, Асан Сәбитұлы бабамыз бір жаққа жол жүріп кетіп, бір күншілік жол басып, бір үйге жетіп, дем алып жатыпты. Көзі ілініп бара жатқанда, есіне, үйінде, керегенің басында қыстырулы тұрған шот түсіпті. «Сол шот балалардың басына түсіп кетер!»-деп, сол түнде күнімен жүрген жолынан қайтып үйіне келіпті,-дейді...

Алайда, бұл – елді ұқыптылыққа шақырған әңгіме. Біріншіден, сабы бір қарыстан зият шот өз-өзінен керегенің арасынан ытып шығып түспейді; екіншіден, үйде әйелі бар емес пе? Бұл дәл аңыздағыдай болмаған болар, бірақ, Алланың Қаһарына ұшыраудан сақтануда әрбір кісінің осыншалықты ұқыпты, сергек болуының мысалы шығар.

Құрандағы әрбір жаратылыстың белгілі мерзімдермен («Рұм» с. 8-а) дүниеге келтірілгені туралы Аятты білмегенімен, талай заманға куә болған бабаларымыз: «Заман бір қалыпта тұрмайды!»-деп, бүгінгі күнде қамсыз жүрмей, алдағы жайлы – жайсыз күндерге, замандарға дайын болуды ұқтырған. Ол күндер – кімге бақ, кімге сор болып келері белгісіз күндер! Сондықтан олар сөйдеген. Яғни, бұл олардың: «Алла Өзі жаратқан Құлдарының барлық амалын жазып, сақтаған (1). Өзінің әмірлеріне құлдық ұрған Құлдарына Мейірім ететін Алла (2), қамсыздығың үшін саған (3) Қаһарланбасын!»-дегені. Алла адам баласын тек Ислам діні үшін жаратқанын («Рұм» с. 30-а) ұқтырған аталық, аналық қамқорлығы, Алланы ұмытпауға – ұлықтауға шақырғаны.

Бейіш пен дозақ

Біз Қиямет хақында, Қияметтегі қайта тірілу жөнінде ойлағанымызда, Құранның бірнеше (4) сүрелеріндегі үрейлі оқиғалар жүз беретін жағдайларды көңілімізде ұстап, Оны өлімнен кейін бір замандарда қайта тіріліп, қабырдан шығатын, өз алдына орнығатын бір қаһарлы замандай түсінеміз.

Ондағы дозақты, ішінде қып-қызыл шоғы жайнап тұрған қазан шұңқырдай не оты гүрлеп жанып жатқан ошақтай, пештей

ойлаймыз. Осы сенімге қатып қалғандықтан сірә-сірә, өлімнен кейін, аспан есіктерінен өте алмаған бір топтың жердің бетіне аман саулықпен және бір топтың жазамен («Саффат» с. 18-а) сынаққа келетініне мән бермейміз. Біреу: «Жердің беті – Қиямет майданы, біз мұнда өзімізді түзеуге келгенбіз», -деп айта қалса, от тигендей ыршып түсіп: **«Сен жындысың!...»** (5), ... «Әй, жарандар! Мынаны тас боран қылу керек!» -деп орнымыздан ұшып тұрып, айналамызға аттан саламыз, ал, парықсыз тобымыз «Әнбия» сүресінде ескерткендей: **«...ойыншық етіп қана...»** (6) тындаймыз....

Мұның себептері, Алланың: **«Алла сендерге түсіндіруді және өздеріңнен бұрынғылардың Тура Жолдарына салуды ...қалайды...»** («Ниса» с. 26-а), **«Тура Жолды түсіндіру Аллаға тән...»** (7), -деген ескертулерін инабатқа алмау мен «Бақара» сүресінің 78-79-аяттарын (8) дұрыс талдамай, Аяттардың түсінігін ескі тәпсірлерден іздеуімізден. Алла Мұхаммедтен (с.ғ.с.) кейін тәпсіршілердің шығатынын, Аяттардың үстінде дау туындайтынын біліп (78-79-а), Аяттарын біріне бірін қолдаушы, толықтырып түсіндіруші етіп түсірген. Және Аяттарын өзгертуші, түзетуші жоғын (9), Аяттарының алдынан да, соңынан да сөз қосылмайтынын («Фуссилат» с. 41-42-а) ескерткен. Сондықтан «Бақара» сүресінің 44-ші, «Мүминұн» сүресінің 68-аяттарына амал қылып, әрбір Аяттың тәпсірін-түсіндірмесін, Аяттардың Өздерінен «Фуссилат» сүресінің 53-аятында (10) айтқандай, ғылым мен өмір Шындығынан ғана іздеу керек*.

Біз ғайыпқа сенеміз. Ғылым оны паралель әлем, деп жүр. «Егемен Қазақстанның» 2016 жылғы 15-санында осы туралы хабар жарияланыпты. Онда: «Өлімнен кейін өмір бар. АҚШ ғалымдары осындай нақты шешімге келді», -деген тақырыппен Мұрат Айтқожаның мақаласы жарық көрді.

Мақалада Америкадағы Солтүстік Каролина университетінің профессоры Роберт Ланцтың адам өлімінен кейін, жерге параллель екінші бір дүниеде өмірін жалғастыратыны туралы

* Алла біздерді, осы Құранмен, Пайғамбарымыздың сахих хадис, сүндеттерімен Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.), Әзіреті Әбу Бәкір Сыдықтың (р.а.) пен Әзіреті Омардың (р.а.) Жолына салуды қалайды. Құран түскен жылдары Мұхаммедтен алдыңғы Пайғамбарлардың Жолы еді.

тұжырымы айтылған. Ол әлем – Аллаға, Құранға Иман келтірген Мұсылман жұртына, Құраннан таныс, мағынасы қанық әлем.

Алланың: **«Түсінулерің үшін әр нәрсені пар-парымен жараттық»** (11),-дегені – көк пенен жердің, күн менен айдың ... жаратылуындай жердің де пары бар дегені.

Бірақ, «Рұм» сүресінің 7-аятында: **«Олар дүние тіршілігінен көрініп тұрғанын біледі де, Ақыреттен хабарсыз»**, -дегеніндей, көріп жүргеніміздің бәрін білеміз де осы көрініп тұрғандардың арғы жағында жұбы – Алланың әмірінсіз бізге көрінбейтін: Бейіштер, Періштелер, Рухтар мен Жандар, дозақтар, жындар мен шайтандар өмір сүріп жатқан паралель әлем барын ескермейміз. Періштелер бізбен бірге жасауда, шайтан аяғымызға оралып жүр, жын өзіне бейім замандастарымызға қонғанына куәміз. Осылардың барлығын топшылар болсақ, жерге жанама әлем ба-рына күмән қалмайды.

Осы екі әлемге Аяттар мен өмір Шындығынан дәлелдер айтайық. Солардан бірі «Рахман» сүресінің 46-аятында Алла: **«Раббының құзырына шығуға қорыққан кісіге екі Жәннат бар»**, -деген. Біз Құраннан және хадистерден Фердаус, Нағым, Раян, Дәріслам, Дәріл қарар, Дәрін нақар, Жәннәтіл мәғуй, Жәннәтіл ғадын, Жәннәтіл ағла Жәннаттарын білеміз. Бірақ, бұлардың қайсысы ғайып әлемде, қайсысы жерде екенінен хабарсызбыз. Ал, бұлардың ғайым әлемде де, жерде де бар екеніне «Бақара» сүресінің 200-202-аяттары дәлел болады. Аяттарда: **«...адамдардан кім: «Раббымыз! Бізге дүниеде ғана жақсылық бер!»-десе, оларға Ақыретте несібе жоқ»**. **«Және олардан кім: «Раббымыз! Бізге дүниеде де жақсылық бер әрі Ақыретте де жақсылық бер және дозақ отының азабынан сақта!»-дейді»**. **«Міне солар үшін амалдарынан үлес бар...»** (12),-деген. Осы Аяттарға мән берсек, жаңағы 46-аяттағы **«...екі Жәннат...»**: ғайып әлемдегі және жердегі Жәннат екенін және паралель әлемдерді түсінеміз.

Бұл түсінігімізді «Саффат» сүресінің 40-61-аяттары және бірнеше сүрелердегі Бейіштегі рахатты өмірді баяндаған Аяттар тастықтайды. Солардан бірі «Инсан» сүресінің 5-аятынан 22-аятына (13) дейін Бейіштегілерге көрсетілетін сыйды жеткеріп, 19-аятында: **«Олардың айналасында, мәңгілік қызметші жастар болады...»**, -деген. Жер бетінде аса дәулетті жасап жатқандар бар,

олардың да айналасында сатпайтын, сенімді жігіттері қызмет қылып жүр. Бұл жағынан қарағанда жерде де Бейіштің ұқсас пары барын көреміз.

Бірақ, жердегілер өледі. Ал, Бейіштегілер мәңгілікке қалады. Екіншіден, Бейіштегі арақ бас ауыртпайды, мас қылмайды. Ондағы сұлулар ерінен басқаға көз салмайды. Онда игілікке толы сәлем сөздерінен басқа сөз айтылмайды. Жерде керісінше, өсек айту мен бірін бірі күндеу, балағаттау, кемсіту мен тәкаппарлық...

Тағы бір дәлелге Қағбаны айта аламыз. 2011 жылы «Иман» журналына Амангелді Еренғайыпұлының «Қасиетті Қағба» атты еңбегі жарияланды. Сонда, Меккенің – көктегі Періштелер Алланы дәріптеп, үздіксіз зиярат ететін қасиетті «Мекеннің» жердегі үлгісі екенін жазыпты. Әрине, жазған Құл мұны ойынан шығарған жоқ, Аяттарға сүйеніп жазған. Құранда: (Періштелер:) **«...Негізінен Біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктеудеміз...»** («Бақара» с. 30-а), **«...Періштелерді Аршының айналасында, Раббыларын дәріптеген түрде көресің...»** («Зүмәр» с. 75-а), **«...Аршыны көтерген және оның маңындағы Періштелер, Раббыларын мақтаумен дәріптейді...»** («Ғафыр» с. 7-а),-деген. Қағбаға жер бетіндегі Мұсылмандар Алла үшін зиярат жасаса, көкте Періштелер Аршының айналасында, Алланы мақтап, зиярат етеді. Бұл – Қағбаның, көктегі Аршының жердегі белгісі әрі сыңары екенін көрсетеді*.

Құранда көктегілер мен жердегілердің барлығының Аллаға құлшылық қылатыны (14) және Қағбаны Ибраһим мен ұлы Смағұлдың (ғ.с.) құрғаны ашық Аяттармен баяндалған («Бақара» с. 125; 127-а). Демек, жерде – Меккеде Қағбаның құрылуы, Алладан келген, Аяттармен (15) бекітілген, негізі бар зиярат орны, Аршының жердегі жұбы.

Үшіншіден, Бейішті суреттеген Аяттарда айтылатын өзен, бұлақ, қабат-қабат сарайлар (16), бау-бақша, жемістер (17), алтын, інжу білезіктермен безену, жібек киім (18), **...«Ағып жатқан арақтан толтырылған шелектер, құмандар және ке-**

* Түркістанды – Яссауи кесенесін және басқа қасиетті орындарды Меккеге теңеу дұрыс емес. Мекке – Қағба Аятпен бекітілген. Алла одан басқа зиярат орны барын айтпаған.

селер...», «Ол бас ауыртпайды да мас қылмайды*», «Қалаған жемістері бар», «Көңілдері соққан құс еті бар» («Уақиға» с. 18-21-а), «Жас өспірім құрдас қыздар» («Нәбә» с. 33-а), тұнық бастаулар, отыратын орындар, жастықтар, кеселер, төсеніштер (19) және «Тұр» сүресінің 17-25; «Мұтаффифин» сүресінің 23-34-аяттарындағы (20) жай-жағдайлар... жерде де бар. Бұларды көріп жүрміз, тірлігімізде тұтынып отырмыз. Осыларға қарап, жерге паралель екінші әлем мен Бейіштер және дозақтар жәйлі түсінігімізді кеңейткеніміз, Иманымызды бекіте түсуге және Аллаға бір табан жақындауымызға сеп болар.

Осы бастауды таратыңқырап айтайық. Алла «Бақара» сүресінің 30-аятында, жерде орынбасарын жарататынын айтқан еді, ал, «Әнбия» сүресінің 105-аятында: «Расында Таураттан кейінгі Зәбүрде: **«Жерге игі Құлдарым мұрагер болады»,-деп жаздық»,-**деген. **«...игі Құлдары...»** – Имандылар (Жер беті осы Имандылар есебінен аман тұр...). Келесі Аятта: «Күдіксіз осы Құранда құлшылық қылған елге, әрине **бір ұқтыру бар»,-** дейді. 30 бен 105-аяттардың мағынасына көңіл бөлсек, алдыңғы Аяттарды бекітіп, жерде де **«...игі Құлдары...»** үшін жаратқан Жәннаттың ұқсасы бар екенін меңзейді.

Жердің жүзіндегі Патшаларды, бақ-несібесі, тұрмыс дәрежесі соларға тең адамдарды және олардан сәл төмен, бірақ, бейбітшілікте, тоқ, шат-шадыман жасап жатқан өзіміз сияқты пенделерді жақсы білеміз. Жоғарыдағы Аяттарға сүйеніп айтқанда** бұлар – жер үстінде, Алланың қасындағы Бейіштің екінші жұбында жасап жатқандар***. **«...Әрине, Ақырет дәрежелер тұрғысынан тағы ірі, артықшылық жағынан да тағы зор»**, («Ісра» с. 21-а),-деген Аяттың хабары Имандылықпен дұрыс жасасаң, Ақырғы қорытындыда, жерге паралель екінші дүниедегі өміріңде де патшалардай болып өмір сүресің дегені (21).

* Жердегі арақ мас қылады, басты ауыртады, үздіксіз ішілсе, айықпас ауруға шалдықтырады.

** Соңындағы 1-20-реттегі Аяттар.

*** Жер бетінде ғайридіндер де бай – Бейіштегідей өмір сүруде. Бірақ, «Бақара» сүресінің 200-аятында ескертілгендей, бұларға Ақыретінде ештеңе жоқ.

Алла шайтан мен адамды бір-біріне дұшпан қылып жерге түсірді («Бақара» с. 38; «Ағраф» с. 24-а). Бірақ, біз оны көрмейміз. Міне, осы жағынан қарағанда да біз, кеңдігі аспан мен жердей (22) – жерге паралель екінші әлем де перденің арғы жағында барына және бір көз жеткереміз. Алла Өзінің екі күн шығыс пен екі күн батыстың Раббы екенін («Рахман» с. 17-а) айтқан. Бәлкім осы екі күн шығыс пен екі күн батыстың біреуінің аты – жер, екіншісінің аты – Жәннат шығар.

«Бақара» сүресінің 38-аятындағы, Жәннаттан түсіндер, дегендегі түсу, бәлкім, сол перденің екінші жағына – жерге өткені болар.

Адам ата мен Науа анамызды жаратып, Бейішке орналастырғаннан кейін: «Олар игі перзент тіледі. Біз перзент бердік», -демеген, керісінше, шайтанға еріп, тиым салған ағашқа тиіп, Бейіштен жерге түсірілгесін, перзент тілеген (Ағраф с. 189-190-а). Алланың достығын елемей, шайтанның азғыруына ерген бұлардан туылғандар да, тап осы ата-анасы сияқты Бейішке лайық бола алмайды. Жерде туылып, жерде жасап, (Бақара с.) 38-аяттан дұрыс қорытынды шығарып, Бейішке лайық болғанда ғана Одан құтты орын ала алады, дегенге саяды. Яғни, пенденің жер бетінде туылуы да жердің сынақ майданы екенінің бір дәлелі.

Алла әр нәрсені жұбынан жаратқанын айтқан. Біз мұны талдадық. Енді осылардың Шындығына көз жеткеруге әрекет етейік.

Біз үлкен Қиямет пен кіші Қияметті айттық. Бұларды ескерсек, дозақтың да жұбы бар. Африкадағы, Оңтүстік Америкадағы ормандарда – Жунглилерде, шөлейттерде үйсіз, күйсіз, тек тамағын іздеумен өмірін өткеретін, жалаңаш жүрген тайпалар және өркениетті елдердің өзінде, тірлігі алға баспай – намысы мен несібесіздігінің ортасында үжданы қиналып жүретіндер – тік тұратындар, дозақтың жеңіл жазасымен жүргендер, деп; олар кезінде Алланы біле тұра, сірә ескермей, осы дүниенің қызығына құнығып жасағандар деп; мына азап, соның қарымтасы, деп түсінсек қателеспеспіз. Өйткені, Алла «Әли Ғымран» сүресінің 4-аятында, Өзінің Аяттарына қарсы келгендерден өш алу күшіне ие екенін ескерткен. Алла уәдесіне берік. Сол өшін алып жатыр!

«Мутафиффин» сүресінің 7-9-шы және 18-20-аяттарынан бұл пікірлерімізге нақты дәлел көреміз. Оларда: **«...Негізінен**

бұзықтардың кітабы төменгі орында болады». «Төменгі орынның не екенін қайдан білесің?» «Ол – бір жазулы кітап». «...Негізінен ізгілердің кітабы, әрине, жоғары орында болады». «**Жоғары орынның не екенін қайдан білесің?**» «Ол – жазулы бір кітап», - деген. Аяттардағы: «төменгі орын», «жоғарғы орын», дегендер, Аяттың арабшасында: «Сиджин», «Филлиун», деп, жазылған.

Аудармашы Нұралы Өсерұлы өз аудармасында: «Сиджин» сөзіне: «...«сиджин» – арабша «түрме», «жаман орын»...», - деп, «Филлиун» сөзіне – **«жоғары орын»**, - деп, түсінік берген.

Ал, тәпсірші Ибн Касир: «Сиджин – өте тар орын. Ол – бұзықтардың баратын жері, мәңгілік тар қамау, өте күйзелтуші азап», - деп, «Филлиун – жоғарғы кең орын. Бұл – Жәннат», - деп жазыпты.

Аятты да, тәпсірлерді де тіке мағынасында емес, Алланың сүбути сипатымен түсінсек, төменгі орындағылар – біз айтып отырған үйсіз, күйсіз жүргендер болып; жоғары орындағылар – Алланың Тура Жолымен жүріп, бұл дүниеде дәрежелі, дәулетті өмір сүріп, Ақыретте Жәннатта жасайтындар («Бақара» с. 201-а).

«Хыжыр» сүресінің 44-аятында: **«Дозақтың жеті қақпасы бар. Әр қақпаға олардың бір-бір бөлігі айырылады»**, - деген. Мұны «Мәида» (48-а), «Хаж» (67-а) сүрелерінің әр үмбетке бөлек-бөлек ережелер қойдық, деген хабарын ескеріп, дозақтықтар жеті топ адамдар, деп түсінгеніміз мақұл. Осы Африка шөлейттеріндегі, Оңтүстік Американың ормандарындағы, Памир тауындағы пенделер сол жеті топтың бірі тобы, әрине.

Қиямет жердің бетінде болған, болып жатыр, адамзат түзелгенше («Мәида» с. 105-а) бола береді. Алла «Хаж» сүресінің 21-аятында: **«Әрине, оларға зор азаптан беріде дүниенің азабын таттырамыз. Мүмкін олар райынан қайтар»**, - деген. «Нахыл» сүресінің 45-46-аяттарында азаптың ойламаған жерден келетінін, қаперсіздер одан қашып құтыла алмайтынын ескерткен. Мұны өз замандастарымыздан да көріп жүрміз. Олар санаулы күні толған шақта, қашып құтыла алмай, тосаттан авто және басқа апаттарға ұшырап, азап көргеннен кейін райынан қайтып, Алланың Жолына түсіп жүр...

Алла Тағала о баста Адам (ғ.с.) мен Хауа (р.а.) анамызды жайғастыру үшін Бейішті жаратқан болатын. Бірақ, бұлар

шайтанға алданып, Одан шығарылғасын, дозақты жаратты. Оның жерделігіне: «Сендерге Алланың қасында жаза тұрғысынан бұдан да жаманын хабарлайын ба? Алла біреуді **қарғап оған ашуланса және олардан маймылдар, доңыздар, бұтқа табынушылар қылса, міне солар – орны жаман және Тура Жолдан мүлде адасқандар**» («Мәида» с. 60-а),-деген Аят дәлел. Мұны «Нахыл» сүресінің 70-ші, «Хаж» сүресінің 5-аяттарынан (23) да білеміз.

Алла кімдерге ашуланады? Қандай адамдарды қарғайды? Әлбетте, бұлар – Аллаға, Құранға қарсылар, тағдыр Алладан екенін мойындамайтындар, Періштелерге, Қияметке Иман келтірмейтіндер; жер бетінде – адамзаттың арасында арсыздық жайылуын жақсы көретіндер; Аллаға серік қосатындар.

Бұлар қарғалды, демек, бұлар – дозақтық. Ендігі мән беретін жәй, Алланың ашуына ұшыраған: маймылдар, доңыздар, бұтқа табынушылар өзіміздің арамызда бірге жүрген жоқ па? Жасап жатыр. Осы дәйекке сүйенсек, дозақ – жердің беті.

Осы жерде «Бақара» сүресінің 38; «Ағраф» сүресінің 24-аяттарына тоқтала кетейік. 38-аятта: **«Жәннаттан бәрің түсіңдер...»**,-десе, 24-аятта: **«...бір-біріңе дұшпан болып түсіңдер. Сендерге жер жүзінде бір мерзімге дейін тұрақ және пайдалану бар»**... деген. Осындағы: **«...түсіңдер», «...жер жүзінде...»** деген сөздерден Бейіштерді жоғарыда, дозақты төменде деп түсінеміз. Керісінше, мұны біз судың арасындағы пердені ескеріп, жоғарыда айтқанымыздай, сол перденің оң жағы, сол тарабы деп түсінгеніміз Шындық болар. Бұған «Рахман» сүресінің: **«Ол – екі шығыстың Раббы әрі екі күн батыстың Раббы»**,-деген 17-аятын, «Бақара» сүресінің: **«...Менен сендерге (жердегілерге) бір Туралық келсе, кім сонда Тура Жолыма ерсе, ...»** (38-а),-деген ескертуін қосып зерделесек, «Назифат» сүресінің 14-аятында ескерткендей, түсетін жер жүзі, перденің екінші жағы, сынақ майданы әрі дозақтықтар мекені екеніне көз жеткереміз.

Екіншіден, бірнеше Аятта Қияметте Алланың алдына жиналатынымыз айтылған. «Мүрсәлат» сүресінің 25-26-аяттарында: **«Жердің жүзін бір жиналыс жері қылмадық па? Тірілерге де, өлілерге де»**,-десе, «Мүлік» сүресінің 24-аятында: **«Оларға: «Ол сондай Алла сендерді жер жүзіне таратқан және сол жаққа**

жиналасындар»-де»,-деп қайта пысықтаған. Ал, көктерде не ғайып әлемде жиналыс орнын жаратқанын айтпаған. Бұл Аяттар да Қияметтің, дозақтың жердің бетінде ғана болатынын тастықтайды.

Бейіш пен дозақ деген ұғымның өзі әділдік пен қиянат дегеннен шыққан. Әл-Ъадилу Алла Адамды жаратқасын Оған қиянат жасамай, Бейішті берді. Бірақ, Адам (ғ.с.) әуелден Өзін жақтырмаған әділетсіз, нәмәрт шайтанға алданып, Бейіштен қуылды. Сонда өмірдің де: әділдік, нәмәрттік, пендешіліктен жаралғаны көрінеді.

Алла Өзі қалаған Құлдары үшін әділдікті қорғап оның Жолын ұсынды, сосын оларды сынау үшін шайтанға ерік берді, ол нәмәрттікке тартады, ал, пенде Ақылына жараса іс көреді: не Алладан келген Тура Жолмен жүріп, Әл-Ъадилу Алламен бірге болады, не аңшының итіндей шайтанның к...інде жүреді.

Енді жаңағы «Ағраф» сүресінің 24-аятынан (дұшпан болып жерге түсіндер...) шығарып айтқан, перденің арғы беті, бергі бетін ойлағанда, Құранның «Рахман» сүресінің 17-аяты және «Фурқан» сүресінің 53; «Рахман» сүресінің 19-20-аяттары көз алдыға көлденең келеді. 17-аятта: **«Ол – екі шығыстың Раббы әрі екі батыстың Раббы»**,-деген. Ал, «Фурқан» (53-а), «Рахман» (19-20-а) сүрелерінде: **«Ол сондай Алла, екі теңізді қоя берді; мынау тәтті, сүйкімді және анау тұзды, ащы. Екі арасына бөгет жасады»**,-деген. **«...бөгет жасады»**,-дегені, арада «перде» барының, екеуі бір-біріне араласпайтынының хабары. Осы сияқты Жәннат пен жердің ортасында да бөгет – «перде» бар деп түсінгеніміз Шындыққа жақын, әрине.

Себебі, Алла әр нәрсені жұбымен жаратқан. Арасына көрінбейтін перде қойған суға жұп етіп, күн астында – жердің бетінде бізге көрінбейтін екінші әлемді жаратқан. Күннің сәулесі жоғарыдан перденің біз көрмейтін және біз көретін тарапына түседі. («Рахман» сүресінің 17-аятының хабары осы). Сонда бағанағы біздің Жәннат бар әлем мен жердің ортасында перде бар, деген тұжырымымыз дұрыс.

Екінші дәлелге «Ағраф» сүресінің 27-аятын айта аламыз. Аятта: **«Әй, адам баласы! Шайтан ата-аналарыңның ұятты жерлерін көрсету үшін киімдерін шешіп, Жәннаттан шығарғаны сияқты сендерге де сұмдық жасамасын. Өйткені, ол және оның сыбайластары, сендер оларды көрмеген жерден (сендерді) көреді.**

Шайтандарды Иман келтірмейтіндерге дос қылдық», - деген. **«...сендер көрмеген жерден (сендерді) көреді»**, - дейді. Осының өзі тақырыбымызға еш қандай күмән тудырмайтын нақты дәлел.

Алла Тағала «Фуссилат» сүресінің 53-аятында, Құран Сөзі Шындыққа шыққанға дейін өзіміздегі және әлемдегі белгілерін көрсете беретінін айтқан. Осы айтқандай, біз үйдің, мәшіннің терезелеріне қара перде жабыстырғанды білеміз. Ол жабыстырылса, іштегілер сырттағыларды көріп отырады да, сырттағылар іштегілерді көрмейді.

Бұның өзі, осы 27-аятқа («Ағраф» с.) және «Рахман» сүресінің 17-аятына және жерге салыстырмалы екінші әлем бар екеніне және бір дәлелі.

Тағы бір дәлелге «Әли Ғыман» сүресінің 133-ші және «Хадид» сүресінің 21-аяттары сұранып тұр. Онда: **«Раббыларыңның жарыл-қауына және кендігі жер мен көктің кендігіндей – Аллаға, Елшісіне Иман келтіргендер үшін әзірленген Жәннатқа жарысындар...»**, - деген. Осындағы: **«...кендігі жер мен көктің кендігіндей...»**, - деген **«кендік»**, Жәннаттың өзіміз жасап жатқан жермен бірдей кендік екеніне* сендіреді. Демек, (қайталайық) екі күн шығыстың біреуі – біз Жәннат бар деп жүрген кендіктегі – перденің арғы жағындағы күн шығыс болса, екіншісі – өзіміз көріп жүрген күн шығыс.

Бұл Роберт Ланц айтқан жерге паралель әлемнің Құрандағы дәлелі. Яғни, екінші әлемнің бар екендігі – Аяттардан да, өмір Шындығынан да, ғылымнан да тастығын тауып отырған Шындық.

Осы тақылетті өмірде көп дәлелдер бар («Жүсіп» с. 105-а). Біз Аяттарды жақсы білмегендіктен соларға Иләһи ілім-білім тұрғысынан зер салып, аса мән бермейміз. Сондықтан Қияметтің сипаты туралы (бабаларымыз да, біздер де) мүлде өтірік айтып жүрміз. Біз бұдан құтылуымыз керек**. Ол үшін, әрине,

* «Кендігі» арабша – «ъардуһа», сөздіктерде «ені» деп берілген. Аудармалардың көпшілігінде кендігі деп аударылған.

** Біреулер Құранды Таурат, Забур, Інжіл сияқты түсінеді. Бұл – үлкен қателік. Кітаптардың Алладан келгені рас, бірақ, аталмыш үш Кітап өзгертілген. Құран «Хыжыр» сүресінің 9-аяты бойынша Алланың қамқорлығында. Түскеніне он бес ғасыр өткенмен бір әрібі де өзгермеген. Мұны ғылым дәлелдеген. Әрі әрекеттегі Кітап. Сондықтан Құрандағы Қиямет – ақиқи Қиямет.

Құранның қазақша аудармасын кемінде он мәрте оқып шығуға тура келеді...

Қиямет

Құраннан Қияметтің: **«Шын мәнінде сендерге уәде етілген әлбетте келеді» ... «Пайғамбарлардың уақыты жеткен кезде»** («Мүрсәлат» с. 7; 11-а), деген хабарын оқып отырмыз. Бұдан біз бір Пайғамбардың көрсеткен Жолын жалғаған қауымның кейінгі ұрпақтары азып, оларды түзеуге (24) келген екінші Пайғамбардың заманында Қияметтің болатынын түсінеміз. Расында, Алланың Нұх, Һұд, Салих, Лұт, Шұғайып, Мұса (ғ.с.) т.б. Елшілеріне отқа, бұтқа табынушылар қарсы шығып, небір сойқандар болды. Белгілі мерзімнен кейін, Алла, қарсы шыққандарды жер бетінен жойды. Одан беріде Пайғамбарымыз Мұхаммедпен (с.ғ.с.) Қияметтің бірге келгенін, Оның (с.ғ.с.) хадисінен, күрес Жолдарынан білеміз. Бірақ, сол күндердің ел үшін, біреулер үшін, тіпті, жеке біреулер үшін Қиямет болғанына көңіл бөлмейміз. Осы түсінбейтініміз біздің Құран ілімінен хабарсыздығымыздан.

Көңіл бөлмейтініміз – салақтығымыздан, Құдайды тілімізде ғана айтып, саясат сақтап, негізінде Одан қорықпайтындығымыздан. Қорықсақ, Қияметтің өкшелеп, ізімізге тақалып келіп тұрғанына сенер едік, рудан руды кемсітпей, жүзге бөлінбей, «Адам бір б... көтерген б...тың қабы», -дегенді (Абай бабамыз) ұмытпай – ақсүйекке сүйрелмей, адамның барлығын өзіміздей көріп, ешкімнің ақысына қиянат жасамай, бүлік пен лаңкестіктен аулақ жүріп Құранмен, Ата Заңмен дұрыс өмір сүрер едік.

Олай болмай тұрғаны және қайталайық, біз ескі тәпсірлерден сусындадық, әліде Қияметті алыссынып, Құранды көне заманның хабаршысындай көреміз – үйретіндіні айтамыз (25). Егер Қиямет деген: **«...біреуге біреу қарайласуға еш нәрсе қолдан келмейтін...»** Күн («Инфитар» с. 19-а), жеке бастарда: әке балаға, бала әкеге арашашы бола алмайтын Күн («Лұқман» с. 33-а) екенін білсек, Пайғамбарлар заманындағы оқиғалар мен тарихта болған және бүгінде айналамыздағы мемлекеттерде ойран салып жатқан; қаңтарда (2022 ж) өзімізде билік пен бүлікшілер

арасында болып («Хакқа» с. 13-15-а) өткен оқиғаларды ескеріп, Аяттар мен халықтың халін салыстырып, Қияметтің жердің үстінде жүз беретініне және қасымызда жүргеніне көз жеткеріп, Құранның «Жүсіп» (107-а), «Нахыл» (77-а), «Мәриям» (84-а), «Нәміл» (72-а), «Зүмәр» (25-а), «Қамар» (50-а), «Нәбә» (1-5; 40-а), сүрелерінің хабарларын Иманымызға жүктеп, Одан сақтанар едік.

Біз өзіміздің жыл санауымыздан беріде неше түрлі соғыстар, жер қозғалысы, жұқпалы аурулар апаты, су басу, кеме апаттары; ХХ ғасырдан ұшақ, автокөлік, пойыз, өрт, боран, алапат құйын (тайфун), лай, қар көшкен апаттар болып, талайлардың қасірет шеккенін тарихтан білеміз. Бүгінгі күнде теледидардан, ғаламтордан күн сайын, күнара әлемдегі түрлі апаттарды көріп отырмыз. Соны білсек те оларды Қиямет деп қабылдамаймыз. Әрине, бұл біздің үлкен қателігіміз. Ал, қателесуіміз, Аяттарды оқып отырып, тарихтан орын алған және де соңғы жылдарда болып жатқан жойқын апаттармен салыстырып зерттейтіндігімізден. Оған себеп, Махамбет бабамыздың: «Мұсылмандық кімде жоқ, Тілде бар да, ділде жоқ», - дегеніндей, жүректің бостығы – Иманымыздың тілде ғана тұрғаны, яғни, Құранға жүрекпен кіріп: «Бұл – менің тағдырымның Иесі, әлемдердің Раббы, жалғыз Алланың Сөзі, мұны мен өз мазмұнымен толық білуім керек! Түбі баратын жерім – Оның алды ғой!»-деп, Алланың Жолына шын ықыласпен түсіп, Аяттардың қазақшасын толық жатқа білмейтіндігімізден. Абай бабамның тілімен айтқанда, күніне бірнеше рет қайталап жүрген Кәлимамыздың мазмұнына саналы түрде мән бермейтіндігімізден.

Аллдан шынымен қорыққан (26) Құл, алдағы өміріне алаңдайды. Аяттардың бос сөз емес екендігіне жүректен сенеді. Түсіне алмаған Аяттар үшін өзін кінәлайды. Олардың астарындағы Шындықты іздеп, Құранды қайта-қайта оқуға өзін мәжбүрлейді. Олардың тереңдеріне жүрек көзімен үңіледі. Талып отырып, таусылып отырып Шындықты іздейді. Сөйтіп барлық Уахи хатқа – Ақиқатқа көз жеткереді.

Осы жерде айта кететін тағы бір мәселе, «Құран – Қияметке дейінгі барлық адамға түскен», деген сөздің мәнісі. «Қиямет әркімнің басында», -демекші, бұл жалғанда Қиямет таразысына соқпай өтетін пенде болмайды (27). «...Қияметке дейін...», -деген

сөз – сол таразыға жетпей тұрып, яғни, басыңа қайғы, қасірет келмей тұрып, ауруға ұшырамай тұрып, отбасың бұзылмай тұрып Иманға келу деген сөз. «Мұхаммед» сүресінде: «Олар Қиямет мезгілінің өздеріне кенеттен келуін ғана күте ме? Расында Оның белгілері келді ғой. **Қиямет келіп болғанда үгіт алулары неге жарайды?!**» (18-а)-дейді. Атам қазақ: «Садақаны сауда бер, іс біткесін құй бер, құй берме», -дейді. Сол айтпақшы, Құран Қияметке дейін дегені – басыңа ешкім араша түсе алмайтын ауыр іс түскенге дейін дегені; ал, іс түскеннен кейін Аллаға жалынудың, садақа беріп, құлшылыққа жығылудың пайдасы жоқ.

Мәселен, нашүкір, сабырсыз, қызғаншақ, іші тар пенде сукұмар, қанқысымы...ауруларына ұшырайды. Ол әлемнің мен деген дәрігерлеріне қаранғанымен жазылмайды. Себебі, ол Құран айтқан Туралықпен («Бақара» с. 38-а) жүрмеді...

Енді «Ғашия» сүресінің 1-7-аяттарын талдайық. Құран – күллі адамзатқа түсірілген Тура Жол. Сондықтан сүрені есірткіқұмар, араққор, құмарпаз, зинақор т.б. адамдары көп заманымыздағы дәлелдермен таратайық.

Бірінші Аятта: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **қаптайтын Қияметтің хабары саған келді ме?**»-дейді. Осындағы «**қаптайтын**» сөзі – елде кең етек алған жамандықтар. Солардан бірі – араққорлықтың салдарынан не жалқаулығынан, не есірткіге берілгенінен отбасынан, жұмыстан шеттетіліп, пана таппай, босып жүрген қаңғыбастардың (28) хәлі.

Олармен бетпе-бет келсең, **қорқып, жүздерін** төменге салады (2-а) **«Қатты қиналған шаршау»** екені түрлерінен анық көрініп тұрады (3-а). Ұялғаннан пана таппай ұжданы қиналып – **жанып тұрған отқа** түскендей болады (4-а). Шөлін басатын, көңілі қалаған сусынын іше алмайды, лажсыздықтан табылғанын ішеді (5-а). Ал, 6-7-аяттардағы: **«Олардың ащы, сасық тікеннен басқа тамағы болмайды»**. **«Ол семіртпейді де, аштықты баспайды»**, -дегені, әлбетте, олардың қоқыс жәшіктерді ақтарып тапқан: пілістеген, шіріген нан мен ұн өнімдерінің және жеміс-жидектердің **ащы, сасық** қалдықтары. Бұлар олардың қарнын тойғызбайды. Тікен болатыны, бұл азықтардың сөл бөлу бездерінен сөл шақыратындай дәмді еместігі, сондықтан **ауызына тікендей** болып кіреді. 1932 жылғы ашаршылықты басы-

нан кешкендердің бірі, күнжара, кебек жеп, аузы тұщымағанын айтқан еді (әкесі сүт әкеп, аман қалған).

Қоқыстан алынған қалдықтарда да, адамзатқа әсерлі дәм жоқ, тиімді азықтық қуат жоқ, сондықтан олар – **тікен**; сондықтан олар семіртпейді; әйтеуір, асқазанға талғажау, тойымдығы да болмайды. Бұл – Шындық, әрине.

Міне, осы жеті Аяттың сипаттап отырғаны – өзіміз көзімізбен көріп жүрген өмір Шындығы. Бұл – «Бақара» сүресінің 38-аятынан пікір түйіп, өзін түзеген («Мәида» с. 105-а) пенденің басындағы Қиямет. Ал, ол Ақыретінде бұдан да ауыр жағдайда өмір сүреді.

«Жүсіп» сүресінің 106-аятында қарсыларды айтып, 107-аятында: **«...олар Алланың баурап алушы азабынан немесе кенеттен сезбеген түрде Қияметтің келіп қалуынан қауіпсіз болды ма?»**,-деген;

Таратып айтсақ, **«...баурап алған азап...»** – маскүнемдік, **«...кенеттен сезбеген түрде келген Қиямет...»** – отбасынан, туыстардан айырылып, жұмыстан қуылып, далада қалған қаңғыбастық.

Маскүнемдікке салынған пенде, қаңғыбастыққа түсемін, деп, әсте ойламайды, бірақ, арақ бойына әбден сіңіп, онсыз жүре алмайтын жағдайға келгенде, үйін, дүние-мүлкін сатып жіберуге дейін барады. Өне осыдан отбасы бұзылады. Ізінен ішпесе, істей алмайтын, ішсе, қалжырап түкке жарамайтын хәлге келеді. Соңы қаңғыбастыққа апарады. Міне, осы – **«...кенеттен сезбеген түрде келген Қиямет...»**.

Бұл жағдайлар, Алланың Тура Жолымен жүрмеген, әмірін қабыл алмаған («Бақара» с. 38; 186-а) әркімнің басында бола қалуы ғажап емес («Әли Ғымран» с. 4-а).

Осыған кепілдік жоғын білетін Алла «Нәбә» сүресінің 1-5-аяттарында: «Олар не нәрседен сұрасады?» «Зор оқиғадан». «Олар Ол жөнінде таласуда». **«Әсте олай емес, олар тез біледі»**. **«Тағы олай емес, олар тез біледі»**,-деп, ал, 40-аятында: **«Негізінде жақын бір азапты ескерттік...»**,-деп, Қияметтің алыс емес екендігін ұқтырады.

Мына бес Аяттағы **«сұрасу»** мен **«талас»** – араққор мен ата-анасының не туыстарының, отбасылы болса, әйелінің арасындағы сұрасу, талас.

Әрине, Аяттар бірнеше түрлі мағыналар береді. Біз келтірген Аяттардағы жағдай, жоғарыда атаған аппаттарда да, соғыстың кездерінде де, жұтта да, ашаршылықта да жүз береді. Біз тек сақтандыру үшін, бейбіт өмірде, қалаларда жүрген, Әл-Қаһару Аллаға жалғыз-жалғыз (29) келіп тұрған: **«...көңілдері, көздері Алладан теріс айналған... сергелдендікте, ...қаңғырып жүрген»** маскүнемдер мен қаңғыбастарды ғана («Әнғам» с. 110-а) дәлелге келтірдік.

Қияметтің жер бетінде болғанына дәлел көп. Мәселен, «Ғадият» сүресін оқып отырғанымызда, Исадан (ғ.с.) бес ғасыр бұрынғы Ескендірдің, Исадан (ғ.с.) соңғы – алғашқы ғасырлардағы Еділ – аттылы батырдың, XIII ғасырдағы Шыңғыс ханның, одан кейінгі Әмір Темір бабамыздың, Алпамыс, Қобланды т.б. батырлардың шайқастары көзге елестейді. Сүреде: **«Қатты еңгігіп шапқан», «(Тұяғынан) от шығарған», «Таң сәріден шабуыл жасаған», «Тозаңдатып, шаңдатқан»** (1-4-а)-деген Аяттар – аттылылар ашқан соғыс майданының суреттеуі. 3-аяттағы таң сәріден шабуыл жасау – соғыстың басты әдістерінің бірі. Содан біздің нақты білетініміз, неміс фашистерінің 1941 жылы 22-маусым күні, таңғы сағат төртте КСРО жеріне тұтқиылдан басып кіргені; 4-аяттағы тозаң мен шаң да соғыс майданының нақты көріністері.

1941 жылғы 22-маусымның таң сәрісіндегі ойранды өз басынан өткергендер, ол күнді шын мәніндегі Қиямет деп атаған еді. Солардан бірі – Жұмабай Шоқаев: «Мен ауыл молдасынан сауат аштым. Қияметте әркім өз басын құтқаруға ғана әрекет жасайтынын сол дамоллалардан есітіп өскенмін. 1941 жылы мен Латвия республикасының шекарасында қызметте едім. 22-маусым күні таң елең-алаңда көктен де, жерден де ажал оғын жаудырып, немістер қаптап келгенде командирлер де, әскерлер де бет-бетіне қашты.

Шыңғырған, айқайлаған дауыстар, аласапыран арасынан үздіксіз есітіледі...

Басқалардың қайда тығылғанын білмеймін. Мен орманға кіріп кеттім. Атеистер Аллаға қарсы уағыздап, Оны ұмытуға қысым жасағанымен жүрегімнен шығармағанмын. Сонда: «Алланың Құранда айтқан Қияметі осы екен ғой!»-деп Алланы есіме алып, Оған жалындым...», -деп, өз басынан өткен алғашқы мезеттерді суреттеп баяндаған еді.

Сол таңда шекарада болған және бір соғыс ардагері – Дәулет Шәмшиев:

«39-шы жылы әскери қызметке барғанбыз. Қызмет мерзіміміз бітіп, бүгін-ертең елге қайтамыз деп, қуанып жүргенімізде, азанғы кезде, аяқ астынан ұшақтар бомбалап, гүрілдеген танктер қаптап, сақылдаған автоматтарын кезенген біреулер басып келді. Кім қалай бас сауғалайды: бет-бетімізге қаштық. Командир деген қара басын алып алдымен кетті...», -деп, Қияметтің бір дәлелін айтып берген еді. Мұны біз «Ахзап» сүресінен де оқимыз. Онда: **«Момындар жау топтарын көрген сәтте: «Міне, бізге Алланың да, Елшісінің де уәде еткен нәрсесі. Алла да, Елшісі де рас айтқан екен», -десті...»** (22-а), -деген. Құран білімі бар Жұмабай ағамыз бен Дәулет ағамыз Қияметтің жер бетінде болғанын осылай дәлелдеп берген еді.

Халық: «Жұт жеті ағайынды», -деп, оларды жеке-жеке атайды. Солардың бірі, әлбетте, соғыс. Біз дәлелге тартқан Аяттар да мұны тастықтайды.

Өстіп Аяттардың мағынасына қарап, Қияметтің белгілеріне сүйеніп, Оның жерде болғанына көз жеткереміз. Мәселен, «Лұқпан» сүресінің 34-аятында: **«Әрине, Қиямет мерзімінің мәліметі Алланың қасында. Жаңбырды Ол жаудырады, Ол жатырлардағыны біледі. Ешкім ертең не істейтінін білмейді әрі ешкім қай жерде өлетінін де білмейді...»**, -деген. Осындағы Қиямет мерзімі мен жаңбыр неге қосақталып келтірілген? Бұлардың бір-біріне не қатысы бар еді? Әлбетте, мұндағы жаңбыр мен жатырлардағыны және Қияметтің мерзімін айтуы, пенденің жаңбырмен жердің бетіне – Қиямет майданына, Алла мерзімін белгілеген күні келетінінің және оның хәлі мен тағдырын білетінінің, осы майданда да тек Алланың үкімдерімен жасайтынының және Алланың өлшеп берген демінің түгесілген мезетінде өлетінінің хабары. Бұл Аят та Қияметтің жердің бетінде болатынын білдірген.

Сондай-ақ, Аяттарда айтылған хабарлардың тарихта жүз бергеніне, қазір де кейбірінің көзалдымызда (теледидарда) болып жатқанына сүйеніп, Қиямет жер жүзінде және қабырда болған, бүгінде болуда, келешекте де бола береді деген тұжырымға келдік.

Қияметтің келетініне есі бар ешкім қарсы шықпайды. Бірақ, ескі тәпсірлер мен Аяттарды салыстырып зерттеп, Қияметтің

Мұхаммедпен (с.ғ.с.) бірге келгенінен пікір түймеген діндарлар, Оның осы күнде жүз беріп жатқанымен келіспейді. Солардан біріне, «Жүсіп» сүресінің 107-аятын, «Нахыл» сүресінің 77-аяты мен «Нәміл» сүресінің 72-аятын айттық. Ол:

-Иә, бұл Аяттар – Қияметтің тездігінің хабары. Алланың белгілеген мерзімі бар. Ол сол кезде лезде келе қалады, ешкім сезбейді, қимылдап үлгермейді-деді. Біз:

-Ғылымның айтуынша, жер бетінде адамның тіршілік ете бастағанына тоғыз миллион жыл болыпты. Археологтар өзінен-өзі қопарылып ашық жатқан немесе сүйексіз бос қабырларды кездестіргенін жазған жоқ. Соған қарағанда, осынша уақытта бірде бір мәрте Қиямет болмапты,-дегенімізде, ол сөзіміздің ізін күтпей:

-Қиямет әлі болған жоқ. Ол келген заманда жер бетінде ештеңе қалмайды. Бәрі жоқ болады. Сосын Алла адамдарды қайта тірілтіп сұрақ басталады.

-Құранның «Мүрсәлат» сүресінің 11-аятында, Пайғамбарлардың уақыты жеткен кезде келетіні мен Мұхаммедтің Қиямет менімен бірге келді, деп қатар екі саусағын көрсеткенін қалай түсіндіресіз?

-Ол – Пайғамбарлар заманы. Пайғамбарлардың құпиясы.

-Демек, Пайғамбарлар заманында, соның ішінде Мұхаммедтің заманында Қиямет болыпты ғой?!

-Исламда мұндай сырларды қазбалап сұрай бермейді.

-Онда неге «Бақара» (44-а), «Мүминұн» (68-а) сүрелерінде сөздерді оқып талдау, ойлау ескертілген? Мұхаммедтің тал бесіктен табытқа дейін ілім іздеу туралы хадисі неге айтылған?

-Бұлар Исламның шарттарын білу, парыздар сен сүндеттерді орындау үшін Аллаға, Пайғамбарларға, Періштелерге, Қияметтің болатынына, тағдыр Алладан екеніне, Бейіш пен дозактың барына сенімді арттыру үшін айтылған.

-«Ағраф» сүресінде: «Қиямет күні Момындарға» (32-а),-деген емес пе?

-Иә, ол Күні сыйлық Мұсылмандарға ғана беріледі. Олар жазаға тартылмайды.

-Бірақ, Қияметтің қазір де жердің үстінде болып жатқанына келіспейсіз.

-Жоқ. Келіспеймін. Пайғамбарымыз Оның белгілерін айтқан.

Сол белгілер келмей, Ол болмайды. Болған күні Адам ғалейһи салам жаралған күннен бергі замандағы барлық адам тірілтіліп, машһарға жиналады.

-Онша адамды жер көтере ала ма?

-Алланың кереметімен көтереді,-деді. Дәлел сұрап едік, дәлелге де тек Алланың кереметімен көтеретінін айтты.

Алланың кереметінің күштілігіне біз де қарсы келмейміз. Бірақ, Алла әрбір нәрсені өлшеммен, мөлшермен жаратқанын, әр нәрсенің шегі барын ескерткен. Жердің көлемі – 1, 083 млрд. текше шақырым, ауданы – 510,2 млн. шаршы шақырым екен. Оның 361,1 млн. шаршы шақырымын су алып жатыр, 149,1 млн. шаршы шақырымы құрлық (ҚҰЭ 3-т. 648-50-б., ҚСЭ 4-т. 383-384-б). Бұдан тауларды, ормандарды, батпақтарды алып тастасақ, адамға қанша жер қалар екен? Біз Адамнан (ғ.с.) да, Нұхтан (ғ.с.) да емес, Мұхаммедтен (с.ғ.с.) бері қарай есептегеннің өзінде Қиямет күні тірілгендер жер бетіне сияра ма екен?

Статистика қазір жер жүзінде 7, 3 миллиард адам жасап жатыр дейді (2016 ж). Оған Құран түскеннен бергі он төрт ғасырдың адамын тірілтіп қоссақ, қаншаға барып жығылады? Әр адамға қанша шаршы метрден жер тиеді?...

Бұл да, бізге Қияметтің қиялдағысын емес, осы күнде өзімізбен бірге жасап жатқанын, өліп-тірілудің де Аяттарда айтылғандай тәсілде екенін көрсетеді.

«Әли Ғыман» сүресінің 55-аятын талдайық. «Сол уақытта Алла: «Әй, Иса! Мен – Сені Өз тарапыма көтеріп Алушымын әрі қарсы болғандардан Тазартушымын. **Саған ілескендерді Қияметке дейін қарсы болғандарға үстем қыламын.** Қайтар жерлерің – Мен жақ. Сонда таласқан нәрселеріңе үкім беремін», -деді», -деген. Осы Аяттан да Қияметтің жер бетінде, бір Пайғамбардың мерзімі түгесілгенде («Мүрсәлат» с. 11-а) орнығатынын ұғамыз. Алла Исаны (ғ.с.) Өзіне көтеріп алды. «... Саған ілескендерді **Қияметке дейін қарсы болғандарға үстем қыламын**», -деді. Егер ескі тәпсірлер бойынша Қиямет болған жоқ, әлі алдымызда десек, Алланың осы сөзі бойынша Исаның (ғ.с.) қауымы бүгінгі күнде де үстем болуға тиіс еді. Бірақ, олай емес. Исаның шынайы шәкірттерінен кейінгі избасарлары айныды, Аяттарды бұрмалады. Құранның Өзінде оларды адасқандар деп атады. Екіншіден, Мұхаммед әлі келмес еді; үшіншіден,

олардың діні дұрыс болса, осы сүренің: «**Алланың қасындағы шынайы дін – Ислам...**» (19-а), «**Кім Исламнан басқа дін іздесе, әсте қабыл етілмейді...**» (85-а), «**...Алладан шынайы қорқумен қорқындар да Мұсылман болған күйде өліндер**» (102-а),-деген Аяттар түспес еді. Мұхаммедтің де, бұл Аяттардың да келген себебі, Исаның (ғ.с.) қауымының Тура Жолдан ауғандығынан.

Бұл Аяттан Исаның (ғ.с.) қауымы азып, Қияметтің Мұхаммедтің (с.ғ.с.) келісімен Меккеде, жалпы араб жерінде, кейін басқа елдерде болғанын түсінеміз.

Келесі Аяттарға жүгінейік. Құран адамдар мен жындар үшін түсірілді. Онда Алланың жазасының тез жетіп келетіні ескертілген. «Әнбия» сүресінде: «**Адам баласының есеп көретін мезгілі таяды. Алайда, олар қаперсіз – бет бұруда**» (1-а және «Нәжім» с. 57-а),-дейді. Бұл, «Мәриям» сүресінің 84-аяты хабарлаған – нешеме жылдар бойы саналып келе жатқан күндердің санының толуға таялғанының хабары*.

Мекке мен Мәдина қалаларында және күллі араб түбегінде күнәлар мөлшері тым көтерілген еді. Мұхаммед (с.ғ.с.) 40 жасқа жетіп, Оған Пайғамбарлық қонған уақытта, санаулы күн толды. Ол жалғыз Алланы насихаттады. Мұсаның қауымының бұзауға ессіз құлағаны сияқты («Бақара» с. 93-а), көп құдайшылдықты бойларына сіңіріп алған арабтар да бұған келіспеді. Мұхаммедті (с.ғ.с.) Пайғамбар деп мойындамай қарсыласты. Есеп көрілетін сын сағаты басталды. Әділдік жеңгенше қаншалаған қырғынды бастарынан өткерді...

Ескі тәпсірлер сананы тұмшалап тастағандықтан, біздің бабаларымыз Аятты дер кезінде түсінбеді. Түсінгенде, елжанды Тақуалардан бірі елге орысшылық араласа бастаған 1731 жылдардан-ақ, «Фатиха» сүресінің 7-аятын айтып: «Есеп көретін мезгіліміз жақын қалған болар. Елде Құран Аяттарына қарсы амалдар көбейіп келеді. Қаперсіз болмайық», -деп, халықты құлақтандырар еді. Адамдар әділеттің сөзін сөйлеп, Шындықтың Жолымен жүрер еді. Сонда 1916 жылдың оқиғасынан да, 1929 жылдан басталған тәркілеуден, туған елінен лажсыз босу мен

* Қияметтің тездігін: «Әли Ғымран» с. (12), «Нахыл» с. (77), «Нәміл» с. (72), «Қамар» с. (50), «Нәбә» с. (4-5), «Зүмәр» (25) «Тәкәсүр» (3-4) сүрелерінің Аяттары хабарлаған.

ашаршылықтан, одан кейінгі репрессиядан, фашизм соғысынан Алланың Өзі сақтаған болар еді.

Ал: «Аталмыш Аятты («Әнбия» с. 1-а) бүгін қалай түсінеміз?»- дегенде, біз жаһанданудың көмейіне жұтылып бара жатқан ұятты арашалуды түсінуіміз керек. Ұят бар жерде алдымен, Имандылық салтанат құрады. Мәдениеттілік пен Рухани сауаттылық өз жолымен жақсы дамиды. Сонда адамзат, Ислам берген гуманизм мен демократия ғана шын мәніндегі гуманизм мен демократия екенін саналы түрде түсініп, Аллаға жақындайды. Бұл амал, алдын ала келіп тұрған хабарға – осы Аятқа («Әнбия» с. 1-а) Иман келтіргендік болады; Қияметтің алды алынған болып, Алланың қаһарын емес, Мейірімін, Рахымын шақырғандыққа жатады.

Егер бұл Аятты баяғылардың түсіндіруі бойынша ойласақ, УІ ғасырда-ақ, Оның тез келетіні хақындағы хабары («Әнбия» с. 1-а) жеткенімен, Оның жер бетінде болып өткені мойындалмай, тәубеге келу ескерілмей, Ол (Қиямет) әлі күтілуде. Тап кешегі: «...коммунизм құрамыз», деп қиялдарына сеніп, лағып, өтірік лепіріп өткен коммунистер сияқты. Міне, осы мойындамау мен тәубеге келмеу, халықтың Қияметті тануына кедергі болуда. Құранға күмәндандыруда.

Ал, енді осы Аятты, сол Күні бәрінді жинаймыз (30), деген және «Мүрсәлат» сүресінің жердің жүзін тірілерге де, өлілерге де жиналыс жері қылғаны туралы (25-26-а) хабарымен байланыстырып талдасақ, ел тарихынан, әлем халықтары тарихынан, Қияметтің жер үстінде болғанына дәлел көреміз. Тек Қазақ елінің тарихындағы ең белгілілерін атаған едік және еске алайық. Шыңғысханның ойраны, қалмақтардың шабуылы – «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама», арада өткен жұтшылық, орыс патшалығының, Қоқан хандығының озбырлықтары, 1916 жылғы көтеріліс, 1929-1948 жылдардың қасыреті, 1986 жылдың 16-18-желтоқсанының тақсыреті және кейінгі оқиғалар осы түйіндерімізді бекітеді.

Міне, осы дәйектер – біздің, Қиямет туралы түсінігімізге мүлде күрделі өзгеріс жасауымызға үлкен дәлел. Сенімді бекіте түсу үшін, айтпағымызды әрі жалғастырайық. «Нахыл» сүресінің 77-аятында: «Көктердегі және жердегі сыр Аллаға тән. **Қиямет сағаты кірпік қаққандай, тіпті, одан да жақынырақ.** Сөзсіз, Алла – әр нәрсеге күші толық Жетуші», - деген. Мұндағы:

«...кірпік қаққандай, тіпті одан да жақынырақ...», дегені, жердің бетінде, тіпті, өз өмірімізде, ойламаған жерден шашынды ағартатын – зарықтырып тік аяқта тұрғызатын, көңілсіз оқиғалардың кездесе қалатыны. «Нәміл» сүресінің 72-аяты мұны тастықтап, Мұхаммед (с.ғ.с.) «Оларға: **«Асығып тілеген азаптарыңның кейі, сендерді өкшелеп тұрған болуы мүмкін»**-де», -дейді. Ешкім өзіне жамандық тілемейді. Аятта: **«Асығып тілеген азаптарыңның...»**, деген. Сонда бұл қайдан келетін азап?-деген сұрақ туады. Бұған жауапты «Кеһф» сүресінің 55-аятынан аламыз. Онда: **«Қашан да Адам баласына Тура жетекші келсе, олардың Иман келтірулеріне және Раббыларынан жарылқау тілеулеріне кедергі болған нәрсе – бұрынғыларға келген апаттың өздеріне келуін немесе азаптың қарсы алдарына келуін тосулары»**. Яғни, «Басы ауырмағанның Құдаймен не ісі бар?»-дегендей, басымызға қайғы, қорқыныш, қауіп келмейінше, Алланы есімізге алмайтынымыз. Міне, осы алмайтынымыз – асығып тілегеніміз. Былайша айтқанда: «Қорқытатын қайғысы келсін, сосын есіме аламын, жалынамын», -деп, қайғы-қасыреттің келуін күту. Бұл, әрине – «Хаж» сүресі (47-а) ескерткен мыңжылдықты терең түсінбегендік пен тоқшылықты, тыныш заманда жүргесін, Қияметтің (қайғы, қасіреттің) ізімізде тақалып келіп тұрғанына жүректен ой бөлмейтініміз – «Қияметке дейін кім бар, кім жоқ?!»-деп, лақуалық етіп жүре беретініміз; өзімізден бұрынғылардың (1929-1948 жылдар аралығындағы азапты өмір) осындай қамсыздықтары себепті Әл-Қаһарға ұшырағанын ойламайтынымыз – Алланың үкімдерін орындап сақтанбайтынымыз. Аяттың: **«...апаттың келуін тосулары»**, дегені, осы – қамсыз жүретініміз.

Ал, қамдану – Алланы еске алу. Алланы еске алу, сәтсіздіктерде мүбәрак есімдерін атап жалыну ғана емес, «Ораза, намаз тоқтықта», -демекші, бас аман күнде, құлшылықта болу – көркем қарыздар беру.

«Шура» сүресінің 17-аятында: «Ол сондай Алла, Кітапты және өлшеуді Шындықпен түсірді. **Қайдан білесің? Қиямет жақын шығар»**», -дейді. Мұндағы «Кітап» – Қияметтің хабарын айтқан, қолымыздағы осы Құран, ал «өлшеу» – Қияметтің «Әли Ғымран», «Рағыз», «Нахыл», «Кеһф», «Мәриям», «Таһа», «Фатыр», «Фуссилат», «Шура», «Нұх» сүрелерінде айтылған

кешірімнің, кеңшіліктің, мұрсаның саны толған мерзімі. **«Қайдан білесің? ...жақын шығар»**, -деп отырғаны – Алланың санап отырған күні толған мезетте Қияметтің бола қалатыны.

Келесі Аятта: **«Оған сенбегендер асығыс тілейді. Сенгендер Одан үрейленіп, Оның Хақ екенін біледі. Сақ болындар! Ол мезгіл жайында тартысатындар, әлбетте, ұзақ адасуда»**, -десе, жоғарыда айтқанымыздай, «Нәбә» сүресінің 1-5-аяттары да Оның тез жетіп келетінін ескертеді. Бұған өз айналамыздан да, БАҚ-тардың хабарларынан да, тіпті, 2022 жылғы «Қаңтар оқиғасынан» зардап шеккендердің жағдайынан да нақты дәлелдерді көріп отырмыз. Тек ауырлық ететін амал – Қиямет туралы ескіден қалыптасқан түсінікті санадан ысырып тастау. Егер сол ескі түсінікті жеңсек, әлбетте, көп Шындыққа көз жеткеріп, Қияметтің қас қағымда келе қалатынынан сақтанып, жаңаша өмір сүре бастаймыз.

Ешбір тәпсірде отарлаудың, ашаршылықтың, соғыстың, жұттың кесірінен келген немесе қатты қателескен жеке адамның басынан өткен Қиямет пен Аяттарды байланыстырып, Қияметтің тездігін, осы жалғаншыда адамзатпен бірге жасап келе жатқанын сипаттап жазбаған. Жазса, Ислам мемлекеттері бүгінгідей жағдайға келмес еді – «Хаж» сүресінің 38-аятының бірінші сөйлеміне сай Алланың қамқорлығында болар еді...

Дәлелімізді жалғастырайық. Алла Тағала Құранда: **«Егер Шындық олардың көңілдері тартқан жаққа кетсе, әрине, көктер мен жер және онда болған әркім бұзылып кетер еді...»** («Мүминұн» с. 71-а), -дейді. Мұны біз тарихтан білеміз. Тек өзінің қарақан басының ғана рахатын көздейтін перғауын нәтті залымдарда мейірім, қайырым сезімі байлыққа ауып, адамзатты аяқасты етті. Сондықтан Алла езілген елді құтқару үшін, Елшілерін жіберді. Бұл өзі ғана үкім жүргізіп үйреніп қалған залымдарға ауырлық етті. Содан қарсылық туындап, қан төгіс, жан азаптану, босу, бір шаңырақтың мүшелерінің бір-біріне қарайласа алмауы, ашаршылық сияқты қасіреттер орнады.

Тарихтан алсақ, Ресейдегі 1917 жылғы қазан төңкерісі де, патша мен сол төңкеріске дейін ел басқарып келгендер үшін өз алдына бір Қиямет. Олар да Пайғамбарларға қарсы шыққан на-дандар сияқты, өз көңілдері қалағандай жасап жатқан заманын өзгерткісі келмеді. Қарсыласты. Қан төгілді. Әркім өз басын қорғаумен әлек болды...

Жеңіскер қоғам үшін болған 1918-21 жылғы соғыс, 1929-48 жылдардағы босу, ашаршылық пен репрессия, фашизмге қарсы соғыс – тарих куә болған Қиямет.

Құранның түгелденіп, адамзатқа түсірілген соңғы Кітап екеніне, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) соңғы Елші екеніне («Ахзап» с. 40-а) Иман келтірген Құл, мына Аяттарды оқи отырып, өмірде, тарихта, ғылымда дәлелденбеген қиялдағы түсінігінен арылып, Қияметтің нақ осы бүгінде өзімізбен қатар жүргеніне, бір замандастарымыздың басында тұрғанына күмәнданбайды.

«Тәкәсүр» сүресін талдасақ, баю үшін бәсекеге түскендер көзімізге елестейді. Олар Ақыретті тілінде айтып отырғанымен саудасында: өлшеуде, тартуда қиянатқа, сөзбен алдауға барады; затының бағасын өсіріп сатады; пайызға ақша береді (1-а). Өлім төсегіне келгенше, кейбірі өлгенше (2-а) осылай байлық үшін арпалысумен жүреді. Өстіп жүріп ауру тапқан біреуіне төсегінде, ауырмай бірден өлгеніне қабірінде тірілтіліп, азап беріледі – нығметтерден тергеледі (3-8-а).

Ол не нығмет? Алла оған сауаптар істеу үшін сауда жасау қабілетін, білімін және денсаулық пен дұрыс заман беріп еді. Ол олардың барлығын бәсеке үшін қайырсыз байлық пен нәпсісінің қалауына жұмсады. Сауап жоқ. Жасаған сауабы мен садақасын міндет етіп, мақтанып өзі жойып жіберді.

Енді тергеледі. Не айтар екен? Пайызға ақша бергені, «Бақара» сүресінің 275-аятында айтқандай, қабірінде жын ұрып тұрады; малын, үйін, мәшінін т.б. затын алдап сатқандар, таразыдан, тартудан жырмыштағандар, «Һұд» сүресінің 84-аятында ескерткендей: **«...тырп еткізбейтін Күннің азабын көреді»** (толығырақ 84-95-а). Ал, әділ сауда жасағандар, **«...(тартып, метрлеп) өлшеуді, таразыны кемітпегендер; расында, ...»** олар молшылық ішінде болады (84-а).

Қабірінде тік тұрғандар мен тартудан, өлшеуден кеміткендер, өз-өздеріне зиян қылып, дозаққа өз аяқтарымен барады. Бұл – олар үшін бастарына келген Қиямет.

Қияметтің өзімізбен қатар жасап жатқанына және бір дәлел келтірейік. Жүсіптің (ғ.с.) патшасы түсінде, жеті семіз сиырды, жеті арық сиырдың жеп жатқанын көрген еді. Бұл Шындығында – ашаршылық және одан құтылу Жолы екенін білдік. Сол сияқты «Нұр» сүресінің 19-аятында: «Расында, сондай, Момындардың

арасында, арсыздық жайылуын жақсы көргендерге дүние, Ақыретте күйзелтуші азап бар», - дейді. 24-25-аяттарында: «Қиямет күні оларға тілдері, қол-аяқтары не істегендеріне айғақ болады», «Сол күні Алла оларға лайықты жазасын толық береді. Сондай-ақ, рас, Алланың ашық Шындық екенін олар біледі», - деген. Осы үш Аятқа терең мән берсек, тілдің, қол мен аяқтың айғақ болатыны – бұл дүниеде, инсульт алып немесе әлде қандай апаттардан зардап шегіп: тілден қалу, аяқтың, қолдың жарамсыз болуы және біреулердің жарық дүниеден аман кетіп, күнінің саны («Мәриям» с. 84-а) көкте толып, кемістікпен туылуы; «...лайықты жазаның толық...» берілетіні – әрине, ауруға шалдыққан кәріптің қиналатыны; «...Алланың ашық Шындық екенін...» олардың білетіні – өздерін бұл хәлінен, Алладан басқа ешкім құтқара алмайтынына көздері жеткені. Алланың Мейірімінен, шапағатынан үміт еткені.

Егер жердегі мың жыл, Алланың алдындағы бір күн есебімен («Хаж» с. 47-а) пікірлесек, бұл үш Аяттың («Нұр» с. 19; 24-25-а) мағынасы, сәбилердің тағдырлармен туылуына да бір түсінік. Әйтпесе, өмірге енді келіп жатқан сәбидің, мұншалықты жаза аларындай не күнәсі бар еді?!...

Біз тағдыр деген – Алла белгілеген шектен өту (31) екенін білеміз. Алла Өзінің кеңшілік беріп, белгілеген күнінің саны («Мәриям» с. 84-а) толғанда шара көретінін ескерткен. Мәселен, жүйрік мәшінмен құстай ұшып жүреміз (32). Ешқандай апатқа ұшырамаймыз. Бұл – Алланың Өзінің уақыт белгілеп, мәшіннің жылдамдығынан Алланың сыйлығының не жазасының жылдамдығы жедел екенін ойлап, тәубеге келгенше күн санауы. Сол күні, (бәлкім, бірнеше жылдар болар), есебі толған күні, тиесілі шара көріледі.

Физикада миллиметрдің, химияда миллиграмның маңызы өте үлкен екенін білеміз. Осы заңдылықты жаратқан Алланың үкімі де солай – өзің жасаған, тозаңның салмағындай жақсылық, өзіңе жақсылығын әкеледі; өз қолыңмен өзің істеген, тозаңның салмағындай жамандық, басыңа қасірет болып оралады (33). Әрине, барлығының уақыты бар. Және жақсылық пен жамандық теңестіріледі («Фурқан» с. 70-а). Тез кешірім сұрау мен тез садақа беріп, тәубе жасаудың маңызы – осы.

Біз үлкен және кіші Қиямет жәйлі тақырыбымызда, адамдардың Алланың алдына топ-топ болып және жеке-жеке баратынын айттық. Біздің еліміз бұл екеуін де 1986 жылы 16-желтоқсан – ұлт азаттық көтерілісі кезінде көрді. Әділетсіз – зорлықшыл үкімет, көптеген қаһарман студенттер мен жұмысшы жастарды, қызметтегі Азаматтарды топтап қамады. Кейін Қайрат Рысқұлбеков және басқа Ержүрек Отаншыл жастарды жеке-жеке азаптады.

Міне, осы тағдырлардан да біз: **«Ол Күні біреуге біреу қарайласуға еш нәрсе қолдан келмейді...»**,-деген, «Ынфитар» сүресінің 19-аятының, **«...ешбір әке баласы тарапынан бодау төлемейтін сондай-ақ, ешбір бала әкесі тарапынан түк бермейтінін...»** айтқан «Лұқман» сүресінің 33-аятының, **«Дос достың ахуалын сұрамайды»**,-деген, «Мағарыж» сүресінің 10-аятының Шындығын көрдік. (34). Халық бір-біріне жәрдем бергісі келді; әке баласын, баласы әкесін арашалауға ниеттенді; достар достарының хәлін сұраға ықыластанды, бірақ, зұлым күш жол бермеді.

Міне, бұл да елімізде Қияметтің болғанына бір дәлел.

Екіншіден, бұл Қияметтің осындай да түрі барын сипаттап отыр.

Жұрт камалып кеткен бір шенеунікті: «Ол мешітке жиі баратын еді. Садақа беретін. Жұма намазынан қалмайтын. Жылы мәмлелі еді...»,-дейді. Уәдесіне берік Алла Тағала «Хаж» сүресінің 38-аятында, Иман келтіргендерді қорғайтынын, қасарысып, қырсыққандарды жек көретінін ескертсе, «Бақара» сүресінің 177-аятын: «Жүзінді шығысқа, батысқа қарату бір игілік емес...»,-деп бастап, шыншыл, Тақуа адамның қандай болатынын тізіп айтады. Бәлкім, ол шенеунік, халыққа Құдайшыл болып көрініп, «Бақара» сүресінің 14-аятында ескерткендей, оңашасында шайтанымен сырласып, ұрлығын жасап, осы сүренің 9-аятында айтқандай, өзін өзі алдап жүрген болар. Сол алаяқтығы үшін де енді Қиямет оның басына келді: ешкім ара түсіп құтқара алмайды, байлығы, лауазымы, даңқ-дәрежесі, балалары, көп ағайындылығы пайда бермейді (35).

Қалай болғанда да әділдікті алдымен Алла айтады, сонан кейін ғана дүнияуи амал пайда болып, сот үкім шығарады.

Сондықтан Құран түскен. Сол үшін, аяқты Аяттар сілтеген Жолмен басу керек...

Халқымыздың: «Қиямет әркімнің басында», «Әркім қылса өзіне», «Әркім өзі үшін жауап береді», «Қырық жыл Қиямет болса да ажалды ғана өледі», «Жалғыздың жары – Құдай», «Атадан алтау тусаң да бір басында жалғыздық», - деген секілді Аяттар мен хадистер негізінде жүректен айтылған мақал-мәтелдері бар. Бұлар Қияметте жеке бастың сынға түсетінін аңлатады. Егер әркім өзін түзесе («Мәида» с. 105-а) – басына Қиямет келудің алдын алып, сақ жүрсе, әлем тыныш болады. Береке, бірлік салтанат құрады.

Біз алыссынатын, білмегендіктен сене алмай жүрген Қиямет жер бетінде болып жатыр. Әлемді аузына қаратқан, даңқты әнші Құдайберген Димаштың «Бір аспан» атты әнінің түсірілімі – тарихи деректерден алынған нағыз Қиямет. Қияметті анық білгісі келгендер қайта қарасын.

Күн шуақты жерде ірі қараның жалғыз, майлы қабырғасы жатыр. Шымалы біткен үймелеген. Қабырғаны көтеріп алғанда, бір топ шымалы бірге кетті де, бір тобы жерде, қайда барарын білмей, қаңғалап қалды. Дәл осы сияқты Алла нығыметтерінің бірін алып қойса, сол нығыметтердің шәрапатымен еркін жасап жатқан қамсыздар әлгі шымалылардай әбіржиді. Бұл – оларға келген Қиямет.

Әбіржімеу үшін Оның бұл жалғаншыда болатынын мойындап, Ол Күннің азабы келмей тұрып, Ол Күнде әркім өзі үшін жауап беретініне сеніп, Аллаға көркем қарыздар беріп (36), Алланың, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Жолымен ғана жүру керек. Бұл – таза Иманның ісі, Ақылдың жемісі.

Алланың айтқанымен жүру – Ақыреттік сыйлыққа жетудің кепілі.

Қиямет, астарлы Аяттар және Қиямет жәйлі хадистер

Аңыздағы Қиямет құлаққа сіңіп қалғандықтан, біз Оны мүлде басқаша түсінеміз. Және ұзақсынамыз. Әрі жер бетінде болғанын есітпегесін, сенімімізден күмәніміз басым түсіп, қаперсіз, қамсыз жүреміз.

Қаперсіз, қамсыз жүруіміз – Оның өзімізбен бірге жасап келе жатқанын, Алланың Рахымына паналамасақ (37), аяқастынан мертікпін дегендіктен (38)*.

Қиямет деген – былайша айтқанда, басыңды шыршуға салатын бәле, деген сөз. «Инсан» сүресінде: **«Әрине, қарсы келушілер үшін шынжырлар, боғаулар және жалындаған дозақ әзірледік»** (4-а),-деген. Мұндағы «шынжырлардың» бір мағынасы**, бәлкім, пенденің жолы болмаушылық, ешбір таллабына сәттілік кездеспейтін жағдайлар; бұл көбіне Аллаға емес, өзінің ойына («Жүніс» с. 36-а), Алладан өзге әлде неге сенгендердің басында болады. Бұған: **«...оны 70 құлаш шынжырмен матандар»** («Хаққа» с. 32-а),-деген Аят дәлел. Біреулер 70 жыл жасап қиыншылықта өмір сүреді. **«...70 құлаш шынжыр...»** осы – ауыр азапты тұрмыс, тіршіліктер (39)...

Ол қандай қаһарымен келмесін, жақсылар үшін жер бетіндегі тіршілік жалғаса береді. Қияметтің біз айтқандай екеніне төмендегі талдағалы отырған Аяттар мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Мен Қияметпен бірге былай жіберілдім»,-деген және «Қиямет күні болғанда, біреуіңнің қолыңда, бір көшет болса, отырғызсын (ексін)»,-деген және сахабаларына: «...қойларыңды айдап тауға кетіндер...»,-деген, хадистері де дәлел.

Енді Алланың Өзінен жәрдем сұрап, Алланың көмегімен бірнеше Аяттар мен хадистерді талдайық.

Алла Тағала Қияметтің қаһарының қаттылығын көбіне астарлап хабарлаған. Сол үшін Қияметке байланысты Аяттарды және кейбір хадистерді түсінерде Алланың сүбути сипаттары мен түс жору әдістеріне сүйенеміз және оларды өмір Шындығымен байланыстыру әдісін қолданамыз.

* Аяқ астынан ата-ана мен бауырдан айырылудай қайғы-қасыретке, алаяқтарға алданудай орны толмас өкініштерге тап болатынымызды; автоапатты, өрт қасыреті, Арыс оқиғасы (2019 ж), Қызылағаш, Мақтаралдағы сияқты топан су келіп қалуы, «Қаңтар оқиғасы» (2022 ж) жүз беретінін білмегендіктен қамсыз жүреміз.

** Шынжырдың екінші мағынасы, Алланың қарғысына ұшырағандарға тиесілі («Мәида» с. 60-61-а). Өмірде пілді, бағымдағы өгізді, қабаған итті шынжырмен байлайды.

Біз Қияметтің мезгілі не үшін анық айтылмағанын Аяттармен дәлелдеп көрсеттік. Талдағалы отырған астарлы Аяттардың құпиясын да Аяттар арқылы ашамыз.

«Шура» сүресінің 45-аятында: «Олар дозаққа төндірілгенде, **қорлықтан сүмірейіп, жасырын көз құйрығымен қарағанын көресің...**», - деген.

«Назиғат» сүресінің 9-аятында: «**Көздер төмен қарайды**», - дейді. Бұл – екі Аят та жеке адамның істеп жүрген ісінің (амалының) дұрыс-бұрыстығына мән бермеген, бірақ, шегіне жеткен күні Алланың жазасына ұшыраған, ұяты бар бір пенденің, сыйлы адамдарының арасында немесе балаларының алдында қатты ұятқа қалуымен (41) мағыналас көріністің суреттелуі.

Жасы 70-ке келсе де үкімет беріп отырған зейнетақыға қанағат етпей, өзінің меншікті көлігімен таксишілік етіп жүрген қарт, қарсысындағы мәшінге өзі келіп соққан...

Баласы мен келіні: «Өзіңіз аман қалдыңыз, осыған шүкір, ренжімеңіз!» - деп, үйде отырғысы келмейтін әкесінің әңгімесін түсініп, баласы өзі мініп жүрген жаңа мәшінін берген. Арадан үш ай өтпей мұны да соқты...

Осы жолы қарт маған көкүнімен хабарласып, саяжайына шақырды. Бардым, өкінішін айтып жылады. Үйіне барғысы келмейтінін, барғанмен баласы мен келінінің көзіне қарауға үзданы шыдамайтынын айтып, еңкілдеп тұрып егілді...

Менің ойыма «Шура», «Назиғат» сүрелерінің осы – 45; 9-аяттары түсті.

Елде: «Баланың өзін туғанмен мінезін тумайсың ғой!» - деген мақал бар. Бір намысшыл жандар, ұлының не қызының жаман қылығы әшкере болғанда апталап, тіпті, айлап үйінен шыға алмай қалған еді. Қызы некесіз екіқабат болып қалғанын сезгенде, ел білмесін, деп, жылы орнын суытып, қызметін, қонысы мен туыстарын қиып, көшіп кеткендерді де естігенбіз. Бұл осы 9-аяттың («Назиғат» с.) өмірдегі бір дәлелі. Аяттар көп мағына береді. Ұры, зинақор, парақор, сатқын т.б. қылмыскерлер де тергеуге түскенде елден (ұяты бары), жүзін жасырып, төмен қарайды немесе көзінің қиығымен қарайды.

«Іншиқақ» сүресінде, есеп дәптері оңынан берілген Құлын айтып: «**Ол үйіне қуанып қайтады**», - дейді. Біз: «Құранда ескертілгендей, аспан еріген кен сияқты болса, таулар түтілген

жүндей болса, өлгендер қабырдан шығып жатса; аңызда айтылғандай тіршілік атаулы тоқтаған болса, үйіне қуанып келгені қалай?...»-деп, таң қаламыз. Негізі бұл, нәубетке түсіп не жала жабылып екіталай тағдырға кезіккенде Рахман-Рахымның төрелігімен (42) әділдікке жетіп, бәледен басын ашықтап (сотта ақталып) қуанып үйіне оралған жағдайды түсіндіріп тұр.

Келесі Аяттарда: **«Ал және кімнің дәптері арт жағынан берілсе;» «Сонда ол дереу өлім шақырады»**,- дейді. Ол тозақтан қашып өлім шақырады ма? Өлгендер тірілтіріліп қабырларынан шығып жатқанда мұның өлім шақырғаны қалай? Алла дәптерін артынан беріп тұрғанда, оның тілегіне өлім келе қоя ма? Оның өзі тек Алланың үкімімен болады емес пе?... Демек, бұл Аяттың мағынасы да ұждан мен жан қиналған шақтағы қатты күйзелісті жай-күйді байқатады. Расында, қатты ұялыс тапқан ұждандылардың өле қалғысы келетіні болады. Бұл – олар үшін Қиямет – Тік тұру; біреулердің миына қан құйылып, біреулердің жүрегі ауырып, біреулердің өзіне өзі қол жұмсап жататыны осы шақ. Ұждан азабы – Қиямет күнінің азабы.

«Хаж» сүресінің 22-аятында: **«Қашан олар дозақтың бейнегінен шығуды қаласа, оған қайта итеріледі де: «Жандырушы азаптың дәмін татындар!»**-(делінеді)»,- дейді. Алланы ескермей, Алла белгі берсе де қайырылмай жүретін біреу құмар ойнайтын, арақ та ішетін. Алланың белгілеген мерзімі шегіне жеткенде бұл, шайтанға алданып, құмарға барын салып тауысты. Оған күйініп арақтың ізіне түсті. Жұмыстан қуылды, жанұясынан айырылды... Үй балалары мен әйеліне берілді. Жаны қинала бастады. Енді тәубесіне келейін десе, мойнындағы шайтан жібермейді. Сабыр ете алмай, ұрлыққа ұрынып, жазаға тартылды. Одан да түзеліп шықпады... Қайта қамалды... Соңында қалжырап, әлден кетті. Ешбір жұмысқа, тіпті ұрлыққа да жарамады. Өлім тілейді, ол болмайды. Өзінше өлмекке әрекет етті, ол да қолынан келмеді... (43).

Міне, осы – Ақырет, міне осы – Қиямет!

Қиямет туралы түсінігіміз тайыз болғандықтан, бұларды Қиямет деп қабылдамаймыз. Құран оқып, Ғылым ізденіп, Қияметтің мағынасын түсінудің орнына, нәпсіміздің жайын көбірек ойлайтындығымыздан, жүректі бақылдық пен

қайырсыздық билеп, өз басын күйттеушілік алда тұрғандықтан, бұларға сыртқы көзбен қарап: «Өзім болсам қайтер едім?»-дегендей сұрақпен көңіл бөлмейміз.

Қазақта: «Іші өткеннің өзі ғана біледі»,-деген мақал бар. Сондай-ақ, қайғының Қиямет екенін басынан өткергеннен артық ешкім білмейді. Мұқағали ақынның:

Өмір жәйлі сұрай берме, сен менен,
Өмірді мен әлі зерттеп көрмеп ем.
Өмір жәйлі білгің келсе, қартқа бар,
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.
Жесір келін бір нәресте көрмеген,
Жетім шалды бала орнына тербеген.

Өмір жәйлі не түсінем мен деген...
Өмір жәйлі сұрай берме, сен менен.
Өмір жәйлі білгің келсе, қартқа бар,
Өміріне кегі кеткен өлмеген.
Жалған айып тағылғанда көлденең,
Ақиқаттың аппақ туын бермеген.

Содан сұра, содан сұра өмірді,
Нені көрді, нені сезді не білді?
Неге ақылды ақымақтан жеңіл,
Біреу жылап, біреу неге көңілді?-деуі – қайғының Қиямет екенінің жауабы. Мұқағали – Алла жүрегіне Нұр – Ғылым салған кемеңгер.

«Ібраһим» сүресінің 16-17-аяттарында: **«Оларға оның артынан дозақ бар. Және іріңнің суы ішкізіледі». «Оны жұтуға тырысады, тамағынан өткізе алмайды. Сондай-ақ, оған әр тараптан өлім келеді. Ол өле алмайды. Тағы оның артынан ауыр азап келеді»**,-деген.

Іріңнің суы ішкізілетіні – қорқыныштан тамаққа тәбеті болмай, зорлап тамақтанатыны. Ол бойына жұқпайды, күш-қуат бермейді, сусын ретінде шөл баспайды.

«Текуир» сүресінің 8-10-аятын да талдап өтейік. Онда: **«Тірі көмілген қыздар сұралған сәтте», «Қай күнәмен өлтірілді?» «Дәптерлер ашылған сәтте»**,-деген. Қыздарды тірілей көму – Ислам діні, яғни, Мұхаммедке (с.ғ.с.) Пайғамбарлық келген-

ге дейінгі арабтарда болған надандық еді. Олардың Иманға келгені, Құран бойынша кешірілді. Ал, Мұхаммедке (с.ғ.с.) ермегендері, қартайып күштен қайтқан не ауырып өлім төсегінде жатқанда, дәптерлері ашылып, Алла олардың өткенін есіне салады. Сондағы шырылдаған қызы көз алдына елестейді. Шошып ұзданы қиналады. Ұмытқысы келеді, ұмыта алмайды. Қалай қылса да қайта-қайта есіне түседі. Ұйықтайын десе, көзіне көрініп, есеңгіреп, аласұрып, тұрып отырады...

Өстіп, ұйықтап тыныға алмайды. Ауру үстіне ауру жамала береді. Сөйтіп азаппен өледі. Бұл надандық бүгінгі жас әйелдер арасында қайталануда. Арабтар қызы туылғаннан кейін, әйелінің қыз туғанын намыс көріп, қызын тірілей көмсе, бүгінгі – ХХІ ғасырдағы надан әйелдер нәпсісі... үшін жүкті болып, ойындағысы орындалмағасын, баласын туып далаға тастап кетіп жатыр. Күн мен айдың айналыста тұрғаны секілді, адамзаттағы надандық та заманына қарай қайталанып тұр.

Тепе теңдікті ұстаушы Алла бұларды да жазасыз қалдырмайды. Ойына сеніп, некесіз – зина жасаған күнәсі өз алдына, баласын қоқысқа не әжетханаға тастауы, мәшінде келе жатып туып, далаға лақтырып тастап кеткен әрекеттері қартайған шағында, ауруға шалдыққанда көз алдына келіп, шыбын жанды азаптайды, өкіндіреді, жылатады. Тіптен, жынды ауруға шалдықтырады...

Енді бағанағы «Қиялдағы және хадистегі Қиямет» деген тақырыпта дәлелге келтірілген мақаладағы хадистерді таратайық. Мақаладағы 1-дәлел, Қияметтің Мұхаммедпен (с.ғ.с.) келгені еді. Ол – Шындық. Бұған таудың ұшатынын айтқан «Мүрсәлат» сүресінің: «Жұлдыздар сөнген сәтте», «Көк жарылғанда», «Таулар үгітіліп, ұшырылғанда», «Пайғамбарлардың уақыты жеткен кезде», -деген 8-11-аяттары; таудың түтілген жүндей болатынын хабарлаған «Мағарыж» сүресінің 8-9-аяттары мен аттылы соғыс жайын суреттеп түсіндірген «Ғадят» сүресінің 1-5-аяттары дәлел.

Ал, қалған: дажжал, даббатул арз, Исаның (ғ.с.) көктен түсуі, шығыстағы бір жердің шөгуі, батыстағы бір жердің шөгуі, араб түбегіндегі бір жердің шөгуі, Йеменнің Аден жазығынан бір оттың шығатыны, ол жер бетін өртеп, адамдарды маһшарға жинайтын белгілері Құранда жоқ. Хадистер Аяттармен байланысты болады. Мұхаммед (с.ғ.с.) өзінен шығарып не Аят, не

Аятқа сәйкеспейтін хадис айтпаған. Мұны Құран былай бекітеді: «Сондай-ақ, оларға Аяттарымыз ашық дәлел түрінде оқылған кезде, ...**Бізге кездесуді үміт етпегендер: «Бұдан басқа бір Құран келтір немесе мұны ауыстыр!»**»-деді. (Мұхаммед с.ғ.с.): **«Оны өз тарапымнан өзгертуіме болмайды. Мен өзіме уахи етілгенге ғана еремін. Расында, мен Раббыма қарсы келсем, Ұлы Күннің азабынан қорқамын»**-...» («Жүніс» с. 15-а),-дейді.

Демек, Қияметке байланысты хадистердің Аяттармен үйлеспейтіндері ойдан шығарылған. Сонда да хадистерде айтылған белгілерге тоқтала кетейік. Бұл белгілер қашанда болған және болып та жатыр. «Һұд» сүресінің 116-аяты ескерткендей, бұзықтық ешқашан жойылмайды. Себебі, Алла дозақ үшін де адамдар жаратқан. Сондықтан адамзат әлсіз әрі нашүкір, сабырсыз, жоқ жерден өздеріне қиындық шығарып алады, елге кесірін тигізеді. Олар қашанда көп («Бақара» с. 83; 88-а).

2-3-белгісінде айтылған әйелдердің саны, күллі адамзат тарихында көп болған, бүгінгі есепте де олар көп;

4-белгі – аманаттың – қызметтің өз маманына берілмегені деген, ол да бұрыннан бар, бүгінде солай – Ислам діні насихатының Шындықтан алыстығы, шенеуніктердің абройсызданатыны, қайсы біреулерінің қамалатыны содан; (қызметтің, лауазымның аманат болатыны, «Әнғам» сүресінің 165-аятының ескертуі бойынша уақытынша және сынаққа беріледі. Ақылдылар оның аманат екенін біліп, оған адалдық етеді);

5-белгі – көп қабатты үйлердің салынуы, өз маманы емес кісілердің сөз сөйлеуі мен билік етуі – бұл да бұрыннан бар және 1948 жылдан бері адамдар тоқшылықта, бейбітшілікте өмір сүруде, мұндай жағдайдағы адамдар арасында бәсеке шартты түрде жүреді, өмірде бәсеке болмаса, ілгерілеу болмайды; мұнда да шүкірсіз біреулер азап көреді...;

6-белгі – адам өлтіру, ол Адамның (с.ғ.) баласы Қабылдан басталған, адам баласының бүкіл тарихында болып келген, бүгінде жалғасып келеді;

7-белгі – жалаңаяқ, жалшы және кедей шопандардың үй салуда жарысуы, депті, бұл 5-белгімен жатырлас белгі екен, әрбір әділетті, халықшыл патшалардың заманында шопандар мен жалаңаяқ, жалаңаштар әлуеттеніп, дәулет жинап, өзі қалағандай үйлер салған, бүгінгі шопандар да сол дәрежеде, ешкім замандасынан кейін қалғысы келмейді;

8-белгі – жалған пайғамбарлар, дәжжалдар деген. Жалған пайғамбарлар Әзіреті Әлидің (ғ.с.) заманынан бері бар, дәжжал бүгінгі – теледидар;

9-белгі – зілзәлә, жыл сайын талай елде болуда;

10-белгі – бүліктер де жер бетінде тоқтаған емес, күн сайын, күнара әлем елдерінде болып тұр;

11-белгі, 6-белгімен бір – жөнсіз жерде адам өлтіру деген, бұл да ешқашан жойылған емес.

Бұл белгілерге қарасақ, Қиямет күн сайын жер бетінде болып жатыр.

Хадисте айтылатын дәжжал Құранда айтылмаған. Біз осыны сөз еткен жерде, бір діндарлар: «...дәжжал» деген – адам...», -деп бізбен тайталасты. Алладан бұйрық болмай, ешкім әлемді жаулай алмайды. Біз Құрандағы және тарихтағы Ескендір Зұлқарнайынды жақсы білеміз. Ол да тек Имандылық Жолынан шыққан елдерді ғана жаулап, олардың есіне жалғыз Алланы салды, арсыздықты жаюшы яжуж-мәжужды құртты. Бұл – Алла қалаған, елді Алланың Жолына бастаған қолбасшы. Ал, Алла туралы, Имандылық жәйлі шын сөз айтпайтын, жер бетіне бұзықтық жайылуы үшін дүниеге келіп өтірік айтатын дәжжал қалай адам болып келмек?! Құранды Шындықпен, ап-ашық Аяттармен түсірген Алла оны Құлдарынан жасырмас еді. Ол адам болып келген күнде де Алла Өзін және Өзінің Жолын жоққа шығарушыға әлемді жаулайтындай ерік бере ме екен?!

Біз: «Мейірімді Алла Құлдарына опасыздық етпейді. Құранда тек өзімізде және әлемде тастығы бар нәрселерді ғана хабарлаған. Құпия ештеңе жоқ. **«Бұл Құран – бүкіл әлем үшін бір насихат. Әлбетте, Оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер»** («Сад» с. 87-88-а),-деген. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) заманында дәлелі болмаған теледидар, яжуж-мәжуж ғылымы дамыған біздің заманда өмірге келіп тұр. Бұнда ақпараттар мен концерттер, табиғатқа байланысты түсірілімдер, ғылыми көрсетулер ғана болмаса, бір тәулікте көрсететін дүниелерінің үлкен пайызы өтірікке құрылған: кинолар, сериалдар, жарнамалар, әншілер түсіп жүрген бейнетүсірілімдер...», -деп дәлелдер айтқанымызбен, олар келіспеді. Өз түсініктерінде қалды.

Теледидарға дейін оттың басындағы бос сағаттарда ата не әже, олар болмаса, әке не аға Құраннан, хадистерден, өткеннен тағлымды өсиеттер айтатын, дастандар мен жырлардан оқитын, ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрді уағыздайтын, өнегелі әңгімелер айтатын. Балаларын, қыздарын жақсылыққа үгіттеп, жамандықтан қайтарып отыратын.

XX ғасырдың елуінші жылдарынан кейін, төрдегі атаның орнына теледидар «отырды». Алдымен қызықты болатын. Иә, кезкелген бұзушы, пейілінің кіріспесін, қызықты, тамаша, әсерлі нәрселермен бастайды. Теледидар да солай болды. Өте мәдениетті (1987 жылға дейін) еді. Кеңес үкіметінің идеологиясын насихаттаған ол (күдайсыздар қоғамы болса да) Құран тиым салған нәрселерді көрсетпейтін. Екі ғана арна бар еді. Олар түнгі сағат 23-ке дейін ғана ақпарат, концерт, ғылыми тақырыптар, ұлылар өмірінен өнеге, хайуанаттар әлемін, т.б. және шартты түрде екі-үш көркем фильм көрсететін.

1987 жылы КСРО патшасы Горбачев деген демократия, шаруашылық есеп дегендерді шығарды. Теледидардың еркі өзіне тиді... Ақша түсіру үшін неше түрлі жарнамалар шығарылды. Ашық көрсетілуі мүмкін болмаған өтірік кино деген қаптап кетті. Баяғы ата насихат айтатын қасиетті мектеп жабылды.

Мұсылман әйел жұрты, ата жол мен Аяттар ескертуін санасынан ысырып тастап, ғаиридіндерге еріп бетіне кетті. Қазір ғаламтор шықты. Бұл – Құранда айтылған, нағыз яжуж-мәжуж. Үлкендер аса біле бермес, бірақ, жастар үшін өте қауіпті. Мұның өнімдері сақтанбаған елді баяғы Лұттың, Һұдтың қауымының жолына салады...

Яжуж-мәжуж – «Кейф» сүресінің 94-97-аяттарында айтылған бұзақылар. Мұны да Жүсіптің (ғ.с.) түс жорығанындай тәсілмен түсінеміз.

Аяттағы олардың әр төбеден асып келе беретіні – олардың арам түсірілімдеріне бір мемлекет тиым салғанымен, көрші мемлекеттерде шектеу қойылмайды. Ел солардағы бұзықтықты көріп, бәрібір бұзықтықтан тиыла алмайды.

Аяттарда Зұлқарнайын екі таудың арасына балқытылған мыстан бөгет жасағаны айтылған. Тау – билік. Ал, ортасына мыстан бөгет жасауы – Ақсақалшылық, төрелік (45) қызмет.

Бұл – бұзықтықтарға қарсы көрші мемлекеттермен біргелікте күресуі деген сөз. Имандылар мен ғалымдар халыққа қаншалықты

пайдалы кеңестер айтып отырғанымен, Президенттер бірігіп, бұзық көрсетілімдер мен мәдениетсіз жарнамаларға, хабарларға қарсы оң шешім қабылдамайынша теледидар мен ғаламтордағы бұзықтар – яжуж-мәжуждер өздерінің арам «мәдениеттерін» артық көрсетіп елді бұзып отыра береді, қылмыс тиылмайды.

Бұларға бірден бір дәлел, алдыменен Қиямет Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге келгенмен, яжуж-мәжуж келген жоқ. Бірақ, Расулалладан (с.ғ.с.) бұрын түрлі ұятсыздықтар мен жауыздықтар бар еді, Ол оны жойды; екінші дәлел, археология ғылымы зерттемеген тау қалмады. Неше мың жылдық құпияларды ашып жатыр. Қарғысқа ұшыраған перғауынның денесіне дейін қолға алды. Бірақ, әлі күнге дейін екі таудың ортасына құйылған мысты тапқан жоқ. Демек, ол жоқ, ол – өсек-аяң таратушы құралдарды (яжуж-мәжуж – ғаламтор) жою хақындағы, мемлекеттер арасындағы келісім-шарт.

Ал, Зұлқарнайын құйған мыстың Қияметке дейін тұратыны, сол елдердің тоқшылық пен тыныштықтан масайрап, қайта бұзылған заманында, сол яжуж-мәжужды тізгіндеген патшалардың келісімінің күшінен айырылатыны. Өсек-аяңның, түрлі бұзықтықтардың, арамдықтардың қайта қаптайтыны.

Қазіргі саясатта халықаралық конвенция деген құжат бар. Бұған қосылған мемлекеттер демократиялы мемлекет, деп есептеліп, дүние жүзілік мәселелерге араласа алады. Міне осы конвенция, «**екі таудың**» ортасындағы Зұлқарнайын «**құйған мыс тоғанды**» бұзды. Бұл бұзу – Имандылыққа қарсы күрес деген сөз...

Иә, әркім өзі үшін жауап береді – біреудің кінәсін біреу көтермейді. Алла дозақ үшін де адамдар жаратқан (46). Сондықтан біз, Құранға мықтап жабысып, Алланың Тура Жолынан айырылмайық (47). Бұл яжуж-мажуждің әлеметі Патшаларды шошытқанша, Алла белгілеген уақыт бар («Әли Ғымран» с. 178-а). Біз оны күтпейік. Салтанат құрып тұрған дажжал мен яжуж-мажуждың кесірінен, азғыруынан сақтанайық. Бұл – Тақуалығымыз болады.

«Нәміл» сүресінің 82-аятында: «**Оларға айтылған бастарына келген кезде, олар үшін жерден бір хайуан шығарамыз да ол, оларға адамдардың Аяттарымызға мүлде сенбегендіктерін айтады**», - деген. Бұл Аятты да Алланың субути сипатымен түсінеміз. Алла Адамды топырақтан жаратты. Құрандағы жер –

халық («Мүззәммил» с. 14-а). Жер арқылы адамдар, сондай-ақ, күллі тірі жандардың барлығы азықтанады. Осы дәйектерге сүйеніп отырып топшыласақ, Аяттағы хайуан – жұт.

Тарихта жұтшылықтың болғаны рас. Құранда «Жүсіп» сүресінде (43-48-а) жұт хақында айтылған.

Жұт келіп аштықтан азап көрген халық Аллаға жалынады; Аяттарда Қияметтің хабары берілгенін, бірақ, өздерінің: «Сол жаққа барып көріп келген кім бар екен?!» «Қияметке дейін кім бар, кім жоқ?!», «Дінде орта жолда болу керек», «Өмір бір-ақ рет беріледі, жасап қалу керек», «Алпысқа дейінгі барлық күнә кешіріледі»-деп сәуегөйлік еткендерін естеріне алады. Тәубесіне келеді. Бірақ, онысынан оларға пайда жоқ.

Жерден шығатын хайуан – жұт екеніне келіспеген жан, Мұхаммедпен (с.ғ.с.) Қияметтің бірге келгені хақындағы хадисті есіне алсын. Таулар ұшпаған, жерден хайуан шықпаған. «Ол жұт емес, шынымен төрт аяқты, жаны бар, сөйлейтін хайуан шығады», -дегендер, сол хайуанды көрдім деген сахабаны айтсыншы! Яғни, таулар түтілген жүндей болады («Қарифа» с. 5-а), таулар ұшады, таулар теп-тегіс болады (48), деген Аяттардағыдай, бір таудың ұшқанын көрдік, мынандай бір тау бар еді. Ол ұшып орны теп-тегіс болып қалды, деген сахабаның есімін атасыншы! Жоқ – ондай дәлел жоқ!

Ал, жұттың, алапат өрттердің, үлкен балдық жер қозғалыстарының, қырғын соғыстардың тарихта болғаны – Шындық.

Австралияда 2019 жылдың қазанынан алапат өрт басталды. 2020 жылдың қаңтарында да жалғасып жатты. Мұны зерттеушілер күннің қатты ысуынан деді. Алапат өрт алты мың гектар жасыл алқапты, орманды жоқ қылды. Ағаштардың сорайып діндері қалды.

100 тұрғын үй мен 200-дей фермер қожылығы өрт құрбанына айналды. Бірнеше мыңдағы (бір деректе 5000-дай деген) хайуан қырылды. Міне, осы қара күйеге оранған жер, қап-қара болып қалған ағаш діндері, хайуанаттардың өлігі, мән берген кісіге: **«...адамдардың Аяттарға мүлде сенбегендігін»** айтқан жерден шыққан хайуанның көрінісі.

Хадисте оттың шығатыны айтылған. Құранда бұл туралы хабар берілмеген...

Аспанның қақ айырылуы – Алланың бұйыруымен күнәкарға найзағайдың түсуі («Рағыз» с. 13-а). Мұны «Тақуалыққа бастар Жол» атты еңбегімізде айттық. Бұл аспанның қақ айырлуына меориттердің жаууы, тағы бір жора, соғыс кездерінде ұшақтардың аспаннан жанып түсуі, аспаннан жарылғыштар тасталуы, бірнеше шақырым алыстағы отатқыштардан оттың түсуі. Осылардың бірі болғанда адамзат: «Немене аспанның есігі ашылып кетті ме?!» Я: «Аспан қақ айырылды ма?!»-деп налиды.

Аспанның еріген кендей болуы – аспанға бұлт келмей, жел болмай, күннің әдеттегіден тыс бірнеше күндер бойы қатты ысуы; жаңбыр жаумай, құрғақшылық болуы. Тірі жан күннің және қатты ысыдан қызған топырақтың ысуынан ортада азап көруі.

Оңтүстік өңірдегілер шілдедегі ыстықты айтқанда: «Күн керемет ыссы – аспан жерге түсіп тұр!»-дейді. 2020 жылы қаңтарда Оңтүстік Африкада құрғақшылық әрі қатты ыссы болды. Адамдар да, аңдар да бірнеше уақыт азап тартты.

Бұл – астарлы Аяттар мен хадистерді Алланың сүбити сипаттарына қарап және түс жорығандай етіп, талдап түсіну тәсіліміз. Бұған келіспегендер, Қияметтің Мұхаммедпен (с.ғ.с.) және бұрынғы Пайғамбарлармен бірге келгені хақындағы Аяттар («Мүрсәлат» с. 11-а) мен хадистерге және «Жүсіп» (107-а), «Әнбия» (1-а), «Нахыл» (77-а), «Мәриям» (84-а), «Нәміл» (72-а), «Қамар» (50-а), «Нәбә» (1-5-а) сүрелерінің хабарларына көңіл бөлсе, райынан қайтады, әрине.

Ойымызды жеткере түсу үшін, «Иасин» (51-а), «Мағарыж» (43-а) сүрелерінен сөз қозғайық. Екі Аят та Қиямет күні марқұмдардың қабырларынан тұра сала көмбеге жүргігеніндей, Раббыларына қарай жүгіретінін ескертеді. Мұндағы қабырдан Раббына жүгіру – біз тіке түсінетіндей емес, Алланың Өзіндік жүгіртуі, яғни, Жүсіп (ғ.с.) жорыған – жеті семіз сиыр мен оларды жеп жатқан, жеті арық сиыр сияқты тұспалмен түсінуіміз керек. Бұл – өліп жерленген адамның қабырында тірілуі (49). Ол онда тек Алланы ғана табады (50). Басқа ешкімді есіне алмайды. Себебі, кімді есіне алып айқайлағанымен, дауысын есітіп келіп, құтқара алмасын жүректен түсінеді, жалғыз ғана: я өлтіріп, я бір себеппен қабыр азабынан құтқарушы – Аллаға ғана жалынады. Алланың адамдардан қорықпа Менен қорық (51), дейтіні осы. Алламен кездесу, Алланың алдына бару – жиналу деген де осы.

«...жатқан жерімізден кім тұрғызды?» («Иасин» с. 52-а), деп өкінетіні – мұздай, тастай қараңғы, тар қабыр азабын көргеніне шыдамай азарланғаны, қиналғаны; сонда, тірі кезінде мойынсынбаған, елемеген, менсінбеген Құранның Шындығын да, Пайғамбарды да (с.ғ.с.) есіне алады; бір айқаймен бәрінің жиналғаны, жер бетіндегі қабырлардағы күнәкар марқұмдардың тіріліп, Аллаға жалынып жатқаны. Топ-топ (52) баратынының (соғыстан, ашаршылықтан босудан басқа) және бір мағынасы осы. Бұл талдауымызға дәлел келтірейік.

Археолог ғалымдар ежелгі, опырылған қабырлардан отырған қалыптағы мәйіттерді кездестірді. Бұған таңданған олар, қазу құралдары болмаған заманда, қабырды жарылай қазып, отырғызып жерлеген деген шешімге келген еді. Алайда, бұл олай емес, керісінше. Жерді отыратын етіп қазған құралмен жататындай етіп қазуға да болады. Бұл – кезінде көп күнәлар жасап өліп, жерленгеннен кейін, Алланың үкімімен қабырында тіріліп, азаптанып, отырған қалпында қайта өлген адам. Бұны дәлелдейтін, бұған өте ұқсас жағдай Алматы облысы жерінде 2008 жылы болған еді.

«Иман» журналында (2008 ж. №3) «Өлген де тіріледі (болған оқиға ізімен)», деген мақала жарық көрді. Онда Алматы облысының шалғай ауылдарының бірінде болған, өте суық, аса ауыр қайғылы жайды жазған еді. Ауылдағы Илхамжан есімді ұйғырдың әйелі Сағинұр түнде, дүниеден қайтады. Ері мен балалары, имам, халық жиналып, азда, бүкіл кәдесін жасап, қондырмай – бірнеше сағаттың ішінде, жерлейді. Сол күні түнде әйел келінінің түсіне жылап кіреді. Екінші-үшінші күндері де солай түсіне келеді. Бір күні келін шыдамай, қайын атасына көргенін баяндайды. Ол молда мен балаларын ертіп, мазар басына барып, қабырды ашады. Әйел тұрып, қабырғаны тырнап-тырнап, отырған қалпы шынымен өліпті...

Осындай жамандықты Амантай Рзашұлының «Сыр елінің сырлары» атты кітабында да оқыдық. Тергеуші – автор Амантай, тергеу жұмыстары талабына сай талай қабырларды ашқанын, оның кейбірінде мәйіттің бүктеліп жатқанын көргенін жазған...

Бұл жалғанда біз білмейтін құпия көп. Соның азаптысына түсіп кетпеуіміз үшін Субханаллаһ Тағала Пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.) жіберді, Құранды түсірді. Олар бізді кісі

ақысына қиянат жасаудан тиды. Соның бірі – пара талап ету және пара беру, екіншісі – пайыз – өсім. Ал, бұлардың үлкен күнә екенін біліп тұрып істеген пендеге осы біз атап өткен жазалардың берілеріне күмән жоқ. Өйткені, Алла – Өз Аяттарына қарсы келгендерден өш алады («Әли Ғыман» с. 4-а).

Құдай қуат берген біреу (атын жасырдық), қара күшіне сеніп, мал ұрлап, көп адамдарға қиянат жасаған екен. 1956 жылы, қолдан тіккен, үлкен қап толы бидайды көтеріп, үйіне әкеп, жерге қойыпты да, сол мезетте «өліпті». Шаруамен қарбаласып жүрген туыс, ағайын, халық бір дүмшенің тез көму керек, деген «шариғатымен» көмген. Айтушылар: «Сол түні іңір ауа, қабырдан шыңғырған дыбыс шығып жатқанын есіттік, ауылдың иттері қабырға қарай үріп, бір апта тыныштық таппады», - дейді.

Дәл осындай хабарды Ташкеннен шығатын «Нұрлы жол» газетінен 2000 жылдары оқыған едік. Оқиға Ташкен қаласына қарасты мазаратта болған. Ташкен – үлкен шаһар, күнде адам өлімі бар. Бір жігіт бүкіл өміріне, тұрақты қабыр қазумен айналысады. Оқиғаны сол жігіт баяндаған.

Күйеуге тиіп, бір ұл туып, ажырасып, ұлын әкесі мен шешесіне тастап көшенің қызығын қуып кеткен әйел, 50 жастан асқанда өледі. Қабырын осы жігіт қазады. Сол әйелді жерде қаламапты-ау, мәйітті қабыр басына әкеп, ләһатқа қоймақ болғанда қабырдың ішін бақа, шаян, бармақтай-бармақтай құмырсқалар қаптап кетіпті. Молда да, жерлеуге келгендер де абыржып қалыпты. Сонда анасы туралы жақсы білетін ұлы, халыққа анасының күллі, өзі білетін айыбын айтып беріпті. Сосын бақа, шаяндар жоғалған. Әйелді жерлеген. Адамдар қабырдан 40 қадам ұзағаннан-ақ, әйел қабырында шыңғырып бастаған. Сол шыңғыру 40 күнге жалғасқан.

Бұлар – Алланың «Һұд» сүресінің 106-аятында: **«Ал, сорлылар, дозақта ыңыранып шыңғырады»**, -деп ескерткеніне нақты дәлелі. Яғни, «Фуссилат» сүресінің 53-аятындағы, Өзінің әлемдегі және өзіміздегі белгілерін, сондай-ақ, әрнәрсеге куә екендігін Көрсеткені. Құранда айтылған бір Сөз қате кетпейді!

«Әли Ғыман» сүресінің 87-аятында: **«Міне, солардың жазалары: Шәксіз, оларға (Аллаға, Құранға, Елшілерге қарсы болғандарға) Алланың, Періштелердің әрі біртұтас адамдардың қарғысы болады»**, -деген. Алла Тағаланың бір

есімі – Әл-Халику. Онда «...**біртұтас адамдардың...**» – көптің қарғысы, наласы зия кетпейді. Үшінші дәлелдегі «марқұмның» әйеліне, көршілері: «Еріңнің қабырынан шыңғырған дыбыс шығып жатыр...», -деп аңысын аңласа, ол: «Талай адамға азар берген еді, соның жазасын алып жатқан шығар да!»-депті.

Бұлардың үшеуі де Алланың біздерге бола ашып отырған құпиясы. Археологтарға отырған мәйітті кездестіруі де; әйелді келінінің түсінде көрсетіп, ері мен молданың келіп ашып, Шындықты көруі де; үшінші дәлелдегі шыңғырғанды есіттіруі* де Алланың Өз құдыретін көрсетуі – «Иасин» сүресінің 51-ші, «Мағарыж» сүресінің 43-аяттарының Шындығын дәлелдеуі әрі өзінің әр нәрсеге күшінің жететінін ұғындыруы, біздерді Өз Жолына шақыруы.

Бірінші, екіншісін айтпағанда, үшінші дәлелдегі, шыңғырған дауысты есітіп тұрып, елдің қазып алмауы да Алланың Өз қалауы. Ол қаласа, адамдардың жүрегіне білімі мен Мейірімін салып, Өзі қаздырып алдырар еді. Бұл – Алланың қабырдың – дозақтың азаптарының ауыр екенін білдіргені.

«Ниса» сүресінің 145-аятында: **«Негізінен мұнафиқтар дозақтың ең төменгі қабатында болады. Әрі оларға ешбір жәрдемші таба алмайсың»,**-десе, «Шура» сүресінің 42-аятында: **«Шынында сөгіс, адамдарға зұлымдық қылып, жер жүзінде орынсыз шектен шыққандарға лайық. Міне, солар үшін жан түршігерлік азап бар»,**-дейді. Бұлар да осы біз айтып отырған қабыр азабын растайды. Бәлкім, **«...ең төменгі қабаттың...»** бірі, қарғалғандар тобында қайта туылу болса, («Мәйда» с. 60-а) және бірі, осы – ешқандай дыбыс естілмейтін қабыр болар. Себебі, **«... оларды ешбір жәрдемші ...»** дауысын есітіп құтқара алмайды. Алладан үкім келіп қайта өлгенінше азаптанады.

Енді Аяттар мен осы болған оқиғаларды байланыстырсақ, Қиямет те, дозақ та біз түсініп жүргеннен басқашалау – осы жалғанда, жердің бетінде және қабырда болатынына көз жеткереміз.

Қабырдағы тірілуді есітіп, оқып білгеннен кейін біз, археологтар ашқан ежелгі қабырлардағы мәйіттердің жанынан қанжар,

* Алла қабір азабын түсіндіру үшін қалағанын есіттіреді, қаламағанын есіттірмейді.

қылыш секілді қарулардың табылғанын ескеріп, олардың осылай жерленуінің бір себебі де осы тірілуге байланысты болар, яғни, тіріле қалса, қабырын қазып шығуы үшін өздерімен қоса көмген шығар дегенге таялды.

Бабаларымыздың марқұмдарды көмбей, ортасында терең шұқыры бар күмбезге қоюының мәнісі де осы қайта тірілуге байланысты ма?-деген ойларға келдік.

Бұларды білгеніңізден кейін, ұзақ ойларға барарыңыз рас. Тәтті ұйқыда жатқан кезіңізде, әлденендей ойларыңыздан не күйзеліс әсерінен оянып кететініңіз бар. Дәл сол сияқты, жер басып жүрген заманыңыздағы бір күнәңіздің кесірінен қабырда тіріліп кетсеңіз ғажап емес. Ғайыпқа байланысты құбылыстарды мүмкін емес, деу – күнәға алып барады. Себебі, ғайыпты Білетін Алла ғана, Одан асып сөйлеу – тәкаппарлық, білімсіздік, әрине. Алла «Бақара» (275-а), «Хаж» (7-а), «Иасин» (51-а), «Мағарыж» (43-а) сүрелерінде қабырда тірілуді ескертті. Ендігі міндет – Иманнан дұрыс пайдалану!

Сонымен, Алланың Қияметтегі тірілтуін*, алдына жинайтынын, қабырдағы күнәкарлардың тұра сала Аллаға «қарай жүгіретінін» жоғарыдағы дәлелдердей түсінуіміз керек. Мұнан кейінгі сұранып тұрған үлкен талап – әлбетте, бұл қасіреттердің ешбіріне тап болмау үшін, Аяттардың қазақшасын толық жаттап алып, тек Өзінен ғана қорқып, Өзінің айтқанымен ғана тыныш жүру.

Осыларды ойлай келе, Қасым Аманжолов атамыздың: «Ей, такаппар дүние, маған да бір қарашы»,-деген өлеңін есіңе алып, күбірлей бір қайталап, ізінен өзің де шабыттанып:

Ей, тәкаппар адамзат! Өзіңе бір қарашы,
Кім болсаң да сен, қалқам, бір күнәкар баласы.
Мүлт кетпей, сынақ дүниеде, тегі топырақ пенденің,
Байқап басар аяғын, Иманды туған дарасы.
«Менмін!»-деме тасқындап, Құдай берген бағыңа,
Жібермейді жазасыз – жазықсыздың наласы.
Алладан үкім келгенде, мыңғырған байдың – күштінің,
Құтқармайды қаһардан, өзіне сенген – шарасы.

* Көктің есіктерінен өте алмай («Ағраф» с. 40-а), қайта туылу («Иасин» с. 68-а).

Ақылын жұмсап, Алла деп, Аяттарға Құл болар,
Көргенді, жомарт, біртуар тектілердің данасы.
Кәлима айтып молдасып, көп ішінде көлгірсіп,
Оңашада қусынсаң, ол – тегіңнің шаласы.
Жүректегіні Білуші – Аллаға аян ап-ашық,
Иманға деген пейліңнің кіршіксіз ағы, қарасы.
Алланы алдайым дегендер, өздерін алдап, қор боп жүр,
Сеніміне ләт берген, басына жетіп таласы.
Қай заман, қандай тағдырда, Құранмен жүрген Құлмын деп,
Таза Иманды Толықтың бір Алла болар панасы.
Сауап сауып сәт сайын Ақыретіңе дайын жүр,

Бұл жалғаншы дүние қас пен көздің арасы,-деп, жаныңнан бір
жыр құрап, барлық пендені сақтандырғың келеді. Барлығының
жалғыз Алладан ғана қорқып («Нахыл» с. 51-а), құлшылықта
болғанын, бірі-біріне жаны ашып, бауырмалдықпен татулық,
бірлік жолында жүргенін қалайсың.

Мейірімді Алла осы қалауымызды берсін!

Қиямет пен Ақырет хақындағы дәлелімізді әрі жалғайық.
Қияметте мәңгілік дозақта қалу – бәлкім, хайуан тегімен ту-
ылу болар. Енді осы жай хақындағы түсінігімізді айтайық.
Тиесілі Аяттарға зейін салайық. «Әли Ғымран» сүресінің 6-ая-
тында: **«Ол сондай Алла, сендерді жатырларда қалауынша
бейнелейді...»**,-дейді. «...жатырларда» деген. Бұны, қайта
тірілуші адам болып келетін болса, ананың жатырында; хайуан
болып келетіндерді тиесілі мақұлықтың жатырында деп түсінсек
кателеспеспіз.

Себебі, «Уақиға» сүресінің 61-аятында: **«Сендердің
бейнелеріңді өзгертіп, сендер білмегенді жарата аламыз»**,-
десе, «Мәида» сүресінің 60-аятында: **«...Алла біреуді қарғап,
оған ашуланса және маймылдар, доңыздар, тағы бұтқа табы-
натындар қылса, міне, солар, ең жаман орын...»** ,-дейді. Ал,
«Рағыз» сүресінің 5-аяты: **«...Әрі мойындарында темір шын-
жырлар болатындар ...»**,-деп, шынжырмен байланатын пілдерді,
иттер мен өгіздерді еске салады. Мұны бірнеше Аяттар, атап
айтқанда: «Әнғам» сүресінің 61-62-аяттары, «Ниса» сүресінің
47-аяты, «Мұхаммед» сүресінің 12-аяты, «Хаққа» сүресінің
32-аяты тастықтайды. «Бақара» сүресінің 162-аятында: **«Олар
лағнетте мәңгі қалады, оларға берілген азап жеңілдетілмейді**

де оларға мұрса да берілмейді», - дейді. Біздіңше, бұл – сана мен тіл, ұждан мен намыс берілмегендердің Алланы ескеруге, Оны зікір етіп, кешірім сұрап, ризашылығына жетуге мүмкіндігі жоғы. Яғни, олардың хайуан болып жаралғандығы.

«Нахыл» сүресінің 70-аятында: **«Алла Тағала сендерді жаратты... кейбіреулерің білгеннен кейін білмейтін өмірдің қорына қайтарылады...»**. «Хаж» сүресінің 5-аятында: **«... Одан кейін ержетесіндер. Кейбіреулерің қайтыс болып, кейбіреулерің әр нәрсені білгеннен кейін түк білмейтін өмірдің ең нашарына қайтарыласыңдар...»**, - дейді. Ал, «Уақиға» сүресінде: **«Өйткені, олар бұдан бұрын (дүниеде) тоңмойын әуесқойлар еді (45-а). «Зор күнәдан қасарысушы еді» (46-а). «Өліп, топырақ және сүйектер болсақ та шын тірілеміз бе?» - дейтін» (47-а) «Бұрынғы аталарымыз да тіріле ме?» (48-а)**, - деп Алланың күдіретіне күмәнданатын. Алла оларға: **«Сендердің бейнелеріңді өзгертіп, сендер білмегенді жарата аламыз» (61-а)**, - дейді. Бәлкім, бұл, осы қарсылардың адамнан басқа бірдеңе болып жаралуының хабары болар.

Егер мыңжылдықтың түсінігімен алсақ, «Ниса» сүресінің 56-аяты да бұл пікірлерімізге сәулесін салады. Аятта: **«Негізінен ондай Аяттарымызға қарсы шыққандарды жедел дозаққа саламыз да, олардың терілері жанған сайын, азапты татулары үшін, оны басқа терілерге ауыстырамыз...»**, - дейді. Бұл Мұсылман отбасында дүниеге келіп, бірақ, басқа дін жолына түсіп не құдайсыз болып, өлгеннен кейін, бұтқа табынушы ретінде қайта туылу; райынан қайтпай, өліп, маймыл тегінде қайта туылу; одан кейін хайуан болып туылу; егер хайуан болса, сойылып не өлгенмен және мал болып қайта туыла береді, деп түсінсек, Шындықты көрген боламыз. Дозақта мәңгі қалатыны, терілерін ауыстырып, дозаққа қайта салатыны осылар.

Хайуан болып туылуға XIII ғасырда Қажы Бекташ Уәли – Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті де сенген болатын. С. Карбозұлы құрастырып, 1991 жылы Бешкектен шыққан «Түрік даналары» атты кітапта: **«Өлім – көйлек алмастырғанмен салыстырылатын. Көбінесе Бекташтар жан көшуіне сенетін. Адам, егер өмірде жақсы іс жасап, әдепті өмір сүрсе, келесі рет адам болады. Ал, әдепті бұзып, жаңылыстар жасап жатса я хайуан, я өсімдік болып екінші өмірін жасайды...»**, деп, оның жазып кеткендерінен деректер беріпті.

«Егемен Қазақстан» газетінің 2016 жылы 26-ақпан күнгі санында, Дамир Қожамқұл жазған, «Аспан түсті көзі бар мысық ғаламтор жұлдызына айналып тұр» -деген тақырыпта қысқа хабар жарық көрді. Аспан түстес, көкпеңбек көзі бар Коби деген мысық, Британияда кездесіпті. Журналистер Кобидің көзін, 1915-1998 жылдары өмір сүрген, америкалық әнші Фрэнк Синатраның көзіне ұқсатыпты. Баспасөз: «Мысықтың адамға қарауы да сол атақты адамның стиліне қатты ұқсайды», -деп жазыпты.

Осы газетте (30-қаңтар 2016 ж.) және бір қызық жарияланды. «Норвег қызы өзінің мысық екеніне күмән келтірмейді», деген тақырыпшада, 16 жасар Нано есімді қыз өзін мысықпын, деп есептейтінін жазған. Газетте: «Нано адам қалпында өмірге келгенін, табиғаттың қателігі, деп есептеп отыр. Ал, кезкелген дыбысты керемет еститін, қараңғыда жақсы көретін қасиеттерін, мысық екеніне айғақ деп қарайды. Қазір ол, досы Свен екеуі бір-бірлерімен мияуласып, «мысықша» сөйлеседі екен. Сөздеріне қарағанда олар бір-бірін керемет түсінетін болған». «Ақпарат агенттігінің материалдары негізінде дайындалды», деген. Бұл жерде автор атеистік көзқараспен «табиғаттың қателігі» депті. Негізінде ол табиғатқа қатысты емес, Алланың үкімі, яғни, Алла Тағала «Фуссилат» сүресінің 53-аятында ескерткеніндей, «Мәида» сүресінің 60-аятының Шындығын дәлелдеп отыр.

«Жүніс» сүресінің 23; 44-аяттарында: «...Дүние тіршілігіндегі қарсылықтарыңның зияны өздеріңе ғана...», «...Алла ешбір адамға зұлымдық қылмайды. ..., адамдар өздеріне өздері зұлымдық қылады»-десе, «Тәубе» сүресінің 74-аятында: «...Егер олар тәубе қылса, өздері үшін жақсы...», -дейді, «Әнғам» сүресінің 157-аяты: «Аяттарымыздан бас тартқандарды, бас тартулары себепті жаман қинаумен жазалаймыз», -деген, «Ниса» сүресінің 79-аятында: «Саған қандай бір жақсылық келсе, Алладан. Ал және бір жамандық келсе, өзіңнен...», -деп, «Жүніс» сүресінің 100-аятында: «...Алла азапты Ақылын жұмсамайтындарға береді», -деп, «Хаж» сүресінің 10-аятында: «Бұл – бұрын өз қолдарыңмен істегендеріңнің сазайы. Расында, Алла Құлдарына зұлымдық қылмайды», -дейді. «Ғанқабұт» сүресінің 6-аяты: «Біреу игілік үшін күрессе, сөзсіз өзі үшін күреседі...», -деп, «Рұм» сүресінің 44-аяты: «Кім қарсы болса, қарсылығы өзіне. Ал және кім түзу іс істесе, сонда ол,

өзі үшін рахат орын әзірлеген болады»,-деп, «Сәжде» сүресінің 22-аяты: **«Раббыңның Аяттары арқылы үгіт берілгеннен кейін, олардан бет бұрғаннан кім залымырақ. Әрине, күнәкарлардың лайықты жазасын береміз»,**-деген; «Шура» сүресінің 30-аятында: **«Бастарыңа келген бір ауыршылық, өз қолдарыңмен істегендеріңнің салдарынан болады...»**, «Фүссилат» сүресінің 40-аятында: **«Шын мәнінде солай, Аяттарымызда бұрмалаушылық жасағандар, Бізге жасырын емес...»**,-десе, 46-аятында: **«Кім ізгі іс істесе, өзі үшін. Ал, кім жамандық істесе де өзіне тән. Раббың Құлдарына зұлымдық істеуші емес»,**-дейді. Біздер міндетсіз жақсылық істеушілердің жақсылықтарға жеткенін, жамандыққа құштарлардың жамандықтарға ұшырағанын өмірде көріп те жүрміз. Бірақ, аз нәтиже шығарамыз.

Бәлкім, біздің хайуан болып туылуды, былай деп түсінгеніміз дұрыс шығар: Алла ешкімге зұлымдық қылмайды, бұлар осы жер бетінде, бұдан бұрынғы туылғанында, Құранның ескертулерін есітіп тұрып, ескермей, Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Жолынан гөрі адасқандар мен қарғысқа ұшырағандардың соқпағын абзал көріп, сонымен жүріп, күнәлар жасап өліп, Алладан жазасын алып – қазір біздің алдымызда, осылай келіп, жасап жатыр, деп түсінгеніміз, Алланың құзырында қабылданар.

Пойызда мүгедек туылған, едәуір жастағы баланы алып бара жатқан әйелді көрдік. Ана ғой, баласына мейірленіп-ақ барады. Мұнысының пайдасы не, көз алдындағы дәлелді көріп отырып, Тақуалық киімінен бастартқан, Алланың маңдайына жазған Жолынан басқа Жолды («Бақара» с. 120; 145-а) таңдаған – басы жалаңбас, бұтында денесіне тырысып жабысқан жұқа киім*. Міне, жаңағы «Нәжім» сүресінің 29-аятындағы Құран үгітінен жалтарған парықсыздық, пәмсіздік, деп осыны айтса керек!

Алла ешбір кінәлінің жазасыз қалмайтынын ескерткен. Кейбіріне, осы дүниесінде беретінін де жасырмаған. 1974 жылы Ақбердінің тұңғыш перзенті дүниеге келді. Бұл бір айға жетпей үздіксіз жылайтында шығарды. Шырқырап жылағанда, есіткен жан шыдамайтын. Қарт ана да, басқасы да қазақша ем-домдарын жасағанымен бұл шарана жылағанын қоймайды. Ферма

* Бұл туралы «Қияметтегі тірілу, бәлкім, қайта туылу болар»,-деген тақырыбымызда да айтқанбыз.

орталығында фельдшер ғана болды. Аурухана, жоғарғы білімді дәрігерлер, 150 шақырым алыста, аудан орталығында. Амалсыз қалған бұлар фельдшерге айтады. Ол тыныштандыратын дәрі егеді. Дәрінің күші кеткенсін бала және жылайды, фельдшер келіп және шаншып кетеді. Өстіп өмір өте береді. Фельдшер осы дәрісі үшін тоқты алады. Ол соған мээ. Ал, қарт ана мен баланың ата-анасы баласының жыламағанына шүкірлікте. Бала аяқ басын болған кезде барып, оның сол жылауы, сол бір айлығында-ақ ұршық сүйегінің шығып кеткенінен екенін білді. Оны Алла білдірмегесін фельдшер де, басқа жанашырлары да білмеген... 1990 жылдарға таяу фельдшер де тап солай шалақ болды. Кейін басынан зақымданды...

Оның Алла кеңшілік берген мерзімі осы жалғанда-ақ онай жетті. Енді бізді түрлі ойға салатын Қиямет пен өліп-тірілуге байланысты **Аяттардың неге ашық түсірілмегеніне** келейік. Бұл Құлдарын Өзі жақсы білетін Алланың, олардың Тақуалығын сынау үшін.

Алғашында Алла Кітаптарын тауға түсірмек болған. Бірақ, астарлы Аяттарды білгенде, тау езіліп кететін. Мұны «Ахзап» сүресінде де (72-а) айтады (58). Сондықтан алдын ала ескерткен («Бақара» с. 38-а), кейін уәдесін алған («Ағраф» с. 172-а), адам баласы алды. «Ағраф» сүресінің 143-аятында Мұса (ғ.с.): **«...Раббым! Маған Өзіңді көрсет, Сені көрейін!»**-деді. (Алла): **«Мені әсте көре алмайсың. Бірақ, тауға қара. Егер ол орнында тұрса, сен де Мені көресің»**,-деді. **Раббы тауға елестеген сәтте, оны быт-шыт қылды. Мұса (ғ.с.) да талып түсті. Есі кірген мезетте: «Сен – Пәксің, Саған тәубе еттім әрі мен сенушілердің алғашқысымын»**,-деді».

Бұл – Алланың Өзін көрсетуі ғана емес, Оның құпиялаған кейбір Аяттарының, Өзіне ықылассыз Құлдарына осыншалықты ауырлық ететініне бір дәлелі. Оның салмағын Өзі таңдаған, сүйікті Құлы – Елшісі Мұса (ғ.с.) көтере алмағанда, Алладан үміті жоқ пенделер қалай көтермек?! Сондықтан олар ашық емес, астарлы.

«Хашыр» сүресінің 21-аятында, Мұхаммедке: **«...егер осы Құранды тауға түсірсек еді, Алладан қорыққандығынан үрейленіп, быт-шыт болғанын көрер едің. Бұл мысалдарды адам баласы түсінсін деп, келтіреміз»**,-дейді. **«...адам баласы**

түсінсін...», деп отырғаны, олардың, тіке айтылған Ақиқаттың ауырлығына шыдамайтыны. Сондықтан Мейірімді Алла, ол Аяттарды осылай бүркемелеп, бірнеше Аяттар арқылы ой тастап түсіндірген. Алланың ісінде кемшілік жоқ. Барлық әрекет өзімізге ғана байланысты.

Алла зерделі Құлдарының хадистерге, өмірдегі («Фуссилат» с. 53-а) болған оқиғаларға қарап, Аяттардың қойнындағы құпияларды жақсы түсінетінін, кейбірінің мұңлықта қалатынын да Біледі. Бәлкім, дүниеге ессіз берілуден сақтандыра отырып, жер бетіне жылтыраған мен жалтырағанның («Кеһф» с. 7-а) барлығын шығаруының бірінші себебі, шын Иман келтіргендерді сынау үшін болса, екінші, үшінші себептері де сондай Құлдарын мұңлықтан арашалау үшін алданышы, әрине!

Тақырыбымызды қорытсақ, Қиямет – Алланың жер басып жүрген пенделерге берген нығыметтері мен ғанибеттерінің есебін алатын уақыты. Бірақ, сол Есеп Күнінің қай минөтте, қандай заманда, қай жерде (жер бетінде ме, қабырда ма?) келері жалғыз Аллаға ғана аян. Алла «Хыжыр» сүресінің 23-24-аяттарында: «Күдіксіз Біз тірілтеміз де, өлтіреміз. Сондай-ақ, барлығының мұрагері Бізбіз», «Расында сендерден бұрын келгендерді де білеміз. Сондай-ақ, кейінгі келетіндер де Бізге мәлім», -дейді. Осындағы «...**бұрын келгендерді... кейінгі келетіндер де...**», дегені, неше ықылым замандардан бері Өзі өлтіріп, амалдарына жараса үлесімен қайта тірілтіп отырған Құлдары, пенделер. Алланың жаза беруін мыңжылдықтармен ойлап түсінсек, біз Қиямет дегенде **бұрынғы түсінігімізден** арылып, Оның осы жалған дүниеде өзімізбен қолтықпа қолтық жасап келе жатқанын және өлімнен кейін, жалғанға қайта әкеп тұрып жазалайтынын мойындап, әрбір деміміздің өлшемі мен сұрауы барына ой бөліп, жалғанның опасыз алданышымен уақыт өткермей, Құранмен және Аяттармен тығыз мағыналы сүндет, сахих хадистермен Бейішке лайықты әдеппен, ғибадатпен жасауымыз керек. Осы бізді жақсылықтарға жеткереді.

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): «**Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...**». («Бақара» с. 272-а) «**Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік.** («Фурқан»

с. 56-а) «**Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың**», («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: «**Сен оларды зорлаушы емессің**», -деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Құранда: «... Алла Құлдарына зұлымдық қылмайды» («Хаж» с. 10-а), -деген.

- - - - -

1. «Нәбә» сүресінің 29-аяты: «**Әр нәрсені жазып сақтадық**».

2. «Нәбә» сүресінің 31-аяты: «**Негізінен Тақуалар үшін құтылу бар**».

3. «Нәбә» сүресінің 27-аяты: «**Өйткені, олар есепке тартылуды ойламаған еді**».

4. «Бақара» сүресінің 24-аяты: «Егер оны істемесеңдер (әзір келтірмесеңдер, келешекте) сірә, істей алмайсыңдар. Ендеше, отыны; адамдар мен тастардан болып, кәпірлер үшін әзірленген оттан қорқыңдар!» «**Ібраһим**» сүресінің 17; 42-43; 48-50-аяттары: «Оны жұтуға тырысады, ...тамағынан өткізе алмайды. ... оған әр тараптан өлім келеді. Ол өле алмайды. Тағы оның артынан ауыр азап келеді». «(Мұхаммед с.ғ.с.) Алла (Т.) залымдардың істегендерінен кәперсіз деп әсте ойлама! Шынында Алла, оларды көздер шарасынан шығатын бір күнге дейін кешеулетеді». «(Сол күні) олар бастарын қақштып, олардың көздері өздеріне де қайрылмай және жүректері ұшып, жүгіріп бара жатады». «О күні, жер басқа жерге, көктер де басқаға ауыстырылады. Әлем, жалғыз, өктем Алланың хұзырына шығады». «Сол күні, күнәкарлардың шынжырларға маталғанын көресің». «Олардың көйлектері қара майдан болады да олардың беттерін от шалады». «**Кеһф**» сүресінің 29-аяты: «Бұл Ақиқат (Құран) Раббыларыңнан»-де. Кім қаласа сенсін, кім қаламаса қарсы келсін. Расында Біз залымдар үшін дуалдары қоршап алатын дозақ оты әзірледік. Егер олар су сұрап жалбарынса, еріген кен тәрізді беттерді қуыратын бір су беріледі. Ол нендей жаман сусын һәм нендей жаман орын!» «**Иасин**» сүресінің 51-аят: «Сүр үрленсе, ... олар қабырларынан Раббыларына жүгіреді». «**Зүмәр**» сүресінің 16; 68-69-аяттары: «Олардың үстерінде де оттан түнектер; астарынан да түнектер болады. Міне, Алла Құлдарын осы арқылы қорқытады. Әй, Құлдарым! Ме-

нен қорқындар». «Сүр үрленгенде Алланың қалағанынан басқа көктердегі жан иелері, жердегі жан иелері жығылып өледі. Бірақ, Алланың қалағандары қалады. Сосын екінші рет Сүр үрленеді де сонда олар тұрған бойда қарап қалады». «Жер жүзі Раббының Нұрымен жарық болады. Кітап (амал дәптер ортаға) қойылады. Пайғамбарлар, куәлер келтіріледі. Олардың араларына Ақиқат бойынша үкім етіледі. Олар әділітсіздікке ұшырамайды». «**Ғафыр**» сүресінің 18; 46-49; 71-72-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) оларға жақындаған Қиямет күнін ескерт. Сол уақытта, жүректер жұтқыншаққа келіп, қылғынып, лоқсушылар болады. Залымдар үшін бір дос та ықпалды болушы да болмайды». «Олар ертелі-кеш отқа ұсынылады. Қиямет-қайым болған күні: «Перғауындықтарды азаптың ең қаттысына кіргізіндер». «Сол уақытта олар тозақта керкілдеседі. Нашарлары, паңсығандарына: «Расында, біз сендерге ерген едік. Ал, енді сендер, бізден оттың бір бөлімін кетіре аласыңдар ма?»-дейді». «Паңсығандары: «Расында бәріміз дозақтамыз. Күдіксіз Алла, Құлдарының арасына үкім беріп қойған»-дейді». «Оттағылар, дозақтың сақшысына: «Раббыларыңнан тілеңдер. Азабымыздан бір күн жеңілтісін»-дейді». «Сол уақытта олардың мойындарында ажырғылар, боғаулар болған түрде сүйреледі». «Қайнап тұрған суда болып, сосын отқа жағылады». «**Мағарыж**» сүресінің 8; 16; 43-аяты: «Ол күні, аспан еріген кен сияқты болады». «Теріні сояды;» «Сол күнде олар қабырларынан тез шығып, тігулі көмбеге жүгіргендей жүгіреді». «**Іншиқак**» сүресінің 1-5-аяттары: «Аспан жарылған сәтте», «Лайықты болып, Раббына бой ұсынған кезде», «Жер созылған сәтте», «Ол, ішіндегіні шығарып босатқан сәтте», «Раббына бой ұсынып, лайықты болған кезде»; «**Қиямет**» сүресінің 24; 29-30-аяттары: «Ол күні, кейбір жүздер томсаруда болады». «Балтыры, балтырына оралады». «Ол күні Раббы жаққа айдалады». «**Фәжір**» сүресінің 21-23-аяттары: «Тіпті, олай емес. Жер соғылысып, быт шыт болған сәтте», «Раббың елестеп, Періштелер сап-сап болған кезде», «Сол күні, дозақ келтіріледі де әрі сол күні, адамзат түсінеді. Ол түсінуден оған не пайда?» «**Текуир**» сүресінің 1-13-аяттары: «Күн бүктелген сәтте», «Жұлдыздар солып шашылған сәтте», «Таулар жүргізілген сәтте», «Қаймал іңгендер, иен жіберілген сәтте», «Жан-жануарлар жиналған сәтте», «Теңіздер қайнатылған сәтте», «Жан

тәнмен бірлестірілген сәтте», «Аспан ашылған сәтте», «Дозак қыздырылған сәтте», «Жұмақ жақындатылған сәтте»; («Ынфитар» с. 1-4-а-ы). «**Нәбә**» сүресінің 18-20-аяттары: «Сүр үрленген күні, топ-топ келесіндер». «Көктер сетінеп есіктер пайда болады». «Таулар жүргізіліп, сағым болады». «**Мүсәлат**» сүресінің 10-аяттары: «Таулар үгітіліп, ұшырылғанда». «**Хакқа**» сүресінің 13-16; 28-29-аяттары: «Сонда бір рет сүр үрленген сәтте», «Жер мен таулар көтеріліп, соғылып күйреген сәтте», «Міне, сол күні Қиямет оқиғасы болады», «Сол күні көк жарылып босайды»,... «Малым, маған еш пайда бермеді». «Күш-қуатым жойылып кетті»-(дейді)». «**Тахрим**» сүресінің 6-аяты: «Әй, Момындар! Өздеріңді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғаңдар. Оның басындағы періштелер; жуан денелі, қатал. Олар, Алланың өздеріне берген әмірлеріне қарсы келмейді. Не бұйрылса, соны орындайды». «**Назигат**» сүресінің 9-аяты: «Көздері төмен қарайды». «**Іншиқак**» сүресінің 7-15; 19-аяттары: «Ал, енді кімнің дәптері оңынан берілсе»; «Сонда Ол, дереу жеңіл есеппен есептеледі». «Ол, үй ішіне-қуанып кайтады». «Ал және кімнің дәптері арт жағынан берілсе»; «Сонда ол, дереу өлім шақырады». «Қайнаған тозаққа түседі». «Өйткені, ол, өз үйінде мәз-мейрам еді». «Негізінде ол, әсте (Аллаға) қайтпаймын деп, ойлады». «Олай емес. Расында, Раббы оны көздеуде еді». «Әлбетте, сендер, бір жағдайдан бір жағдайға өтесіндер». «**Хаж**» сүресінің 2-аяты: «Ол күні, әр емізушінің емізгенін ұмытқанын және әрбір буаз жәндіктің іш тастағанын көресің. Адамдарды мас түрде көресің. Негізінде олар мас емес. Бірақ Алланың азабы қатты». «**Моминун**» сүресінің 101-аяты: «Қашан Сүр үрленсе, сол күні; олардың араларында туыстық (байланыс) жоғалып, бір-бірін сұраспайды». «**Ынфитар**» сүресінің 19-аяты: Ол Күні, біреуге біреу қарайласуға еш нәрсе қолдан келмейді. Ол Күні, әмір Аллаға тән». «**Мағарыж**» сүресінің 10; 36-37-аяттары: «Дос, достың халін сұрамайды». «(Мұхаммед с.ғ.с.) Ал, енді сен жаққа мойындарын созып жүгірген кәпірлерге не болды?» «Оңнан, солдан топ-топ болып»... «**Мүзәммил**» сүресінің 17-аяты: «Егер қарсы келсеңдер, балалардың да шашын ағартатын күннен қайтып сақтанасыңдар». «**Лүқпан**» сүресінің 33-аяты: «Әй, адам баласы! Раббыларыңнан қорқыңдар және ешбір әке, баласы тарапынан бодау төлемейтін, сондай-ақ, ешбір бала да,

әкесі тарапынан түк бермейтін күннен де қорқындар. Күдіксіз Алланың уәдесі хақ. Сондықтан сендерді дүние тіршілігі әсте алдамасын. Сондай-ақ өте алдаушы ол, (шайтан да) Алла турасында алдамасын». «**Ғабаса**» сүресінің 33-37-аяттары: «Ал, енді, қатты дауыс келген сәтте»; «Сол күні, кісі туысынан қашады»; «Шешесінен, әкесінен»; «Әйелі мен балаларынан». «Ол күні әркімнің ісі ауыр. (Әркім өз хәлімен әлек болады)».

5. «**Хыжыр**» сүресінің 6-аяты: «**Әй, өзіне үгіт (Құран) түсірілген! Сен анық жындысың!**»-деді.

6. «**Әнбия**» сүресінің 2-5-аяттары: «**Олар Раббыларынан өздеріне келген әр жаңа ескертуді мүлде ойыншық етіп қана тыңдайды.** «**Олардың жүректері бос.** Жасырын кеңескен залымдар: «Бұл сендер сияқты ғана адам. Көре тұра сиқырға ересіндер ме?» (-деп, күңкілдеседі)». «(Мұхаммед с.ғ.с.) оларға: «**Раббым жер мен көктегі сөйлегенді біледі. Сондай-ақ, Ол – толық Білуші**»-деді». «Олар: «Олай емес. Бұл – шым-шытырық түстер. Жоқ, өзінің жасандысы. Жоқ, ол – ақын. Әйтпесе, бізге бұрынғы Елшілерше бір белгі келтірсін»-деді».

7. «**Нахыл**» сүресінің 9-аяты: «**Тура Жолды түсіндіру Аллаға тән.** Ол Жолдың қисығы да бар. Алла қаласа барлығыңды Тура Жолға салар еді».

8. «**Бақара**» сүресінің 78-79-аяттары: «**Олардың ішінде на-дандары да бар. Кітапты білмейді. Олар тек қана үйретіндіні (айтады) және бос ойларды ойлайды.** «Сондай! **Кітапты қолдарымен жазып, сонан соң, аз ақшаға сату үшін: «Осы Алланың қасынан келгені», дегендерге нендей өкініш! Және олардың өз қолдарымен жазғандарына нендей өкініш! Сондай-ақ, олардың табыстарына нендей өкініш!**»

9. «**Жүніс**» сүресінің 15-аяты: «Сондай-ақ, оларға Аяттарымыз ашық дәлел түрінде оқылған кезде, Бізге кездесуді үміт етпегендер: «Бұдан басқа бір Құран келтір немесе мұны ауыстыр!»-деді. (Мұхаммед с.ғ.с.): «**Оны өз тарапымнан өзгертуіме болмайды. Мен өзіме уахи етілгенге ғана еремін. Расында, мен Раббыма қарсы келсем, ұлы Күннің азабынан қорқамын**»-де». («Әнғам» с. 34; 115-а, «Кеһф» с. 1-2; 27-а, «Фуссилат» с. 40-42-а, «Хаққа» с. 43-46-а).

10. «**Фуссилат**» сүресінің 53-аяты: «**Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі**

белгілерімізді жедел көрсетеміз. Расында Раббының әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?»

11. «Иасин» сүресінің 36-аяты: «... **Пәк Алла барлық нәрсені жұп-жұбымен жаратты.** Мейлі ол жердің өсірген нәрселерінен болсын, мейлі өздері өндірген және тағы білмегендерінен болсын». («Зәрият» с. 49-а).

12. «Бақара» сүресінің 200-202-аяттары: «Қашан хаж амалдарын өтесендер, (Минада) Алла тағаланы ата-бабаларыңды зікір еткендей зікір етіндер, тіпті, одан артық зікір етіндер. Сонда адамдардан кім: «Раббымыз! Бізге дүниеде ғана жақсылық бер!»–десе, оларға Ақыретте несібе жоқ». «Және олардан кім: «Раббымыз, бізге дүниеде де жақсылық бер әрі Ақыретте де жақсылық бер және дозақ отының азабынан сақта!»–дейді», «**Міне, олар үшін амалдарынан үлес бар.** Алла – есепті тезінен Көруші».

13. «Інсан» сүресінің 5-22-аяттары: «**Расында бұл – сендердің сыйлықтарың, еңбектерің жоғары бағалануға лайық болды.**»

14. «Ісра» сүресінің 44-аят: «**Жеті көк және жер, сондай-ақ ондағы болғандар, Алланы пәктейді. Оны пәктеп, мақтамайтын еш нәрсе жоқ.** Бірақ сендер олардың тасбихтарын түсіне алмайсыңдар. Шынында, Алла – өте Жұмсақ, аса Жарылқаушы». («Әли Ғымран» с. 83; «Ісра» с. 44; «Нұр» с. 41; «Хаид», «Хашыр», «Саф», «Жұма», «Табағұн» сүрелерінің 1-аяттары).

15. «Бақара» сүресінің 124-129-аяттары: «Сол уақытты еске ал! Ибраһимды (ғ.с.) Раббы Сөздермен сынады. Сонда Ол, оларды толық орындады. Алла: «Әрине, сені адамдарға басшы қыламын»–деді. Ол: «Ұрпақтарыман да басшы өте көр!»–деді. Алла: «(Олардан) залымдар сертіме жете алмайды»–деді. «**Сол уақытта үйді (Қағбаны) адам баласы үшін орталық әрі бейбітшілік орны етіп жасадық. Ибраһимнің (ғ.с.) орнынан намаз орны қылып алыңдар. Және Ибраһим, Ысмайыл (ғ.с.) екеуінен: «Үйімді (Қағбаны) тауап етушілер, ғибадатқа отырушылар және рүкүғ, сәжде қылушылар үшін тап-таза ұстандар»–деп, уәде алғанбыз.** «... Ибраһим (ғ.с.): «Раббым! Бұны бір тыныш қала қыла көр! Және оның тұрғындарынан кім Аллаға, Ақырет күніне Иман келтірсе, әр түрлі өнімдермен

ризықтандыр»-деп, жалбарынды. (Раббы): «Кім қарсы болса, оны да аз (күнгі дүниеде) пайдаландырамын, сонан соң оны (Ақыретте) от азабына зорлаймын. Ол, барар орынның жаманы»-деді». «Сол уақта Ібраһим мен Ысмайыл (ғ.с.) үйдің (Қағбаның) ірге тасын көтере: «Бізден қабыл айла, күдіксіз, Сен – тілекті тым Естуші, толық Білушісің». «Раббымыз, екеумізді де Өзің бой ұсынушы қыл, ұрпақтарымыздан да Өзің бой ұсынушы бір үммет қыла көр, әрі бізге хаж амалдарымызды көрсетіп, тәубелерімізді қабыл айла, әлбетте, Сен – Өзің тәубені Қабыл Етуші, ерекше Мейрімдісің!» «Раббымыз ұрпағымыздың ішіне өздерінен, оларға Аяттарыңды оқитын, Кітапты әрі үкімдерін үйретіп, оларды тазартатын бір Елші жібергейсің, күдіксіз, Сен Өзің ғана аса Үстем, өте Данасың» (деп жалбарынды)».

«Хаж» сүресінің 26-27-аяттары: «Сол уақытта Ібраһимды (ғ.с.) Қағбаның орнына: «Маған ешбір нәрсені ортақ қоспа! **Тауап етушілерге, тік тұрып, еңкейіп және бас қойып, құлшылық қылушыларға таза ұста»-деп, орналастырған едік**». «Адамдарды хажға шақыр. Олар жаяу және көлік үстінде әрбір алыс жолдардан саған келеді».

16. «Зүмәр» сүресінің 20-аяты: «Раббыларынан қорыққандар үшін астарынан өзендер ағатын **қабат-қабат салынған сарайлар бар**. Бұл – Алланың уәдесі, Алла уәдесінен айнымайды». («Уақиға» с. 8; 10-11; 14-38; 88-89; «Ғашия» с. 8-12-а).

17. «Ниса» сүресінің 57-аяты: «Ал, сондай Иман келтіріп, ізгі іс істегендер; оларды астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземіз. Олар онда мәңгі қалады. Сондай-ақ, **оларға онда тап-таза жұбайлар бар. Және оларды қалың көлеңкеге кіргіземіз**».

18. «Хаж» сүресінің 23-аяты: «Күдіксіз, Алла Иман келтіріп, ізгі іс істегендерді, астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізеді. Олар **онда алтын және інжу білезіктермен безенеді. Ондағы киімдері де жібек болады**». («Фатыр» с. 33-а).

19. «Ғашия» сүресінің 14-17-аяттары: «**Қойылған кеселер бар**», «**тізілген жастықтар бар**», «**төселген төсеніштер бар**». «Олар түйеге қарамай ма, қайтіп жаратылған?!»

20. «Тұр» сүресінің 17-25-аяттары: «Әрине, Тақуалар Жұмақтарда ырысқа бөленеді». «Раббыларының өздеріне берген нәрселерінің қызығын көреді. Оларды Раббылары дозақтың аза-

бынан құтқарған». (Оларға:) «Істеген амалдарың себепті жеңдер, ішіндер. Сінімді болсын!» **«Тізілген күстөсектерге сүйене отырып»**-(делінеді). Онда **бота көз сұлулармен үйлендіреміз**. «Сондай! Иман келтіргендердің, ұрпақтары да Иман келтіріп, өздеріне ілескен болса, оларды бір-біріне қосамыз. Сондай-ақ, олардың амалдарынан ешнәрсе кемітпейміз. Әркім істегенінің сыйын алады». («Мұтаффифин» с. 23-34-а).

21. «Бақара» сүресінің 30-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Сол уақытта Раббың Періштелерге: «Әрине, Мен жерде бір орынбасар жаратамын!»-деген еді. (Періштелер:) **Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба?** Негізінен Біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктеудеміз»-деді. Алла: «Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!»-деді. Алла Адамды топырақтан жаратып, Оған Жан салды».

22. «Әли Ғыман» сүресінің 133-аяты: **«Раббыларыңның жарылқауына және Тақуалар үшін әзірленген, кеңдігі жер мен көктей Жаннатқа жарысыңдар».**

23. «Нахыл» сүресінің 70-аяты: «Алла Тағала сендерді жаратты және сендерді өлтіреді. **Кейбіреулерің білгеннен кейін өмірдің білмейтін қорына қайтарыласыңдар.** Күдіксіз, Алла тағала – толық Білуші, аса Күшті».

24. «Мүрсәлат» сүресінің 7; 11-аяты: «Шын мәнінде сендерге уәде етілген (Қиямет) әлбетте болады». **«Пайғамбарлардың уақыты жеткен кезде».**

25. «Бақара» сүресінің 78-аяты: «Олардың ішінде надандары да бар. Кітапты білмейді. **Олар тек қана үйретіндіні және бос ойларды ғана ойлайды».**

26. «Ахзап» сүресінің 37; 39; 55; 70-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) сол уақытта өзіне Алла да бақ берген, сен де бақ берген Зәйтке: «Жұбайыңды ажыратпа, Алладан қорық!»-деуде едің; Алланың жариялайтын нәрсесін көңіліңде жасыруда едің. Адамдардан қорқасың. **Негізінде қорқуға Алла лайық.** Сонда одан Зәйттің жұмысы біткен (ажыраған) кезде, оны саған некелендірдік, Момындарға асырандыларынан босаған әйелдерді алуда бір күнә болмауы үшін».

27. «Мәриям» сүресінің 71-72-аяттары: **«Сендерден дозаққа келмейтін (сырт айналып өтетін) ешкім болмайды.** (Бұл) Раббыңа тұжырымды, міндетті бір үкім». «Соңыра Тақуа

болғандарды құтқарамыз да, залымдарды дозақта жүгіндіріп қоямыз».

28. Алланың қаһарына ұшыраудан қорқып, «Фатиха» сүресінің 7-аяты: **«Нығыметіңе бөлегендердің Жолына (сал)! Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес».**

29. «Мәриям» сүресінің 80; 93-94-аяттары: «Сондай-ақ, оның айтқанына Біз ие боламыз да ол Бізге **жалғыз келеді**. «Көктер мен жердегі әркім Аллаға ғана Құл болып келеді». «Расында Алла оларды түгендеп, бір-бірлеп санын біледі». («Әнғам» с. 94; 110-а).

30. «Әнғам» сүресінің 12-аяты: «(Оларға) айт: «Көктердегі және жердегі нәрселер кімдікі?» «Алланікі» де. Ол мәрхамет етуді Өз міндетіне алған. **Сендерді болуы күмәнсіз Қиямет күнінде жинайды**. Сондай өздеріне кесір тигізгендер; олар сенбейді».

31. **Алланың мұрса беретіні, кеңшілігі туралы Аяттар:** «Әли Ғымран» с. 178; 196-197-а, «Рағыд» с. 32; 38-а, «Хыжыр» с. 3-4-а, «Нахыл» с. 55; 61, «Кеһф» с. 58-59а, «Мәриям» с. 84-а, «Таһа» с. 129-а, «Нұр» с. 14; 21; «Фатыр» с. 45-а, «Фуссилат» с. 45-а, «Шура» с. 14-а, «Нұх» с. 4-а. Күнәкар әркімге мұрса, уақыт берілген. Сол мерзім толған қас қағымда тиесілісі беріледі.

32. «Мағарыж» сүресінің 42-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) ендеше оларды еркіне қой. **Оларға уәде етілген күнге дейін сүңгіп ойнай тұрсын».**

33. «Ниса» сүресінің 40-аяты: «Негізінен Алла Тағала **тозан түйірінің салмағындай да әділетсіздік етпейді**. Егер бір жақсылық болса, оны неше есе арттырады әрі Өз жанынан да ірі сыйлық береді».

34. «Мағарыж» сүресінің 10-аяты: **«Дос достың халін сұрамайды».**

35. «Хакқа» сүресінің 28-29-аяттары: **«Малым маған еш пайда бермеді», «күш-қуатым жойылып кетті».**

36. «Бақара» сүресінің 110; 245-аяттары: **«Намазды толық орындандар, зекет беріндер. Өздерің үшін ілгері бір жақсылық жолдасаңдар, оны Алланың қасынан табасыңдар. Шынында Алла – не істегендерінді толық Көрүші».** «Кім Аллаға көркем қарыз берсе, Алла онысын көптеген есе арттырып береді. Алла қалаған Құлының несібесін азайтады да, қаласа молайтады. Әрі Ол жаққа қайтарыласыңдар».

37. «Зүмәр» сүресінің 54-аяты: **«Өздеріңе апат келуден бұрын Раббыларыңа қайтыңдар. Оған бойұсыныңдар. Кейін жәрдем көре алмайсыңдар».**

38. «Хаж» сүресінің 55-аяты: **«Сондай! Қарсы келгендер, өздеріңе кенеттен Қиямет келгенге немесе сәтсіз бір күннің азабы келгенге дейін үнемі Құраннан күдіктенуде».**

«Зүмәр» сүресінің 55-аяты: **«Сендерге кенеттен – хабарсыз азап келуден бұрын, өздеріңе түсірілген жақсы нәрсеге еріңдер!»**

39. «Тұр» сүресінің 47-аяты: **«Шүбәсіз ондай залымдарға одан өзге де азап бар. Бірақ, олардың көбі түсінбейді».**

40. «Әли Ғымран» сүресінің 195-аяты: **«Сонда олардың Раббылары тілектерін қабыл етті: «Шын мәнінде Мен сендерден еркек, әйел амал істеушілердің амалын зая қылмаймын. Бір-біріңненсіңдер. Және сондай босқандардың, жұрттарынан шығарылғандардың және Менің Жолымда жапа шектірілгендердің, соғысқандардың, өлтірілгендердің жамандықтарын жасырамын. Сондай-ақ оларды астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземін. Сыйлық Алланың қасынан. Әрине, сыйлықтың жақсысы Алланың қасында».**

Және «Әнфал» сүресінің 29; «Фурқан» сүресінің 70; «Ғанқабут» сүресінің 7; «Зүмәр» сүресінің 53; «Талақ» сүресінің 5; «Тахрим» сүресінің 8-аяттары.

41. «Фурқан» сүресінің 26-28-аяттары: **«Ол Күні шын патшалық Алланикі. Ол – кәсірлер үшін өте ауыр Күн болады». «Ол Күні әр залым өз қолын шайнап: «Әттеген-ай! Пайғамбармен бірге жол тұтқан болсам еді!»-дейді. «Неңдей өкініш маған! Әттең! Мен пәленбайды дос тұтпаған болса едім...».**

42. «Зүмәр» сүресінің 46-аяты: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) «Әй, көктерді және жерді Жаратушы, көрнеу, көместі Білуші Алла! Қайшылыққа түскен нәрселерде Құлдарыңның арасына Сен төрелік етесің»-де».**

43. «Таһа» сүресінің 74-аяты: **«Күдіксіз, кім Раббына күнәкар болып келсе, рас, оған дозақ бар: онда ол өлмейді де, тіршілік-өмір де сүрмейді».**

44. «Әнфал» сүресінің 17-аяты: **«...оларды сендер өлтірмедіңдер, ... Алла өлтірді (Әй, Мұхаммед с.ғ.с.) атқан**

кезде сен атпадың, бірақ Алла атты. Бұл Момындарды жақсы бір сынақпен сынау үшін. Расында Алла – толық Есітуші, өте Білуші».

45. «Кеһф» сүресінің 95-97-аяттары: «Зұлқарнайын: «Раббымның маған бергені бес артық. Сендер маған күш көмегін қылындар, сендер мен олардың орталарыңа бір бөгет жасайын»-деді». «Маған темір тақтайлар әкеліндер», деді. Екі бетті арасы теңелген кезде: «Көріктендер», деді. Ол от болған сәтте: «Маған еріген мыс әкеліндер, үстінен құяйын», деді». «Сонда олар, оны аса алмады да тесе де алмады...»

46. «Ағраф» сүресінің 179-аяты: «Рас, дозақ үшін де көптеген жындар мен адамдар жараттық. Олардың жүректері бар, алайда, олар онымен түсінбейді. Көздері бар, онымен көрмейді. Және олардың құлақтары бар, ол арқылы естімейді. Олар хайуан тәрізді, тіпті, одан да әрі адасуда. Міне, солар – мүлде қаперсіздер».

47. «Әли Ғыман» сүресінің 100-104-аяттары: «Әй, Момындар! Кітап берілгендердің бір бөліміне бойұсынсаңдар, сендерді Иман келтіргеннен кейін қарсылыққа қайтарады». «Сендерге Алланың Аяттары оқылуда әрі іштерінде Алланың Елшісі бола тұра қалайша қарсы келесіндер? Және кім Аллаға жабысса, сонда әрине, ол Тура Жолға түсірілді». «Әй, Момындар! Алладан шынайы қорқумен қорқындар да, Мұсылман болған күйде ғана өліңдер». «Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысындар да бөлінбеңдер. Сондай-ақ, өздеріңе Алланың берген нығыметін еске алыңдар. Өйткені, бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды, Оның игілігімен туысқа айналдыңдар; оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша Алла сендерге Аяттарын Тура Жолға түсулерің үшін баян етеді». «Сендерден жақсылыққа шақыратын, сондай-ақ, дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосатын бір топ болсын. Міне, солар құтылушылар».

48. «Таһа» сүресінің 105-107-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) олар сенен таулар жайында сұрайды. Сонда оларға: «Раббым тозаң қылып ұшырып жібереді»-де». «Оны теп-тегіс жазық қылады». «Сен онда ешбір қия не томпақ көрмейсің».

49. «Бақара» сүресінің 275-аяты: Сондай өсім жегендер, (қабырларынан) жын соққандай есеңгіреп тұрады. Бұл

олардың: «Сауда да бейне өсім»-дегендіктерінің салдарынан. Негізінде Алла сауданы – адал, өсімді – арам еткен. Сонда кім Раббынан насихат келгенде тиылса, өткені өтіп кетті. Оның ісі Аллаға тән. Ал және кім қайталаса, міне, солар дозақтық. Олар онда мәңгі қалады. («Иасин» с. 51; «Мағарыж» с. 43-а).

50. «Таһа» сүресінің 6-7-аяттары: «Көктердегі, жердегі әрі екі арасындағы нәрселер мен **топырақтың астындағы нәрсе Оған тән**». «Сөзіңді мейлі, әшкере сөйле. Расында Ол, сырды да, құпияны да біледі».

51. «Хадид» сүресінің 28-аяты: «**Әй, Момындар! Алладан қорқындар, Елшісіне Иман келтіріңдер! Сендерге мәрхаматынан екі есе береді. Әрі сендерге сонымен Нұр жаратады**. Сендерді жарылқайды. Алла Тағала – тым Жарылқаушы, ерекше Мейірімді».

52. «Нәбә» сүресінің 18-аяты: «**Сүр үрленген Күні топ-топ болып келесіндер**».

Өмір Шындығы – «Фуссилат» сүресінің 53-аятының Шындығы

Аятта: «**Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріңдегі белгілерімізді жедел көрсетеміз**. Расында Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?»-деген. Енді осы белгілерді – Алланың кереметтерін айтайық.

1977 жылдары Ташкенге бара жатып, пойызда Хүсен деген кісімен серік болдым. Төрт-бес сағатқа созылған отырыстағы әңгіменің бір кезеңінде: «Бәле аяқтың астында»,-дегеннен сөз шықты. Сонда ол кісі: «Хасан деген інім-сынарым бар. Екеуіміздің үйіміз қатар. Арамызды егілген жеміс ағаштары ғана бөліп тұр. Таң ертең өріске малдарымызды айдап, падаға қосатын әдетімізбен, бүгін де сыртқа шыққанбыз. Інімнің арақ ішетіні де бар. Жанұясына, басқаға зияны болмағанымен, осындай мал айдап шыққанымызда малын балағаттап, қолы жетсе аямай ұрады. Мен онысын қаламай кейімін. Сонда да сонысын жиі қайталайды. Бүгін де оны әрқашанғыдай сабырлы болуға шақырып, соның ішінде санасыз малға өкпелеудің қисынсыздығын айтып: «Бұл

өміріңде не істесен, барлығы Қияметте сұралады...», - дедім. Ол: «Е, жасым отызға келді. Осы уақыт ішінде сол Қиямет туралы не тарихта оқымадым, не теледидар мен радиодан естімедім. Ол қашан болады? Оған дейін кім бар, кім жоқ?!» - деді. Ақылымды айтып, үйге дейін келдік. Мен үйімнің жанына келгенде, онымен қоштасып, өз үйіме бұрылдым, ол өз үйіне өтіп кетті. Сол арада баж еткендей дауыс естілді. Әлде не гүрс етті. Менің әйелім де, балаларым да үйден жүгіріп шықты. Бір-бірімізге таңырқап қарап қалдық. Ауланы, аспанды шаң қаптады. Байқадым, бұл шошынарлы дыбыс інімнің үйінен шығыпты. Жүгіріп бардым. Хасан есігінің алдында, қолында мал айдағандағы таяғы, аңтарылып тұр. Келін қора жақта жылап жүр. Асханасы жанып жатыр...

Сөйтсек, келін газге сүт толы қазанды қойған. Қорасындағы бордақыға байланған өгізіне жем бермекке шыққан. Өгіз жібіне оралып тұрған. Соны жаздырмаққа ұрынып жүріп, газдың үстіндегі сүтті ұмытып кетеді. Сүт пісіп, қазаннан тасады да жалын өшеді. Газ асхананың ішін жайлайды. Бұдан хабары жоқ, мектепке асыққан қызы, күндегідей сүт ішіп кетпекке асханаға келіп, жарықты қосады. Сол кезде газ жайланып тұрған кішкене асхана жарылады...», - деп, ойламаған жерден інісінің қызы өліп, қасірет-қайғы құшып, содан қорыққан келіні ауруға шалдығып, қазірше ем қонбай, інісінің күйі кетіп, енді берген садақасының да, Аллаға жалынып жылағанының да түк пайдасы болмай жүргенін, мойылдай қап-қара шашының бір түнде қудай аппақ болғанын әңгімелейді.

Қараңызшы, «...**Қиямет сағаты кірпік қаққандай, тіпті, одан да жақынырақ...**» («Нахыл» с. 77-а), - деп, Алла Тағала ескерткендей, Қиямет Хасанның басына қандай тез келген?! Құранның «Хаж» сүресінің 55-аятында: «**Сондай қарсы келгендер, өздеріне кенеттен Қиямет келгенге немесе сәтсіз бір күннің азабы келгенге дейін үнемі Құраннан күдіктенуде**», - деген. Шайтанға ерген және шайтанға ергендерге еліктеген, осы Хасанға ұқсаған сандаған пенделердің көкейінде осы күдіктің тұратыны рас. Олардың Қияметке, діндарлыққа қарсы мақалдарды ойланбай айтатыны да содан.

Бәріміз де пендеміз. Өміріміздің қас қағымда не күйге өзгертетінін білмейміз. Сондықтан сақтану туралы да ойланбаймыз. Осы жерде «Бақара» сүресінің 201-аятына ой бөлейік. Бұл

байға да, кедейге де бірдей ескерту. Аят: «...олардан кім: **«Рабымыз! Бізге дүниеде де жақсылық бер әрі Ақыретте де жақсылық бер. Және тозақ отының азабын көрсетпе!»**...». «Міне олар үшін амалдарынан үлес бар...» (201-аят),-дейді. Мұндағы жақсылығын сұрап отырған **дүниеміз** – Қиямет жеткенге дейінгі тірлігіміз. Ал, **Ақырет** – Қияметтен кейінгі дүниеміз. Себебі, тағдыр жеткендіктен Қияметтен кейін тірлік өзгереді: 1-Қияметті әкелген апаттың садық амалдарымыз құрметіне зиянсыз болуы (1), 2-мүгедектік тағдырға байлану (2), 3-өлім (3). Біз осы үшеуінің қайсысымен қалатынымызды білмейміз. Сол үшін одан қорқамыз. Абройды ойлап, арды ойлап: **«...әрі Ақыретте де жақсылық бер...»**,-дейміз. Қиямет секөңті судан келе ме? Жол апатымен жете ме? Өртте ме? Ұшақта ма? Не басқа жағдайларда тұр ма? Ол бізге жұмбақ. Біздің міндетіміз – бас аман күнде Аллаға Иман келтіріп, құлшылық жасап, игі тілектер тілеу. Сонда біздің жүрегіміздегіні Білуші – Ол, бізді, әрқашан Өзін ескеріп, құлшылықта жүргеніміздің құрметіне өзіміздің көңіліміз қалаған – үялмайтын жағдайда қалдырады.

Енді Алла қаламаса Қияметтен, сәтсіз күннің азабынан ешкім құтқара алмайтынына тоқталайық. «Хаққа» сүресінің 28-29-аяттарында: **«Малым маған еш пайда бермеді». «Күш-қуатым жойылып кетті (дейді)». «Іншиқак»** сүресінің 19-аятында: **«Әлбетте, сендер бір жағдайдан бір жағдайға өтесіндер»**,- деген. Осы Аяттарды оқып отырғанымызда адам баласының басында болатын мынандай бір жағдайлар:

-жалғанды жалпағынан басып келіп, жинағаны түк шарапатын тигізбеген, өмірінің соңы өкініштерге соқтыққан амалсыз қарттың не дертіне ем қонбаған аурудың күйі;

-жастың қартаюы, дені саудың ауруға ұшырауы, байдың кедей болуы, еріктінің тұтқындалуы, жанұялының жалғыз қалуы, лауазымдының жұмысшыға айналуы;

-тосаттан қайғылы жағдайға ұшырап күйзелген тағдырлы адамның хәлі;

-күші тасып тұрған жастығында Ақыретін ойламай асқынып, қартайғанда қадырсыз қалған қарт немесе денсаулығынан да, байлығынан да айырылған жан;

-мал-дәулет жинаймын деп, суықтарға тоңып, шілденің шіліңгер ыстығына қақталып, жауындарға малынып соңында

ауруға шалдығып, еш шипа көре алмай, шарасыз қалған жанның мүшкіл жағдайы;

-шаруа адамның күн көрісіне жаратып отырған малына апат болып келген-індет я жердің шаңы аспанға ақ түтек болып көтерілген құрғақшылық жылдары;

-болмаса өрт, су, алапат боран апаттары келгенде, тағы басқалай жамандықтар жүз бергенде жинаған ақшасы мен малының пайда бермегені ойға оралады. Олардың шарасыз қалған, пақырлық жайы көзімізге елестейді.

Бұлар тарихта адамзат басында болған, әлемде бүгін де болып жатыр.

1991 жылы Қияметті, Ақыретті, ешқандай империяның мәңгілік емес екенін айттырмайтын, адасқандар мен құдайсыздар басқарған кеңес заманы аяқталып, бүгінгі, Имандылыққа кең жол ашылған ағымдағы заман келді. Тірлік ету әдісі бір жағдайдан екінші жағдайға ауысты. Осы заманнан заманға өту кезінде, коммунистердің өтірігіне сеніп, қамсыз жүрген тағдырлы біреулердің үлкен азаптарға тосылып, өмірден түңіліп, дәбдірегеніне куәміз...

2005 жылдан бергі жердегі Үнді мұхитынан көтерілген цунамиді, одан кейінгі жылдардағы өзіміздегі және шетелдердегі су басу, лай көшкіні сияқты апаттарды еске алыңыз... Осы апаттарда жазаға ұшырағандардың ешбіріне байлығы пайда бермеді.

Лайым бізді апат атаулыдан Құдайдың Өзі сақтасын! Бірақ, күнәларымызды, пейілімізді өзімізден де жақсы білетін Алланың қаһарынан алдын ала садақа мен зекет, пітірлерді уақытылы беріп, құлшылықтар жасап қорғануымыз керек («Бақара» с. 48; «Саф» с. 10-11-а). Алланың қаһары келе қалса, байлық арашашы бола алмасын ескергеніміз абзал («Әли Ғымран» с. 91-а).

Алла Тағала: **«Әй, адам баласы! Раббыларыңнан қорқындар және ешбір әке баласы тарапынан бодау төлемейтін, сондай-ақ, ешбір бала да әкесі тарапынан түк бермейтін күннен қорқындар...»** («Лұқман» с. 33-аят), **«Ал, енді қатты дауыс келген сәтте, сол күні кісі туысынан қашады; шешесінен, әкесінен, әйелінен және балаларынан. Ол күні әркімнің ісі ауыр», «Ол күні кейбір жүздің үстін шаң басқан болады»** («Ғабаса» с. 33–37; 40-а). **«Ол күні біреуге**

біреу қарайласуға еш нәрсе қолдан келмейді...» («Ынфитар» с. 19-аят)-дейді. Досқа дос қарайласа алмайтынын да айтады («Мағарыж» с. 10-а). Бұл Аяттардың нақты көрінісін, біз жоғарыда айтқан, 1929 жылдан басталған ашаршылықты көрген кісілер тастықтаған. Олар: «Ол кезде әркім өз басын қамдап, бет-бетіне кетті...», -дейді. Барын бір-бірінен жасырып жейтін күйлерге түсіпті... Өлген малдың, тіпті, аштан өлген баласының не бауырының етін жеген жағдайлар да болыпты.

Соғыс пен сол ашаршылық жылдарына байланысты талай шығармалар, ғылыми еңбектер мен естеліктер жазылды. Оны оқыған кісі бұларды жақсы біледі...

1994 жылдан кейінгі жылдар ауыр болды. Шөлдегі адамдар кеңес үкіметі кезінде жинаған малын жеп тауысты. Кейбіреулері су бойына көшіп келді. Солардың бірі – менің көршім Жәкен. Бір күні енесі қыдырып келіпті. Ол кісімен де таныстым. Жақсы әңгімесі бар екен. Сол кісі елдегі түрлі көшулер жайын тыңдап отырып, бір көршісінің әңгімесін айтты: «Бұл күндерге де шүкір етейік. Елден елге көшсең де, ауылдан ауылға қоныс аударсаң да бала-шағаңмен, үй-дүниеңмен түгел барасың. Қазақстанға көшіп барғандарға ақша береді екен. Неткен жақсы көшу! Ал, қасіретті көшу, баяғыда, кеңес үкіметі енді келіп жатқан заманда өтті», -деп, отызыншы жылдарды есіне алды. «Малдың бәрін үкімет алды. Ел аш. Ол жылдарда мен баламын. Әкем мені арқалап, шешем інімді көтеріп, түнде жаяулап үйден шықтық. Сол есімде. Одан кейінгісін білмеймін, ұзақ күндер жүріп, бір қыстаққа келіп, әкем мен шешем колхозға істеп аман қалдық. Сондағы елдің берекесі мен өзіміздің жасаулы, жасауымен қалған үйіміз хақында шешем өлгенінше айтып өтті. Айтайын дегенім, сол заманда әркім өз басымен қайғы болып кеткені еді.

Кешегі жетпісінші жылдары Әпеке деген үлкен кісі үйге келіп әңгіме айтып отыратын. Атын ешкім білмейді. «Әпеке, әпеке» болып кетті. Жаназасында атын кім деп айтқанын да естімеппін. Сол кісі, Иманды болсын: «Ашпыз. Келіншекпін. Бір балам бар. Күйеуім ауру. Ашаршылыққа ұшырағасын, тіпті, жатып қалды. Байлар ашаршылықтан бұрын-ақ, малын айдап қай-қайдаларға көшіп кетті. Орта шаруа өзіміз сияқтылар да әр кез көшіп, бес-алты үй қалғанбыз. Біз де барымызды ішіп-жеп тауыстық. Үшінші күнді де аш өткердік. Көршілеріміз –

өз ағайындарымыз. Оларда да ештеңе қалмаған. Күн өтпей ме, өтсе де білмейміз бе? Өзімше, үшінші күнді өткеріп, төртінші күнге қарағанда айналадағылардың барлығы біреу-біреу сөгіліп кете бастады. Бүгін мына үйде адам барын білсең, ертең таппай қаласың. Айтпай кетеді. Маған да уайым түсті. Баламды арқалап кетермін. Ауру күйеуімді қайтемін? Ол аштық пен аурудан соңғы күндері есін де білмейді. Дем алып жатыр – жаны бар. Тастап кете алмаймын... Ең соңғы көршім – күйеуімнің туған ағасы, үш баласы мен әйелін ертіп келді. Көздері үңірейіп, ішке тартылып кеткен. Мұңайып тұрып: «Қоштасуға келдім. Жағдайды көріп тұрсың ғой! Енді бұл дүниеде бармыз ба, жоқпыз ба? Қайтып кездесеміз бе?..»-деді. Локсығындай, дауысы булығып әзер шығады. Жалынғанмен алып қала алмаймын...

Олар кетіп бара жатыр. Лаж жоқ бір қапқа өзім көтере алатындай етіп құм салдым да Аллаға жалынып, тәуекел деп, шалқасынан жатқан күйеуімнің аузына бастым. Қозғалған жоқ. Есікті жауып, баламды арқалап әлгілердің ізінен жетіп алдым», - дегенде әзер шыдап отырған мен: «Ағасы сұрады ма?»-дедім. «Сұрады. Өлді. Бетін жаптым,-деп, өтірік айттым. Тоқтап ойланып тұрды да аштан жүрегі тартып бара жатқан соң, ізінен қайтуға беттемеді», -деп күнәсін айтып, жылап отыратын. «Сонда қайда барасыздар?»-десем, «Білмеймін. Әйтеуір, ел кетіп бара жатқасын мас адам сияқты сүрініп-қабынып, құлап қалғанша үмітпен кете береміз. Жолда өліп жатқан адамдарды, балаларды, құлап орнынан тұра алмай жатқандарды, бір адым болса да ілгері жылжи берейін деп, еңбектеп келе жатқанды көрдім. Танығаныңмен біреуіне көмектесе алмайсың. Құлап жатқаны көмек сұрап, қолын созады. Қолыңды берсең, өзің құлайсың...», - дейтін. Әне, Қиямет деген сол...», -деп, Құранның «Нахыл» сүресінің 111-аятындағы: **«Қиямет күні әркім өзін құтқаруға тырысады...»**, -деген хабарды ойға салған естелік айтты. «Қиямет әркімнің өз басында», -деген осы екен ғой!

Және Аяттармен тастықталған Қияметті айтайық. Құранның «Мүззәммил» сүресінің 17-аятында: **«Егер қарсы келсеңдер, балалардың да шашын ағартатын күннен қайтіп сақтанасындар»**, -дейді.

БАҚ-тардан деректер келтірейік. 2005 жылдың 3-шілдесі күні «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында, осы облыстың «Абай»

ауданының тұрғыны, ҰОС ардагері Құдайберген Қарпықов: «...Еденнің астынан түгін шыққанын байқадым. Жақын бардым, балалардың дыбысын естідім. Құтқару керек. Еденді қопардым. Балаларды алып шықтым, жағдайлары нашар! Әсіресе, 13-14 жастардағы қыздың денесінде сығып алар еті жоқ. **Шашы құдай аппақ.** Не болғанын сұрадым. Ол: «Немістер сегіз жасар інімді көз алдымда малша мауыздады. Әкемді қаратып қойып, шешемді бәріміздің көз алдымызда масқаралады. Сол екі азапты көріп тұрғанымда жаным төбеме шықты. Шашым осылай ағарып кетті», -деп, айтты...», -деп, өз көзімен көрген оқиғаны баяндады. Сол жылы «Орталық Қазақстанның» 7-шілде күнгі санында, қарт ұстаз Ғайнолла Қарабалиннің «Жұмбақ адам» атты хикаясы жарық көрді. Ұстаз мұны осыдан 60 жыл бұрын (1945 жылы), соғыс ардагері, ұстаз Өтегенов Нұрмағанбеттің өз ауызынан естіген екен. Үзінді келтірейік: «...Мен онда Донның арғы бетінде, Украина жерінде, партизан отрядында жүрдім. Бір күні жау әскері келіп орналасқан селоны барлап қайтуға отряд командирінен тапсырма алып, екі кісі сапарға аттандық...». Орман шетінде немістер екі көзін ойып алған қартпен кездеседі. Қарт: «...Еділ жағасындағы қалада төрт бөлмелі үйіміз болушы еді. Тұтқиылдан бұрқ еткен соғыс өртіне душар болдық. Қаламызға жау төнді. Қайғы-қасіретке ұшыраған қала халқы шұбырып шығысқа кетіп жатты. ...шығысқа жол тартқан көршілерді Еділден өткізіп, кешке үйіме қайттым. Келсем үйім жоқ, жанып жатыр. От ішінде өліп жатқан кемпірімді және келінім мен немеремді көрдім. Жүрегімді қайғы торлады. Мен енді партизан отрядына кеттім... Осыдан алты күн бұрын ойда жоқта...жалғыз ұлым Петяға кез болдым. Соғыс басталғалы хабарсыз едім мен одан... Баламмен бір болуға командирден рұхсат алдым. Ымырт жабыла жау жатқан селоға тартып кеттік. ...Селоның шетіндегі бой тасалайтын әйелдің үйіне келдік. ...табалдырықтан аттай бергенімізде, желкеге қона түсті, аңдушы дұшпанның бір тобы. Біз қолға түстік... Бірінші түннің өзінде-ақ, алдау, арбау, қорқытудың ...бізге дарымайтынын сезген жендет азап пердесін ашты алдымыздан. Тырнақ астына ине тықты, жалаңаш етке темір қыздырып басты, жалаңаяқ қар бастырды. Екеуімізді екі бөліп суық сарайға қамады... Баламның шыңғырған дауысы есітілді бір уақытта...

Қарсы алдымда балам тұр. Алғашқы көргенімде тани алмай қалдым мен оны. Үсті-басы өрім-өрім, бет-ауызы жосадай қан, **шашы аппақ**. Төбесінен аққан қарақошқыл қан сол ақ шашты қуалай өтіп, самайға құйылыпты да сағал-сағал боп тұтасып қатып қалыпты...», -деп, қарт баласы мен екеуінің көрген азабын әңгімелеген.

Ой, жалған-ай! Сол қарт соғыстан бұрынғы жайма шуақ күндерде, өмірімде бір күні осындай күйге түсемін, деп, сірә ойлап па?! Әлбетте, жоқ.

Себебі, ол да біз сияқты қам сүт емген пенде. Алайда, оның айтқан әңгімесі – «Нахыл» сүресінің 77; «Нәміл» сүресінің 72-аяттарының Шындығы, біздің қамсыздықтан сақтануымызға сабақ. Расында, Алланың Жолымен жүрмейтін болсақ, жоғарыдағы Аятта айтылғандай-ақ, балалардың шашы ағаратын Күннен құтылу жоқ. Жалғаншының тірлігінде Өзін ескермегеніміз үшін күллі әлемдердің Иесі – Алла онымен бізді кездестіреді.

Осы 1941-45 жылғы соғыс Қияметтің және бір ірі белгісінің мысалын ұсынады. Құрандағы «Тахрим» сүресінің 6-аяты: «... **отыны адамдар мен тастардан...**» болатын (4), дозақ отынан сақтануды ескертеді. Мұны оқып отырғанда фашистер қолданған Бухенвальд, Освенцим концлагерлері еске түседі. Ол лагерлердегі пештердің отыны – соғыс тұтқындары, кеңес үкіметінің қолға түскен жауынгерлері болған...

Міне, бұлар – Қияметтің нақты қасіреттері. Қияметтің жердің үстінде болғанының дәлелі. Тарихшы, ақын марқұм Құлмахан Қалиев: «Соғыс жылдары. Төрт-бес жасар баламын. Ерте көктем – жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін кезі. Аштықтан есеңгіреп, күннің шуағымен бұтаның түбіне өскен көк шөпті жұлып жегенім есімде. Содан есімді білмей ауырдым...

Шаруашылықтар өндірген нанын да, еті мен сүтін де жоғарыға жөнелтеді. Бастықтар: «Жоспар толсын!»-деп, аңдысып, бір жұмысшыға бір қысым бидай не басқа азық алдырмайды. Үкіметтің өлшеп бергені жұтқыншағыңда қалады. Ел аш. Адамдар мас адам сияқты жүретін. Қай жерге нені қойды, ұмытып қалатын.

Шешем ұжымшардың қойын сауады. Мен мәрі қосақталып жатқан ала сапыранда анамның қасына барамын. Оны біреу білсе,

біреу білмейді. Сонда анам, бастықтардан жасырып қойдың бауырына кіргізеді. Қойды еmemін. Олардың кейбірі тебеді...

Небір ауыр күндерді өткердік қой! Малға беру үшін әкелінген кебекті, күнжараны тамақ орнына жеп ісіп өлгендерді де көрдік. Талай үйлер қаңырап бос қалды. Ана жерде-мына жерде де адамдар өліп жататын. Ешкім үрейленбейтін, қорықпайтын. Біреуге біреу қарайласу жоқ («Лұқман» с. 33; «Ынфитар» с. 19-а). Әркім кара басымен әуре... («Нахыл» с. 111-а).

Айтатыны жоқ, ол осы молдалар айтып отыратын Қияметтің өзі еді!» - дейтін, балалығын есіне алып.

Бұл оқиғаларды Құранда айтылған Қияметтің сипаттарымен салыстырып қарасақ, 1929 жылдан бастап, 1948 жылдарға дейінгі аралықта да бір Қиямет заман өтіпті.

Қиямет пен Ақырет жайлы осы күнгі жастардың білгеніне өте алаңбыз. Өйткені, олар – еліміздің келешегі. Өкінішті жері, еліміздің геосаяси орналасуы мен ғайридіндердің тұрпайы үлгісі, түрлі теріс ағымдар мен ғаламтордағы теріс насихат оларға бірнеше қиындық тудыруда. Олар, тіпті, оларға қамқоршы ата-анасы да баласын Ислам Жолында тәрбиелегісі келгенімен кімге сенерін білмейді...

Алайда, үздіксіз ізденгендер Тура Жолды табуда.

Тақырыбымызға тікелей қатысты 1990 жылы туылған Жігіт есімді Жігіттің өмірін әңгімелейік. Ол мектеп бітіргенше қамсыз – тамақтан, киім киюден, тағы басқа өзіне керектілерінен тарлық көрмей өсті. Мектеп бітірді. Енді қайда бару керек? Үйде бос жатқан ата мен анадан да, бауырлары мен сыныптастарынан, таныстарынан да ұят. Қоғамдағы өзінің орнын табуы тиіс. Міне, бұған ой түседі. Оқымақ болды, бастан Алланы ескере бермейтіндіктен Алла қаламады. Ата-анасы мен көпшіліктен ұялып, Құранның «Назиғат» сүресінің 9-аятында суреттелгендей, көзі (жүзі) төмен қарап, үйіне келді. Жұмыс іздеп бармаған мекеме, ұйымы жоқ, олар арнаулы мамандығың жоқ, деп қабылдамады. «Сәжде» сүресінің 21-аятында айтылғандай, сәтсіз күндер кезікті. Жұмыссыз не оқусыз жүргеніне ұялғаннан ұйықтай алмай тынышсызданды. Үйде отырмайды – жұмыс іздеп **тік аяғында зымырайды**, бір бастықтарды күтіп, сағаттап **тік тұрады**. Кешке сілесі қатып, үйге әрең жетеді. Ләйлулеп жүру мүлде қалды. Осы сәтсіз күндердің өзі ол үшін **Қиямет**.

Бір мекемеден жұмыс табылды. «Уф! Ақыр бір жұмыс табылды-ау! Жұмыссыздық азабынан құтылдым-ау», -деп, мамандар бөліміне құжаттарын ұсынғанда, туылғандығы туралы куәліктегі тегі мен аттестатындағы тегі сәйкеспеді. Мектеп пен ауыл әкіміне барып еді, олар бұл ауданнан бітеді, деді. Аудан бұл жерге 300 шақырым. «Хаж» сүресінің 22-аятында баяндалғандай, «дозақ» бинетінен құтылдым-ау, деген кезде, оған қайта құлады.

Мұның бұл **тік тұруға** ұшырағаны, бастан Алланы ескермей, ата мен анасына сеніп, қамсыз өскендігінен. Аттестатын алған кезде, туылғандығы жайындағы куәлікпен салыстырғанда немесе аттестат жазылмастан бұрын, тегінің дұрыс жазылуын қадағалағанда бұлай болмас еді. Ол ата-анасына сенді. Олар да пенде. Білмеді. Егер ата-анасынан гөрі, Аллаға көбірек ықыластанғанда, Алла есіне салар еді.

Намыс отына күйіп шырылдаған жанына жұбаныш таппақ ниетпен, әкесі сатып алған, Құранды оқуға кірісті. Алдымен дәрет алды. «Бақара» сүресінің: «(Мұхаммед с.ғ.с.) оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады. Нендей қайыр берсеңдер де, өздерің үшін; Алланың ризалығын тілеп қана берсеңдер, Алланың Жолында берген қайыр өздеріңе толық төленеді әрі сендерге әділетсіздік етілмейді» (272-а), -деген ескертуін оқығанда: «Мені Алла қалай ма? Оны қайдан білемін? Берген қайырым да жоқ! Бермей, алалмайды екенсің ғой! Менде беретін не бар?» -деп, бұған да ойланып, Кітапты жайына қоймақ болып орнынан тұра бергенде Алла есіне: «...біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз», -деген 156-аятты салды. Бұл құблаға бұрылып, күбірлеп: «Тіршілігіміз де, құлшылығымыз да, өліміміз де Алла үшін. Уа, Раббым! Тура Жолыңа сал! Мені жалғыз қалдырма!» -деп жалынды...

Орынсыз ойлармен ақылды, сабырлы Жанын мерткітіріп алмау үшін, оған пана іздеп мешітке барды. Алдымен тек кешке баратын еді. Ары азаптанған сайын, қиналып, бос уақыттарында, әсіресе, ақшамнан құптанға дейін мешіттен шықпай уағыз тыңдап, тілек тілеуді дағдыға айналдырды. «Өмірім сәтсіз басталатындай, күнәм не екен?!» -деп имамның насихатының арасынан сұрағына жауап іздейді. Имам өткен жолғы уағызында: **«Әй, адамзат! Негізінде сен Раббыңа қарай тырыссаң, Оған жолығасың»** («Іншиқак» с. 6-а), -деген Аятты оқып,

ізінен: «Жақсылық та, жамандық та Алладан. Сендер шын жүректеріңнен, Кәлима келтіріп, Аллаға жақындауға ниеттеніп, дәретпен жүріп, құлшылық жасап, Құран жаттап Аллаға ұмтылсаңдар, Алла жүректеріңді түзеп, Өзіне тартады...», - деді. Сонда бұл: «О, Алланың қалауына жету үшін, шын ниетпен ұмтылу керек екен ғой!» - деген ішінен. Осы түнгі уағызда, ілгері – алдын ала бір жақсылық жолдауды, көркем қарыз беруді (5) есітіп, оның мәнін сүміріп тұрып, санасына сіңіріп алды.

Қараңғы түнді жарып үйіне асығып келе жатып, имамнан есіткендерінің ішіндегі көркем қарыз бен «...Әлде біреу сараңдықтан сақтанса, солар құтылушылар», - деген қатарларды ұмытпау үшін күбірлеп қайталайды. Айлықшы болар болса, сараңдықты ауыздықтамақ. Сөйтіп, сәтсіздіктерден құтылмақ.

Құдай сәтін салған бір күні, жекеменшік бір фирмаға жұмысшы болып орналасты. Ол, таңнан кешке дейін тындырмай істетіп, мемлекет белгілеген ең төменгі айлық жалақы мөлшерінде еңбекақы береді. Оны да екі бөліп, арасында бірге істейтін әріптестерінің туылған күнінде, мемлекеттік мерекелерде, ұжыммен басқосып отыру үшін, ортақ кассаға ұстап қалады. Қала әкімі тапсырған деп, қалалық, облыстық және республикалық бас газетке жазылуға мәжбүр етеді. Айлық табысы жетпейді. Өзін он жеті жыл бойы баққан әке-шешесіне көмектесе алмай, әкелген ақшасының аздығына да қысылып жүр. **Қиямет** бинетінен шыға алмай қиналуда. Алладан тілейді, айлығынан садақа да беріп тұр. Бірақ, басына іс түскесін тілеп жатыр ғой («Мұхаммед» с. 18-а). Оның алдынан беріп қойған көркем қарызы жоқ. Тепе-теңдікті (6) ұстаушы Алла оған, біреудің несібесінен бермейді ғой! **«Адамзат еңбегіне жараса ғана табысқа ие болады»** («Нәжім» с. 39-а). Қазынасы мол болғанымен барлығы мөлшерлеп, өлшеп қойылған (7). Қазақтың: «Жаяудың несібесін аттылы жей алмайды», - дегені осы.

Сыныптасының әкесі кен қазушы болып істейтін. Онымен бірге істейтін адам зейнеткерлікке кетіп, орнына жас жігіт іздепті. Әкесі баласына: «Сыныптастарыңнан, біздің жұмысқа жарайтын кім бар?» - деп сұраса керек, ол бұған келіп айтты. Бұл фирмандан жұмыстан босады. Кен қазумен айналысатын фирмаға, екі апта демалыссыз істеп, екі жеті демалатын жұмысқа орналасты. Мұның айлық жалақы төлеуі жақсы. Бірақ, жұмыс ауыр – лай мен

судың ішінде жүреді. Өзіне тағы бір қолайлылық туғаны – екі апта бос күнінде осы саланың оқуына дайындалатыны. Арман үлкейді. Кітаптан бас алмайды. Уақыты келіп, әскерге кетті. Бір жылын өтеп, сол кен қазатын фирмасына жұмысқа қабылданды. Жазда оқуға да түсті. Енбегімен де, әдемі, байсалды мінезімен де ортаға ұнаған ол, Аллаға да жақты. Себебі, бұрыннан көркем қарыз беріп қоймағанына өкініп, бос уақыттың обалынан қорқып, мешітпен байланысқалы өзін жақсы сезінеді.

Үшінші курстан-ақ, сол фирмаға инженерлік етті. Яғни, **Ақыр** мақсатына жетті. Міне, осы **Ақыр** – Қияметтің бинетінен кұтылу үшін **тік тұрудың нәтижесінде**, көздеген жақсылыққа жеткерді. Енді бұған бұл лауазым, бұл мамандық сынақ үшін берілді. Иmandылықты – ұятты алдына қойып, ізінен жүріп, заңмен істесе, ол – баянды бақыт!

Жігіт ата-анаға сенген балалығынан қайтты. Алланың оған мөлшерлеп жазған тағдырында намыс ылғалы бар еді. Соны анасы бала кезінен, Иmandылық бағытындағы кеңестерімен жиі жанып отыратын. Өзі де Құранды оқығалы өзін көркем мінезділікке бейімдеді. Кәлимасына лайық амалдармен жүрді. Осы мәрттігі Жігіттің Алланың Жолын табуына, дүние сынағынан оң нәтиже шығаруына көмектесті.

Бәлкім, Құранның «Жүсіп» сүресінің 109-аятындағы: «...**Әрине, Тақуалар үшін Ақырет жұртты қайырлы...**», -дегені, көздеген биігіңе жетіп, Рухыңның тыныш болуы, әрине. Жігіт сол тыныштықты тапты.

Иә, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) көркем мінезін игеріп, садақа, зекет беріп, сабыр ете жүріп, намазбен тілеу – әрбір қиындығымызды шешу жолындағы Алланың Өзі үйреткен дұрыс амал.

Енді Жігітпен бір ауылда туылып-өсіп, мектепті бірге тәмамдаған Масылбектің тағдырын баяндайық. Ол намысшыл болмады. Керісінше, әке-шешесіне көмектесе алмай, жұмысқа өтсейші, деген оларды да, жұртты да алдап, тойдан-той қалдырмай, төбелеске де араласып, елдің наласына қала бастады. Жылдар өте берді. Әскерге де кетті. Ол жақтан түзеліп келе ме, деп еді ел, бұл үміт те әдіре қалды. Баяғы жүріс. Бір күні ақшаға зарығып, біреудің үйіне ұрлыққа түсіп, ісі әшкере болып, **Ақыр** қамалып тынды. Бұл – тағдыр. **Ақырет**. Нашар тәрбиенің **соңы**, есепсіз жүрістердің **нәтижесі**, ұрлықтың қолға

берген **қорытындысы**. Ал, әкесі мен шешесі, туыстары елдің көзіне түсе алмай, жерге қарап қалды («Назигат» с. 9-а). Бұл – олар үшін бір **Қиямет**.

Жаза мерзімі де әне-міне дегенше өте шықты. Бастан лақауалыққа, жалқаулыққа бой алдырған ол, жұмыс іздеуге құлықсыз-тын. Тіпті, әкесі, туыстары тауып берген жұмысқа да бармады. Алла «Сәжде» сүресінде айтқандай, дүниенің азабын (жұмыссыздық, түрме) беріп, сынап көрді, ол райынан қайтпады. Алла оны шайтанның еркіне тастады («Зұхрұф» с. 36-а) **Ақыр** қаңғып кетті...

«Жүніс» сүресінің 100-аятында: «Алладан бұйрықсыз ешкімнің Иман келтіруі мүмкін емес. **Алла азапты ақылын жұмсамайтындарға береді**», -деген. Ақылды адам, Алласыз іс бітпесін тез түсініп, Жігітке ұқсап, алдымен Алланы ойлап, іздейді. Құлдарынан хабардар, жүректердегіні Білуші Субханалла Тағала, оның талабына, ниетіне қарап, жүрегін ашады, яғни, Иман келтіруге бұйрық береді.

* * * * *

Бір ата үш қыздың ізіне ерген, жалғыз ұл немересін, тым еркелетті. Бір сөзін екі етпеді, бала кезінен жасына қарай, түрлі белесебет, кейін мотоцикл алып берді. Әскерден келгеннен кейінгі сыйы – жүйрік жеңіл мәшін болды. Ой зымыратып айдайды! Полиция талай мәрте айып пұл да салды, ескертулер де жасады... Сонда да «құстай ұшқанын» қоймады. Бір күні өзінен де «жынды» біреу кездесті де үлкен жылдамдықпен келіп, екеуі бетпе-бет соғысты. Тынды. Немересін бетінен қақпаған ата да, әке мен шеше де **Ақыр** соңында үлкен қайғыда қалды.

Құранда «...**Әрбіреудің істегені өзіне тән. Біреудің күнәсін біреу көтермейді...**» («Әнғам» с. 164-а), -деген және бұған қарсы, «Әнфал» сүресінің 25-аятында: «**Және сендерден жеке залым болғандарға ғана кесірі тиіп қалмайтын пітнәдан сақтанындар. Сондай-ақ, Алланың қатты азап Иесі екенін біліндер**», -деген. Атаның немересін шектен тыс еркелетуінің кесірі, өзіне және немересіне ғана емес, немеренің әкесі мен шешесіне де, бауырларына, нағашыларына да тиіп кетті. Сондықтан мұндайда, «Мәида» сүресінің 79-аятын еске алып, оңашасында ретін тауып атаға да, атасы жоқ жерде балаға да бетіне кетіп бара жатқанын, бұл кетістің **соңы** жақсы болмасын

айту ләзім еді. Айтпады, **Ақыр аяғында** жалғыз ұлынан айырылып қалды. Тұқымы қиылды...

* * * * *

Міршә жасынан жұлмыр болып өсті. Мектепте әйтеуір оқушы санында жүрді да, сегізінші сыныпты бітіргеннен, трактор жүргізушілерін дайындайтын оқуға барды. Оны түгеткен жылы әскерге алынды. Екі жылда дене бітімі жағынан мықты жігіт болып келді. Еш жерге жұмысқа өтпеді. Тауға барып, немере туысқан малшы ағаларына көмек берген болды. Айына екі-үш мәрте ферма меңгерушісі келеді...

Бұл соның жанында, шайына қол жалғап, арағын құйып беріп қызметін қылады. Айлық жалақының мерзімінде ферма меңгерушісі есепшісі мен кассирін ертіп келіп, шопанмен есептесіп, ізінен құмар ойнайды. О бастан нәпсі қалауын іздеп жүретін бұған, көлденең олжаға батыратын бұл ойын мен арақты отырыс өте қатты ұнады. Бұл осында жылға жақын уақыт жүріп арақ ішуді де, құмар ойынын да бір адамдай меңгерді. Мәртебесі бұрынғысынан да артты. Нәпсі арамдықтың жолын ойлаттырды. Шопан ауылымен қоштасып, қартадан ұтқаны бар, ағаларының қалтасына салғаны бар, біраз ақшамен ауылға келіп, үйленді. Сосын аудандық тұтынушылар қоғамына жұмыс сұрап келіп еді, оның келбетіне қарап: «Саған тракторшылық лайық емес, сен дүкенші болуың керек»,-деп алыс фермаға дүкенші қызметіне жіберді. Мұның да іштей тілегені осы еді...

Мұнда келгеннен, бишарасынып жүріп, битаныс халыққа сіңісу жағына көп ауып, әбден сенімді адамдар санатына кірді. Ол заманда арақ ішу – сән. Құмар ойынына үкімет тиым салғанымен, халық аса қарсы емес. Ауылда құмар ойыннан, алдыңғы топтағы ойыншылар құрамында жүрді. Байыды. Алдымен «Иж-Планета» таңбалы мотоцикл сатып алды. Мұны мініп, шопандардың отарына барып ойнайтын әдет шығарды. Арадан үш-төрт жыл өтті. Бұл өте бай, мықты құмарпаздармен ойнайтын дәрежеге жетті. Мұның даңқын есіткен көрші елдің (КСРО кезінде республикалардың арасында шекара жоқ еді) құмарпаздары іздеп келіп, айдаладағы бір шопанның үйінде ойнады. Түн жарымынан ауа, көрші елден келгендердің ақшасы таусылып, олар: «Сен кетпе! Біз ауылға барамыз да, ақша алып келеміз...»,-деді. Бұларды шығарып салғаннан **соң**, ол, уәдені бұзып арамдыққа барды – ор-

тада үюлі тұрған ақша мен ойын басталғалы ұтқан ақшаларын, бір қапқа салып, ферма орталығына тартты, оларды күтпеді...

Дүние ісіне пысық Міршәнің, осы жүрісі жалғаса берді. Мәшін мінді, үйін үлкейтіп, жаңадан құрды. Ол Құранның «Әли Ғымран» сүресінің: «(Аяттарымызға) **қарсы болғандар, Біздің мұрса беруімізді** (өздерін еркіне қоюымызды), **өздеріне қайырлы, деп ойламасын. ...күнәларын арттырсын, деп қана мұрса – орай береміз. Сондай-ақ, олар үшін қорлаушы қинау бар**», -деген 178-аятын есітпегенмен, «Әр нәрсенің шегі бар», «Көп асқанға бір тосқан», «Жақсы асын жейді, жаман басын жейді», -деген мағынадағы мақал-мәтелдерді естіп өскен – біледі. Бірақ, жетесі қабыл алмайды.

Шөлді қойып, аудан орталығына көшіп келді. Қоғамның қосалқы мал шаруашылығы бар еді. Соған бастық болды. Арадан бір жылдай өткенде, КСРО тарқады. Жекешелендіру науқаны басталды. Қоғам мүшелерінің жалпы жиналысының **қорытындысында**, бұл қосалқы шаруашылық Міршәдан бұрынғы бастыққа тиесілі болып шықты. Бұл шешім Міршәға ауыр соқты. Қарап қалмай – қарманды. Біреулерге ақша беріп, жолын тауып, **Ақыр** қосалқы шаруашылықты алатын болды. Ақша алғандар құжаттарды қайта рәсімдеп, қайта **есеп-кітапқа** келгенде, әуелгі бастық заңға тартылып, жалған құжаттардың кесірінен түрмеге кетті. Шаруашылық Міршәнің меншігіне тиді. Әкесі жинап бергендей, мыңға тарта қойға, түйе, жылқы, сиырға ие болып қалды.

«Іншиқақ» сүресінің 13-14-аяттарында суреттелгендей: «..., **ол үйінде мээ-мәйрам...».** «Аллаға қайтпаймын, деп ойлады». Өзінше: «Біреуді нақақтан, ақшаның, таныс-білістің күшімен қаматып, обалына қалдым-ау! Алдағы бір уақыттарда мұның да сұрауы болар-ау!»-деп ойламады. Ол Алланың, райынан қайту үшін, өзіне мұрсат бергеніне, «...**Раббы оны көздеуде...**» екеніне («Іншиқақ» с. 15-а) – мұрсат берген күнін санап отырғанына мүлде ой бөлмейтін.

Түрмеге кеткен де құр жатпай, ізденіпті. **Ақырында** өзінің жазықсыз екенін дәлелдеп, бір жарым жылда шығып келді. Бұл кезде Алланың Міршәға белгілеген күнінің саны толған еді («Мәриям» с. 84-а). Сырлар ашылды («Тарық» с. 9-а). Міршә оңай ғана жолмен оның орнына түрмеге түсті – Аллаға қайтты

(«Мәида» с. 48-а). Күнәсінің – қылмысының жазасы кемітілмей толық берілді. «**Дозаққа жығылған сәтте жинаған малы өзіне пайда бермеді**» («Ләйіл» с. 11-а), демекші, байлығынан да, малынан да, туыс, ағайын, тамыр-таныстан да көмек қолын созған жанашыр болмады. Ол, «**...бір жағдайдан, бір жағдайға...**» өтті («Іншиқак» с. 19-а). Ел бұған аң-таң. Бұл үш жылдан соң, түрмеден келді. Ауруға шалдығыпты. Сол аурумен арпалысып жүріп, **соңында жарық дүниемен де қоштасты. «...істегендерінің пайдасын көрді ме?»** («Мұтаффафин» с. 36-а). Түрме – жалған құжатпен бастықты қаматқаны үшін, берілген бұл дүниенің азабы, ал, алдында мектеп бітірген жылдан бергі уақыттардың сұрағы тұр...

Бұл жеке адамның басындағы тағдырлар. Ал, енді осыны мемлекеттік көлемде алып, Сириядағы жағдайдың о бастағы туындау себебімен, яки, басшылардың не Патшалардың бір-бірін менсінбеуімен байланыстырсақ, соғыс тұтанады. Соғыс жазықсыз халыққа салмақ салады. Балалардың шашы аппақ болатын күн де; отыны адамдар мен тастардан болатын дозақ оты да; әке балаға, бала әкеге қарайласа алмайтын; әйел баласын емізген, емізбегенін ұмытатын; буаз жандықтар іш тастайтын; Аллаға топ-топ болып баратын күндер де сол кезде туады.

Құран адам баласының өзіне өзі зұлымдық қылатынын көп қайталаған. Мәселен, атом бомбасын атақ-даңқ үшін – өзінің білімділігін көрсету үшін бір адам ойлап тапса, оны 1946 жылы Жапон елінде қолдану – миллиондарға қасірет алып келді. Сол сияқты осы күнгі адамзаттың дүние байлығына құнығуы да, өзін асырап, өзін қорғап отырған, Алла берген нығметтерге – табиғатқа опасыздық жасаумен ғана шектеліп келеді.

Қорытып айтқанда, біз күнәміздің барын білеміз. Бірақ, қайсысы кешірілді (8), қайсысы «Фурқан» сүресінің 70-ші, «Ғанкабүд» сүресінің 7-аяттары бойынша теңестірілді (9). Оны білмейміз. Бәлкім, «Әли Ғымран» сүресінің 178-аятының үкімінде жүрген болармыз (10). Сондықтан, «**...кенеттен, хабарсыз азап келуден бұрын...**» («Зүмәр» с. 55-а) Жігіт сияқты Құранға, Мұхаммед (с.ғ.с.) айтқан Жолға түсейік. Осы Жолмен ғана жүрейік. Осы Жол ғана бізді құтқарады...

Қиямет жайын қанша айтқаныммен жеткере алмағандай боламын. Бейбітшіліктің, тоқшылықтың қадірін білмейтіндерге, ашаршылық пен соғыс, отаршылдық қасіреті туралы кітаптар мен БАҚ-тардың өнімдерін оқымайтындарға, қас қағымда «...кенеттен, хабарсыз...» келгелі тұрған тағдыры туралы ойланып, шүкірлер айтып, оңға қарай аяқ баспайтындарға ашынамын...

Күнделікті поштамен келген «Егемен Қазақстанда» осы айдың басында, осы газеттен оқыған, «Сарғайған сурет сыры» атты мақалаға (Зарқын Тайшыбай, 1-қазан 2016 ж), Сәтбаев қаласының құрметті Азаматы Серік Орал жазған толықтыруға көзім түсті.

Газетте: «Смағұл Сүлейменұлы Қазбеков Мәскеудегі Тимирязев атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық академиясының түлегі, ВАСХНИИЛ-дің Ташкенттегі Орта Азия және Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының селекционерлік бөлімін басқарады. Смағұл Сүлейменұлы Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасовпен достық қатынаста болған. Тіпті, Мағжан Жұмабаевтың Смағұл Қазбековке арнаған өлең шумағы да бар. Смағұл Қазбеков ұстазы, дүние жүзіне әйгілі академик Н. И. Вавиловтың жетекшілігімен Қазақстандағы ең алғашқы агроно-ғалым, биолог-генетик дәрежесіне жетеді. Н. И. Вавиловпен бірге ботаникалық-агрономдық экспедицияның құрамында АҚШ-тағы Чикаго қаласына іссапармен барып келгеннен кейін, 1937 жылы «үштіктердің» үкімімен «халық жауы» деп жазықсыз тұтқындалып, 1938 жылы 19-ақпанда Шымкентте ату жазасына кесіледі», - деген.

Қараңызшы! Қанша атақ-даңқы бар, атағы жер жарған ұстазы мен дос-жараны бар адамның тағдыры не болды?! Осы күнгі, Қияметтің тездігін ойлай алмайтындар кіміне сенеді екен?! Әрі қарай оқиық.

«Мағрифа анамыз күйеуі жазықсыз айыпталып, қамауда отырғасын, ішкені – ірің, жегені – желім болып, жанын қоярға жер таба алмай, мұнын шағатын жан таба алмай қиналады. Кешегі дастархандас дос-жарандар, туған-туыстар теріс қарайтын заман туды. 1938 жылы шілденің 28-інде, 10 жасар ұлы Ерденді жетектеп, құндақтаулы бес айлық Еркені көтеріп, Шымкенттегі түрмеге келгенде, жендеттер балаларын қолынан жұлып алып,

Мағрифа анамызды да түрмеге қамайды...», - дейді. Қандай аянышты тағдыр?!

Құран дозақтағы Періштелердің жуан денелі, айтқанды орындайтындар («Тахрим» с. 6-а) екенін айтқан. Бәлкім, мына түрмедегі жендеттер – тап солардың адам сұлбалысы болар. Ананың қолынан сәбиін тартып алу деген, жүрегінде мейірім сәулесі бар адамға лайық амал емес.

Бұл – сол жылдардағы бір Смағұл, Мағрифалардың басындағы тағдыр емес, мың-мыңдаған адамдарды күйзелткен азап еді. Құдай қайтып адамзат баласының алдына келтірмесін!

Теледидарда жолбарыстың киіктің лағына мейірім қылып, қоя бергенін де тамашаладық. Демек, мейірім жыртқыш хайуандарда да бар екен. Ал, неге адамда жоқ? Мұның екеуі де (жыртқыштың мейірімі де, адамның қатыгездігі де) Алладан келген үкімдер! Сондықтан Әл-Қаһару Алладан үкім келмей тұрып, Құран тиған шайтанға еру – адасқандарға еліктеу (9), дүниеқұмарлық (10) тәкаппарлық (11), саунабаздық-зинақорлық (12), өсімқорлық (13), паракорлық (14), екіжүзділік (15), уәдешілдік – уәдепаздық (16), құмарпаздық, араққорлық (17) сияқты Имандылыққа, Адамгершілікке, Азаматтыққа, Жігіттікке, Парасаттылыққа, Әкелікке, Аналыққа, Аталық пен Әжелікке лайық болмаған надандықтардың барлығынан қашпақ керек. Олардан жүректі таза сақтау ләзім. Мұның **ақырғы нәтижесі** – бақытты өмір, одан әрісі Бейіштің төрі болмақ!

Иә, ғайридінді – ғайридін дейміз. Бірақ, солардың арасында әділдік пен ғылымшылдық, өзара түсіністік бізден басым; неге сөз берсе, оны екі етпейді. Біздің бес мезгіл намаз оқып, бір ай ораза ұстап, зекет беріп, қажылықты өтеп, өзін өзінше Аллаға жақын адамдай көрсетіп жүрген, бірақ, уәдесінде – сөзінде тұрмайтын, мақтаншақ, ғылым ізденбейтін жалқау, қызғаншақ діндарсымақтардан бұлар көп артық, әрине. Алла уәдені, сертті, келісімді міндетсіз және кешіктірмей орындауды тапсырған. Тақуалықтың ең маңызды белгілерінің бірі осы – уәдеде тұру!

Бұл жалғанда пенденің алдында екі жол жатады. Біріншісі, Ақыреттің Жолы. Оның жөн Көрсетушісі, Ақылшысы, Кеңесшісі – Алла, Құран, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүндеттері, сахих хадистері, Тақуа ғалымдар, Тақуа имамдар, Имани ой-пікір – Нұрлы ақыл. Ал, бұл дүние жолының жетекшісі, ақылшысы,

кеңесшісі – шайтан, нәпсі және соларға құл болып, ар-ұяттан безген кейбір замандастарың. Демек, Ақыретке Тура Жол Көрсетушілерден, бұл жалғанның былығына бататын жолын үйретушілер көп әрі қасыңда. Оларды көзіңмен көріп, сөйлесесің, қол алысып амандасасың, құшақтасып сүйісесің – өзіңмен бір үйде бірге жасайды; бір мекемеде бірге жұмыс істейді; бір салада бірге оқиды; тіпті, біреуі өзіңмен бір төсекке де бірге жатады... Олар көп әрі жаныңда.

Осы дүниеге қызықсаң, Алла сені соларға тастайды да, Ақыретте де сенімен ісі болмайды. Соңында сенгендеріңнің барлығы өзімен өзі болып кетеді де, сен қор-зар тағдырмен қаласың. Ал, Ақыретке ынтық болсаң, өзіңе көрінбейтін, бірақ, бар Алламен бірге жақсылықтан жақсылыққа, жеңістерден жеңістерге жете бересің, өміріңнің ақыры мазмұнды аяқталады. Ақырет сыйы дегеніміз – осы!

Енді Алланың Құлдарын Қияметте алдына жинайтынына да өз түсінігімізді айта кетейік. Жер бетіндегі кезкелген адам, тіпті құдайсыздар да, аурудан жаны қиналғанда, жол апатында, өртте қалғанда, тағы қалай ажалмен беттескенде, түрлі шарасыз жағдайларға ұшырағанда шартты түрде Алланы есіне алып жалынады. Бұл – жер үстіндегі шарасыздардың, Алланың алдына, Алланың Өзіндік жинауымен (18) жиналуы. Олар күн сайын жиналып та жатыр. Біз оған мән бере бермейміз (19).

Бұлардың: аманшылықта Өзін ескеріп жүргендеріне кешірімдер болып, олар арашаланып, Өзінің Сөздерін сыйламай шайтанға ергендер жазалануда.

Бұдан шығаратын қорытынды, Қияметтің қашанда болатындығын ескеріп, тыныш заман мен тойған күнге мәз болып жүре бермей, Құранда айтылғандай, Оның келуін өте жақын көру, құлшылықтан жаңылмай, тиымдардан тиылып, көптеп сауаптар жасап, Аллаға көркем қарыздар беріп, жалғаншыда мазмұнды өмір сүру – алдағы жұмбақ замандарға, тағдырға қамдану болар (20).

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): «Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...». («Бақара» с. 272-а) «Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік. («Фурқан»

с. 56-а) «Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың», («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: «Сен оларды зорлаушы емессің», - деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында ескерттік.

«Жүніс» сүресінің 100-аятында: «...Алла азапты Ақылын жұмсамайтындарға береді», - деген.

- - - - -

1. «Қариға» сүресінің 5-7-аяттары: «Таулар түтілген жүндей болады». **«Міне, сонда біреудің таразысы ауыр тартса,» «онда ол, разы болатын бір тіршілікте болады».**

2. «Нұр» сүресінің 24-25-аяттары: «Қиямет күні оларға тілдері, аяқ-қолдары не істегендеріне айғақ болады». «Сол күні Алла оларға лайықты жазасын толық береді Сондай-ақ, рас, Алланың ашық Шындық екенін олар біледі».

3. «Әли Ғымран» сүресінің 185-аяты: «Әркім өлімді татады. Шын мәнінде Қиямет күні ақыларың толық төленеді. Сонда кім оттан құтқарылып, Жұмаққа кіргізілсе, рас құтылды. Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі».

4. «Тахрим» сүресінің 6-7-аяттары: «Әй, Момындар! **Өздеріңді және үй іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғандар.** Оның басындағы періштелер: жуан денелі, қатал. Олар Алланың өздеріне берген әмірлеріне қарсы келмейді. Не бұйырылса, соны орындайды». «Әй, қарсы келгендер! **Бүгін сылтауратпаңдар! Шын мәнінде істегендеріңнің сазайын тартасындар».**

5. «Бақара» сүресінің 195; 272-аяттары: «Алла Жолында мал сарып қылындар. **Өздеріңді өздерің өз қолдарыңмен қауіп-қатерге салмандар. Жақсылық істеңдер. Шын мәнінде Алла игілік істеушілерді жақсы көреді.**» («Мұхаммед с.ғ.с.) оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады. **Нендей қайыр берсеңдер де, ол өздерің үшін, Алланың ризашылығын тілеп қана берсеңдер, Алла Жолында берген қайыр өздеріңе толық төленеді әрі сендерге әділетсіздік етілмейді.**

6. «Фатыр» сүресінің 41-аяты: «Рас Алла көктер мен жерді бұлжытпай ұстайды. Мүбәде екеуіне бір зауал болса,

одан кейін оны ешкім ұстап тұра алмайды. Шәксіз, Ол – тым Жұмсақ, аса Жарылқаушы».

7. «Мәриям» сүресінің 94-аяты: **«Расында, Алла оларды түгендеп, бір-бірлеп санын біледі».**

8. «Зүмәр» сүресінің 53-аяты: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Әй, өздеріне зиян қылған Құлдарым! Алланың Рахметінен күдер үзбендер. Алла біртұтас күнәларды жарылқайды. Өйткені, Ол – тым Жарылқаушы, төтенше Мейірімді».**

9. «Бақара» сүресінің 120; 145-аяттары: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) олардың діндеріне ермейінше, Яһуди де, Христиан да сірә, сенен разы болмайды. Оларға: «Әрине, Алланың Жолы – Тура Жол»-де. Өзіңе мәлімет келгеннен кейін егер олардың көңілдері тартқанына еліктесең, Алла тарапынан саған не дос, не жәрдемші болмас». «(Мұхаммед с.ғ.с.) Кітап берілгендерге әр түрлі мұғжизаны келтірсең де олар сенің құблаңа ілеспейді (қосылмайды). Ал, сен де олардың құбласына қосылушы емессің. Сондай-ақ, олар да бір-біреулерінің құблаларына ілеспейді. Өзіңе мұншалық мәлімет келгеннен кейін, олардың ойларына еліктесең, әлбетте, сен анық залымдардан боласың».**

10. «Әли Ғымран» сүресінің 14; 185-186-аяттары: **«Адам баласы үшін қатындар, балалар, алтын күмістен жиналған қазыналар, сәнделген аттар, малдар және егіндерді қызыға сую әдемі көрсетілді. Бірақ, олар дүние тіршілігінің сәні. Негізінде орынның жақсысы Алланың қасында». «Әркім өлім татады. Шын мәнінде Қиямет күні ақыларың толық төленеді. Сонда кім оттан құтқарылып Жұмаққа кіргізілсе, рас құтылды. Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі». «Малдарың және жандарың жайында әрине сыналасындар; сондай-ақ сендерден бұрынғы кітап берілгендерден және мүшріктерден де көптеген ренш естисендер. Егер сабыр етсеңдер әрі сақтансаңдар; шәксіз, бұл маңызды істер».**

11. «Әнғам» сүресінің 157-аяты: **«Немесе: «Бізге Кітап түсірілсе, олардан көрі тағы Тура Жолда болар едік»-дерсіңдер,- деп. Расында, сендерге Раббыларыңнан бір ашық дәлел, Тура Жол, мәрхамет те келді. Енді Алланың Аяттарын өтірік деп олардан жүз бұрғаннан кім залымырақ? Аяттарымыздан бас тартқандарды бас тартулары себепті жаман қинаумен жазалаймыз».**

12. «Ісра» сүресінің 32-аяты: **«Зинаға жоламаңдар. Өйткені, Ол – анық арсыздық және жаман жол.**

13. «Бақара» сүресінің 275-276-аяттары: **«Сондай өсім жегендер, (қабырларынан) жын соғып тұрғандай есеңгіреп тұрады.** Бұл олардың: «Сауда да бейне өсім»-дегендіктерінің салдарынан. Негізінде Алла сауданы – адал, өсімді – арам еткен. Сонда кім Раббынан насихат келгенде тиылса, өткені өтіп кетті. Оның ісі Аллаға тән. Ал және кім қайталаса, міне, солар дозақтық. Олар онда мәңгі қалады». **«Алла өсімді жояды да сауданы арттырады.** Әрі Алла барлық қарсы келуші күнәкарды жақсы көрмейді».

«Әли Ғымран» сүресінің 130-аяты: **«Әй, Момындар! Үсті-үстіне өсім жемендер. Алладан қорқыңдар.** Әрине, құтыласыңдар».

14. «Бақара» сүресінің 188-аяты: **«Араларындағы малдарыңды бұзық жолмен жемендер. Сондай-ақ, біле тұра адамдардың малынан бір бөлім жеу үшін, (жағуыну үшін – пара үшін) билерге апармаңдар».**

15. «Бақара» сүресінің 8-9; 27-аяты: **«Адамдардың кейбіреулері екіжүзді. «Аллаға, Ақырет күніне сендік»-дейді. Бірақ, сенбейді». «Олар өздерінше Алланы және Иман келтіргендерді алдайды. Бірақ, олар өздерін ғана алдағандарын сезбейді». «Олар (Иман келтіріп) серт бергеннен кейін Алланың уәдесін бұзады да, Алланың жалғастырылуын бұйырған нәрсесін бөледі. Сондай-ақ, жер жүзінде бұзақылық істейді. Міне, солар зиянға ұшыраушылар».**

16. «Ісра» сүресінің 34-аяты: **«Жетімнің малына жоламаңдар. Бірақ ол, ержеткенге дейін жақсылап шығысуға болады. Сертті орындандар. Сөз жоқ, уәде сұралады».**

17. «Бақара» сүресінің 119-аяты: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) шындығында сені қуандырушы, қорқытушы етіп, Ақиқат бойынша жібердік, дозақтағылардан жауапкер емессің».**

«Ниса» сүресінің 43-аяты: **«Әй, Момындар! Сендер мас болып, не айтқандарыңды білгенге шейін намазға жақындамаңдар.** Сондай-ақ, жүніп күйінде шомылмайынша, (бой дәретсіз намаз оқымаңдар.) Бірақ, жол жүргенде болады. Егер ауру немесе сапарда болсаңдар не сендерден біреу түзге отырып келсе, яки, әйелдерге жақындассаңдар да су таба

алмасаңдар, сонда таза жер жынысына (екі алақандарыңды соғып) беттеріңді, қолдарыңды сипаңдар. Расында, Алла – аса Кешірімді, тым Жарылқаушы.

«Мәида» сүресінің 90-91-аяттары: «Әй, Момындар! **Арақ, құмар**, тігілген тастар (бұттар) және бал ашатын оқтар лас, шайтанның істерінен. Одан сақтаныңдар, құтыларсыңдар». «Негізінен шайтан, **арақта, құмарда араларыңа дұшпандық әрі кек салып, Алланы еске алудан және намаздан тосуды қалайды**. Ал, сонда да тиылмайсыңдар ма?»

18. «Мүрсәлат» сүресінің 25-26-аяттары: «**Жер жүзін бір жиналыс жері қылмадық па?**» «Тірілерге де, өлілерге де».

19. «Жүсіп» сүресінің 105-аяты: «**Көктер мен жерде қаншалаған дәлелдер бар. Адамдар оған көңіл бөлмей өтеді**».

20. «Зұмар сүресінің 53-55-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.): «Әй, өздеріне зиян қылған Құлдарым! Алланың Рахметінен күдер үзбеңдер. Алла біртұтас күнәларды жарылқайды. Өйткені, Ол – тым Жарылқаушы, төтенше Мейірімді»-де. «Өздеріңе апат келуден бұрын Раббыларыңа қайтыңдар. Оған бойұсыныңдар. Кейін жәрдем көре алмайсыңдар». «Сендерге кенеттен, хабарсыз азап келуден бұрын өздеріңе түсірілген жақсы нәрсеге еріндер!»

Тағы бір тарихи Шындық

(Шындық Әзілхан Нұршайықовтың «Тоғыз толғау» кітабынан).

Мұны – «Ағраф» сүресінің 36-50-аяттарына талдау десек те болады. Аятта: «Сондай Аяттарымызды **өтірік дегендер, өздерін одан зор санағандар, солар, дозақтық**. Олар онда ұдайы қалушылар». «Алланы өтірік қаралаған немесе Оның Аяттарын жалғанға шығарған біреуден кім залымырақ? Олар Кітаптағы тиесілеріне қауышады. Ақыр Елшілеріміз олардың жандарын алуға келіп: «Алладан өзге сиынатындарың қайда?»-дегенде: «Олар бізден ғайып болды» деп, өздерінің қарсы болғандықтарына өздері айғақ болды»,-дейді, *Аяттарға сенбей, Аллаға серік қосқандар жайлы. Сосын оларға: «Сендерден бұрынғы өткен, дозақтағы жын және адамдар тобының ішіне*

кіріңдер»-дейді. **Әр топ дозаққа кірген сәтте, (осының сөзіне еріп, үлгісімен жүріп кұнакар болдым, деп, дозақта кездескен) өз туысын (не жора-жолдасын) қарғайды. Барлығы онда жиналғанда, артқылары, алдындағыларын көрсетіп: «Раббымыз! Осылар бізді адастырған. Сондықтан оларға дозақ отынан екі есе азап бер»-дейді. (Алла): «Әркімге екі есе азап бар. Бірақ, сендер білмейсіндер»-дейді.** Ал, «... алдыңғылары, артқыларына: «Сендердің бізге бір артықшылықтарың жоқ. Ендеше істегендеріңнің азабын татындар»-дейді». Тап осы оқиға өзімізде болып жатады. Біреудің үгіттеуімен бір қылмыстарды істегендер, сыры ашылып полиция бөлімінде қамақта отырғанда сөзге ергеніне өкінеді. Тік тұрады. Бұл – ол үшін Қиямет. Тіпті, бірі-біріне жабысады («Сәбә» с. 31-32-а), тергеуде және сотта кімнің алдауына түскен болса, оны ашық айтады. Себебі, Қияметте әркім өз басын қорғайды.

Әрі қарай оқиық: «Күдіксіз, Аяттарымызды жалғанға айналдырып, одан өздерін жоғары көргендерге көктің есіктері ашылмайды. Және олар түйе иненің көзінен өткенге дейін Бейішке кірмейді. Күнәкарларды өстіп жазаландырамыз». «Оларға жаһаннамда төсек және үстерінде жамылғылар бар. Залымдарға осылайша жаза береміз».

«Ал, Иман келтіріп, ізгі іс істегендер – Жаннаттық. Олар онда мәңгі қалушылар. Негізінде біреуге шамасы келетінді ғана жүктейміз». «Олардың көңілдерінен кірбендікті шығарамыз, астарынан өзендер ағады. Олар: «Барлық мақтау бізді осы Тура Жолға салған Аллаға тән. Егер Алла бізді Тура Жолға салмаса еді, Тура Жолды таба алмайтын едік. Расында, Раббымыздың Елшілері, Шындықты келтірген еді»-дейді. Олар мұны дозаққа түскен күнәкарлардың өте аянышты халін көріп, өздерінің дер шағында Алланың Тура Жолына түскендеріне қуанғаннан шүкірлікпен, ризашылықпен айтады.

«Оларға: «Міне, амалдарың себепті мұрагері болған Жұмақтарың осы»-делінген түрде дабысталады».

«Жұмақтағылар, дозақтағыларға: «Раббымыздың бізге уәде еткенін тура таптық. Сендер де Раббыларыңның уәде еткенін тура таптындар ма?»-деп айқайлайды. (Олар): «Әрине!»-дейді. Сонда олардың араларында бір айқайшы: «Алланың қарғысы залымдарға»-деп айқайлайды». Бұл – алаяқ біреудің сөзіне еріп,

қапыда алданған жазықсыз жанның айқайы. Өз арамызда да күнде, күнара болып жатқан оқиға. Жазықсыздарды алдап Жолдан шығарып жүрген «олар, Алланың Жолынан тосып, Одан бір қисықтық іздейді. Және олар Ақыретке де қарсы болушылар».

«(Жұмақтағылар мен дозақтағылардың) арасында далда бар. Және «Ағраф» делінген жоғары орында екі жақтағыларды да әлпеттерінен таныйтын біреулер бар. Бұлар: «Сендерге сәлем!»-деп, Жаннаттағыларға айқайлайды. Бұлар әлі Жаннатқа кірмеген, алайда, үміт ететіндер». «Қашан олардың көздері дозақтықтар жаққа бұрылса: «Раббымыз! Бізді залым елмен бірге қыла көрме!»-дейді». Бүгінгі біздер де ауыр тағдырлы біреулерді көргенде, естігенде: «Раббым, біздің күнәмізді кеш, мынандай азаптарға сала көрме!»-деп, ішімізден жалынамыз.

«Ағрафтағылар дозақтағы әлпеттерінен танығандарына: «Сендерге көптіктерің және менмендіктерің пайда бермеді ме?» - деп айқайлайды». «(Оларға Жұмақтағыларды көрсетіп:) «Бұларға Алланың Рахметі тимейді деп, ант ішкен адамдарың емес пе? Жұмаққа кіріндер. Сендерге қорқыныш жоқ әрі сендер қайғырмайсыңдар»,-(делінеді)».

Осы Аятқа мән берсек, тақаптарларды меңзеп тұр. Олар басқаларды менсінбей, оларды өмір бойы кемшілікте, таршылықта өмір сүреді, деп ойлайды. Ал, Алла олардың еңбектері мен ниеттеріне қарай дәрежелерін көтергенде, әлгі тақаптарлар: «Бұлар мұндай бақытқа жетеді, деп ойламаушы едік...»,-дейді, іштей не жария. Аяттың жеткеріп отырғаны осы.

Қазақта: «Мың қойлының ісі, бір қойлыға түсіпті»,-деген мақал бар. Өмірде бұл мақалдың Шындығына талай мәрте куә болдық. Бірде алыс жолда келе жаттық. Күн ыссы. Жалындаған сағым жүріп тұр. Бұл далада көкүнмен байланыс та болмайды.

Жол бойында бір жаңа мақтаулы жеңіл мәшін тұр. Қол көтергесін тоқтадық. Ауылдағы ірі байлардың бірі екен. Сәлемімізді алмаушы еді. Ыссыдан шинасы жарылып, амалсыз тұр екен. Үйінен су да ала шықпапты: «Егер сендер келмегенде және жарты сағаттан соң, өлетін едім...»,-деп, мәшінінің жаңалығына сенгеніне өкініп, өзінің бишаралығын осы жолы мойындағандай, бізге мұңая сөйлеп отырды.

Мына тарихи оқиғаны оқыық. Жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Тоғыз толғау» повесть-монологында, Ұлы

Отан соғысының батыры, қазақтың біртуар ұлы, профессор Мәлік Ғабдуллиннің бір естелігі, өз баяндауымен жазылған. 1936-37 жылдар Мәлік атамыз Ферғана жерінде бір жылдық әскери дайындық курсына оқиды....

Семин деген комиссарына басқаларға берілгендей, өзіне жаңа киім сұрап барады. Алдында да, ауылға қайтару туралы жолдастарымен барғанын да, тістеніп тұрып, ата-бабаларынан бастап сыбаған екен. Бұл жолы да, көңіліне тиіпті. Үзінді:

-Неге келдің?-деді, бірден зеки сөйлеп.

-Сізді Ұлы Октябрь революциясының мерекесімен құттықтағалы келдім.

-Мен біреудің көлгірсіп құттықтағанын керек етпеймін-деді, ол екі көзі ақшиып.

Ар жағымда ызам қайнап тұрса да, өзімді өзім ұстап бақтым*. Сөзімді жалғастырдым.

-Дәм жазса сіз бен біз тағы кездесерміз. Бәлкім, кейін қажетіңізге де жарармыз...

-Қарай гөр өзін, менімен кейін кездеспек ойы бар екен ғой мұның. **Жоқ, мен сенімен енді ешқашан да кездеспеймін. Ал, кездесем де сенен ешқандай көмек сұрамаймын. Не көмек көрсете аласың сен маған?**-деп әжуалап күлді ол.

-Қайдан білейін, тірі жанбыз ғой,-дедім мен, **«Расында да, мынадай ақырып тұрған комиссарға не көмек керек, керек болғанда да бұл менің қолғабысымды қажетсіне ме?»**-деп ойлап: -Біздің көмегіміз қажет болмаса, бізге сіздің көмегіңіз қажет боп тұр.

-Не көмек?

-Бізге жаңа киім, жолымызға азық бергізсеңіз екен!

-Жоқ, мен сендерге ештеңе де бергізбеймін....

Ыза болып келе жатып, есіме өзіміздің бір жылдық курстың бастығы Гаврилов түсті. Соның үйіне бұрылдым...».

Сонымен болашық батыр, үндемей кетіп, бұданда үлкен бастығы Гавриловқа айтып, жаңа киім және жолда жейтін азық алады.... Әңгіменің ізі: «1944 жылы 4-декабрьде мені майдан штабынан Москваға шақырды»,-деп басталып, мұнда –

* Мұсылмандық! Ол заманның жастары осындай әдемі тәрбиеленген. Сабырлы болған. Кейінгілер кеңестік азғырудан уланды да шайтани мінезге кірді – тез ашу шақырып айқайлайды. Әсіресе, әйел жұрты...

Қызыл Армияның Саяси Бас басқармасының бастығы А. С. Щербаковтың қабылдағанын, орыс емес ұлт жауынгерлері арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізетін топқа басшы қызметіне бекітілгенін, батыр болғандықтан, генералдарға арналған асханада генерал-лейтенант Н. П. Пупышев екеуі бір үстелде тамақтанатынын әңгімелеп:

Бір күні түсте кешірек шығып, асханаға барайын деп, келе жатсам, дәлізде біреу, әр есіктегі фамилияға бір үңіліп жүр. Дәліз қаракөлеңкелеу болушы еді...

-Сіз кімді іздеп жүрсіз?

-Менің пропускам кадрлар бөліміне еді,-деді, битаныс адам, маған қарап бетін бұрып.

Үстінде жартылай әскери, жартылай жәй киімі бар, жүдеу жүзді адамның өзі маған таныс сияқты боп көрінді. Кабинетке ертіп апарып, жарық жерде кім екенін анықтап білгім келді.

-Қазір үзіліс кезі. Кабинеттерде ешкім жоқ. Жүріңіз, мұнда кірейік,-дедім, өзіміздің бөлмені нұсқап.

...Совет Армиясының майоры екен. Батальон командирі болыпты. Қоршауда қалып, жау қолына түсіпті. Бірақ, тұтқыннан қашып шығыпты.

Жаралы болып, әскерге жарамай қалыпты. Талай жерге арыз жазыпты. Өзінің ақтығын, адалдығын, қоршауда қалып, тұтқынға амалсыз түскенін, бірақ, тұтқыннан тез қашып кеткенін, ес-түсін білмейтін жаралы күйінде, біздің әскерлер тауып алғанын, ұзақ уақыт госпитальда жатқанын, партия билетін сол кезде жоғалтып алғанын айтады. Партияның Орталық Комитеті оның арызын қарауға шақыртады. Алдымен әңгімелесу үшін, Бас басқарманың кадрлар бөлімінің бастығы генерал-лейтенант Н. П. Пупышевқа жібереді.

-Жә, жағдайыңыз қиын екен.

Оның сөзін тыңдап отырып, бәрін есіме түсірдім. «Сол!»-деген қорытындыға келдім: -Жаным ашиды-ақ, сізге. Ал, мұндай әңгіме алдында ас ішіп әлденіп алу керек. Жүріңіз, асханаға барып тамақ ішейік.

Оны офицерлер асханасына ертіп әкелдім. Тамаққа тойғыздым. Содан соң оған сұрақ қойдым, -деп, батыр, подполковник Мәлік атамыз, Семиннің Михаил Дмитриевич екенін, Ферғанада, алдымен политрук, кейін Комиссаров кеткенде, оның

орнына майор шенімен комиссар қызметіне бекітілгенін, өзінің содан пулеметші болғанын баяндап, соңында өзінің есімі мен тегін атайды. Семин:

-Не дейсіз, батыр-ау! Болса болар. Менің қоластымда көп адам қызмет етті ғой... Бұрынғы пулеметшімен кездескеніме қуаныштымын.

-Рахмет. Бірақ, сонда сіз маған орынсыз қиянат жасап, бірсыпыра жәбір көрсеткен едіңіз. Енді, міне, көріп отырсыз. Мен Совет Армиясының подполковнигімін, кеудемде Алтын Жұлдызым да бар. Дұрыс кісі екеніме көзіңіз жетті ме, Михаил Дмитриевич?

Біздің әңгімемізге бірсыпыра офицерлер жиналып қалған еді. Семин байғұс қағаздай боп қуарып кетті. Орнынан ұшып тұрып бірден кетуге ыңғайланды.

-Жоқ, ешқайда кетпеңіз, абыржымаңыз. Мен кек сақтағыш адам емеспін...

-Жо-жоқ. Бәрі бітті... Мен кетемін...

-Мен сізді генералға өзім ертіп апарамын, абыржымаңыз.

-Мен енді ешкімге де бармаймын, тура үйіме қайтамын...

Семин дір-дір етіп, шөптей қалтырап кетті,-дейді. Содан әрі Мәлік атамыз генералға апарып, мән-жайды баяндап көмек беруін өтінеді. Генерал келіседі. Ол жерден шығып, атамыздың кабинетіне бірге кірген Семин, орындыққа отыра сала: «Рахмет Сізге! Мен Сізден мұндай жақсылық күтпеп едім»,-деп, еңіреп тұрып жылайды. Әрі қарай:

-Біздің халықта: «Таспен ұрғанды аспен ұр», деген мақал бар,- дедім, мен күліп. –Оның мәнісі – білмей істегеннің білместігін кешіре біл, деген сөз. Сіз, әрине, білмегендіктен менің соңыма түстіңіз емес пе?

-Әлбетте, әлбетте.

-Мен сонда-ақ, біз әскерден қайтарда сіз киім біргізбей, қуып шыққанда-ақ, сол білместігіңізді кездескенде жақсылықпен өтермін, деген болатынмын. Ал, сіз: **«Сенімен ешқашан да кездеспеймін»,-деп, кесіп айттыңыз. Енді кездескенімізге өкінбейтін боларсыз, Михаил Дмитриевич,-деп, мен оның арқасынан қақтым.**

Он күннен кейін ол маған қайтадан келді. ...партия билеті қайтып беріліпті де, капитан лауазымына жақсы пен-

сия тағайындалыпты. Мінеки, адам тағдырының таразысы қалай шайқалады, десеңізші. Кеше таразыны Семин басып, мен тұрған табақты қаңбақ құрлы көрмей, аспанға бір-ақ шығарып еді. Жанымды алған жоқ, бірақ, жағамды ондап жыртты. Енді бүгін таразының мен жақ басы басқанда, мен оның жамандығына жақсылықпен жауап бердім. Бір кезде ол маған командир болып қатыгездік жасағанымен, сауаты төмен, білімсіз еді ғой. Білімсіздік адамға не істетпейді деп, бір жағынан аядым да өзін. Оның үстіне ол, жақсы болсын, жаман болсын Отанға қызмет етті ғой, Отанға еңбек сіңірген адам, өзіңді ұрғанымен, анаңа жақсылық жасағанмен бірдей ғой, бауырым.

-Сіз маған көп жақсылық жасадыңыз. Енді Сіз менен не тілейсіз?-деді, кетерінде Семин.

-Жалғыз ғана тілегім бар, - дедім, мен оған. –Сіздің сол қатыгездігіңіз балаларыңызға көшпесін. Және осы әңгімені оларға толық айтып беріңіз.

-Айтамын, айтамын!-деп, Семин ақ қырау шалған басын үш рет изеді. (Үшінші толғау. Тағдыр таразысы).

Бұл оқиганың маңызы да, мағынасы да, астары да түсінікті. Мұсылманишылық дегеннің, адамгершілік дегеннің, ізгілік дегеннің бір бөлігі осы. Ал, кәпірдің сиқы – кезінде асқындаған Семин... Сүрені әрі қарай оқиық.

«Дозақтағылар, Жұмақтағыларға: «Бізге суларыңнан немесе Алланың сендерге берген несібесінен төгіп жіберіңдер»-деп айқайлайды. Олар: «Расында, Алла, ол екеуін де кәпірлерге арам еткен»-дейді»,-деп бермейтінін ұқтырады.

Бейіштіктер мен дозақтықтардың арасындағы бұл әңгімені түс жорығандай етіп талдап түсінеміз. Аяттағы диалог дәл біздің ортамыздағыдай. Мұндағы дозақтықтардың судан, несібеден төгіп жіберуді сұрауы мен бейіштіктердің: «...ол екеуін де кәпірлерге арам еткен»-дегеніндегі мағына, су мен несібе – Алланың нығыметі және дұға еді. Бұл екеуінің кәпірлерге арам етілгені, олар Құранды есітіп, біліп жүрсе де Аяттарға ақылымен амал істемеген. Әйтпесе, қашанда Мұсылмандар қайырымды әрі Мейірімді.

Бұл жерде Алла бермегенді пенде бере алмайтыны ұғындырылуда.

Жан хақында

Енді жанның жатырға түсетінін, Рухтың шаранаға конатынын түсінуге әрекет етейік. Шәкәрім атамыз «Иманым», - деген өлеңінде:

...Анықты білмес діншілдер,
Өзімшіл, ойсыз, күншілдер:
«Жаныңды жолдан қосты», - деп,
Шариғат айтып күңкілдер.
Ойында биттей сәуле жоқ.
Дін айтты: «Маған нан», - дейді,
Адасқан дінді пән, дейді.
Мағынасын анық біле алмай,
Рух деген сөзді Жан дейді.

Осыдан жаман әуре жоқ...» - демекші, бұл екеуі екі бөлек әлем екенін «Исламдағы Рухани жаңғыру...», деген кітабымыздағы «Біз кіміз?» деген тақырыбымызда да сөз еткенбіз. Бұл жолы бұлардың денеге орналасу жағдайын зерттемекпіз.

Иә, бұрынғылардан қалған сөз жоқ. Бірақ, олар теологияда ескерілмей келеді. Ескерілсе, өліп, қайта тірілу хақында имамдар жалған сөйлемес еді. Бізді бұл тақырыпқа әкелген де солардың Шындықты іздемейтіні.

Енді тақырыбымызға өтсек, әрине, Аяттарды Жүсіптің (ғ.с.) патшасының түсі мен оны Жүсіптің жоруындай тұспалмен түсінуді тағы да бір ескертеміз.

Алла «Ағраф» сүресінің 57-ші, «Фурқан» сүресінің 48-аяттарында, Рахметінің – жаңбырдың алдынан қуандырушы желді жіберетінін айтқан. Жәй жел емес: **«...қуандырушы жел...»**.

Себебі, ол – жаңбыр-Жан («Нұр» с. 45-а) мен жатыр-жердің («Қаф» с. 4-а) арасындағы махаббаттың дәнекері – байланыстырушысы. Оны – нәпсі, деп қабылдаймыз. Соның үшін оны – **қуандырушы жел**, деп атаған...

Бұл желдің қуандырушы аталуына екінші себеп, көктегі Жан біткеннің көкте уақытты бос өткермей, тезірек жерге келіп, Аллаға құлшылық жасап, Оның ризашылығына жетуге асығуы, деп түсінеміз.

Екінші бір тараптан бұл, «махаббатсыз дүние бостың» (Абай) бір түсінігі. Ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген махаббаты

сияқты, желдің өзі, өсімдіктерді өсіруші жердің бұлттарға деген махаббатының ишарасы тәрізді.

Егер Періштелер мен химиялық элементтерге, физикалық толқындарға байланысты жұмбақтар шешіліп жатса, бұл махаббат жайы да анық болар!

Жанға байланысты мына бір жайды да айта кетейік. Әбу Әли ибн-Сино бабамыз Жанды көрген сияқты. Ол Оны өзіндік «буға» ұқсатқан.

Оңтүстіктің жазы өте ыссы болады. Адамдар далада жатады. Күндіз көлеңкеде тынығады. Біздің ауылда Нияз есімді Ақсақал болды. Сол кісі 1980 жылы, шілде айының ортасында, 90-нан асқан шағында, әр күнгі дағдысымен, үйінің көлеңкесінде кемпірімен, екі қызымен шай ішіп отырған. Табан астынан үйіріліп, салқын жел келген. Бұл атырабындағыларға емес, тіке қартқа әсер еткен. Бұрын қарттықтан басқа ыңқыл-сыңқылы жоқ қария, содан ауырды. Ауру алдымен көкірек шаншудан басталды. Ем қонбай күн сайын үдей берді. Ақыры төсекке тартты. Арадан айға жуық өткенде, сәскеде қарт қарқарақ тартып, бірден үнсіз қалған. Қасында отырған қызы өлді, деп ойлап, бақырып жылап жіберген. Қарт қайта көзін ашқан. Содан бұл кісі жансерек болып, бірнеше күн өле алмай не есін білмей, көзі жылтырап, әдеттегідей ашып-жұмып, алқынып жатты.

Осыны есіткен үлкендер: «...Мұның Жаны, кеудеден шығып бара жатқанда, айқайдан шошып, екіге бөлініп кетті. Енді олар бір-біріне қосылғанша, қарт осылай алқынып жатады*...», деп, ендігі шаралар жолын ескертті. Осындағы Жанның екіге бөлінгені, ибн-Сино бабамыздың ұқсатуына өте жақын.

Біз өзімізді қоршаған ортаның бос еместігін білеміз. Бірақ, ештеңе сезе қоймағасын, жауапсыз жүре береміз. Бірде, үлкен шаң жолмен, өз ауылымнан ат шаптырымдай әрідегі ауылдан келе жаттым. Сағат 23-тің кезі. Тізілген үйлер сапы аяқталып, жазыққа шыққаным сол еді, табан астынан жел үйіріле қалды. Сезуіммен Кәлимамды қайтардым да ізінен «Ықылас», «Фәлақ», «Нәэс» сүрелерін жүре оқыдым. Алланы зікір етіп, үйге аман

*Және бірнеше шарасыздардың бірінің үйінде, бірінің ауруханада осылай алқынып жатқанына куә болдық. Қазақтың: «Жан бергенге – жай бер», - дегенінің бір мағынасы – жан бергелі жатқан адамға кедергі келтірмей, тыныш қалдыру.

аман жетіп, құптанымды оқып жаттым. Түс көріппін. Түндегі жерде келе жатыр екенмін. Сондағы жел қайта үйіріліп: «Ә-ә-ә, сен біледі екенсің да!»-дейді, маған түк зиян ете алмағанына өкінгендей...

Осылар сияқты жер бетінде ғылым зерттей алмай жүрген, жұмбақты көлдердің және тылсымды алаңдардың (анамалды зона) барын алпысыншы жылдардың ортасында «Ғалам ғажайыптары»* атты кітаптан оқыған едік, кейінгілерін БАҚ-тар арқылы біліп жүрміз. Әлгіндей желдің табан астынан үйіріліп келетінін жиі кездестіреміз. Оның бірі жаңбыр алдынан қуандырушы болса, өте күштілері жердің топырағын іліп, үйіріп құйын көтереді, біреулері біз айтып отырғандай кесапатты**.

Көрінбейтін: Жан, Рух, үйіріле қалатын желдер жайлы білетініміз осылар. Қалғанын Алла «Сад» сүресінде (88-а) айтқандай, Өзі үйрете берер. Ең сенімді нәрсе – біз ауа, жел деп ескере бермейтіннің барлығы жанды. Барлығының өз қызметі бар.

Діндарлар арасындағы таласты жай, өлген адамның Жанының аналықтың жатырына келіп орналасуы. Көпшілігі бұған келіспейді. «Һұд» сүресінің 7-аятында: «...(Мұхаммед с.ғ.с.) Егер сен оларға: «Өлгеннен соң, қайта тірілесіңдер»,-десең, олар: **«Мынау ашық сиқырлық»,-дейді**»,-деген. Осы сияқты біздің қарсыластарымыз да бізді мақтамайды. Керісінше: «Өлген дененің Жаны қайта айналып, жер баспайды, Ол Барзахта болады. Жатырдағы шаранаға Алла басқа Жан жібереді»,-дейді, Құраннан дәлел тауып бере алмаса да («Бақара» с. 78; «Әнбия» с. 24-а). Алайда, Аяттардан келетін түсінік, сол Жанның айналыста жасайтынын меңзейді.

Алла Тағала «Ісра» сүресінің 89-аятында: **«Расында, Біз бұл Құранда адам баласы үшін әр нәрсенің мысалын аша-лап баян еттік. Сонда да адамдардың көбі, бастартып, қарсы келеді**»,-деген. Расында, бірнеше сүрелерде кездесетін Аяттардан, қайта тірілу – қайта туылу екенін тастықтайтын нақтылықты көреміз.

Алдын ала ескерер жай, Құранда Жан мен Рухты айырып ештеңе айтпаған. Жан туралы жаңбырмен қураған жерді

* КСРО бұл кітапты 1980 жылдары өзгертіп, Алланың кереметтерін жасырып қайта шығарды

** Құйындар жәйлі «Ақ жолмен жүрген асылдар» атты кітабымызда, нақты дәлелдер айтқанбыз.

тірілтікенін хабарлаған Аяттар мен қайта тірілетініміз жайлы жатырдағы тірлігімізден («Хаж» с. 5-а) ғана білеміз*. Ал, Рух дегенде көбіне Жәбрейілді (ғ.с.) түсінеміз («Шұғара» с. 192-193-а). Кейде Оны Періште деп те атаған хабарларға кезігіміз.

Ұлы Алла «Ісра» сүресінің 85-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) олар сенен Рух жайында сұрайды. «Ол Раббымың әмірінен. Сендерге өте аз мәлімет берілді»-де»**, -деген. Бұл туралы артық кетуден Алланың Өзі қорғасын. Дегенмен, Алланың Құранды оқып ойлау, сөзді зерттеу хақындағы («Бақара» с. 44; «Мүминұн» с. 68-а) Өз нұсқауына және Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ілім іздеу жөніндегі хадисіне амал жасап, **«...өте аз мәлімет...»** берілген Аяттар салған ойлардан соң, осы қатарларды жазуға тура келді.

Жан жайын зерттегенде жүрек, оны үнемі жаңбырмен тұтастырып тұрады. Адамның табиғатты, әсіресе, жаңбырлы сәтті жақсы көретіні де Жанның көктен жаңбырмен түсетінінен болар. Яғни, Жан өзін алып түскен жаңбырды жақсы көрер!

Бұған Алланың тағының судың үстінде екені («Һұд» с.7-а) және жандықтарды судан жаратқаны жәйлі («Нұр» с. 45-а) Аяттар да ой салады.

Алла «Ісра» сүресінің 99-аятында: **«Олар шынында көктер мен жерді жаратқан Алланың өздері сияқтыларды жаратуға күші жететіндігін көрмей ме?»-десе**, «Бақара» сүресінің 116-117-аяттарында: **«... көктер мен жердегі нәрселер Оныкі. Олар түгел Оған бойынсынады»**, **«Егер бір істің болуын қаласа, сонда тек қана оған «Бол!»-дейді. Ол бола қалады»**, -дейді. Және бірнеше Аяттар Алланың көктер мен жердің және екі арасындағылардың Иесі екенін ескерткен.

Көк пен жердің арасындағылар дегенде біз күн, ай, жұлдыздар, бұлт, құс жолы, жел, нұр – сәуле, ауа, газдар, ғылым арқылы толқындарды және Құранның үйретуімен Періштелерді, Жан мен Рухты түсінеміз. «Жасия» сүресінің 3-5-аяттарында: **«Күдіксіз, көктерде де, жерде де белгілер бар»**. **«Сендердің жаратылуларында да, күллі тірілердің жаратылып өрбуінде де нақ сенгендер үшін белгілер бар»**, -деп, келесі Аятта: **«Түн мен күндіздің ауысуында, сондай-ақ, Алланың көктен жаңбыр жаудырып, өлгеннен кейін жерге сонымен жан беруінде**

* Бұған 1-дәлелдің соңында тоқталамыз.

және желдерді игеруінде түсінген елге ғибрат бар»,-дейді. Осы үш Аятты қатар түсіріпті. 3-4-аятта «белгілер бар» деген. Бұл – Алланың жарату құдыреті. Бұлай деп ойлауға мәжбүрлеп отырған, 5-аят. Қайталайық. Ондағы түн мен күн – сендердің өліп, қайта туылуларың; яғни, сендердің өліп-тірілулерің – күннің ба-тып белгілі сағаттардан соң қайта шыққанындай деген мағына.

Жаңбырмен жерді тірілтуі және желді айтуы – әуелгі айтқанымыздай, өз құрсағынан мәни өндіргісі келген Жер-Ананың, көктердегі Жанды қабылдауға ашылған махаббаты. Қуандырушы жел арқылы бұлттан жаңбыр жауады. Оның ара-сында бүкіл тірілуге тиістіге (адам, жануарлар мен жәндіктер, құстар...) әсер ететін Жан түседі.

Бұған нақты дәлелді де Құранның Өзінен табамыз. Алла Тағала бірнеше Аяттар арқылы Құранның Рахмет екенін, Нұр, жүректегілерге шипа және үгіт-насихат екенін («Жүніс» с. 57-а), бір жасама сөз емес екенін («Жүсіп» с. 111-а) ескерткен. Демек, әлде ненің хабары бір Аятта айтылып, келесі бір не бірнеше Аяттардан немесе ғылым мен өмір Шындығынан дәлелін тауып жатса, ол – Шындық, әрине.

Ал, оны түрлі сылтаулармен мойындамау Иmandылықтың амалы емес. Әділетсіздік әрі бүкіл Шындыққа қиянат! Енді осы шартпен дәлелдерге көшейік.

Бізді ризықтандырып отырған құлақ пен көздің Иесі Алла тіріден өліні, өліден тіріні шығаратынын (6) бекерге жұмбақтап айтпаған. Оны жаңбырмен өлі жердің тірілуін, жел мен Жанның жайын талдап түсіну үшін жұмбақтаған. Егер біз Жан шаранаға салынады десек, оған дейін бір тамшы мәни қалай дамиды?

Адамнан төмен жаратылған: құстардың, бауырмен жорғалаушылардың жұмыртқасын алайық. Ондағы дамушыға Жан қайдан келеді? Жұмыртқа дем алмайды ғой! Әсіресе, тасбақа жұмыртқасын топыраққа көмеді де қайтып онымен ісі болмайды. Сонда оның өніміне Жан қайдан, қалай келеді?

Демек, нәпсі Алланың бұйрығымен, қуантырушы жел болып, жаңбырды қабылдап, ол арқылы келген Жанмен топыраққа сіңіп, одан өсімдіктер бойында бірге өсіп, олардан ет, сүт, бал, т.б. азық-түлік құрамына өтіп, сосын адамнан бастап барлық тіршілік иелерінің денесінде («Тарық» с. 6-7-а) мәни болып құралып, уақытында жатырларға түсіп өмірлер жалғаса береді.

Түнде аспан әлемін тамашалап жүріп жұлдыздардың ағып түскенін көреміз. «Хыжыр» сүресінің 17-аятында ұрлықшылап тыңдағандарды ұшқындармен атып түсіретіні айтылған.

1997 жылы сәуірде, айлы түнде, коралы қой бағып жүргенбіз. Жаңа тәуліктің алғашқы сағаттары. Жарқ етіп бір «жұлдыз» ағып келіп, бізден он метрдей әріге, жусанның түбіне түсті. Қызықтап әрі не екенін білмекке жүгіріп бардық. Көктегі жұлдыздың көлеміндей жап-жарық жылтырақ бірдеңе жатыр. Қолымызға алғанымызда, жылтырақтың арасынан, қазақ айта беретін қырықаяқ шығып, саусақ бойымен кетіп бара жатты. Жылтырақ қолымызда жоқ болып кетті. Қолымызға ылғал не түйір дәнеңе жұқпады. Бәлкім, бұл да Алланың, Жанның жаңбырмен көктен келетінін ұқтыруы үшін («Фуссилат» с. 53-а) көрсеткені болар.

Қарсыластарымыз «Мүминұн» сүресінің 14-аятын алға тартты. Онда: **«...Сосын оны басқа бір жаратылыс қылып дамыттық...»**,-деген. **«...басқа бір жаратылыс...»**, дегені – мәниден етке айналдырғаны, бейнелегені; екінші мағынасы, әйелдің жатырындағысы адам, хайуанаттың жатырындағысын маймыл, доңыз («Мәида» с. 60-а) еткені*.

Шәкәрім атамыздың: «Білместер Жанды жолдан қосылды», дейді»,-деп ренжіп айтқаны осылар – Жан кейін салынады, дейтіндер.

Пікірімізді әрі қарай жалғайық. Біз Пәктелгендердің Бейіште мәңгілік қалатыны жөніндегі, күнәлілерді мәңгілікке салатын дозақ хақындағы Алланың хабарларына сүйеніп, Өзінің құзырындағы екі мәңгілікке көз жеткереміз. Олар – «Бақара» сүресінің 81-82-аяттарында айтылған Бейіш пен дозақ. Ал, қалғанын: «Алла Тағала көктер мен жерді әрі екі арасындағыларды Шындықпен, белгілі **бір мерзім үшін жаратты. Өздері жайында ойламай ма?...**» («Рұм» с. 8; «Ахқаф» с. 3-а),-дегенінен, көктер де, жер де, бұлардың арасындағылар да өзгеріп тұратынын білдік. Біз жылдың төрт мезгілінде, көктерде де, жерде де өзгерістер болатынына өзіміз куәміз. Осы өзгерістер **«...белгілі бір мерзім үшін...»** жаратқандарының бәрінде болады. Аятта айтқандай, өзіміз туралы ойласақ, өсеміз – жігіт боламыз, аға боламыз, толысамыз, азамыз, қартайымыз...

Сол сияқты Жан да өзіне белгіленген мерзім жеткенде, денемен қоштасып, көкке көтеріледі. Егер күнәлардан **«...құмырадай сыңғырлап...»** («Рахман» с. 14-а) тазарса, көктің есіктерінен өтіп, Жаннатқа барады. Ал, тазара алмаған болса, өз заманы келген-

* «Мүминұн» с-нің 14-аятында, Халифа Алтай аударма түсінігінде: **«...Сонан соң, оны басқа бір жаратылыс қылып, жан салдық...»**,-деген. Соңғы екі сөз Асқар Әкімханов пен Нұрлан Анарбаевтардың аудармасында жақша арасында айтылған. Бұлардан басқа жеті аудармада: **«...Сосын оны басқа бір жаратылыс қылып дамыттық...»**,-деген. Біздіңше осы дамыту дұрыс.

ше, замандастары түгел жиналғанша көкте болады; заманның замандастарының тосады («Нәміл» с. 83-а).

Алладан бұйрық келген заманда, жаңбыр арқылы жерге түсіп, өсімдіктер мен жеміс-жидектерге, азық-түлікке сіңіп, одан адамдарға көшіп өмірін жалғастыра береді («Таһа» с. 53-55; «Хаж» с. 5; «Ғафыр» с. 67-а).

«Жасия сүресінде: «Түн мен күндіздің ауысуында, сондай-ақ, Алланың көктен жаңбыр жаудырып, өлгеннен кейін жерге сонымен жан беруінде және желдерді игеруінде түсінген елге ғибрат бар» (5-а),– дегендегі Ғибрат – осы!

Рух туралы

Әлемді қарумен билеген Шыңғыс хан да өлді.

Әлемді қаламмен бас идірген Шыңғыс та өлді.

Өлмеген тек сөз.

Ақын, журналист Қайыпназар Шотбасов.

Рух пен Жан хақында ежелгі грек ғалымдары: Аристотель, Платондардан бастап, беріде К. Маркс пен Ф. Энгельс, соңғы ғасырда Ф. Шеллинг, Гегель сияқты ғалымдар, қаншама жылдардан бері зерттеулер жүргізгенін ел біледі (ҚСЭ 9-т).

Адамзатты қатты қызықтарған бұл тақырып, Құранды зерттеп жүрген бізді де қызықтырды. Сосын «Бақара» сүресінің 44-ші, «Моминүн» сүресінің 68-аяттарының өсиетімен әліміз келгенше зерттедік. Нәтижеде Рухтың Сөз екеніне тоқталдық. Қателессек, Әл-Ғафу Алла кешірсін.

Енді осы зерттеуімізді таратып, тұжырымымызды дәлелдейік.

Құранның «Ісра» сүресінде (85-а), Рух туралы аз мәлімет берілгенін ескерткен. Бұл мәліметтер көбіне Исаның (ғ.с.) туылуына орайлас. Басқа қанық дерек жоқ. Сондықтан оған бас қатыра беру артық амал болар еді. Бірақ, берілген аз мәліметті ғылым және өмір Шындықтарымен байланыстырып зерттегенімізде, сол аз мәліметтің өзі көп дерек беріп тұрғанын байқадық.

Алдымен әңгімені Адамның (ғ.с.) жаратылысынан – «Бақара» сүресінің 30-33-аяттарынан бастайық. Адамды жаратып, жан салды, ол қимылдады. Періштелерге Адам кейпінде көрінді. Оған Алла біртұтас атауларды үйретті (31-а). Алла ол атауларды Періштелерден сұрады, олар білмеді (32-а). Алла Адамға бұйырғанда, ол Періштелерге айтып берді (33-а). Яғни, Алла оған Сөз үйреткеннен соң – Сөз салғаннан кейін, ол сөйледі.

Сонда Рухын үрледі, Рухын салды деген сөздердің мағынасы **Сөзге** келіп таялады. Енді мұны тереңірек талдайық.

Алдымен жаңағы «Ісра» сүресінің 85-аятына тоқталайық. Онда: «(Мұхаммед с.ғ.с.) олар сенен Рух жәйлі сұрайды. **Ол Раббымның әмірінен.** Сендерге өте аз мәлімет берілді»-де», -деген. Осындағы: «...**Ол Раббымның әмірінен...**», -деген сөйлемде Рухтың Сөз екеніне ишара бар. Әмір – сөз, сөздерден құралған сөйлем – бұйрық. Құранда Періштелер мен Жан айтылғанмен оларды «...**Раббымның әмірінен...**», -демеген. Рух қана әмірінен деп айтылған.

Мұны «Фатыр» сүресінің 10-аяты да бекітеді. Онда: «**Көркем Сөз Алла жаққа шығады...**», -деген. Әйтеуір сөз емес, **Көркем Сөз!** Демек, ең алғаш Адамға (ғ.с.) үйретілген атаулар – **Сөздер.**

Енді келесі Аяттарды талдайық. «Әнбия» сүресінің 91-атында: «Сондай! **Абройын қорғағанға** (Мәриямға)* **Рухымыздан үрледік.** ...өзін де, ұлын да бүкіл әлемге ғибрат қылдық», -деген. Мұндағы «...**Абройын қорғаған...**», -деген, аса Тақуа, мөлдір Иманды әйел деген сөз. Бұдан біз біріншіден, Рухтардың да әр түрлі санатты болатынын және тектіліктің әйел жұртына да қатысы барын байқаймыз. Және онда Абройын қорғаған әйелден ауызы таза – өсек, өтірік пен балағат сөздер айтпайтын, яғни, әр сөзі Алла жаққа шығатын («Фатыр» с. 10-а), аузы дуалы, текті ұрпақ туылатынын түсінеміз. «...**Абройын қорғаған...**» Мәриямнан туылған Иса – дәл осындай Тақуа Момын.

Олар нендей қасиетімен бүкіл әлемге ғибрат болды? Абройын қорғағанға қонған **Рухтан.** Бұл қандай **Рух** еді? Ол – Алла **үйреткен атаулар** еді. Бұл **атаулар қандай атаулар?** Оны «Шура» сүресінің 52-аятын оқығанда жақсы білеміз. Онда: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Саған осылайша әмірімізден бір Рух уахи еттік. Сен Кітап не? Иман не? Білмейтін едің. Бірақ, Құранды Нұр қылып, онымен Құлдарымыздан кімді қаласақ, Тура Жолға саламыз. Расында сен Тура Жолға бастайсың», -дейді.

Аятты қысқаша талдасақ, алдымен Мұхаммедке (с.ғ.с.) бұрынғы Пайғамбарларға берілген нәрсе берілгенін («Фуссилат»

* Аллаға жаққан әйелге жақсы Рух, нашар әйелге нашар Рух жіберіледі. Бұған адамзаттың ақыл-ой мөлшерінің, пікірлеу қабілетінің бірдей еместігі дәлел.

с. 43; «Шура» с. 13-а) және жаңағы 19-аятты («Әнбия» с.) еске ала отырып, 52-аятта айтылған Иманның Сөздерден құралған сөйлем екенін, Кітаптар мен Құран да Сөздерден тұратынын айтамыз. Демек, Алланың әмірінен бір **Рух** уахи еткені – **Сөз**, Сөздерден түзілген – Аяттар болып шығады.

Бұл Аят арқылы да біз **Рухтың Сөз** екеніне көз жеткереміз.

«Мәриям» сүресінде (17-а): «...Оған **Рухымызды жібердік те Ол Оған толық адам бейнесінде көрінді**», -десе, «Ниса» сүресінің 171-аятында, Кітап иелерінің Иса туралы қате сөйлеп жүргендерін ескертіп: «...**Шынайы түрде Мәриямұлы Мәсих Иса – Алланың Елшісі әрі Мәриямға жалғастырған Сөзі және Алла тарапынан бір Рух...**», -деген. Бұл екі Аятты түсіну үшін «Әли Ғыман» сүресінің 59-аятын оқимыз. Онда: «**Шын мәнінде, Алланың қасында Исаның (ғ.с.) жағдайы, өзін топырақтан жаратып, сосын: «Бол!»**-дегенде бола қалған **Адамның (ғ.с.) жағдайы сияқты**», -деген. Яғни, Адам (ғ.с.) топырақтан болса, Иса (ғ.с.) **Сөзден** құралған Тұлға деген сөз. Бұған Исаның (ғ.с.) бесікте жатып сөйлегені («Мәриям» с. 29-33-а) мен Періштелердің: «...Әй, Мәриям! Расында Алла сені Өз тарапынан бір **Сөзбен** қуантады; Оның аты – Мәсих Иса Мәриямұлы...» («Әли Ғыман» с. 45-а), -деп сүйіншілегені және Оны таңдаулы бес Пайғамбардың бірі дәрежесіне көтеруі үлкен дәлел.

Енді жоғарыда келтірілген: 31-ші («Бақара» с.), 85-ші («Ісра» с.), 10-шы («Фатыр» с.), 91-ші («Әнбия» с.), 52-ші («Шура» с.), 17-ші («Мәриям» с.) 171-ші («Ниса» с.), 59; 45-ші («Әли Ғыман» с.) Аяттарды зерделесек, **Рухтың Сөз** екеніне күмән қалмайды.

Мынандай қосымша дәлелдерді де айта кетейік. Егер: «**Сөз**», «**Рух**», -деген сөздер, перзент қой, десек, осы Аяттың алдындағы 38-39-аяттарда («Әли-Ғыман» с.) Зәкарияның перзент тілегенін және оған Періштелердің әкелген хабарын айтқан. Онда **Сөз, Рух** демейді: «...Расында сені Алладан болған әмірді растаушы ел ағасы, нәпсісіне ие, игілерден бір Пайғамбар болатын **Яхиямен қуанышқа бөлейді**», -деп, тіпті есіміне дейін атап, ұл перзент екенін ескертеді.

Осы сияқты «Һұд» сүресінің 69-72 аяттарында Ибраһим Халиуллаға Періштелердің «...**қош хабармен сәлем бергенін...**», ...ізінен Ибраһимді **Ысқақпен, Жақыппен** қуантқанын, әйелінің

күліп: **«Әттен-ай! Мен – кемпір, мына ерім – шал. Мен туам ба?»**-дегенін баяндаған. Мұнда да **«Сөз»** деп айтпаған. Оларға қуаныш болатын балаларының аттарын атаған.

Және ешбірін: **«...жалғастырған Сөзі және Алла тарапынан бір Рух...»**,-деп айтпаған. Пікіріміздің дұрыстығына бұл да бір дәлел.

«Ниса» сүресінің 171-аятында Иса (ғ.с.) әрі **Елші**, әрі **Сөз**, әрі **Рух!** Егер Аятта Елші, Сөз, Рух қатар келгенде, үшеуін бір мағынада түсінер едік. Бұлар бөлек-бөлек түскен. Алдымен, Иса – Елші, екіншіден, Ол – **«...абройын қорғаған...»** Мәриямға жалғастырылған **Сөз**, үшіншіден, Ол – **Рух**. «Мүминұн» сүресінің 14-аятында айтылғандай, сүйектерге ет қаптап, сосын салған Рух; барлық пендеге салынған Рух емес, Ол – **«Абройын қорғаған...»** әйелге үрленген: даналық, дуахандық, кие дарыған бір **Рух**.

Осы Аятты таратып айтайық. **Елшілігі**, Ол – үрленген Рух болғанмен адам бейнесіндегі әдеттегідей Елші; **жалғастырған Сөздігі** – әрісін айтпағанда, Нұхтан бастап барлық Пайғамбарлар насихаттаған – Тура Жолын уағыздауы; **Рухтығы** – жүректегілерге шипа («Жүніс» с. 57-а) қасиетті **Сөз** – басқа Пайғамбарлармен салыстырсақ, Оған өзге Елшілерге бермеген ерекше қасиет – **дуахандық** берген. Соның үшін Оған Жаннан, нәпсіден бұрын Рух үрленген. Өзімізге өзіміз, «Ол осы ауруларды қалай дауалады?»-деп сұрақ берсек те оның жауабы, әрине, **дуамен** емдеді болады. Ол **дұға – Рух – қасиетті Сөз**.

Яғни, Адам – топырақ, Иса – **Сөз!** Адам – топырақ жерде өліп жерде қалды; **Сөзден** болған, **Сөз** – Иса Алланың құзырына көтерілді. «Әли Ғымран» сүресінің 60-аятында айтқандай **Исаның Сөз, Сөздің – Рух** екеніне күдіктене алмаймыз.

Рух жәйлі түскен келесі Аяттарға көңіл бөлейік. «Мағарыж» сүресінің 4-аятында: **«Ол Жоғары Орынға Рух және Періштелер** мөлшері елу мың жылдық бір күнде шығады», - деген. Бұдан біз Рух пен Періштелердің екі бөлек барлық екенін түсінеміз. (Бұрынғы кітаптар мен уағыздарда Жәбрейілді бірде – Рух, бірде – Періште деген...).

Екінші ерекше мән беретін дәйек – «Ол Жоғарғы Орынға **Рух және Періштелер...**», -дегендегі **Рух** сөзі. Бұл Рухты аудармашылар да, тәпсіршілер де Жәбрейіл (ғ.с.) деп жазады. Біздер Құранның «Хыжыр» сүресінің 28-29-аяттарынан Адамды

сыңғырлаған қара балшықтан жасап, **Рухын** үрлегенін, «Әнбия» сүресінің 91-аятынан Мәриям анамызға (р.а.) Исаның (ғ.с.) **Рухын** үрлегенін білеміз. Сондай-ақ, Жан, нәпсі, денеден тұратын адамның төртінші – негізгі бөлшегі **Рух**. Яғни, адам: Жан, нәпсі, дене және Рухтан тұрады. Және оның қорғаушы, жазушы Періштелері бар («Қаф» с. 17-18-а). Сонда: «Ол жоғарғы Орынға көтерілетін **Рух пен Періштелер...**» – пенденің өзінің Рухы мен жазушы, қорғаушы Періштелері болады, әрине.

Тәпсірлерде айтылғандай, Жәбрейіл мен Періштелер емес. Пенденің өз Рух мен Періштелері. Жәбрейіл мен Періштелер болса, Олардың көкке көтерілуінің пендеге не қатысы бар?!

Мұны «Фатыр» сүресінің (10-а) хабарымен пікірлесек, «**Ол Жоғары Орынға ...**» шыққан **Көркем Сөз – Рух пен Періштелер**.

Ал, 174-аятта («Ниса» с.): «Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ, сендер үшін **бір ашық Нұр түсірдік**», -десе, «Мәида» сүресінің 15-аятында: «...Расында, сендерге Алладан **бір Нұр** және ашық Кітап* келді», -деп, осыны «Шура» (52-а) мен «Тағабұн» (8-а) сүрелерінде және пысықтайды. Оларда: «**...саған осылайша әмірімізден бір Рух уахи еттік. ... Құранды Нұр қылып, Онымен Құлдарымыздан кімді қаласак Тура Жолға саламыз**» (52-а), «**...Аллаға, Елшісіне және Біз түсірген Нұрға Иман келтіріңдер...**» (8-а); «Ғафыр» сүресінде: «...Келетін Күнді ескерту үшін Құлдарынан қалаған адамына **әмірінен Рух түсіреді**» (15-а), - дейді. Бұл Аяттардың мағынасымен зерделесек, **Рух – Нұрға**, яғни, **ілім, білімге** саяды.

Міне, Құрандағы адасқандар осы жерден жаңылып жүр. Олар **Рухтың Сөз** – қасиетті **дұға** екенін білмегендіктен, Рух пен ұрықты – мәниді, нәсілді шатастырып, «Бақара» сүресінің 116-аятында айтылғандай, Аллаға жала жауып, қаһарға ұшырады.

«Бақара» сүресінің 87-аятында: «...Мәриямұлы Исаға да мұғжизалар беріп, **Рух ул-Қудус арқылы қуаттадық...**»**, - дейді, Қудус – Алла Тағаланың мүбәрак есімдерінің бірі; «Нахыл» сүресінің 102-аятында, Құранды **Рух ул-Қудус** әкелгенін

* Мұндағы «Кітап» сөзі – Құранда баяндалған қиссалар, оқиғалар.

** Мұны осы сүренің 253-аятында «Мәида» сүресінің 110-аятында да қайталайды.

айтса, «Шұғара» сүресінің 192-193-аяттарында: «Күдіксіз, бұл Құран, әлбетте, әлемдердің Раббысының түсіргені», «Оны Рух ұл-Әмін түсірді», -деген, Әмін – Сенімді Рух, яғни, дуахандық, кие дарыған Хикметті Сөздерді **Сенімді Сөз** алып келді.

«Шура» сүресінің 52-аятында: «...Саған ...әмірімізден бір Рух уахи еттік. Сен Кітап не? Иман не? Білмейтін едің...», -дейді. Барлық түйін осы жерде шешіледі. Расында Пайғамбарлардың қай-қайсысы да Құран не? Иман не? Білмейтін еді. Барлығын «...Рух уахи...» еткен Алланың Өзі үйретті. «Рух» Сөзін тәпсіршілер де «Құран», деп айтқан. Бұдан Рух дегеніміз Сөз деген қорытынды шығады. Тумаған, туылмаған аса Үстем, ерекше Мейірімді, аса Рахымды Алладан кешірім сұрай отырып, осындай шешімге келеміз.

Рух құпиясын ашуда «Нұр» сөзінің маңызы өте зор. «Нұр» сүресінің 35-аятында Өзін: «Алла – көктер мен жердің Нұры...», - деп, таныстырған Алла: «Әй, адам баласы! ...сендер үшін бір ашық Нұр түсірдік» («Ниса» с. 174-а), «...сендерге Алладан бір Нұр және ашық бір Кітап (Құран) келді» («Мәйда» с. 15-а), «... Құранды Нұр қылып, ... Құлдарымыздан кімді қаласақ Тура Жолға саламыз...» («Шура» с. 52-а), -десе, «Тағабұн» сүресінің 8-аятында: «...Аллаға, Елшісіне және Біз түсірген Нұрға Иман келтіріңдер...», -дейді. Бұл Аяттардан Алланың да, Құранның да Нұр әрі Рахмет екенін түсінсек, Құран Сөздерден құралған сөйлемдерден тұрады. Бұл жағынан келгенде де әңгіме Сөзге келіп тіреледі.

«Жүніс» сүресінің 57-аятын талдайық. Аятта: «...Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректегілерге шипа, сенушілер үшін Тура Жол және Рахмет келді», -деген. Осындағы «үгіт» пен «Тура Жол» сөздерден құралған сөйлем болса, «шипа» мен «Рахмет» – дұғамен дем салу. Яғни, біздің сөзіміз бұл Аят арқылы да тастықталады.

Бұл Аяттар Алла мен Құранды осылай таныстырса, «Ах-зап» сүресінің 45-46-аяттары тағы бір сырды ұқтырады. Оқиық: «Әй, Пайғамбар! Сөз жоқ, Сені бір куә әрі қуантушы, ескертуші етіп жібердік», «Алла жаққа Оның нұсқауымен шақырушы бір Нұрлы шырақ етіп жібердік», -десе, «Мүжәдала» сүресінің 22-аятында, Имандылардың Аллаға қарсыларды сүймейтінін ескертіп: «...әрі оларды (Имандыларды) Өз жағынан бір Нұрмен

қолдаған»,-дейді. Біз сауатты, пендешіліктен жоғары, биік парасатты адамды; кейде басына батпандаған қасіретті ауырлықтар түссе де моймаған адамды – Рухы мықты адам, дейміз. Неге олай дейміз? Себебі, ол жақсы тәрбиенің аясында жақсы білім алған; өзінің Алладан келгеніне – Аллаға тән және қайтар орны да Алланың алды екеніне сенген; және ол бұл жалғаншы дүниенің даңқ-дәрежесіне алаңы жоқ, Алладан ғана қорқатын, Ақыретінен үміті үлкен адам. Ақыреттен үміттілік, бұл – Тақуалықтан. Тақуа адам – Нұрлы **шырақты** адам, Нұрмен **қолданған** адам.

Ал, енді Сіз мұндай адамдармен сұхбаттас болып көріңіз, сонда Сіз оның ой-пікірінің терең екеніне, ілім-білімге бай екеніне және жүрегіңізді елжіреткен шешен екеніне көз жеткересіз.

Бұл жерде де **Сөз** рөл ойнап тұр. Егер ол сөйлемесе, Сіз оны осыншалықты зерттеп танымас едіңіз.

Алла сыпайы сөйлеуді («Ісра» с. 53; «Ахзап» с. 70-а), ұят сөздерді айтпауды («Ниса» с. 148-а) тапсырған. Бұндағы айтпағы да Рухтың **Сөз** екендігі.*

Сонымен Аяттардың хабарын топшылап, **Рух, Нұр, Сөз** атауымен таныс, көзге көрінбейтін барлықты дәлелдеп, Рухтың **Сөз** екеніне таялдық. Бұл жерде ой салатын, дау тудыратын нәрсе – Сана. Ол айтылмай қалды. Енді осыған келейік. Құранның «Нахыл» (78-а), «Мүминұн» (78-а), «Ахқаф» (26-а), «Інсан» (2-а) сүрелерінде: **«...сендерге есту, көру және ойлау қабілетін берді», «Ол сендер үшін есту, көру және ойлау қабілетін жаратты...», «...оларға есту, көру және ойлау қабілетін берген едік...», «...оны еститін, көретін қылдық»**,-деген. Судан жаратылған тірі жанның барлығы естиді, көреді, бірақ, барлығы бірдей, ойлап, пікірлеу қабілетіне – санаға ие емес. Бұл қабілет тек адамда ғана бар. Міне, осы ойлап-пікірлеу қабілетін ортаға сала отырып, Рух түсінігіне тоқ етер қорытынды жасасақ, **Рух – түйсіктен, мәнді дыбыстардан, ойлаудан (ойлап-пікірлеуден), ілім-білімнен (Құран-Нұрдан, дұғадан) тұратын құдіретті Сөз!**

Электроника ғылымы биология, химия, физиканың біріккен туындысы болатын болса, ол физикасыз өзін көрсете алмайды.

* «Саф» сүресінің 8-аятында: **«Олар Алланың Нұрын өшіруді қалайды. Кәпірлер жек көрсе де Алла Нұрын тәмамдайды»**,-дейді. Кәпірлердің Нұрды өшіретіні – Аяттарды жаман сөздермен алмастырып сөйлеуі («Бақара» с. 58-59; 104-а); «Өмір бір-ақ рет беріледі...»,- деп, Тура Жолды бұрып уағыздауы...

Яғни, энергия болмаса, әрекетсіз. Сол сияқты ой да, пікір де, ілім-білім де, **Сөзсіз** өзін таныта алмайды. Рухты **Сөз** дегеніміздің және бір дәлелі осы.

Мұны ғалым Энштейннің: «Түйсік – Тәңірдің пендеге берген ең ғаламат сыйы; ал, **Сөз** – оның сенімді құлы», - деген тұжырымынан да жақсы байқаймыз. Мұндағы түйсік – сана, әрине.

Бәрімізге белгілі – Жан, сезім, дыбыс судан жаратылған («Нұр» с. 45-а) тірі жанның бәрінде бар. Ит, маймыл, аю, мысық, ат адам үйреткен әрекеттерді жақсы игереді. Өзара түсініседі. Сөзге жаттығады. Бірақ, сөйлей алмайды.

Айтқанды қайталайтын тоты құс та өзінен сөз шығармайды. Себебі, оларда ойлау, пікірлеу ілімі жоқ. Сондықтан олар сөз шығаруға шарасыз.

Осы тұста бір ескерер жәйт, мылқаулардың «сөйлесуі». Олар саусақтарын қозғаумен бірге аузын жыбырлатып, белгілі бір сыбыр шығарады*. Ал, хайуанаттарда дауыс бар, сыбыр жоқ. Бұл да сөздің Рух екеніне бір дәлел.

Енді Рухын жоғалтқан адамды алайық. Ол сөйлейді, өзінің атын біледі. Су ішеді, тамақ жейді, ұйқысы келгенде ұйықтайды... Бірақ, әдірісін, арғы тегін, басынан өткенін білмейді. Тап хайуанаттар тәрізді шекті санада қалады.

Демек, адамды адам қылып тұрған Рух: сөзден, ойлап-пікірлеуден, ілім-білімнен.

Енді сөз құдіреті мен хайуандардың да сөзге түсінетініне, оларда да белгілі шектің ішінде сезім, сана барына дәлел айтайық. Бірінші дәлел, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сойылғалы тұрған малға сойылатыны туралы естіртпеу, пышақты көрсетпеу туралы хадисі болса, екіншісі, үшіншісі ел ішінде өзім көзіммен көрген және оқыған, елден есіткен оқиғалар. Өзім куә болған мына төрт оқиғаны атайын.

1958 жылғы жаздың бір кешінде, Полат ақсақал бір жарым жасар қызын көтеріп, боталы түйесінің жанына келіп: «Менің қызымның ботасы да өсіп келе жатыр-ау!» - депті.

Ертеңіне азанда барса, бота теңкиіп өліп жатыр екен...

* Тас керең адамға балағат сөз айтылса, ол тез түсінеді. Зерттелгенде тас керең балағат сөзді еріннің емеуінен түсінгенін айтқан екен.

Біздің үлкен, өте жақсы бурамыз бар еді. Сол 1963 жылдың тамызында көзігіп, сие алмай, неше түрлі емдер жасағанмен шипасы ұшырамай, соңында созылып жатты.

Мен тоғыз жастымын. Әкем жылқы айдап, ағаларым етке тапсыратын қой айдап ауданға кеткен. Үйде әжем, анам, жеңешем ғана. Ферма орталығынан Мақсымбай атамызды шақырып келдік... Арам өлтіруге обалсынды – мауыздайтын болды. Бура күн шығысқа қарап жатқан еді. Мауыздар кезде жеңешем: «Мұны қалай құблаға қаратамыз?»-дегені сол еді, түйе жануар, құбланы білгені ғой, жатқан жерінде алдыңғы аяғын тарпып-тарпып жіберіп, мауыздауын өзі құблаға туырласа болар ма?

Үлкендер бәрі бірден: «Астапиралла! О, жарықтық-ай! Ай, жануар-ай!»- деп, оның сөзге түсінгеніне таң қалып, жағаларын ұстап жамырасты.

Соншалықты алып денені қозғай алмайтын, мұсылманшылықты және бурасының келешегін ойлап, шарасыздық танытып тұрғандарды түсінгенін айтсайшы?!...

Үшіншісін, Асан деген жігіт үйінің алдынан, кірпіштен қалап, асхана құрмақ болып, жолдастарын, көршілерін асарға шақырған. Қарт әкесі қарта ойнамаққа өз әмпәйластарына кеткен. Асаршылар жабыла жұмылып, екіндінің кезінде құрылысты бітіріп, жуынып-шәйініп, үйде тамақтанып отырған.

Қарт әке де үйіне қайтқан. Асхананы әп-сәтте біте қалады, деп ойламаған ол, үйінің алдынан бой көтерген асхананы көріп: «Ойпырмай! Мынау тым жақсы асхана болыпты ғой!»-деп, асаршылар отырған үйге кіріп, оларға алғысын білдіріп, өз бөлмесіне өте бергенде, даладан гүрс еткен дыбыс шыққан. Отанасы есіктен қараса жаңа ғана құрылған асхана құлап жатыр екен.

Көріп отырғанымыздай үш оқиғада да көз тию (сұқ) және адамдардың Құбла туралы айтқаны – үшеуінде де Сөз құдіреті рөл атқарып тұр.

Төртіншісі, 2012 жылдың шілде айында, Азат Сапарбаев ағамызбен үйінде кездесіп, өткен-кеткеннен көп әңгімелер айттық. Сонда ол кісі:

-Әкем Асан ұжымшардың арбакеші еді. Ол кезде адамдар қазіргідей бір жұмыспен жүрмейтін, ұжымшардағы барлық жұмысты жұмыла кірісіп, бірге атқаратын. Әкем арбаға түйе жегеді. Одан тыс қарауымызда бірнеше түйе болатын....

Үлкен қаранарымыз бар-тын. Бастықтардың бірі: «Осы нарың семіз екен. Ертең сайлау мерекесіне осыны соямыз», -деп, түйені көрсетіпті.

Нар мұны сезіп қойған. Сол түнде, қазықтан қалай босанғанын Алла біледі, қашып кетеді. Ұжымшар белсенділері бұған, өзін қашырғансың дегендей наразылық білдіреді. Заманның сәл нәрсеге бола: «Үкімет саясатына қарсы шықты, халық жауы!» -деп, атып тастай беретін ауыр кезі.

Әкем және бір нарға мініп, қаранарды іздеп, Аллаға тәуекел деп, баяғы өзі өскен, осы қара нар әкелінген құдығына жол алады. Барса, қаранар осында келіпті. Гелеге қосылыпты.

Әкем: «Қаранар мені көргеннен геледен бөлініп, маған қарай тапырақтап, шаңқытып келе жатты. Мен түйеден түсіп, бауырына тығылып тұрдым...

Қаранар алдымызға келді де шабынып тұрып боздады, көзінен жас парлап құйылып. Бота кезінен өзім асырағанмын. Өте аянышты. Тастап кетуге үкіметтен қорқамын...

Әсте жылжып жанына бардым. Сипалап, жағдайымды айтып, мұрындығына бидасын байладым. Боздап қояды, тісін шикылдатып, жан-жағына елендейді. Маған күш бермей қашып кетсе, мені үкімет азаптайды. Қашпайын десе, өзі сойылады. Қаранар осыны біліп: «Құдай бізді осы адамзат үшін жаратқан ғой! Қой, жалғаннан ерте кетіп бара жатсам да, мен көнейін, Алла риза болсын! Әйтеуір, арам өлгеннен жақсы ғой!» -дегендей мен үшін өзін өлімге қиды», -деп, отыратын, -деп, түйе малының сезімталдығы туралы бір хикаяны әңгімеледі.

Міне, мұнда да нардың сойылатыны айтылғаны және нар мен Асан атаның арасындағы түсінісу – Сөз рөл ойнап тұр.

Осы нар мен алдыңғы бураның сөзге түсінгенінен біз, «Нар идірген» деген күйдің тарихының Шындығын да көреміз...

Біз көбіне жылқы мен иттегі инстинкті айтып, ерекшеліктеріне таңданамыз. Негізінде бұл қолда өскен, адаммен үйлескен бірнеше мақұлықтарда болады екен. Бір кісі: «Әкем өліп, жаназасын оқуға үйден көтеріп, далаға шығарғанда, қазықта тұрған үлкен сиыр бар дауысымен ерекше бір бақырды. Таң қалған көпшілік: «О, жәнұәр-ай! Иесінің өлгенін біліп, қоштасқаны ғой!» -деп, бастарын шайқады...», -деген болатын.

Міне, осы дәйектер «Фуссилат» сүресінің 53-аятының Шындығы – Алланың бізге хайуанаттарда да Аллаға айтатын таспих («Ісра» с. 44; «Нұр» с. 41-а) барын білдіруі.

Енді негізгі тақырыбымызға өтіп, бұған Әл-Фараби бабамыздың музыка ғылымы жайлы еңбегін* келтірсек, жеңілірек түсінеміз. Ол әуенді екіге бөліп түсіндіреді: «...біріншісінің жағдайы (қызметі), киімдегі негізгі жіп пен арқауға және құрылыс үйлеріндегі ағаш пен кірпішке ұқсайды; ал, екіншісінің ахуалы (қызметі), құрылыстың декоры мен нақышына, түсі мен жарқылына және киімдегі шашақтар мен әшекейдің жағдайына ұқсайды», -деп, біріншісін – «әуеннің негіздері мен бастаулары», -деп; екіншісін – «әуенді толықтырушылар», -деп атапты.

Адамның құрылысы да осылай: дене, Жан және нәпсі – адамның негіздері мен бастаулары, ал, **Рух** – толықтырушы; Ақыл, Сананың өлшемін көрсетіп тұрған **Сөз** – декор мен нақышы, шашақтары мен әшекейі. Мәдениетті ойлау, мәдениетті және сауатты сөйлеу мен киіну, өнер, тазалық – адамның ажары көркі, абройы. Рух, Сөз, Нұрдың мағынасы осыған келеді. Осыны жөн көрсек, адамзатқа Тура Жолды, ғылымды, мәдениеттілікті, тазалықты үйретіп келген Құранның Алладан келген мұғжиза екеніне күмән қалмайды.

Алла Тағала «Ісра» сүресінің 53-ші және «Ниса» сүресінің 148-аятында сыпайы сөйлеуді ескертсе, «Хұжрат» сүресінде (6-а), бұзық хабар есіткенде, оны анықтауды, ал, «Ахзап» сүресінің 70-аятында: **«Әй, Момындар! Алладан қорқындар дұрыс сөз сөйлендер»**, -деген және «Хаж» сүресінің 30-аятында **өтірік сөзден сақтануды тапсырған**. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): **«Сөзде кие бар»**, -деген. Бұл айтылғандар да бос сөз емес, сөздің Рухқа қатысы барын, яғни Рух екенін аңлатып дұрыс сөйлеуге үгіттеп, Көркем Сөздің Алла жаққа шығатынын («Фатыр» с. 10-а) жадқа салады.

Абай бабамыз да «Сегіз аяғын» осылай бір өлең жазайыншы, деп жазбаған, «Шымырлап бойға жайылар» маржан сөздің «Өткірдің жүзінен, Кестенің бізінен» өткірлігінен «Тағыны жетіп қайратын» Құдырет екенін танығаннан соң жазған және оны «Сегіз аяқ» деп атаған.

* Әбу Насыр әл-Фараби. «Таңдамалы трактаттары». «Әуен дыбыстарының жағдайы». 319-бет.

Халық: «Дұрыс сөз сөйле. Періште жақсыға да, жаманға да «Әумин», - дейді», - деген және мұны тастықтаған: «Жаманның айтқаны келмейді, сандалғаны келеді», - деген де мақалдар бар. Бұл деректер де **Сөздің** дұға, **Рух** екеніне сілтеме жасайды.

Достар, құдалар бір-бірімен қалай табысқанын әңгімелегенде де: «Сөзіміз жарасты...», «Рухымыз жарасты...» немесе «Көңіліміз жарасты...», - дейді. Сол көңілді жеткеретін де тіл – **Сөз**. Адам бірінің көңілін бірі сөйлеген сөз арқылы танып, шешім қабылдайды... Бұлар ой-пікірі бір өрісте дамып, сөздері бір арнаға сыйғандар. Осыдан да **Рухтың Сөз**, ой-пікір, білім екендігі көрініп тұрады.

Ғылымда әлем сөзден тұрады, деген де дерек бар. Бұл – «Ісра» сүресінің 44-ші, «Нұр» сүресінің 41-аятының хабары. Аяттарда: **«Жеті көк және жер, сондай-ақ, оларда болғандар Алланы пәктейді. Оны пәктеп мақтамайтын ешнәрсе жоқ. Бірақ, сендер олардың тасбихтарын (пәктеулерін) түсіне алмайсындар. Шынында Алла – өте Жұмсақ, аса Жарылқаушы»** (44-а), **«Көктер мен жердегі әркімнің әрі қатар-қатар ұшқан құстың Алланы дәріптегенін көрмейсің бе? Барлығы өзіне тән намазын, тасбихын біледі. Алла олардың істегенін толық біледі»** (41-а), - деген. Демек, әлем сөзден тұрады, деген тұжырым рас.

Біз өзімізді қоршаған ортадағы хайуанттар мен құстардан шығатын неше түрлі дыбыстарды және ғылым арқылы ультра дыбыстарды білеміз. Бірақ, оларда не айтылып жатқанын түсінбегесін, олардың Алланы дәріптеу екенін білмейміз.

Осы Аяттарды («Ісра» с. 44; «Нұр» с. 41-а) оқып отырғанымда, бала кезімдегі бір мұғжиза есіме түседі. 1963 жылдың жазы. Далада ойнап жүргенбіз. Бір кезде жерден бір метрдей биіктікте, шырылдап тұрған боз торғайды көрдік. Бейне аяғынан жіппен байлап қойғандай, ұшып кете алмай, шырылдайды. Жақындай бере анықтап қарасақ, бір жер түстес жылан, басын көтеріп, дәл астында жатыр. Қасымдағы серігім сыбырлап: «Уа, жылан дұғалап жатыр!» - деп, жерден бір тас алды да жыланның басынан көздеп, құлатты. Боз торғай да құлап өліп қалды.

Бұдан да дұғалы сөздің құдіретін көреміз.

Алланың Күрсі судың үстінде («Һұд» с. 7-а). Ол су – әлемнің төрттен үш бөлігін алып жатқан үлкен мұхиттар, теңіздер,

өзендер мен көлдер, бұлақтар, сарқырамалар десек, олар үнемі қозғалыста, олардан түрлі дыбыстар шығып, төрткүл дүниеге таралып жатады. «...**жер мен көктегі сөйлегендерді білетін...**» («Әнбия» с. 4-а) Алла: «**Жеті көк және жер, сондай-ақ, онда болғандар Алланы пәктейді. Оны пәктеп мақтамайтын еш нәрсе жоқ...**» (44-а),-десе, жердегілердің ең үлкені әрі құдыреттісі, осы су. Екінші, «Әнбия» сүресінің 19-20-аяттарында: «**Көктер мен жердегілер Алланикі. Оның қасындағылар Оған құлшылық қылудан тартынбайды да шаршамайды,**» «**Олар күндіз-түні Алланы дәріптеуден жалықпайды,**»-деп, жаңа айтқанымыздай әлемнің сөзден, дыбыстардан тұратынын аңлатады. Сондықтан өсектен сақтануға және ұятсыз сөздерді айтпауға, «...**ең жаман дауыс есектің дауысы...**» («Лұқман» с. 19-а),-деп, дауыстап сөйлемеуге шақырған, тіпті, құлшылық пен тіленіп-жалбарынуды да жәй, іштен айтуды мұқияттаған. «Ағраф» сүресінің 55-ші және 205-аяттарында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Раббыңа **ішіңнен жалбарына, қорыққан түрде бәсең сөзбен** ертелі-кеш зікір ет. Сондай-ақ, қаперсіздерден болма!»-десе, «Ісра» сүресінің 110-аятында: «...**Намазда жариялап та, құпиялап та оқыма, осы екеуінің арасындағы жолды ұста,**»-деген. Ал, «Мүминұн» сүресінің 2-аятында: «... **Момындар намаздарында іштей жалбарынады,**»-деп және бірнеше Аятта іштен жалынуды ескерткен. Дауыстап демеген.

Дауыстап демеітіні, біріншіден, әркім өзі үшін құлшылық қылады, өзгелерге кедергі болмау үшін әрі өзін діндар етіп көрсетудей пасықтықтан сақтану үшін десек; екіншіден, ғайыптағы дыбыстарға ұласып, зиян шегіп қалмау үшін. Себебі, Алла шайтанды Бейіштен қуғанда, оған: «Олардан шамаң келгенін **дауысыңмен әуліктір...**» («Ісра» с. 64-а),-деген. Демек, сөзден* тұратын әлемде шайтанның да дауысы бар. Дауыстап

* Әлемде 275 сарқырама бар, ормандарда неше түрлі дауыстар шығып жатады. Құстардың 10 мыңға тарта түрі бар. Олар сайрайды, шақырады, құрылдайды, шықылықтайды, әуілдейді, ысылдайды...

Қамысты көл бойы да ызындаған, шиылдаған, құрылдаған дыбысқа толы. Көлбақаның 5000-дай түрі бар, деп оқыдық. Неше миллиондаған жануарлар бар. Бұлар кіссінейді, боздайды, гүркірейді, мөңірейді, маңырайды, өкіреді, ұлиды, үреді, бақырады... Барлығында дауыс бар.

Пілдердің, киттердің дауыстары он шақырымға дейін есітіледі екен...

сөйлеген адамның сөзі шайтанның сөзімен араласып кету қаупі барын ескертеді.

Осы сөзімізге өмір Шындығынан бір дәлел айтайық.

1957 жылдары бір кісі еңбек табыстарының есебіне, колхоздан сыйлыққа патефон алыпты. Орталықтағы үйде құтты болсынға келген көрші, кәсіптес, туыс, ағайындар ән тыңдап қызыққа батқан. Отарда жасайтын бір туысы: «Маған берші! Мен ауылға барып, асықпай отырып тыңдайын!»-деп, сұрап алып кетіп бара жатып, үйіне жетуге де тағаты жетпей, жолда – айдалада аттан түсіп, қолайлы жерге жайғасып, патефонды ашып, бар дауысымен айқайлатып қойып тыңдаған. Құйқылжыған әнге бұйып отырғанда: «Оу, біз де тыңдайық!»-деген, бір дауыс естілген. Орнынан ұшып тұрып айналаға қарайды, ешкім жоқ. Қорқып, қашады..., ауырады...

Ол не дауыс еді? Кімнің дауысы? Ол ашылмады.

Алайда, ғылым дәлелдегендей далада дауыс бар. Ғылым көктегі толқындарды айтқан. Солардан бірі – радио толқын. Неге радио? Көктегі белгілі толқынның дыбыстардан түзілгендігінен. Осыдан келіп тартылатын және бір дәлел, телефондағы сөйлесу. Кәдімгі телефонда сөз сымның бойымен барады, дейік, ал, рация мен қазіргі сымсыз сөйлестіріп отырған көкүннен шыққан сөз екінші адамға қалай жетеді? Егер әлем сөзден тұрмаса, бұл жете ме? Бұған мына бір ғаламат жаңалық нақты жауап беретіндей.

«Егемен Қазақстан» газетінің 2016 жылғы 2-наурыз күнгі санынан неміс ғалымдарының астрономдарға көптен тыныштық бермей жүрген, өте жоғары жылдамдықты дыбыс шығаратын радиожарқылдар қайнар көзін тапқанын оқыдық*...

Бұл да әлемнің сөзден, дыбыстардан тұратынына бір дәлел болса, екіншіден, бұлар ауадағы радио толқындарды түзушілер, сымсыз байланыс құралдары осы толқын арқылы адамдарды сөйлестіреді.

Осы толқынға мына бір нақты дәлелді де тарта кетейік. Домбырашы, дирижер Серік Нұртазин көзі әзіз балаларға дирижерлік етеді. Ол: «Бірде журналист олардың бірінен: «Сен дирижерді көрмейсің. Ол кісінің қолымен ырғақтарға бастағанын қалай

* «Тақуалыққа бастар жол...» атты әдістемеміздің «Алла көкте қай жерде?» деген дәлелімізде.

білесің?»-дегенінде, шәкірт: «Ол кісінің қолынан маған толқын келеді», -деп, мені тебрентіп жіберді...», -дейді, «Сарасөздегі» сұхбатында.

Міне, бұдан кейін көктер әлемінің бірнеше дыбыстардан (сөзден, ырғақтан, айқайдан-шудан) тұратынына, онда дариядай аққан толқындар барына күмән қала ма?

Біз «Тақуалыққа бастар жол...» атты әдістемемізде даладағы дыбыстар жәйлі шамалы деректер айттық. Соған қосымша және бірнеше деректерді ұсынайық.

Әруақтарға Құран бағыштаймыз. Бұл Құранда айтылмаған. Бірақ, марқұмдардың ізінде қалғандардан Рухани азық, қуат дәм етіп, түсінде аян беруі арқылы өмірге келген. Жоғары білімді, ел сыйлаған бір кісі, әкесінің мұңайып, шаршап жүрген кейпімен түсіне кіргенін, бұл садақа беріп, атын атап, Рухына Құран бағыштағанда, сол күні түнде түсінде, жаңа киім киіп, көңілді жүргенін көргенін әңгімелеген еді.

Сұхбаттас болған бірнеше кісіден осы тақылетті кереметті есіткенбіз.

Осыған мән берейік. Әкесі түсіне кірді, бұл оның қолына ештеңе берген жоқ не әкесі мұның дастарханынан дәм татқан жоқ, тек молдаға Құран оқытып, сауабын бағыштады. Әкесі қуанышты болды, яғни, әруақ – Әр-Рух қуанды. Бұл қалай?

Бұл біріншіден, кеңістіктің бос еместігін, онда тіршілік барын білдірсе, екіншіден, Алланың Сөзі – Нұры үнемі әрекетте екенінің және марқұмдардың Рухтарының осы Нұрды іздейтінінің айғағы. Құранда Рухани азық алыңдар, дейтіні осы. Бұл – «Бақара» сүресінің: **«Алла Жолында өлтірілгендерді өлі демедер, олар тірі, бірақ, сендер сезіп біле алмайсыңдар»**,- деген, 154-аятының нақты дәлелі.

Құран бағыштау, дұға жасау Шәкәрім Құдайбердиевтің «Үш анығында» да айтылады. Жахсаза деген Рухтан басқа Рухтардың асығатыны жәйлі сұрағанда, ол: «Олардың ізінде дұға бағыштап отыратын ешкімі жоқ», -деп жауап береді. Демек, әруақтарға дұға зәрлі. Атақты сайып қыран Әмір Темір бабамыз естелігінде: «... Тоқтамыстың әскерімен шайқаста ол жеңе бастады. Сол кезде әулие Зияуиддин: «Уа, Әмір! Бері кел, бата берейін!»-деді. Ол батасын аяқтай бере, біздің әскер оларды тықсыра қуып жеңіске жеттік...», - дейді.

Бата! Шын жүректен айтылған адал сөз – соғыстың тағдырын шешті.

Бауыржан Момышұлы ағамыз 1976 жылы сәуір айында Өзбекстанның Науайы (ол кезде Бұхара обл.) облысына қарасты Тамды ауданында жасайтын, қадірменді інісі Энгельс Ахметовтың шақыруымен Тамдыға барады. Мұндай Ұлы тұлғаның еліне келгеніне бүкіл ел қуанып, бірінен кейін бірі үйіне қонаққа шақырады.

Кезек келіп Өтегенұлы Мыңбай ағамыз да үйіне шақырып, сыбағасын беріп, батырға: «Бауыржан аға, Алланың назары түскен ұлы адамсыз ғой. Менің мына інім Кенженің шаңырақ көтергеніне біраз жыл болды. Перзент көре алмай мұңлықта жүр. Соған бір бата берсеңіз», -деп, батырдың жауабын күтпей қолын жаяды. Сонда Бауыржан атам: «... Келесі жылы осы үйге мың бірінші Бауыржан туылады», -деп бата береді.

Айтқанындай-ақ, 1977 жылы жазда мың бірінші Бауыржан дүниеге келеді. Қазір ол отбасылы Қарағанды облысының Теміртау қаласында жасап жатыр.

«Тәубе» сүресінің 103-аятында Алла Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «**...Оларға дұға қыл. Өйткені, сенің дұғаң, олар үшін бір тоқтау...**», -деген*. Дұға – Аяттардан тұрады немесе Аяттарға негізделген қасиетті **Сөздерден** құралған жүрек сөзі.

Бұлардан тыс Періштелердің дұға қылатыны («Жүніс» с. 10; «Фатыр» 43; «Ғафыр» с. 7-а) мен лағнеттейтіні («Бақара» с. 89; 159; 161-а) – барлығы дұға – Сөз.

«Қыз Жібек» дастанында Төлеген әкесі Базарбайдың батысын алалмай, өз еркімен Жібектің ауылына жол алды. Ақыры қайғымен бітті. Анасының айтқанын қылмай теріс бата алып, Баян сұлудың ізінен аттанған Қозы да қайғылы өлім құшты.

Демек, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) айтқандай, сөзде – батада, дұғада кие бар. Сондықтан және қайталайық, Құранда «Ниса» (148-а), «Ісра» (53-а), «Хаж» (30-а) сүрелерінде ұят сөздерді айтпауды, өтірік сөз бен өсектен сақтануды тапсырған.

* 103-аят Х. Алтай аудармасынан алынды. Арабша «саканун» сөзін аудармашылар: «бір тоқтау», «бір жұбаныш», «бір тыныштық», «тынышталып орнығу», «...дауалайтыны даусыз», деп қазақшалаған.

Коммунистік қоғамның өлшеп берген айлық жалақысымен күн көрген отбасында өскен жігіт, базар жағалап, біреудің дүкенінде сатушы болды. Күнде таңертең жұмысқа кетерінде, орнынан тұрып, әкесінен бата сұрайды. Әкесі бар болғаны: «Алла деніңді сау қылсын! Кәсмүкәріңә береке берсін!»-дейді. Болғаны осы-ақ!*

Жігіттің саудасына береке кіріп, қатарластарының алдына түсті...

Бұлар – жаңағы әлем сөзден тұрады, деген сөзімізге дәлелдер.

Абай бабамыз: «Ақылмен ойлап білген сөз,

Бойға жұқпас сырғанар.

Ынталы жүрек сезген **Сөз**,

Бар тамырды қуалар»,-дейді. Барлық тамырды қуаласа, ол бойға тегіс жайылды, деген сөз. Демек, адам содан қуаттанады, содан жігерленеді, яғни, Рухани күшейеді. Ол күшке ие болған адам – әр тараптама күшті адам болады.

Атақты ғалым, физика ғылымының профессоры Темірғали Көкетай, даңқты журналист досы Сұлтан Оразалин туралы естелігінде: «...Сондықтан Сұлтан да Абайдың Рухын, жан дүниесіне сіңіріп өскендіктен ана тілін ардақтамауы мүмкін емес еді. Көптеген ғалымдардың айтуынша адамзат пайда болғалы өркениеттің жоғалып кетуінің негізгі себебі, қоғамның Рухани қуатының әлсіреуі салдарынан екен**. Сондықтан, өркениеттің өмір сүруінің басты шарты – Рухани қазынаның сақталып, үздіксіз өсіп дамуында. Осыған сәйкес ғасырлар барысында қазақ халқының Рухани байланыстарының ең асылының бірі – тілі екенін Сұлтан жастайынан көкрегіне құйып өскен азамат...» («О. Қ» 13. 04. 2021 ж. «Рух Сұлтаны»),-деп толғайды.

Бұл жерде де **Рух – Сөз**, тіл айтылып отыр.

Арқалы ақын Серік Ақсұңқарұлы: «...Өлең техникасындағы ізденістер мен жетістіктер поэзияны сантиметрлеп-метрлеп қана

* Мен бұл отбасында бірнеше мәрте қонақта болғанмын, отағасы үнемі осы батаны береді. «Исламдағы Рухани жаңғыру» атты кітабымыздағы «Ата мен анаға құрмет...», деген тақырыбымызда да Шәпек Күзембаев атамыздың тағлымды амалдарын айттық...

** «Фатыр» сүресінің 10-аятында ең көркем сөз Аллаға көтерілетінін ескерткен. «Рухани қуаттың әлсіреуі...(Т. К.)» өсек пен өтіріктің көбеюі, Аяттар мен сахих хадистерден гөрі ұятсыз сөздердің жария айтылуынан болады.

ілгері оздырса, адам Рухындағы ат ойнаған асқақ құбылыстар оны бірнеше километрге шыркатып жібереді. Өлең – жарқыраған ұйқас, жалт-жұлт еткен сөз емес, Рух деген сөз!»-деген («О. Қ» 17. 04. 2021 ж. «Барыс жылы туған асау балықпын...»).

Өлең техникасындағы ізденіс айтпақ пікір мен өлең формасы болса, «...адам Рухындағы ат ойнаған асқақ құбылыстар...» тандалған сара **Сөздің** әсерінен ат ойнатады.

Бұл жерде Рухты сезім дегенге тартатын ой да жағаласады. Ал, сезім жануарларда да бар. Бірақ, оларда ойлау-пікірлеу жоқ, сөйлей алмайды...

Әкем жылқы бағатын. Жаз айларында Қолшықтаудың арасындағы Ақтастықұдықта отыратынбыз. Мұнда басқұдық, ортақұдық, аяққұдық аталған үш құдық болатын. Біз кейде ортақұдықта, кейде аяққұдықта отыратынбыз.

Ортақұдықта, күн шығыс жақтағы таудың басында мазарат болатын. Ауа тынық кеште, әлгі мазараттан күмбірлетіп күй тартқан, домбыраның дауысы есітілетін. Кейде ән айтатын. Бірақ, сөздері анық емес. Біз мұны әр жылы жазда есітіп, құлағымыз үйренгендіктен қорықпаушы едік.

Осы тауда Ералы деген құдықта құдамыз отыратын. 1962 жылы жазда қидырып бардық. Далада отырғанбыз. Іңір үйіріле* бере кәдімгі үремелі сырнайдың дыбысы шығып, балалар шулап, дабырлап, арасында өлең айтып кетіп бара жатқанын біліп отырдық. Көзге көрінбейді.

1983-84 жылдары қарттармен сұхбаттасып жүргенімде Өтеш Жасынбаева, Жарқын Бисенбаева есімді әжелер, 1932 жылдары сауат ашу тобы барып, сол Ералыда жазғы лагерь ұйымдастырып, таңғы уақытта сырнаймен оятатынын; кештерде әндер айтып отыратынын; түрлі ойындар ойнайтынын; тау арасына сейілдерге шыққандарын әңгімелейді. «Сол кездегі әндерден айтыңызшы!»-деп, өтінгенімде, сол кеште мен есіткен әнді, мынадай сөздерімен: «Жаз жайнатып, күн гүлдетіп, Біз лагерьге барамыз. Жұпар иісті гүл үстінде, Ойнап асыр саламыз»,-деп әндетті. Осы ән тау арасында әлі өшпеген еді!

Қазірде теледидардан, радиодан Құрманғазы, Тәттімбет, Махамбет, Жаманқара, Сүгір, Біржан сал, Ақан сері т.б. аталары-

* «...Ауа тынық кеште...»,- дедік, «...Іңір үйіріле...»,- дедік. Бұл шам намазының маңыздылығын түсіндіреді. Яғни, Рухтар дұғаға алаңдайды.

мызды және Төлеген, Ғарифолла, Жүсіпбек, Шәмшат, Көшеней, Жәнібек т.б. әнші, күйші, жыраулардың әуенін естігенімде, мен өздерін көргендей әсерде боламын. Себебі, дене ғана өледі; дауыс – **Сөз – Рух** өлмейді.

1932 жылы үкіметтен қашып, елден безіп жүрген басмашылар, Тікей деген құдыққа келіп, біреудің үйін тартып алып, өз алдарына үй тігіп тұрақтайды. Бұдан хабар тапқан қызыл әскер таң алдында келіп, тұтқиылдан шабуыл жасайды. Сонда олар, өз қостарын тастап, сол жердегі отбастарына тығылады. Қызылдар қоймай атады. Әйелдер мен балалар айқайлап, жылап аман қалғаны бет алды қашады. Талай адам жараланады, жазықты-жазықсыз көп адам өледі. Сол жерден әлге дейін түнгі мезгілде айқай-шу, балалардың жылаған дауысы шығады.

1962 жылдың шілдесінде бір оқиға болды. Ақтастының аяққұдығында, киіз үйде жасайтынбыз. Үйімізден бес жүз метрдей жерде ескі күйек алатын, биік там бар еді. Бірақ, тозған – есік, терезеден жұрдай. Төрт қабырғасы, төбесі бүтін. Соның оңтүстік түбінде, төмпешік болатын. Әжемдер: «Баспаңдар! Мұнда бала жерленген», -дейтін. Ес білгесін сұрап білсек, 1932-33 жылдардағы ашаршылықта, қызылқұмнан босып келе жатқан бір ана, аштан шала өлген баласын сол жерге көміп кетіпті...

Сол күні әкем Жыңғылдыға тойға кеткен. Шам намазының кезі. Анам есігі түрүлі киіз үйдің ортасында домбыра тартып, ән айтып отырды. Бір кезде бәріміздің назарымызды әлгі там жақ тартты. Қарасақ, үңірейген есіктен бір бала екі босағаға қолын керіп, бізге қарап бір минөтей тұрды. Біз толық көрдік.

«Мәриям» сүресінің 17-аятын оқығанымда Мәриям анамызға жіберілген Рухтың анамызға адам бейнесінде көрінгені, ізінен осы бала және жоғарыдағы дауыстары әлі өшпеген оқиғалар есіме түседі.

Сосын атом энергиясын зерттеп әлемді таң қалдырған, атақты академик Сахаровтың, сопылардың кіші ұяшықтар (ойықтар) теориясын меңгергендер бір материктен екінші материкке, бір планетадан екінші планетаға ұшып бара беретінін және бір мезгілде құрлықтың әр жерінен көріне алатынын айтқаны мен кезінде әулие бабаларымыздың әр күнгі таң намазы мен Жұма намазын Меккеге барып оқып келетіні хақындағы естеліктер ойыма ора-

лады. Жүректің түкпірінен: «**Құранның мүлде Шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз**», - деген «Фуссилат» сүресінің 53-аяты үн қатады. Демек, Сахаровтың сөзі мен бабаларымыздың Меккеде намаз оқып келетіні рас! Онда «Мәриям» сүресінің 17-аяты туралы түсінігіміз де дұрыс. Күмәнға орын жоқ. **Рух – Сөз** және Ол Алланың үкімімен адам кейпіне ене алады!

Ашып айтқанда, бұл дүниенің байлығы мен атақ-даңқына алаңы жоқ, жүрегі таза сол Тақуа бабаларымыз, Меккеге намазға баруға ниет етіп Аллаға дұға қылғанда, адамнан **Сөзге – Рухқа** айналып, Меккеге жетеді.

Бұған да көңіліңіз толмаса, жаңбырды алайық. Ол аспанда бұлт күйінде тұрады. Алладан үкім келген мезетінде бұлт – бу, суға айналып жерге түседі. Кейде бұршақ болып жауады. Бұл қалай? Мұны ғылым, оттегі мен сутегі және ауа қысымы мен жерден көтерілген желдің әсері арқылы түсіндіреді. Қолға ұстауға болмайтын бу, ұстауға болатын затқа – суға айналды. Осы секілді **Сөз** де Алланың Құдыретімен бейнеге айналады.

Мына бір қарапайым дәлелге назар аударайық. Дыбысты есітеміз, көрмейміз, ұстай алмаймыз. **Рух-Сөз** де солай. Бірақ, екеуі де бар.

Біз музыканың нотадан, сөздің әріптерден құралатынын, әріп – дыбыстың таңбасы екенін білеміз. Және әріптерден сөз, сөздерден сөйлем құрап, қағазға түсіріп, дыбысты көрінетін етеміз. **Сөздің – Рухтың** адамға айналатынын да осыған ұқсатып қабылдауымыз дұрыс болады.

2003 жылдың 14-мамыры күні далада керуетте жатқанмын. Таң алдындағы түсімде, осы күнгі әскери техникалардың ең жылдам қанаттыларының дауысы секілді бір дауыс көкті жарып келе жатты. Мен қорқып көзімді қатты жұмып, екі құлағымды басып отырып қалдым. Дыбыс тынғанда, көзімді ашып, шынымен оянып кеттім. Керуетімнің басында үлкен, қауырсындарының түсі үкінікіне ұқсас, әдемі бүркіт отыр. Жүрегім елжіреп, анық көрмек болып, көзімді жұмып ашқанымда, оның көкке ыдырап жайылып бара жатқанын көрдім.

Бұл да, көктегілердің Алланың бұйрығымен адамға не құсқа, не жануарға, не тасқа, не қар-жаңбырға, бұршақтарға айналатына бір дәлел.

Бұған «Бақара» сүресінің 260-аятындағы сойып, бөлек-бөлек қойылған құстардың, Ібраһим (ғ.с.) шақырғанда келетіні, «Нәміл» сүресіндегі (38-42-а) Сүлейменге (ғ.с.) келетін Билқис патшайымның тағын әкелдіру, «Саффат» (107-а) сүресіндегі Ібрагимге (ғ.с.) Смағұлдың (ғ.с.) орнына қошқардың түсуін, «Ахқаф» сүресінің 24-аятындағы Хұдтың (ғ.с.) қауымын жоқ қылған, арасында жан түршігерлік азабы бар боранды, Лұттың (ғ.с.) қауымына жауған күйдірілген қиыршық тас пен «Фил» сүресіндегі балшықтарды да дәлелге айта аламыз.

Бұларды тұжырымдай келе біз, Иса Алланың Сөзінен құралған тұлға еді, дегенге тоқталамыз. Оның көкке көтеріліп кетуі де біздің пікіріміздің дұрыстығына сендіреді.

Сөзге байланысты бірнеше Аяттардан – «Ібраһим» сүресінің 23-26-аятарын талдайық. Оларда: «Сондай, Иман келтіріп, ізгі іс істегендер, Раббыларының рұхсатымен ішінде мәңгі қалатын, астынан өзендер ағатын Жәннаттарға кіргізіледі. Олардың Жәннаттағы амандасуы – «Сәлем» болады (яғни, «Сәлем» Сөзі болады). «(Мұхаммед с.ғ.с.) көрмейсің бе? Алла қандай мысал берді: **көркем Сөз – тамыры мықты, бұтағы көктегі бір көркем ағаш тәрізді**». «Ол (ағаш) Алланың бұйрығынша әр уақыт жемісін береді. Алла адам баласына насихат алуы үшін мысал келтірді». «Ал енді, жаман сөз, жердің бетінен қопарылған орнықсыз ағаш сияқты», - деген. Осындағы: «...**тамыры мықты, бұтағы көктегі бір көркем ағаш тәрізді**». «Ол Алланың бұйрығынша әр уақыт жемісін береді», - деген сөзге келсек, тамырдың мықтылығы – мықты, мінсіз Имандылық, бұтағының көкте болатыны – сол Имандылықтың Алланың құзырына жететіні. Бұл көркемсөз – алдымен Кәлима болса, одан кейінгі ретте, Аяттар, Аяттармен мағыналас сахих хадистер, өсиеттер.

«Хадид» сүресінің 9-аятында: «...Алла, сендерді қараңғылықтардан жарыққа шығару үшін Құлына **ап-ашық Аяттар түсірді...**», - десе, 12-аятта: «Сол Күні Момын ерлер мен Момын әйелдердің **Нұрлары алдарында әрі оң жақтарында жүргенін көресің**: «Сендерге бүгін қуаныш. Астарынан өзендер ағатын Жұмақтар бар. Ол арада мүлде қаласындар. Міне, осы – үлкен қол жеткендік» (делінеді)», - деп, 16-аятта: «**Иман келтіргендердің жүректері Алланың зікіріне (Құранға) жібімей ме?...**», - деген. 9-аяттағы: «...**ап-ашық Аяттар түсірді**», -

дегені – Сөздерден құралған Сөйлем. 12-аяттағы Нұр – Иман келтірген Момынның Кәлимаcы. Құран – Нұр, мақал – Нұр, деген тұжырымдар тұрғысынан зерделесек және Сөз – Рух дегенге тоқталамыз.

Бұған жанымызда жоқ адамды не керекті бір затты көз алдымызға елестетіп әкелуіміз бен марқұмдарды не алыстағы бауырларымызды түсімізде көретінімізді де дәлелге айта аламыз. Егер әлем Сөзден тұрмаса, алыстағы не марқұм болған адамның бейнесін қалайша көзге елестете аламыз?!

Жаңа атаған «Тақуалыққа бастар жол» атты еңбегімізде ғайыптық кереметтерді айтқан едік. Солардан бірі, Киелі әулие атанған, Айбасұлы Қанарбай (1836-1899 ж.) атам жерленген мазаратта – құлан дала, сексеуілді қызылқұмда болған оқиға*.

1965 жылдың 24-тамызының кешінде қышлақтан екі бұзық келіп, Қанарбай атама зиярат жасап келгендердің садақаға қойып кеткен ақша, маталарын алған. Кетпек болып, жолға беттегенде, аяқ астынан жалғыз көзді мәшін пайда болып, «быззз»,-деген дыбыс шығарып, екеуін таң атқанша қуады. Баспайды, соқпайды. Әбден шаршатып, таң ата бере ғайып болады.

Бұлар бұталарға соғылып, киімдері жыртылып, анадан тума жалаңаш қалады. Бейіштегі тиым салынған ағашқа тиген Адам ата мен Науа ананың кейпін кешеді.

Әулиеге жақын маңда тұратын Жүсіпбек ақсақал түйелерін іздеп, әулиеге келсе, тір жалаңаш бұл екеуі, еңіреп жылап алдынан шығады. Болған оқиғаны баяндап, кешірім сұрайды...

Байқалып тұрғандай-ақ, «мәшін» жәй «мәшін» емес – дыбыс шығаратын «мәшін. Мұнда да «Мәриям» сүресінің 17-аятын – Рухтың Алла үкім еткен бейнеге ене алатынын көреміз. Ал, ол шығарған дыбыс **Рухтың** өзі екенінің дәлелі.

Және бір дәйекке өзім куәмін. Бізде Сейітов Асан (1935-2002 ж.) деген кісі жасады. Мамандығы – жүргізуші еді. Өте салауатты, таза, елге сыйлы жан болатын.

Бабалары көрілкелдігі бар, тәуіптік еткен жандар екен. Асан да, әкесі Сейіт те атеистік қоғамда өскендіктен ол қасиетті жолды ұстай алмаған. Бұл кісі зейнеткерлікке шығып, тасжол зау-

* 1953 және 1965 жылдары болған бұл екі оқиғаны «Ақ Жолмен жүрген асылдар» атты кітаптан «Қанарбай ата – киелі әулие» атты естеліктен оқи аласыздар.

ытында қарауылдық етті. 2000 жылғы бір кездесуімізде, ол кісі маған: «Жалғыз қалсам – үйде де, жұмыста да, менен 5-6 метр әріде екі-үш адам, кәдімгідей әңгімелесіп отырады. Дауыстарын есітпеймін. Мені көреді. Үндемейді, жақындап та келмейді. Мен жақындай берсем, жоқ болып кетеді...», -деп, бір ғажапты баяндады.

Әрине, бұл Алланың үкімімен адам бейнесіне енген, сол кісінің әруақтары. Намаз оқымағасын, осылай көрініп, Алланың кереметін көрсетуі. Мұны қалай **Рух – Сөз** дегенге келтіреміз? Әлбетте, оның бабалары дуахан, көріпкел болған, яғни, **Сөз** еді.

Өмір Шындығынан және бір дәлел – түсімізге марқұм болған әкеміздің, шешеміздің не туыстарымыздың бірінің кіріп, әлде қандай хабар беруі. Олардың түсімізге тірі кездеріндегі келбеттерімен келіп, тіпті, кейде өз дауысымен нақты сөйлейтіні. Бұл да – **Рух – Сөз** екенінің дәлелі.

Бұлар – «Бақара» сүресінің 154-аятындағы: **«...олар өлі демедер, олар – тірі...»**, -деген ескертуіне нақты дәлел.

Құранның «Ғафыр» сүресінің 7-9-аяттарында: **«Сондай! Ғаршыны көтерген және Оның маңындағы Періштелер Раббыларын мақтаумен дәріптейді, Оған сенеді. Сондай-ақ, Иман келтіргендер үшін: «Раббымыз! Мәрхаматың, білімің әр нәрсені сидырып, ішіне алған. Сондықтан тәубе етіп, Жолыңа түскендерді жарылқа! Әрі оларды дозақтан сақтай гөр!» «Раббымыз! Оларды әрі аталарынан, жұбайларынан және ұрпақтарынан кім түзу болса, оларды Өзің уәде еткен Ғадын Жәннаттарына кіргізе гөр. Күдіксіз, Сен Өзің – тым Үстем, аса Данасың». «Оларды жамандықтардан қорға. Ол Күні кімді жамандықтан қорғасаң, сөз жоқ, оны Мәрхаматыңа бөлеген боласың. Міне, сол – зор қол жеткендік»**, -деп тілейді екен. Әруақтарымыз да осындай тілектес қой.

Осынша дәйектерден кейінгі және Алланың әр нәрсені жұбынан жаратқандығы хақындағы Аяттардан кейін түйілетін тұжырым, Рух пен Періште пендені пенде қып тұрған бір жұп* десек, Олар Алла қалап, Алладан үкім болған шақта адам кейпіне кіреді. «Ғафыр» (7-9-а), «Дұхан» (47-а), «Тахрим» (6-а) сүрелерінің хабары олардың адамның әрекетін жа-

* Жұп, деген ерлі-зайыпты, деген сөз ғана емес!

сайтынын түсіндірсе, «Бақара» сүресінің 33-аятында: «...Алла (Періштелерге): «Мен сендерге көктер мен жердің құпиясын және **сендердің де жария, жасырын істегендерінді білемін**», - деп айтпадым ба?»-дегеніне сүйеніп, Періштелер де адам кейпіне айналады деген тоқтамға келдік.

Рухтың сөздігіне, дыбыстығына өмір Шындығынан – өзіміз сезімімізден өткеретін: «Сарыарқа», «Тойбастар», «Жұмыр қылыш», «Төремұрат», «Көңіл толқыны» сияқты күйлерді, әсерлі әндерді тыңдағанда кезкелген жанның толқитыны, жігерленетіні де бір дәлел. Егер **Рух Сөз, Дыбыс** болмайтын болса, адамзат музыкаға тебіренбес еді.

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй, - деп, әннің, күйдің маңызын жырлаған Хәкім Абай бабамыз «Көңіл құсы құйқылжыр шаптарарқа», деген өлеңінде күй мен әннің әсерін тамаша жеткерген. Екінші, үшінші шумақтарында:

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,

Жүрек тербеп оятар баста миды.

Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,

Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Үннің тәтті оралған мәні оятар.

Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,

Жас балаша көңілді жақсы уатар,-десе,

6-шумақта:

...Ақылдының сөзіндей ойлы күйді,

Тыңдағанда көңілдің өсері бар,-деп,

8-шумақта:

...Жақсы әнді тыңдасаң ой көзімен,

Өмір сәуле көрсетер судай тұнық,

9-шумақта:

...Жарамды әнді тыңдасаң жаның еріп,

Жабырқаған көңілің көтерілер-дейді. **Рух – Сөз** болмаса, көңіл көтеріле ме?

Расында, ән мен күйсіз өмір – өмір емес. Адамдарды күйзелістерден арашалап, өмірге құлшындырып отыратын байлық қана емес, ән мен күй. Құдыретті жыр, «...әсерлі сөз...» («Ниса» с. 63-а).

Сөзге мұңын шаққан Абай бабам:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып, (1961 ж. жинақта).
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған,
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін, десең өзің біл.
Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,

Өрнегін сендей сала алмас...,-деп, толғауы тоқсан сөз құдіретінің шымырлап бойға жайылып, тағыны қайыратыны – жуасытатынын, сөз салған өрнекті, жүзі өткір пышақ пен кесте тіккен біз де сала алмайтынын жеткерген.

Бұл дәріптеуді, Жамбыл бабамның «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі тастықтайды. Кеңес үкіметінің жеріне тұтқиылдап басып кірген жау, 1942-43 жылдың қысында, сол кездегі Ленинградты қоршап алады.

Жауынгерлер де, халық та қатты қиналады...

Қаланы қорғауға қатысқан, жауынгер жазушы Всеволод Вишневский: «Өлеңмен жазылған ақын сәлемін оқығанда, көзімізге еріксіз жас тығылып, көңіліміз шаттық сезімге бөленді. ... Жорыққа шыққанда ол біздің күшімізге еселеген күш қосты...»,-деп жазған. Мұнда да шымырлап бойға жайылған **Сөз**.

Соғыстар тарихынан тағы айтайық. Бибарыс сұлтанның мәмлуктерінің соғыс алдынан: «Мәмлуктер!»-деп, жар салатыны, кеңес жауынгерлерінің (1941-45 ж.) жауға ұмытылғанда: «Ура!»-деп ұрандататыны, құр айқай емес, кеңістіктен өз тілектестерін жәрдемге шақыратыны. Мұндайда кім әділдік үшін соғысып жатса, ол жеңеді.

Осы сияқты палуандардың күресте: «Уа, әруақ!»-деп, медеет сұрайтыны да **Сөзден** тұратын әлемнен өзіне тиесілі **Рухты** шақыруы.

Өмір Шындығында да бір ауыз сөзбен бір адамды өлімнен құтқарып, бір ауыз сөзбен өлтіріп жіберуге болады. «**...Оларға үгіт бергенде, әсерлі сөз сөйле**», - деп, «Ниса» сүресінің 63-аятында ескерткендей, Рухқа – санаға әсер ететін Сөздерді айта білу ләзім. Мысалы, сыңсу мен жоқтау. Сезімі-түйсігі бар жанның бәрінің көңілін босатады.

«Нахыл» сүресінің 2-аятында: «Алла Періштелерді Өз әмірлерінен бір **Рухпенен** (уахименен) Құлдарынан қалағанына... түсірді...»,-деген. «Рух» сөзін жақша ішінде «уахи», депті. Уахидің қазақшасы – шабыт. Арқалылыққа тура келеді. Кейбіреулердің киесі – ғайыптық қолдаушысы болады. Рух уахи болатын болса, біздің **Рух – Сөз** деген пікіріміз – Шындық.

Жоғарыдағы Аяттарда Исаны (ғ.с.) Рухтармен **қуаттағаны** айтылса, бұл қуаттау – қазақша айтқанда – арқа қону, кие қону*. Бұл ақындарда, жырауларда, батырларда, тәуіптерде болады. Жамбыл бабамыз: «Менің Пірім Сүйінбай, Сөз сөйлемен сыйынбай», - дейді. Жамбыл бабамыз өмірінің соңында: «Сүйінбайдан қалған қызыл жолбарысым бар еді, ол кетті...»,-деп, өзінің өмірінің бітіп тұрғанын айтқан.

Алла барлық пендеге Рух береді де, Өзі қалаған бір Құлдарына ерекше хислат сыйлайды. Сондықтан әркімдегі несібелілік, қабілет, сергектік, қырағылық... әр басқа.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлында да кие бар. Батырлығы да, шешендігі де, даналығы да, көрегендігі мен көріп келдігі де осы киесінен. Егер Алла Құлына қосымша қуат бермесе, ол адамдар тобынан оза алмайды.

Рухтың Сөз екеніне, әлем сөзден тұратынына, жоғарыда айтқан Аяттар және Алланың «**...жер мен көктегі сөйлегендерді білетінін...**» айтқан «Әнбия» сүресінің 4-аяты мен «**...үш кісі сыбырласса, ...төртіншісі, бесеуді алтыншысы Алла...**», -деген «Мүжәдала» сүресінің 7-аяты және «**...әмірлері жер мен көктің арасына түсіп тұратынын...**» ескерткен «Талақ» сүресінің 12-аяты мен «Сәжде» сүресінің: «**Ол көктен жерге дейінгі істі игереді...**», - деген 5-аяты да дәлел.

* «Ғафыр» (7-9-а), «Шура» (5-а) сүрелерінде Періштелердің жердегілерге тілектестігі, ал, «Әнфал» (65-а), «Әли Ғымран» (125-а), «Тәубе» (26-а) сүрелерінде Алланың жәрдемге Періштелер жіберетіні айтылған.

Бұларға қосымша, ұлы жазушы Ілияс Есенберлиннің: «Менің құлағыма, баяғы батыр бабаларымыз мінген тұлпарлардың тұяғының дыбысы келеді...», дегені мен қазақтың мың әнін жинаған Затаевичтің: «Маған қазақ даласы ән салып тұрғандай...»,-деп тамсануын айтсақ, ойға күйшілер: Біләл Ысқақов пен Секен Тұрысбековтың Төлеген Момбеков туралы естелігі түседі.

Төлеген ағамыз ...төсек тартып жатқан анасын аяп: «Бұл қалай болды?»- деп, ойланып отырғанда құлағына ызыңдаған күйдің өзі келген. Осындай келумен анасы Пернешке арнап бес күй қалдырған. Анасы өліп жетім қалған, мұңлықтағы қызы Салтанатты жұбата алмай: «Әке ананың орнын баса алмайды екен ғой! Қайтемін енді?!»-деп, күйзеліп күйінгенінде де көктен ызыңдаған күй келген. Оны «Салтанат» деп атаған.

Әбділлә Тәжібаевтың: «Мұқағали өлең жазбайды, оған құйылып келіп тұрады»,-десе, жазушы Айгүл Кемелбаева жазу үстеліне отырғанда, керек сөздері мен іздеген бейнелері құйылып келе беретінін айтады...

Енді осы жерде ежелгі грек ғалымы Платон жөніндегі деректен келтірейік. Онда: «...Платон сезімдік дүниені идеялар дүниесіне қарсы қояды. Идеалды дүние, мәңгі өзгермейтін қозғалыссыз, ал, материалдық дүние үздіксіз мәңгі қозғалыста болады. Сондықтан дүниедегі барша жанды-жансыздың қозғаушы күші, бастамасы оларға өмір сүргізетін **әлемдік Рух дейді...**» (ҚЭС 9-т. 251-б),-дейді. Бұл **Рух** – біз дәлелдеп отырғандай **Сөз**.

Бұған мақалдарды да дәлелге тарта аламыз. Мұны ескергенімізде алдымен ойға «Қиямет» сүресінің: «**Шын мәнінде Оны жинау, оқу Бізге міндет**»,-деген 17-аяты оралады. Мақал-мәтел болсын, даналықтар мен шешендік, әр қандай тапқырлық сөз болсын, өлең мен ән-күй барлығы Алла қалаған адамға көктен келеді. Әйтпесе, барлық адам ақын, көсемсөзші, композитор болар еді.

Бұл – сөз деген, өзіміз тыныстайтын ауадай кеңістікте болады деген сөз.

Орыс халқында: «Мәтел – гүл, мақал – Нұр»,-деген мақал бар. Алла «Ниса» сүресінің 174-аятында: «Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. **Сондай-ақ, сендер үшін**

бір ашық Нұр түсірдік»,-десе, «Нұр» сүресінің 35-аятында: «**Алла – көктер мен жердің Нұры. Оның Нұрының мысалы, ішінде жарық бар қуыс сияқты...**»,-дейді. Жоғарыда Рухын үрлегенін айтқан едік. Құран сүрелерден, сүрелер Аяттардан, Аяттар **Сөздерден** құралады. Бұл жерде де **Рухтың Сөз** екендігі өз-өзінен ашылып тұр.

Ал, мақалдағы Нұрдың Шындыққа жанасатын жері, мақалдар да Аяттар сияқты адамзатты тікелей, астарлап, жанама тәмсілмен тек Алланың Тура Жолына – Тақуалыққа, Имандылыққа, қайырымдылыққа, Жәннатқа баруға лайықты өмір кешуге шақырады.

Және бір мақал, «**Ақылдың Нұры – Шындық, Жүректің жыры – махаббат**»,-деген. Бұл да тіп-тіке Алланы тануға үндеп тұр. Шындық – жалғыз Алла және Құран. Жүректің жыры – махаббат болатыны, ақыл-есі бүтін пенденің барлығының Шындыққа, Шындықпен өмір сүруге ынтықтығы, яғни, Алланың ризашылығы үшін күресетіні. Құранда Пайғамбарлардың қауымына уағыз айтып, ізінен, бұл уағыз үшін ақы сұрамайтынын, **тек Аллаға махаббатын сұрайтыны** айтылған («Шура» с. 23-а).

Бір ауыз сөзбен айтқанда, **Сөз – Рух**. Мұны Аяттармен, ғылыммен, өмір Шындығымен осылай дәлелдедік. «Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді» (Қ. Мырза-Әлі), демекші, **Сөз Рух** болмаса, өзге Рухты оята алмайды. Келіспегендер өз дәлелін айта жатар...

Рухтың Сөз екенін дәлелдегеннен кейінгі жақсыларға айтар кеңес: ой мен көзді, құлақ пен тілді таза сақтап, сұлу – әдемі сөздермен сөйлеу керек. Сонда **Рух** таза болады. Ондай пендесін Алла Тақуалық дәрежеге көтеріп, дұғасын екі етпейді; тірісінде Уәлилік, өлгенінде Әулиелік дәрежеге жеткереді.

Қияметтегі тірілу, бәлкім, қайта туылу болар?!

Қияметтегі қабырдан шығарылу. Енді, Алладан кешірім сұрап және жалғыз Өзіне тәуекел деп, Қияметтегі қабырдан шығарылуға кірісейік. Біз «Тақуалыққа бастар жол немесе Құран Аяттарын талдап, өз мәнінде толық түсіну әдістемемізде» Аяттарды қалай талдап, қалай түсіну тәсіліне біраз тоқталдық. Бұл тақырыбымызды ашуда да сол амалдардан пайдаланамыз, әрине.

Құрандағы қабырдан шығарылу дегенді қалай түсінеміз? «Ағраф» сүресінде, Адам (ғ.с.) мен Хауа (р.а.) анамыз шайтанға алданып, Бейіштен шығарылғанда, олар, Алланың Өзінен Сөз үйреніп, кешірім сұрайды (1). Содан Алла: «Бір-біріңе дұшпан болып түсіндер. Сендерге жер жүзінде бір мезгілге дейін тұрақ және пайдалану бар». «Жерде тіршілік етесіңдер де, сол жерде өлесіңдер. Және сол жерден қайта шығарыласыңдар» (24-25-а),-деді. Біздер мұны осы күйінде көзімізге елестетеміз. Шөккен түйедей төмпешік қабырдан шығып тұрған не үсті-басын қағып, Аллаға қарай жүгіріп бара («Иасин» с. 51; «Мағарыж» с. 43-а) жатқан адамды көз алдымызға келтіреміз. Сосын бірнеше жыл бұрын өлген адамдардың қураған сүйегіне ет бітіп, Жан бітіп, қабырдан шығуын ойлап, оған сене алмай, күмән* мен үрейдің ортасында қаламыз. Мүмкін емес, деп қарсы келуге Құдыретті Құдайдан қорқамыз. Басыбайлы сене қалуға, жанымызда дәлеліміз жоқ.

Сосын «Көрұғлы» дастанын есімізге аламыз; «Егемен Қазақстанның» 2016 жылғы 11-маусым күнгі санынан оқыған – Португалияның астанасы – Лиссабонда жүкті әйелдің өлгенінен кейін, төрт айдан соң сәбиі дүниеге келгенін; одан бұрын осы газеттен (2016 ж. 26. 04), Полшада өлгеніне 55 күн болған әйелдің босанғанын оқығанымызды; Құрманғазы Сағырбайұлының Көкбаламен келе жатып, қабырға қойылғалы жатқан клиникалық өлімдегі «марқұм» Назымды аман алып қалатынын (Ахмет Жұбанов, «Ғасырлар пернесі» 84-85-б.); ғайридіннен шыққан бір ғалымның шешесі, еріне тигелі аурулы болып, өлерінде еріне: «Мені жерлегенде, саусағыма неке сақинамызды тағып жерле»,-деп, күйеуі оның айтқанындай етіп жерлегенін, сақинаға қызыққандар сол түнде, оның қабырын ашып, бұл тіріліп, олардың

* Алланың Өзіндік әдісімен тірілтуін білмегендіктен.

өлгені және әйелдің бүкіл ауруынан айғып, өз күйеуімен отасып, сол ғалымды туғаны туралы мұғжизаны*; қызылордалық Сәден Нұртайұлының («Дін кереметі») естелігіндегі, жұрт: «өлді», деп арулап жуып, кебіндеп, қабырдың жиегіне әкеп қойған демде тірілген кісінің оқиғасын және «өліп» жер қойнына тапсырғалы жатқанда: «Уф!»-деп дем алып, көзін ашқан пендені және осылар сынды бірнеше Шындықтарды ойымыздан өткереміз.

Бірақ, қабырда ондаған, жүздеген, мыңдаған жылдардан бері жатқан адамдар, ол Күні қалай шығып, қалай жүгіреді? Барлық пендені ойландыратын, адамдарды Ислам дініне, Құранға күмәндандыратын осы бір құпия.

Өстіп, астарлы Аяттар сырына қызығып, білгіміз келіп, біле алмай далда жүреміз. Оларды қисса, өсиет, кеңес, ескерту деген топтарға, тіпті, пәндерге бөліп тұрып талдаймыз. Сөйтіп жүргенде Алла жүрекке, көзіңмен көріп жүрген құбылыстарға қарап («Жүсіп» с. 105-а) пікірлеуді салады. Иә, күн шығады, қайта батады, ол ертең де солай... Жаңбыр, қар, бұршақ жауады. Күн бұлттан шығып шуағын төккенде, бұлар кеуіп, буға айналады. Біз мұны жердің бетінде ғана буланған түрінде көреміз. Көкке көтерілгенін жәй көзбен көре алмаймыз. Ғылымның айтуымен олардың бұлттарды құрайтынын білеміз. Алланың бұйрығы беріліп, жерден «...**қуантушы желдерді жібергенде...**» қайта жауады. Демек, бу – Алланың бұйрығымен суға айналып, жерге түсіп және буға айналып көкке көтеріліп, алмасып өмір сүреді. Мұны білеміз. Бұл – өз алдына түсінікті жай.

Мұны өстіп ойша талдап отырғанымызда, Құрандағы жаңбырдан соң жердің қопситыны, сосын өсімдіктердің өніп шығатыны мен өлгеннен кейінгі тірілуді қосақтап қайталаған Аяттар жадымызға түседі. Бұл Аяттар оннан астам сүреді қайталаанады. Сосын: «Қабырдан шығарылудың жаңбырға, өсімдіктер мен жемістердің жайқалып жетілуіне не қатысы бар? «Иасин» сүресінің 51-ші, «Мағарыж» сүресінің 43-ші, «Қаф» сүресінің 41-42-аяттарында айтылатын сүрдің үрленуі, бұл Аяттарда неге қоса ескертілмейді?»-деп ойланамыз. Сонда тағы да жүрек: «Бәлкім, бұл, бізге ақылымыз жетпей жүрген Шындықты түсіндіру үшін жасалған, қайталау шығар!»-деп, Құранды

* 1971 не 1972 жылғы күнпарақтан оқыған едім, сақтамаппын!

қайтадан қолымызға алдырады. Аламыз да: Құраннан жаңбырлар хақындағы Аяттарды оқимыз...

Аяттардан түсінгенімізді түйіп: «Қияметтегі тірілу, бәлкім, қайта туылу болар?»-дегенімізде, жаңа ғана «бәлкім», деп, ой салған жүрегіміздегі, арғы замандардан қатпарланып жатқан түсініктің таты қолаңсып (2) қабылдау қиын болады, әрине. Яһудилер де «жүрегіне бұзау сіңіп қалғандықтан» (3) Мұсаның (ғ.с.) уағызына сенбеген еді. Біздер де солар сияқты, Қияметтің Өзінің не екенін өз мәнінде түсінбегендігімізден, тірілу, тек ескі түсініктегі Қияметте ғана болады деген, негізсіз бір танымнан танбаймыз. Тіпті, оны түсіндірген Аяттарды зерттеп, Шындықты күмәннан айырмағанымыз («Бақара» с. 44; «Мүминүн» с. 68-а) және «Олай болуы мүмкін емес!»-деп, қарсы шыққанымыз Алланың Сөзін бекерге санаған қарсылығымыз екеніне де мән бермейміз.

Әр нәрсенің шегі бар, деген. Бәлкім, осы мән бермеуіміздің де шегі болар. Соған жетпей тұрып қамданайық. Себебі, «Сад» сүресінің 88-атында: «...оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер»,-деген. Сол – Аяттардың хабарын түсінетін заманның бастауы – ғылымы дамыған, Аяттардың астарын ашып беріп отырған, осы заман болар.

Бәлкім, 1992 жылдың 15-қаңтарынан бергі уақыт, бізге осы Шындықты айырып түсіну үшін беріліп, біз Алланың «Әли Ғымран» сүресінің 178-аятында ескерткен мұрсасының аясында келе жатқан шығармыз;

бәлкім, Құдайдан қорқып, Ақыретті ойлаған әрбіріміздің жақсылықтарымыз бен жамандықтарымыз теңестіріліп («Фурқан» с. 70-а), уақыт жалғасып келе жатқан болар;

бәлкім, әділ Президенттеріміз бен ат төбеліндей Иманды, әділетті отандастарымыздың құрметі үшін уақыт беріліп отырған болар;

бәлкім, ертерек райдан қайтпасақ, мұнафиқ діндарлар мен күні үшін жүрген діндарлардың және арам асқа жаны құштар паракорлардың, пайдаға өш өсімқорлардың, нәпсісінің құлына айналған саунапаздар мен өсекшілердің, «дінде орта жолда болу керек», -дейтін жеңіл ойлылардың, эттахиятта саусақ шошайтатындардың, жалатай алаяқтар мен «Алпысқа дейінгі күнәнің барлығы кешіріледі», -дейтін өтірікші суқиттардың,

«Діндар да болма, дінсіз де болма», - дейтін, дәлдүріштердің саны артып кетсе, жамандығымыз жақсылығымызды жеңіп, белгіленген мерзім («Мәриям» с. 84-а) бітіп, Алланың қаһары жетіп келер, «...онда өткендегілердің үкімі орындалады...» («Әнфал» с. 38-а), - дегеніндей, тағы да бабаларымыз бен мамаларымыз көрген, тіпті, одан да ауыр («Мүжәдала» с. 5-а) жазалармен жазаланармыз....

Сондықтан мұның алдын алып, ізденейік – Шындықты табайық!

«Әнғам» сүресінің 115-аятында Алланың Сөзін өзгертуші жоғын айтса, «Фуссилат» сүресінің 40-аятында Аяттарын бұрмалағандарға ескерту жасайды. 1929-48 жылдардың азабын тартқандар, бәлкім, Қиямет пен қайта тірілу туралы Құранды зерттеп, нақты біліп сөйлемегендігінен, Аяттарды бұрып насихаттап*, елге: «Қияметке дейін кім бар, кім жоқ?!» «Сол жаққа барып, көріп келген кім бар дейсің?!» - дегендей, күмәнді пікірлердің тарауына себепші болып, Алланың ашуына кезіккендер шығар. Алланың қамқорлығына жете алмай, 260 жылдай «Қаны жат, тілі жат, діні жат...» (Жүсіпбек Аймауытов) ғайридіндердің мысқылында езіліп, мазағында жасып келгеніміз де содан болар.

Айшықтап айтар бір Шындық, бабаларымыздың заманында Құранды жетік түсінуге біздегідей сандаған ғылыми дәлелдер мен мүмкіндіктер болмады. Әйтпесе, Ақылдылық пен пікірлілікте әлемнің мен деген білгірінен бір сүйем жоғары тұратын, парасаты биік бабаларымыз, жүз бен ақсүйекке бөлінбес еді – өзінен екі ғасыр кейін христиандықты қабылдаған Ресейге мәтәл болудан Құдайдың Өзі сақтар еді. Бәлкім, Аяттар мен Алланың белгілерін, ғылыми дәлелдерді салыстырып отырған біздерге, Алла осы жағдайды Өзі жасап, уағыздың дұрысын айтуымызды күтіп отырған болар – бәлкім, Қиямет пен қайта тірілуді біз дұрыс түсінген болармыз.

Қателесуден Құдайдың Өзі сақтасын! Біздердің уақытымыз мол және дінімізді зерттеп, терең үйренуге Үкімет тарапы-

* «Зүмәр» сүресінің 7-аятындағы: «...Ешкім басқаның күнәсін көтермейді...», - деген ескертуді бекер санап, өлген адамның күнәсін тірі адам алып қалатын – «мұштаяқ» дегенді шығарды. «Бақара» сүресінің 3-аятын ескеріп, пенделердің өздеріндегі үлесін бермеді, зекет, садақалар мен тасаттықтан түскен ақша, мал тиесілілерге таратылмады.

нан кеңшілік үлкен – мүмкіндігіміз жетіп тұрған дәуірде, бұл түйіткілді анықтап алғанымыз, келешегіміз үшін өте жақсы болар. Құранды жетік түсініп, Алланың қаһарынан сақтанармыз және Алланың сыйлықтарына жетерміз («Ағраф» с. 96-а).

Дінімізді күмәндар мен құдайсыздар, ғайридіндер айтып жүрген өсектерден арашалап, адамзатты, әлемді, елімізді күллі қауіптерден, жамандықтардан қорғармыз.

Енді, қателессек құдыретті Алланың кешіруін сұрап және Өзінен үйретуін тілеп, Құранды зерттеп («Бақара» с. 44; «Мүминұн» с. 68-а), талдап түсіну мен ілім-білім іздеу хақындағы хадистерге және «Мәида» сүресінің: **«... Олар бір-бірінің кемшілігін ескертпейтін еді...»**,-деген өкінішті 79-аятына амал қылу ниетімен, әліміздің келгенінше, пікірімізді дәлелдеп, Иләәһи Шындыққа оқырманның көзін жеткеруге тырысайық.

Алдымен, жаңбырға тиесілі Аяттардан бірнешеуін атайық: «Ағраф» сүресінің 57-аятында: «Ол сондай Алла Рахметінің (жаңбырдың) алдын ала желдерді қуантушы етіп жібереді. **Ауыр бұлттарды көтерген бойда, өлі бір жерге жіберіп, жаңбыр жаудырып, сонымен әр түрлі жемістерді шығарамыз. Осылайша өліктерді де тірілтеміз. Әрине, үгіттенерсіңдер»**,-десе; «Рұм» сүресінің 24-аятында: «Сендерге үрейлену, дәмету түрінде найзағайды көрсетуі, **көктен жаңбыр жаудырып онымен өлгеннен кейін жерді жандандыруы да Оның белгілерінен. Рас бұларда ақыл жұмсаған халыққа үлгілер бар»**,-деген. 48-49-аяттарында желдерді жіберуін, бұлттарды жаюы, жаңбыр жаудыруын ескертіп, 50-аятында: «Алланың Рахметінің әсерлеріне қара. **Жер жүзі өлгеннен кейін оны қалай жандандырды? Рас Ол, өлілерді тірілтеді, Оның әр нәрсеге күші толық жетеді»**,-дейді.

Мұндағы: **«...өлілерді тірілтеді...»**,-дегенге жер мен өсімдіктер ғана емес, бүкіл өлгендер кіреді, оның арасында адамдар да бар, әлбетте. «Фатыр» сүресінің 9-аятында: «Ол, сондай Алла, желдерді жіберіп, сонда, бұлтты қозғап, оны өлі бір жерге айдаймыз. Және жаңбыр арқылы **жансыз қалған жерді қайта жандандырамыз. Өліктің тірілуі де осы сияқты»**,-деген.

Ал, «Зұхрұф» сүресінің 11-аятында: «Ол сондай Алла **көктен мөлшермен жаңбыр жаудыруда. Сөйтіп онымен өлі бір жерді құлпыттық. Сол сияқты тірілтіліп шығарыласыңдар»**,-десе,

«Лұқпан» сүресінің 34-аятында: **«Әрине, Қиямет мерзімінің мәліметі Алланың қасында. Жаңбырды Ол жаудырады, Ол жатырлардағыны біледі.** Ешкім ертең не істейтінін білмейді әрі ешкім қай жерде өлерін де білмейді. Күдіксіз Алла Тағала – толық Білуші, Хабар Алушы», -деп, Қияметті, жаңбырды, жатырдағыны тізіп айтып отыр. Мұның мағынасы, сендер өліп, аспан есіктерінен өте алмадыңдар (тиесілі Аяттар 8-дәлелде көрсетілген) жаңбыр арқылы жерге түсесіңдер, онда шыққан өсімдіктер арқылы жатырға орнығасыңдар, мерзімі жеткенде, жердің бетіне – Қиямет майданына сынаққа туыласыңдар, дегенді түсіндіреді.

Ал, «Фуссилат» сүресінің 39-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.)** расында, **жердің құрғап қалғанын көресің. Сонда Біз оған жаңбыр жаудырған мезгілде, құлпырып көпсуі – Алланың дәлелдерінен. Күдіксіз, оны тірілткен Алла, өліктерді де тірілтеді.** Өйткені, Оның әр нәрсеге толық Күші Жетуші», -деп, жоғарыдағы Аяттарды толықтыра түседі.

«Тарық» сүресінде: **«Ал, енді адамзат неменеден жаралғандығына бір қарасын»** (5-а), **«Бір атылып шыққан судан жаратылған»** (6-а), **«Ол, бел сүйек пен кеуде сүйектің арасынан атылып шығады»** (7-а). **«Сөз жоқ, Алла, адамзатты қайта тірілту күшіне ие»** (8-а), **«Сол Күні сырлар ашылады»** (9-а), **«Ол Күні адам баласына күш те, көмекші де болмайды»** (10-а), **«Қайтару иесі – аспанға серт»** (11-а), **«Жарылып өсімдік шығаратын жерге серт»** (12-а), -деп, қалай тірілтуінің әдісін баяндап, арасына сөз салмай, жаңбыр мен өсімдікті қатар атаған.

«Хаж» сүресінің 5-аяты түсінігімізді бұлардан да анығырақ баяндайды: **«Әй, адам баласы! Егер өлгеннен кейін тірілуден күдіктенсеңдер, әрине, Біз сендерді топырақтан, сонан соң жыныстық тамшыдан, кейін ұйыған қаннан тағы бейнеленген, бейнеленбеген кесек еттен өздеріңе тектеріңді білдіру үшін жараттық. Сондай-ақ, жатырларда қалағанымызды сақтаймыз. Соңында бөбек түрінде шығарамыз. Одан кейін ержетесіңдер. Кейбіреулерің қайтыс болып, кейбіреулерің әр нәрсені білгеннен кейін түк білмейтін өмірдің ең нашарына қайтарыласыңдар. Қураған жерді көресің. Оған жаңбыр жаудырсақ, құлпырып, көпсіді де әр түрлі көркем өсімдік өндірді»,** -дейді. Мұнда да

ой салатын жері – қалай жаралатынымызды, қалай туылатынымызды айтып келіп, қураған жердің, жаңбыр мен өсімдіктердің қайталануы...

Және қайталайық, өлгеннен соңғы тірілуді, ескі тәпсірлердегі тірілу дегенмен шектеліп қалған біз, бұған мүлде түсіне алмай, жердің көпсіп, көктердің шығатынымен тиыла қоямыз. Неге тірілуді, жаңбырмен, жердің көпсуімен байланыстырады?-деп ойланбаймыз. Ойланғанмен ескі – өте ескі түсінігімізге апарып тірейміз. Өзімізді сендіріп: «Басқаша болуы мүмкін емес!»-деп, Аяттардан өзімізді жоғары ұстап – білгірсініп, бір қайта тірілудің үстінде үлкен күнәға батамыз.

Аяттың басындағы мына сөйлемге мән берейік: «... өлгеннен кейін тірілуден күдіктенсеңдер, әрине, Біз сендерді **топырақтан...**», -дейді. Бұл сөйлем біздің топырақтан өсімдік болып шығатынымызға ишара. Ал, «Рұм» сүресінің 20-аятында: «**Оның белгілерінен бірі – сендерді топырақтан жаратуы. Со-сын сендер адам болып тарқаласындар**», -дейді. Бәлкім, бұл Аяттан кейін біздің тұжырымымызға ешкім қарсы келе қоймас. Осынша Аяттардан кейін де, қайта тірілу – қайта туылу екенін дәлелдеген Шындықтарды мойындамасак, онда ашық Аяттардан басқа күллі Аяттарды бекерге шығарған есептеліп, Алланың қаһарына ұшыраймыз.

Бір қарсыласымыз: «Жанбырдың, өсімдіктердің өліп және тірілумен байланысты айтылатыны, Қиямет күні марқұмдардың тіріліп қабырдан шығуы, жаңбырдан кейінгі өсімдіктер сияқты, қабырларды қопарып шығатыны», -деді. Бұған біз келісе алмадық. Осындай зерттеусіз жеңіл түйіндеу, нешеме ғасырлар бойы адамзатты Құран Жолынан жаңылдырып келді. Тіпті, олар: «Қиямет күні ат тұяғының орнындай жерден мың адам бас көтереді», -деп, жер бетінде адам жерленбеген бір қарыс жер қалмайды, деп, марқұм Ескендір Зұлқарнайды анасының іздеп қабырына барғанын дәлелге тартады. Бұл жаңбыр мен өлілерді тірілтуге байланысты Аяттарды тіке мағынасында түсінуден. Егер Аяттарды өз-өзімен байланыстырып зерттесек, түс жорығандай етіп талдасақ қарсыласымыздың түсінігіне жауап табамыз – Шындыққа көз жеткереміз.

«Шура» сүресінің 24-аятында: «...Алла өтірікті жойып, **Өз Сөздерімен Шындықты шынға шығарады. Өйткені,**

Ол – жүректегілерді толық Біледі»,-деп Өзі ескерткендей, «Хаж» сүресінің 5-аяты бізді өлгеннен соңғы тірілуге байланысты ескі түсініктен де, күнәлардан да арашалайды. Ол: «... **Егер өлгеннен кейін тірілуден күдіктенсеңдер, әрине, Біз сендерді топырақтан...**»,-деп, ізінен тамшыны, қанды, кесек етті, жатырда сақтайтынын, туылатынымызды... баяндайды. Осы: «...**Біз сендерді топырақтан...**»,-дегенін терең түсіну үшін, «Таһа» сүресінің 53-55-аяттарына жүгінеміз. Онда: «Ол сондай Алла, сендер үшін жерді бесік қылып, онда сендерге жолдар ашқан және **көктен жаңбыр жаудырған. Ол су арқылы түрлі өсімдіктерден пар-парымен шығардық**». «**Жеңдер де малдарыңды жайындар. Рас, бұнда ақыл иелері үшін өнеге бар**». «**Одан (жерден) сендерді жараттық. Оған қайтарамыз да екінші рет содан шығарамыз**»,-делінген.

Жаңбырдан соң, жер бетіне өсімдіктер жайқалып шығатынын айта келіп, тірілуді ескерте беретін Аяттарды және осы: «... **өсімдіктерден пар-парымен шығардық**». «**Жеңдер де малдарыңды жайындар...**», дегенді оқып отырғанымызда, сүттің, еттің пайда болуын айтқан, «Нахыл» сүресінің 66-ыншы, «Иасин» сүресінің 72-73, «Ғафыр» сүресінің 79-аяттары (5) мен «Әли Ғымран» сүресіндегі Мәриям (р.а.) анамыз ойға оралады. Онда: «Сонда Оны (*Мәриям анамызды*) Раббы жақсы қабылдап, көркем өсірумен өсірді және оған Зәкәрияны (ғ.с.) ие қылды. Зәкәрия (ғ.с.) Оның (р.а.) хұжырасына әр кіргенде, Оның (р.а.) қасында **қорек (жемістер) тұратын**». «Әй, Мәриям! Осы саған қайдан келді?»-деді. Мәриям: «**Ол Алланың қасынан, шәксіз, Алла қалаған Құлын есепсіз ризықтандырады**»-деді» (37; 42; 47- а) -дейді. Осы жемістердің келуінде үлкен сыр бар. Алла сүйікті Құлы – кезекті Елшісі Исаны (ғ.с.) жалғанға әкелу үшін Мәриям (р.а.) анамыздың жатырына Рухын үрледі. Бірақ мәнісіз ет пен сүйек, ет пен сүйексіз Оның (ғ.с.) денесі қалай жаралады? Өзінен басқа Тәңір жоқтығын хабарлаған, Пайғамбарлар, Кітаптар мен Періштелер, Тура Жол, Қиямет, Бейіш, адамның жаратылуы, дозақ, мұнафиқтар, шайтан, жын, мүшріктер мен кәпірлер хақында баяндап, Өзіне ғана құлшылық етуге шақырған, Бейішке баратын Тура Жолға шақырған Құранға, Мәриямның алдында жемістер тұратынының не қатысы бар еді?

Құранда бос сөз жоқ («Жүсіп» с. 111-а). Жалпақ тілмен айтқанда денені құрайтын мәни, әлбетте, жемістерден, көкөністерден

және жайқалған өсімдіктермен қоректенетін малдардың еті мен сүтінен жаралады. Қалағанының ризық-несібесін арттыратын Алла, Исаның (ғ.с.) денесін жарату үшін, Мәриям (р.а.) анамызға бұл жемістерді Өзі жеткеріп тұрды. Бұларды жеу, организмді керектілерімен байытады және солардың бірі: **«...бел сүйек пен кеуде сүйектің арасынан шығатын»** («Тарық» с. 5-8-а) – ұрпақ таратуға аса зәрур мәниді пайда болдырады, әрине. Ал, **«Одан сендерді жараттық»**, -дегені әуелгі жарату ғана емес, осы жаңбырмен жерден шыққан өсімдіктер мен жемістерден жарататыны. **«Оған қайтарамыз да»**, -дегені, өліп, сол жердің қойнына денеміздің қайта қойылатыны («Ғабаса» с. 21-а). **«...екінші рет содан шығарамыз»** («Таһа» с. 55-а), - дегені және жаңбырдан соңғы өсімдіктер, жемістер арқылы мәниге айналып уақытымен қайта туылатынымыз («Иасин» с. 68-а).

«Таһа» сүресінің осы үш Аятын «Шура» сүресінің 11-аяты мен «Нұх» сүресінің 17-18-аяттары толықтыратын сияқты. Онда: **«Көктер мен жердің Жаратушысы, сендер үшін де өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратты; хайуандар үшін де жұптар жаратты. Өстіп сендерді көбейтеді»**, -деген. Яғни, осы ер мен әйел арқылы сендерді жаратып көбейтеді; хайуандарды да еркек-ұрғашысы арқылы көбейтеді, деген сөз. Екеуінде де тұқым жалғастығы мәни арқылы болғандықтан айтып отыр. Әрі сол мәнилер адамда жеміс-жидектер мен хайуанаттардың етінен, сүтінен болатын болғандықтан, хайуандардың бойындағы ұрығы (мәни) өсімдіктерден жиналатын болғандықтан, осы Аятты жіберіп, біздің топырақтан өсімдіктер арқылы, жемістер арқылы тірілетінімізді ұғындыруда. (Өсімдіктерде де жан бар!...)

Сондықтан Алла бізге адал мен арамды айырып түсіндірді және тек адал нәрселерді ғана жеп, Өзіне шүкір етіп, Имандылықпен жасауды ескертті («Бақара» с. 168; 173-а).

Жаңбырмен өлі жерді жандандыруы мен өлгендерді тірілтетіні «Нахыл» сүресінің 65-ші, «Жасия» сүресінің 5-ші, «Ғабаса» сүресінің 25-32-аяттарында да айтылған. Ал, топырақтан шығаратынына келгенде, біз, «Бақара» сүресінің 28-аятында және басқа сүрелерде ескертілетін қара балшыққа мән берейік. Адамды (ғ.с.) жаратқаннан кейін, Науа ананы жаратты («Ниса» с. 1-а). Бұлар тамақ жейді. Ол тамақтардың барлығы топырақта өсетін өсімдіктер мен жемістерден. Олардың құрамында әуелде

Адамды жаратқан балшықтың негізі бар. Яғни, Адам ұрпағын ерлі-зайыптылардан тарататын еткесін, Адамды (ғ.с.) жаратқан қара балшық, мәниге айналды.

Қайталап айтайық, бұл да жерде өніп шығатын жемістерден, мал жайылатын көктерден адамның денесінде пайда болатын балшық. Топырақтан шығатынымыздың тағы бір дәлелі – осы.

Келесі дәлелді «Қаф» сүресінен оқимыз. Сүресінің 1-3-аяттарында кәпірлер жәйлі айта келіп, 4-аятта: **«Расында жердің олардан нені кеміткенін білеміз...»**,-дейді. Бұл Аят адамның дене бітімінің, күш-қуатының әр түрлілігін меңзейді. «Нәжім» сүресінің 32-аятының: **«...сендерді жерден жаратқанда... аналарыңның қарнында шикі өкпе кездерінді де жақсы біледі...»**,- деген ескертуінен де топырақта өскен өсімдіктерден қайта тірілетінімізді аңғарамыз.

Топырақтан жаратуын «Ғафыр» сүресінің 67-аяты да қостайды: **«Алла сендерді топырақтан, сосын мәниден, сосын ұйыған қаннан жаратып, кейін бөбек қып шығарып...»**,- деген. «Топырақтан» дегенде біз, жаңбырмен келіп топырақта өсімдік болып өсетін, негізі мәни пайда ететін құрамды түсінуіміз ләзім...

Мына бір ғылыми дәйекті де айта кетейік. Алла Тағала тірі жанның бәрін судан жаратқанын айтқан («Нұр» с. 45-а). Ал, ғылым судың да жақсы сөз бен жаман сөзді айыратынын анықтап, әлемге жариялады. Сонда Жанның жаңбырмен көктен түсетініне күмән қалмайды. Себебі, жер бетіндегі мұхит, теңіз, көл, өзен, бұлақ – барлығы-барлығы көктен түскен жаңбыр-қардың жиынтығы («Хыжыр» с. 22-а).

«Қиямет» сүресінің 36-40-аяттарында: **«Адам баласы бос қойыла береміз, деп ойлай ма?» «Ол – тамызылған бір тамшы мәни емес пе?» «Сосын ол ұйыған қан болды. Соны Алла жаратып бейнеледі». «Содан ер, әйел – екі жыныс жаратты». «Бұларды жасаған Алланың өліктерді қайта тірілтуге күші жетпей ме?»**-деп, әлгі Аяттарға дем береді.

«Қаф» сүресінің 9; 11-аяттарында: **«Аспаннан берекетті жаңбыр жаудырып, ол арқылы бақшалар және орылатын астық өсірдік». «...Сондай-ақ, жаңбырмен жансыз жерге жан бердік. (Қайта тіріліп Х. А.) шығу да сол тәрізді»**,-десе, «Нұх» сүресінің 17-18-аяттарында: **«Алла сендерді жерден**

өсіріп өндірді», «Сосын сендерді, ол жерге қайтарады, сонан кейін қайта шығарады»-деген. Байқап қарасақ, бұл Аяттар да Алланың, қурап қалған сүйектерді біз ойлағандай, қабырдан шығаруы емес, Өзіндік жаратуымен жерден өсімдіктер арқылы шығаратынына сілтеме жасап тұр. Тіпті, «...жерде өсіріп өндірді...», деген Сөзінен адамның расында өсімдік сияқты екенін ұқтырады. «Хаж» сүресінің 5-аятының хабарынан кейін: **«Осы дәлелдер бойынша, шын мәнінде Алла – Хақ. Күдіксіз, Ол өлікті тірілтеді. Өйткені, Оның әр нәрсеге күші жетеді» (6-а), **«Әлбетте, Қиямет келеді. Онда күдік жоқ. Шәксіз, Алла қабырдағыларды тірілтеді»** (7-а), деп, ізінен Өзіне серік қосқандардың келешегі жоғын түсіндіреді. Келешегі жоғы – олардың аспан есіктерінен өте алмай («Ағраф» с. 40-а), жерге – Қиямет майданына доңыз, маймыл, бұтқа табынушы болып («Мәида» 60-61-а) қайта келеді,-деген сөз.**

Кезекті «Зүмәр» сүресінің 21-аятына беріп, тағы бір Шындықтың бетін ашайық. Ислам ғалымдары, тәпсіршілер, бүгінгі имамдар осы уақытқа дейін: «Қиямет келгенде, қабырдағылардың барлығы, Адам әликсаламнан бастап тіріледі...» («Ихсан Рухани тәрбие негізі» 108-109-б),-деп, келді. Ал, мына 21-аят мұны өтірікке шығарады. Аятта: **«Көрмейсің бе? Алла көктен жаңбыр жаудырып, оны жер жүзіндегі қайнарларға салды. Сосын ол арқылы түрлі-түсті егіндер шығарды. Сосын құқыл тартып, оның сарғайғанын көресің. Сосын оны қоқымға айналдырады. Бұнда ақыл иелеріне үгіт бар»**,-деген. Алдыңғы Аяттарда жаңбыр мен өсімдіктерді, сосын өлгендерді өстіп тірілтетінін жеткерген еді. Мұнда сол өсімдіктердің соңында қоқымға айналатынын айтқан.

Аят баяндаған құбылыс әр жылы күзде көз алдымыздан өтіп жататын, таныс жай. Аяттың соңында: **«Бұнда ақыл иелеріне үгіт бар»**,-дейді. Мұны ақылға салсақ, жан мен Рух тастап кеткен, нәті топырақта өсіп жетілген өсімдіктерден, жемістерден түгелденген дене, өлгеннен кейін, қабырда сөлінен айырылып, **күзгі өсімдіктердей сарғаяды**, сосын қоқымға – топыраққа айналатын* Шындықты білеміз. Демек, ескі тәпсірлер ғасырлар бойы адамзатты алдап келген.

* «Үлкен және кіші Қияметті» ескеріңіз. Жердің беті – Қиямет майданы. Біз өлімнен кейін аспан есіктерінен өте алмай, мұндағы сынаққа қайтып келдік. Денеміз қабырда сарғайып, топыраққа айналды.

Бұған келіспеген жағдайда бізді мына сұрақ мазалайды. «Иисин» (51), «Мағарыж» (43) сүрелерінде Қияметте қабырдағылар тіріліп Аллаға қарай жүгіретіні айтылған. Бұлар жерленгендер. Ал, үнді тайпаларының кейбірі мәйіттерін өртейді, бір тобы суға ағызады; талай Мұсылмандар 1941-45 жылдардағы және онан кейінгі, бүгінгі соғыстарда минаға түсіп, бомбаның астында қалып, бір жанкештілер өзін-өзі жарып аяғы-аяққа, қолы-қолға бөлініп – быт-шыт болып, көмілмей далада ит пен құстың жеміне айналды; ұшаққа мінген жолаушылардың ұшағы көкте жарылып, денелерінің күлі де табылмағанын білеміз. Қиямет күні бұлар қалай тіріліп, қабырынан шығып жүгірмек? Бұларды да жалғыз Алла жаратты ғой! Бұлар да есеп береді...

Құранда бұлар хақында ашық айтылмаған. Бірақ, «Бақара» сүресінің 260-аятындағы Ибраһим Халиулланың жүрегін – сенімін бекіту үшін құстарды тірілткеніндей, тірілтеді, деп тіке мағынасында түсінсек қателесеміз. Мұны Алланың Өзіндік тірілтуімен, Жүсіптің (ғ.с.) түс жорығанындай тұспалмен түсінуіміз ләзім, яғни, біз дәлелдеп отырғандай, жаңбырмен, өсімдіктермен тірілтеді, деп Аяттар бекіткен Шындықпен түсінгеніміз дұрыс. Қайталап айтсақ, өлген күнәкар өсімдіктер арқылы қайта тіріледі.

«Ісра» сүресінде: «Олар: «Біз сүйектер және қоқым болған кезде, жана бір жаратылыспен қайта тірілеміз бе?»-деді. (Мұхаммед с.ғ.с.) оларға: «Тас болындар немесе темір болындар»-де. Әлде тіпті, ойларындағы ең зор жаратылыс болындар...»-де» (49-51-а),-деген. Адамзат не амал істесе да Алладан құтыла алмайды, бәрібір тіріледі.

«Бақара» сүресінің 259-аятын да Алланың субути сипатымен түсінеміз: «Немесе ойран болған бір кенттен өткенді көрмедің бе? Ол: «Алла бұны өлгеннен кейін қайтып тірілтеді?» - деді. Алла оны жүз жыл өлтіріп, сонан соң тірілтіп: «Қанша жаттың?»-деді. Ол: «Бір күн немесе күннің бір бөлімі жаттым»-деді. (Алла): «Олай емес, жүз жыл өліп жаттың, енді тамағыңа, сусыныңа бір қара! Өзгермеген. Ал, енді есегіңе қара! Сені адамдарға үлгі үшін өстідік. Ал, енді сүйектерге қара! Оны қайтып құрастырып, сонан соң оған ет кидіреміз»-деді. Бұл жағдайлар оған ашықша білінгенде: «Сөзсіз Алланың әр нәрсеге күші жететінін білдім»-деді», - деген.

Таратып айтсақ, түсінікті болуы үшін жылдармен сөйлейік. Аяттағы: «...кенттен өткен..» – Ұзайыр, дейік. 600-жылы Ұзайыр он жаста болатын, деп алайық. Ол есегі бар, көрші кентте жасайтын «?» есімді адамды жақсы білетін. Алладан қаһар түсіп «?» тұратын кент жермен жексен болды. «?» өзі де, есегі де өлді. Таң қалған Ұзайыр: «Молдалар: «Алла Қияметте марқұмдардың барлығын тірілтеді, олар қабырынан шығып, Аллаға қарай жүгіреді», -дейді. Мына ойран болған кенттің адамдарын қалай тірілтеді екен?»-деп жүре береді. Арадан жылдар өтіп, Ұзайыр 100 жасқа келді дейік. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан», -демекші, сол қалаға айналадағы адамдар әр жылдарда, біреу-біреу, екеу-екеу көшіп келіп, құрылыстар құрды.

Жүзінші жылы тап баяғысындай етіп қайта тіктеді. Яғни, «Тәубе» сүресінің 39-аятында айтқандай, олардың орнына басқа қауым келді. Бұған тамсанған Ұзайыр, солардың арасынан біреудің дене бітіміне, түр-түсіне, жүріс-тұрысына, тіршілігіне, есегіне ерекше назар салып қараса, бұдан жүз жыл бұрынғы – баяғы «?» есімді танысы – өңі де айнымайды, өте ұқсас («Инсан» с. 28-а). Тіпті, дауысына, сөйлеу мәнеріне дейін тап сол. Ұзайыр осы кереметті («Жүсіп» с. 105-а) көріп: «Сөзсіз Алланың әр нәрсеге Күші жететінін білдім!»-деді».

Аяттағы Алланың: «**Қанша жаттың?»**»-деген сұрағына: «**Бір күн немесе күннің бір бөлімі...**», -дегені, уақыттың тездігінің ишарасы – қарт кісілер өткен өмірінен бір оқиғаны есіне алғанда, кеше ғана болғандай болып тұрады; «**...тамағыңа қара, сусыныңа қара! Өзгермеген**», -дегені адамзаттың миллиардтағы жылдардан бері Алла жаратқан тағамдармен, сусынмен жасап келе жатқанының түсінігі; «**есегіңе қара**», -дегені, сол – бұдан жүз жыл бұрынғы қарапайым, митындаған тірлік; «**сүйектерге қара**», -дегені, адамның әдеттегі дене бітімінің ғасыр өткенмен өзгермейтіні; «**ет кидіреміз**», дегені, түрінің марқұмдардың біріне, яғни, 600-жылы өлген «?» есімді, есегі бар танысының түрінен айнымайтыны болар. Мұны Алла бізге осындай ишарамен хабарлап отырған шығар.

Бұл дәлелдерден біз, екі құпияны түсініп отырмыз: біріншісі, өліп аспан есіктерінен өте алмағандар, жаңбыр арқылы қайта тірілетіні болса; екіншісі, сүр үрленгенде тірілу – қабырдағы

тірілу; тағы бір мағынасы – аяқ астынан апат, қасірет келген шақтағы ес жоғалтып, әбіржіп, шамалыдан соң өзіне келу.

Электроника деген ғылымды адаммен салыстырмаймыз. Бірақ, биология, химия, физика ғылымдарының жанасуымен электрониканың өндіріске келуі, адамзатты таң қалдырып отырған ғылыми жетістік. Осы дәлелдерімізден адамның тірілуіне зер салсақ та тап осы үш пәнге кездесеміз. Дене мен ішкі ағзалар өсімдіктерден, жемістерден – биология, жан – химия, Рух – физика сияқты.

Және мән берерлік жай, жан әкеден түсер мәниден, нәпсі анада дамыған мәниден. Өйткені, Алла Тауа (р.а.) ананы Адамның (ғ.с.) оң жақ қабырғасынан жаратты. Ол нәпсіге жақын. Алланың Рахметінің алдынан есетін желінің бұлттарды шақырғанындай, әйелдерде «бала буу» деген құмарлық кезең бар. Сол шақта ондағы нәпсі өзін қозғаушыны аңсап жүреді. Жан келіп нәпсіні оятып, тірлік басталады...

«Әли Ғымран» сүресінің: **«Адам баласы үшін қатындар, балалар, алтын, күмістен жиналған қазыналар, сәнделген аттар, малдар... дүниенің сәні...»**,-деген, 14-аятына, «Ғанкәбүт» сүресінің: **«Бұл дүние тіршілігі бір ойыншық, ермек қана...»**,-деген, 64-аятына және осы Аятпен мағыналас Аяттарға сүйеніп айтсақ, дүние тіршілігі нәпсіден. Ал, әйел жұрты топырақтан емес, Адамның қабырғасынан жаралған – қан-жынға жақын жерден. Сондықтан жанұяның берекесі көбіне тікелей әйелге-нәпсіге байланысты. Халық: «Әйел – отбасының берекесі», «Қатын қарамаса мал жинама», «Ерді Ер қылатын да әйел, жер қылатын да әйел»,-деген. Бұл мақалдардың астарындағы мағынасы да әйел жұртының нәпсіге жақын екенін аңлатады.

Енді Қияметтегі тірілу – қайта туылу екеніне, дәлел болатын Аяттарды алға тартып, Аяттармен үндескен ғылым және өмір Шындықтарынан дәлелдер айтайық.

Бірінші дәлел

Бірінші дәлелімізді, халықтың: «Есепсіз дүние жоқ», деген мақалына өзек болған, есептен бастайық. Бұл мақал да Алланың ұнатқан Құлының жүрегіне салған (6) Өз Шындығы, әрине. Себебі, Алла Тағаланың бір есімі – Әл-Мухсий*. Дүние тірлігіне тірек болып отырған есеп ғылымының, жер өлшемі ғылымының өмірге келуі де бей-жай емес. Біздіңше, бұлар Алланың ысырапты сүймейтінін жеткерген «Ағраф» сүресінің 31-аяты мен келесі Аяттарды ұғыну үшін Алланың ықылым заманнан жіберген ғылымы.

Дүние әлемі тартылыстар мен есептерден тұратынын айтқан ғылым дәлелін ескере отырып, «Қамар» сүресінің 49-аятын оқысақ, онда Алла Тағала: **«Шын мәнінде әр нәрсені бір өлшеммен жараттық»**,-деген. **«...әр нәрсені...»**,-депті! Бәрін Білуші Алла, Адамды (ғ.с.) жаратпас бұрын, санын Өзі ғана білетін **Жан мен Рухты** да жер көтере алатындай, жердің асырау, сақтау ресурстары жететіндей мөлшерге есептеп жаратқаны Шындық. Әр нәрсе өлшеммен жаралғасын жер де, оның ресурстары да белгілі өлшемнің ішінде**. Аят осыдан хабар беруде. Ал, қарсыласымыз айтқандай, Жан есепсіз болса, Оның мөлшері шектен шыққанда жерде тепе-теңдік бұзылады. Осы тепе-теңдік тұрғысынан қарасақ та, Жан мен Рухтың белгілі санмен жаралғанына, Олар туылып және өліп айналыста жасайтынына көз жеткереміз.

«Ісра» сүресінің **«...көктер мен жерді жаратқан Алланың өздері сияқтыларды да жаратуға күші жететіндігін көрмей ме? ...олар үшін белгілі бір мерзім жасаған...»**, деген 99-аяты да пікірімізді шынға шығарады.

Құранның бұл жалғанға келіп-кете беретін барлық адамзатқа түскенін ескере отырып, осы Аяттағы: **«...өздері сияқтыларды да жаратуға күші жететіндігін көрмей ме?»**,-деген ескертуге көңіл бөлейік. Бұл бүгінгі бізге айтылуда. **«...өздері сияқтылар...»**,-

* Алланың 99 есімінің бірі – «Әл-Мухсий – Санаушы. Ол бәрін санайды. Оған ешкім санауға бөгет жасай алмайды...». («Иман» жор. 2004 ж. 5-сан).

** Мәселен, адамдар отырған, ауасы таза бөлмеге газ баллоннан газ жіберсек, оның мөлшері таза ауадан асқан кезде адамдар тұншығады. Біздің көзімізге көрінбейтін, бірақ, бар Жан мен Рух жәйі да осылай.

дегені – тап өзіміз сияқты тағдырлы адам. Оны жарататынына күші жететініне сеніміміз мықты.

Енді ғылымның дәлеліне жүгінейік. Ғылым жер бетінде адамзаттың тоғыз миллион жылдан бері жасап келе жатқанын дәлелдеген. Осынша жылдар бойындағы өлгендердің Жанын есептеңізші, бұл неткен сандарды құрар еді?! Оған жануарлар мен жәндіктерді, өсімдіктерді қосыңыз... Егер бұлар есепсіз болса, онда жердің көтеру және асырау мүмкіндігі жете ме? Алланың әр нәрсені белгілі өлшеммен, мөлшермен жаратқанын ескеріп айтсақ, жетпейді.

Сөзімізге дәлел болар бірнеше Аяттарға келейік.

1. «Ағраф» сүресінің 172-аятында: «...сол уақытта **Раббын адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да** өздеріне куә етіп: ...»,-деп, уәдесін алғанын айтқан. Осы белдерден алынған **нәсіл де** белгілі мөлшерден хабар беріп тұр. Егер мөлшер болмаса, «...адам балаларының белдерінен...», демей, күллі ұрықты-нәсілді айтқан болар еді. Бел дегеннен кейін белгілі сиымдылық, мөлшер ескеріледі.

2. Біз Алланың қаһарына ұшырап жойылғандардың барлығы аспан есіктерінен өте алмай, жерге қайтатынын айттық. «Һұд» сүресінің 48-аятында: «Әй, Нұх! Саған және сенімен бірге болған топтарға Бізден сәлеметтік, молшылықпен кемеден түс! **Бірталай топты дүниеде пайдаландырамыз да сонан кейін олар Біздің күйзелтуші азабымызға ұшырайды**»-делінді»,-дейді. Осы бірталай топ – Нұхқа ергендердің ұрпағы. Олардан басқа адам жоқ – Нұхтың сұрауы бойынша, кемедегілерден басқасының бәрі топан суға тұншықтырылып жойылған («Нұх» с. 26-27-а).

Бұл жойылғандар аспан есіктерінен өте алмай, кемеден Нұхпен бірге аман қалғандардың отбастарында, жер бетіне қайта сынаққа келген. Бұлардың алғашқылары Нұхтың үгітімен дұрыс жүргенімен кейінгі (6-7-ші ма? 10-15-ші ма? Бәлкім, 20-сыншы) ұрпақтары нәпсіге еріп, әділдікті («Бақара» с. 42; «Ниса» с. 135-а) бұрып айниды. Себебі, Алла адамзаттың шүкірсіз, ынсапсыз екенін («Ібраһим» с. 34-а), нашар («Ниса» с. 28-а), жанжалшыл («Кеһф» с. 54-а), тым шыдамсыз («Ісра»11-а) жаратылғанын ескерткен.

Осы айнығандар Һұдтің (ғ.с.) қауымының ұрпағы. Бұған келіспесек, Сүренің: «**Ей, Нұх! ... Бірталай топты дүниеде**

пайдаландырамыз да сонан кейін олар Біздің күйзелтуші азабымызға ұшырайды...»,-деген 48-аятына қарсы келген боламыз. Ал, күйзелтуші азапқа ұшырағандар көктің есіктерінен өте алмайды...

Бұл да Жанның, Рухтың белгілі санмен жаратылғанын көрсетеді.

3. Біз жаңбырдың да белгілі өлшеммен жауатынына көңіл бөлмей, «Алла бере береді, жаңбыр жауа береді»,-деп ойлаймыз. Ал, «Зұхрұф» сүресінің 11-аятында, Алла жаңбырды да **белгілі мөлшермен** жаудыратынын ескерткен. Егер мөлшерсіз жауа беретін болса, жер бетінде тіршілік болмайды...

Бұл да әрбір нәрсенің өлшемі, саны, мөлшері барын түсіндіреді.

4. «Мәриям» сүресінің 93-94-аяттарында: **«Көктер мен жердегі әркім Аллаға Құл болып келеді». «Расында, Алла оларды түгендеп, бір-бірлеп санын біледі»**,-деп, есепсіз нәрсе жоғын аңлатып отыр. **«Көктер мен жердегі әркім...»**,- дегені, көктегі: Жан, Рух, Періштелер және жердегі адамдар, құстар, жануарлар, өсімдіктер т.б., әрине.

5. «Рағыз» сүресінің 8-аятында: «Алла Тағала әр аналықтың неге жүкті болғанын және жатырларында нені кемітіп, нені артық еткенін біледі. **Оның жанында әр нәрсе өлшеулі»**,-десе, «Фурқан» сүресінің 2-аятында: **«...әр нәрсені жаратып, олардың өлшеуін белгіледі»**,-депті.

6. «Жын» сүресінің 28-аятында: **«... Және әр нәрсені санап, түгендеп қойған»**-дейді.

7. «Талақ» сүресінің 3-аятында: **«...Расында Алла әр нәрсеге бір өлшеу қойған»**,-деген. Мейлі, саны болсын, өлшемі дейік, мөлшерін айтайық, көлемі ме? Ештеңе есепсіз емес, қайбірінің де шектеуі бар, деген сөз. Олай болса, жердің салмақ көтеруінің де, тірілерді асырауының да; адамды қимылдатып, тіршілік қылдыратын Жанның да, Рухтың да белгілі шегі, белгілі мөлшері, белгіленген өлшемі бар.

Періштелердің санынан да хабарлар оқып отырмыз*. Бұл дәйек те Жанның, Рухтың Алла белгілеген уақыт бойынша айналыста болатынына ой салып, сендіреді.

* «Мың сұрақ». Дайындаған журналист Орынбай Орынбеков, 1997 жыл. Алматы. «Шапағат» баспасы

Біз жоғарыда жаңбырдан соң жердің қопсып, өсімдіктердің өсетіні мен қайта тірілуді неге қосақтап қайталағанын талдаған едік. Бүкіл жер бетіндегі туылу мен өлімді кең ойға салып, көзге елестетсек, Жанның да жаңбырдай жауып, будай көкке көтеріліп, айналыста болатынын көреміз.

Мұны мына деректерден де оңай аңғарамыз. Жер бетіндегі адамның саны, 1960 жылы – 4 миллиард болған. 2012 жылғы есепте 7, 2 миллиард. 52 жылда 3, 2 миллиард адамға өскен. 2016 жылғы есеп бойынша 7,3 миллиардтан сәл зият. Осы жерден де, Жанның белгілі санмен жаратылғанын, адамның көк пен жердің арасында Алланың берген үкіміне сай барып-келіп, бірде адам, бірде басқа болып жасайтынын байқаймыз.

Хадисте өлген адамның жалғанға өсімдік болып келетіні айтылған. Ал, ғылым гүлдермен және мұғжизалы гүлдермен сөйлесу арқылы өсімдіктерде де жан болатынын, олар да мейірім күтетінін, жақсы сөз бен жаман сөзді айыратынын дәлелдеген. Демек, жаңбыр мен өсімдіктер арқылы қайта тірілетініміз – күмәнсіз Шындық.

Ақын Әбділлә Тәжібаев: «Баса көрме көктемдегі гүлдерді, Бәлкім, бірі мен болармын солардың» («Сыр жырлары»),-десе, Мұқағали: «Бірде адам, бірде қайың боп, алмасып өмір сүрейік»,-деген. Бұл – ақындардың жүрегіне Алла салған Шындықтан туған Шындық. Алла бермесе, ешбір ақын ештеңе жаза алмас еді... Мұхаммедтің Өзінен (с.ғ.с.) кейін ақындардың келетінін айтқаны да осы Шындықтардың хабары дейміз («Хаж» с. 18-а).

«Фатыр» сүресінің 41-аятында: **«Рас, Алла көктер мен жерді бұлжытпай ұстайды. Мүбәда екеуіне бір зауал болса, одан кейін оны ешкім ұстап тұра алмайды...»**,-деген.

Ал, «Хыжыр» сүресінің 21-24-аяттарында: **«Өйткені, Біздің қасымызда әр нәрсенің қорлары бар. Бірақ, белгілі мөлшерде ғана түсіреміз»**. «Пайдалы желдерді жібердік те аспаннан жаңбыр жаудырып, сендерді сонымен сусындаттық. Әйтпесе, сендер оны жинап ала алмайсыңдар». «Күдіксіз, Біз тірілтеміз де өлтіреміз. Сондай-ақ, барлығының мұрагері Бізбіз». **«Расында, сендерден бұрын келгендерді де білеміз. Сондай-ақ, кейінгі келетіндер де Бізге мәлім»**,-дейді. Осы **«...бұлжытпай ұстау...»** мен **«...белгілі мөлшерде ғана...»** түсіруін, бұрын келгендер мен кейін келетіндерді айтуын, 1960 пен 2016 жылдар аралығындағы

өсіммен салыстырсақ та, жердегі өміріміздің қысқалығын ойласақ та қайта тірілу – қайта туылу екеніне көз жеткереміз. Демек, Алла Өзінің жанындағы әр нәрсенің қорынан, жердің қуаты мен мүмкіндігіне жарасасын ғана жібереді. Артық жіберсе, тепе теңдік бұзылады. Бұған келіссек, Жан мен дененің топырақта шыққан өсімдіктер арқылы қайта келетіні де, Рухтың қайта жер басатыны да Шындық.

«Фуссилат» сүресінің 10-аяты да осы түсінігімізді тастықтайды. Онда: «Жерге үстінен асқар таулар жаратты да құт-береке дарытып, **жержүзіндегілердің ризықтарын төрт күнде шамалады**. Бұл – сұраушылар үшін Тура жауап», - деген. Бұл жерде Адамның, Одан кейінгі Нұхтың (ғ.с.), Ібраһимнің (ғ.с.) кезінде немесе Құран түскен УП ғасырда жержүзінде қанша адам, қанша жануар, жәндік болғаны емес, мәңгілік өмір бойы жержүзіне келіп, кететін тірі жанның барлығының ризық-несібесі айтылып отыр. Себебі, Құран бұрынғы Кітаптарды толықтырып, растап, түгелденіп түсірілген.

Аятты ашығырақ талдап айтсақ, әркімнің күнделікті несібесін тауып жеуі өзінің әрекет-амалына байланысты, ал, ол әуелде, жер бетіне ғасырлар бойы келіп-кететіннің барлығына жететіндей етіп, төрт күнде шамаланған. Яғни, күнәкарлардың неше мәрте жерге қайта келетіні Аллаға белгілі болғандықтан, Алла олардың ризық-несібесін түгелдеп қойған.

Құранның күллі адамзатқа арналғанына Иман келтірген жан бұған келісер, келіспегендер, «Фатыр» сүресінің 41-аяты мен Алланың ысырапқа (7) қарсы екенін ескерсе, дейміз. Бәлкім, Жанның да есептеулі екеніне сеніп, райынан қайтар!

Әйтпесе, олар бұл Аяттарды жалғанға шығара ма? Онда жасап жүрген құлшылығы күлге айналады, өзін-өзі дозаққа бастайды (8). Ал, қарсы келмей, көңіл бөлсе, Аяттар мен өмір Шындығы («Фуссилат» с. 53-а), қайта тірілу – қайта туылу түсінігіне; Қиямет сағатының кірпік қаққандай, тіпті, одан да жақын – өкшелеп келіп тұрғанына көзін жеткертіп (9) сақтандырады.

«Әли Ғымран» сүресінің 102-103-аяттарында жіктелмеуді ескерткен, Алла, «Хұжрат» сүресінің 10-13-аяттарында туыстықты, түбіміз бір адамның ұрпағы екенімізді есімізге салады. Бұл Аяттарды түсіргендегі мақсаты да, осы – өліп және қайта туылып, тіріліп жатқан өз-өздеріңсіндер. Осылай бола тұра, бұл

жалғанның қоқырсықтары үстінде, қалайша надандыққа барып, бір-біріңе өш боласындар, бір-біріңнің ризық-несібелеріңді қызғанасындар, дегені.

Жан мен Рухтың айналыста болатынын мына Аяттар да бекітеді. Алла Тағала жерде Халифасын жарататынын айтқанда Періштелер: **«Онда бұзықтық істеп, қан төгетін біреуді жаратасың ба?...»** («Бақара» с. 30-а), -деген еді. Осы наразылықты қалай түсіну мүмкін? Алланың үйреткенінен басқаны («Бақара» с. 32-а) білмейтін Періштелер, жоқ – әлі жаралмаған Орынбасардың қан төгетінін қайдан біледі?

Бұл Аят нәпсіге алданғыш Рухтар туралы Періштелердің жақсы білетінін, сол Орынбасардың осы Періштелердің бақылауындағы Рухтардан болатынын білдіреді; Рухтардың да Алланы тыңдамағандықтан, шайтанға тасталған («Зұхрыф» с. 36-а) әлсіздері Тура Жолдан ауытқитынынан хабар береді. Сондықтан осылай айтып отыр.

Егер көктер мен жердегілердің және осы екеуінің арасындағылардың барлығының билігі Алланың иелігінде деген Аяттар мен Рухты Періштелердің бақылайтынын, шайтанның бұзатынын ескерсек, Рух Періштелер мен шайтанның арасында тұрады. Рух таза күтілсе, Періштелермен бірге болады – шайтан жолай алмайды, ал, Аят тиымдарына қарсы тірлік етсе, шайтанмен қалып – Періштелерден алыс болады, деген тұжырымға келеміз. «Мұтаффифин» сүресіндегі: **«...Аллаға жақын Періштелер...»** (21-а), -деген Аяттың мағынасын да осы жерде байқаймыз.

Періштелердің бұзық біреуді жаратасың ба, деген сөзінің Шындығына Қабылдың інісі Әбілді өлтіретіні бірден бір дәлел десек, екіншісі, сол қан төгудің жоғалмай, адамнан адамға өтіп жалғасып келе жатқаны. Адам өлтіруге үйренген Қабылдың Рухы сол қылмысын және қайталағысы келіп тұрады. Бұл зұлымдықтың жалғасуы да, біздің Қияметтегі тірілу – қайта туылу деген пікірімізді тастықтайды. Себебі, Алла адам өлтірген адамды Бейішке қабылдамайды. Ол күнәсінен тазарғанша жерге қайтып келе береді. Бұған алда және бірнеше дәлелдер айтамыз.

«Бақара» сүресінің 30-аяты хақындағы түсінігімізді осы сүренің 33-аяты да қостайды. Онда: **«...Мен сендерге: «Көктер мен жердің құпиясын және сендердің ашық, жасырын істегендеріңді білемін», -деп айтпадым ба?»...»**-дейді.

Осындағы: «...сендердің **ашық, жасырын істегендеріңді...**», - дегені де Рух пен Періштелердің Жанмен бірге жалғанға келіп-кетіп тұратынын байқатады. Әйтпесе, біздің түсініктегі Рух пен Періштелерде нәпсі жоқ, олар дүнияуи тіршіліктен ада. Біздің сәбилерді Періштелерге балайтынымыз да, олардың дүние тіршілігіне алаңсыздығына, кулық-сұмдығы жоқтығына сүйінгенімізден. Сонда дүние тіршілігінен ада Періштелер Алладан жасырып не істейді?

Өмір тәжірибесінде өзіміз көріп жүргендей-ақ, жасырын істер, бүлік пен күнәға толы жер бетінде, адамдар арасында ғана қу нәпсі үшін болады. Алла кінәлап отырған («Бақара» с. 33-а) Періштелер ше?!

Және де қайталайық, Рухтың басқарушы, қорғаушы, жазушы, бақылаушы Періштелері бар. «Тарық» сүресінің 4-аятында, әркімнің үстінде бақылаушы барын айтқан. Және «Зұхрұф» (80-а), «Қаф» (17-а), «Инфитар» (10-11-а), тағы басқа сүрелерде Періштелердің пенделермен бірге екенін ескерткен. Демек, Алла әрбір Құлын Періштелермен қорғайды.

Мына Аяттарға да көңіл бөлейік. «Ғалақ» сүресінің 3-аятында: «Оқы! Ол – Раббың аса **Ардақты**», -десе, «Әнбия» сүресінің 26-аятында: «**...Олай емес, Періштелер – Кереметті Құлдары**», - дейді. Періштелер – Кереметті Құлдар! Ал, «Хұжрат» сүресінің 13-аятында: «**...Алланың қасындағы ең Ардақтыларың – Тақуаларың...**», -деп, Алла «Ардақты», «Керемет» сөздері арқылы Тақуаларды Періштелердің дәрежесінде көрсетіп отыр. Мұны «Иасин» сүресінің 27-аяты да тастықтайды. Онда Елшілерді қостаған Тақуа Бейішке кіргенінде: «**Әттең! Елім білген болса еді**», «**Раббым мені жарылқап Ардақтылардан еткенін**», -дейді.

Сонымен талдауымызды топшыласақ, біздер де күнәміз себепті аспан есіктерінен өте алмай, қайта жер басып тұрмыз. Енді Туралықпен жүріп («Бақара» с. 38-а), Аяттарға сауатты жандасып, Тақуалықты меңгеріп, бес парыздан бөлек, көп қайырымды, сауапты істер істеп, күнә мен бүлікке толы **жер бетіне қайтып келмейтіндей болып жасайық; аспан есіктерінен өтетіндей дәрежеге жетейік, жерге қайтып келмейік!**

Әр күнгі, әр демдегі дұға-тілегіміз осы болсын!

Екінші дәлел

Екінші дәлелге сұранып тұрған «Бақара» сүресінің 28-аятына кеңірек тоқталайық. Бұл Аятты әркім әр түрлі аударып жүр. Соғлардан Рухтың өлмейтінін – «Мені мен менікінің айрылғанын...» (Абай бабам) сөзінің мәнін білмейтін бірсыпырасы, Құранның Алланың Сөзін өзгертуші жоқ («Әнғам» с. 34-а), деген Аятына қарсы барып, Аяттағы: **«әмуатан» – «өлі едіндер»** сөзін: «...жоқ едіндер», деп Адам (ғ.с.) атаның жаратылысын меңзеп жазады.

Білген кісіге **«өлі едіндер»** сөзі мен **«...жоқ едіндер»** сөзінің айырмашылығы өте үлкен. Бұлар бір-біріне синоним емес.

Аудармашының бұлай жазуына, басты себеп, оның Исламдағы силсила әдісіне қамалып қалғанынан; «Бақара» (44-а), «Мүминұн» (68-а) сүрелерінің сөзді зерттеу, ойлау жөніндегі Аяттарын толық түсінбегендігінен. Силсиламен тоқырамаса, Құранды зерттеу хақындағы Аяттарды толық түсінсе, өлгеннен кейінгі тірілуді, «Бақара» сүресінің 39; 89-шы, «Әли Ғыман» сүресінің 102; 4; 87-аяттарымен, «Бақара» сүресінің 6-20-аяттары мен «Ісра» сүресінің 80-аятын бір топтап, «Нәміл» сүресінің 80-ші, «Ағраф» сүресінің 40-шы, «Мәйда» сүресінің 60-шы, «Фурқан» сүресінің 14-ші, «Иасин» сүресінің 68-ші «Сәжде» сүресінің 5-ші, «Хаж» сүресінің 47-ші, «Мағарыж» сүресінің 4-аяттарымен зерттер еді.

Дұрыс аударма жасап, әділетті тәпсір жазар еді...

28-аятта: **«Аллаға қалайша қарсы келесіңдер? Өлі едіндер, сендерді тірілтті. Тағы өлтіреді. Соңыра қайта тірілтеді. Сонан соң Оның алдына қайтарыласыңдар»**, -дейді. Егер мұны: **«Ол жер дүниедегі алғашқы өлімнен басқа ешбір өлім татпайды...»**, -деген, «Дұхан» сүресінің 56-аятымен байланыстырып түсінсек*, аңыздағы Қиямет қана меңзеліп, жанағы біз атаған бірнеше Аяттар бекерге шығып қалады. Ал, Аятты жоғарыдағы Аяттарға сүйеніп өз мәнінде талдасақ, өліп, тіріліп отырған өзіміз екенімізге көз жеткереміз.

28-аятты талдайық. «Ісра» сүресінің 53-аятында сыпайы сөйлеуді ескерткен Рахымды Алла ешкімнің көңіліне қарамай:

* Алғашқы өлім («Дұхан» с. 56-а) екі мағына береді: біріншісі – аспан есіктерінен Бейішке қарай өте алатындай мықты Иманмен өлген өлім; екіншісі – қазіргі өмірден бұрынғы өмірдің соңындағы өлім.

«...Өлі едіндер...»,-деп қатты айтқан. Мұның мәнісі, жаңа атаған сүрелердің тиесілі Аяттарында жатыр.

Алдымен бұл Аяттардың қысқа мазмұнын айтайық. «Бақара» сүресінің 39-аятында Туралықпен (38-а) жүрмегендер дозақтық болатыны; 89-аятта Аяттарына қарсы болғандар қарғалғаны; «Әли Ғымран» сүресінің 102-аятында, Мұсылман болып, өлуді мұқияттап, 4-аятында Аяттарына қарсы болғандардан өш алатынын ескертсе, 87-88-аяттарында оларды қарғаған; «Бақара» сүресінің 6-20-аяттарында олардың Тура Жолға шақырғанға келмейтін ақымақтықтары сипатталса, «Ісра» сүресінің 80-аятында, олардың Шындықпен кіріп, Шындықпен шығуды тілемейтіні; «Нәміл» сүресінің 80-аятында, Алланың Аяттарына қарсы олардың, өлі екендігі; «Ағраф» сүресінің 40-аятында мұндайлардың өлгеннен кейін көктің есіктерінен өте алмайтыны; «Иасин» сүресінің 68-аятында, олардың Алла қалаған біреулері, адам болып қайта жер басатыны; «Мәида» сүресінің 60-аятында қарғалғандардың маймыл, доңыз не бұтқа табынушы болып тірілетінін; «Фурқан» сүресінің 14-аятында, бір мәрте ғана өліп, жоқ болуды емес, көп жоқ болуды тілеу жөніндегі кеңестерін; «Сәжде» (5-а), «Хаж» (47-а), «Мағарыж» (4-а) сүрелерінде олардың бірсыпырасының мың жыл бойы, теріс кеткен тобының елу мың жыл денінде жерге келіп-кетіп жүре беретіні астарлап ескертілген.

Осы Аяттарға сүйеніп отырып: «...Өлі едіндер...»,-деген сөзге көңіл бөлсек, Алланың Аяттарына қарсы өмір сүріп, өліп, тірілген өзіміз және замандастарымыз екенін білеміз.

Мұның осылай екеніне, замандастарымыздың сеніміне, мінезіне, тіршілігіне, тағдырларына көңіл бөліп («Жүсіп» с. 105-а) пікірлегенде жаңылыспаймыз және 28-аят («Бақара» с.), Алланың қаһарына ұшырап немесе үлкен күнәлармен өліп, сосын қайта туылғандарға (бүгінгі жер басып жүргендерге) арнап түсірілгенін түсінеміз.

«Тағы өлтіреді»,-деп, жалғанда жасап қайта өлетінімізді айтса, **«Соңыра қайта тірілтеді»**,-дегені, аспан есіктерінен өте алмағандардың («Ағраф» с.40-а) әр түрлі кейіпте, қилы тағдырлармен қайта жер басатыны. **«Сосын Оның алдына қайтарыласындар»**,-дегені – және өлу, тағдырлар.

Яғни, «Мәида» сүресінің 60-аяты бойынша, Алланың қарғысын алған пенде: маймыл, доңыз не бұтқа табынушы болады. Бәлкім, бұл – дозақтың ең төменгі қабаты. «Зүмәр» сүресінің үмітті үзбеу туралы (53-а), «Хаж» сүресінің хайуандар да таспих айтатыны жөніндегі Аяттары (18-а) және «Ісра» (44-а), «Нұр» (41-а) сүрелерінің хабарларынан қарғалғандардың Аллаға жалынатынына сенеміз. Бұл – олардың тәубесіне келгені деген сөз. Жаратқандарына Мейірімді Ар-Рахман, Әл-Ғафу Алла оларға құлшылығының сапасына қарай жеңілдік береді. Бәлкім, осы жеңілдікке жеткендердің бір тобы **дінсіз не ғайридін** болып; екінші бір тобы Мұсылман («Ағраф» с. 30-а) отбасында қайта жер басады (алдағы дәлелдерде кеңірек тоқталамыз). Бұл – Аяттағы: «...Өлі едіңдер, **сендерді тірілтті...**», -дегені. Осындай кейіпте дүниеге келтіруі. Енді, «Мәида» сүресінің 48-аятына салып айтсақ, осы жолдарда сыналады. Бұлар Қияметте қараланып, дозаққа тасталған күннен Ақыреттің азаптарын тартып келген еді. Енді осы жолда қалай жүрер екен? Егер бұл жолда да Алланы риза ететін амалдармен өтсе, өзіне жақсы. Сосын Алла оны үлкен сынақпен Мұсылманның шаңырағында жалғанға келтіріп сынайды. «Ағраф» сүресіндегі: «**...Қиямет тек Момындарға ғана...**» (32-а), -дегенінің мағынасы – осы. Бұл – Аяттағы (28-а): «**Соңыра қайта тірілткені**». Яғни, бұл – Бейішке баратындарды осылай сатылап тазартуы, деген сөз. Осы жерден: «**Аллаға қалайша қарсы келесіңдер?...**» -деген ескертуді түсінеміз. Өзімізше айтқанда: «Кәпір едіңдер, Мұсылман қылып тірілтті. Бейішке баруларың үшін Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүндеттері мен Құранды қолдарыңа берді... Осы Құран мен сүннеттен кейін не жақсылық қылсаңдар, пайдасын өздерің көресіңдер; не жамандық жасасаңдар, азабын өздерің тартасыңдар, Аллаға зиян келтіре алмайсыңдар», -деген сөз.

Мұсылманшылық Жолында да Алланы риза ететін құлшылықтар мен қайырым-сауаптар жасап, Алла сөзінің үстемдігі үшін, Ақыретінің пайдасы үшін күресіп өткендерге, аспан есіктері ашылып, олар Бейішке орналастырылады. Бұлар және қайталайық, қарғыстан өліге («Мәида» с. 60-а) шығарылғандар еді. Дозақ азабына шыдамай, жалғыз Аллаға зікірлер жасап өзіне келді – таза Иманды Мұсылман болды. Бұлар «**...жер дүниедегі алғашқы...**» өлімді енді көріп, Бейішке барады.. Басқа өлім көрмейді.

Мұнан туатын өз-өзінен түсінікті жәйт, біздер – бүгінгі Мұсылмандар сол сатылардан өтіп келіп сын үстінде («Ағраф» с. 32-а) тұғандармыз. Енді Иманымызды бүлдіріп алмайық. Бүлдірсек, тағы сынақ майданы, тағы қарғыс, тағы дозақтың төменгі қабаты...

Дәлелдерімізге қосымша «Фатыр» сүресінің 36-аятын да айтайық. Аятта: **«...Оларға өлім үкімі берілмейді. Олардан азап жеңілдетілмейді...»**,-дейді. Олар – қарғалғандар. Азаптан құтқарылмаса да, өлім берілуі керек қой! Неге өлім үкімі берілмейді?! Бұған жауап табу үшін Құранға жүгінеміз.

Ықыласымызға Рахым еткен Алла жүрегімізге, күнәлілерге – өлілерге аспанның есіктері ашылмайтыны туралы Аяттарды түсіреді. Сол кезде барып, бұл – («Фатыр» с. 36-а) Ислам Жолын өз деңгейінде ұстай алмағандардың, көктердегі қарсылықтардан Бейішке өте алмай, түрлі тағдырмен жалғанға келе беретінінің хабары екеніне көз жеткереміз.

Аяттың (28-а) соңындағы: **«...Сонан соң Оның алдына қайтарыласындар»**,-дегенін, «Ниса» сүресінің 172-аяты арқылы талдайық. Жоғарыдағы Аяттарда Аллаға қарсы келгендердің оңбайтынын айтып келіп, 172-аятта: «Иса (ғ.с.) да, Аллаға жақын Періштелер де Аллаға Құл болудан әсте арланбайды. **Кім Оған Құл болудан арланып дандайсыса, сонда оларды тұтас Өз тарапына жинайды**»,-деген. **«...жинайды»** – **«қайтарыласындар»** («Бақара» с. 28-а), екеуі – бір мағыналы сөздер. Бұдан түсінетініміз – дандайсымай Алланың ризашылығына жеткендер бір мәрте ғана өліп («Дұхан» с. 56-а), аспан есіктерінен оңай өтіп, Бейіште жасай береді. Оларға Алла риза болғандықтан, сын («Бақара» с. 155-а), қауіп-қатер жоқ («Бақара» с. 38-а). Ал, күнәкарлар Алланың алдына сынаққа қайта келеді. Демек, Қиямет сынағы үшін, қайта жер басады («Иасин» с. 68-а), деген сөз.

Бұған «Нәміл» сүресінің 83-аяты да қосылады. Онда: **«Ол күні әр үмметтен Аяттарымызды жалғанға шығарғандардан бір топ жинаймыз. Олар тостырылады*»**,-деген. **«...бір топ**

* «Тостырылады» сөзінің бір мағынасын Қияметке байланысты да айтқан едік. Жазасы бір мезгілде берілуі тиістілер түгелденгенше алдыңғысы кейінгілерін күтеді. Сонда олардың құрамы әр түрлі болады: ана қолындағы сәби, бала, ересек, жігіт, үлкен, қарт болады. Олар тағдырларындағы Қияметті бірге көреді.

жинаймыз...»,-дегендегі бір топ – аспан есігінен өте алмағандар. **«Олар тостырылады»**,-дегені – әрбір адам Бейіш үшін жаралған, ол соған баруы ләзім, бірақ, күнәлары себепті, ол тостырылады – жалғаншыда және сыналады («Мүминұн» с. 100-а) немесе құлшылық амалдарының нәтижесіне жараса Алланың үкімі келгенше тосады – тосуға тоқтатылады,-деген сөз. Қарғалып дозақтың төменіне тасталғандар, адам болуы үшін, адам болғанының Иманға келуі үшін, Иманға келгенінің Тақуалыққа жетуі үшін, аспан есіктерінен әріге жіберілмей, аспан мен жердің арасында тостырылады.

«Ағраф» сүресінің 94-96-аяттарымен айтсақ, бұлар жер бетіне сынаққа, өздеріне жазылған замандармен бірге келеді. Сол заман келгенше тостырылады. Бір тобы 94-аяттағыдай, тар, қиыншылықты заманда; бір тобы 95-аяттағыдай еркін, тоқшылықты, тіпті, артылтып жіберген дәуірде; бір тобы 96-аятта айтылғандай, көк пен жердің берекеті ашылған молшылықты заманда туылып, жасайды.

«Хаж» сүресінің 66-аятының мағынасы да: осы – сатылап Мұсылманшылыққа келу.

Бұл Аяттарды топшыласақ та қайта тірілу – қайта туылу екенін түсінеміз.

Адамдардың қанша көмекшілер шақырса да бір Аят жаза алмайтынының сыр да осында.

Үшінші дәлел

Үшінші дәлелімізді «Иасин» сүресінің 68-аятымен жалғастырайық. Алла: **«Әлде кімге өмір берсек, жаратылыста оны қайта бастырамыз. Олар түсінбей ме?»**»-дейді.

Алдыменен Аятты талдайық. Біріншіден, Аят: **«Алла Тағала көктер мен жерді әрі екі арасындағыларды Шындықпен белгілі бір мерзім үшін жаратты. Өздері жайында ойламай ма?...»**»-деген, «Рұм» сүресінің 8-аятын тастықтап, біздің қайта тірілу – қайта туылу, деген тұжырымымызды толықтырып тұр. 8-аяттағы: **«...Өздері жайында ойламай ма?»**»-дегені – **«Біз көктер мен жердің арасындағыларды белгілі мерзім үшін жараттық. Соның ішінде өздерінің Рухы мен Жаны да бар. Соны ойламай ма?»**»-деген сөз. Ал, 68-аяттағы: **«Әлде кімге өмір бер-**

сек, жаратылыста қайта бастырамыз...»,-дегені «Ағраф» (30-а), «Фатыр» (32-а) сүрелеріндегі «...Тура Жолға салынғандар» мен «...адасуға тиісті болғандар»; «...өзіне кесір тигізетіндер...» мен «...ортада...» болатындар. Бұларды «Ағраф» сүресінің 40-аятында аспан есігінен өте алмағандар (10) ретінде, «Бақара» (65; 89-а), «Мәида» (60-а), «Ағраф» (166; 179-а) «Хаж» (5-а), «Нахыл» (70-а) сүрелерінде қарғалғандар, дозақтықтар ретінде де таныстырады.

Тәпсіршілер өмірдің кезеңдерін баяндаған: «Рұм» сүресінің 54; «Ғафыр» сүресінің 67; «Иншиқак» сүресінің 19-аяттарын ескермей (11), бұл, 68-аятты қарттықпен байланыстырған. Олар Алланың бұл Аятты Шындықты түсіндіру үшін әкелгенін ескермеген. Аяттағы: **«жаратылыста қайта бастырамыз»** дегені, осы жер әлемі. «Хадид» сүресінің 13-аятында: **«...Арттарыңа қайтып Нұр іздендер»-делінеді**,-деген. Нұр, бұл – Құран, жер бетінде дұрыс өмір сүру («Бақара» с. 38-а) пәлсапасы, Бейішке алып баратын Тура Жол. Осындағы: **«Арттарыңа қайтып...»**,-дегендегі қайтатын арты – Құран түскен жер беті. Басқа қайда қайтып Нұр іздейді?

Аяттың екінші мағынасы, клиникалық өлімге түскендер мен үлкен апаттардан аман қалғандардың қайта жер басып тіршілікке араласуы. Мұның өзі Жан мен Рухтың өлмейтіні және «Хаж» сүресінің 47-аяты тұрғысынан ойласақ, қайта тірілу – қайта туылу түсінігін екінші қырынан ашады. Яғни, сендерді өлтіріп және қайта тірілту, Мен үшін клиникалық өлімдей-ақ, үлкен апаттан аман қалуларыңдай-ақ мәселе дегені.

Жанның өлімнен кейінгі өмірі ежелден-ақ, адам баласын қызықтырып келген. Мұны заманында гректің Аристотель, Демокрит сияқты ғалымдары да зерттеп, Оның өмірін жалғастыра беретінін айтқан. Шәкәрімнің «Үш анығында» кезінде Рух пен Жанды ерекше көңіл қойып терең зерттеген еуропалық ғалымдар да бірнеше мәрте туылып, әбден тазару туралы айтқан. Тазалық – Алла жақсы көретін амалдардан («Тәубе» с. 108-а).

Жуырда еуропалық ғалымдар Мұсылман Тақуаларына таныс және бір мұғжизаны жариялады. Ұлыбританиядағы, «Саунтгемптон университетінің ғалымдары ұзақ жылдар бойы жүргізілген зерттеу нәтижесінде, адамның тәні өлгенімен, Жаны өмір сүре беретінін анықтады»,-деп жазды, «Егемен Қазақстан» 18-тамыз

2016 жылғы санында. Ғалымдар клиникалық өліммен өлген екі мың адаммен сырласқан – сұхбаттасқан. Сонда олар маңайында дәрігерлердің жанұшырып әрекет жасап жатқанын, туыстарының күйзелісін көріп тұрғандарын әңгімелеген... Ғалымдар жүрек тоқтағасын мидың үш минуттан зият уақыт істеп тұратынына көз жеткеріп және дене өлгенмен Жан басқа әлемде өмір сүре береді деген қорытындыға келген. Бұл да Қияметтегі қайта тірілу – қайта туылу, екеніне нақты ғылыми дәлел.

«Бақара» сүресінің 55-аятында: **«Сол уақытта сендер: «Ей, Мұса! Алланы нақты көрмейінше, саған, әсте сенбейміз»,- дедіңдер. Сендерді бір ащы дауыс алды. Көріп тұрдыңдар»-** дейді. Осы көріп тұру – Рухтың Өз қарауындағы Жан шыққан денені және айналасындағыларды көріп тұруы.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) бір хадисінде, дүниеден қайтқан марқұм жаназаға келгендердің: «Аяқ киіміңнің дыбысына дейін есітеді», - деген.

Енді апаттардан, клиникалық өлімнен қабырға түспей тұрып, Құдай арашалап, қайта тіршілікке араласқандардан бірнешеуін баяндайық. 2015 жылдың 11-тамызы күні сәскеден-ақ, ауа құбылып, түске дейін бірнеше мәрте буырқанып, күркүреп, найзағайлатты. Түсте басылды. Бірақ, қабағын ашпады. Теміртау қаласында, Рахметжан Жүсіпов бригадирі А. И. Морозовпен 46,8 метр биіктікте жұмыс істеп жатқан. Ауа саябырсып тұрған. Кенет 17 сағат 08 минутта табан астынан долданып, ұйытқып боранда-тады да бұлар тұрған, көтергіш «кебежесін» шыркөбелек айналдырады. Қауіпсіздік сымарқандары үзіледі де екі қыршын зулап жерге түседі. Морозов тілге келмейді. Рахметжан бір секөттей жатып, орнынан тұрып отырған. Дін аман. Жедел жәрдеммен аурухана келгенде ғана сөзден қалып, өзін жоғалтыпты.

Рахметжан маған: «Есімде қалғаны, кенеттен найзаға ойнап, қатты жел тұрды. Біз тұрған биікте ештеңе көрінбей қалды. Есімді жан сақтау бөлімінде жидым. Бірінші болып Сізді таныдым. Сол кезде аяқ-қолымның амандығын сезіп, қуандым. Аллаға шүкірлік еттім. Дәрігерлер: «Көйлегіңмен туылдың», - деп, қайта-қайта айтып таңырқады», - дейді.

2007 жылы Қарабура бабамыздың асына келе жатқан, 80 жастағы Сейтмұрат Тілеубайұлын үлкен тас жолда, қатты жылдамдықпен келген жеңіл мәшін соғады. Қарт аспанға үш

метрдей көтеріліп, 5-6 метр әріге барып түседі. Қасында болған кісілер: «Жерге түскенде жансыз адамдай жатты, біз тіл бармас ойға кеттік. Үрейден қайтып, өзімізге келгенше, ол орнынан тұрып, үстің қаға бастады...», - дейді.

«Егемен Қазақстанның» 2016 жылғы 26-мамыр күнгі санында Жамбыл облысы Қордай ауданы тұрғынының бес жасар қызы су толы цистернаға қапыда құлап, «өледі». Тауып алғандар оны жақын маңдағы Отар әскери бөлімінің медициналық жасағына әкеледі. Дәрігерлер: «...Оның тері қабаты сұп-сұр, суық болды. Демалуы, жүрек қағысы болған жоқ. Көзінің қарашығы барынша кеңейіп кеткен...», - дейді. Міне, Өзінің кереметін көрсетуді («Фуссилат» с. 53-а) қалаған Алла, осы жағдайдағы қызға тауып алушыларды, сосын дәрігерлерді себепші етіп, оны қайта тірілтті.

Осы газетте (26-маусым) Гүлайым Шынтемірқызы жазған, «Жетінші қабаттан құлаған бала аман қалды», деген хабар жарияланды. Оқиға Ақтау қаласының 17 шағын ауданында болған. Ойын баласы, терезені ашып, төменге қарап қызықтап тұрып, ауып кетіп зымыраған. Бақытына тордың үстіне түскен... Шешенстанның Шатой деген жерінде 9 жасар бала 170 метр құздан құлап аман қалған («Егемен Қазақстан» 2016 ж. 12. 07.).

«Ислам және өркениет» газетінде 2010 жылғы 26-санында, перзентханада өлген шақалағын, бірнеше сағат бауырына басып отырған ана тірілтіп алып, дәрігерлерді есінен тандырғаны жазылған. «Егемен Қазақстан» газетінің 2016 жылғы 11-ақпан күнгі санында Дамир Қожамқұл дайындаған – «Өлі нәресте өртер алдында тіріліп кетті» деген, Алланың құдіретін танытқан хабар жарияланды.

Нәресте Қытайдың Чжэнцзян провинциясында 2016 жылдың 8-қаңтары күні жетіайлық мерзімде туылған. 23 күн бойы инкубатор арқылы тыныстап жатқан шақалақты, ата-анасы, дәрігерлерді тыңдамай, ұлттық жаңа жылын бірге күтіп алу мақсатымен үйлеріне әкетеді. Екі күн өткенде оның ахуалы нашарлап, ауруханаға жеткеріледі. 4-ақпан күні бала мәңгілікке көз жұмады. Денесі цельсий бойынша 12 градустық суық мәйітханаға қойылады. Арадан 23 сағат өтіп, денені өртеу камерасына салып жатқанда, бала жылап жібереді. Дәрігерлер сауықтыру шараларына шұғыл кірісіп, қайтадан тыныс алу аппаратына жатқызады.

Нәрестені өлді деген дәрігер Чен: «Мен шынында да не болғанын түсіне алар емеспін. Бұл бір ғажайып оқиға болды!»-деп жағасын ұстап қатты таң қалыпты.

Осындай тағдырды басынан кешкен кейіпкеріміздің бірі – Қарағанды облысының Приозерскі қаласында жасайтын, Тұрғанкүл Жұматайқызы. «Әке мен шешем маған дейін бірнеше перзент көрген, тұрмаған – өле берген. Мен туылғанда жақсы ырыммен атымды Тұрғанкүл қойған. Атам мен әжемнің бауырында өскенмін, ешкім бетімнен қақпаған. Ерке болғам. Осы еркелігіммен 12 жасымда, ешкімді тыңдамай асыр салып ойнап жүріп, ошақтың үстіндегі, қазан толы пісіп тұрған, ыссы сүтке түсіп кеткенмін. Мені күпәйкеге орап алған, терім түсіп, қызыл шақа болып қалғанмын. Дәрігерлер жүз пайыз күйген, жасамайды», -деп үйге қайтарған. Бір күндері «өлген» де шығармын, мені кебіндеп, жаназамды оқып, қабыр басына әкелген. Әкем жер қазып жатқан, атам бас жағымда Құран оқып отырған. Атамның екі көзі менде болған, бір шамада мен дем алыппын, бетіме жабылған ақ мата менің деміммен қозғалыпты. Содан тірі екенімді біліп үйге әкелген», -дейді, Алланың қалаған Құлына өмір беретініне сенімі мықтылығын әңгімелеп.

Және бір жас отбасы пеш құрған. Сыртын сыбамаған. Көмір жағып, сол пешке тамақ пісірген. Кешкі тамақтарын жеп, сол жылы бөлмеде отағасы, інісі, отанасы үшеуі жатқан. Түннің бір мезгілінде отанасы басы ауырып оянып, тұруға жағдайы келмей, есікке дейін бауырымен сылжып барып, есіктің ілгегін ағыта алмай, бас ауыруына шыдамай, саңылауынан таза ауа иіскеп жатады. Бұл аман қалады да, отағасы мен інісі өледі...

Мұндай дәлелдер көп. Бұларды Алланың қалаған Құлын Өзі апаттардан аман сақтайтынын, қаласа, өлген Құлын да Өзі қалаған заманда жер бастыратынын сипаттау үшін келтірдік. Өлтіру де, қайта тірілту де Аллаға оңай. Алла осылар арқылы Өзінің барлығын және құдіретінің күштілігін дәлелдейді.

Төртінші дәлел

Төртінші дәлелге алған Аяттарымыздың хабары, біз тіктегелі отырған Шындықты ширата түседі. «Ісра» сүресінің 80-аяты: **«Раббым! Мені (кіретін жеріме) Шындықпен кіргіз де, (шығар**

жерімнен) **Шындықпен шығар. Әрі маған Өз қасыңнан жеңіс көмек ет**», - дейді. Бұл қайда кіріп, қайдан шығу?

Тәпсіршілерден Фахритдин Рази Меккеге, бірінде, намазға Шындықпен кіргізіп, шығару депті. Мұны тек тарихаттық, ақиқаттық дәрежеге жеткен Тақуалар ғана түсіне алады. Олар Алладан Өзімен бірге болуды сұрағанда, басқа әлемге енеді.

Бір хадисте Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) намаз оқып тұрып, бір қадам алға ұмтылып, екі қадам кейін шегінетіні бар. Сахабалар мұның мәнісін сұрағанда Бейіштің жемістері түскенін, үмбеттері үшін, содан бір қысым алып қалу үшін ілгері ұмтылғанын; кейін шегінгені, дозақтағы әйелдерді көргенінен шошығаны екенін айтқан. Сол сияқты Алла қалаған Құлының сенімін бекітуі үшін сұрағанын беріп көмектесуі ғажап емес. Бірақ, ол үшін тазалық пен еңбек керек!

Қожахмет Яссауи бабамыз «Қырық хикметінде» миғражда Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Рухын көргенін, Оның Жәбрейілмен (ғ.с.) сұхбатына куә болғанын, Мұхаммед таныстырғаннан кейін барлық Рухтардың сәлем бергенін, ғаршының үстінде намаз оқығанын... жазған. Бұған күмәнданбаймыз. Себебі, жалғанның қоқырсығына назар аудармай, тіршілігін жасай жүріп Аллаға ессіз ғашық болған Құлына Алланың беретін сыйы көп. Бұған Пайғамбарымыз бен сахабалар өмірінен дәлелдер жеткілікті.

Ел ауызында Баһуадин Нақышбанди, Қанарбай Айбасұлы, Құлақан аталар әр аптада Жұма намазын Меккеге барып оқитыны айтылады. Бұған да біз риясыз сенеміз. Себебі, сүйікті Құлы, сенімді Елшісі Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Миғраж сапарына сенетін біз, бұған күмәнданбаймыз. Одан кейін де Алла Құлдарының бұл сапарға шүбәланбауы үшін, осындай тылсым әлемге өтуіне мүмкіндік береді. Ал, жаңағы аталарымыз – тарихат, ақиқат іліміне жеткендер. Бәлкім, осындай өтуден кері қайтпай: Ідіріс, Қыдыр, Илияс, Исалар (ғ.с.) сияқты, бақилыққа кету де мүмкін болар, сондықтан осы – Шындықпен кіріп, Шындықпен шығу тілегі тіленер.

Бір қарсыласымыз, Жанның кеудеден Шындықпен шығып, дененің қабырға Шындықпен кіруі және Қияметте қабырдан Шындықпен шығуы, деп естігенін әңгімелейді. Бұл – сенімсіз бос сөз. Сенімсіз болатыны, мұнда басты назарда дене тұр. Дене – топырақта қалатын зат. Әр қашан Алланың алдына баратын Рух.

Сондықтан Ол: «...**Әрі маған Өз қасыңнан жеңіс көмек ет**», - деп, шайтан мен нәпсіні жеңуіне көмек сұрап тұр. Алла Адам (ғ.с.) мен бірге шайтанды да жерге түсірді. Бейіш те, көктер де одан таза (12). Жер ғана оны сыйғызып тұр. Сонда нені жеңуге көмек сұрайды? Қарсыласымыз, таразының басында, деді. Таразыға тартылар шақ, күллі күрес аяқталғасын келеді және онда ешқандай тартыс болмайды. Ол Күні Алла рұхсат бергендерден басқа ешкім сөйлемейді (13).

Демек, жеңісті сұрауы осы жалғаншыда ғана. Себебі, жер бетіндегі мерзімі біткеннен соң, аспан есіктерінен өте алмай, жалғанға қайта келер болса, Мұсылман ананың жатырына түсіп, Мұсылман отбасында туылып, Мұсылман болып жасап («Әли Ғыман» с. 102-а), Кәлимамен өліп, бақилыққа Шындықпен көтеріліп, аспан есіктерінен аман-аман өтіп, Бейішке жетуге тілек. «Мәида» сүресінің 61-аятында: «...**Расында, олар қарсылықпен кіріп, қарсылықпен шыққан еді. Ол олардың жасырғандарын жақсы Біледі**», - дейді. Бұл – Кәлимасыз кіріп, Кәлимасыз шыққандардың хабары. Маймыл, хайуан, бұтқа табынушы – шайтанның досы болып қайта туылғандар. Солардың кейпін кейінгі толқын кимеуі үшін осы Аяттар түсірілді. Егер өлгеннен кейін біз, жер бетінде қайта тіріліп тірлік етпейтін болсақ, бұл Аяттар келмес еді. Алла Тағала бұл Аяттарды түсіру арқылы біздерге, сендер де солардай камсыз не күнәкар болмаңдар, деп отыр.

Аяттарды түйіндеп айтсақ, «Мәида» сүресінің 60-аятында, Алланың ашуына ұшырағандардың жағдайы (маймыл, доңыз, бұтқа табынушы) айтылған. 61-аятта, олардың бұл жазаға ұшырауының себебін жеткерген. Сонда, біздер көріп жүрген бұтқа табынушылар, маймылдар, доңыздар, бұдан бұрын осы жалғанда жасап, өліп, бүгін жазасымен қайта туылып – қайта тіріліп отырғандар. Онда біздің, Қияметтегі тірілу – қайта туылу, деген пікіріміз дұрыс.

Осы Аяттарды түсінуге көмектесетін «Фатыр» сүресінің 32-аятына үңілейік. Аятта: «...**Және олардан әлдекім өзіне кесір тигізеді, кейі ортада болады...**», - дейді. Кесір тигізетіндер кімдер? Олар – Құран өсиеттерін өзі оқып отырып, шайтанның айтқанын істейтіндер; оқымағаны оқығандардан есіте тұра нәпсісі үшін күнә жасайтындар және Құранды көріп тұрып

оқымайтындар – ақылын жұмсамайтындар («Жүніс» с. 100-а). Ал, ортадағылар: Құдайды ойлаған болып садақа беріп, сосын міндет етіп не басқалай күнә істеп, не екіжүзділігімен садақасын зая жіберетіндер;

-«Бақара» (42-а), «Ниса» (135-а), «Мәида» (8-а), «Әнғам» (152-а) сүрелері ескерткен Шындықты көріп тұрып жасыратын (14), туысы үшін не шенеунікті «сыйлап» немесе қорқып Шындықты айтпайтын, куәлікте өтірік сөйлейтін нанқорлар;

-лауазымдылардың беделін, ғалымдардың еңбегін, шеберлердің жетістігін қызғанатын («Бақара» с. 247; «Нахыл» с. 71; «Зұхрұф» с. 32-а) ішітарлар;

-елде арсыздық, бүліншілік жайылуын қалап («Нұр» с. 19-а) Президенттен бастап басшы біткеннің барлығы хақында өсек тарататын пасықтар;

-сосын есіткен өсегінің анығына жетпей (15) білгішсініп лапыратын пәмсіздер;

-құлшылығын адамдарға көрсету үшін ғана жасап, от пен судың ортасында – «Асым ауса, асыма; тасым ауса, тасыма»,- деп жүре беретін ойсыздар. Яғни, Ақыретін ойлап, Алладан Шындықпен кіріп, Шындықпен шығуды сұрамайтындар – жүректен сарқылып, Алланың ризашылығы үшін – елі үшін, адамзат игілігі үшін игі амалдар жасамайтындар.

Міне, осылар күнәлары үшін жазасын алуға, қайта жер басады – қайта туылады.

«Ағраф» сүресінің 30-аятын оқиық. Онда: «(Алла) **бір тобын Тура Жолға салды. Және бір тобы адасуға тиісті болды**», -деген. «Неге адасуға тиісті болды?»-дегенімізде, осы талдаған Аятымыз бен «Мәида» сүресінің 61-аяты ескерткен «Ісра» сүресінің 80-аяты есімізге түсіп, себебін түсіне қоямыз, яғни, адасуға тиісті болғандар «Фатыр» сүресінің 32-аятындағы өздеріне кесір тигізгендер мен ортадағылар.

Осы төрт Аяттан да біз қайта тірілу – қайта туылу екенін көріп отырмыз. Себебі, ортамызда «...өзіне кесір...» тигізгендер мен ортадағылар және «...адасуға тиісті» болғандар жүр. Алла ешкімге зұлымдық қылмайтыны жөніндегі Аяттарға сенсек, онда өмірін қаңғыбастықпен өткеріп жүрген замандастарымыздың да тиесілі жазасымен қайта жер бастырылғанына күмәнданбайық.

Бізде Құран Сөзін бекерге шығаруға өте құштар құдайсыздар

мен ғайридіндерден шыққан: «Өмір бір-ақ рет беріледі, жасап қалу керек», деген жалған пәлсапа бар. Осыны осы қалпында, бұл – Шындық, деп түсінген талай жастар өмірін бүлдіріп алды... Адам бір-ақ мәрте туылып, бір-ақ рет өлетін болса осы Аяттар және «Фурқан» сүресінің 14-аяты түсірілмес еді.

Біздердің әр қайта туылуымыз – Ақырет. Сондықтан екінші қайта туылғанда да Алланың Жолында болуымыз үшін Шындықпен кіріп, Шындықпен шығуды көп тілеуіміз ләзім. Бұл сөзімізге дәлелді «Нахыл» сүресінің 63-аятынан көреміз. Аятта: «Аллаға серт! (Мұхаммед с.ғ.с.) Расында, сенен бұрында үмбеттерге Елшілер жіберген едік. Сонда да шайтан оларға өз қылықтарын жақсы көрсетті. **Сондықтан бүгінде ол, олардың досы...**», -дейді. Және еске салайық, Құран бүгінгі жер басып жүрген күллі адамзатқа бола түсірілген. Сондықтан **«...бүгінде ол, олардың досы...**», -дегенді, басқа бір әлемде деп ойламай, өз ортамызға қарап түсінсек, Иншалла жаңылмаймыз.

Аятқа мән берейік: **«Расында сенен бұрында...»**, -дейді. Бұлар – VII ғасырдан әрідегі Пайғамбарлар. Ортада шайтанды ескертіп, сосын: **«...бүгінде ол олардың досы...»**, -деп, біздің көз алдымызда жүрген ғайридіндерді меңзеп отыр. Олар кезінде Алланың Тура Жолынан шайтанның жолын жақсы көріп жасап, Алланың жалғыздығын, Мұхаммед (с.ғ.с.) Оның Елшісі екендігін мойындамай өлгендер. Аспан есігі ашылмай, адасуға тиісті болып қайта туылған оларға бүгін де сол шайтан дос. Еркін билеп алған шайтанға еріп, әуелгі өміріндегі мойындамауымен әлі жүр.

«Әнғам» сүресінің 110-аяты да осы пікіріміздің дұрыстығын толықтырады. Онда: «Олардың көңілдерін, көздерін теріс айналдырамыз. **Алғаш рет сенбегендері сияқты, оларды сергелдендікте қоямыз. Олар қаңғырып жүреді**», -дейді. Осындағы **«...Алғаш рет сенбегендері сияқты... қаңғырып жүреді**», -деген сөйлемдер бір мүшріктің бұрынғы өмірінен және бүгінгі тірлігінен дерек береді. Ол сенбегендігі себепті «Мәида» сүресінің 60-аятында ескертілгендей қарғалды. Онда не жанұя жоқ, я дәйектеп бір жұмыста істей алмайды – әр жерде қаңғырып жүреді. «Фуссилат» сүресінің 53-аятында айтқандай, мұндайларды біз өмірде көріп жүрміз.

Бұл – осы күнгі орта жолды ұстаушыларға ескерту. Егер олар: «дінде орта жолда болу керек» («Фатыр» с. 32-а), деп өздеріне

зиян қылып жүре берсе, келешекте оларға аспан есіктері ашылмай, «адасуға тиісті болғандар» («Ағраф» с. 30-а) тобында қайта туылады.

80-аят пен «Әли Ғымран» сүресінің: «Әй, Момындар! Алладан шынайы қорқумен қорқындар да **Мұсылман болған күйде өліңдер**», -деген, 102-аятын егіз деп ұққанымыз мақұл шығар. Шындықпен кіргізіп, Шындықпен шығару – Мұсылман болып туылып, Мұсылман болып жасап, Мұсылман қалыпта Иманмен өлу деген сөз. Бұл – Ібраһим Халиулланың (ғ.с.) ұлдарына, Жақыптың (ғ.с.) ұрпағына қалдырған өсиеті («Бақара» с. 132-136-а).

Бесінші дәлел

Бесінші дәлел – «Хаж» сүресінің 47-аяты. Онда: «**(Мұхаммед с. ғ. с.) олар сенен азаптың тез келуін тілейді. Алла уәдесінен әсте айнымайды. Негізінде Алланың қасындағы бір күн, сендер санайтын мың жылмен тең**», -дейді. Аяттың мағынасы өте ашық – өте түсінікті. Яғни: «Асықпасын, сендер санайтын мың жыл Алланың қасындағы бір күн. Мың жылдың ішіндегі сол бір күнде **«...тез келуін...»** тілеген азабы беріледі», -деген сөз.

Аятты талдайық. **«...азаптың тез келуін тілейді**», -деп, ізінен Өзінің уәдесіне беріктігіне сендірген. Демек: «Алланың азабы қатты», -дейді, жіберсін азабын. Менің күшім бәріне жетеді; байлығым бар, жетпесе, ағайындарым жиналып көмектеседі», -деп, азапты күтіп, Аяттарға қарсы амал істейтіндер күткен азап келеді. Ол қашан келеді? Оның мерзімін Алла біледі, ол, біз санайтын **мың жылдың** біз күтпеген **бір күнінде** келеді. Адам өліп те, қашып та Алладан құтыла алмайды. Пенденің асығып тілеген жамандығы – сол пенденің осы дүниесінде, не қабырда, не болмаса, сол пенденің жалған дүниеге Нұр іздеп («Хадид» с. 13-а) қайта келуінде алдынан шығады. Алланың асықпасын, деп отырғаны осы, әлбетте.

Адам неге өзіне азап тілейді? Азап тілеу деген не? Дұрыс адам өзіне азап тілей ме?

Жоқ, әрине! Аяттағы азап тілеу деген сөз – Алланың Аяттарын мойындамау деген сөз. Адамзат Алла жазған тағдырға шүкір ете алмағанынан, сабырсыздығынан пендешілік етеді.

Уәдесінен айнымайтын Алла («Бақара» с. 80-а), санап отырған күні («Мәриям» с. 84-а) толған заманда оның тілеген азабын, яғни Аяттарға қарсы амалының жазасын береді.

Ендігі айтпағымызды техника ғылымының докторы, профессор, дінтанушы Мұрат қажы Мыңбаевтың тәубесінен бастайық. Ол: «Санкт-Петербург аспирантурасында, ғылым жолында ізденіп жүрген кезім. Нобель сыйлығының иегері Эйнштейннің 15-20 жыл сарыла зерттеген жұмысының Құранның бір-ақ Аятында айтылып кеткені, УІ ғасырда Құранда әйгіленген Шындықты ХХ ғасырда жаңалық ашқандай жар салғанымыз, менің дінтанушылыққа біражола бет бұруыма түрткі болды. Ғалым (Эйнштейн) күн сәулесінің жылдамдығы секундына 300 000 км, жалпы уақыт пен кеңістік абсолютті емес екенін дәлелдеді. Ал, Алла Тағала Хаж сүресінің 47-аятында: «Алланың қасындағы бір күн, сендердің жердегі уақыт есептерің бойынша, мың жылға пара-пар» екенін айтады. Сонда қашықтық есеппен 24 сағаттық бір тәулігіміз, мың жылға тең болса, 100 жыл жасаған қария (*Алланың алдында*) 2,4-ақ сағат өмір сүрген боп шығады.

... Денеміз – сыртқы киіміміздің бір түрі. Уақыты жеткенде шешіп... тастап, әрі қарай өмір сүре береміз. Сонда біз жердегі 2-ақ сағаттық өмірге не үшін келдік? Иманын күшейтіп, Құран іліміне жүгінбей, бұл сұраққа лайықты жауап беретіндей тірлік ету пендеге оңай емес...» («Жалын» журналы 2004 жыл, 2-сан. 70-бет),-деген. Тым аз өмір.

Аятқа («Хаж» с. 47-а) тереңірек үңілейік. Профессор ағамыз айтпақшы, 2,4 сағат-ақ өмір сүретін болсақ, онда біздің 80 жылдық өміріміз, тіпті, әр күнгі бес мезгілдік намазымыз, бір айлық орамамыз қайда қалады? Демек, бәріміз білетіндей, біз өлмейміз. Тек ет пен сүйектен жаралған денемізден шығамыз да көкке көтерілеміз...

Қияметте жауапқа тартылатын, денеміз бен Жанымыз емес, Рухымыз. Өлген адамның барлығы Бейішке бара бермейтіні белгілі.

Ендігі қызық сұрақ, жерде 80 жыл жасасақ, жер бетінде біз санайтын мың жылдың 920 жылы қайда өтеді? Көкте ме? Олай болса, біз ол жақта Рух пен Жан күйінде жасаймыз. Тамақ жемейміз – нәпсі болмайды. Нәпсі болмағасын құлшылықтан басқаға көңіл бөлінбейді, күнә жасалмайды. Сонда Рухымыздың 920 жыл бойы жасаған құлшылығы, зікірі жердегі 80 жылда жүз

берген күнәларымызды «Фурқан» сүресінің 70-аятының үкімі бойынша жойып жіберілуі тиіс. Бірақ, ол көктегі зікір, құлшылық. Ол арқылы күнә кешірілер болса, Адам ата мен Науа ананы неге жерге түсірді, «Әли Ғыман» сүресінің 102; «Мәйда» сүресінің 60-61; «Ісра» сүресінің 80; «Фатыр» сүресінің 32-аяттары, тіпті, Елші мен Құран келмес еді. Бұлардың келуінің өзі сол күнәкар пенделерді тазарту үшін. Демек, өлген адамның Жаны, Рухы қайта жер басады.

Мұны түсіндірушілердің бірі, Алланың Қиямет күні бір күн берген азабы, мың жылдық азапқа тең, дейді. Алла Өзінің азабының қатты екенін бірнеше Аят арқылы ескерткен. Сонда азабы не азары, не қиындығы мың жылға тең бір күндік азапқа пенде қалай шыдайды? Төзе алмайды – күл-күлі шығады. Қияметтен кейін де тіршілік бар емес пе? Сонда ол, ол тіршілікті қалай жалғайды? Демек, бұл түсіндіру де қате.

Және біреулер, Алла қаласа, тілектің бір күнде қабылданыны, деді. Бұл біздің пікірімізді тастықтайды. Ашығын айтқанда, тілектің өліп және қайта туылып жасай беретін мың жылдың бір күнінде: не көкте, не жатырда, не жер бетінде – Алла қалаған бір күнде қабыл болатыны. Олай болса, қайта тірілу – қайта туылу деген тоқтамымыз дұрыс.

Бұған келіспесек, «Әнғам» сүресінің 3-аятында: **«Көктердегі және жердегі Ол Алла**, ашықты да, жасырынды да біледі», - деген. Осындағы: **«...және жердегі Ол Алла...»**-дегеннен Алланың қасымызда екенін түсінеміз. Онда неге тілек қабылдану үшін мың жыл күтуіміз керек?

Мың жыл күту үшін, осы жалғаншыда мың жыл өмір сүру керек емес пе? Біздер Пайғамбарлардан: Адам (ғ.с.) 912 жыл, Ідіріс (ғ.с.) 450 жыл, Жүніс (ғ.с.) 750 жыл, Нұхтың (ғ.с.) 950 жыл, жалпы Иса (ғ.с.) мен Мұхаммедтен (с.ғ.с) басқа Пайғамбарлардың жүз жылдан зият жасағанын білеміз. Бірақ, біздің жыл санауымыздан бергі жерде мұндай ұзақ өмір сүрген пенде некен-саяқ. ХУІ ғасырда Лондондағы шіркеудің молдасын өлтірген бұзықтың, өзінің не қартаймай, не өле алмай, 1812 жылғы соғысқа өлу үшін қатысып, оқ тигенмен де аман қалғанын, өзін өзі маңдайынан атқанмен де, Бонапарт өлдіге санап, өлгендермен бірге көміп кеткенде де, көмгенді ашқан, қорқау қасқырлар шетке сүйреп, бірақ тимегенін, өлім іздеп АҚШ-қа барып, онда да Алла өлтірмей, ақыр баяғы өзі қиратқан шіркеуді қайта тіктегесін, қартайғанын...

сол адам ғана 400 жыл жасағанын «Дала мен қаладан», 2005 жылы 25-қарашада оқыдық. Басқа мұндай ұзақ жасаған адамды білмейміз. Ал, мына Аятта Алла «**...сендер санайтын...**», деп, жердегі бізге тиесілі мың жылды ескертіп отыр. Статистикалық дерек бойынша, біз орташа 70-80-ақ жыл жасаймыз. Онда мың жылды біз айтқаннан басқаша қалай түсінеміз?

Қорытып айтқанда, біз дәлелге ұсынып отырған, бұл Аят та біздің, Қияметтегі тірілу – жердің бетінде қайта туылу, деген пікірімізді қостайды.

Дәлелге тартып отырған 47-аятқа мына бір дәйекті айтсақ, жақсы түсінікті болар. Алла Тағала бірнеше Аяттарында қаһарының тез екенін ескерткен. Бірақ, біз оның көпшілігін көре бермейміз. Мәселен, көршіміз қазақ және Мұсылманның ұрпағы бола тұра, «Бақара» сүресінің 42-аятын сыйламай көргені мен есіткенін бұзып айтатын; 43-аятына көз жұмып, намаз оқымайтын; 120-аятына қарсы барып, ғайридіндердің үлгісімен жүріп-тұратын; 168-аятын ескермей, шайтанның достарымен дос болатын. «Рұм» сүресінің 22-аятын менсінбей, орысша сөйлейтін. Ол 90 жасында өлді. «Фатиха» сүресінің 7-аятындағы: «**...қаһарына ұшырағандар мен адасқандардың жолына салма...**», -деген, тілекті тілеудің орнына, сол адасқандардың жолымен жүріп өтті. Бірақ, біздің көзімізше ешқандай жаза алған жоқ.

Осыған қарап біз: «Алла: «**...Раббың – тез Жазалаушы...**» («Ағраф» с. 167-а), «**Уәдесіне берік...**» («Хаж» с. 47-а)-деген. Бұл адам жоғарыдағы Аяттарға қарсы өмір сүргенмен ешбір жаза көрмеді ғой!»-деп және ескі түсінігіміз бойынша: «Ана дүниеде жазасын алады», -деп өзімізді жұбатамыз. Бірақ, оны көзімізбен көріп отырмағасын: «Сол жаққа кім барып, көріп келген дейсің? Құранды түсінбеген дүмше молдалардың көп өтірігінің бірі-да!»-деп күмәнданамыз. Құранның сөзіне жүрдім-бардым қараудың себептері де осыдан. Қиямет пен Ақырет хақында ойланбайтынымыз да осыдан. Енді осыған мыңжылдықтар тұрғысынан зер салсақ, өмір жолындағы түрлі тағдырлардың сырынан, қарғалғандар мен адасқандардың тілінде сөйлеп, үлгісін ұстанып, сәнімен сәнденіп жасап кеткен пенделердің жайын түсінеміз. Тағдырлылардың көңіліне тимейік. Бірақ, бұл сырды түсінгісі келгендер замандастарын анатомиялық, физиологиялық, психикалық жақтан жақсылап зерттесін («Қаф» с. 4-а).

Осы дәлелдеріміздің себебімен біз, неге Алла барлық Құлдарын бір үмбет етпегеніне де, неге дозақ үшін де адамдар мен жындар жаратқанына (16) да жауаптар табамыз. Яғни, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болып туылмағандар, кезінде Құранды есітіп біле тұра, есітпеген болып қасарысқандар және қазіргі қасарысушылар («Хаж» с. 38-а).

Уәдесінен айнымайтын Алла бұл дүниеде Өз Сөзінің («Фуссилат» с. 53-а) дәлелін көрсеткен. Мәселен, қазақта: «Жын да бейімін ұрады», - деген даналық бар. Сол айтпақшы, жынды ауруымен ауыратындар бұрын мектеп көрмегені мен тәрбиесінің нашарлығынан надандықта жасап, сол аурумен ауырса, бүгінгілер: сән көріп, тізесі жыртық шалбар киіп жүргендер мен арақ ішіп, есірткі шегіп өзін-өзі қолдан жынды қылатындар. Осы ниетіне сай олар келешекте жынды болады. Әйтпесе, Рахымды Алла жаратқандарының арасындағы Ардақты жаратқан Құлына зұлымдық жасамайды. Ниет-тілегін ғана береді.

Тағдырмен туылғандарды айтқанымызда қарсыласымыз: «Бұл Алланың сынағы», - деді. Бұдан бізде: «Бұл жалғанға келгеннің бәрі емтихан тапсырады. Өзінің және Құлдарының дұшпаны – шайтанға мұрса берген, жаратқандарына Рахымды Алла, жалғанға «бірінші» рет аяқ басып, сынаққа келіп тұрған пендеге неге мұрса бермей отыр?» - деген сұрақ туындады.

Мұның жауабын мына Аяттардан таптық. «Нахыл» және «Мүминүн» сүресінің 78-аяттарында: «Ол сендер үшін: **есіту, көру, ойлау қабылетін жаратты...**», - десе, «Инсан» сүресінің 2-аятында: «**...Оны сынаймыз. Сондықтан есітетін, көретін қылдық**», - деген. Демек, Алланың есіту, көру қабылеттерін сыйлауы – осы жалғаншы дүниенің сынағынан жақсы өту үшін берген мүмкіндігі. Ал, біреулерге неге бермеген?

«Тарық» сүресінің 9-аяты да біздің пікірімізді қостайды. Онда: «**Сол Күні сырлар ашылады**», деп көп мағыналы ой тастаған. Біздіңше, сол көп мағыналы ойлардың бірі – кемістікпен туылу және өмір сүріп жүріп, тағдырға жетіп («Мәриям» с. 84-а) жазалану. Бұл – сырлардың ашылуы. Ол қандай сыр? Біріншісінікі, алғашқы жасаған өмірінде арттырған күнәсі үшін, аспан есіктерінен өте алмай, әлде қандай жағдаймен туылуы; екіншісінікі, өмір сүріп жүріп, Алла салған тиымдарды аттап шекке жетуден осы жалғанда-ақ алған жаза («Хаж» с. 55; «Ах-

зап» с. 57-а). Яғни, бұл екі жағдайдағы адамды көргендер оның, әлде қандай күнәсімен Алланың тезіне түскенін түсінеді.

Медицина ғылымы өздері сырын аша алмаған дүниенің барлығын экологияға жаба салады. Егер барлық аурулар (ауырған адамдар) Семей ядролық сынақ алаңы атырабында қоныстанғандардың отбасында болса, бұлармен келісер ек. Бұл басқаша. Айталық, бес қабатты, төрт кіреберісті үйде алпыс жанұя жасайды. Солардың барлығы бір аурумен ауырмайды ғой. Мәселен, 2015 жылы Ақмола облысының Калачи ауылында ұйқы басу індеті жайылды. Бірнеше адамнан біреуі ғана емес бірнешеуі, тіпті, жарты ауыл ұйқыдан бас көтере алмады. Егер ауру экологиядан болса, осылар сияқты жаппай жапасын көрер еді. Бұл, Алланың қайсы ауру экологиядан, қайсысы тағдырдан екенін білдіруі, әрине. Алланың «Әли Ғымран» сүресінің 154-аятындағы: **«..өлтірілу жазылғандар өлтірілетін жерлерінде болады...»**,-деген хабары тек соғыста ғана емес, осындай да мәні бар хабар.

Медицина Алланың құдіретін жасырады. Бұл – олардағы үлкен кемшілік. Әйтпесе, медицина деген ғылымға халық емшілігі өзінің Алладан келіп тұрған құдірет екенін талай мәрте дәлелдеді. Яғни, медицинаға Алланың қалаған Құлдарының бойына берген халық емшілігімен санасатын уақытының келгеніне ғасырдан асып барады. Егер олар іргетасын Әбу Әли ибн Синадан алған медицинаны Құранмен байланыстырса, алдымен, өздеріне көп сауаптар жинар еді, екіншіден, ауру атаулының тұқымын қиып, талай өмірдің көңілді өтуіне себепші болар еді.

Енді «Мәриям» сүресінің 84-аятын оқиық. Онда: **«Олар үшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз»**,-деген. Осындағы «олар», әлбетте, Аяттарға қарсылар – шайтанның достары. Ал, саналатын күндер – туылу мен өлудің арасы болумен бірге, мыңжылдықтың ішіндегі жаза берілетін белгілі бір күндер, әрине. Өмір жасымыздың және алар сыйымыз бен тартар тақсыретіміздің қай түрлі болатыны да осы санаулы күндеріміз толғанда анық болады. Сондықтан халық: **«Күні толған күнінде, демі біткен демінде»**,-дейді. Ал, үздіксіз мың жыл жасасақ, әууелден келе жатқан күнәларымыздан тазара алмай жүргенде, күнәлардың үстіне күнәлар жамап тазармастай бүлінетініміз Шындық. Екіншіден, әр қайсысы мың жылдан өмір сүретін, ын-

сапсыз адамзатты жер көтере алмас. Сондықтан өлшеулі ғана өмір беріп, бірнеше мәрте өлтіріп-тірілтіп сынап, Бейішке аса лайықты Тақуаларымызды іріктеп алады, әрине..

«Бақара» сүресінің 141-аятында: **«Олар өтіп кеткен бір үмбет. Олардың еңбектері оларға, сендердің еңбектерің сендерге тән. Олардың істеген істерінен сендер сұралмайсыңдар»**,- десе, бұл – біреу үшін біреу жауап бермейді, әркім өзінің күнәсін өзі көтереді, деген сөз. Егер әрқайсымыздың тағдырымыздың әр басқалығы тұрғысынан қарасақ, осы Аяттардың Өзі-ақ, қайта тірілу – қайта туылу екенін меңзеп тұр...

«Әли Ғымран» сүресінің 137-аяты да дәлелге алған Аятымыздың растаушысы. Онда: **«Сендерден бұрын түрлі оқиғалар өткен. Жер жүзін кезіңдер де, Аяттарымызды жалғанға шығарушылардың соңының не болғанын көріңдер»**,-дейді. Бұл Аят ескі тәпсірлерде Алланың қаһары түсіп жойылған ел орны мен олардан қалған белгілерді ғана айтумен шектелген. Рас бұл да Аяттың бір дәлелі, екіншісі, әлбетте, Аллаға қасарысып қарсы келгендердің түрлі тағдырмен жер басып жүргендігі. Бірсыпырасын айттық. Және біреулер адасқандар мен қаһарға ұшырағандар болып туылып, ортамызда жүр, келесі біреулері соғыстан көз аша алмай келе жатса, біреулері ормандарда, сусыз құлазыған шөлдерде үйсіз-күйсіз жасап жатыр. Арасындағы біреулері айықпас дерттермен азаптануда...

Мына бір сөзімізді және қайталайық. Бұл дүниені сынақ дүниесі деп атайды. Неге? Себебі, әуелде Адам ата мен Хауа анамыз Бейіште күнә қылып, оны білгеннен Алладан кешірім сұраған болатын. Алла сол кешірім сұраған сөздерінде тұрар-тұрмасын сынамақ үшін, жерге сынаққа жіберген еді. Содан бері күнәкарлардың барлығы осында сынаққа келеді. Егер адам қайта туылмай, бір рет қана туылып, бір рет қана өлетін болса, «Мүминұн» сүресінің 78-аяты хабарлағандай, кемшіліксіз, жан-жақты жетілген үлкен қабілетпен туылар еді.

Бұл бір күн мен мың жылдың басқа да түсініктері бар шығар. Алайда, олардан да өте зәрлісі – қашан болмасын, қалай болмасын Тақуалардың сыйлықтанып, күнәлілердің жазаланатынын; ешбір амалдың Алланың назарынан тыс қалмайтынын, ескерусіз болмайтынын жүректен түсініп, адал амалдар жасау; Алланың ризашылығына жету.

Алтыншы дәлел

Алтыншы дәлелді «Әли Ғымран» сүресінің 11-аятынан көреміз. Аятта: **«Әдеттері перғауынның сыбайластарынікі және олардан бұрынғылардыкі тәрізді. Олар Аяттарымызды өтірікке шығарған...»**,-дейді. Аяттың мағынасы: Құран түскен ғасыр адамдарының әдеттері, өздерінен кім неше ғасыр бұрын өткен Мұсаның (ғ.с.) қарсыласы – перғауынның сыбайластарынікі және одан бұрынғылардікі тәрізді, екенін сынап отыр. Мұның өзі-ақ, солардың сол надан мінезімен қайта туылғанын ұқтырады. Әйтпесе, УІІ ғасыр адамдарының санасы, б. ж. с. көп бұрын өткен Мұсаның (ғ.с.) замандастарынікінен ілгері болуы керек қой!

Біздердің ортамызда жүрген мұнафиқтар, құдайсыздар, ғайридіндер, кәпірлер ше?

Біз «Құран – Ұлы Алланың әууелден Ақырға дейінгіні хабарлаған...», деген тақырыбымызда – «Ібраһим» (9-а), «Нұх» (7-а) сүрелерінде суреттелген мүшріктерді айттық. Дәл сондай мінезділер қазір де ортамызда жүр. Құлағына саусағын тығатыны мен бастарына киімін бүркейтінін, олардың бала кезінде көреміз. Үлкейгесін, әрбір жөн кеңеске, тура іске болысудың орнына қыршаңқыланып, неше түрлі сұрақтар беріп, қарсы шығып, кейбірі ішінен: «Осы жөн кеңесті мен неге айтпадым? Бұл ойлап, айтып тұр!»-деп, «Маған ақыл айтатындай, бұл кім еді?!»-деген сияқты («Бақара» с. 247-а. 2-сөйлем) сұрқия лағындық қызғанышпен кегежіктейді. Яғни, мінездері, қылықтары Мұсаның (ғ.с.), одан бұрынғы Пайғамбарлардың (ғ.с.) қауымының және сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) заманындағы мүшріктердің мінезіне ұқсайды.

«Таһа» сүресінің 51-аятында: **«...сонда бұрынғы дәуірдегілердің жағдайы қандай?»** деп, перғауынның сұрағаны, ал, келесі Аятта: **«Олардың мәліметі Раббыңның қасындағы Кітапта бар. Раббым жаңылмайды да ұмытпайды»**, деген, Мұсаның (ғ.с.) жауабы жазылған. Мұса (ғ.с.) біздерден нешеме ғасырлар бұрын өтті. Содан беріде перғауын сұраған **«...бұрынғы дәуірдегілердің...»** жақсысына сыйлық, жаманына жаза берілмей қала бере ме? «Әнғам» сүресіндегі: **«Тіпті, олар келген Шындықты жалғанға шығарды. ...жақында тәлкек**

кылғандарға хабары келеді» (5-а), дегендегі «жақында» сөзіне және «Нахыл», «Нәміл» сүрелеріндегі Қияметтің тездігі, «Рұм» сүресінің 8-аятындағы көктер мен жердегілердің және екі арасындағылардың уақытынша жаратылғаны хақындағы Аяттарға мән берсек, олар ескерусіз қалмайды. «Әнғам» сүресінің 133-аятын оқиық: «Раббың Бай әрі мәрхамат Иесі. **Қаласа сендерді кетіреді де, сендерді басқа қауымның ұрпағынан жаратқанындай, сендерден кейін қалағанын орындарына келтіреді**», -дейді. Бұдан біз, Алланың бұрынғы өткен қарсылардан біздің ортамызға, біз арқылы тәрбиелеу үшін («Бақара» с. 251-а), бірін-бірі тосқан («Нәміл» с. 83-а) бір тобын келтіргенін түсінеміз. Яғни, олар қайта туылып отыр.

«Бақара» сүресінің 118-аятында: «Сондай-ақ, білмегендер: «Алла бізге ауызекі айтса немесе бір белгі келтірсе еді»-деді. **Бұлардан бұрынғылар да бұлардың айтқаны тәрізді айтқан болатын. Олардың жүректері ұқсас.** Расында, **нақ иланатын елге, Аяттарды ашық баян еттік**», -дейді. Осындағы жүректердің ұқсастығын айтуы, бұрынғы қауымдардың, перғауынның және кейінгі мүшріктердің біздің заманымызда қайта туылғанына бір ишара. Расында, Аяттармен бірме бір салыстырып, зереттесек, біздің замандастарымыздың бойында Нұхтың (ғ.с.), Салихтың (ғ.с.), Һұд (ғ.с.) пен Лұттың (ғ.с.), Шұғайып (ғ.с.) пен Мұсалардың (ғ.с.) қауымдарының қылығы, мінезі бар. Мұның өзі Қияметтегі тірілу – қайта туылу екеніне сілтеме жасайды. Қайталап айтайық, бұл жаман қылықтар Адам (ғ.с.) мен Һауа (р.а.) анамыздың Бейіште, лағынеттелген шайтанға алданып, бүлінген жерінен қалмай келе жатыр. Сондықтан Құран мәңгілік. Алланың пендені мың жылдар денінде тазару үшін, жерге бірнеше мәрте жіберуінің мәнісі де сол.

Осы рәуішті, «Һұд» сүресінің 116-аятынан да біздің пікірімізді тастықтайтын Шындықты көреміз. Аятта: «**Сендерден бұрынғы ғасырлардағы ақыл иелері жер жүзін бұзықтықтан тыйса еді? Бірақ, олардан азын ғана құтқардық.** Зұлымдық істегендер, берілген жоғары тұрмыстың соңына түсіп, күнәкар болды», -деген. Мұның мағынасын – ақыл иелерінің бұзықтарды тыя алмауын, Алла «Бақара» сүресінің 253-аятында: «**...Егер Алла қаласа, олар бірін-бірі өлтірмес еді. Бірақ, бәрін Білуші Алла Өзінің қалағанын істейді**», -деп, түсінеміз. Бізді

костайтын нақты дәйек, сол замандағы «...**жоғары тұрмыстың соңына...**» түсіп, Құдайды ескермей, нәпсісінің ғана айтқанымен жүріп, бәлеге ұшырағандардың, ХХІ ғасырда біздің де ортамызда жүргені. Бұлардың қайбірінен БАҚ-тар арқылы хабардармыз, қайсы бір қылмыскерлерді өзіміз жақсы білеміз.

Жетінші дәлел

Жетінші дәлел – «Фурқан» сүресінің: **«Бүгін бір ғана жоқ болуды тілемендер, көптеген жоқ болуды тілендер»**,-деген, 14-аяты. Мұндағы **«...көптеген жоқ болуды тілендер»**,-дегені: «Сен бұл қылмысың үшін алатын жазаннан қорқып: «Көкке ұшып не жер тартып, жоқ болып кетсем!»-деп отырсың. Онымен құтылмайсың. Сен жер бетінде, Біз қалап жазған тағдырға сабыр ете алмадың. Сол үшін, Біз сені осы тағдырыңмен – сабыр ете алмаған – көнбеген тағдырыңмен қайта туылдырамыз. Сен осы қателіктеріңді және қайталайсың. «Мәида» сүресінің 105-аятында, «Тағабұн» сүресінің 11-аятында ескерткеніміздей, өзіңді түзеп, «Іншиқак» сүресінің 6-аятында айтқанымыздай, Маған ынтығып, Имандылық Жолына түсіп, Тақуалыққа жеткеніңше қайта туылдыра береміз. «Ісра» сүресінің 8-аятында құлақтандырғанымдай, сен Имансыздықты қайталай берсең, Бізде қайта жазалай береміз. Тақуалыққа жеткеніңше көктер мен жердің арасында, тірілтіп, өлтіріп күте тұрамыз. Соңғы сапар туылдырғанымыздан кейін де өзіңді түземесең, «Мәида» сүресінде (60-а) айтылған жағдайға – мәңгі қалатын дозаққа лақтырамыз. Түбі өзіңді түзеуге ниетің жоқ па? Онда Алладан бір ғана жоқ болуды емес, көп жоқ болуды сұра. Себебі, сен қашан сыңғырлаған құмырадай («Рахман» с. 14-а) таза болғаныңша, Алла сені жалғанға, сол тағдырыңмен, сол күнәнмен қайтара береді. Бейішке, Біз жазған тағдырға шыдамайтын нәмәрт пен күнә арқалаған пасық, сасықтар керек емес»,-дегені.

Бір ақылсыздар, өміріндегі сәтсіздіктерден құтылу үшін, Алланың Жолына түспей, өз-өзіне қол салады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) өзіне қол салғандардың, пайдаланған құралы, Қияметте мойнында асылып тұрады, деген мағынадағы хадисі де, біздің пікірімізді костайды. Сондай-ақ, Құранға қарсы жүргендерді, Алланың айтқанын қылмағандары

үшін, Алла шартты түрде жазалайды. Себебі, Бейіш үшін жаралған адам, Бейішке лайықты болып жасап өлмесе, Өзі Пәк Алла оны қабылдай алмайды – тепе теңдік бұзылады («Фатыр» с. 41-а).

Өзімізден мысал алайық. Егер баламыз ақыл-кеңесімізді тыңдап, айтқанымызбен жүріп, көңілімізден шықса, тілегін тілейміз – тілегінде отырамыз. Төрге қасымызға отырғызамыз. Әлденеге талаптанса, сенімді болғандығы үшін, ақ батамызды береміз. Ал, керісінше жүрсе, жаман көреміз. Сонда да сабыр етіп, түзелерінен үміттенеміз. Ол әдепсіздігін істей береді. Ескерткенмен өзінікін ғана жөн, дейді. Бір күндері ашуымыз келгенде қатты налимиз не өз әлімізше жазалаймыз. Себебі, ол әкеміздің атына, тегімізге, руымызға, ұлтымызға насақ келтіріп, абройымызды төгіп, жұрт алдындағы беделімізді төмендетті. Сол үшін оны түзелгенше қатал ұстаймыз, өзін түземесе, таяқтан құтқармаймыз – әр қылмысы үстінде жазалаймыз. Ал, үкімет болса, бірнеше рет соттап, қамайды. Қайталана берсе, бір өмірлік жазамен қалдырады. Көп жоқ болуды айтып отырған бұл Аяттың мағынасы да осылай.

Алла Ислам дінін басқа діндерден басымдықпен жіберді. Енді кім Исламның абройына нұқсан келтіретін болса, Алла одан өш алады – жазалайды («Әли Ғымран» с. 4-а). Яғни, қашан барлық күнәсінан тазарғанша, азапты тағдырмен жерге қайтара береді.

Өзінің Сөзін тыңдамай, әуелдегі жаратылыста шарттасқан («Ағраф» 16-17-а) шайтанның құйрығына жабысқан, уәдесінде тұрмаған («Ағраф» с. 172; «Ісра» с. 34-а) нәмәрттің кешірім мерзімі жеткенде жазасын береді. Бірақ, біздікінен басқаша, біз осы дүниеде ғана жазалай аламыз. Алла мәңгілік болғандықтан Оның құзыреті біздікінен миллиардтаған, тіпті сансыз есе көп. Ол қашан, қай заманда, қандай жағдайда жаза бұйыратынын Өзі ғана біледі. Алайда, оған дейін мыңжылдықтарда бірнеше мәрте жер бастырады.

Сегізінші дәлел

Сегізінші дәлелге «Ағраф» сүресінің 40-аятын алдық. Бұл Аятты осыған дейінгі тақырыптарымызда және 5-дәлелімізде

таратып айттық. Сондықтан қысқа ғана қосымша жасайық. Аятта: **«Күдіксіз, Аяттарымызды жалғанға айналдырып, Одан өздерін жоғары көргендерге көктің есіктері ашылмайды. Және олар түйе иненің көзінен өткенге дейін Бейішке кірмейді. Күнәкарларды өстіп жазалаймыз»**,-деген. Бұл да өте түсінікті Аят. Мұндағы Аяттардан өздерін жоғары ұстағандар – парасатсыздар мен тәкаппарлар. Олар: «Құранда айта береді. Қазір заман басқа...»,-деп, өзінің шайтан үйреткен ойына сеніп, Алланың кеңшілігімен берілген уақыт ішінде («Әли Ғымран» с. 178-а), көңілі қалағанын істей береді. Сөйтіп жүріп жасы жетіп не жастай өледі. Қабыр азабын көретіні, оны көреді; көргені де, көрмеген қарсылар да аспаннан өте алмайды. «Сонда олар қайда барады?»-деген сауал туады.

Бұл сұраққа жауаптан бұрын, әңгімені әріден қозғап, адамзаттың осы сынақ дүниесіндегі міндетін және бір ескертейік.

Алла Тағала Адам (ғ.с.) мен Һауа (р.а.) анамызды Бейішке қойды. Олар лағнеттелген шайтанға алданып, тиым салынған ағашқа тиіп, ұятты жерлері ашылған («Ағраф» с. 22-а) сәттен абройсызданды.... Сосын Алладан сөз үйреніп кешірім сұрады. Алла: **«Бір-біріңе дұшпан болып жерге түсіңдер...»** («Бақара» с. 38-а),-деп жерге түсірді.

Алла о баста Бейішті адамзат үшін жаратып Исламды да адамзат үшін бекітті. Бұл сөзімізді, «Бақара» сүресінің: «...Расында олар үшін астарынан өзендер ағатын Жаннаттар бар. Әрқашан оларға оның жемісінен бір ризық берілсе, олар: **«Осы бізге бұрын да беріліп еді!»**»-дейді...»,-деген, 25-аяты мен «Әли Ғымран» сүресінің 85-ші, 102-аяттары тастықтайды. Ендігі адам баласының міндеті, қалай болмасын, Ислам Жолына түсіп, сол Бейішке, кәдуілгі мекеніне жетуге күш салуы керек. Бірақ, әуелгі жаратылған күні-ақ, қасарысқан («Бақара» с. 34-а) – Алланың Жолынан азғыруға ант ішкен («Ағраф» с. 12-13; 16-17-а), сосын Бейіштен шығарған лағнеттелген шайтан оған жол бере ме? Әлбетте, қарсылық жасайды. Соны жақсы білген Алла, сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.) жіберіп, Құранды түсірді. Бейіштен үмітті пенде Аяттар мен сүндеттерден табандылықпен тиімді пайдаланып, оны жеңбек. «Ісра» сүресінің 80-аятындағы Өз қасынан жеңіс тілейтіні де, осы шайқас үшін. Жеңгенге аспан есігі ашылып, ол Бейішке барады. Ал, шайтаннан жеңіліп, Аят-

тарды біле тұра елемендер мен Оларға қарсы келгендер аспаннан өте алмайды. Алла оларды бір аналықтың құрсағындағы шаранаға орналастырады. Біз бұл туралы бесінші дәлелде – «Хаж» сүресінің 47-аяты тұсында да айттық.

Біздің: «Бақара» сүресінің 201 және «Ісра» сүресінің 80-аяттары үйреткендей мәтінмен жалынатынымыз, мені Бейіштік етіп тәрбиелейтін жанұяда жалғанға келтір және Өзің мөлшерін белгілеп берген демің таусылғанша Иmandылықта болып, Жаным кеудемнен Бейішке лайық амалмен шықсын, деп игі тілек тілейтініміз де осы көктің есігінен аброймен өтудің амалы, жақсылықтың қамы.

Егер Алла өліп, қайта тірілуге: күннің батып, қайта шығатынын, жаңбырдан соңғы көктің жайқалатынын айтпағанда және «Рұм» сүресінің 8-ші, «Мәида» сүресінің 60-шы, «Ағраф» сүресінің 29-шы, «Иасин» сүресінің 68-аяттарын түсірмегенде, біз қайта тірілу – қайта туылу, деген тақырыпты қозғамаған болар едік. Өлген адамның қайта жер басатынына Құранда және өмірде дәлелдер жеткілікті болғандықтан, Шындықты көпшілікке жеткеруге, Алланың қаһарына ұшыраудан сақтандыруға ниеттендік.

Тоғызыншы дәлел

Тоғызыншы дәлелге алған «Мәида» сүресінің 60-аяты да үлкен ойларға жетелейді. Аятта: «(Оларға) **айт: «Сендерге Алланың қасында жаза тұрғысынан бұдан да жаманын хабарлайын ба? Алла біреуді қарғап ашуланса және олардан маймылдар, доңыздар тағы бұтқа табынатындар қылса, міне, солардың орны жаман және (олар) Тура Жолдан мүлде адасқандар»**,- дейді. Осы жерде айта кететін өте маңызды мәселе, көктер мен жерде не жаратылыс болса, барлығын Құранда айтқан. Исламды мақұлдағысы келмейтіндер жазған, Алла Адамнан (ғ.с.) бұран да, адам жаратып, жерде осындай тіршілік болған, дегенді оқыдық. Бұл – Құран сөзін бекерге шығарғысы келіп жүргендердің әрекеті. Бұдан абай болайық – алданбайық.

Ғылым таныстырған планеталар Құранда жұлдыздар атымен белгілі. Ұшартарелке, өзге планеталықтар жәйлі бірнеше миллион дерек тіркеліпті. Құранда олар жайлы Аят кездестірмедік. Сондықтан Құраннан тастығы табылмаған нәрсені Бейішке, Қияметке байланыстырып ойлаудан, сөз етуден сақтанайық.

Ал, дәлел үшін алған бұл Аятқа («Мәида» с. 60-а) келсек, бұл да, Қияметтегі тірілу, қайта туылу екенін байқатады. Осы күнгі әлем ғылымы өте қырағы. Егер жер бетіндегі бір адамның, Алланың қарғысына ұшырап, тұрған жерінде – көзбе-көз маймылға не доңызға айналғанын сезсе, тез зерттеп, әділдігін айтар еді. Ондай жаңалық болған жоқ. Онда, Аяттың: **«...Алла біреуді қарғап ашуланса және олардан маймылдар, доңыздар тағы бұтқа табынатындар қылса, міне, солардың орны жаман және (олар) Тура Жолдан мүлде адасқандар»**,-дегені де біздің пікірімізді тастықтайды. Және мұны «Уақиға» сүресінің: «Біз араларыңда өлімді белгіледік. Бізден ешкім оза алмайды». **«Сендердің бейнелеріңді өзгертіп, сендер білмегенді жарата аламыз».** **«Расында бұрынғы жаратуды білесіңдер, ендеше түсінбейсіңдер ме?»**,-деген 60-62-аяттары толықтырады. Әрине, маймылдар, доңыздар, бұтқа табынушылар Бейішке лайықты емес, көп күнәлар жасап қарғалғандар. Бұларға аспанның есіктері ашылмайды. Сондықтар олар Алла жазған бұйрықпен жерге қайта түседі...

Алла Субханалла Тағала Адам (ғ.с.) ағамызды, Һауа (р.а.) анамызды қалай жаратқанын, кейінгі жарату ерлі-зайыптылар арқылы болатынын, арада Исаны (ғ.с.) қалай жалғанға келтіргенін ашық Аяттарымен жеткерді. Алайда, осы жаратылыстардың көлеңкесінде хайуанаттар мен жәндіктердің жаратылысы ашық айтылмай қалып отыр.

Тек «Әнғам» сүресінің 38-аятында: **«Жердегі жүрген жандық (жәндік) және қанатымен ұшқан құс – сендерге ұқсаған топтықтар. Жазуда еш нәрседен кенде етпедік. Сонан соң, олар Раббыларының алдына жиналады»**,-деген. Жер-көктегінің барлығын Алла жаратты, олардың есебі, Алланың құзырында деген сеніммен қарап, Аяттың екінші сөйлеміне ой бөлсек, **«...Жазуда еш нәрседен кенде етпедік...»**,-дегені – не сұрақтарың болса, бәрін түгел жаздық, дегенге саяды. Ондай болса, жандықтардың, құстардың барлығы лағнеттелген күнәкарлар.

Бұған «Фуссилат» сүресінің 53-аятының, «Жүсіп» сүресінің 105-аятының айтуымен зер салсақ, көптеген хайуанаттар мен құстардың мінезінің, қылығының адамдардікіне ұқсайтыны дәлел.

Халық: «Адамды жылқы мінезді»,-дейді. Біреулерді қасқыр мінезді, деп қараласа, үндемей жүріп опасыздық ететін жансыз жаманды жыланға да теңейді. Құстар да осындай...

Осыларға қарап, 38-аяттағы («Әнғам с.») жандықтар, ұшқан құс жайын түсінеміз және «Мәида» (60-а), «Уақиға» (60-62-а) сүрелерінің хабарымен түсінігімізді бекітеміз. 62-аяттағы («Уақиға» с.): **«Расында бұрынғы жаратуды білесіңдер, ...»** -дегеніндегі бұрынғы жарату – адам етіп жарату; **«ендеше түсінбейсіңдер ме?»**-дегені – әрине, хайуанаттар, құстар, маймылдар, бұтқа табынушылар Алланың қарғысынан («Бақара» с. 65; «Ағраф» с. 163-166-а) бінә болғандар дегені.

Оныншы дәлел

«Бақара» сүресінде: **«Ол жазаны ілгері-кейінгілерге үлгі әрі сақтанушыларға насихат қылдық»** (66-а),-деген. **«...ілгергілерге...»**,-деген сөзді қалай түсінеміз? Ілгергілер – Құран түспестен бұрынғылар, ХХІ ғасыр бойынша ойласақ, бұдан алдыңғы ғасырларда өткендер. Осы жерде, «Олар бұл жалғанда жоқ қой?! Оларға бұл Аяттың не керегі бар?»-деген сұрақ туады.

Керек жері – олар жазамен қайта жер басып отыр. Олар – бүгінгілер – өзіміз. Бұлар («...ілгергілер...») әуелгі пейіліне қарай топтарға бөлініп («Мәида» с. 48-а), қайта туылды:

-олардың бір тобы – Мұсылмандар және кемістікпен туылғандар. Мұсылмандар (яғни, біздер) кезекті өлімінен кейін қайтып жер басқысы келмейді, сондықтан күні-түні Алладан Бейіштен мәңгілікке орын беруін тілейді; ал, кемістікпен туылғандар – неге бұлай туылғанына қамығып ойланады әрі Алладан жақсылықтарға жеткеруін сұрайды; Алланың: **«...не жақсылық болса, Алладан; не жамандық көрсең, өзіңнен»**,-деген ескертуінен ой түйіп, Аллаға наласынан қайтып, алдыңғы өмірінде күнәлар жасағанын түсініп, кешірімдер сұрар, сосын алдағы өмірінде жарылқанар («Зүмәр» с. 53-а)...

-бір тобы – ғайридин – өз танығанына құлшылық қылады, әуелгі өмірінде Мұсылманның шаңырағында туылған еді, бірақ, бүкіл өмірінде ғайридиндерге еліктеп, солардың өмірін, тіршілігін қызық көріп өткен еді, енді сол ниетіне қарай ғайридин болып туылып, жасауда;

-бір тобы – құдайсыздар, қамсыздар, бұлар Пайғамбарды мойындамаған, Кітапты оқып зерттемеген, сол салғырттықтары үшін құдайсыз, қамсыз болып келіп тұр;

-ең төменгі тобы – маймылдар, доңыздар, бұтқа табынушылар («Мәида» с. 60-а). Бұл топтағылар өмірлеріне көңілдері толмай: «Неге бұлай туылдым?»-деп өкінуде.

Ғылым дәлелдеп бере алмайтын, біз білмейтін құпиялар көп. «Хаж» сүресінің 18-аятында: «...Көрмейсің бе? Аллаға көктерде, жерде болған барлық жаратылыс: күн, ай, жұлдыздар, таулар, ағаштар, **хайуандар** және адамдардың көбі сәжде қылады...», - деген. Біздің тағы бір қайталап айтайын дегеніміз, осы хайуанның Аллаға сәжде ететіні. Ғылым хайуанаттарда инстинкт бар, дейді. Біз Құдайдың Сөзіне сенеміз – олар да Аллаға өз таспихын айтады. Бұл «Ісра» (44-а), «Нұр» (41-а), «Хадид», «Хашр», «Саф», «Жұма», «Тағабұн» (1-а) сүрелерінде хабарланған. Осы жердегі айтатын ой – бәлкім, олар өздерінен абзал әрі Ардақты жаратылған адамзатқа қызығып, адамдардай болуды армандайтын шығар, Алладан Иманды адамға айналдыруын тілейтін болар. Аяттағы «**...ілгергілерге**» деп ескерткенінің мәні бұдан басқа не болуы мүмкін? Мұны хайуанаттардың адамды түсінетіні және кейбір адамдардың мінезінің, қылығының хайуандардан біріне, кейбірінікі маймылдарға ұқсайтыны да тастықтайды.

Бұл Аяттардың қайта тірілу – қайта туылу екенін хабарлап тұрғанына және бір дәлел, нәпсі тек жерде жасайтындарда ғана болады. Адам, маймыл, доңыз, бұтқа табынатындар да жерде жасайды. Сонда қайта тірілу – қайта туылу екеніне күмән қала ма?

Бірсыпыра аудармашылар осы «Бақара» сүресінің 66-аятының үстінде де қиналған. Себебі, олар өлген адамның қайта тірілуі дегенде, тек баяғылар айтқан – қиялдағы Қияметтегі тірілуді ғана назарда ұстаған. Аяттан өздерінің түсінгенін еркін жазуына ескі тәпсірден өте алмаған...

Әрине, Аяттағы **ілгергілер** – бұл жалғанда жасап, көктің есіктерінен өте алмай, жоғарыда біз сипаттағандай кейіпте қайта туылғандар. Өзіміз. Аяттың меңзеп отырғаны – солар – өзіміз. Осы Аяттарды оқып, Алланың қаһарының қаттылығын түсініп, райынан қайтар – Тура Жолға түсер, деген Рахым.

«Ниса» сүресінің 47-аятында: «Әй, Кітап берілгендер! Сендермен бірге болғанды растаушы етіп, Біз түсіргенге, (Құранға) **беттерді бұзып, арттарына қайтаруымыздан** немесе сенбішілерді лағнет еткеніміздей оларды да (сендерді де) лағнет

етуімізден бұрын Иман келтіріңдер. Алланың әмірі орындалады», - дегендегі: **«беттерді бұзып, арттарына қайтаруымыздан ...бұрын»**, деп отырғаны да осы қарғыстан соңғы өмір.

Біздер замандастарымыздың арасынан мұнафиқтарды (өтірікші, алаяқ, жалатай) көріп жүрміз. Бірақ, олардың қайсы бірінің жазаланғанын көріп: «Тағдырындағы жазуы осылай екен да!» - дегенімізбен, қайсы бірінің жазаланғанын көрмейміз. Міне, осы көрмейтініміз, нақты естігені мен көзімен көргеніне ғана сенетін («Рұм» с.7-а) білімі аз пенделердің Аллаға, Аяттарға сеніміне сызат салады. Тіпті, дәлел келтіргенмен сене қоймайды («Әнғам» с. 111-а). Сондықтан өзін түзей алмайды. Керісінше: «Қылмыскерлер ортамызда тайраңдап жүр ғой!» - деп Алланың Кәламына күмән келтіреді. Егер сол күмәнданушы, Алланың мұрсат берген «Әли Ғымран» сүресінің 178-аятын, күнін санап отырған «Мәриям» сүресінің 84-аятын және мыңжылдықты айтқан «Хаж» сүресінің 47-аяты мен **«Көктер мен жерді және екі арасындағыларды Шындықпен белгілі мерзім үшін жаратқанын...»** айтқан, «Рұм» сүресінің 8-аятын ескеріп, қылмыскер атаулының өліп, аспан есігінен өте алмай қайта жер басатынын, басқанда да қарғалған болса, дозақтық не қаңғыбас, не қабілетсіз; маймыл не доңыз («Мәида» с. 60-а) болып туылатындығын түсінсе, Құранға жабысып («Зұхрұф» с. 43-а), Иманға келіп, Бейіштік өмірге дайындалар еді.

Міне, өстіп, Құран мен өмір Шындығын салыстырып қарар болсақ, силсиланы дұрыс қолданбай жүргенімізге және ғылымда не себепті кейінде қалғанымызға нақты дәлел табамыз. Со-сын Яһудилер мен Християндардан ғалымдардың көп шығуы, олардың үлкен-кішісінің, еркек, әйелінің кітап оқуға, ғылымға құштарлығы: «Ғылым-білім арқылы Алланың ризашылығына жетіп, Бейіштік болсам, олай болмағанда – аспан есігі ашылмай, қайта жер басатын болсам, тағы ғылымшыл болып, Алланы іздеумен өтейін», - деген, ізгі тілектерден болар, деген ойға келеміз.

Осы жерден біз Алланың замандарды қалай жіберетінін де нақты түсінеміз. 1870 жылғы Париж коммунасына дейін, еуропада ғылым айтарлықтай дами қоймады. Ал, католиктік қысымнан мезі болған еңбекшілер жеңісінен кейін, дін өз алдына қалды да, ғылым бірден дамыды. Сол даму екпіні екі ғасырға жетпей,

адамзатты механикадан автоматикаға, одан космос заманына, одан бүгінгі электроника дәуіріне – сандық ғасырға әкеп тұр. Алланың замандарды беруі де өлмейтін армандарға – ғылымшыл адамдарға байланысты екен. Алланың бір есімі – Әл-Халиқу. Замандарды халық жаратады. Ол қайсы халық – армандармен мың жылдап, Аллаға жету Жолында ізденетін халық! Жүректердің лүпілін Білуші Алла әркімнің пейіліне, ниетіне қарап тағдырын мөлшерлейді. Сол ізгі ниетпен өлгендердің тілегіне сай, ғылымы мен мәдениеті дамыған заманды беріп отыр. Себебі, олар ғылым арқылы Алланы іздеушілер.

Реті келіп тұрғанда біз, арманмен өлу мен арманға жетуді тарих Шындығымен де дәлелдейік. Қазақта әлденені армандап, соған жете алмай, алаңмен өлген адам жәйлі айтар болса: «Марқұмның екі көзі артында кетті!»-дейді. Бұл, әлбетте, тек, ізгі адамдарда болатын қасиет. Алла Тағаланың «**Алла Жолында өлтірілгендерді, олар өлі, демедер. Олар тірі. Бірақ, сендер сезіп, біле алмайсыңдар**» («Бақара» с. 154-а),-дегені осы – өзі орнықтырған әділеттіліктің, бейбітшіліктің, тоқшылықтың, ғылымшылдық пен өнершілдіктің баянды жалғасуына алаңдаған, адал туылған, дұрыс тәрбиеленген Жақсылар болар.

Біз Әбу Әли ибн-Синоның Аристотельдің философиясын Әл-Фарабиді оқығанда ғана түсінгенін айтқанын білеміз. Бәлкім, Аристотельдің философиясын таратып, талдап түсінік жазған және философия, ғылым, музыка т.б. хақында бірнеше ғылым қалдырған Әл-Фараби, айтсам дегенін айтып үлгермей арманмен өліп, қайта туылған Аристотель болар?!

Сол сияқты суретші, ойшыл Леонарда да Винчиді (1452-1519) білеміз. Ол: «... Адамның көзінің құрылысын зерттей келіп, алыстағы нәрсені бинокль арқылы көруге болатыны жөнінде дұрыс болжап: «Айды толық көру үшін шыны жаса»,-деп 1507 жылы жазды. Мұны не шәкірттері, не кейінгі толқын ғалымдар жүзеге асырмады. Арадан 102 жыл өткенде – 1609 жылы Галилео Галилей (1564-1642) жасады.

Леонарда да Винчи адамның денесін жарып көрудің, металлург пештерінің, тоқыма станоктардың, сүнгүір қайық, ұшатын аппараттардың жобасын сызған. Бір қызығы, осылардың барлығы бір жылда не бір мезгілде өмірге келген жоқ. Мұның қызық жері, алдыңғы өткендердің жазып, сызып кеткендерін

ізінде қалғандардың дәл сондай етіп, жедел жүзеге асыра алмай-тыны. Жүзеге асырады, жасайды десек, бір ғасыр (1507-1609) жүрмеуі керек қой! Шұғылданған ғалым ең құрығанда 50 жылда, яғни 20 жасынан бастаса, 70 жасында жүзеге асырар еді. Бұл олай болмапты. 100 жылдан астам уақытта телескоп жасалып, ғылымның игілігіне жарапты.

Леонарда да Винчи армандады, Галилео Галилей ашты деп жүрміз. Мұны біз «Жүніс» сүресінің 4-ші, «Иасин» сүресінің 68-аяты бойынша түсінсек, кезінде көп мақсаттарға ұмтылып, жете алмай, арманда кеткен, марқұм Леонарда да Винчи көп уақыт өтпей Галилео Галилей боп туылып, сол Леонарда да Винчи кезіндегі Рухы өзіне қайта қонғанын баяндап тұрғандай. Мына Аят та осы пікірімізді тастықтайтындай: «Міне, солар бір үмбет еді, өтіп кетті. **Олардың еңбектері өздеріне, сендердің еңбектерің өздеріңе,** сендер олардың істегенінен сұралмайсыңдар» («Бақара» с. 134-а),-деген. Демек, әркімнің құлшылығы, еңбегі, талабы, ізденуі өзінікі. Бір істі талаптанып қолға алған адам, Алланың алдына баратын бір күнге дейінгі мыңжылдықта не елу мыңжылдықта жалғанға келіп, кетіп жүріп, Алла нәсіп еткен сәтті заманда жүзеге асырар.

Қайта тірілу, қайта туылу екенін олимпиада ойынының әлем спортшыларына қайта келуімен де дәлелдей аламыз. Расында, сол спорт додасын ойлап, жер бетіне алып келген адам үшін бұл – қуаныш, сыйлық, бақыт қой! Алғашқы олимпиада ойындары біздің жыл санауымыздан бұрынғы 776 жылы Олимпия қаласында әр төрт жылда бір рет өтіп тұрған. 394 жылы Византия императоры Федосияның бұйрығымен тоқтатылады. Екінші рет 1894 жылы Парижде өткен халықаралық конгресте қолдау тауып, қайта жалғасады (ҚСЭ. 8 т. 467-бет). Бұл да бей-жай нәрсе емес!

Компьютердің негізі XIX ғасырдың басында көріне бастады. 1840 жылы (интернетте 1933 жыл, депті) алғылшын профессоры Чарлз Бэббежи есептеу мәшинасын ойлап тапты. Оның сандар жазылған донғалақтары үлкен-үлкен болған. Чарлздің бұл жетістігін қызғанғандар оны: «Чарлздің қыңыры» деп атаған. Бұл – электроникадан 80 жыл бұрынғы жаңалық. Бұл мәшина бойынша айналысқандар 20-30 жылдап тәжірибелер жасап, ықшам түрін өндіріске әкелді. 1920 жылдардан адамзат электрониканы игер-

геннен кейін де 40 жылдан соң (бәлкім, Чарлз Бэббеджиді күткен болар) электронды есептеу мәшинасы жасалды.

Осылар сияқты дәлелдер көп. Ертегілер де Алла жүрекке салған қиялдың жемісі. Ұшатын кілем туралы алғаш ертеқұрастырған адам – есте жоқ бір замандарда жасап өткен, кейін космонавтика және ракеталық техникалардың негізін қалаушы ғалым Э. К. Циолковский (1857-1935) болар. Негізі бұл адам Леонарда да Винчи ме екен?

«Жүсіп» сүресінің 105-аятында жер бетінде дәлелдер барын, біздің мән бермейтініміз айтылған. Сол дәлелдердің бірсыпырасы: Хәкім Лұқпан мен Әбу Әли ибн-Синаның медициналық білімі мен философиялық пікірлестігі; ғалым Ақжан Машани атамыз дәлелдеп жазған, Әл-Фараби бабамыз бен Абай бабамыздың шығармашылық, пәлсәпалық байланысы да біздің пікірімізге дәлел болады. Және Ақжан Машани атамыз бізбен де пікірлес. Демек, біз де жалғыз емеспіз.

Егер бұл дәлелдерге сенбесек, Алла сендіру үшін мынандай дәлелдерін де ұсынып отыр: жаңылмасақ, 1990 жылдары Мәскеуден шығатын «Огонёк» журналынан мына бір ғаламатты оқып едік. Қазір ғаламтордан оқи аласыз. Наполеон Бонапарт (1760 ж) пен Гитлердің (1889 ж) туылуы, үкімет басына келуі (1804 ж; 1933 ж), Ресейге соғыс ашуы (1812 ж; 1941 ж), жеңілуі (1816 ж; 1945 ж) – төрт деректің де арасы 129 жылдан. Және бір қызығы, екеуі де үкімет басына 44 жастарында келген, екеуі де 52 жастарында Ресейге соғыс ашып, 56 жастарында жеңілген;

бұл мұғжиза Американың Президенттері: Авраам Линкольн мен Джон Кеннедидің арасында да болған. АҚШ-тың 16-Президенті Авраам Линкольн 1818 жылы туылса, 35-Президенті Джон Кеннеди, одан жүз жыл кейін – 1918 жылы туылған; Линкольн 1860 жылы Президент болса, Кеннеди 1960 жылы Президенттікке сайланған. Екеуі де әйелдің қатысуымен Жұма күні, бастарынан атып өлтірілген. Линкольн «Кеннеди» атты театрда өлтірілсе, Кеннеди «Линкольн» таңбалы жеңіл мәшінде атылған. Оларды өлтірген қылмыскерлердің жас аралығы да жүз жылдан екен...

Егер мұны Құдайсыздарға ұқсап, кездейсоқтық десек, онда көктер мен жердегі барлық нәрсе Алланыкі екені, Алладан бұйрықсыз ештеңе болмайтыны хақындағы Аяттарға қарсы кел-

ген боламыз. Бұл «Фуссилат» сүресінің 53-аятының дәлелі, деп түсінсек, Алла бұл мұғжизаларды, бізге, қайта тірілу – қайта туылу екеніне көзімізді жеткеру үшін жіберіп отыр, деп қабылдасақ, Имандылығымызды арттырармыз!

Бізде туылу туралы құжат рәсімдеу, өткен ғасырдың ортасында – кеңестер заманында басталды. Әйтпесе, біздің хандарымыз бен билеріміздің, батырларымыздың да өмірі осылай қайталанар ма еді? Күлтегін, Шыңғысхан, Әмір Темір, Кенесары, Жәнібек, Тәуке, Абылай хан бабаларымыздың да өмірі осылардай қайталанғанына көз жеткерер ме едік?

Дегенмен, ел орталығының Астанаға көшуі бей-жай емес шығар, деп ойлаймыз. «Орталық Қазақстанның» 2016 жылдың 28-мамырындағы санында, өлкетанушы Валерий Ильиннің «Қараөткелге қазық қаққан» деген зерттеуі жарияланды. Оның «Кіріспесінде»: «1830 жылдың маусымында, Қараөткел жеріне қазақ болыстарының делегаттары жиналып, дәл осы күні, Қазақстанның болашақ бас қаласы – Астана қаласының орнын жазбаша түрде мақұлдап бекіткен болатын...», -деп бастап, одан әрі: «Астана, Ақмола мен Целиноградтың тарихы тұрғысынан келгенде, Ақмоланың тарихы әріде жатыр. Астананың маңайында, қазақ халқының алғашқы конституциясы – «Жеті жарғыны» жасаған Тәуке ханның ордасы болған. Ол 1694 жылы ресейлік картаға енгізілген. Оны Тәуке ханға келген ресейлік елшілер Федор Скибин мен Матвей Трошин сызған болатын...», -деп, осы ортаның құжаттармен бекітілген тарихын және аға сұлтан Қоңырқұлжа Құдаймендиннің еңбегін жазған.

Бұдан туатын ой: «Еділдің бойы ен тоғай, Ел қондырсам, деп едім», -деп Махамбет батыр жырлағандай, кезінде, Әз Тәуке бабамыз да, одан кейінгі Абылай хан бабамыз да елін отырықшылыққа айналдыруды, Есілді бойлай үлкен шаһар тұрғызуды армандаған болар. Сол арман бүгінде тұңғыш Президентіміз – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының қолымен жүзеге асты. Бәлкім, тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы, кезіндегі Әз Тәуке ханның не Абылай ханның өзі болар. Әлде елінің, жерінің амандығы үшін күндіз күлкі көрмей, түнде ұйқы көрмей, өмірі ат үстінде өткен Күлтегін бабамыз ба екен?! Бұған орталықтың Ақмолаға келуімен қатар, осы заманның «Жеті жарғысы» – Ата Заңды қайта жазу (1995 жыл) және Қазақ елін әлемдік биікке

көтеру мен Мәңгіліктігін қорғау үшін жасаған: «Болашаққа жүз қадам», «Бес институалды реформа» сияқты мақсатты бағдарламаларды жазуы да дәлел.

Кейде Нұрсұлтан Әбішұлын «...Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма», -деп өткен Абай бабамыздың өзі ме?-деп те қаламыз...

1941-45 жылғы Ұлы Отан соғысының нөмірі бірінші батыры Бауыржан атамыз қайта туылған Қобланды батыр болар ма?...

Кейде ғалымдар мен ақындар хақында да ойлап: «Әлкей Марғұлан атамыз, бәлкім, кезінде өшпес мұра қалдырып өткен Шоқан Уәлиханов па екен?!-деп; Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаев, бәлкім, қайта оралған Сұлтанмахмұт шығар не Мағжан болар?!»-деп толғанамыз. Бәлкім, 27 жасында академик атанған Асқар Жұмаділдаев, марқұм Серікбол Қондыбайлар қайта туылған Шоқан болар.

Күй аталары: Құрманғазы, Тәттімбеттер кешегі Нұрғиса, Қаршыға, Төлеген, бүгінгі Мұхамеджан, Шәміл, Секендер болар. Дина әжеміз бүгінгі Айгүл Үлкенбаева ма екен? Кешегі Шәмші ағамыз, Шәмші болып қайта жер басқан баяғы Біржан, Ақан сері, Жаяу Мұсалардың бірі ме?

Осы айтпақшы, орыстың «Игорь полкі туралы жырын» зерттеп, оны орыс-түрік тілдерін жақсы білген біреу жазғанын дәлелдеген, ақын Олжас Сүлейменов, заманында сол жырды жүрегінен шығарып айтқан ақынның өзі болар.

Атақты жазушы Әнуар Әлімжанов «Махамбеттің жебесі» шығармасында, күйші Құрманғазыны айтып: «Біреулер: Сағырбайдың жетінші атасы күйші болған екен, Құрмашқа со жарықтықтың өнері дарыған ғой, десті. Екіншілерінің айтуынша, Құрмаштың домбырасы да айнақатесі жоқ «Фарабидің қос ішекті домбырасындай» сиқырлы болса керек. Тіпті, мүмкін Құрмаштың өзі де бұдан неше жүз жыл бұрын Сырдың жағасында өмір сүрген, домбыраны ойлап шығарған, қыпшақтардың ұлы музыканты Мұхаммед әл-Фарабидің тіке үрім-бұтағы шығар...»*, -деп, біздің пікірімізді, «үрім-бұтағы шығар», деп түрлендіріп жазып отыр.

Халқымызда дәстүрге айналған, мына бір жайға да мән берейік. Елімізде бір ерекше дарынды тұлға шыға қалса, дереу тегін іздестіре бастаймыз. Дәлелмен айтсақ, бала Жамбыл

* «Ұстаздың оралуы» 420-бет. Құрмаш – Құрманғазы Сағырбайұлы.

Дүйсенов алғаш шыққан кезде, әлемді таң қалдырған Димаш Құдайбергенов көзге көрінгеннен, журналистер бұларға бұл өнерлерінің қай жұртынан не қалай келгенін сұрастырады. Расында, тегімен келетіні де бар. Ал, ешбір тегінде болмаса, осындай дарынды болуды армандап, жете алмай бақилық болған пенде мен осындай дарынға ана болуды армандаған ананың ниетінің ұштасқаны болар.

«Егемен Қазақстанның» 2016 жылғы 6-сәуірдегі санында жарық көрген, журналист Талғат Сүйінбай мен ғалым Дархан Тәуенбаевтың сұхбатынан үзінді келтірейік.

...«-Физика пәнінен белгілі бір жәйт – гравитациялық толқын десе, әйгілі физик Альберт Эйнштейн еске түседі...

-1915 жылы Эйнштейн өзінің жалпы салыстырмалылық теориясын ашты.

Сәл уақыт өткізіп барып, 1916 жылы ол, бұл теорияның ізін түбінде гравитациялық толқын жалғайды, деп жазып кетті. ... **Жүз жылдан соң**, ғалымның айтқаны дәлелденді. Оның ...айтып кеткенін **біздің ұрпақ бүгін дәлелдеп** жатыр...

-Тағы бір маза бермей отырған сауал – бұған дейін Эйнштейннің бұл ілімін дәлелдеуге талпынған ғалымдардың болмағаны ма?

-Болған. Ғылымда қандайда бір жаңалық нақты өлшеніп, дәлелденген соң ғана жариялылыққа ие болатыны бар. ... Өткен тарихта ...гравитациялық толқынға қатысты түрлі оқиғалар тіркелген. «Қара ойықтардың» бірігуін көзімен «көрген» ғалымдар да бар. 60-шы жылдардың ортасында, әйгілі америкалық физик Жозеф Вебер ең алғаш рет сенімге әбден жақын тәжірибе жасаған ғалым. Ол көлемі белгілі өлшемдегі аллюмений цилиндр қондырғы арқылы жасаған тәжірибесінің нәтижесінде гравитациялық толқын жиілігін «ұстағанын» дәлелдеп шыққандай еді. Алайда, көптеген ғалымдар белгілі уақыт арасында ғалымның қондырғысының кеңістік толқыны белгісін тіркеуге қауқарсыздығын анықтап берді...» («Америкада «қара ойықтарды» қауыштырған қазақ»),-деп сөз соңында 2015 жылдың 14-қыркүйегінде Эйнштейн болжамының дәлелденгенін айтады. Мұны 2016 жылдың 11-ақпанында қоғам алдында ресми мәлімдеген. Бұл жаңалықты ашушылардың арасы да жүз жыл. Бәлкім, бұл жаңалықты ашқан да 1916 жылы: «...бұл теорияның

ізін түбінде гравитациялық толқын жалғайды...»,-деп кеткен А. Эйнштейннің өзі болар.

2019 жылы «Егемен Қазақстанның» 17-мамыр күнгі санында профессор Намазалы Омаштың Қойшығара Салғарин туралы еңбегінде Шыңғысхан атауының Мүде ханзададан басталып, Атиллаға да телініп, одан кейін Тимужинге берілгенін жазыпты. Бұл да біздің топшылауымыздың дұрыстығын тастықтайды. Нанымды жері, бұлардың үшеуі де көшпелі жұрттың ұрпағы, екіншіден, бұлардан бұрын өткен Ескендір Зұлқарнайға, Тимужиннен кейін өткен Әмір Темір, Жугашвилиге (Сталин) осы Шыңғыс – «Тәңірдің күші», «Тәңірдің жердегі әміршісі» атағы берілмеген. Себебі, олардың туған жері басқа.

Егер мұндай дәлелдерден кейін де: «Қайта тірілу тек қабырдан тіріліп шығатын Қияметте жүз береді», -деген, қиялдағы Қияметті түсінумен шектелсек, жүректеріне бұзау сініп қалған («Бақара» с. 93-а) – Мұсаның (ғ.с.) уағызына қарсы шыққан кәпірлер тәрізді болармыз.

«Һұд» сүресінің 116-аятының бірінші сөйлемін еске алайық. Онда: **«Сендерден бұрынғы ғасырдағы ақыл иелері, жер жүзіндегі (адамзатты) бұзықтықтан тыйса еді...»**,-дейді. Бұл УІ және одан бұрынғы ғасырларда өткендерге ғана мес, бүгінгі бізге және алдағы ұрпақтарға да тиесілі. Міне, осы жағынан қарайтын болсақ, Құран түскен ғасырдан бұрынғы ақылдылар неге адамзатты бұзықтықтан тыймады? УІ ғасырдағылар неге тыйып кетпеді? Х ғасырдағылар.. ХУ ғасырдағылар, әлемде ғылым дами бастаған ХУІ ғасырдың ақылдылары неге тыймады? ХІХ ғасырдың даналары неге артын түзеп кетпеді? Демек, адамзаттағы бүгінгі кемшілік, әрбір пенде Аллаға ұмтылып («Іншиқак» с. 6-а), Ақыретіне қам жасап өмір сүрмейінше, ешқашан жоғалмай, тек заманаға сай түс алып бара береді деген сөз. Ғалымдар тартқан көне жазуда: «Ең ескі жазу Присстің папирусы саналады. Осыдан 6000 жыл бұрын папируске түскен... хат былай басталады: **«Өкінішке қарай, әлем қазір бұрынғыдай емес, көп өзгерген. Әркім кітап жазғысы келеді. Балалар ата-аналарын тыңдамайды»**,-депті. Бұл қазір де солай. Заман Құран түскен ғасырдан да, кешегі құдайсыздар билеген кезден де түбегейлі өзгерді. Сонда да әркім жазушы-ақын болуға құштар-ақ, балалардың ата-анасын тыңдамайтын әдепсіздігі де тап сол замандағыдай...

Пікірімізді тастықтауға өмір Шындығынан дәйектер айтайық. Аллаға, Құранға Иман келтірген біз, әрбір амалымыздың, қимыл-әрекетіміздің, жүректен шыққан («Бақара» с. 225-а) ой-қиял, арманымыздың амал дәптерімізде жазулы тұратынын білеміз. Құранда Алла біздің бұрынғымызды да, алдағымызды да («Бақара» с. 255; «Хаж» с. 76-а) білетінін ескерткен. Өмірде өзімізбен қатарлас және ізімізде келе жатқан замандастарымыздың арасынан жалғаншының тіршілігіне өте икемді, бұрыннан осы жолды білетіндей тіршілікке ұсынақты жандарды кездестіреміз. Олардың жолының болғыштығына, жетістіктеріне таң қаламыз да, бұларының сырын түсіне алмай: «Осылар да бұрын жасап, осы жолдарда күресіп, үлкен армандармен өліп, бүгінгі заманға қайта келіп тұр ма?!»-деген ойға келеміз.

Осыны ойлағанда, өліп-тірілу – ұйықтап, қайта оянғандай құбылыс екенін түйсінеміз. Себебі, ұйықтап оянған адам, істеп жатқан жұмысынан жаңылмай, қалған жерінен жалғастырып кете береді. Жоғарыда айтқан ұсынақты адамдарымыз да осы сияқты.

Мұқағали ақынның «Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң», - деп айтылатын өлеңі де осы түсінігімізге бір дәлел. Егер ол бұрынғы емес, 1931 жылы өзі туылған уақыттан бергіні айтып отырса, өлең мазмұны бұлай өрілмес еді.

Осыған жақын және бір дәйек, нумерология, некрология ғылымдарын айтпағанда, теледидардан тарихи кинолардан, тарихи-ғылыми түсірілімдерден қадімгі заман адамдарының тіршілігін, олар жасаған жерлерді көріп отырғаныңызда, өзіңізді бұрын сол ортада жасағандай сезінетініңіз. Бәлкім, Алла бүгінгімізге шүкір етуіміз үшін, бұрын «**...оттан бір шұқырдың ернеуінде ...**» болғанымызды осылай тәсілмен ойымызға салар!

Міне, бұл – ғылым ұсынған, өмір Шындығы дәлелдеген деректерден де түйетін пікір біреу-ақ, ол – Құран ескерткен қайта тірілу – қайта туылу екендігі. Ал, махшар майданы – жердің беті...

Он бірінші дәлел

Оныншы дәлелге «Кеһф» сүресінің 17-аяты сұранып тұрған тәрізді. Аятта: «(Мұхаммед с.ғ.с.)... Алла кімді оңғарса, сол Тура Жолда. Ал, кімді адастырса, оған әсте көмекші, жетекші таба

алмайсын»,-дейді. Рахымды, Әл-Ғафу Алла неге пенделерінің біреулерін дозаққа бола жаратады? Неге біреулерін адастырады? Себебі, әу баста Бейіште абройлары ашылған Адам (ғ.с.) мен Науа (р.а.) Өзінен сөз үйреніп кешірім сұрағанда, Алла Тағала: «Жәннаттан бәрің түсіңдер. Менен сендерге бір Туралық келсе, кім сонда Тура Жолыма ерсе, оларға қорқу жоқ әрі қайғырмайды»,-деген едік» (38-а), «Қарсы келіп, Аяттарымызды өтірік дегендер, солар, дозақтық болып, олар онда мәңгі қалады» («Бақара» с. 38-39-а),-деген. 38-аят: «..., деген едік»,-деп аяқталған. Бұл – әуелгі жаратылыстағы шарттасу («Ағраф» с. 172-а). Саналы адамзаттың осы шартта тұруы – Алладан келген Тура Жолдан таймауы тиіс еді.

39-аятта дозақтықтардың дозақта мәңгі қалатынын ескерткен. Әуелгі шарт пен УП ғасырға дейінгі аралықта неше сандаған замандар өтті. Бірақ, сол Бейіштегі шайтанға алдану әлі жалғасып келеді. Мұхаммед (с.ғ.с.) бұл адамзатты аздырған надандықты сындырып, мүлде жаңа қоғам орнатып, адамзатты Тура Жолға салып берді, Ол (с.ғ.с.) бақилық болғасын он бес жарым жылда бұл Тура Жол бұрмаланды. Ал, соларды оқып біліп отырған, бүгінгі өте дамыған заманның сауатты халқының өзі әлі сол шайтанға алдынумен әбігершілікте өмір сүруде. Неге бұлай? Бұл – Алланың Тура Жолы келгенімен оны – Бейішке лайықты болып өмір сүрудің тәртібі, ережесі деп түсінбей, дәстүр, салт сияқты қабылдап, заманды сылтау етіп мойындамағандардың, жазамен қайта туылып жатқанының дәлелі.

Және қайталайық, Аяттармен бекітілгендей: Алла ешкімге зұлымдық қылмайды, адамзат Алла көрсетіп берген – екі дүниенің бақытына бөлейтін Тура Жолмен жүрмей, өзіне өзі зұлымдық жасайды («Жүніс» с. 44-а).

Әйтпесе, Мұхаммед (с.ғ.с.) ақылмен, уағызбен, мұғжизалар көрсетумен адамдардың көзін Шындыққа жеткеріп, Алтын дәуір орнатып берген еді ғой! Зұлым патшаларды қоя тұрып, өзіміз «танитын» Сталинді алайық. Бұл кісіні де патша қылып Алла бекітті. Ол өте аяусыз қаталдықпен әділеттіліктің басын бастады. Бірақ, баянды болмады. Ол өлгесін 13 жылдан кейін-ақ, адамдар бұзықтық жолына қайта түсті. Неге? Себебі, шайтанға алданған Адам мен Науадан тараған адамзат алданғыш, ынсапсыз, нашүкір, жанжалшыл...; Алланың «Бақара» сүресінің 38-аятындағы ескертуден дұрыс қорытынды шығарып, осы сүренің 42-ші, 168–169-

шы, 177-ші, «Әли Ғымран» сүресінің 76-шы, «Ниса» сүресінің 36; 135-ші, «Мәида» сүресінің 1; 8-ші, «Әнғам» сүресінің 152-ші, «Ағраф» сүресінің 200-201-ші тағы осылар рәуішті Тақуалыққа тиесілі Аяттарға шын жүректен амал жасаушылар аз («Бақара» с. 83; 88-а). Дүниенің байлығына қызығып, бәсекеге қызынып Аяттарды елемеушілер көп. Бұлар – Алла адастырғандар мен қарғалғандар. Яғни, «Зұхрұф» сүресінің 36-аятында ескерткендей, Алла Өзін, Өзінің Аяттарын тыңдап иілмегендерді шайтанмен қалдырады. Ал, шайтандарды дос тұтқандар («Ағраф» с. 30-а) жалғаннан бақиға сапарға шыққанда аспан есіктерінен өте алмай қайта туылып, бұзықтық пен бүлікке толы махшар майданында – жер бетінде жасай береді. Алланың шайтанға: «...Әрине, олардан кім саған ілессе, сендердің барлықтарыңмен дозақты толтырамын» («Ағраф» с. 18-а),-дегені – осы.

Он екінші дәлел

Қайта тірілу – қайта туылу дегенімізге үш Аяттан тұратын «Ғасыр» сүресінен де ишара байқаймыз.

Сүре: **«Ғасырға серт. Негізінде адам баласы зиянда...»** (1-2-а),-деп, басталады. Неге зиянда? Себебі, ол күнәларынан тазара алмай, ғасырлар бойы қайта туыла береді.

Біз жанбыр, өсімдіктер арқылы қайта тірілуді айта отырып, Қияметтің тек жер бетінде екенін де байқаттық. Тақырыбымыздың басында о дүниелік Қияметтен бұрын, дүние азаптары беріліп жатқанын да сөз еттік. Осыларды ескере келе, сүреге мән берсек, бұл ғасырға ант берген. Мұның қайсы ғасыр екенін, неғылған ғасыр екенін «Нәбә» сүресінің 23-аятынан білеміз. Аятта: **«Олар онда (дозақта) ғасырлар бойы қалады»**,-дейді. Неге? Не себепті?-дегенде, сүренің екінші Аяты: **«Негізінде адам баласы зиянда...»** («Ғасыр» с. 2-а),-деп, «Фатыр» сүресінің 32-ші, «Ағраф» сүресінің 30-аяттарын еске салады. Бұларда баяндалған: **«...өзіне кесір тигізетіндер, ...ортада...»** болатындар және **«адасуға тиісті»** болғандар – өздерін түземей («Мәида» с. 105-а), қайталай беретіндер («Ісра» с. 8-а), аспан есіктерінен өте алмай, «Хаж» сүресінің 47-аятында айтылған мыңжылдық аралықта, өліп, қайта туылып жасай беретіндер – **«... ғасырлар бойы...»** жер бетінде қайта туылып дозақта қалатындар («Ағраф» с. 18-а).

Он үшінші дәлел

Он үшінші дәлелге алған «Мүминұн» сүресінің 80-аятында да: «Сендерді тірілтеді, өлтіреді және күндіз бен түннің ауысуы Оған тән. ...ойламайсыңдар ма?»-дейді. Әсерлі сұрақ. Ойлануға мәжбүр ететін Аят. Бізді тірілтетінін және өлтіретінін айтып, ізінен оған күндіз бен түннің ауысатынын теліп, бізге: «...ойламайсыңдар ма?»-деп отыр. Бұл – тіріліп және өлулерің күннің шығып-батқанындай-ақ, дегені. Расында күн бір рет шығып, бір рет батпайды, үнемі айналыста. Сендердің де аспан есіктерінен өте алмағандарың мыңжылдап, елу мыңжылдап, өліп-тіріліп айналып жүре береді, деген сөз.

«Жасия» сүресінің 5-аятында: «Түн мен күндіздің ауысуында... көктен жаңбыр жаудырып, өлгеннен кейін жерге сонымен жан беруінде... түсінген елге ғибрат бар», -дейді. Дәл осы мазмұндас Аят «Нұр» (44-а) сүресінде де қайталанады. Аяттардың бұлай қайталануы да бей-жай емес. Бұлардың қайталануы – адамды өлтіріп қайта тірілту, күннің батып, қайта шыққанындай екенін түсіндіріп тұр.

Бір ескертер жайт, «Ғафыр» сүресінің 11-аятына байланысты. Сүре Алланың құдыреттілігін айтумен басталып, қарсылардың қылығына тоқталады. 7-9-аяттарында, Ғаршыны көтерген Періштелер мен айналасындағы Періштелердің Алланы мақтайтыны, сондай-ақ, Олардың Иман келтіргендер үшін тілек тілейтіні баяндалады. 11-аятта және қарсы болғандардың: «... «Раббымыз! Бізді екі рет тірілтіп, екі рет өлтірдің...»,- дегені айтылған. Мұны «Бақара» сүресінің 28-аяты мен «Хаж» сүресінің 66-аятына теліп, байланыстырушылар да бар. Негізінде бұл Аят Алланың Сөзі емес, «Бақара» сүресінің 28-аятын бетке ұстаған қарсылардың сөзі. Яғни, Таурат, Зәбур, Інжілді және Құранның Аяттарын терең зерттемейтіндердің сөзі.

Алланың қарсыларды сынаған осы Аяты да Алланың қалауы бойынша бірнеше рет өліп және туылатынымызды тастықтайды.

Он төртінші дәлел

Алла Тағала «Зүмәр» сүресінде: «Әй, өздеріне зиян қылған Құлдарым! Алланың Рахметінен күдер үзбедер. Алла біртұтас кінәларды кешіреді. Өйткені, Ол – тым Жұмсақ, ерекше Мейірімді»-де» (53-а),-деген. Бұл – аса Мейірімді, ерек-

ше Рахымды Алланың пендеге деген мәрхаматы; күнәкардың ғасыр («Ғасыр» с.) сынағы майданында жүріп, бір күндерде Шындықты сезіп, ой түсіп, райынан қайтып, Аллаға ынтығып, өзін түзейтініне («Мәида» с. 105-а) ишара деп түсінсек қателеспеспіз. Сондықтан әр қандай жағдайда да тек Алладан ғана жақсылықтарды үміт етіп жасау – аса абзал амал. Өйткені, Алла бізді жаратқандарының ішінде Халифасы ретінде Ардақты етіп жаратты әрі Періштелерді сәжде еттірді.

Біздің әрбіріміз, бұдан бұрын өмір сүріп, өліп, аспаннан өте алмай, қайта жасап жатқандармыз. Енді Алла бізді кірер жерімізге Шындықпен кіргізіп, шығар жерімізден Шындықпен шығарсын, әрқашан Өзімен бірге болуды және Өз жанынан жеңістерді нәсіп етсін!

Құранның «Инсан» сүресінің 5-аятынан Бейіштегілердің рахатты жағдайын айтып, 19-аятында: «Олардың айналасында мәңгілік қызметші жастар болады. Оларды көрсең, **шашылған інжу**, деп ойлайсың», - дейді. Ал, «Тәубе» сүресінің 108-аятында: «...**Алла өте таза болушыларды жақсы көреді**», - деген. Бұл екі Аяттан – Бейішке баратын әрбір пенде де сол **інжулердей Рухани және тәндік тап-таза, әдемі Иманды болуы ләзім** деген талапты танимыз.

Осы інжудей жастар мен Алланың өте таза болушыларды жақсы көретіні жәйындағы Аяттарды оқып отырғанда ойға «Хаж» сүресінің 47-ші, «Сәжде» сүресінің 5-аятындағы мыңжылдық мерзімдер оралады. Сосын күнәлілердің аспан есіктерінен өте алмайтынын хабарлаған Аяттар мен қалаған Құлын қайта жер бастыратынын айтқан «Иасин» сүресінің 68-ші, қарғағандарын ескерткен «Мәида» сүресінің 60-аяттары ой қозғап, Құранда айтылған, ғылым дәлелдеген 12 сандарына көңіл бөлдіреді.

12 саннан тұратын жаратылыстарды атап өтейік.

-Күн жүйесінің түзілісі 12 бөліктен (ҚЭС 6-т. 167-б.) екен;

-«Юпитер» 11,86 жылда – 12 жыл есебінде, күнді бір айналады және оның 12 серігі бар (ҚЭС 12-т. 511-б.);

-Израил ұрпақтарынан Елшісіне (ғ.с.) көмекке 12 бастық жібергені; тағы бір қызығы – мұның өзі «Мәида» сүресінің 12-аяты болып түсіп тұр;

-Мұсаның (ғ.с.) қауымын 12 тайпа қылды;

-олар су сұрағанда 12 бастау («Ағраф» с. 160-а) берді;

-Исаның (ғ.с.) 12 шәкірті – хауарилері болды («Әли Ғымран» с. 52-а);

-бір жыл – 12 айдан тұрады («Тәубе» с. 36-а);

-халық есебінде, бір мүшел – 12 жыл;

-Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) 12-сәуірде дүниеге келген;

-Мұғаз ибн Жамалдан жеткен хадисте: «Мұхаммедтен (с.ғ.с.) «Нәбә» сүресінің 18-аятын сұрағанда, Ол (с.ғ.с.) егіліп жылап: «...Үмметім Машһар майданына **он екі** топ болып келеді...», -деп, олардың қандай топтарға бөлінетінін талдап берген;

-Құранда түйе Салих (ғ.с.) хикаясына байланысты айтылған және «Ғашия» сүресінде (17-а) ерекше тоқталған, осы түйе құрсағын он екі ай көтереді;

-адамда 365 нүкте, 12 меридиан бар;

-Құран Аяттарының түсіндіруі бойынша жанның көктегі кезеңінен туылғанға дейінгі және туылғаннан өлгенге дейінгі кезеңдері; (Көктегі өмір; бұлттағы өмір; жердегі (топрақтағы) өмір; өсімдіктегі өмір; бел сүйек пен кеуде сүйектегі кезең; жатырдағы тамшы кезі; қанға айналған кезең; қаннан ет болу кезеңі; сүйекке айналу; сүйекке ет қапталу; тегі (адам не мақлұқ), жынысы белгіленуі; адам болса Періште бекітіліп, қимылдайтын, сезінген кезең;

туылғасын: шарана, алғашқы қырық күн; бөбек шақ, үйілдек кез; сәби шақ; отыратын, еңбектейтін кез; тәй-тәй шақ, тұсау кесер кезеңі; тымбесек кезең; естияр шақ – ұятты сезінген кездері; балалық өмір; бозбала шақ; жігіттік өмір; жігітағасы кез; көсемдік кезең – елағасы; қарттық).

-бірінші дәлелімізде сөздің музыканың әсерін сөз еттік; Әл-Фараби бабамыз ноталарды: «тіркесімдік», «бірізділік», «дыбыстардың достығы мен консонанттығы», «дыбыстардың қарама-қарсылығы мен диссонанттығы», «үйлесімділік», «ізділіктің келіссіздігі», «дыбыстардың біртектілігі», «дыбыстардың біртектілігі емес», «биіктік жағдайы», «дыбыстық интервал», «үлкен шухадж», «үлкен сийах», деп он екіге бөлген (Әбу Нәсыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. «Адам үшін табиғи әуендер». 319-бет).

-Рухты ескеріп айтсақ, әуелде домбырада да 12 перне болған (Балқы Базар шығармалары, 1986. Алматы. «Саз керек атқа шаппаққа» 64-б.);

-адамда да, малда да 12 жілік болады;

-аяқ-қолда 12 буын бас бармақты қоспағанда қатар төрт саусақта да 12 буын; (оң қолда: білек, шынтақ, иық; оң аяқта: тобық, дізе, жамбас. Сол қол мен аяқта да солай).

-омыртқа да 12, қабырға да 12-12-ден және ағзамыз 12 бармақты ішектен тұрады.

Бәлкім 12 саны да Құраннан, адамзат жаратылысынан, табиғаттан жайдан жай орын алмаған болар. Бір діндесіміз айтқандай біз мың жылда он екі мәрте жер басатын шығармыз.

Яғни, «Ғасыр» сүресінің 2-аятында айтқандай, зиянда жүретін адамзат, мың жылда әууелгі жаратылыстағыдай тазарып, Халифалық санатқа жеткенде ғана Аллаға көтерілетін болар. Ол үшін он екі рет, бәлкім «Мағарыж» сүресінің 4-аяты ескерткендей, елу мың жыл бойы өліп, тірілетін шығар. Сондықтан Мейірімді Алла, біз дәлелге ұсынып отырған – «Зүмәр» сүресінің үмітті үзбеу жөніндегі 53-аятын түсірген.

«Әли Ғыман», «Шура» сүрелерінде бөлінбелдер, «Ниса» сүресінде туыстық байланысты үзбелдер, «Хұжрат» сүресінде бір-біріңді өсектемендер, кемсітпендер деуі, біз адамзат – біртұтастықта (бірлікте, ауызбіршілікте) Халифамыз, Әл-Халиқумыз. Алла біреу ғой және 99 есімімен, 8 сүбути сипаттарымен біртұтас, демек, біз де біртұтас болуымыз ләзім. Дана бабаларымыздың: «Күш – бірлікте», -дегені осы. Абай бабамыздың Кәлимадан дұрыс пайдалануды, бір-біріңді дос көруді айтқаны да осы тұтастықтан арылмаудың, Алланың қамқорлығында болудың ишарасы.

Міне, мыңжылдық, елу мыңжылдық бір күнде **«Ол ...Оған көтеріледі»** («Сәжде» с. 5-а) дегендегі көтерілу де осы тазару деп түсінсек қателеспеспіз, Иншалла.

Біз топырақтан шығарылатынымызды айтқан тұста, мәйіті өртелгендер мен денесі апаттарда, соғыста жоқ болып кеткендерді де сөз еттік. Осыдан да байқалатын бір Шындық – Рухтың қайта тірілетіні. Өлгеннен соң, көкке көтерілетін де, күнәсі көптіктен аспан есіктерінен өте алмаса, өсімдіктер арқылы қайта туылған Жанға басшы болып келетін де сол Рух екені.

Он екі санының әуелгі жаратылыстан («Бақара» с. 29-а) барын ойлап: «Адам (ғ.с.) ұрпағын әуелден он екі тайпаға бөлді ме екен?»-деп те қаламыз. Бәлкім, сондықтан олар күнәларына қарай осы он екінің ішінде жалғанға келіп, кетіп, тазарғанша жүре тұрар.

Енді осы 12 тайпаға бөлінген болар, деген тұспалымызды өмір Шындығына сүйеніп отырып, талдап көрейік. Бәлкім, **бірінші** тайпадағылар, Шындықпен жасап, Шындықпен өліп, аспан есіктерінен сәтті сапармен өтіп, Бейішке тартар. Ал, «Фатыр» сүресінің 32-аятын дұрыс түсінбей, өзінше орта жолда болған күнәкарлардың Рухтары көкке көтеріле алмай, сынақтардан өткеру үшін, мұрсат беріліп («Әли Ғымран» с.178-а), мынандай топтарда қайта жер бастырылар: Бейіштікке жақындары, өте күшті Иманды ананың отбасында қайта туылар, бұл – **екінші** тайпадағылар болар, бұлар анасы – отбасы мінсіз Иманды болғандықтан, ішкі-сыртқы мәдениеттілікке әдемі тәрбиеленіп, Тақуалыққа жетіп, кейін Бейішке өтер;

-және бір ұнатқан Құлын тәуір Мұсылман ананың жатырына жіберер, бұл – **үшінші** топтағылар болар, бұлар Алладан үміті күшті ұмтылушылар болар;

-сәл нашарлауын Иманы орта жолды ұстайтын ананың жатырына түсірер, бұл – **төртінші** топтағылар дейік, бұлар Кәлима айтып, құлшылық етіп жүргенмен, амал жүзінде бұл дүниені жақсы көретіндер;

-одан төменін мұнафиқ ананың жатырына салар, бұл **бесінші** топтағыларға кірер, көп өтірік айтатын («Хаж» с. 30; «Әнбия» с. 18-а), уәдесінде тұрмайтын («Әли Ғымран» с. 76-а) бұлар қайта дозаққа баратындар болар;

-**алтыншы** топқа бөлінетіндер құдайсыздар шығар, себебі, олар Алланы мойындамайды, бірақ, әділдік үшін күреседі;

-**жетінші, сегізінші, тоғызыншы** топқа айырылатындар «Бахара» сүресінің 6–20-аяттарында айтылғандар болып, әйтеуір аналардың перзенті боп туылар;

-одан да кейінгілерін берекесіз әйтеуір біреулердің отбастарындағы, ана атына жүрген екі қабат әйелдердің қуанышы етер, бұл – **оныншы** тайпадағы пенделер болар;

-**он бірінші** тайпаға жататындарын жындардың тобына қосар;

-Алланың қарғысын алғандар («Мәида» с. 60; «Әнғам» с. 38-а), **он екінші** тайпадағылар болар, оларды дозақтың ең төменіне: маймылдар мен хайуандардың, доңыздардың жатырына жөнелтер.

Осылай шығар. Біз әбден тазарғанымызша осы 12 тайпаның бірінен біріне өтіп, өліп-тіріліп жасай беретін болармыз.

Алла «Ісра» сүресінің 95-аятында, «(Мұхаммед с.ғ.с.): **Егер жер жүзінде бейбіт жүргендер Періштелер болса еді, әрине, оларға көктен Періште Елші жіберер едік», ...**», -дейді. Келесі Аятта: «Оларға: **«Алла сендер мен менің арамызда куәлік тұрғысынан жетіп асады. Шын мәнінде Ол – Құлдарынан толық Хабар Алушы, аса Қырағы»-де**», -дейді. Ал, «Әнбия» сүресінің 26-аятында Періштелер – Алланың Ардақты Құлдары екенін жеткерсе, «Хұжрат» сүресінің 13-аятында Өзінің құзырындағы Ардақтылар тек Тақуалар екенін айтқан. Осы Аяттар пенденің Періштедей таза болуын, Мұхаммед (с.ғ.с.) пенделерден гөрі Періштелерге жақын дәрежеде екенін ұқтырады. Демек, Бейішке жету үшін осыншалықты дәрежеде таза болуымыз керек екен.

Мұны «Дұхан» сүресінің 56-аятынан да байқаймыз. Онда: **«Ол жерде дүниедегі алғашқы өлімнен басқа ешбір өлім татпайды. Алла оларды дозақтың отынан сақтаған**», -деген. Осындағы: **«...дүниедегі алғашқы өлім...»**, бұл – Тақуалығымен Алланың толық ризашылығына жеткен, нағыз Бейіштік деп іріктеп ризашылықпен өлтірілген Тақуа. Яғни: «Қорқақ күнде өледі, батыр бір өледі», демекші, Бейішке лайықты ризашылықпен өлтірілу – бірінші өлім болып есептеледі. Қалған өлімдер – күннің батып қайта шыққанындай, тап Бейіштік болып тазарғанша жалғаса беретін, көп келіп-кету («Фурқан» с. 14-а).

Бейішке лайық болу дегенде «Ағраф» сүресінің 189-190-аяттары еске түседі. Адам (ғ.с.) мен Һауа (р.а.) Алладан игі перзент тілеп еді. Алла оны берді. Бұлар әуелгі кездегідей Алланың Өзімен бірге болып, перзентінің бақытты келешегі үшін Алланың көркем тәрбиесін сұраудың есесіне, әп-әдемі, сүп-сүйкімді сәбиімен алданды; Аллаға сүйсінудің орнына сәбиіне сүйсініп, оны соншалықты сүйкімді етіп берген және өздерінің оған сүйсінуге лайық Мейірім берген Алланы ескермеді; келешегі туралы да Алладан тілемей, баласынан үміттеніп, Алланы ұмытты – оны Алламен теңдей дәрежеде көрді, Аллаға серік етті. Сол себепті Алла, ойларына сенген оларды алданыштарына қалдырды да соңында бұзықтық пайда болды*.

* Бабаларымыз: «Балаға сыртынан сүйсін, мейірімді сездірме», - деген.

Бұл екі Аяттан біз алатын сабақ – балаға сүйсінгендей ықыласпен Аллаға сүйсіну; қандай жағдайда да баладан емес, Алладан ғана үміт ету. Сонда біз Аллаға баламызды серік қоспаған боламыз. Бейішке баратындай сапада тазару деген осы. Құлшылығымыз да осы амалымызбен қуаттанып, Алланың құзырында қабыл болып, бізді Бейішке бастайды.

«Ағраф» сүресінің осы екі Аяты мен әуелдегі жаратылуымыз жайын ескерткен Аяттар да әбден тазару хақындағы сөздерімізді қостайтындай. Адамның жаратылуы хақында «Хыжыр» сүресінде: «Расында, адамды **бейнеленген қара балшықтың сыңғырлап құрғағанынан жараттық**» (26-а), «Бейнеленген **қара балшықтың кеуіп, сыңғырлағанынан адам жаратамын**», ...» (28-а), деп және: «Әнғам» (2-а), «Ағраф» (12-а), «Мүминұн» (12-а), «Сәжде» (7-а), «Саффат» (11-а), «Сад» (71-76-а), сүрелерінде де айтқан. Ал, «Рахман» сүресінде: «Ол адамзатты **құмырадай сыңғырлаған құрғақ топырақтан жаратты**» (14-а),-деген. Осы 26; 28; 14-аяттарға тереңірек мән берсек, тап сыңғырлаған құмырадай болғанымызша туылып, өліп жүре береміз, әрине. Әйтпесе, осы жаратылысымызды бір рет қана айттып қоя қойса түсінікті еді ғой! Неге бірнеше Аятта қайталаған және неге бірнеше жағдай он екі санымен белгіленіп тұр?

Балшық жайын да көп қайталаған. Бұл, біз ешқандай күнә жасамай, құмырадай сыңғырлаған таза Иманды болғанымызша, бұл жалғанға ғасырлар бойы, бірде адам, бірде өсімдік, бірде хайуан, бірде жын болып он екі рет келетініміздің ишарасы. Онда да түзелмесек, келесі мыңжылдықта тағы... сынаққа келе береміз.

Алла «Мағарыж» сүресінің 3-4-аяттарында: «**Ол азап биік дәреже Иесі – Алладан**». «**Ол жоғары орынға Рух және Періштелер мөлшері елу мыңжылдық бір күнде шығады**»*, -деп, 5-7-аяттарында: «**(Мұхаммед с.ғ.с.) енді көркем сабырмен сабыр ет**», «**Олар Қияметті ұзақ көреді**». «**Біз жақын көреміз**», -дейді. Бұл да мыңжылдықтарда қайта туылуды ишаралап отыр.

* Бір аудармада: «биік дәреже Иесі...», -десе, екіншісінде: «аспан баспалдақтары...», -деген; тағы бірінде: «аспан сатылары...», -деген? Біз «биік дәреже...», -дегенін мақұл көрдік.

Алдыңғы тақырыпта Рух туралы жан-жақты айттық. 6–7-аяттардағы: **«...Қияметті ұзақ көреді». «Біз жақын көреміз»**,-дегені, біріншіден, үлкен белгілерінің бірден келіп қалуы болса, екіншіден, марқұмның жер бетіне қайта сынаққа келуі, деп түсінгеніміз Иманымызды күшейтеді.

«Біз **жақын** көреміз»; имансыз пенде жерде жетпіс жыл («Хаққа» с. 31-а) жасап, күнәлармен өліп, аспан есіктерінен өте алмай және қайтып келді. Жақын. Алланың алдындағы бір күн – жердегі мың жыл («Хаж» с. 47-а) есебімен есептегенде, 70-80 жыл – өте жақын.

Мәселен, біз бір қылмыскерді жақсы танимыз. Оның жаза алмай өлгенін біліп, жаза алмай аман кетті, деп Алланың ісіне түсінбей ренжиміз. Сонда Алла: «Уа, Мұхаммед және Құлдарым, көркем сабыр етіндер, біреу жазасын алмады, деп ренжімендер, оған Қиямет жақын. Оған мұрса беріп, жер бетіне сынаққа – Қияметке тағы келтіреміз. Ол түзелер, түзелмесе, мың жылдағы келістерінде жөнделер, өстіп елу мың жыл бойы өлтіріп, қайта туылдырып сынаймыз, бәлкім, бір келісінде қиналғаннан Мені есіне алып, іздер, табар, жалынар Тура Жолыма түсер. Жоқ, елу мыңжылдықтың арасында да Иманға келмесе, мәңгілік дозаққа кетеді»,-деген ескертуі болар...

Сондықтан осы пікірге тоқталып, бұл қайсы мыңжылдықтағы нешінші келуіміз екеніне қарамай, өзімізді түзеп, Аллаға ынтығып, Кәлимамызға адал амал жасап өтсек, Иншалла, аспан есіктері ашылып, амалдарымыз жеткерген Бейіштердің бірінде, **«...шашылған інжудей...»** жастардың қасында, мәңгілікке қалармыз. Құдай соған жеткерсін!

Бар қызық, барлық рахат атаулы сол Бейіштерде. Жердегі тірлік – гәп! Абай бабамыздың, ғылым, ілім, білімнен басқа нәрсемен біреуден оздым, деу ақымақтық, дегені – осы! Шынайы ғылым адамы, «Адамзатты Ислам ғана құтқарады»,-деп әлемге жар салған, ағылшынның атақты қаламгері Бернард Шоу сияқты мойындап; «Кезкелген ақыл иесінің соңғы табан тірейтін нүктесі – Ислам»,-деп, Мұсылман болған, ұлы жазушы Лев Николаевич Толстойдан үлгі алып, **міндетсіз жақсылықтар жасаудан жарысады.**

Он бесінші дәлел

Он бесінші дәлелге «Мәида» сүресінің 48-аяты тура келіп тұр. Аятта: «(Мұхаммед с.ғ.с.) саған шынайы түрде Құранды өзінен бұрынғы Кітаптарды растаушы және оларды қорғаушы түрінде түсірдік. Олардың араларына Алланың өзіне түсіргенімен үкім қыл. Өзіне келген Шындықтан айрылып, олардың ойларына еліктеме! **Сендердің әрбіреулерің үшін бір жол- жоба қойдық.** Егер Алла қаласа еді, барлығыңды бір-ақ үммет қылар еді. Алайда, сендерге берген жол-жобаларыңда **сынамақшы.** Ендеше **жақсылыққа жарысыңдар.** Біртұтас барар жерлерің Алла жақ. Ол сендердің таласқан нәрселеріңді білдіреді», - деген. Демек, Алладан келген төрт Кітаппен жүргендердің және оларға бағынбайтындардың барлығы да Алла қалаған, Алла салған Жолмен жасауда. Алла «Әли Ғымран» сүресінің 85-аятында, Өзінің құзырында қабыл болатын дін, тек Ислам діні ғана екенін ескерткен. Онда неге 48-аятта сынау үшін салған Жолдарыңда **жақсылыққа жарысуды тапсырған?** Жарыста озғанмен ғайридіндердің діні қабыл болмайды ғой?!

Міне, осы сұрақтың жауабы да біздің қайта тірілу – қайта туылу, деген пікіріміздің бір кемісін толтырады.

Алла Өзіне серік қосқандардың барлық амалы желге ұшатынын ескерткен. Бұған қарсы «Зүмәр» сүресінде (53-а) күнәкарлардың Өзінен үміт үзбеуін де мұқияттаған. Және бір Аятында жақсылықтарға жарысқандардың сыйлығын беру («Жүніс» с. 4-а) үшін қайта тірілетінін айтқан. Жарыс пен сыйлықты тек Мұсылмандарға айтқан десек, 48-аяттың: «... **Сендердің әрбіреулерің үшін бір жол-жоба қойдық. ...Алла қаласа барлығыңды бір-ақ үмбет қылар еді. ...сендерге берген жол-жобаларыңда сынамақшы. Ендеше жақсылыққа жарысыңдар...**», - деген ескертулерге қарсы шыққан боламыз. Демек, бұл ескерту барлық діндегілерге ортақ. Бұдан келетін түсінік, ғайридіндер де, Мұсылмандар да өз діндерінің абройын көтеру үшін әр істі әділ бағалап, ғылымшылдық етіп, Аллаға жақындай түседі; осы екпінмен дүниеден өткенде, ғайридіндердің ең озаттары Мұсылман болып туылып, Мұсылмандардың Тақуалары Момын болып туылып, Бейішке өтіп, екінші санаттылары дәрежелермен қайта жер басып, айналыс жалғаса беретіні.

(Осы сияқты әділдік жолында өткен ғайридіндер Мұсылман бақытымен туылып сыйлықтанса, Мұсылман болып туылғандар ғайридіндерге («Нахыл» с. 92-а) ергені үшін қарғалған, адасқан болып, тіпті, ниеті мен киінуіне, жүріс-тұрысына сай жындар тобында қайта туылар).

Біз көзімізге көрінбейтін жындардың да жалғыз Аллаға құлшылыққа жаралғанын білеміз («Зәрият» с. 56-а). Құлшылық қылғанмен жын Бейішке бара ма? Ол туралы Аят жоқ. Хадис те айтылмаған. Керісінше, Мұсылмандарға өзін түзету («Мәида» с. 105-а) тапсырылған. Бұдан шығатын қорытынды да сол жындардың өзін түзегендері нағыз Мұсылман адам болып туылып, сыннан жақсы өтсе, сосын Бейішке баратыны.

Ал, «Мұнафиқун» сүресін талдасақ, осы он бесінші дәлеліміздің керісін көреміз. Сүре мұнафиқтардың әрекетін ескертіп бастап, 3-аятында: **«Міне, расында олар, Иман келтіріп, кейін қарсы келгендіктерінің салдарынан жүректері бітелгендер. Енді олар түсінбейді»**, -дейді. Біз мұны тек Мұхаммедтің (с.ғ.с.), Одан алдыңғы Пайғамбарлардың қауымдары деп түсінсек, әлбетте күнә арттырармыз. Дұрысы – бұлар 100-200 жыл бұрынғы дәуірлердегі, Мұсылманшылықты күн көріс жолындай түсініп, өзі де адасып, халықты да жаңылдарып өткен екіжүзділер, деп танығанымыз. Алла «Рахман» сүресінде: **«Жақсылықтың сыйлығы – жақсылық қана»** (60-а), -деген. Құлдарына Рахымды Алла неге бұлардың жүректерін бітеген? Әлбетте, бұлар «Бақара» сүресінің 14-15-аяттарында айтылғандай, Кәлима келтіріп, халыққа Иманды болып көрінгенімен, оңаша қалғанда, өз әмпәйластарымен ұшырасқанда арамдығын істей беретін: уәдепаздар, мақтаншақтар, өтірікшілер, лауазымпаздар, даңққұмарлар, мақтау сүйгіш («Әли Ғымран» с. 188-а) дүниеқоңыз пасықтар...

Сүре бұдан кейінгі Аяттарында: **«...оларды көрген кезде, тұлғалары сені таңырқатады. Олар сөйлесе, сөздерін тыңдайсың... Олар – дұшпан. ...олардан сақтан...»** (4-а), -деп, олардың тұлғалылығын, сөйлеу мәнерінің жағымдылығын және олардан сақтануды айтып, 9-аятында: **«Әй, Момындар!...»**, -деп, кеңес береді. Осы кеңес, сүренің сырын толық ашады. Яғни, олар да кезінде сендердей Иман келтірген еді, сырт көзге Мұсылман еді, бірақ, іштей қарсы болатын, өздеріне тиесілі

амалдарды өз мәніндегідей толық орындамайтын. Сондықтан олар пейіліне қарай мұнафиқ болып туылды. **«Сендерді малдарың, балаларың Алланы еске алудан тоспасын...»**, яғни, малдарыңның, балаларыңның көптігіне сенбеңдер, **«Әлде кім бұны істесе (малдарының, балаларының көптігіне сенсе) міне, солар – зиян тартушылар»** (9-а),-дейді. Демек, бүгінгі мұнафиқтар – бұдан бұрынғы өмірінде Мұсылман атын жамылып, осындай екіжүзділігімен Исламды бүлдіргендер, **«...Иман келтіріп, іштей қарсы келгендер...»**.

Кеңестік кезеңдегі көркем әдебиеттерден молдалар жайында біраз оқыдық. Барлығына сенбесек те, арасында Шындық жазылғанына дау жоқ.

1965 жылдардың мына бір оқиғасын айтайық. Үш ұлымен жесір қалған ана, мал өсіруші фермада істейді. Айына 15-20 сом айлық жалақы алады. Үлкен ұлы мектеп бітірген. Мектепте бастауыш сыныптарды оқытады әрі өзі институтта сырттай оқиды. Ана осы ұлын тіршілікке ұмтылдырып, айлық жалақысынан жүз сом ақша жинап, көктемде, шопандардан 20 сомнан бес қаракөл тері сатып алғызады. Бұл бес теріні екінші бір шопанға бес марқа қозыға ауыстырады. Сөйтіп, бұл бес марқаны бағып, тіршіліктеріне пайдаланады. Үш жыл осылай тірлік етіп ел қатарлы жасап келе жатқан.

Ауылда Бұхарада медресе бітірген молда болатын. Жесір ананың осы тірлігінен хабар тапқан ол, келесі көктемде бұларға көмектесуге сөз беріп, бұлардың жинаған жүз сомын қолына алады. Бірақ, бес тері емес, төрт тері әкеп береді. Ер адамның бетіне тік келіп үйренбеген әдепті ана да, ұлы да әділдікті Алладан күтіп, молдаға үндемейті. Алғыс та айтпапты...

Иманын жоғалтқан молда, мұнысының елден ұят екенін білгенімен, Алладан ұят екенін білген жоқ еді. Себебі, ол тілімен Кәлима келтіргенімен, Алла – барлық нәрсені Көруші, барлық дыбысты Есітуші, жүректердегіні, ашық-жасырын іс-әрекеттерді Білуші екендігіне – Шындыққа сенбейтін.

«Мұнафиқун» сүресінің өмірдегі көп дәлелдерінің бірі осы. Бұндайлар Жәннатқа бара ала ма?!... Әлбетте, жазасын алу үшін, қайта туылады.

Он алтыншы дәлел

«Әли Ғыман» сүресінің 100-102-аяттарынан Кітап берілгендерге ермеуді, кім Аяттарға, Мұхаммедтің үгіттеріне ерсе, Тура Жолға түсірілетінін, Мұсылман болған күйде өлу керектігін ескертіп, 103-аятында: «Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысыңдар да бөлінбелдер. Сондай-ақ, өздеріңе Алланың берген нығыметін еске алыңдар. **Өйткені, бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды.** Оның игілігімен туысқа айналдыңдар. **Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды.** Алла сендерге Тура Жолға түсулерің үшін, Аяттарын осылайша баян етеді», - деген. Осы Аяттың Өзі де біздің бұдан бұрын жасап өткенімізді білдіреді – қайта тірілу деген, қайта туылу екеніне бірден бір дәлел. Аяттағы оқиға ежелгі заманда болған (хадис бар). Ортада өткен зұлым патшаларды айтпағанда, бізге бұл заман Сталиннің кезінде 1935-1938 жылдар аралығында келді. Сонда «үштік» деген шыққан. Біреудің үстінен үш адам бірігіп арызданса, ол камалған, тергелген, атылған.

Осыдан жүрегі шайлыққан аталарымыз бен әжелеріміз, жандарын шүберекке түйіп жүріп жасағанын естеліктерден жақсы білеміз*. Осы репрессия Аяттағы отты «**...шұңқырдың ернеуі...**» еді. Егер біз дүниеге жаңа адам болып, тіке келіп тұрған болсақ, Алла үлкен тарихты «**едіңдер**», деп ескертпей, тіке Тура Жолының Өзін ғана айтып қоя салар еді. «**Едіңдер**» дегені, біздің репрессия жылдарында немесе сондай – Алланы айттырмайтын зұлым патшалар заманында бұл жалғанға келіп-кеткенімізді ескертіп отыр. Енді Тәуелсіз еліміз сенімге үлкен жол ашылған. Осы нығыметтен пайдаланып, 102-аятта («Әли Ғыман» с.) айтылғандай, Алладан қорқып, Мұсылман болған күйде өлейік.

* Алланың дозақ үшін де адамдар жаратқанын білмейтін, Алла түзегендерді түзеп, әділдік орнатамын, деген, құдайсыз империя, Сталиннің кезінде «үштік» дегенді шығарған. Кезкелген адамның үстінен үш адам қол қойып арызданса, ол қылмыскер есептелген. Оны сол кездегі полиция (ХКІБ) қызметкерлері түнде тосаттан келіп, екі қолын артына байлап апарып қамап, «үштік» жазған жалған дәйектерді зорлап, аяусыз азаппен мойындаттырған...

Он жетінші дәлел

Он жетінші дәлелге лайықты «Бақара» сүресінің 38-аятының орны енді келді. Құранның біздерге дейінгілерге де, біздерге де, біздерден кейін келіп-кете беретін сансыз ғасырлар ұрпақтарының барлығына түскен мәңгілік Кітап екеніне ешкімнің күмәні жоқ. «Ниса» сүресінің 174-аятында: **«Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ, сендер үшін бір ашық Нұр түсірдік»**,-десе, «Әли Ғыман» сүресінің 138-аятында: **«Бұл Құран – адам баласы үшін ашық түсінік, Тура Жол және Тақуалар үшін насихат»**,-деген. Аяттардағы: **«...адам баласы...»**,-дегені – мәңгілікке келіп-кете беретін күллі адамзат – түгесілмейтін ұрпақ.

Ал, «Жүсіп» сүресінің 111-аятында: **«Әрине, Пайғамбарлардың қиссаларында ақыл иелері үшін өнеге бар. Құран бір жасама сөз емес. Өзінен бұрынғы Кітаптарды растайды. Сондай-ақ, Иман келтірген ел үшін әр нәрсені ашықтайтын Тура Жол және Игілік»**,-деген. Міне, осы үш Аяттан кейін Құрандағы бір Аятты не бір оқиғаны бізге қатысты емес, деп айта алмаймыз.

Осыған келіссек, онда «Бақара» сүресінің 38-аяты Адам (ғ.с.) ата мен Науаға (р.а.) ғана емес, бүкіл адам баласына тиесілі.

Егер тек Адам ата мен Науа анамызға ғана айтылған болса, оларға Тура Жол – парақтар түсіп тұрды. Онда неге Алла: **«Ра-сында бұрын Адамға үкім берген едік. Алайда, ол ұмытты. Оны төзімді таппадық»** («Таһа» с. 115-а),-деп, оларға налиды. Екіншіден, Бейіште шайтанға бір алданып, жерге түскесін, Алладан перзент тілеп, перзентті болғасын тағы шайтанға алданды*. Сол алдану жерде туылып өскен барлық ұрпақтарына жұғып, олар өлгенде аспан есіктерінен өте алмай, біздің заманға жетті. Бүгінгі жер басып жүрген біздер солардың ұрпағымыз, Алланың Тура Жолынан адасып, аспан есіктерінен өте алмай қайтадан туылып, жасап жатырмыз.

Бұған келіспесек, «Иасин» сүресінің 68-ші және әр нәрсенің өлшемі, мөлшері, саны айтылған Аяттарды жалғанға шығарған боламыз – үлкен күнәға батамыз. Қияметте тірілу – қайта туылу, деген пікірімізге бұл да бір нақты дәлел.

Біз «Ағраф» сүресінен (172-а) Алланың **«...адам балаларының белдерінен...»** мың («Хаж» с. 47-а), елу мың («Мағарыж» с. 4-а) жылдықта жер бетіне келіп-кететін ұрпағының ұрығын

шығарып, уәдесін алғанын жақсы білеміз. Бірақ, Адам ата мен Һауа ана Бейіште-ақ, Алланың: «Мына ағашқа тимендер», деген ескертуін елемей, шайтанның өтірігіне сеніп, сол уәдені бұзды. Алладан шайтанды сенімді санады. Қандай үлкен күнә?!...

Бұл кезде аталмыш мың жылдықтарда келіп-кететін ұрпақтың ұрығы Адамның (ғ.с.) белінде еді. Алла бұларды Жәннаттан жерге түсірерде: «...**Менен сендерге бір Туралық келсе, сонда кім Тура Жолыма ерсе, оларға қорқу жоқ әрі қайғырмайды...**» («Бақара» с. 38-а),-деп ескертті. Мұның мағынасы – Тура Жолдағылардың аспан есіктерінен оңай өтіп, Адам мен Һауа шығарылған Бейішке баратыны. Алла ол уақытта дозақ үшін де адамдар мен жындар жаратқанын («Ағраф» с. 179-а), «...адасуға тиісті болатындар» мен өздеріне «зиян келтіретіндер... орта жолда болатындар» («Ағраф» с. 30; «Фатыр» с. 32-а) хақында айтпаған еді. Адам мен Һауа ана жерге түсіп, Алладан перзент тілеп («Ағраф» с. 189-а), перзентті болғаннан бергі жерде күнәларға жол ашылды. Басы Адам мен Һауаның Бейіште Алла тиым салған нәрсеге тиюі және перзентін Аллаға серік еткені болса («Ағраф» с. 190-а), жалғасы – Қабылдың інісі Әбілді өлтіруі...

Міне, осы күнәлар адамзаттың арасында жойылмай келеді. Алладан бұрын баламызды ойлаймыз. Қабылдан қалған **қызғаныш** пен адам өлтіру; Алла тиым салған: пара алу, ұрлық жасау, зина, өсім жеу, тәкаппарлық, құмарпаздық, арам жеу, бір-бірін кемсіту, ысырапкершілік, өсек айту.... басы бұзылмай сақталып келеді. Егер пенде қайта жер баспайтын болса, басы Адам мен Һауадан, Қабылдан басталған осы пендешіліктер **қайталанбас еді. Жалғанға жаңадан келгендер басқаша өмір сүрер еді.** Олар қайталанды. Сол себепті көп Пайғамбарлар жіберілді, парақтар мен белгілі төрт Кітап түсті.

Бұл күнә-қылмыстар неге Мұхаммед пен Құраннан кейін де қайталананды? Себебі, Адамнан, кейіні Нұхтан («Һұд» с. 48-а) бергілердің Алланы, Оның Тура Жолын мойындамайтындары, аспан есіктерінен өте алмағандар – күнәсінен тазармағандар, емтиханға қайта келген оқушы сияқты жер бетіне қайта келеді. Сондықтан Алла «Мәриям» сүресінің 71-72-аяттарында: «**Сендерден дозақты сырт айналып өтетін ешкім болмайды. Бұл – Раббыңа тұжырымды, міндетті бір үкім.** «Соңыра Тақуаларды құтқарамыз да залымдарды дозақта жүгіндіріп қоямыз», -дейді.

Он сегізінші дәлел

Он сегізінші дәлелді «Шарх» сүресіне шарық жасаумен баяндайық. Бұл сүрені талдап көрсек те, осы мыңжылдықтағы тірілулерді меңзеп тұрғанын байқаймыз. Көпшілік бұл Аятты тіке Мұхаммедке (с.ғ.с.) арнап түсірілген, дейді. Негізінде, бұрыннан айтып жүргеніміздей, Мұхаммедке (с.ғ.с.) айтылған кеңес, өсиет, тиым – бүкіл адамзатқа келген Тура Жол.

Құран – біздің үлкен-кішіміздің, Мұсылманның, ғайридің-кәпірдің, мүртәд-мұнафиқтың өткен өмірі. «Қызым, саған айтамын, келін, сен тыңда», -демекші, күллі Пайғамбарлар (с.ғ.) мен Мұхаммедке (с.ғ.с.) айтылғанның барлығынан, Жәннаттан үміті бар біздің әрбіріміз тағлым алуға міндеттіміз.

Аллдан қорыққан Мұсылман баласына бірден бір ескерер жай, жаңа (17-дәлелде) айтылған «Жүсіп» сүресінің 111-аятындағы кеңестен пікір түйіп, сондағы «Әли Ғымран» сүресінің 138; «Нұр» сүресінің 174-аяттарына және «Хаққа» сүресінің 12-аятындағы: «... (Бұл Құранды) сендерге өнеге және естір құлақтарға есітіп сақтану үшін ғибрат қылдық», -деген ескертуіне шын ұжданнан амал жасап, Құранның әрбір сөзін өзіне айтылған жанашырлық, ғибрат, достық деп қабылдап, Тура Жолда болу.

Біз осы «Шарх» сүресін талдау арқылы, расында да сүренің, атеистік қоғам құрсауынан шыққан бізге және бүгінгілерге – қайта жер бастырылғандарға түскеніне көз жеткереміз.

Сүреде «...көңіліңді ашпадық па?» (1-а)-дейді. Біздің ойымызға «Бақара» сүресінің 6-7-аяттары түсіп, Өзіне ғана құлшылық жасап жүрген бүгінгі біздің көңілімізді Өзіне ашқанын түсінеміз. Кеңірек талдасaq: «Әуелгі өмірінде Құранның қазақшасы жоқ еді, бірақ, жалғыз Мені іздеп, қазақша аудармасын армандаушы едің, аспан есіктерінен өте алмай қайта туылуға бұйырылғаныңда, Мені іздеген ниетің үшін сені Мұсылмандыққа бейім пейілде туылдырдық, замандастарыңа қара, олар басқа («Мәида» с. 48-а) жолда, сен Менің Жолымдасың, қолыңда Құранның қазақша аудармасы бар әрі ғылыми дәлелдер жеткілікті», -дегені; екінші мағынасы, КСРО кезінде атеистер азғырып, жүрек көзің жабылған еді, Тәуелсіздікке жеткеннен аштық, дегендей.

Ал, мыңжылдықтармен есептеп кеңірек айтқанда, бұл «Іншиқак» сүресінің 6-аяты бойынша, Аллаға ықыласты барлық

пендеге айтылған ескерту. Алла Өзі қалаған Құлының көңілін Өзіне ашады. Бұлар кімдер? Бұлар алдыңғы өмірінде (Мәселен, 1916 жылдары) Алланы танып, бірақ, арапша білмегендіктен Құранды өздері түсінбей, «Мен білемін», дегендер дұрыс түсіндірмегендіктен жүрек көздері ашылмай, Аллаға ынтығып өлгендер. Осы махаббаттары себепті сынау үшін олар жалғанға, сол ынтыққан ыстық махаббаттарымен қайта келтірілді*. Сондықтан олардың бойында Иман, сабыр, шүкіршілік, ұят, ынсап деген қасиеттер бар – дүниені ұстап тұрғандар да осылар; **«Жүгіңді түсірмедік пе?»** Бұл тұста заманнан заманның дамығанын айтқан. Біздерге: «Бұрынғы жасаған ғасырың қалай еді? Бүгін қандай? бұрын таң қылаң бергеннен, қараңғы түскенше еңбектенетін едің. Бүгін сегіз сағат қана жұмыс істейсің. Жүгің жеңілдеген – уақытың кең», - дегені; **«...беліңді майыстырған»** – қол еңбегімен ғана тірлік еткен, өткен замандар, бүгінгі замандардан ауыр болғаны Шындық, әрине. Ол заманның тірлігі белді майыстырған қиыншылық болатын; **«абройыңды көтермедік пе?»** Бұл – Мұсылман атандырмадық па?-дегені. Ақыл-есі бүтін жанға Мұсылман болу – үлкен бақыт, биік мәртебе. Екіншіден, кешегі кеңестіктер заманындағы кемсітушілік пен мүсіркеуден –Жаның мен Рухың азаптанған күндерден құтқарып, бүгінде абройлы, дәулетті жасатып отырмыз, дегені; үшіншіден, 1920 жылдан бұрынғы замандарда тек байлар ғана сауатты болатын, бүгінде қабілеті бар пенденің барлығының, сенің де сауатың бар, дегені; **«Негізінде ауыршылықпен бірге бір жеңілдік ... қиыншылықпен бірге бір оңайлық бар»**. Мұның бір мағынасы, құлшылық Жолына түсуге байланысты: біреулерге Аяттарды жаттау, құлшылық амалдарын жасау алғашында қиынға соғады. Көңіл қойып жаттауға тырысқан сайын, Рух пен Жан Аяттардан қуаттанады, нұрланады. Жүйкені мазалаған дерт, уайым-қайғы әлсірейді. Бұл – ауырлықпен бірге келген жеңілдік; ал, амалдарға жаттыққаннан кейін бәрі оңай бола қалады. Екінші мағынасы, жоғарыда айтқанымыздай әлеуметтік жағдайлар...

Енді тақырыбымыз бойынша талдайық. Қайда қашса да Алланың алдына баратынын білетін бір пенделер (мәселен, кешегі заман коммунистері), 70 жыл өмір сүріп, тірлігінен уақыты

* Бәлкім, қазіргі Әбу Ханифа мәзһабын ұстап, ҚМДБ-сының пәтуасымен жүрген Ақылдылар, әрине.

ауыспай (биліктен қысым көріп) құлшылық жасай алмай өлді. Кешірімді Алла оның Өзіне ықыласын біледі. Бірақ, ол, Алланың өзіне жазған тағдырымен солай өтті.

1987 жылдан кейін* келіп тұрған оған Алла: «Көкрегінді аштық, арқана салмақ түсірген ауыртпалықты алдық, аброй бердік», -деп, баяғы өмірін баяндап, жеңілдікке жеттің, тірлігің оңайға ойысты, енді **«босай қалсаң тырыс»**. **«Раббыңа ғана бел байла»**, -дейді.

Егер бұл сүрені, мың жыл мен бір күнді ескермей не білмей, оқысақ, түсінуіміз қиын болар еді. «Жоқ! Бұлай емес!» -дегендер өз дәлелін айтар. Ол кезде, алдымен «Хыжыр» сүресінің 90-91-аяттарына қарсы амал болады, екіншіден, сүре тек Мұхаммедке (с.ғ.с.) ғана немесе бір қауымға ғана арналған болып, Құранның насихат шеңбері шектеледі. Бәлкім, бұл шектеу, Алланың Сөзіне және Құранның бүкіл адамзатқа түскені хақындағы Аяттарына қиянат болар.

«Шарх» сүресімен мағыналас мына Аятқа («Әнфал» с. 26-а) назар аударайық. Аятта: **«Сол бір заманды ойлаңдар. Сендер аз едіңдер де жер жүзінде езілген едіңдер. ...сендер адамдардың бас салып алып кетуінен қорқар едіңдер. ...Алла сендерді орналастырып, Өз көмегімен қуаттады. Сондай-ақ, сендерді жақсы нәрселермен қоректендірді, әрине, шүкір етерсіңдер, деп»**, -деген. Бірінші сөйлемді оқығанда кешегі құдайсыздар үкіметі (1920-1991 ж) еске түседі. Екінші сөйлемдегі: **«...аз едіңдер де... езілген едіңдер»**, дегені – сол замандағы Мұсылмандар; үшінші сөйлемдегі **«...бас салып алып кетуден қорқатын едіңдер»**, дегені Аллаға құлшылық жасаушыларды да, әділдік үшін күрескендерді де, құдайсыздар баса көктеп келіп, алып кетіп жазалайтын; ал, **«...Алла сендерді орналастырып, Өз көмегімен қуаттады... жақсы нәрселермен қоректендірді...»**, -дегені, осы бүгінгі заманымыз. Бұған шүкір етуіміз керек. Енді Құдай сол зұлмат заманды басымызға, ұрпағымыздың басына әкелмесін. Сол үшін Алланың айтқанын қылайық, Тура Жолымен жүрейік.

Аятты тақырыбымыз бойынша талдасақ, бір жағынан екі заманды – кешегі кеңес заманы мен бүгінгі заманды айтып

* 1987 жылдан жариялылық болып, дін тақырыбында кітапшалар шығып, дін БАҚ-тарда да кең жазылып, халыққа Рухани серпіліс берді.

тұрса, екінші тұсынан сол кеңес заманында құлшылық жасай алмағанына өкініп өліп, кейінгі жылдарда қайта туылғандарға айтып отырғандай. Оларға: «Заманың құдайсыздар билеген заман еді, Маған құлшылық жасай алмай, бақилыққа үлкен арманмен кетіп едің; Мен сол ықыласың үшін сені бұл жалғанда Мұсылман шаңырағында қайта жер бастырдым, сен аңсаған заманды бердім, енді Мені есіңе ал, Менің Жолыммен жүр!»-деп, Өзінің Тура Жолына шақырып тұрғандай.

Бәлкім, бұл тартысты мәселені Пайғамбарымыз Мұхаммедтің мына хадистері шешіп, даудың нүктесін қояр. Әл-Бұхари бабамыздың Ташкеннен шыққан сахих хадистер жинағының 473-бетіндегі, 88-бабында, Мұхаммедтің Әбу Һурайра (р.а.) жеткерген бір хадисі бар. Онда: **«Мен Адам әулеттері тайпаларының ең жақсысынан көшіп өтіп, ғасырма-ғасыр, (тайпама-тайпа) өзім дүниеге келтірілген ғасырдағы тайпада пайда болдым»**,-дейді. «...Адам әулеттері тайпаларының ең жақсысынан... ғасырма ғасыр...»,-деген, сөздерге қарасақ Нұх (ғ.с.), Ібраһим (ғ.с.), Мұса (ғ.с.), Иса (ғ.с.) болып келген Мұхаммедтің Өзі болып шығады. Мұны «Ахзап» сүресінің 7-аяты да тастықтайды. Онда: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) сол уақытта Пайғамбарлардан уәде алған едік. Сенен, Нұх, Ібраһим, Мұса және Мәриямұлы Исалардан (ғ.с.), солардан берік уәде алған едік»**,-деген. Мұны «Ағраф» сүресінің 172-аятындағы, Әл-Мисақта алынған уәдеге шатастыра алмаймыз. Себебі, мұнда басқа Пайғамбарларды атамаған, тек осы бесеуін.

Бұл – бірінші дәлел. Екіншіден, егер қайта тірілу – қайта туылу емес, дейтін болсақ, барлық Пайғамбарлардың қауымдары арасында ел сыйлаған даналары (Һұд с. 116-а: «...азын құтқарды...») болғанын айтып, неге Пайғамбарлық солардың біріне қонбағанын ескереміз. Мәселен, Мұхаммедтен (с.ғ.с.) бұрын Хадиша анамыздың ағасы Алланы таныған ғалым еді... Елге қадыры бар-тын. Неге ол Пайғамбарлыққа таңдалмады? Алла жүрегіне салып, Хира үңгіріне ол баруы керек еді. Бірақ, олай болмады. Бұл дәлелдерге және бір қосымша: **«Бүкіл Пайғамбарлар бір әкеден болған бауырлар болып келеді. Діндері бірдей»**,-деген хадисті айта аламыз.

«Рағьд» сүресінің 23-аятында Иман келтіргендерді бір-біріне қосатыны айтылған. Бұл хадис те қанда бар Рухтылықтың бір-біріне қосылатынын – Оның ұрпақтан ұрпаққа көшетінін дәлелдеп тұр.

Рухтың өлмейтіні жәйлі 646-737 жылдарда өмір сүрген Тоқсары бабамыз да: «Рух өлмейді, Рух көшеді», -деп айтып кеткен. Осыларды ескергенімізде, қайта тірілу – қайта туылу екеніне күмәндануға орын қалмайды.

Жаңағы екі хадисті, Алладан қорқып Мұсылман болып өлуді, туыстықты айтқан «Әли Ғыман» (102-103-а) сүресі; түп жаратылысымызды еске салған «Ниса» (1-а) сүресі және туыстықты, сыйласуды айтқан, Тақуалықтың мәртебесін ескерткен «Хұжрат» (10-13-а) сүресі де тастықтайды.

Бұл – Адамның (ғ.с.) кешірім сұраған жері мен Ібраһим Халиулланың (ғ.с.) ұрпағынан да ізгілер туылдырылуын («Бақара» с. 124-а) тілеген жүрек сөзі. **«Ібраһим (ғ.с.) Яһуди де емес, Христиан да емес еді. Ол – нағыз Мұсылман еді...»** («Әли Ғыман» с. 67-а), Ол «... **Аллаға ынталы жүрекпен келген еді**» («Саффат» с. 84-а), -деп, осы сүренің үстіңгі – 76-83-аяттарында Нұхтың (ғ.с.) ұрпағынан жақсылар тарағанын айтса, олар – біз білетін Пайғамбарлар («Пайғамбарлар қиссасы». Алматы-2007). Бұны дін жағынан бауырлар деп қарауымыз – Адам (ғ.с.) мен Нұхтың (ғ.с.) қанынан тараған, ешқашан шайтанға алданбай тек қана аталарына Алла бұйырған, Хикметке толы жалғыз Жолды (17) ұстап келе жатқан бір ұрпақ, деп түсінеміз. Бірақ, даңқты бес Пайғамбардың арасы неге ұзақ? Тәпсірлерде 25 Пайғамбар ғана тізілген. Аңыздар бойынша 124 мың Пайғамбар. Неге осынша Ұлылардан бесеуі ғана ерекше құрметке ие?

Бәлкім, Лаухұл Махфузда әуелден Ақырға дейінгіні жазған Алла, Мұхаммед (с.ғ.с.) УП ғасырда соңғы Елші болып барады («Ахзап» с. 40-а). Құранды толықтырып, Исламды тәмәмдап түсіремін («Тәубе» с. 32-а). Содан кейін Елші жібермеймін. Алайда, ынсапсыз, нашүкір адамзат мүлде айнып азады. Сол үшін ара-арада Елші етіп жіберілген: Зәкария, Ысқақ, Жақып, Яхиялардың ұрпағынан тарағандардан Патшалар жіберемін («Әнғам» с. 87-а). Олар дүмшелер бұрмалаған Исламды, Біздің қорғауымыздағы (18) Құран бойынша өз қалпына келтіріп отырады («Әнфал» с. 17-а), деп жазған болар. Расында, тарихта, әсіресе, Мұсылман елдерінде бүкіл Патшалардың, өзімізге тиесілі: Берке ханның, Өзбек ханның, Әмір Темірдің, Тәуке ханның елді Исламмен басқарғанын білеміз. Бәлкім, олардың барлығы сол Пайғамбарлардың Рухының жетекшілігінде («Рағыз» с. 23; «Тұр» с. 21-а) өмір сүргендер болар.

Он тоғызыншы дәлел

«Нәміл» сүресінің 83-аяты. Бұл Аятты ретіне қарай, 2-ші және 6-дәлелде бір ауыз айтқан едік, енді кеңірек тоқталайық. Аятта: **«Ол Күні әр үмбеттен Аяттарымызды жалғанға шығарғандардан бір топ жинаймыз. ...олар тостырылады»**,- деген. **«...әр үмбеттен...»**,- деген. Мұны біз Нұхтан (ғ.с.) бергі барлық Пайғамбарлардың үмбеттері, деп түсінеміз. Бұлар: Яһудилер мен Христиандар және Будда дініндегілер; олардың тармақтары, сол сияқты Исламды табыс көзіне айналдырған Мұсылман атын жамылған мұнафиқтар.

Аяттың өзегі – **«...тостырылады...»** деген сөз. Егер мұны ескі тәпсірлердегідей, әлі келмеген Қияметке дейінгі тостырылу, десек, онда «Нахыл» сүресінің 77-ші, «Нәміл» сүресінің 72-аяттарын жалғанға шығарған болып, біз де бұрынғы өткендер сияқты жазаланамыз («Мұжадәле» с. 5-а).

Әрине, бұрынғылар – Аяттардан өздерін білгіш көріп, жоғары санап өмір сүргендер мен «Бақара» сүресінің 8-9-аяттары таныстырған екі жүзділер, кәпірлер. Бұлардың жастары да әр түрлі. Олар Алланың бұйрығымен өлгенімен күнәлары себепті аспан есігінен өте алмайды. Керісінше, Алла белгілеген бір уақыттарда жерге қайтады. Аяттағы: **«...тостырылатыны»**, «Мәриям» сүресінің 84-аятында ескерткендей, олардың бірінің күні толған, бірінікі толмаған. Сондықтан күні толғандарды, ізіндегілер қайта жер басып санаулы күні толғанша күттіреді. Күні толғанда олардың бірі құндақта – анасының бауырында жүрсе, біреулері қарттықтан қалжыраған. Бірі – бала, бірі – жігіт. Олардың бәрі соғыс не ашаршылық, өрт, су басу, жер сілкінісі, ауругершілік т.б. толып жатқан қинаулар мен азаптардың Алла бұйырғандарымен жазаланатындар. Сондықтан түгелденгенше алдыңғылары – бұрын туылғандар, кейін туылатындарды тосады – күтеді.

Бұл Аят та Қияметтегі тірілу – қайта туылу екенін байқатып тұр. Аяттағы: «Ол Күні...» дегені – күнәлілердің күнінің саны толған күні («Мәриям» с. 84-а). Яғни, Алланың кеңшілігіне тәубе етпей, күнәлары үстіне күнәлар қосып («Әл-Ғымран» с. 178-а) жүргендер шекке жеткенде жиналатын Күн...

Жиыrmасыншы дәлел

Бұл дәлелге «Хаж» сүресінің 21-аяты сұранып тұр. Аятта: **«Әрине, оларға зор азаптан беріде дүниенің азабын тарттырамыз. Мүмкін олар райынан қайтар»**,-деген. Аят өте түсінікті. Мұндағы: «...дүние азабы...», әрине, жалғанға кемістікпен туылу немесе осы жалғанда жазалану не «Мәида» сүресінің 60-аятында айтылған кейіпте туылу.

«...дүниенің азабын тарттыратыны...», таратып айтсақ, әрине, қарғысқа ұшырағанға дейінгі өміріндегі: авто апат, аурулар, қамаққа түсу, түрлі сәтсіздіктер т. т. деп түсінеміз. Бұлар осы жазадан кейін тәубесіне келіп, Иmandылық Жолына түссе, оларға аспан есіктері ашылар... Алланың қарғысына ұшырағандарға аспан есіктері ашылмасы анық, олар Аятта ескертілген «...зор азаппен» қайта жер басады.

Қияметтегі қайта тірілу – қайта туылу хақындағы тақырыбымызды тастықтайтын мына бір ғылыми дәйекті де тартайық. «Қасым» әдеби-қоғамдық журналдың, 2013 жылғы, алтыншы санына Мұхаммедкәрім Бектұрсынның «Біздің тарих – бұл да бір қалың тарих...»,-деген еңбегі жарияланыпты. Онда: «Амазонка-әйел бейнесі – жинақталған, жұмбақ және құпия бейне. ...ежелгі гректер бірде Африка құрлығына жақын... аралдардың бірінде өмір сүріп жатқан амазонкаларға шабуыл жасайды... Ұсталып қалған амазонкаларды кемемен Грекияға алып кетеді. Сапар кезінде олар өз басқыншыларына шабуыл жасап, оларды қырып салады. Амазонкалар кемеңі басқара алмайтын еді. Кемеңі жел Қара теңізбен солтүстікке қарай алып кете барады. Көп өтпей олар скифтер қоныстанған жағалауларға келіп тоқтайды. ... скиф еркектерімен тұрмыс құрып, далалық салт аттылардың бір бөлігіне айналған...

Америкалық Еуразия зерттеу институтының атақты ғалымы Жаннин Дэвис-Кимбел амазонкаларды зерттеуге ... жиырма жылын арнаған. ... Ресейдің оңтүстігі мен Қазақстанның солтүстігіндегі қорымдарды зерттеген. ... 2004 жылы (бұл) зерттеуге немістің Майнц қаласынан шыққан молекулярлық антропология Иоахимм Бюргер қосылады. Ғалым Еділ мен Орал бойынан табылған жауынгер әйелдер сүйектерінің ДНК-сын зерттеген. Содан соң Қазақстан мен Ресейдің шекарадағы ауылда-

рынан шыққан әйелдерінің амазонкалармен туыстығы зерттелді. Шығыс Қазақстан облысының тұрғыны Мейрамгүл Қапасованың ДНК-сы, Оралдан табылған амазонка патшайымдікімен туыс болып шыққанда таңданғанын көрсеңіз. ZDF неміс телеарнасының өкілдері Жаннин Дэвис-Кимбелдің зерттеулері жайлы сенсациялық фильм түсіріп, күллі әлемге, сол амазонкалардың тікелей ұрпақтары, қазіргі қазақ әйелдері екендігін паш етті...», дейді.

Бұл да – «Фуссилат» сүресінде (53-а) ескертілгендей, Алланың қайта тірілуді, туылу арқылы түсіндіріп отырған әлемдегі белгілерінен.

Құрандағы өсиеттер мен ескертулер – ағымдағы және бақилықтағы өміріміздің азығы. Көп тартыстар да, Құранға атүсті қарау да Аяттарды терең түсіне білмеген кемшілігімізден туады. Бірде қайта тірілудің қайта туылу екенін талдап отырғанымызда, бір намазхан түріміздің қалай болатынын сұраған еді. Өлгеннен кейінгі өмірді бақилық өмір дейміз. Бақи – мәңгі, деген сөз. Бақилықтағы дейтін себебіміз, біз бұл жалғанға екінші қайтып келгенімізде, күнәміздің салмағына қарай, «...басқа жаратылыспен...» – бөлек түрмен, мысалы, ақ болсақ, қара болып; сары болсақ, қоңыр болып; ұзын болсақ, қысқа әрі нәзік болып – бөлек бітім, басқа түрмен (19) келерміз. Әуелгі бітіміміз, түріміз жоқ болғандықтан, ол бақилық. Алла «Фуссилат» (53-а) сүресінде Өзі ескерткендей, Аяттарының барлығын дәлелдеп отырады. Дәлел үшін бағана сөз еткен, Авраам Линкольн мен Джон Кеннидидің суреттерін алуымыз мүмкін. Екеуінің де тағдыры мен бойы, ойы бір болғанымен түрлері басқа-басқа. Бұл осы кейінгі туылғанның әуелгіге ұқсамайтынын баяндаған, «Мүминұн» сүресінің 14; «Уақиға» сүресінің 61-аяттарына дәлелі.

Өмірде түрлері ұқсас адамдар да, марқұм туыстарына не атасы мен әжесінен біріне, әкесіне не шешесіне, нағашыларына тартып туылатындар; түрі ұқсамаса мінезі, қылығы не өнері ұқсап келетіндерді білеміз. Бірақ, «Иасин» сүресінің 31-аятында ескерткендей, бұлар олар емес. Осыған қарап, жылдың төрт мезгілі әр қайсысы өз «мінезімен» келетіні сияқты, әркім өз замандасымен, өз ниетіне сай мінезімен, бірақ, басқа түрмен туылады, деген тұжырымға келеміз (20).

Жиырма бірінші дәлел

Жиырма бірінші дәлеліміз – «Нәжім» сүресінің 45-47-аяттары. Аяттарда: **«Шүбәсіз Алла ер, әйелді жұп жаратқан».** **«Тамызылған бір тамшы мәни суынан».** **«Шәксіз екінші жасау да Оған тән»**,-деген. Иә, жасау, бар қылу, жоқ ету Аллаға тән күдірет. Неге Алла екінші тірілту демей, ер мен әйелді, мәни суын еске салып барып, екінші жасау деген? Анық жері, бұл Аяттарда топырақ айтылмай, ерлі-зайыптылар көрсетіліп отыр. Екіншіден, олардың өзі бір тамшы мәни суынан болғанын ескертіп: **«Шәксіз екінші жасау да Оған тән»**,-дейді. Бұл дәлелімізде, соңғы Аяттағы **екінші** сөзі маңызды. Біз осы дәлелге дейін айтылған дәлелдерді ескере отырып, бұл Аяттардың мағынасы қазір өмір сүріп жатқан өзіміздің екінші жасалуымыз, деп қабылдасақ, Аятты дұрыс түсінген боламыз. Яғни, бізге: **«Сендер өлесіңдер. Аспан есіктерінен өте алмасаңдар, бір әке мен шешеден екінші рет қайта туыласыңдар»**, деген сөз. Бұл бұрыннан айтылып жүргендей, Қияметте қабырлардан тұру емес.

Жиырма екінші дәлел

Жиырма екінші дәлелге «Уақиға» сүресінің 61-аятын алсақ, бұл да біздің тұжырымымызды тастықтайды. Аят: **«Сендердің бейнелеріңді өзгертіп, сендер білмегенді жарата аламыз»**,-деген. Аяттың мағынасы түсінікті. «Мүминұн» сүресінің 14-аятында айтқандай, өлгеннен кейін біздерді басқа түрмен қайта жер бастырады. **«...сендер білмегенді...»**,-дегенді адам деп, не хайуан деп, не өсімдік деп алсақ та Жан мен Рух бұл жалғанға қайта келетіні көрініп тұр. **«Сендердің бейнелеріңді...»**,-деп отыр. Егер біз қайта туылмайтын болсақ, бұл Аят басқаша тіркеспен түсер еді.

Жоғарыда айтқан, «Мәида» сүресінің 60-аяты да осы 61-аяты («Уақиға» с.) қостайды. **«...Алла біреуді қарғап оған ашуланса және олардан маймыл, доңыздар, тағы бұтқа табынатындар қылса, ...»**. Маймыл мен доңыздың адамнан бейнесі де, түрі де басқа.

«Хаққа» сүресінің 25-32-аяттары да біз айтып отырған Шындықты дәлелдейді. Аяттарда: «Ал, енді кімнің Кітабы солынан берілсе, ол: «Әттеген-ай! Кітабым берілмесе еді!» «Есебімнің не екенін білмесем екен!» «Әттең, іс бітіп кеткен болса еді», «Малым маған еш пайда бермеді», «Күш-қуатым жойылып кетті»,-(деп өкінеді!)» (Алла:) «Оны ұстандар да байлаңдар», «Сосын оны дозаққа салыңдар», **«Содан кейін оны жетпіс құлаш шынжырмен матаңдар»**, «Өйткені, ол Аллаға Иман келтірмеген»,-(делінеді). Осындағы жетпіс құлаш шынжыр – жетпіс жылдық өмір десек, аса қателеспейміз.

Біз әрқашан Құранда барлық Аяттар ашық түсінікпен түсірілгенін ескеруіміз керек. Әйтпесе, күмән жағаласады – күнәға батамыз.

Жиырма үшінші дәлел

«Ағраф» сүресінің 23-аятынан Адам (ғ.с.) ата мен Хауа (р.а.) ананың Бейіштегі күнәсі үшін кешірім сұрағанын, жерге түсірілгенін, сол жерде тіршілік етіп, өліп және сол жерден шығарылатынын, киім мен сәндік бұйым бергенін, шайтанның опасыздықтарын айта келіп, 28-аятта: «Олар қашан бір арсыздық істесе: **«Аталарымызды осы жолда таптық, мұны бізге Алла бұйырды»**,-дейді. (Мұхаммед:) «Шынында Алла арсыздыққа бұйырмайды. Аллаға білмеген нәрселеріңді айтасыңдар ма?»-де»,-деп, келесі Аятта: **«(Мұхаммед оларға:) «Раббым әділдікті бұйырды. Әрбір құлшылық орнында, бет алыстарыңды туралап, діндеріңді Аллаға арнап отырып, Одан тілендер. Сендер бастапқы жаратқанындай және Оған қайтасыңдар»**,-де»,-дейді. **«...бастапқы жаратқанындай...»**. Бұл: «Сендер тап осындай Имандылықпен өмір сүрсеңдер, осы **«...жер бетіндегі алғашқы өлімнен басқа өлім көрмейсіндер»** («Дұхан» с. 56-а), алғашқы Бейішке лайықтап жаратқанындай, Аллаға Бейіштік болып барасыңдар»,-дегені.

Бұл жерде Адам ата мен Хауа ана наразда тұрған жоқ, мұнда: **«Аталарымызды осы жолда таптық, мұны бізге Алла бұйырды»**,-деп, Аллаға жала жапқан қауымдар мен Құранды зерттемейтін («Бақара» с. 48; «Моминұн» с. 68-а), аталары

ештене білмесе де («Бақара» с. 170; «Мәида» с. 104; «Лұқман» с. 21-а), солар қателескен соқпақта жүріп өткендер ескертілуде. Аяттарға қарсы келгендердің аспан есіктерінен өте алмайтынын ескерсек, осы 28-аяттағылар («Ағраф» с.) – қайта туылғандар.

Жиырма төртінші дәлел

Жиырма төртінші дәлелге «Һұд» сүресінің 48-аятын қайта алдық. Мұны бірінші дәлелде Рухтың да, Жанның да белгілі санмен жаралғанын дәлелдеу үшін айтқан едік. Бұл жолы «Нұх» сүресінің 26-27-аяттарын жазып, түсінікке оңайлау етіп келтіруге тырыстық.

48-аятта: «Әй, Нұх! Саған және сенімен бірге болған топтарға Бізден сәлеметтік, молшылықпен кемедең түс! **Бір талай топты дүниеде пайдаландырамыз да сонан кейін олар Біздің күйзелтуші азабымызға ұшырайды**»-делінді». Аяттағы соңғы сөйлемді қалай түсінеміз? Алланың үкімімен, Нұхтың: «**Раббым! Жер жүзінде кәсірлерден ешбір тұрғын қалдырма**»...». «Егер олардан қалдырсаң, **Құлдарыңды Жолдан адастырады да бұзақы кәпір балаларды ғана тудырады**» («Нұх» с. 26-27-а),-деген сұрауымен Нұхтың қауымы жер бетінен мүлде жойылды.

Біз айтып отырған қайта тірілу – қайта туылу екені осы жерде де анық көрінеді. Нұхтың сұрауы бойынша, қарсылар топан суға тұншықтырылып, жер бетінен жоғалды.

Онда кейінгі қауымдар неге азды? Әрине, соңғы ұрпақтың төзімсіздігінен азды («Таһа» с. 115-а).. Бұған дәлелге, алдымен Алланың ешкімге зұлымдық қылмайтынын («Жүніс» с. 44-а), өзін түзегендерге ешкім тиіспейтінін («Мәида» с. 105-а), жердегі мың жыл, Алланың алдындағы бір күн екенін («Хаж» с. 47-а) және күнәкарлардың түйе иненің көзінен өткенше Жәннатқа кіре алмайтынын («Ағраф» с. 40-а) айтқан Аяттарды алып, Нұхқа сенбегендердің аспан есіктерінен өте алмай, «Иасин» сүресінің 68-аятында, «Мәида» сүресінің 60-аятында түсіндірілгеніндей, бірсыпырасы адам болып, бір тобы басқа болып қайта туылғанын сипаттаймыз. Алланың бірталай топты пайдаландырып, кейін күйзелтуші азапқа салатыны – осы. Яғни, қайта туылғандар,

топан суға дейін өздерін түзеген («Мәида» с. 105-а), Аллаға, Елшісіне қасарысқан («Хаж» с. 38-а) кәпірлердің, күнәдан тазармаған Жаны, Рухы.

Жиырма бесінші дәлел

«Қасас» сүресінің 48-аятында: «Ал, оларға Өз қасымыздан Ақиқат келгенде, олар: «Мұсаға берілгенге ұқсаған неге бұған берілмейді?»-десті. **Олар бұрын Мұсаға берілгенге қарсы келмеп пе еді?** «Бірін-бірі сүйемелдеген екі сиқыр десті»; «бәріне де қарсымыз»-десті», -деген. Аяттағы екінші сөйлем, сол Мұсаның (с.ғ.) қауымының, Мұсаға және Ол әкелген Аяттарға қарсы болғандар екенін түсіндіріп тұр.

Мұны «Әли Ғымран» сүресінің 102-ші және «Ағраф» сүресінің 40-шы, «Иасин» сүресінің 68-аятымен талдайық. 102-аятта Алла адамзатқа Мұсылман болып өлуді тапсырса, 40-аятта, Аяттарына қарсы келгендердің аспан есіктерінен өте алмайтынын, 68-аятта Алла қалағанын қайта жер басатынын ескерткен. Осы Аяттарға сүйенсек, олар – Мұсаға (ғ.с.) қарсы болған күйі өліп, Алланың ашуына ұшырап, аспан есіктерінен өте алмай, қайта жер басып отырғандар.

Егер олай болмағанда, Аят бұл тіркеспен түспес еді – сөйлем **«Олар бұрын...»**,-деп басталмас еді.

Бірінші дәлелден бастап келтірілген барлық Аяттар мен дәлелдерге негіздеп, әңгіменің ашығын айтқанда, осы жер басып жүрген біздің бәріміз, бұрын да осы жер үстінде өмір сүріп, күнәлар жасап, көктің есіктерінен өте алмай, қайта жер бастырылғандармыз.

Жиырма алтыншы дәлел

«Тәубе» сүресінің 73-аятында: «Әй, Пайғамбар! Кәпірлер және мұнафиқтармен күрес. Оларға қатаң бол. Олардың орны дозақ. **Қайтып барар орны қандай жаман**», -деген. Осындағы: **«...қайтып барар...»** сөзі, кәпірлерге көктің есіктері ашылмай, олардың жер бетінде қайта туылатынын түсіндіреді. Егер пенде жер бетіндегі бір өлімінен кейін, тек Адам атадан бастап тірілетін, ертегі Қияметте қабырынан шығатын болса, бұл Аят: **«...қайтып**

баратын орны...» деп, келмеген болар еді. **«...қайтып...»**, деген сөзбен бұл Аят, өлген кәпірдің жер бетіне қайта келетінін жеткеріп отыр.

«Ісра» сүресінің 7-аяты да осы Аятпен мағыналас. Яғни, түрлеріңді өзгертіп, баяғы кәпірліктеріңе басып, бұзғыншылық қылу үшін жібердік, дейді. Ал, күпірлік, кәпірлік етпей, игілік істесе, өздері үшін жақсы, Алланың сыйлығына бөленеді...

Жиырма жетінші дәлел

«Хадид» сүресінің 22-23-аяттарында: **«Жер жүзіне, сондай-ақ, сендерге мүбәда бір бейнет келетін болса, ол жаратуымыздан бұрын Кітапта жазулы. Шәксіз осы Аллаға жеңіл»**, **«Бұл – өткенге өкінбеулерің, өздеріңе берілгенге сүйінбеулерің үшін. Алла бүкіл тәкаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді»**, -дейді. 22-аятты талдайық. Аят: **«Жер жүзіне, сондай-ақ, сендерге...»**, -деп, жалпы елді және жеке басты айтып тұр. Сосын: **«... бейнет келсе, ол жаратуымыздан бұрын Кітапта жазулы...»**, -деген сөйлем, КСРО-ға дейінгі және КСРО халқының басына келген, 1929-48 жылдардың бейнетін еске салады.

КСРО жеріндегі халық, кеңес үкіметі келгенше, байлардың, билеушілердің әділетсіздігінен езілген халық еді. Араларынан В.И.Ленин шықты да оларды байлар мен билеушілердің азабынан құтқаруға кірісті. Үлкен соғыс, азапты күндер өтті. Алла езілгендердің тілегін берді. Бұлар теңдікке жетіп есін жиғасын Аллаға қарсы болды. Яғни, олар «Бақара» сүресінің 89-аятында айтылған, бұрынғылар істеген надандықты қайталады. Бұрынғылар Алладан жеңіс тілеп, тілектері орындалып, Шындықты көргеннен кейін: **«Бұл жеңіске өзіміздің күшімізбен жеттік...»**, -деп, Аллаға қарсы болған еді.

Сол үшін Алла оларды ниетінен шатастырып, 1929 жылдан 1945 жылға дейін көп бейнет берді. 1945 жылы Құдайдың жәрдемімен жеңіске жеткенін ашық айтпағанмен, тәубелеріне келді. 1948 жылдан тоқшылыққа жетті. Бірақ, шүкірліктері болмады. Соңында тарқап тынды...

Мұны жеке адамға байланысты талдасақ, **«...ол жаратуымыздан бұрын Кітапта жазулы...»**, -дегені, Адамның (ғ.с.) жаратылуынан бұрын емес, бейнет тартушының, анасының жа-

тырында жаратылуынан бұрын, алдыңғы өміріндегі күнәлары. Себебі, «Бақара» сүресінің 38-аятында, Алладан келген Тура Жолмен жүргендерге қорқыныш, қайғы-қасірет жоғын айтқан. Ал, бұған қайғы-қасірет келді. Неге? Себебі ол, Алладан келген Туралықпен жүрмеген. Сол үшін көктің есіктерінен өте алмай, қайта жер басып («Иасин» с. 68-а), бұрыннан қалған тиесілі жазасына ұсынылды.

Енді Аяттарға салып таратып айтсақ, бұл азап, **«...азаптың тез келуін тілеген...»**, мың жыл бойы («Хаж» с. 47-а) немесе елу мың жыл денінде («Мағарыж» с. 43-а), **«...көптеген жоқ болуды тілеуге...»** («Фурқан» с. 14-а) тиесілілерге, яғни, УШ ғасырдан ХХ ғасырға дейінгі аралықта Имандылық Жолын таза ұстай алмай, өлімінен кейін көктің есіктерінен өтуге жол берілмей, жерге қайта туылғандардың басына келді. Алла біреудің күнәсін екінші біреу көтермейтінін ескерткен («Зүмәр» с. 7-а).

Бұны бекітетін Бұхари жазған мынадай хадис те бар: «Өздері тірі тұрып, Қияметтің болғанын көрген кісілер – адамдардың жамандары». Бұлар – «Күдіксіз, Аяттарымызды өтірікке шығарып, Одан өздерін жоғары ұстағандарға көктің есіктері ашылмайды» («Ағраф» с. 40-а),-деген, «Әлде кімге өмір берсек, жаратылыста қайта бастырамыз» («Иасин» с. 68-а),-деген, Аяттардағы қайта жер басқан жаман адамдар.

«Нұр» сүресінде: «Расында сондай, Момындардың ішінде арсыздық жайылуын жақсы көргендерге, дүние, Ақыретте күйзелтуші азап бар. Алла біледі. Сендер білмейсіңдер» (19-а), «Расында, абройлы Момын, ақ ниетті әйелдерге жала жапқандар, дүние, Ақыретте қарғалды. Әрі олар үшін ірі азап бар» (23-а) **«Қиямет күні оларға тілдері, қол-аяқтары не істегендеріне айғақ болады»**,-дейді. Бұлар – сол 22-аятта («Хадид» с.) айтылғандар...

«...Кітапта жазулы...» (22-а),-дегендегі Кітап – «Ісра» (13-14-а), «Инфитар» (10-11-а), «Зұхрұф» (80-а), «Қаф» (16-17-а), «Мутаффифин» (7-9; 18-20-а) сүрелерінде таныстырған есеп Кітаптарымыз; **«...өткенге өкінбеулерің (үшін),-дегені – бұл сенің бұдан бұрынғы өміріндегі күнәларың Кітапта жазулы, сол күнәна жараса, осындай тағдырмен кездесіп отырсың, дегені; (және) өздеріңе берілгенге сүйінбеулерің үшін...»**,-дегені – баланы, байлықты Аллаға серікке қоспауларың үшін дегені. Де-

мек, олар (адасуға тиісті болғандар) бұдан алдыңғы өмірінде байлығына, балаларына арқа сүйеген, жақсылыққа жетуде солардан үміттенген, мақтаншақ, тәкаппар болып, балалар мен байлықты, мәртебе мен мерейді, денсаулықты берген Аллаға шүкірлік айтпағандар, байлықтарынан тиесілі орындарға жұмсамағандар («Бақара» с. 3-а) – сол күнәлары үшін аспан есіктерінен өте алмай жалғаншы дүниеге қайта келгендер.

Өмірімде талай адамдармен әр түрлі тақырыпта сұхбаттас болдым. Солардан бірнешеуі өзін бала кезінен шайтан арбағанын айтса, біреуі: «...Екі жас шамасында едім. Әжемнің қасына жатамын. Ізінен қалмаймын. Арқалап жүреді. Бірде әжеммен қыдыратын болдық. Ол кісі мені арқасынан түсіріп: «Жаным, сен осында тұра тұр. Мен киініп алайын, сосын кетеміз»,-деді. Мен келістім. 1-2 минуттей өте бере, әжемнің жалаңаш денесін көру жәйлі ой келді. Қызық көріп бөлмесіне кіріп бардым. Әжем тыр жалағыш...»,-деп, қазір өзі ұялатын жәйтті ескеріп, өзіне шайтанның сол кезден-ақ үйір болғанын өкінішпен әңгімеледі.

Егер өлген адам қайта туылмаса, екі жасар балаға шайтан қалай серік болады? Ол әлі ұяттың не екенін, адал мен арамды, жақсы мен жаманды, кімнің дос, кімнің дұшпан екенін білмейді. Сонда оған Періште серік болмай, шайтан жолдас болғаны қалай? Алла «Сәбә» сүресінде (21-а) Ақыретке сенген кісі мен Оған күдікті кісіні ажырату үшін шайтанға ерік беретінін айтса, «Зұхрұф» сүресінде (36-а) Өзін есіне алмағандарға шайтанды ерікті ететінін ескерткен. Екі жасар бала Алла туралы не біледі? Қайтіп ол Алланы есіне алады? Періште мен шайтанның не екенін қайдан білсін?

Бұл – сол баланың алдыңғы өмірінде Алланы есіне алмайтын, мойындамайтын, бірақ қайырымды, әділ біреу болғанының дерегі. Осы кінәсі үшін ол аспан есіктерінен өте алмай, қайырымдылығы мен әділдігі үшін Мұсылман болып қайта туылды. Алла ерікті қылып қойған шайтан досы оны тауып алды (шайтан жолдасымен қайта туылды десек те болады). Есін білген сәтінен, бұрынғы дағдысына салып, өзінің ізіне тартуда...

Өмір Шындығынан мына дәйектер де біздің пікірімізді тастықтайды. Бір жарым, екі жасар балаға ақша мен соған ұқсас қағазды қатар ұсынсаңыз, ол ақшаны алады; бала былдырлап тілі шыға бастағаннан өтірік айтады; ойнағанда серігінен

ойыншығын қызғанады... Біз бұларды заңдылық секілді түсінеміз. Негізінде сол баланы (адамзатты) қызықтырғанның барлығы осы жалғаншының «Әли Ғымран» сүресінің 14-аятында ескертілген сәні, «Қасас» сүресіндегі (60-а) «дүние тіршілігінің бұйымы», «Ганкабұт» сүресі (64-а) жеткерген ойыншығы, ермегі ғана. Бұларға көз сүзбеді, алданбауды («Таһа» с. 131-а) әлі ұятын жасыра алмайтын бала біле ме? Білмейді, бірақ, әуелгі өміріндегі дағдысы бойынша істейді.

Өмірге қайта келуге байланысты көп ізденген ғалымдар нумерология, некрология деген ғылымдарды өндіріске әкелді. «Жел болмаса, шөптің басы қозғалмайды», -демекші, бұл ғылымдар да адамзаттың ақылына Алла салған («Шура» с. 51-а) бір Шындықтардан туған шара. Алласыз адам шарасыз.

Ілгеріде БАҚ-тардан бірнеше мұғжизалар оқып едім. Солардан бірін айтайын. Болгарияның бір қыстағында дүниеге келген бір қыз, есейе келе әке-шешесіне: «Өзіміздің үйге кетейікші!», - дегенді жиі айтатын болған. Олар: «Өзіміздің үйіміз осы, сен қайда бармақшысың?» - дегенде, қыз үйінің ауласын сөзбен суреттеп айтады. Әке-шешесі таңырқап түсін айтып отырған шығар, деп жұбатады. Бұл қарсыласпайды, бірақ, бұл үйіне көңілі толмай бір жаққа алаңдайтынын әке-шешесі байқайды. Бір күндері бұлар ел аралап саяхатқа шығады. Содан бір үйдің жанына келгенде қыз: «Міне, өзіміздің үйге келдік!» - деп қуанып, жүгіріп қақпасынан ішке кіріп кетеді. Аула ішіндегі гүлдерге, басқа да бұйымдарға сүйсініп, өзінше шат-шадыман болады.

Әкесі мен шешесі де ішке кіріп, үйдің иелерімен сұхбаттасады. Қыздың жайын айтады. Сөйтсе, осыдан бірнеше жыл бұрын бұл кісілердің бой жетіп қалған қызы қапыда өлген екен. Бұлар соны есіне алып қамығады...

Осындай оқиғалар бірнеше елде болғанын оқыдық. Индиядағысындағы бала: «Мынау үй менікі, мұны өзім құрғанмын. Мынау менің әйелім...», - деп, әлгі үйдің адамдарын таң қалдырады. Сөйтсе, бұл бала өлгесін әке-шешесі, үйді сатып кеткен екен....

Мұндай болуы мүмкін емес, деп айта алмаймыз. Айтсақ, «Иасин» сүресінің 68-аятына және осы Аятпен мағыналас Аяттарына қарсы шыққан боламыз. Бұрынғылардың кебін киеміз.

Дәлелдерімізге қосымша ретінде, мына бір деректі де айтайық. Француз ғалымдары: Бригитта Сеню, Доминик Гоммер және ағылшын ғалымы Мартин Пикфорд адамзаттың түп тегі, бұдан тоғыз миллион жыл бұрын пайда болғанын жазған. Құран Адамнан (с.ғ.) бастап болған оқиғалардың, тіпті, ірі апаттардың барлығын анықтап хабарлаған. Қияметтің келетінін ескертеді, бірақ, мына уақытта Ол болып өтті, демейді. Дозақтағыларға: **«Бұл бұрынғы өз қолдарыңмен істегендеріңнің жазасы...»**, дегендей сөздер айтылатыны да жасырылмаған. Бұл да сол Қияметтің өзіміздің жанымызда бірге жүргенін дәлелдейді. Екінші, археология ғылымы өзі өмірге келгелі талайлаған көне қорымдарды ашып, зерттеп келеді. Олар осынша уақыт бойы, қопарылып ашылған, ішінде сүйектері болмаған қабырларды тапқанын жазған жоқ. Міне, осыған қарап та, біз Қияметтегі тірілу, қабырдан шығарылу, біз түсініп жүргендей емес екеніне және Қияметтің, өзімізбен қатар өмір кешіп келе жатқанына көз жеткереміз.

Ұлы ғалым М. В. Ломоносовтың: «Жоқтан бар болмайды, бардан жоқ болмайды, бір күйден екінші күйге айналады», - дегеніндей, жаңбыр буға айналып, көкке көтеріліп және жауады; күн, санын және ендігін сәл ғана өзгертіп қайта шығады; өсімдіктер қурап, көктемде қайта жайқалады. Барлығы белгілі өлшемнің ішінде. Сондай-ақ, Жан мен Рух та әр түрлі материктерде («Мүрсәлат» с. 23-а), түрлі ұлттарда («Хұжрат» с. 13-а), Алла белгілеген сенімде («Мәида» с. 48-а) қайта жер басады.

Осы жерде бала тәрбиесінің маңызына да тоқталайық. Алла байлық пен баланы сынаққа беретінін ескерткен. Байлықтың жайы белгілі. Ал, баланың сынағы, бір жағынан бағып-қаққаның үшін өзіңе сауаптар әкелсе, екінші тараптан, өзің бақилыққа көшкеннен кейін, олардың Иmandылығынан және өзіңе сауаптар үлестірілер. Үшіншіден, бәлкім, Алла қайта жер бастырғысы келсе, өзіңнің Иман қуатыңа қарай сол, өзің тәрбиелеп кеткен балаңның шаңырағына сәби болып қайта келерсің («Тұр» с. 21-а). Кезінде дұрыс тәрбиелеген болсаң, өзің негізін қалаған рахатқа өзің бөленесің; теріс тәрбиелеген болсаң, өзің жаққан отқа өзің күйесің. Алланың біреудің күнәсін біреу көтермейді («Ісра» с. 15-а), деген мағынадағы Аяттарының екінші түсінігі осы болар!

Барлық дәлелдерді жинақтап айтқанда, Қияметтегі тірілу – қайта туылу ғана! Бұған біраз Аяттардың, ғылымның, өмірдің айғақтарын тарттық. Жаңылыссақ, Алла Тағаланың Өзі кешірсін! Біздің мақсат – көпшілікті Құран Шындығына күмәнданудан сақтандыру, қиялдағы Қияметтен қайтарып, Ақиқи Қияметті түсіндіру, Құранды күмәннан арашалау. Сөзімізді тыңдаған Жанға, әр қандай алып қашпа, өзіңіз үшін түсініксіз, жүрегіңізге сіңе бермейтін уағыздардан аулақ жүріп, әрқашан Ақыретіңізді ойлап, Алланың ризашылығы үшін Иман пәктігін сақтау Жолында табанды болыңыз, Алланың Ғылым екенін мойындаңыз – Құранның қазақшасын көп оқыңыз. Қанша көп оқысаңыз, сонша тазарасыз және Тура Жолда боласыз, демекпіз.

Әрине, мұны дұрыс қабылдауға: **«Ыстық қайрат, Нұрлы Ақыл, жылы жүрек»** (Абай) керек қой!

Өлгендер қайтып келеді

Еңбегіміздің ретті бір тұсында Әбділлә Тәжібаев пен Мұқағали ақынның өлендерінен бір қатар келтіріп едік. Өлгендердің қайта туылатынына кезінде Әбділлә Тәжібаев, Әбу Сәрсенбаев, Мұқағали Мақатаев, Зейнулла Серікқалиев, Сәрсенбі Дәуітов, Бақыт Сарбалаев сынды заңғарлардан үлкен баға алған, қайталанбас дарын иесі, ақын – Өмірзақ Қожамұратов та қалам тартқан екен. Сөзіміздің қостаушысы болған сол өленді де ұсындық.

Желбіреп жасыл желегі,
Балауса балдыр,
Балғын көк.
Өлгендер қайтып келеді,
Орман боп,
Жасыл шалғын боп.
Қабылдар күннің ыстығын,
Өлгендер қайта жаңғырып.
Түсіне білсең құс тілін,
Айтады жырын мәңгілік.
Шіріген дене, дүние-ай,
Топырақ болып айтады ән.

Әйтеуір,
Жаралуы рас қайтадан.
Адам ба, шөп пе, аңдар ма,
Сапарын жолда тауысқан.
Көз тігіп келер тандарға,
Басқа бір күйге ауысқан.
Тіршілік қаулап құлпырып,
Күн сөнбей ешкім өлмейді.
Жүрегім – бұлбұл бұлқынып,
Жыр етпей тыным көрмейді.
Жүрегім, миым шынында,
Нұрына күннің байланып,

Жәндік боп,
Шөп боп,

Көздердің қарашығында,
Тұрады әлем айналып.

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...».** («Бақара» с. 272-а) **«Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік.** («Фурқан» с. 56-а) **«Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың»,** («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: **«Сен оларды зорлаушы емессің»,**-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында ескерттік.

Құранда: **«...Егер олар тәубе қылса өздері үшін жақсы...»** («Тәубе» с. 74-а),-деген...

- - - - -

1. «Ағраф» сүресінің 22-23-аяттары: **«Сөйтіп екеуін алдап түсірді.** Сонда екеуі ағаштан татқан сәтте, ұятты жерлері ашылып кетті. Екеуі Жаннат жапырақтарынан үстеріне жапсыра бастады. Раббылары екеуіне: **«Екеулеріңді осы ағаштан тыймап па едім? Расында шайтан сендерге ашық дұшпан демеп пе едім?»**- деп дабыстады». «(Адам ата мен Һауа ана): **«Раббымыз, біз өзімізге кесір істедік. Егер Сен бізді жарылқап, мәрхамет етпесең әлбетте зиян етушілерден боламыз»**»-деді.

2. «Мутаффифин» сүресінің 14-аяты: **«Жоқ, бәлкім, олардың жүректерін істеген қылықтарының таты басты».**

3. «Бақара» сүресінің 93-аяты: **«Сол уақытты еске алыңдар.** Бастарыңа Тұр тауын көтеріп тұрып: **«Сендерге біз бергенді (Тәуратты) мықты ұстандар да құлақ салыңдар»**-деп серт алған едік. Олар: **«Құлақ салдық, қарсы болдық»**»-деді. ... **қарсылықтарының салдарынан жүректеріне бұзау сіңіп алған.** (Мұхаммед ғ.с.) оларға: **«Егер Иман келтірген болсаңдар, Имандарың сендерге нендей жаман нәрсені бұйырған»**-де».

4. Өлгеннен кейін тірілу, аспан есіктерінен өте алмағандардың («Ағраф» с. 40-а) Алланың әмірімен қайта жер басатыны («Иасин» с. 68-а) – қайта туылатыны емес, Исафил (ғ.с.) сүрді үрлегенде қабырды қопарып шығып, машһар алаңына Алланың алдына барады, деген ескі түсінік.

5. «Нахыл» сүресінің 66-аяты: **«Шын мәнінде сендер үшін малдар да, ғибрат бар. Малдың қарнындағы қанымен жынның арасынан шыққан ішушілерге сүйкімді нағыз сүтті сендерге ішкіземіз».**

«Иасин» сүресінің 72-73-аяттары: **«Малды оларға бойынсындырдық. Олар кейіне мінеді, кейінің етін жейді».** «Олар үшін малдарда түрлі пайдалар, сусындар бар. Сонда да олар шүкірлік қылмай ма?» **және «Ғафыр»** сүресінің 79-аяты.

6. «Жүніс» сүресінің 31-аяты: «...«Сендерді аспаннан, жерден кім ризықтандырады? Құлаққа, көздерге кім ие? **Өліден тіріні, тіріден өліні кім шығарады?** Әр істі кім игереді?»-де. Олар: «Алла», -дейді. «Ендеше Алладан қорықпайсындар ма?»-де».

7. **Ысырап туралы:** «Әнғам» с. 141-а; «Ағраф» с. 31-а; «Ісра» с. 26-27-а; «Фурқан» с. 67-аяттарында айтылған.

8. «Бақара» с. 39-аяты: **«Қарсы келіп, Аяттарымызды өтірік дегендер – дозақтық, олар онда мәңгі қалады».** «Мәида» сүресінің 60-61-ші және «Бақара» с. 65-а, «Ағраф» с. 166-а, «Ғафыр» с. 5-а, «Ахқаф» с. 3-а, «Хаққа» с. 32-аяттарында түсіндірілгендер.

9. «Нахыл» сүресінің 77-аяты: **«Көктердегі және жердегі сыр Аллаға тән. Қиямет сағаты кірпік қаққандай, тіпті одан да жақынырақ.** Сөзсіз, Алланың әр нәрсеге күші толық жетуші». («Нәміл» с. 72; «Нәбә» с. 4-5-а).

10. **Күнәкарларға аспан есіктері ашылмайтынын:** «Бақара» с. 39; «Әли Ғымран» с. 85; «Ниса» с. 56; «Әнғам» с. 157; «Ағраф» с. 36-37; 40; «Таһа» с. 100; «Нахыл» с. 23; «Бәләд» с. 19-аяттарында айтылған.

11. «Рұм» сүресінің 54-аяты: **«Ол – сондай Алла, сендерді әлсіз жаратып, әлсіздіктен кейін күш беріп, кейін қайта нашарлатып қартайтты.** Ол қалағанын істейді. Ол – аса Үстем, тым Күшті». «Ғафыр» (67-а), «Іншиқак» (19-а) сүрелерінде де айтылған.

12. «Саффат» сүресінің 6-8-аяттары: **«Рас, дүние көгін жұлдыздармен безедік».** **«Бүкіл шектен шыққан шайтаннан қорғадық».** «Олар жоғарғы әлемді тындай алмайды. Олар әр тараптан атылады».

13. «Һуд» сүресінің 105-аяты: **«Ол Күн келсе Алланың рұхсатынсыз ешкім сөйлемейді.** Олардың сорлысы да, бақыттысы да».

«Зүмәр» сүресінің 31-аяты: «Сосын сендер Қиямет күнінде Раббыларыңның құзырында тартысасындар».

14. Шындықты айтуды, куәлікте Әділ болуды ескерткен Аяттар: «Бақара» с. 42; «Ниса» с. 135; «Мәйда» с. 8; «Әнғам» с. 152-аяттары.

15. «Хұжрат» сүресінің 6-аяты: «Әй, Момындар! Бұзық біреу хабар келтірсе, оны анықтандар. Әйтпесе, білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінесіндер».

16. «Ағраф» сүресінің 179-аяты: «Рас, дозақ үшін де жын, адамдар жараттық. Олардың жүректері бар, алайда, олар онымен түсінбейді. Көздері бар, онымен көрмейді. Және құлақтары бар, олар ол арқылы естімейді. Олар хайуан тәрізді, тіпті, одан да әрі адасуда. Міне, солар мүлде қаперсіздер».

17. «Бақара» сүресінің 132-134-аяттары: «Ібраһим (ғ.с.) бұны ұлдарына өсиет етті және Жақыпқа (ғ.с.): «Әй, ұлдарым! Әрине, Алла сендер үшін осы дінді ұнатты, сондықтан сендер нағыз Мұсылман болып өліңдер»-деді». «Жақыпқа (ғ.с.) өлім келген сәтте, балаларына: «Неменеге құлшылық қыласындар?»- дегенде, бар ма едіңдер? Сонда олар: «Сенің Тәңіріңе, аталарыңның Тәңіріне: Ысмайыл, Ысхақтың бірақ Тәңіріне құлшылық қыламыз. Сондай-ақ, Соған бой ұсынамыз»-деген еді». «Міне, солар бір үммет еді, өтіп кетті. Олардың еңбектері өздеріне, сендердің еңбектерің өздеріңе, сендер олардың істегендерінен сұралмайсындар». («Бақара» с. 135-136-а).

18. «Хыжыр» сүресінің 9-аяты: «Расында Құранды Біз түсірдік. Әрі шын мәнінде Оны Біз қорғаушымыз».

19. «Мүминұн» сүресінің 14-аяты: «Сосын тамшыны ұйыған қанға айналдырдық. Ұйыған қаннан кесек ет жасап, кесек етті сүйек етіп, сүйектерге ет қаптадық. Сонан кейін оны басқа жаратылыс қылып, дамыттық. Жаратушылардың шебері – Ұлы Алла».

«Уақиға» сүресінің 61-аяты: «Сендердің бейнелеріңді өзгертіп, сендер білмегенді жарата аламыз».

20. «Иасин» сүресінің 31-аяты: «Олардан бұрын қаншалаған нәсілдерді жоқ еткенімізді, олардың бұларға қайтып келмейтінін көрмей ме?»

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Қияметті әкелетін адамдар мен амалдар

«Олар бір-бірлерін істеген жамандықтарынан тимайтын болған. Расында, олардың істегендері нендей жаман». («Мәида» сүресінің 79-аяты).

«Және сендерден жеке залым болғандарға ғана кесірі тиіп қалмайтын пітнеден сақтанындар. Сондай-ақ, Алланың қатты азап иесі екенін біліңдер. («Әнфал» сүресінің 25-аяты).

Халық: «Құдайдан қорықпағаннан қорық», - дейді. Құдайдан қорықпайтындар кімдер? Олардан біздер неге қорқуымыз керек?

Жауап: Алдымен, Құдайдан қорықпайтындарды атасақ, бұлар екі топқа бөлінеді. Біріншісі, әрине, кәпірлер мен Аллаға серік қосушылар, құдайсыздар. Бұлар үлкен-кішіге бірдей белгілі, сондықтан адамдар олардан сақтана алады. Ал, екінші топтағы қорықпайтындар – өте қатерлі қорықпайтындар. Бұлар намаз оқып, ораза ұстап жүргенімен мұсылманшылық әркімнің өзінен басталуы керектігіне мән бермейтін тәрбиесіздер мен мұнафиқтар, яғни, Исламның не екенін біле тұра Аяттар мен хадис-сүндет талаптарына сай жүре алмайтындар, жұрт алдында сыпайысып, оңашада шарифатқа қарсы амал істейтіндер мен иі келіп тұрған жердің өзінде ақиқатты жасырып, немкеттілікке баратындар, әйелі мен беделділердің көңілі үшін Алланың сөзін бұрмалайтын не жасыратын рияшылдар; Аят пен хадистерді жаттап халық алдында білгішсініп, төгіліп айтып өзі дұрыс үлгі көрсете алмайтын сұрқия мінезділер; қиянатшылдар мен кінәмшілдер. Бұлар дініміз үшін де, бейбіт Ана-Отанымыз үшін де өте қауіпті қорқаулар.

Бұлар уағыз айтқанда: «Алла бәрін Көріп тұр, Есітіп отыр. Көңілдегілерді Біледі. Бәрін жазып сақтап отыр. Ертең алдымызға тартады...», - деп тыңдаушының есін алады. Өзі сол айтып отырғанына қарсы амал істеп, көзбе көре өтірік айтады, біреу туралы күмәнданады, анығына жетпей өсек айтады не айтылып тұрған өсек пен өтірікті мақұлдайды, елден –

үкіметтен мешітке түсіп жатқан садақа, зекет, пітірді жасырады. Имандарының әлсіздігі соншалықты – оның (имамның) не істеп, не сөйлеп отырғанын, атырабындағы қызметкерлердің, зерек халықтың біліп, таразылап жүргенін де пәмдемейді. Олар бұл әрекеттері арқылы өзінің ғана емес, дініміздің беделін төмендетіп, оның абыройсыздануына себепші болады. Яғни, олар өздерінің: «Алла бәрін Көріп тұр, Есітіп отыр, көңілдегілерді Біледі...», -деген уағыздарына өздері жүректен сенбейді, күмәнді, деген сөз.

Қорқуымыз керек жеріне келсек, олар дінге толық ден қоймаған, Иманы кәміл бекімеген толқынның Иманының әлсіреуіне әсер етеді. Олар біздің асыл дініміздің абройына нұқсан келтіріп, өсекші дұшпандарымыздың тілін ұзартады. Біздің бейбіт өміріміздің берекесін алады. Ұрпағымыздың азғындауына мұрындық болады. Сондықтан қорқамыз.

Кезінде, 1936 жылдан кенес үкіметі жалпы дінді, соның ішінде Исламды қаралағанда, Ислам ғалымдарының емес, осындай мұнафиқтар мен нашар тәрбиелі пасық діндарлардың әрекетін, олардың: «Сақалда Періштелер тұрады», -деген сияқты өзіндік түсініктерін тілдеріне тиек етті. Қазір де құдайсыздар мен ғаридіндер, Ислам мәдениетінің атына кір келтіріп, әуім-сәуім киініп жүрген, сабалақ сақалдылар мен қысқа балақтылардың арқасында мұсылманшылықты мысқылдап, қарсы өсек таратып жүр. Өзін әдемі ұстап, әдемі киінетіндер де, шелтендеген балақ пен бетін жүн қаптатудан шошып, Исламның Жолына түсе алмай жүргені де Шындық. Яғни, мұндайлар халықты Ұлы діннен кашыруда.

Алла Тағала «Тахрим» сүресінің 9-аятында: **«Әй, Пайғамбар! Кәпірлер және мұнафиқтармен күрес. Сондай-ақ, оларға қатал бол...»**, -дейді. Әлбетте, тағы қайталаймыз, сүйікті Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) берілген бұл әмір, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Иман келтірген біздің әрбірімізге де тиесілі. Бұл Аят – Құдайға қасарысып, шайтанның досы болған белгілілер мен Иманы нәпсісінің көлеңкесінде тұратын дүмшелерге (1) қарсы күреске шақыру.

Өткен ғасырларда қазақ жерінде туылған талай жақсылар, мешіттерде сауат ашып, медреселерде Тақуалыққа жетіп,

Алланың ризалығы үшін халқын Имандылық Жолына тәрбиелеуде өте елеулі еңбек етті... Бірақ, олар аз ғана болды. Көпшілігі тек нәпсісін ойлап, садақа, пітір, зекет, тасаттық үшін Кәлима келтіріп, намаз оқыды. Солар шарифатты, хадистерді едәуір бұрмалады... «Мұсылмандық парызың», - деп бардан да, жоқтан да пітір, зекет алды. Оны кәріптерге, жетім-кесірлерге бермей қу басының мүддесіне пайдаланып мал жинады (2). Жаназанамаз шығуға қос-қостап ат-түйе сұрады. «Шарифатта былай деген», - деп, белді мен беделдінің сөзін сөйлеп, Құранды ескермей натуры төрелік (3) айтты...

Мұндай әділетсіздіктерді есітіп, көріп жүрген аңы басым, көңіл көзі ашықтар, Құдайдың барына сеніп, Одан қорыққанымен молдаға сенгенді қойды. Қадірлемейтін де болды. Бұл біздің бүгінгі имамдарымыз бен ұстаздарымызға және дін саласының жалпы қызметкерлеріне де, Аллаға жүрегін берген кез келген намазханға да сабақ болуы керек...

1957 жылы, күзде, Ағытпада өткен бір тойда, бәйгенің салымы үстінде, рулар арасында талас болып, арты төбелеске жалғасыпты. Үлкендер ара түсіп, даудың шешуін ел молда деп сыйлайтын бір діндарға берген екен. Ол «Бақара» сүресінің: **«Хақиқатты бұзықтыққа араластырмандар да сондай-ақ, біле тұра Шындықты жасырмандар»**, - деген 42-аятын білмейтін біреу болар, төрде отырған бір мықтының тарабына ауып, соның пайдасына шешіпті. Қарсыластар арасынан шабандоз жігіт ортаға атып шығып: «Сен көзіңмен көрген жоқсың, не деп оттап отырсың!» - деп әлгі діндардың жағасынан алыпты. Сонда жігітті ұстаған бір палуан: «Әй, сен байқа, ол ақсүйек қой, әруағы бар», - десе, ашулы жігіт: «Әруағына бір тоқты, өзіне мынау!» - деп, жұлқынып діндарды үйден қуып шығыпты...

Бұл жерде жағымпаз молда Алланы есіне алмады. Оның Жолымен жүрмеді. Сондықтан Алла оны шайтанның еркіне қалдырып («Хұжрат» с. 36-а), көп абройсызданды. Халықтың пәк Исламға сеніміне селкеу келтірді.

Сондайлардың тағы бірінің тарихы былай: Бір молда көпшілікке шарифат жолынан әңгіме айтып отырып, бір жерінде: «Әйелдің айтқанын істемеу керек», - депті. Сыншы ел молданың шама-шарқын бұрыннан аңлап жүрсе керек, араға күндер салып барып бір қу жігіт: «Молдеке, сұрағанның айыбы жоқ шығар, мен

сізден бір жағдайға төрелік сұрамақшы едім. Сіз өткен сапардағы әңгімеңізде: «Әйелдің айтқанын істемеу керек», - дедіңіз. Ал, біз сізге бір мал бермекші едік. Мен тоқты бере салайық деймін, оған әйел көнбейді: «Жоқ молдекеңе қошқарды берейік», - дейді. Сонымен, басым қатып бір шешімге келе алмай жүргенім», - депті. Молда: «Анда-санда әйелдің де айтқанын істеу керек», - деп, былай ауып түсіпті. Сөйтіп, бір қошқарға абройын сатып, көптің мазағына айналыпты.

«Бұл әңгіме олай болмаған, қулар ойдан шығарған!» - деушілер де табылар. Мейлі олай болмаған болсын. Алайда, «Жел тұрмаса шөптің басы қозғалмайды» ғой! Қалай болғанда да діндардың нәпсісі алдындағы әлсіздігінен осы әңгіме туған. 2010 жылы бір азалы үйде 20 жылдық тәжірибесі бар молда «Фатиханы» бастап: «Ииякә наьбудуға» келгенде еріккен біреу, дастарханда тұрған «Сарыағаштың» шеті көтеріліп тұрған қағазын тырнағымен түртіп шықырлатты. Молда тоқтап қалды. Біреу: «уә ииякә настаин...», - деп сүрені жалғастырып кетті. Шара аяқталғасын әзілі бар біреу әлгі еріккенге: «Молда Құран оқып отырғанда қағаз шықырлатпа. Ол: «Осы садақадан маған қанша ақша түсер екен?» - деп, алаң болып отырады. Сондықтан қағаз шықырласа, жаңылады...», - деп молданы біраз келеке етті. Бірінші әңгіме де осындай бір себептен туған болар.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үмбеттерінің нәпсіге беріліп жолдан тайып кетуінен; ғылым-білімге ие бола тұрып, білімсіздің ісімен айналысуынан қорқатынын айтқан. Нәпсі өзін білмейтін, ақылы кем әлсізді тәлкекке салады. Сондықтан кезкелген Кәлима келтіріп жүрген намазханнан бастап, имамдар мен ұстаздар байқауы керек.

Тергіштеп айта берсек мұндай дәлелдер көп. Өзім куә болған бір оқиғаларды да айта кетейін. Көп жерде дастарханға бата жасайтын болса «пышақ тұрмасын», «сүйек тұрсын», «астары жіп болмаған кленка дастархан басында Құран оқуға болмайды», дегендерді негізсіз айтып жатады. Халық даналығы, пышақ – жеті қазынаның бірі деген. Малды союда, етті турауда үлкен көмекші болған пышақ, бата жасалғанда дастарханда тұрса не сөкеттігі бар екен? «Батаны кесіп кетеді!» - деді, біреуі. «Осы сөзіңізді Аятпен не хадистермен сипаттап бере аласыз ба?» «Жоқ. Ондай білімім жоқ. Мен де адамдардан есіткенімді айта-

мын»... Қысқасы, бұған ешқандай дәлел жоқ. Білетініміз, батадан кейін дастарханды жинағанда: «Байқа, арасында пышақ бар, аяқтарыңа түсіп кетпесін!»-деп, ескертіп жататыны. Осыны бір білместер, мүлде басқа жаққа бұрып, пышақты батадан алыста-тып жүрген болып шықты соңында.

Қазақтың Мұсылмандығын масқара ететін бір «амал»-дастарханға сүйекті үйіп қойып Құран оқытып, Құраннан кейін оны итке не қоқысқа тастайтыны. Масқара ғой!

Құран Аяттары мен хадистерге сүйене отырып таразыласақ, бұл – Аллаға серік қосу. Бұл – үлкен, тіпті, кешірілмес күнә болып шығады. Құран Алланың ризашылығы үшін оқылады да сауабы әруақтарға бағышталады. Сүйекке оқылмайды. Бір қария: «Ол куә болады екен»,-деді, кімнен естігенін айтпай, жалпы елді атап. Ал, Құранда Алла Тағала Өзіне серік қосудан қайта-қайта сақтандыра отырып, куәлікте Өзінің жеткілікті екенін (4) ескерткен. Бүгінгідей заманда сүйекті үйіп қойып Құран оқып, оны сосын қоқысқа тастайтыны тіпті күлкілі. Түбі куә болады екен, сандыққа салып сақтап қойсын. Сосын өмірінің соңына дейін неше сандық сүйек жинағанын көрсін...

Осылар сияқты негізсіз айтылған амалдың бірі – «шелпекке Құран оқу». Қайсы үйге барсаңыз, пысық біреу: «Шелпекті әкеліндер. Құран оқысын!»-дейді. Әйтпесе, шелпекті алдыңызға әкеп қояды да: «Ал, енді Құран оқыңыз»,-деп, өтінеді. Сонда бұлардың мағынасы, шелпек болса Құран оқылып – қабыл болып, ол тұрмаса, қабыл болмайтын секілді.

Бірде бір үйге садақаға мешіттен жіберді. Отағасы әңгіме айтып отырып, күтіп отырған кісілер де келіп жайғасқасын, маған: «Ал, енді Құран оқы»,-деді. Мен бастадым, асханада жүрген отанасы: «Тоқта! Тоқта!...»-деп, шелпегін көтеріп, жүгіріп келіп, алдымызға қойып: «Енді оқи бер»,-деді. Бұл амалдың дұрыс емес екенін айтып алып, сосын Құран оқыдым.

Мұны 2010 жылы Қарағанды облысының өкіл имамы Наурызбай Өтпенев теледидарда қате пікір екенін ескертіп, есіткен есі барларға дұрыс кеңесін айтып тиған еді. Одан кейін де бір жерлерде байқалды.

Ел қолданып жүрген – Аяттарға қарсы осы амалдар да Құдайдан қорықпайтын біреулердің айтып, үйретіп кеткен надандығы. Жәһилиет дәуіріндегі арабтардың тортан құдай

жасап сиынып алып, ашқалған кездерінде жеп қоятындарындай күлкілі жағдай.

Қорытып айтқанда, Алланы танудағы ең үлкен ілім мен білім –Алладан басқа құлшылыққа лайықты, жарылқаушы Тәңір жоқтығына шүбәсіз сену. Бұған саусақтың да, сүйектің де, шелпектің де мүлде қатысы жоқ.

Қам ойдан шыққан осындай бидғаттың бірі – кленке дастархан туралы еді. Ол да біреудің ойдан айта салғаны болды. Егер таза болса, кленке дастарханның астарына қарап тұрған ештеңе жоқ екен. Себебі, Ислам кісінің жағдайына қарайды. Ешкімге артық салмақ салмайды.

Бір үйлерде бата жасалғанда, Құран оқылғанда бас киім киіп отыруды ыждағаттайды. Исламға қарсы болмағанымен, мүмкіндік болса, бас киіммен отырған жарасымды. Оның үстіне ұлттық мәдениетке дұрыс. Шаш қойғанға қарсы болған діндарларды да көрдік. Хадис шаш қоюға қарсы емес, тек оны таза күтіп ұстауды тапсырыпты. Бірақ, көпшілікпен бірге болу жәйлі хадис бойынша да, «Әли Ғымран» сүресінің 104-аяты бойынша да ортаға бағыну керек.

Бұларды айтып отырғаным, осы Құран оқудан алдын «пышақ тұрмасын», «сүйек тұрсын», «кленке дастархан болмайды», - деген, эттахиятта саусақ шошайту сияқты әбес амалдар мен шарифаттар мешітте сауат ашқан, медреседе оқыған діндарлардың көз алдында айтылып жатады. Сонда олардан бірі жақ ашпайды. Осыған таң қаламын.

Ораза айында Ұзынқұдық жағына барып қалдым. Шаруагерліктен зейнетке шығып, үлкендер тобына қосылып, ораза ұстаған кісіге екінші бір қарт: «Ораза болсаң немереңнің бетінен сүйме, сүйсең оразаң бұзылады», - деді. Үндемесек, «ақылшы» үлкен, өзі күнәға батып әрі ораза ұстаған кісінің обалына қалып отыр. «Ата немересін сүйіп, оны бауырына басып өмірге келгеніне риза болмаса, жалғаншының қызығы қайсы. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ислам дінін қиындатпаңыз», - деген. Және адамның бойында мейірімділікті оятуға байланысты бір хадисте баланы сүю, жетімдердің басынан сипау айтылады. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өзі Хасан, Хүсен деген немерелерін төбесіне көтеріп жүрген. Сүйген! Еркелеткен! Немерені сүю мейірімді арттырады, отбасына береке шақырады. Ал, әйелді сүю әлбетте,

нәпсіні – шайтандықты қоздырады. Сондықтан немерені сүю мен әйелді сүюді шатастырып Исламды қиындатпаңыз. Ислам – таза адамгершіліктің, ұлылықтың үлгісі. Оның қағидаларын, тәртіптерін бұрмалау – мазакқа айналдырумен бірдей, яғни, қиянат – күнә. Өйткені, ақыл жетпегендіктен айтыла салған бірауыз сөзбен дүйім дүниенің, қаншалаған халықтың обалына қалу ештеңе емес. Ораза тәртібінде немеренді, кемпірінді сүйме деген кеңес айтылмаған»,-деп, «Бақара» сүресінің 184-187-аяттарына сүйене отырып түсінігімізді жеткердік...

Сол Ұзынкұдыққа бара жатқан сапарымызда, шопыр жігіт көп әңгімелер айтты. Мен тыңдап, керектісін алып бара бердім. Елге жеттік. ...Қоңық үйдегі демалыс сағаттарында шопыр және біраз әңгіме айтып отырды да, маған: «Сен мені көп тыңдадың. Менің әңгімелеріме риза болдың ба?» деді. «Не дейін, менен жасыңыз үлкен. Көрген-білгеніңіз көп. Бірақ, азанда Бөкенейден өткен жерде: «Алла, қанша күнә істесең өзін біл, тек өлерінде мені аузыңа алсаң болды, бар күнәнді кешемін депті», - дедіңіз. Соны кімнен есіттіңіз? Я айтушыдан не тыңдаушыдан байқамаушылық болған-ау», – дедім. Бірге барған үлкендер де бар еді, олар мені жақтырыңқырамай: «Бұл – дұрыс әңгіме!» деп, нұқынқырап сөйледі. Мен: «Бұл, бір қарт төсек тартып қатты қиналып жатқанда, Иманын айтуға келген молдаға: «Құдайды да, әруақты да, Қияметті де ойламаушы едім, сондықтан осылай азаптанып жатырмын ба, молдеке, кейінім қалай болады?» - деп қынжылғанда молданың солай деп жұбатқаны болар. Әйтпесе, міне, біз осы отырған бәріміз жаспыз, қарулымыз. Түбінде, өлер алдында Құдайды еске алып жалбарынсақ күнәмізді кешетін болса, неге ұят-Иманды ойлап тартынамыз. Оданда жетім-жесірлерді, қарттарды, әлсіздерді қанқақсатып малын тартып алайық, ұрлайық! Өлетін жерге келген кезде Құдайдың атын амалдап бір атармыз да!»- деп, әлгі қарттарға қарадым. Олар, ойланып қалды. Бірақ, бірден берілгісі жоқ, шамалары байқалып тұр. Сол кезде менен кейін отырған жас жігіттер мен әйелдер менің сөзімді мақұлдап, пікірлерін білдірді. Қарттар: «Біздерде сауат жоқ қой. Кімнен нені естісек соны айтамыз»,- деп қана ақталды.

Әлгі ауру мен молданың ортасындағы әңгіменің дұрысы, Тәңірді сауында тән алып, сауында оны құрмет еткен. Егер Аллаға

күрметті, құлшылықты әлгі шопыр айтқандай деп түсінсек, ол екіжүзді кәззаптың ісі. Бұл былай алғанда қорқақ, ойлаусыз, бойкүйез, жексұрынның жанына таяқ батқанда «ойбай, ағажан!» - деп, жылап жалынатынына ұқсайды. Құранның «Ниса» сүресінің 14-аятында: **«Ал, кім Аллаға, Елшісіне қарсы келіп, оның шектерінен шықса, ол, ішінде мүлде қалатын отқа кіргізіледі. Оған қорлаушы азап бар»**,-деп, ізінен зинақорлық жасағандардың жазасы мен тәубеге келгендердің кешірілетінін ескертіп, 18-аятында: **«Ал, жамандықты өздеріне өлім келгенге дейін істеп: «Енді шынайы тәубе қылдым»,-деген және қарсы болған бойда өлгендердің тәубесі қабыл емес. Міне, солар үшін күйзелтуші азап әзірледік»**,-деген. Демек, аңдаусызда істелген бір пендешіліктер ғафу етілгенімен, біле тұра тәубеге келмегендерге Мейірім болмайды, деген сөз. Үнемі адамгершілікке қарай бағыттап отыратын қасиетті дініміз, бізге қыз балаға тоғыз жасынан, ер балаға он екі жасынан Имандылықты толық мойындап, меңгеріп, адасқандар үшін жаралған жалғаншыда шайтанға ермей, адал өмір сүруді өсиет етеді.

Кешегі 1993 жылдарда май, ұн өлшеніп берілді. Ал, мереке өткеретіндер ауылдық ақсақалдар жиынына арыз жазып, сол арқылы артығырақ май, ұн алатын еді. Сонда бір имам, менің көз алдымда, ақсақалдар жиынына май сұрап екі арыз жазды. Екіншісін ол кемпірінің атынан жазыпты. Хатшы: «Жоқ ақсақал, жанұяда бір кісінің атына ғана арыз жазылады және он килодан артық май берілмейді» - деді. Діндар қиылып тұрып алды. Кейінгі жағымен ісім болған жоқ. Бірақ, сол кісінің әрекеті өзіне лайық емес екеніне көңілім інжар болды. Өйткені, ол хатшының сөзіне: «Мен тойымды біреуден жиырма кило ақ май қарыз алып өткердім, соны беруім керек»,-деп сылтау айтты.

Ол – халық назарында, ауызында Кәлимасы бар адам. Пәлен медресені бітірмегенімен ел оны имам деп құрметтейтін. Ол хадисті де, Құран Кәрімді де оқыған. Хадисте: «Егер, біреуді біз біреу қызметке сайлап қойсақ, ол сол қызметінен несібе тауып жеп тұрып, тиісті мөлшерден артық алып қойса, онысы – қиянат болады», - дейді. Және бір жерінде өзіңнен ауысса ғана балаларыңа, оданда ауысса көпшілікке садақа беру керектігін айтады. Бірақ, қарыз алып мереке өткер деген кеңес-өсиет жоқ. «Мұсылман біреудің ақысына қиянат қылмайды»,-деген бар.

Молданың өз құрметін пайдаланып артық сұрап отырған майы, той жасаймын деп тырбандап, бірақ, нақты ақша таба алмай жүрген бір мүсәпiрдiң не шарасыздың ақысы емес пе!?... Ол тойына майды қарыз алмауы керек едi. Керiсiнше, ақшасы жетiп тұрса, осы ақсақалдар жиынына келiп, мән-жайды түсiндiрiп, мәселенi шарифат Жолына тура келетiн амалмен шешуi тиiс едi.

Дiнбұзарлар хақында көп айтып кеттiк. Ондағы мақсат – дiн тазалығын сақтау және көпшiлiктi дүмше молдалардан сақ болуға шақыру. 1995 жылы, жазда ауыл молдасы, садақада отырып, қасындағыларға: «Тақыр жерге дәрет сындыруға болмайды» - деп «ақыл» айтты. Оған олардың бiрi: «Сонда қалай ету керек? Қалтаға құм салып арқалап жүреміз бе?»- деп кекеттi. Әлбетте, молда жаңылды. Бұл жерде дәреттiң мақсаты мен дәрет алуды түсiндiрiп айтудың өзi жеткiлiктi едi ғой. Тағы бiр молда өзiнен екi-үш жас кiшi, бiрақ, намазға ендi ниеттенiп жүрген талапкерге: «Мұның дұрыс екен, бiрақ, бiр молдаға жығылып, батасын ал», - деп отыр екен. Бата алу деген жерде молдаға бiрдеңе беру керек екенi өз-өзiнен мәлiм және бiз «солай болады ғой», дегенiмiзде де бетi бүлiк етпей: «Иә, бiр шапан, белбеу...» берiлетiнiн айтты. Ал, Құранда («Шура» с. 23-а), хадисте дiн ақысыз үйретiледi – дейдi. Демек, бұл жерде де молдекең нәпсiсiн ойлап, дiн тазалығын сақтау туралы айтылған Аят пен хадиске қиянат жасап отыр.

Бұл баяндағандарым 1995-97 жылдарға дейiн ұлан-ғайыр ел арасында жүз берген оқиғалар. Ендi айтушы өзiме де, оқушы имамдарға да қиындау – соңғы кездегi, медреселер бiтiрген оқымыстылар мен төрт айлық имамдар даярлау курсы бiтiрген, шаһадатнамасы бар имамдар жол қойған, өзiм нақты куә болған оқиғалардан бiрнешеуiн айтайын.

Мұсылман – мұсылманның қорғаны екенi түсiнiктi. Және «Мәида» сүресiнiң 79-аятында, Алла бiр-бiрiнiң кемшiлiгiн ескертпегендерге ренжiген. Менiң де мақсатым, оларды қаралау емес, сақтандыру. Сондықтан мекенi мен аттарын атамаймын.

Және бiр ескерте кететiн жәйт, мен оларды аңдып жүрiп, осы кемшiлiктердi тiзген жоқпын. Өзiмнiң жазған кiтаптарымды ел аралап сатып жүрiп, қалаларда 2-3 жұмалап тұрып қаламын. Мүмкiндiгiнше намаздарымды тек мешiттерде ғана оқимын. Ал, Жұма намаздан қалмаймын. Бұл келеңсiздiктер сонда көзiме түскен, жүрегiмдi ауыртқан.

Алла: «...Күмәннің көбі – күнә...» дейді, «Хұжрат» сүресінде (12-а). Мені жалған айтып отыр деп, ешкім күмәнданбас, күнәламас, күстаналы етпес деп, ойлаймын.

2005 жылы мамырдың жетісінде қаламызда Мәуліт күні өтті. Шілде айының үші күні мешітімізді көруге ҚМДБ-сынан Еркін Дуанаев пен екі ғалым және облыстың өкіл имамы келді. Осы келген екі топтың арасында Еркін Дуанаев қана мешітте сәлем намазын өтеді.

Атеизмнен енді-енді қайтып, Исламмен жаңа танысып, өзіне тартар жақсылықтарынан жақсылықтарына ынтығып жүрген бізге, басына ақ сәлде байлап, ақ шапан киген әлгілердің Алланың үйінде иілмегені өте әбес түйілді. Расында, олармен кездесуге шақырылған біз, олардан өзіміз білмейтін, бізді Аллаға жақындата түсетін қасиетті бір амалдарды көруге, мазмұнды уағыздарын тыңдауға іңкәр едік. Бұл үміттеріміз тек қиялда ғана қалып, әлгі сәлем намаз оқығаннан басқасына қандай баға берерімізді білмей қайттық.

Сол жылы мамырдың ортасында көрші қалаға Мәулітке шақырылдым. Бар ықыласыммен бардым. Көп имамдар келіпті, халық жиналышты. Мәулітке тиесілі рәсімдер өткесін, бесін оқылды, сосын мешітте тамақ берді. Халық жақсы жиналған. Бәріміз жайғастық. Мен дастархан басында да имамдар бірінен кейін бірі Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) туралы әңгімелер айтады, хадистер тыңдаймын, деп ойлағанмын. Бейне барлығы тек ет жеуге келген сияқты. Бір кезде сол мешіттің имамы мәшінін сататынын айтып кетті. Садақа базарға айналғандай, адамдар бұл мешітте неге бас қосып отырғандарын да ұмытып кетті. Бұл дастарханның аяғы не болар екен, деп, отыр едім, бізге жақын үстелдегі бір Момын қарт: «Ей, жарандар!»-деп, жабыр-жабырды тоқтатты. Қай жерде отырғанымызды, бүгінгі дастарханның мақсатын көпшіліктің есіне салды. Сонда сол мешіттің имамы: «Ие, ақсақал, дұрыс айтып отырсыз. Бірақ, ол өтті ғой. Енді өзімізше...», -деп, тап күткен құдасын шығарып салып, енді өзі әмпайластарымен қалғандағыдай әңгіме айтты.

Бұл, әңгіме етуге тұрмайтын нәрсе деп, көз жұма салуға ұзданым бармады. Себебі, жүректегі Имандылықтың әлсіреуі, халықтың Исламға сенімінің кетеуі кетуі, ел арасында діндарлардың беделінің төмендеуі осындай ұсақ-

түйектен басталатыны, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) соңғы Құтпасындағы елеусіз көрген нәрселеріңмен шайтанды қуантуларың мүмкін деген мағынадағы өсиеттері ойыма түсті. Мешіт – Аллаға ғана ғибадат жасайтын үй болғандықтан, ол жерде бөтен әңгіме айтылмауы керек. Екіншіден, біз осы күнімізді, тіпті, ел болып осы айымызды тек Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) атап отырмыз. Сондықтан, тек Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өмірі мен өнегесі, хадистері ғана салтанатын құруы мақсатқа лайық. Дүние әңгімесі де Аят-хадистермен сабақтастырылып, тыңдап отырған қауымды Иmandылыққа шақыратын болуы зәрулік. Сонда біз Расулаллаһтың (с.ғ.с.) туған күнін атап өту жәйлі халыққа дұрыс үлгі көрсетеміз.

Кітап сатып жүріп бір қалада, ақшам намазын жамағатпен өтеуге мешітке бардым. Имам жоқ екен. Жиналған сегіз намазхан бір-бірімізге мұражат жасап, ортамыздан бір намазхан жігіт имам болды. Намаз аяқталып, киімімізді киіп жатқанымызда имам пайда болды. Қуандым.

Киініп шыққанымша көз жазып қалдым. Өзімнің жеке шаруамды айтпақ болып іздедім... Өз бөлмесінде жоқ. Күзетшіден сұрадым. Ол да жаңа ғана келгенін көргенін айтып, бірден ғайып болғанына таңырқап барып: «Мына бөлмеде шығар!»-деп, Құран оқылатын – садақа салынатын жәшік тұрған хананың есігін тартты. Білдік, іште екен.

Жаңа ақшамда бізге имам болған жігіт те келді. Оған да имам керек екен. Менен бұрын күзетші ішкеріде екенін айтты. Ол: «Садақа жәшікті ашып, бүгінгі жиналған ақшаны санап жатқан ғой! Мен мешіттің алқа мүшесі едім. Бұлардың мұнысы қалай?»-деп, ренжіді. Есікті қақты, ашпады...

Әрідегі орындықта отырған, қалыс, маған ой келді: «Мына жігіттің айтып тұрғаны рас болса, жаңа намазда көрінбей, садақа жәшігін ашуға уақыт тауып келген имам, қандай имам болды? Имам дегеннің барлық міндетінің өзі – намазхандардың алдында тұрып намаз өту емес пе? Біздің ел, діни Басқарма сеніп отырған имамның сиқы осы болса, елдің келешегі қалай болмақ?

Намазға үлгермеген шығар деп, кешіріммен қарағанның өзінде, шынымен Аллаға берілген имам болса, садақа жәшікті ашпас бұрын, ақшам намазын өтеп алмай ма? Оның үстіне, өз саудасынан түскен меншікті ақшасын санап жатқандай, есікті

ішінен құлыптап алғаны қалай? Ана жігіт ренжіп тұр. Имам **«Шын мәнінде құпия жиналыс Момындарды кейіту үшін шайтан ісі»** («Мұжадәле» с. 10-аят),-деген Аят барын білмейтін болғаны ма?»-деп, түңіліп отырғанымда есік ашылды. Әлгі жігіт имамға мұнысының дұрыс еместігін айтып жатты. Мен де бұл имамға жолығуды лайық көрмей, автобусқа үлгіруге асығып, жолға шықтым.

Осы сияқты және бір дәйек, қалада бір кісінің анасы дүние салды. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.): «Адам өлген үйден үш күнге дейін дәм татқан адам бізден емес»,-деген хадисін Алладан қорықпайтындардың ұмытқаны қашан!.. Сол күні кешке-ақ 200 адамға қонақ асы берілді. Жиналғандардан бір парасы, кезекпен марқұмды мақтап жатыр. Имам не найыб имам осы садақаның хадиске қайшы екенін айтпады. Халықты Ислам мәдениетіне шақырмады. Сонда Алланың сөзінің үстемдігі үшін күресі қайда қалды?...

Осы азалы кісі, бір апта өткенде ифтар істеді. Асханадағы үстелге халық толық жайғасты. Ақсақалды, әдемі кейінген, алтын басты қарттар төрге отырғызылды. Бір кезде облыстық өкіл имам келеді деп, төрде отырған қарттарды төменге ысырды. Жаңа ғана ақшамды оқыдық, олар жоқ еді. Біз намазды аяқтап дастарханға жағалай отырғанша 10 минөттей-ақ уақыт өтті. Сонда бұлар сонша шақырымнан ұшып келді ме?! Жарайды, мұнысын қоялық. Қарттарды «қуып» түсіріп орнына отырғызған өкіл имамның жанындағы біреу, тіпті, ондай көптің ортасына отырғызуға лайықты киімде емес. Шашын тықырлатып алдырған, жалаңбасын кешіре салайық. Көшеден ұстап келген адам сияқты. Ислам әдебі қайда? Бейне, өкіл имам мұсылманшылықты дәстүр тәрізді ұғынып, имамдықты шенеунік тақылетте түсінетіндей. Ақшамды өтемегенін, Момындарға дұрыс үлгі көрсету тәртіптерін бұзғанын, бұрмалағанын Алла біліп тұрғанынан түк хабарсыз, етке жеткеніне мәз.

Тағы бірде бір қаладағы имам атын жамылып жүрген пендеге қатты нала болғаным бар. Жұма. Намазхандар жиналып жатыр. Имам көз алдымызда қараңдап жүргесін намазханаға кірмей, дәлізде тұрған екі намазханның жанында әңгімелесіп тұрдық. Ішімнен уағыз айтпай ма екен? Уақыт жақындады ғой»,-деп, қоямын. Бір кезде сағатыма қарасам, намаз уақыты болып-

ты. Мен оны қасымдағыларға айтамын дегенімше, имам келді де әлгі екеуіне: «Кеттік!»-деді. Мен: «Қайда барасыздар?» Имам қысыла жымыып: «Садақаға шақырылған едік». Мен: «Жұма намаз не болады?» Имам: «Ішкеріде ... бар. Соған айтқанмын. Сол өткереді...», -деді, ыржандап, өзінікі ұят екенін жасыра алмай. Не дейін, жоғарыдан бекітілген имам ғой?!

2005 жылдың 12-қыркүйегінде көрші қалада жасайтын бір танысым немерелі болғанына садақа істеп шақырды. Қайсы бір облыстың өкіл имамы да келеді екен. Мұны есітіп, жақсы әңгімелер, өсиеттер тыңдайтын болдық-ау, деп, қуандым. Күткен имамымыз келді. Төрге орналасты. Жай-жағдай сұрасып, құтты болсын айтылып, ізінен шай ішіп отырдық. Біздің қасымыздағы үлкен кісі әңгіме қозғап көргенмен, имамнан тұщымды ештеңе шыға қоймады. Қарт шарифаттан сөз бастап еді, «...бұл жер оның орны емес, ондай әңгіме тек мешітте айтылады», -деп, тоқтатты. Сөйтіп отырып өзі әкесіне мәшін алып бергенін әңгімеледі. Онысын да теріс көрмедік. Бір кезде елдің ауызында жүрген Бауыржан атамыз туралы «Бауыржан батыр деген атағым бар...», -деген, ұят сөз араласатын, ел ойдан шығарған, аңызды айтып отыр. Көшедегілер мен әдепсіздердің айтатын сөзін тіліне алып отырған имамға («Ниса» с. 148; «Ісра» с. 53-а) не дерімізді, қалай құрмет көрсетерімізді білмей қалдық...

2012 жылы қаңтарда Елбасымыздың Жолдауын теледидардан тыңдадық. Сол күні кешке бір үйге садақаның қонығына жиналды. Төрде ақ жадағай, сәлдесімен бір аяғын бүгіп, екіншісі жарылай созып имам отыр. Бір кезде көкүніне қоңырау келді. Алды да: «Иә, иә. Тыңдадық қой!»-деп, күліп мазақ еткендей жауап беріп: «Әй, мені де «Оқыды, қолдады», -деп, өзін жаза сал...», -деп, қарқылдап күліп, қоштасты. Бір кісі:

-Бүгінгі Жолдауды айтып жатыр ма?-деп, сұрады. Ол қатырдым дегендей ыржандап:

-Иә!-деп, езуін жиып, көпшілікке қарап: -Обләкімдіктен ғой. «Оқыдым, бәрі дұрыс, қолдаймын,-деп, жазып бер», -дейді. Оған менде уақыт қайда?-деп тағы сықылықтады.

Сұраған кісі:

-Сен балам, имамсың. Алла несібесін сені мен менен ұлық еткен осы тұңғыш Президенттің дұрыс саясатының арқасында имам болып отырсың. Мына халық сенен үлгі алады. Байқап сөйле. Не айтып отырғаныңды біліп отырып сөйле.

Сен «Бақара» сүресінің 247 және 251-аяттарында не дегенін білесің бе? «Нахыл» сүресінің 71-аятының бірінші сөйлемін айта аласың ба?

Имам үнсіз, басын төмен салып, ыржиып отыр. Сұраушы кісі түсін бұзып:

-Демек сен «Зұхрұф» сүресінің 32-ші, «Ниса» сүресінің 59-аяттарын да білмейді екенсің ғой! Онда халықтың сайлап қойған Патшасын мазақ қылатын сен кімсің?»-деп, салмақтылау ескерту жасады.

Имам:

-Құран Аяттарының барлығын біле беру шарт па екен?!»-деп тоңқылдады. Сұраушы кісі:

-Шарт! -дегенде, күйеу әдебімен есік жақта отырған, үлкендеу кісі:

-Имам болғасын білу шарт. Ел имамнан үлгі алады. Имамның аузына қарайды,-деді. Жұрт тым-тырыс. Имамның қасында отырған, сыпайы киінген кісі, әлгі кісіге:

-Бұл Аяттарды өзіңіз айтып бермесеңіз, бұл да, біз де білмейміз,-деді, Аяттардың мағынасына қызығып. Ол кісі әр Аятты жеке-жеке талдап түсіндірді. Ел болу үшін, елдікті сақтау үшін Алланың Аяттарына сауатты амал жасап, Патшаны сыйлауды айтты. Сыпайы кісі орнынан тұрып, сұраушының қолынан алды да:

-Сіз мені кешіріңіз! Сіздің орныңыз бұл жер емес, мына төр! Төрге отырыңыз,-деп, зорлағандай етіп, орнынан тұрғызып, төрге шығарды.

Елімізде Ұлы дініміздің тұтқасы осындайлардың қолында тұр. Олардан осы имамға ұқсаған, медресе бітірген, басшылардың алдында бір басқа, халықтың ортасында тіпті басқа, көптің арасында отыру мәдениетін білмейтіндер жүр. Өздері осындай бола тұра мешітте, көпшілік жиналған орталарда адамгершілік, бірсөзді болу, сөзі мен ісі-амалы бір болуы хақында уағыз айтатынын қайтерсің?!

Мына имамның Құрани сауатсыздығы осы жерден-ақ көрініп тұр. Егер бұлар «Саф» сүресінің: **«Әй, Момындар! Істемейтін істерінді неге айтасындар?» «Істемейтін істерінді айтуларың Алланың қасында зор ашуға себеп болады». «Күдіксіз Алла Өзінің Жолында мықты қаланған диуалдай сап бо-**

лып соғысқандарды жақсы көреді», - деген, 2-5-аяттарының мағынасын білсе, Исламның не екенін түсінсе, мешіт ашып, медресе салып беріп отырған Президенттің Жолдауын оқып, онымен бір сапта тұрып, ел амандығы үшін күреседі. Әлгіндей бықсымайды.

Тағы бір қалаға барғанымда мешітінің бір бөлмесінде жөндеу жұмысы жүріп жатыр екен. Құран кіреберістегі кең дәлізде оқылатын болыпты. Біздің өтінішімізбен, өзін найыб имаммын деп таныстырған, үстінде шұбатылған халаты бар, тақиялы Құран оқи жөнелді. «Фатиханың» жарымына келгенде есіктен және бір кісілер кірді. Сонда найыб имам Құран оқып отырған күйі, оларға қарап, қолын дережерлердің қолындай ербендетіп, бері келіндер деп, ымдады. Бейне, бір дәстүрлі шараны орындап, жаттаған өлеңін ақша үшін айтып отырған адам секілді.

Ислам мәдениетінен хабарсыз екеніне ашынып, «Аграф» сүресінің 204-ші, «Фуссилат» сүресінің 40-аятын есіне салдық...

Бірде бір қаладағы мешітке садақа салып, Құран оқытайын деп кірсем, жан баласы жоқ. Сәлем намаз оқыдым. Еміс-еміс бір дыбыс байқалады. Әдемі салынған мешіт екен. Ішін айналып тамашалап жүріп, әлгі дыбыстың анығырақ есітілетін есігінің алдына келіппін. Тартсам, ашық. Екі жігіт отыр. Рұхсат сұрап кіріп, мән жайды білдім. Бұл – қарауыл отыратын бөлме екен. Таныстым: төрдегісі, мешіттің кезекші молдасы, қасындағысы мешіттің қарауылы болып шықты. Алдарында ноутбук. Мен кіргеннен дыбысын төмендетті. Сұрасып тұрып көзім түсті. Ондағы суреттерден шошыдым. Жаңа танысқан кезекші молдаға: «Мұнафиқ деп қандай адамды айтады?» - деп сұрақ қойдым. Ол өзінше түсіндірген болды. «Өзіңді мұнафиққа қосасың ба?» - деп едім, шошып кетті. Мен «Бақара» сүресінің 14-аятының мағынасын осы көрініспен салыстырып дәлелдеп бердім. «Көзді, көңілді таза сақтау туралы уағыз айтасың, бірақ, өзің оңашада шайтаныңмен бірге көз бен көңілді арамдап отырасың. Алла – жүректегіні Білуші, көздердің қиянатын Көруші екендігі туралы Аяттарды білмейсің бе?» - дедім. Әрине, ондайлар сөзге тұрмайды ғой, ол тағы ақтала бастады. Мен үндемей шығып кеттім.

Осы қалада үш жұма кідіріп қалдым. Намаздарды көбіне найыб имам өткеріп жүрді. Имамның өзінен байқағаным, Жұма намазда да, бес мезгілдік намаздардың мен қатысқан бесін, екінді, ақшам, кейде құптанда да тек парызда ғана пайда бола-

ды. Сүндеттерді жамағатпен оқымайды. Осынысын түсінбедім. Құранда: «...сыр тексермендер...» («Хұжрат» с. 12-а),-деген, сосын менің тікелей жұмысым емес қой, бәрімізді де Алла кешірсін, деп жөніме кеттім. Дегенмен, діннің бұзылуы осындайлардан басталмай ма?

Және бір Жұмада уағыз айтушы найыб имам, қағазға жазылған тақырыпты ежелеп оқып отыр. Көп жылдар бойы радиода диктор болып істеген біз, қасымызда әртісіміз де бар, тек Алланың ризашылығы үшін лажсыз тыңдап отырдық. Ішімізден, медреселер шәкірттерге лекция оқу мәнері мен мәдениетін де үйретсе қандай жақсы болар еді, деп, жақын арада қол жете қоймас бір жақсылықты армандадық.

Бірде бір имам күйгелектік, тірлігіне көңілі толмау сияқты мінездердің зияны мен сабырлылық, шүкіршілік, қанағат, тағдыр, өзін түзеудің мәні туралы уағыз айтып отырып, «...сол себепті оларға, үшінші сортты адамдарға тиесілі жұмыс нәсіп етілді»,-деді.

Біз шошып кеттік. Бір-бірімізге қарап бас шайқастық. Серігім жағасын ұстады. Онысы осындай қате сөйлеуден, теріс түсініктен сақта деп, Аллаға жалынғаны ғой.

Алла Құлдарының Өзінің алдындағы ең Ардақтылары Тақуалары екенін ескерткен («Хұжрат» с. 13-а). Демек, жеке меншік ұшағы бар Кәлимасыз байдан, Иманды жаяу Аллаға жақын. Бұл «үшінші сорт адам» деген сөзді қайдан алды екен? Бірінші сорты бізге уағыз айтып отырған өзі ме? Мұндай имамнан тағлым алған жамағат не болмақ? Күйгелек, өміріне көңілі толмай жүрген жанды бауырға тартып, оған сабырды, шүкіршілікті уағыздап, Алланың Жолына шақырып, сабыр мен намазбен тілеуді жіті түсіндірсе («Ғасыр» с. 3-ші, «Бақара» с. 45-а), жетіп жатпай ма?

Жұма намазының алдынан бір имам Ислам әдебі туралы уағызын Аят, хадистермен дәлелдеп әдемі жеткерді. Көптің алдында істеуге болмайтын қимылдарды тергіштеді. Сөйтіп, отырып, өзінің ауызынан шығып жатқан уағызына, өзі амалда қарсы әрекет етіп, мұрнын шұқып, сілтідей ұйып отырған намазхандарды бір күрсіндірді...

Қайсы қалаға барсам да алдымен мешітін тауып аламын. Бірде бір қалада мешітке кіріп, садақа салып Құран оқыттым. Молдам Аьуузу... мен бисмилладан кейін, терезеге қарады. Ауызында Құран, екі көзі – көшеде. Яғни, көңілі де көшеде... Батадан кейін:

-Бала, бұл Құран деген өлең бе?-дедім.

-Жоқ, ақсақал. Олай деменіз, бұл – Алланың Сөзі. Олай деп айтуға болмайды! -деді, мені жақтырмай.

-Алланың Сөзі болса, Құранда Алла, Құранды оқығанда ұйып, шын ықыласпен беріліп отырып оқуды ескерткенін сен оқымағансың ба? Екі көзің терезеде болды,-дедім.

-Ой, ағай, соның бәрін оқығанмен жаттап жүреді, дейсіз бе? Керек жерінде беріліп отырып оқимыз,-деді. Алдымен ақсақал едім, енді ағай болдым.

-Құран оқудың керек емес жері, керек жері деген де бола ма?

-Ауру сырқау болса, арнайы шақырып Құран оқытса...

-Онда бұл амалымыз не болды? Бұл, керек емес жері ме?

Бала абыржыды. Өзінен анықтап сұрасам, еліміздің солтүстік облыстарындағы мешіттердің бірінде сауат ашу курсін оқып, сосын астаналардың біріндегі медресені түгетіпті...

2014 жылдың 10-қыркүйегі күні де бір мешітте сәлем намаз оқып алып, сосын садақа салып Құран оқытатын бөлмеге кірдім. Молда жас жігіт тік аяғында көкүнін шұқып тұр екен. Сәлем бердім де «Құран оқыңыз»,-деп молдаға ықшамдалып жасалған, үстінде Құран кітаптар тұрған хантақтаның жанына отырдым. Ол да осы үстелдің қарсы жағына – өз орнына тізерлеп жайғасты да «Бақараның» 285-аятын бастады. Қолында көкүні, екі көзі сонысында. Бұл Аятты аяқтап келесісіне көшкен кезде Астафираллақты, Субханаллақты айтып тоқтаттым...

2014 жылы наурызда бір қалаға үлкен кісінің жылына бардым. Садақадан бір күн бұрын, 30 шақты қарт, ас иесінің үйіне қоныққа жиналды. Мешіттен молда шақырыпты. Ет тарту, сағат 12-ге, сол молданың айтуымен белгіленген екен. Бірақ, өзі жоқ. Мәшін жібергенбіз. Көкүнмен хабарлассақ, молда шомылып жатыр екен. Көп күттік. Шыдамы таусылған қарттардан бірі: «Арамызда Құран сүрелерін жақсы білетін кісілер бар емес пе? Уақытылы келмеген адам – өзінің де, өзгенің де қадірін білмейтін адам. Оны күтудің керегі жоқ...»,-дегенде, екіншісі: «Өткен садақада да осылай болып еді...»,-дей бергенде және біреу: «Олар үнемі осы ғой!...»-деп соңғы шешімдерінде, бұдан кейін мешіттен молда шақырмауға бекінді....

Сағат 13-те күткен молдамыз келді. 20-25-тің арасындағы жас. Үстінде жағасыз спорт киімі. Басында тақия. Төрге шығардық.

Амандасу, кешірім сұрау жоқ. Ыржаңдап, мешітте болған, бізге қатысы жоқ бір оқиғаны баяндады. Ешкім сөзін қостамады.

Қарттардың арасындағы, мұндай құрметсіздікке шыдамайтын біреуі тергеуге алды. Сонда ол: «Бүгін бізде бассейн күні»,-деді, әлдеқандай қылғандай. Қарт: «Садақа күндерін қашан?» Ол: «Ондай күн жоқ!» Қарт: «Бәсеин күннен садақа күн артық. Сені осыдан бірнеше күн бұрын осы садақаға арнайы барып шақырды. Сағатын сенің жағдайына қарап, өзіңнен сұрап нақтады. Сен белгілеген уақыт бойынша біздерге хабар берді. Сонда неге бәсеиніңді айтпадың? Енді неге, халықты күттіріп қоясың? Бәсеинің осы шаңырақтан, мына жиналған халықтан, бұлардың Құранға деген ықыласынан артық болғаны ма?

Мына отырғандардың барлығы бүгін, бесіннің алдынан бассейнге түсіп, мешітке намазға баруы керек еді. Сенің кесіріңнен кешікті. Намаздан да қалайын деп отыр. Тап осы кез – ниеттеніп, дәрет алып бесінге дайындалатын кез емес пе?...

Сен білсең, сенің басты міндетіңнің бірі – халықты Исламға, мешітке жақындастыру, яғни жинаушысың. Ал, сен сөзінде тұрмайтын салғырттығыңмен мешіт түге өзіңнен халықты жирендіріп отырсың.

Мына көптің көзінше айтайын. Сен кешіккесін бұлар, бұдан кейін мешіттен адам шақырмайық, деген батаға келді»-деп қызыңқыраған кезде көпшілік ара түсті...

Молда үнсіз қалды. Оның орнына дініне жанашыр жандар ұялды.

Арадан бірнеше ай өткесін осы қалаға тағы тұз-несібем тартты. Бесінді жамағатпен оқуға үлгере алмай, 14 жарымда мешітке кіріп, өзімше оқыдым. Менен басқа жан жоқ. Әуелгі төрт рәкат сүндетті болып, парыздың бірінші рәкатын оқып жатқанымда молда пайда болды. Оны намаз үстіндегі мен, оның көкүні арқылы біреумен дабырлап сөйлескен, қарқылдап күлген кезінде байқадым. Бесінді толық болғанымнан соң, қасына барып, сәлем беріп, арнаулы жәшікке садақа салдым. Молда «Ислам және өркениетті» оқып отырған күйі сәлем алды. Құран оқуын өтіндім. Ол көзін газетке қадаған қалпында оқи жөнелді. Біткесін қайсы сүреден үзінді оқығанын әдейі сұрадым. «Оны не қыласың?»-деді менің жасыма да ой бөлмей. Мен: «Сен намаз оқып жатқан адамға кедергі жасамау туралы тәртіпті білмейсің бе?» -дедім.

Ол: «Мен кедергі келтірген жоқпын!» Мен көкүнімен дабырлап сөйлескенін, қарқылдап күлгенін айттым. Ол өзін ақтады да алдында тұрған екі көкүнді маған қарай қатар ысырды. Мен: «Мені жала жауып тұр, деп отырсың ба?»-дедім. Ол маған ысырған көкүнін қолына алды да қосты. Білді. Кешірім сұрады. Сосын мен Құран оқып отырғанда газетті жинап қоя тұру керектігін ескерттім. Кемшілігін мойындады. Мен: «Мұны мешіт дейді. Алланың үйі дейді. Аллаға құлшылық жасау үшін, бұл есікке киімі жұпынылау ғалымдар да, оқымыстылар да, су жаңа киінген орта білімділер де кіреді. Олар сенен көп білуі мүмкін», -деп білген достығымды айтып кеттім.

Ол және кешірім сұрап сыртқы есікке дейін шығарып салды. Мен қоштасып тұрып: «Осы кемшіліктеріңді айтпағанымда, сен мені осылай шығарып салар ма едің?» Ол күліп төмен қарады. Мен: «Мешітке келгеннің барлығын күтіп алып, шығарып салу шарт емес. Бірақ, соған өте жақын дәрежеде қызметте болуы керек», -деп Алла Жолындағы күрес деген осы екенін түсіндірдім.

Желтоқсанның бір күнінде бір жаназаға шақырылды. Жерде қалың қар. Адам көп жиналған. Имам жоқ. Адамдар аяқтары тоңғанын айтып, налып тұр. Бір кезде имам келді. Он бес минөт уағыз айтты. Жаназаны үш минөтте аяқтады. Адамдар тоңып тұрса да жаназаға ықыласты. Имамның көп сөйлеп, жаназаға аз ғана дұға оқығанына ренжіп тарады.

Мәйітті жерлеп қайтып келдік. Мешітте садақа берілді. Имам дұға оқыды. Тамақ желініп жатқанда бұл тағы да уағыз айтты. «...Құранда «Бақара» сүресінің 177-аятында садақа беріндер. Садақа бәрінен құтқарады, деген. Әр қашанда садақа берген дұрыс. Міне, бүгін бақилыққа шығарып салған ағамыздың балалары садақа беріп жатыр. Дұрыс. Өте дұрыс. Қабыл болсын.

Құранда: «Уәл ғасыр. Иннал инсана ләфи хұср...», -деп сүрені толық, тез айтты да: Міне, мұнда да садақаның көп пайдалы екенін айтқан...», -деп, садақамен уағызын аяқтады. Бұл айтып тұрғаны «Ғасыр» сүресі. Онда иман, ізгілік, Шындық, сабыр ғана айтылған. Садақа сөз болмаған.

Аяттардан, хадистерден хабары жоқ тыңдарманға бұл айтылғандар дұрыс та, таңғажайып. Ал, Аяттарды жақсы білетін тыңдармандарға ауыр. Бірақ, амал жоқ. Имам – «имам!»

Осыдан есімізге түседі. 1993-94 жылдары қалада имамдыққа Құран оқи білетін біреуді бекітіпті. Шарифаттан хабарсыз екен.

1994 жылы ақпанда қала шетіндегі бір кісі үйіне кешкі 16-ға садақаға шақырыпты. Ауа желдетіп, қар суырып тұрған. Тамақтанып Құран оқып, қайтқан. Мәшін жоқ. Қайтарда имамның қасына екі жігіт қосылып – үшеу болып қайтыпты. Боран басылыпты. Қараңғы түскен, жарық жоқ.

Имам әлгі үйден шыққаннан садақа, зекет туралы әңгіме бастап, соны айтып келе жатып, жолдың шетіне шығып кеткен. Маған айтып берген жігіт: «Садақа-садақа, деп келе жатыр еді, жоқ болып кетті. Бұрылып қарасам, кәріз құдыққа түсіп кетіпті». Түсіп бара жатып та садақа, деп бірдеңе депті, құдықтың ішінде тұрып та: «Алла Жолына садақа бермегеніме кө-ө-өп болып еді!...»-депті.

Бұл имам – әрине, адам табылмағасын, 1992 жылғы діни наным-сенім туралы қаулыны жүзеге асыру мақсатында сайлана салған имам. Ал, одан кейінгі имамдардың қателесуі өте ұят, әлбетте.

Біреулер қателеспейтін адам болмайды, деп оларды арашалағысы келеді. Құран солар қателеспеуі үшін түсірілген. Исламды түзейтін де, бұзатын да солар. Себебі, халық имамдарға қарап түзеледі.

2008 жылы жаздың басында, бір кісі өтініш жасап қабырстанға бардық. Біраздан соң және бір жеңіл мәшін келіп, ішінен ақ жадағайлы, сәлделі жас діндар түсті. Түсті де екі қолын беліне таяп, қасындағыларға бірдеңе айтып жатты. Бейне осындағы марқұмдардың қожасы сияқты... Менің қасымдағы атеистік азғындықтан енді бойын тазартып келе жатқан ағай, оны жақтырмай: «Мына тұрыс не?!»-деді, әдейі оған есіттіріп, иегімен көрсетіп: «Сіз бізді мәшіннен түсіре сала отырғызып, Құран оқыдыңыз. Бұл неге олай етпеді. Оныкі дұрыс па? Сіздікі ме?»-деді. Мен: «Меніңше, егер Алла қабыл етсе, хадисте ескертілгендей бабаларымыздан көрген үлгіміз бойынша біз дұрыс істедік-ау!»-дедім де ол кісінің ойын бөліп, Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Миғражға сапарын әңгімеледім...

Халық имамдарды бір сөзді, пендешіліктен жоғары, пәк Иманды адамдар ретінде сыйлайды. Бірақ, олардың дені олай емес. Намазхан досым:

-Көктемдегі жауыннан үйінің төбесінен су өтіп, қала әкімдігіне арыздандым. Екі аптадан соң әкімдік өкілі үйіме

келіп, өзімді жиналысқа шақырып кетті. Сөйтсем, мен сияқты жауын-шашыннан зардап көрген 7 адам екенбіз. Имам және фирмалардың басшылары келіпті. Әкім біздерді жинағандағы мақсатты түсіндіріп, 7 адамның мұқтажын бітіруді ортаға салды. Фирмалардың басшылары бір-бір мұқтажды міндеттеріне алды да менің өтінішімді имам бітіретін болды. Жиналыстан шыққасын: «Сіз сабыр ете тұрыңыз. Өзім хабарласамын», - деді. Екі апта күттім. Бұл кісіден хабар жоқ. Сосын бардым. Ертеңге қалдырды. Үшінші барғанымда келесі дүйсенбіде бітіріп беруге сөз берді.

Сөз берген дүйсенбісі де өтті. Жаңбыр жауған. «Имамды үйге тамаққа шақырайын, сенбей жүрген шығар...», - деген ой келді. Сейсенбі күні сәскеде көкүнмен қоңырау жібердім. Қосты да:

-Неге асыға бересің? Менің сенің жұмысыңнан басқа тірлігім жоқ па?! - деп жерікті.

-Мен жұмысымды айтайын деп тұрған жоқпын, Сізді түске тамаққа келіңіз, - деп үйіме шақырмақшы едім. Уақытыңыз қалай? - дедім.

-Сағат нешеге? - деді.

-Он екіге....

-Он екіде ... үйіне баруым керек. Ол үш күн бұрын айтып қойған.

-Онда сол жерден шыққасын келіңіз.

-Та-а-ак! Он үште ... түгенше. Он төртте колледжде, бітірушілер шақырған, - деді.

-Содан соң....

-Жоқ. Содан соң да бара алмаймын. ...ағамыз қызының мектеп бітіргеніне, бата бер, деп шақырған. Онан кейін інімнің баласының тұсау кесері.

-Кеше шілдеhana, есімін қоямыз, деп отыр едіңіз ғой!

-Ол кенже інім еді ғой. Бұл ортаншысы.

-Сағат он сегізге келіңіз, - деп едім:

-Сағатын айтпай-ақ қояйын, өзім хабарласамын, - деді.

Баратын үйлерінің сағаттарын айтып тұр, намаздың уақытын сірә тіліне алмады. Ай да аяқталды. Біз судың ортасындамыз... Әкімдікке бара жатыр едім, қайдан білгенін білмеймін, ізімнен мәшінімен қуып жетті де, құрылыс компаниясына апарып, бастығына жолықтырып, керекті жабдықтарды алып берді. Бұл

аралықта және үш рет жаңбыр жауып, отбасымызбен әбігерде отырдық,-деп, өзінің сеніп жүрген имамының мұндайлығын бірінші мәрте сезіп қатты ренжігенін айтты.

Міне, осындай кемшіліктер халықтың Исламға ықыласын қайтарғаны рас. Олар өздері туралы айта қалса, мүләйімсіп: «Имам деген шенеунік емес, ұстаз, елді дұрыс Жолға бастаушы»,- дейді. Бірақ, өздері сөздерінде тұрмайды.

Бізде еленбей, ескерілмей жүрген бір қателік – Тақуалықтың сапасы. Біз Кәлима жаттап, арабша оқи білсе, он-он бес сүре мен 40 шақты хадис айтса, осынысының үстіне қырағаты жағымды келсе, имам не молда атай саламыз. Оның ішкі мәдениетімен жұмысымыз жоқ. Ол жаттап айтып жүрген Кәлимасының мағынасын біле ме? Өзі келтірген Кәлимасына Тақуалықпен дұрыс амал ете ала ма? Білетін сүрелеріндегі Аяттарға танымы қалай, айтып отырған хадистеріне сай мәдениетті ме? Бұл жақтарын зерттемейміз. Осы осалдығымызды пайдаланып, арамызға дүмшелер мен күні үшін Құран жаттағандар кіріп алып, халықты бағытынан жаңылдырып келеді.

Астаналық деңгейдегі қалаларда көп боламын. Мешіттерге барып намаз оқып, садақа саламын. Сондайда, келуші ақшасын арнаулы жәшікке салмай, Құран оқуға бекітілген молданың алдына қояды. Молда: «Алла – бәрін Көруші ғой. Менің бұл ақшаны алғаным – өз әріптестерімнен ұрлағаным емес пе?»- деп ойланбайды. Беріп жатқан адамға жәшікке салуын да ескертпейді.

Бәлкім, ол адам сол молданың парасатын сынау мақсатымен сөйткен шығар. Бәлкім, ол Исламның беделін жоғалту үшін жүрген пасық болар... Оған молданың тәрбие-үлгісі аздық етіп, ол алдына қойылған мың теңге үшін бүкіл молданың, имам атаулының атына, тіпті, мұсылманшылыққа сын келтірді.

Тағы бір мешітке барғанымда, кітап дүкеніне кірдім. Дүкенші жас әйел екен. Мені орнынан тұрып қарсы алды. Тәрбиесі дұрыс, бала екен. Жақсы жанұяда өскен ғой. Әттең, барлық мұсылман әйелі осындай кішіпейіл, іззетті болса!...»,-деп кітап тамашалап тұрып, байқағаным, ол әрбір келушісіне осылай құрмет көрсетеді екен. Тіпті, жаңа мен мешіт ауласына кіргенде, қақпа алдында отырған жөгі әйел екі баласымен кірді, жаңбырдан қашып, оларға да орнынан тұрып, жылы шырай көрсетті.

Кейбір кітаптар жайлы әңгімелесіп те қалдық. Сол арада

қара торы бір жігіт кіріп келді. Дүкенші оны сыртынан мешіттің ұстазы, деп таныстырды. Сәлем жоқ. Қолындағы қағазына үңіліп отыр.

Біз екеуміз астарлы Аяттар туралы сұрақ-жауап қылып тұрғанымызда, мұсылманшылықты қабылдаған, дене шынықтыру саласының мұғалімі, Ахмет қажы кіріп келді. Ұлты – белорусь.

Екеуміз құшақтасып, сәлемдесіп, хал сұрастық. Ұстаз үнсіз отыр. Мен «Қажеке, қажеке», -деп әдейі ұстазға әсер етпек болып жатырмын, онда сезім жоқ.

Сосын оған: «Оу, ұстаз! Сен неге қажекеңе сәлем бермейсің?» - дедім. Ол: «Не?! Мен міндеттімін бе, кезкелгенге сәлем бере беретін!» - деді. Сабыр ете алмадым. Қатты кейідім. «Ұстаз! Сен осылай етіп отырғанда, басқаға не өкпе бар...», - деп, ата-анасын танымағандықтан, «Сенің отбасыңда көрген тәрбиенің нашар болғаны көрініп тұр. Ата-анаң виноқор, сауықпаз, парасатсыз адамдар болған-ау! Әйтпесе, мұсылманшылықта бесіктегі бала сәлем береді», - деп көңіліне тидім. Себебі, ол – ұстаз. Оның қателігі – әлемді бүлдіреді.

Қажымен сыртқа шығып, серіктерімізді күтіп көп тұрдық. Қажекең дәрет алатын болды да, мен дүкенге қайта кірдім. Мақсатым, сахих хадистер жинағы болса, сәлем туралы хадисті тауып, әлгі ұстаздың көзіне көрсетіп, тәртіпке шақырмақпын. Ол кітапты таппадым. Дүкеннен шығарда, дүкеншіге қоштасу сөзін айтып, есікті аша беріп едім, ұстаз да жарыла сөйлеп, кемшілігіне кешірім сұрады...

1994 жылы имам адамды көрсек, тұра қалушы едік. Жер бетіндегі ең таза, ең әділ, ең парасатты кісілердің үлгісі санайтынбыз. Шөлде жасайтын Есет есімді туысқаным көптен ауыратын. Дәрігерлерден көмек ала алмағасын, имамға жолықпақ болып, келіпті. Мен жол бастап, имамның үйіне ертіп бардым. Ол әйелі, баласы Асыл үшеуі сөйлесіп отыр екен... Біз барғасын Асыл, бізден де үзір сұрағандай ишара жасап, әкесіне: «Әке, мен дем алайын. Мені оятпаңдар!» - деді де, анасына да, қошемет көрсетіп, өз бөлмесіне кетті. Имам бізге назар аударып, Есет өз жайын баяндап отырды. Өзін толық таныстырып, енді ауруынан сөз бастаған шақта, сырттан бір жігіт келіп, имамға, бізге әдеттегідей сәлем беріп, жаңа ғана дем алуға кеткен Асылды

сұрады. Имам біздің көз алдымызда: «Ол үйде жоқ. Жол жүріп кетті», - деді.

Дін адамдары хақында өмірі бұлай ойламаған мен шошып кеттім. Сірә күтпеген жағдай! Әйеліне қарадым, беті қызарып, төмен қарап отыр екен. Сосын ішімнен: «Ой, дүние-ай! Бұл кісілер де өтірік айтады екен ғой!...» - деп кәдімгідей жиіркендім. Жақсы ниетпен келген ауру серігім де әңгімесін қысқартты. «Сізді ел мақтап жүргесін сәлем берейін деп келіп едім. Сау болыңыз», - деп орынан тұрды. Мен таң қалдым. Имам: «Келген уәжіңізді толық айтпадыңыз ғой!» - деді, мұның ренжігенін сезіп. «Жоқ! Осы еді бар келген жұмысым», - деді. Әйелі де имамның нашарлығынан болғанын байқап: «Тамақтанып кетсеңіздерші!» - деп ашынып, орнынан ұшып тұрды...

Кешеден бері жер-көкке сыйғызбай сонша мақтағанымды қайтейін! Жолға түскесін:

-Неге бұлай еттің? - дедім. Ол:

-Баласы біздің көз алдымызда бөлмесіне кіріп еді ғой?

-Иә!...

-Ол неге өтірік айтты?

-Оның саған не қатысы бар? Сен ауруыңнан жазылсаң болды емес пе?! - деймін, өзім мақтап жүрген имамымды арашалап. Ол:

-Өтірікші адам – екі жүзді адам. Оның дұғасы еш уақытта қабыл болмайды. Имам атымен өтірік айтып, өзі – өзіне опасыздық етіп отырған ол, менің бойымдағы дертті қалай қуып шықпақ? Бес мезгіл намазы мен оразасы, нәпіл амалдары өзінің күнәсін жууға жетсе де кемдік етпес. Аллаға жасаған амалдары өзінен ауыспайтын имамның дұғасы, басқа адамның тілегін Аллаға жеткеруге жәрдем ете алмайды! - деді.

-Соны жаңа бетіне неге айтпадың? - дедім.

-Керісінше, ол мені тәрбиелеуі керек қой! Сонша ілімді оқып отырып, осы кемшілігін білмейді, дейсің бе?... Дінге кіргендегі ниеті дұрыс емес. Ниеті дұрыс болса, өзіне өзі бақылау жасап, бойындағы аңдысып отыратын шайтанын жеңер еді!

Бұл бұрыннан әйелі мен балаларының көзінше де өтірік айтып жүрген адам. Сол дағдысымен қазір біздің алдымызда да айтып қойды. Әйелі кіретін тесік таппай қалды! - деп қызыңқырап сөйлеп, әңгімеге нүкте қойды.

Мен тақ тұрдым. Өйткені, бұл ауырғалы дінге бет бұрған еді. Құраннан бастап, дінге қатысты қазақ, орыс, қырғыз, өзбек

тілдеріндегі кітаптарды іздеп жүріп оқиды. Мына жасап отырған тұжырымы да дұрыс. Ал, ел мақтап жүрген парасатсыз имам не түсінікте, не ойда қалды екен? Өз кінәсін білді ме екен?

1993-94 жылдары Қарағандыда біреу Құран жаттап, намаз оқып ел құрметіне бөлене бастаған екен. Халық бірінен кейін бірі шақырып, сенбі, жексенбі күнгі садақалардан тыс, әр аптаның бейсенбі, жұма күндері Құран оқытады екен. Бір-екі жыл өткенде бұл, көптің марапатын көтере алмай, дастарханнан дастархан айыратын болыпты, шақырғандардың дәрежесіне қарайтын жағдайға жетіпті, тіпті, бір үйлерде бұйыра сөйлейтін әдет шығарыпты. т.т.

Осы қалада заманына қарап орысшалау тәрбиеленгенімен Исламға шын беріліп, Ұлы дінді ерекше құрмет ететін Рашит, бұған алғашқы молда болған күнінен жақындасып, сұхбаттарын тыңдап жүреді екен. Мұны өзі сүйген Исламның үлгісіндей көріп, сыртынан кемшілігін әңгіме еткен біреулердің өсегінен арашалаған да кездері болыпты. Бірақ, «молда» бұл жанашыр жігітінің де көзінше әдептен аттап, орынсыз сөйлеп, құйтырқы қылық қылып, мұның да көңілін суытыпты. Ақылды жігіт бұдан көңілі суыса, басқа дос табар! Оған батқаны – Құран сүрелерін нәпсісі үшін жаттаған молданың қарны тойып, есін жиғаннан соң, өзінің мұнафиқ тегіне барғандығы. Пәк Исламның атына кір келтіргені.

Бұған бір-екі ескертіп те көріпті. Нәтиже болмапты. Үлгі алып жүрген молдасының мұнафиқ болып шыққанына қатты күйзелген Рашит: «Бұдан дінімді қалай арашалаймын? Бұл бүйтіп кете берсе, бұған ерген дүмшелер көбейіп, елге, өсіп келе жатқан ұрпаққа зияны тиеді-ау!»-деп, ойланып жүріпті. Бір күні Рашиттің бір көршісі садақа жасап, басқа молда ауыспай, осы – сыры елге мәлім болып, абройы жіптің ұшында селдіреп тұрған мұнафиқты шақырған. Халықтың өзіне көзқарасын зерделеуден қалған мұнафиқ емін-еркін. Қалай сөйлегісі келсе, солай лапыра салады. Қарқылдап күледі. Мұнысын көпшілік әбес көргенімен шыдайды, көтереді. Бір ақсақал ескерткен екен. Оны қайтарып тастапты. Рашит бұған шыдамай, сыр бермей отыра тұрып, қолайы келгенде, мұнафиқты оңашаға шақырып алып, жұдырығымен иегінен көтеріп және бір-екі нұқып, сазайын беріп, осы садақаны әдемі өткеруін мойнына қойыпты. Ол сөйтіпті. Осы садақадан

соң, көп ұзамай, ешкімге айтпай, елмен қоштаспай көшіп те кетіпті.

Тақуалыққа талпынып жүрген адамдар да жаңылады. Бірақ, олар айыбын мойындап, адал амал жасайды. 2000 жылы бір кісі «Құрбандыққа екі жасар ісекті шалуға болады», - дегендегі «ісек» сөзін «есек» деп оқыған. Оны өзі аса зерттеп қайта оқымаған да, ифтарда отырып, көптің ішінде әңгіме еткен. Жанындағы өзі құралыптас оқыған кісілер дереу түсініп, әлгі кемшілікті түзеткен. Бұл кісі де: «Кітапта оқыдым, керек болса әкеп көрсетем!» - деп өз сөзінен қайтқысы келмеген. Үйіне келіп кітабын қайта ашып оқығанда барып өз кемшілігін білген. Біле сала түніменен ифтарда бірге болғандардың телефоны барынмен жалғасып кешірім сұраған. Алладан ғафу өтініп нәпіл намаздар оқыған. Ертеңіне ифтарда көпшіліктің алдында кемшілігін түзеп сөйлеп, өзінің аңғалдығын мойындапты. Бір қой сойып садақа беріпті.

Елдегі бір аңызда есек пен шайтан серік болып, ол жақ-бұл жақтан көп әңгімелер айтып пікірлесіпті, тіпті сырласыпты да. Бірде есек шайтаннан: «Сен өзі ұсқының құйылып, реңің қашып қайдан келе жатырсың?» - деп сұрапты. Ол: «Дүниенің мына шетіне жетіп, енді Иманы әлсіздерді азғыра бастағанымда, «Аллаһу акбар!» - деп, тәкбір айтылады. Содан қорқып қашып, дүниенің арғы шетіне барамын. Ол жаққа да орныға бергенімде, «Ағуузобиллаһи минаш-шайтанир-ражим», - деп дұға оқылады. Және қашамын. Өстіп, сірә, еш жерде тұрақтай алмай берекесізденіп жүргенім», - депті де, есектің өзінен неден қорқатынын сұрапты. Есек реңі қудай болып, шошына отырып: «Мен шала сауат дүмше молдалардан қорқамын, - деп, терең бір деммен күрсініпті, ізінен дауысы дірілдеп, алқынған жүрегі көмейіне кептеліп: – Сауатсыздардың біреу-жарымы көпіріп отырып: «Есектің еті адал», - деп қойса, қайтемін?! Күнім не болады? Содан қорқып: «Сондайлардың кесірінен сақта!» - деп, Аллаға жалынамын», - деп, мұңайыпты. Сол айтпақшы, Құдай елімізді мұнафиқтар мен дүмшелердің, нәпсісі үшін дін жолын ұстанғандардың надандығынан сақтасын. «Кетпесін тіле мұхиттар көлге қарсы ағып», - деп, Мұқағали ақын айтпақшы, жаһилдік қақпасының ашылуынан сақтасын. Алдыңғы ғасырдың аяғында өмір сүрген, еліне сыйы бар Мырзақара ишан көптің арасында отырып: «Жұлма Көшекбай мен Досанның жегені арам

ғой»,-деп, екі бидің сыртынан артық сөйлепті. Бұл сөз билердің құлағына жетеді.

Ол кездері молдекеңсіз мереке өтпейді, олсыз бас-сирак (шеке) желінбейді. Аллаға пейілі адал қара халық, не болса да дастарханының басында Алланың аты ескеріліп, Кәләмі оқылғанына өте ықыласты. (Міне, осы ықылас, молдасы сауатсыз болғанымен, елді Аллаға жақын қылып келгені рас).

Сол елде, бір үйде соғымға мал сойылыпты. Мырзақара ишан да бар, баяғы билер де бар. Дастархан басында жақсы әңгімелер өрбіген. Ол кездің адамдары көбіне молданы сөйлетіп, өздері тыңдайды. Көпшілік ол жақ-бұл жақтан сұрақтар беріп отырып, молдекеңнің әңгімесінің бағдарын «аңламай сөйлеген, ауырмай өледіге» әкеліпті.

Ел кезкелгенді би сайлай бермейді. Би адамдар салт-дәстүр, шарифат, шежіре дегендерді өзгелерден әлде қайда көп білген.

Әңгіме «...ауырмай өледіге» келгенде Досан би: «Молдеке, ет жемесең түсіңе кіреді, жесең тісіңе кіреді», осы тістің арасына кіріп қалған етті саусағымен шұқып алып жесе адал ма, арам ба? –депті. Молдекең: «Ол арам!»-депті шімірікпей. «Ал, енді оны шөппен шұқып, алып жесе қалай болады?»-десе, «Ол да мәкру»-депті молдекең. Би: «Егерде соны амалдап тілінің ұшымен алып жесе ше?»-дегенде, ойында ештеңе жоқ ишан: «Бұл адал болады!»-депті. Сонда би: «Адал болады дедіңіз бе?»- деп сұрапты қайталап, ишан сипаттай мақұлдапты. Би: «Молдеке, ғайбат та күнә?»-деп сұраулы жүзбен молдаға бір қарап қойып, – өткен сапар біздің сыртымыздан: «Көшекбай мен Досанның жегені арам»,-депсіз. Біз Құдай Тағала шашып жіберген ырыс – несібемізді елдің арасынан тіліміздің күшімен теріп жеп жүрген жоқпыз ба? Тістің арасындағы етті тілмен алып жегенде адал болатын болса, біздің еңбегіміз қайтіп арам болады? Тіс – ел емес пе? Тіл – Көшекбай мен емес пе? Сіз неге солай дедіңіз? Оның үстіне көптің ішінде сыртымыздан айтыпсыз, қырық парызға адалдығыңыз қайда? Байқасаңыз, өзіңіз де несібеңізді халық арасынан тіліңіздің жәрдемімен жинап жеп жүрген жоқсыз ба? Құранда Мен арам демегенді арам демеңдер, Аят сөзін бұрмаламандар», деген емес пе?» - депті. Дұрыс сөзден құтыларға жол таппай қалған ишан, өз кемшілігін үнсіз мойындапты...

Кемшіліксіз жалғыз, пәк Алла ғана. Пендешілігі басымдар жаңылады.

Ақылы кемел Тақуалар мұндайда, «Ағраф» сүресінің 200-201 және «Фуссилат» сүресінің 36-аяттарына жүректен орын беріп, «Ғабаса» сүресінің 1-10-аяттары мен сондағы соқыр Әбділлә Мақтумның екінші кездескенінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жасаған амалын есіне алады. («Кел, Алладан маған ескерту жасаттырған Әбділлә, кел!»)-деп, орнынан тұрып, шапанын жайып, үстіне отырғызған) Яғни, түзету жасағандарға кектенбейді, керісінше, қателескенін тән алып, тез кешірім сұрап, тиісті амалдарды орындайды. Мырзақара ишан да көпшіліктен кешірім сұрап, ертеңіне бір мал сойып, дүйім елді тамақтандырып, батасын алыпты, бірнеше күн ораза тұтыпты.

Және бүгінгі заман имамдарына келейік. Бұлардың ешбірі егін екпей, мал бақпай, халық берген садақа, жаназа шығару ақысы, зекетпен есін жинап тіршілігіне жол тапты. Сөйте отырып өздерін, халықтан, өздерінен білімі басым Тақуалардан жоғары ұстайды. Бұл олардың өте кеткен әлсіздігі. Олардың әрбір әрекетін, пейлін Әл-Халику Алла, яғни, өздерін бағып отырған халық (ел, жұрт) жақсы біліп, бағалап жүргенін пәмдемейді.

2020 жылдың 14-наурызы күні, Таразда Сәбиттің үйінде қонықта болдық. Жиналғандардың көпшілігі кезінде елге қызмет еткен, бүгінгі күннің зейнеткерлері. Дастарханның басында, шай үстінде, уақытында аудандық аурухананың мықты дәрігері болған Дина әже: «Ай, имам бала, менің балам сабалақ сақал қойып, балағы шелтендеген шалбар киіп, менің: «Балам-ау, біз көзімізді ашқалы ауыл молдаларын көріп өскенбіз, олардың бірде бірі сен сияқты жүрмейтін. Сақалы да, киімі де жарасымды болатын...»,- деген кеңесімді тыңдамайды. Сұрастырып білсем, бұл салафизм, деген ағымда екен. Сендер мен салафизмдегілердің не айырмашылығы бар? Мен анау Сирияға кеткендерден қорқамын. Бұл да бір күні соларға еріп масқара бола ма? Соны айтшы, кімнің жүрісі дұрыс?»-деді, төрде отырған, имамға. Ол тосын сұраққа қиналды ма, әлде, ағымдар жәйлі оқығаны жоқ па, әйтеуір, әңгімені орағытып, ұзақ сонарға бет алды. Имамның жәйін түсіне қойған әже, оның сөзін бөліп: «Сіз кімдікі дұрыстығын бірауыз сөзбен айтсаңыз болды. Қалғанын өзім де оқып шама-лап жүрмін»,-деді. Имам бұл ескертуден нәтиже шығармады.

Сүрлеуін әрі жалғады. Әжелер жағы тыныштықтың етегін сөгіп, өзара күбірлесе бастады. Біз де лажсыз үнсіз отырмыз. Тоғашы келіп, тамақ тартылатынын ескертті. Ет әкелінді. Имам да тынышталды. Сұрақ жауапсыз қалды.

Тамақтан соң, имам да, үйі жақын кісілер де үйлеріне кетті. Үй иелері ертеңгі садақаға қызу дайындық көруде. Біз алыстан келгендер, шай ішіп, өзара сұхбаттасып отырдық. Мен құптанды оқып, демалатын бөлмеге келіп, төсегіме жайғастым. Қасыма марқұмның ұлы да келіп, төсегіне жатты. Әлгі сұрақты менен сұрады. Мен:

-Сыйынатын Алла – екеуінде де серігі жоқ, тумаған, туылмаған жалғыз Алла. Жол көрсетіп отырған Кітабымыз – Құран Кәрім, Пайғамбарымыз – Мұхаммед саллаллаһу ʔалейһи уәс-с-сәлам. Бірақ, біз имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабындамыз, олар өз алдына бөлек мәзһабта.

-Имам осындай қылып айта қойғанда апай ренжімес еді,- деді. Мен:

-Алла аброй бермесе, адам сәл жерден ұятты болып қалады. Ол бұл жерде маған біреу осындай сұрақ береді, деп ойламаған ғой,- дедім.

-І-і-і! Солай болған шығар! Бірақ, менің имамдарға түсінбей жүрген жәйім бар. Сізге осы оңашада соны айтайын. Жаңа шай үстінде де ойыма келген. Бірақ, ыңғайсыз көрдім.

-Ие, айтпағаның жақсы болған.

-Енді айтайын, Сіз тыңдаңыз.

-Жарайды.

-Мен бұрын мешітке барып, зекет, садақа беріп; Айт, Жұма намаздарына қатысып жүргенмін. Сірә, имамдарға ісім түсіп көрмеген. Барлығын сауатты, мәдениетті адам деп танитынмын.

Әкем біраз төсек тартып жатты. Өлерінен екі күн бұрын ауыр жағдайға келді. Мешітке барып, имамды алып келдім. Оқыды. Әкем тынышталды. Имамды шығарып салып тұрып, қолына ақша ұстаттым. Алғысымды айттым.

Сол күн-түн өтіп, екінші тәуліктің кешінде әкем қайтыс болды. Тағы сол имамға хабар бердім. Келді. Кәделерін істеді. Тағы бір күн қондырып ертеңіне жаназасын оқыды. Ақысын бердім. Қабырға бармады. Жас баланы жіберді...

Жаназаға жете алмаған – алыстағы ағайындар келіп, бейсенбі күні үйде және шағын топқа садақа бердім. Бұл бірінші бейсенбі.

Имамды шақырдым. Уағыз айтты. Арасында дым құлшылық қылмаған, қайыр-сауап та істемеген адамның, қажының қолынан сарқыт жесе, күнәлары төгіледі, деген хадисін есітіп, таң қалдым. Түбі осылай болса, адамдар неге намаз оқып, ораза тұтып, қажылық жасап жүр?!-деймін, ішімнен. Бұл сөйлеп отыр. Бір кезде: «Семіз имамға жаназа шығартпаңыздар. Ол олай-бұлай қозғалып жүргенде жел шығып кетсе, жел марқұммен бірге кетіп, оған қиын болады»,-деді. Ішімнен: «Астағфиралла!»-деп қойдым.

Біздегі әдептілік бойынша, имамға қарсы сұрақ бермейміз ғой! Үйде оншақты адам отырмыз. Ешқайсымыз үндеген жоқпыз. Тағы бір сөзінде: «Біз имамдар былайынша халыққа сыпайы көрініп жүргенімізбен, мешітте тапқанымызды бөліс қылып, қырық-пышақ болып қаламыз»,-деді.

Қойыңызшы, бұл имам осындай-осындай біраз әңгімелер айтты. Мен Сізге есіме түскендерін ғана әңгімеледім.

Енді Сіз маған, Құран шығу, деген не? Осыны түсіндіріңізші!

-Мұны Халифа Алтай ағамыздың «Құран әліппесі. Иман шарттары», деген кітабында «Ысқат фидаясы» деп жазған. Және бұл Аят, хадиспен бекітілмеген, парыз не сүндетке жатпайды, Мұхаммед саллаләһу ʔалейһи уә-с-сәламның кезінде де, кейінгі төрт халифаның уақытында да, төрт мәзһаб имамдарының дәуірінде де орындалмаған, деп жазған. Бірақ, бір имам, атын ұмыттым, марқұм орындамаған құлшылықтары үшін, ысқат фидаясын беруді өсиет етіп кеткен болса, малынан беру керек, деген. Және бұл Ислам тарихында жоқ. Біздің елдің ұстанып жүргені дұрыс емес, дейді. Ислам ғалымдары мұны «абзал» демепті, тек «дұрыс», депті. Себебі, бұл да садақа ғой! Садақаның түк зияны жоқ. Құранда артығын бер, деген. Табыс – ішім-жем, киім отбасына жетіп жатса, садақа берген көп жақсы.

Бұдан әрі мен де білмеймін...

-Жарайды, біз бергіміз келді. Әкеміздің біздерге сіңірген еңбегі үлкен. Жақсы өмір сүрдік, замандастарымыздан кем болмадық. Барлығымыз жоғарғы білімдіміз. Береміз.

Бірақ, не беру керек? Қанша? Мөлшері бар ма?

-Оны еш жерден оқымағанмын. Бірақ, Құранда мирас туралы жазылған. Марқұмның артында қалдырған мирасынан тірі қалғандардың әрбіріне үлес бар. Сол үлестің есебінен, балалары,

туыстары ортадан шығарып, өздері, өз аттарына садақа ретінде беріп, ортадан бірдеңе беруге болады.

Бірде бір кісі, анасы өлген еді: «Бізде артық мал жоқ. Анам ешқандай өсиет те айтқан емес. Бірақ, өзіміз Құран шығартқымыз келеді.

Біз анамның соңғы пенсиясын үйдегі бес жанға және анама бөліп, анамның үлесіне Құран шығарттық...», -деп әңгіме қылды. Бәлкім, бұл кісінікі дұрыс шығар. Әйтеуір, садақаның пайдасы көп...

-Енді бізде болған оқиғаны тыңдаңыз.

Сол бірінші бейсенбі күні, сол имамға: «Құран шығу, деген бар екен. Соны өзіңіз реттесеңіз», -дедім. Ол: «Уа, бұған тартынбаймыз. Сауап...», -деп, жүзі нұрланып, құлай келісті.

Арадан бір апта өткенде, көкүніме қоңырау келді. Сол имам екен.

-Мен Құранды бастадым. Бірінші параны оқып болып қалдым, -деді. Мен:

-Рахмет! Болғасын айтасыз ғой, -дедім. Ол:

-Бұл онай жұмыс емес қой, жарайды оқи берейін, айтамын, -деп, бірден қоштасты.

Үшінші күні тағы хабарласып:

-Бала, бұл – үлкен жұмыс. Сен ертең қиналып қаласың. Сол үшін осы кезде жарымын беріп қойсаң, түгел оқып болғасын қалғанын бересің, -деді.

-Қазір ақша жоқ қой.

-Онда неге заказ бердің?! -деп дауыс көтерді.

-Жартысы қанша теңге болады? -дедім.

-Өзі – барлығы бір ірі қара болады ғой.

-Ол қанша теңге? Ірі қараның ірісі, семізі болады...

-Орташасы – екі жүз мың болады ғой, -деді.

-Сонда Сізге қазір жүз мың теңге беруім керек пе?!

-Иә. Қазір жүз мыңынан құтылып қоймасаң, кейін екі жүзді бірден тауып бере алмайсың ғой!

Сонымен ол имаммен ортаны үздім. Мешітке әр барғанымда бір жас жігіттер Құран Кәрімді алып, арабша оқып отырғанын көретінмін. Солардан біріне айттым. Оған ұстазының рұхсаты керек екен. Екеуіміз ұстазына бардық. Ұстазға түсіндірдім.

Келісті. Жігіт бірнеше күнде оқып болып, хабарласты. Өзімнің көңілімнен шыққанын бердім. Ол ризашылығын білдірді,-деді.

-Дұрыс. Оның ұстазы адал, Иманды Мұсылман екен!– дедім.

Міне, осындай да имамдар бар. Бір имам зекет, садақа, пітірден түскен ақшадан бөлек, елден «Имам ақысы», деген ақша жинаттырады екен. Ал, оның мініп жүрген мәшінін былай қойып, салған тұрғын үйін анау-мынау министр құра алмайды, дейді, жерлестері.

2015 жылы бір имам мейрамхананың әр орындығын он алты мың теңгеден жалдап, жүзден зият адам шақырып, той жасап ұлын үйлендіріпті. Бұл неткен ысырап?! Өзін көрсету ме? Ол ақша қайдан жиналды?

Мешіттің қызметкерлерінен тек екі молданы ғана шақырып, оларға есіктің алдындағы, ең соңғы үстелден орын беріпті. Мешіттің алқа мүшелері мен қызметкерлеріне, Такуа намазхандарға айтпаған. Бұл неткен тәкәппарлық – адам алалау?! Мұсылман адам осылай болуы керек пе?! Құранда мүшріктің байлары кедейлермен бірге отыруға қарсы болғанда не ескертілген еді? «Ғәбаса» сүресінде Әбділла Мәктүмнің оқиғасында не тағлым бар еді? Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүндетінде атақ шығару үшін, ортақ қазынадан пайдаланғаны бар ма? Хасан мен Хүсенді сүндеттендіргенде, әр адам басына 16 мың динардан қаражат жұмсап атағын шығарса, Оған біреу қой дер ме еді? Неге өйтпеді екен?!

Сол қаладағы тағы бір мешіттің сыпырушысы да сол күні баласын үйлендірген, ол үйінде, өз шамасына қарап тамаша той берген. Мешіттің имамы, қарауылы, молдалары, ұстазды шәкірттерімен қосып, көршілері қалдырылмай шақырылыпты...

Алла қайсы тойды қабыл етті екен? Атағын шығару үшін «ірілерді» іріктеп жинаған, әр орындығы 16 мың теңгеден болған тойды ма? Адал маңдай терімен тапқан қолында барын, адам алаламай, жүрегімен халқына берген сыпырушының тойын ба?

Құранның бұл дүниенің жалтыраған-жылтырағанына қызықпау туралы Аяттарына сүйеніп айтсақ, әлбетте сыпырушының тойы – қабыл той!

Құранның «Әли Ғымран» сүресінің 14-аятында: **«...қатындар, балалар, алтын, күмістен жиналған қазыналар, сәнделген аттар, малдар және егіндер...»**, жалпы бұл дүниенің

тіршілігі «...алданыштың ғана нәрсесі» екені, ең қайырлы байлық Ақыретте Алланың жанында екені ескертілген. Нағыз Тақуа имам, ұстаз, дін зерттеушісі Құранға келтірген Иман-на адалдық жасап, Алланың ризашылығын – Ақыреттің пайдасын көздеп тіршілік қылады. Әр қашан, әр қандай жағдайда да Алланың жүректегі адал, арам ойларды – пейілді Білуші, қимыл-әрекеттің ашығында, жасырынын да Көруші, ашық айтылған, сыбырлаған сөздерді Есітуші екенін пәмдеп сақтанады.

Халықта: «Дүние молда мен қожадан бұзылады», - деген – өмір Шындығынан туындаған тәмсіл бар. Бұл – 1929-48 жылдардағы құдайсыздар ұйымдастырған, Мұсылман жұрты үшін, соның ішінде қазақ үшін болған азапты өмірден бұрын туылған тәмсіл.

Бұл Шындық қайдан туды? Бұл сол замандағы молда, жожаның Құран Аяттарын дұрыс түсінбегендігінен, түсінбей амалдар жасағандығынан, Иманынан нәпсісінің талабын жоғары қойып, қайсы бір Аяттарды түсіне тұра теріс қолданғандығынан, «Бақара» сүресінің 42-ші, «Ниса» сүресінің 135-аяттарына қиянат жасап, әділдікті бұрмалағандығынан, Шындықты жасырғандығынан туды. Әйтпесе, Алла уәдесіне берік, «Хаж» сүресінің 38-аятында Өзі айтқандай, Иман келтірген Құлдарын құдайсыздардан да, ғайридіндерден де қорғайтын еді. Бабаларымыз «Ақ табан шұбырындыны да...», 1929-1948 жылдардың азапты өмірді де көрмеген болар.

Енді біз Құранды терең оқып, Тура Жолды табайық. Алланың қамқорлығында болайық. Бүйтпесек, «Өнфал» сүресінің 38-ші, «Ісра» сүресінің 8-ші, «Мүжадәле» сүресінің 5-аяттарында айтылғандай, Алла Тағала бабаларымыз тартқан қасыретті заманды алдымызға әкеле салуы әбден мүмкін.

Жалғыз Алланың ризашылығынан үміттеніп жазған еңбегімнің қорытындысында айтарым, Алланың жердегі Орынбасары екенімізді естен шығармай, бұл дүниенің даңқ-дабазасы мен жалтыраған-жылтырағанына қызығып, Иманымызды сатпай, Құран, хадис-сүндеттермен өмір сүріп, Алланың берген нығыметтері мен ғанибеттеріне шүкір етіп, Бейішке талпынып жасайық, демек. Сөйтсек күнәлардан сақ боламыз. Лағнеттелген шайтанды мұқалтып, Алланың ризашылығына жетеміз. Алланың бізді жалғаншыға жібергендегі сынақ-мақсаты да осы емес пе? Біз Құлдарына Құран түсірген Қамқоршы, Мейірімді Алла Тағала:

«Күдіксіз Менің Тура Жолым осы. Енді осыған еріндер. Басқа жолдарға түспендер, ол сендерді Алланың Жолынан айырады. Сендерге осыларды Алла нұсқады. Сақтанарсындар»... «Осы (Құран) – Біз түсірген мүбәрәк Кітап. Енді соған еріндер әрі сақтаныңдар. Мәрхаметке бөленерсіңдер. «Шынайы түрде бізден бұрынғы екі топқа Кітап түсірілді де біз олардың оқығандарынан мүлде хабарсызбыз», - дерсіңдер (деп)», «Немесе: «Бізге Кітап түсірілсе, олардан гөрі тағы Тура Жолда болар едік», - дерсіңдер деп, Расында, сендерге Раббыларыңнан бір ашық дәлел, Тура Жол, мәрхамет те келді. Енді Алланың Аяттарын өтірік деп, олардан жүз бұрғаннан кім залымырақ? Аяттарымыздан бастартқандарды бастартулары себепті жаман қинаумен жазалаймыз», - деген, «Әнғам» сүресінің 153; 155-157-аяттарында. Бұл Аяттарды түсінбеген жай намазхан мен Момындарға Алла кешірім етер. Бірақ, медреседе тәлім алған, ел имам дәрежесінде құрмет еткендердің түсінбеуі не түсіне тұрып салғырттық етуі – өзіне қасірет. Иман үшін өте ұят. Бұлардың Алла осы 157-аятта Өзі ескерткендей жазаланарына дау жоқ. Ол жаза Алланың берген мұрсасының мерзімі біткен күнінде («Әли Ғыман» с. 178-а) беріледі – санап отырған күні толған шақта («Мәриям» с. 84-а) алдына әкелінеді.

Келтірген Кәлимамызға адал болайық, ағайын! Дамолла, имам дәрежесіне жеткенімізге тоқмейілісіп, «берілген жоғары тұрмыстың соңына түсіп» («Һұд» с. 116-а) енжарлыққа бармай, ғылым ізденбегенмен, үнемі оқып, Тақуалығымызды арттыра түсейік. Бұл амал – бізді, Алламен Бейіште кездесуді көздеген асыл мұраттарымызға жеткереді. Алла Тағала бәрімізді де кешірсін! Өзінің сүйікті Құлы, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүйікті үмбеті болуды нәсіп етсін!

Сағдидің «Гүлстанынан»:

Бір күні бір уәзір мысырлық Зуннуннан бата сұрапты. Ол:

-Мен күні-түні сұлтанның қызметкерімін әрі оның жақсылығынан дәм етемін, кейде ашу-кегіне ұшыраудан да қорқамын, зәрем жоқ. Маған күнде дұға жасап отырыңыз, - деп өтініпті. Сол кезде Зуннун еңіреп қоя беріпті де:

-Егер мен сенің патшаңнан қорыққанындай, абырой, мәртебесі биік ұлы Алла Тағаладан қорқар болсам, Алланың аяулылары санатына қосылар едім! – депті. (29-хикая).

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): «Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес...». («Бақара» с. 272-а) «Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік. («Фурқан» с. 56-а) «Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың», («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: «Сен оларды зорлаушы емессің», -деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Халық: «Ұят – Иманның кепілі, ұятсыздық – Имансыздық», -деген.

1. «Бақара» сүресінің 6-16-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) расында қарсы болғандарды үгіттесең де, үгіттемесең де бәрі бірдей. Олар Иман келтірмейді. Алла олардың жүректерін, құлақтарын бітеген әрі көздерінде перде бар. Сондай-ақ, олар үшін зор қинау бар. Адамдардың кейбіреулері екі жүзді: «Аллаға, Ақырет күніне сендік», -дейді. Бірақ, олар сенбейді. Олар Алланы және Иман келтіргендерді алдайды. ...олар өздерін ғана алдағандарын сезбейді. Олардың жүректерінде дерт - (Күншілдік дерті) бар. Сонда Алла олардың дертін арттыра түсті. Сондай-ақ, оларға өтірікшіліктерінің салдарынан күйзелтуші азап бар. Оларға: «Жер жүзінде бұзақылық қылмандар!» -делінсе, олар: «Біздер түзетуші ғанамыз», -дейді. Сақ болындар! Шын мәнінде олардың өздері бұзақы, алайда, олар түсінбейді. Егер оларға: «Адамдар Иман келтіргендей Иман келтіріңдер», -делінсе, олар: «Ақылсыздарша Иман келтірейік пе?» -дер. Байқандар! Шын мәнінде олардың өздері ақымақ. Бірақ, олар білмейді. Ал, және олар Момындарға кездесе: «Біз де Иман келтірдік», -дер. Әрқашан олар сайтандарымен оңашалана қалса: «Расында, біз сендермен біргеміз, біз оларды тәлкек қылып қана жүрміз», -дер. Алла оларды мазаққа ұшыратып, азғындықтарында қаңғыртып қояды. Олар қисық жолды Туралықпен айырбастап алды. Сонда оларға саудалары пайда бермеді. Һәм олар Тура Жолды таппады».

«Ниса» сүресінің 142-143-аяттары: «Мұнафықтар Алланы алдамақшы болады. Негізінен Алла оларды алдауға

ұшыратады. Қашан олар намазға тұрса, жалқауланып тұрады. Адамдарға көрсету үшін оқып, олар Алланы өте аз еске алады. Олар осы екі арада дел-салда. Не бұларда жоқ, не оларда жоқ. Алла біреуді адастырса, оған әсте жол таба алмайсын».

2. «Тәубе» сүресі 60-аяты: «Шын мәнінде садақалар, Алла тарапынан бір парыз: қолы тар пақырларға, түгі жоқ міскіндерге, оны жинауға белгіленгендерге, көңілдері алынатындарға (жаңа мұсылмандарға), құлды азат етуге, борыштыларға, Алла Жолына және жолда қалғандарға беріледі. Алла – әр нәрсені Білуші, Хикмет Иесі».

3. «Мәида» сүресінің 42-44-аяттары: «Олар өтірікке құлақ салушы, арам жеушілер. (Мұхаммед с.ғ.с.) егер олар саған келсе, араларына үкім бер немесе олардан жүз бұр. Егер олардан жүз бұрсаң да олар саған ешбір зиян бере алмайды. Ал, егер араларына үкім берсең, Тура үкім бер. Шәксіз Алла Турашылдарды сүйеді. Күдіксіз Тауратты түсірдік, онда Тура Жол және Нұр бар. Аллаға бой ұсынған Пайғамбарлар, Яхудилерге онымен үкім етер еді. Және Алланың Кітабын қорғауға міндеттендірілген сопылар мен ғалымдар да онымен үкім етер еді. Олар оған куәгер еді. Ендеше, адамдардан қорықпандар да Менен қорқындар және Аяттарымызды аз бір ақшаға сатпандар! Кім Алланың түсіргенімен үкім етпесе, міне, солар қарсы болушылар».

«Әнғам» сүресінің 152-аяты: «Жетімнің малына жақындамандар; бірақ, ол есейгенге дейін жақсы басқаруға болады. Өлшеуді, тартуды туралықпен орындаңдар. Біреуге шамасы келетінді ғана жүктейміз. Жақындарың болса да Әділдікті айтыңдар. Және Алланың уәдесін орындаңдар. Осыларды Алла нұсқады. Түсінерсіндер».

4. «Ниса» сүресінің 166-аяты: «Алайда, Алла, саған түсіргенін біле тұра түсіргендігіне куәлік етеді және Періштелер де куә болады. Негізінен Алла куәлікте жеткілікті».

«Соңғы Пайғамбар арабтан шыққанмен арабтың бәрі пайғамбар емес»

«Ілгері кеткен жұрттардың тарихының қатесін, енді ілгерілейін деп тұрған жұрттар істесе, көре-біле отқа түскендік болады. Тарих ғылымының пайдасы да алдыңғының қатесін кейінгінің істемеуінде».

Сұлтанмахмұт Торайғыров, Таңдамалы шығармалар
жинағы, «Социализм».

Ілгеріде Сыр бойына, сыртта оқып келген бір діндар пайда болып, өзіне жақпаған адамның бәрін кәпір деп, кінәлап, Ата Жолдың да өзіне ұнамаған тұстарын және амалдардың да өзі білмейтінінің бәрін арам деп міндей беріпті. Бұған келісе алмаған – дінінің, Ата салтының тазалығы үшін күресіп жүрген бір Азамат Сыр сүлейі Тұрмағанбет Ізтелеуовке келіп, төрелік сұрапты. Бұхара Көкәлташ медресесін үздік бітірген шайыр, мәнжайға қанығып алғасын, адал мен арамды талдап түсіндіріпті, Исламның Ата салтымызбен үндес, мағыналас, мазмұндас егіз екенін сипаттап, Азаматты шығарып салып тұрып: «Діндарыңа сәлемде, елді кәпір демесін,

Бұрын кәпір, десе де, енді кәпір демесін.

Енді кәпір деймін, деп,

Ит жеместі жемесін», -депті», -дейді үлкендер. Сол айтпақшы, елімізден араб елдеріне, түрік ағайындарға барып оқып келген жастар, бір ерекшелік ала келетінді әдетке айналдырды. Олардың түсінігінде өзінен бұрын қазақ даласында Мұсылманшылық мүлде болмағандай, тап сол ғана сонау қиырдан Исламды арқалап келіп тұрғандай.

Қазақ елі қызыл империя тарапынан қаншалықты қысым көргенімен, Исламның Хикметті Жолын жоғалтпады. Солтүстік облыстарда, қалаларда тілде ғана айтылып жүргенімен, батыс, орталық және оңтүстік облыстардың ауылдарында аз мөлшерде болса да Ислам Жолы ұсталды. Он шаңырақтан біреуінде бір намазхан қарт үлгіміз еді. Сол үлгілерден көргеніміз бен естігеніміз, шетелден келген бүлдіргіні тез танып қабылдаттырмайтын...

Ал, 1998-2000 жылдарда, сол қарттардың саны азайды да, жастарға шетелде оқып келгендер басымдық етті.

Тұрмағанбет Ізтелеуов бабамыз оқыған Көкәлташ медресесін 1856 жылдардың шамасында тәмамдаған, әулие Қанарбай Айбасұлы бабамыз: «Соңғы Пайғамбар арабтан шыққанмен арабтың бәрі Пайғамбар емес», - деген ұлағатты өсиет қалдырған екен. Расында, Мұсылман болу үшін шетелде оқу, арабтардан ғана үлгі алу (1) шарт па екен?

Алланың Құраннан бұрынғы Кітаптарында хабары берілген (2), соңғы Пайғамбарлық неге араб, сауатсыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) конды? (3).

Соншалықты ғаламат білім – Нұр берілген арабтар, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ізі суымай жатып, «Әли Ғыман» сүресінің 102-103-аяттарын (4) құрмет қылмай, неге жіктелді?

Құрандай Тура Жол, үлкен ілім берілген, кезінде Еуропаны оятқан олар, неге басқа діндегі мемлекеттердей дами алмады? (5)

Кезінде философия, медицина, астрономия, сәулет өнері, альгебра т.б. ғылымдарда әлемдік ғылымның негізін қалаған, XII ғасырда зеңбіректі жасаған Мұсылмандар, кейінгі ғасырларда неге алпауыт елдердің ғалымдарының деңгейінен көріне алмай жүр? (6).

Міне, бұл сұрақтардан кейін, Мұсылман болғысы келген адам, тек қана олардан үлгі-өнеге алу керек, деген түсініктің қате екендігіне көз жеткереді. Бізге қандай үлгі-өнеге керек болса, Құраннан, мағынасы Аяттармен үндес, болмаса жақын келетін құдси, сахих хадистер мен сүндеттерден алуымыз керек. Арабтардан емес. Соңғы Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.), арабтан шыққанмен, арабтың бәрі пайғамбар емес, бола да алмайды. Олай дейтіміз, олар да Әлемнің Рахым Нұры, екі дүниенің ұстазы Мұхаммед (с.ғ.с.) салып берген – Бейішке тіке алып баратын Хикметті Жолды қорғай алмаған (7), нәпсісі бар пенделер!

Бұл сөзімізге бір дәлел келтірейік. Елімізде неше ғасырлардан бері бірге жасап келе жатқан арабтар шынайы Мұсылман еді. Ал, араб елінің арабтарын жерлестерімізден де күшті Мұсылман – Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Жолының ең қуатты қорғаушысы деп, ерекше құрметпен қараушы едік. Олардан елімізге келгендеріне аса жоғары ілтипат көрсететінбіз. 1999-2000 жылдары араб елдерінің бірінен, қасында бірнеше қызметкері бар бір бай араб, жиек аулауға, мемлекеттің рұхсатымен, біздің

ауданға келді. Тілмашы бар. Сарыбелден он шақырымдай әрідегі жазықтыққа үй тігіп бердік. Сол үйде 15 күндей тұрақтады*.

Сонда оларды күткен жігіттеріміз олардың тазалыққа мән бермейтініне, бата жасау дегенді білмейтініне, дастарханды, ондағы нанды қалай болса солай басып, жаншып жүре беретініне түңіліп келді. Тілмаш арқылы бұл құрметсіздіктерінің себебін сұрағанда, олар: «Барлық нәрсе адамзат үшін жаралған», - деп жауап беріпті.

Ал, біздің Мұсылманшылығымызда Құранда ескертілгендей, тазалық, құрмет, кішіпейілділік бірінші кезекте тұрады, ысырапқа (8) жол берілмейді: нанды басып езгесін, оны қалай жейсің? Та-сталады емес пе?!

Екіншіден, дастархан, нан Құраннан кейінгі кезекте, өте қатты құрметтеледі. Сондықтан да қонақшыл қазақ, қаншалықты қонақшыл болғанымен, дастарханын құрмет етпеген қонағын адам ретінде аямаған.

Иман мен тазалықтың не екенін, дастархан мен нан-тұзды құрмет етуді ойын ізіндегі балаларымызға (9) дейін жақсы біледі.

Сонда мәдениеттілікке келгенде, Құранды түсіну және елге түсіндіру мәселесінде, біздің бабаларымыздың олардан артық білгеніне және бізді дұрыс тәрбиелегендеріне көз жеткермейміз бе? Жоғарыдағы арабтардың қылығына қарағанда, олардан өзіміздің Мұсылманшылығымыз артық болып тұрған жоқ па?

«Егемен Қазақстанның» 2016 жылғы 16-ақпандағы санында, журналист Жақсыбай Самыраттың, Мәскеуде басылған «Исламское государство. Армия террора» деген кітапқа жасаған талдауында мынадай бір дерек бар:

«Сириялық арабпен Мәскеудің «Халықтар достығы» университетінде 2006 жылы бір кездесіп қалған едік. Мәжліс төрағасы, марқұм Орал Мұхамеджанов бастаған қазақстандық делегация, осы университетте кездесу өткізген. Сонда бір шетелдік біздің төрағаға, Қазақстанда орыс тіліне, орыстарға неге қысым көрсетіліп жатыр, деген арандатушы сұрақ беріп, шұқшиып тұрып алды. Ондайдың мүлде жоқ екені айтылса да түсінбегенсіп, қайта-қайта сұрады. Өзі залға жалтақтап қарап қояды. Сөйтсек, ол орыстың мүддесін көздеген болып, жағынумен

* Өзбекстанның Науайы облысының Кенимех ауданындағы Сарыбел.

көзге түсіп қалғысы келген сириялық студент екен. Ондайлардың сырын білетін елшіліктің жігіттері, араб студенттері арасынан мұндайлардың көп көрінетінін айтты...»,- дейді.

Міне, біздің сеніп, таза Мұсылманшылық Жолын іздеп жүрген адамдарымыздың сиқы. Сирия халқы Еуропаға ағыла бастағанда (2016 жылы) бір діндарымыз: «Сирияда Ислам ғалымдары көп, соларды елімізге алдыруымыз керек»,-деп аптығып еді. Олар бізге келіп не бермек? Дұрыс ғалымдар болса, елін түзеп алмай ма? Сирия көп ұлтты, көп діни конфиссиялы Қазақстан емес қой! Құранды дұрыстап оқысақ, **Аяттардың қазақшасын толық жатқа білсек**, сол ғалымдардың білгенін өзіміз де игеріп алмаймыз ба?...

Өз тіліндегі Құранды жетік түсініп, Алланың сыйлықтарына жетіп, екі дүниенің жақсылығын көре алмай отырған, онысымен тұрмай, екі мемлекеттің арасына от салуды аңсаған арабты (жаңағы студент) Мұсылман дегенге ақыл сене ме?

Елінің тыныштығы мен ұрпағының келешегін ойлаған адам ондайлардан үлгі-өнеге ала ма?...

Бұлар – сол, бізге кездескендердің қылығы – «мәдениеті». Бұлармен бір ұлтты түгелдей айыптауға құқымыз жоқ. Бірақ, олардың арасындағы, пендешілікке құл болғандарды байқап, сақтану – мақсатқа лайық абзал іс.

Абай бабамыз 40-қарасөзінде: «Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да танымайтұғыны қалай?»-деп таңырқайды. Сол айтпақшы, біздер де Кәлима қайтарып, таспих тартқан, сақалды, шапанды шетелдік намазханды көрсек, оның ақыл-парасатының деңгейін біліп алмай тұрып, елімізге келгендегі ішкі ниетін зерттеуден бұрын етегіне орала кеттік. Содан адастық – елдегі аталарымыздан қалған нағыз қазақы Мұсылманшылық Жолымызды бұзып алдық. Оларға барып оқып келгендер де оңды жақсылық әкелген жоқ. 74 жыл құдайсыздардың қысымына шыдап, жоғалтпай аялап келген қасиетті Жолды, Тәуелсіз ел болып, өз еркіміз өзімізге тиген заманда, арабтың өзінен шыққан түрлі ағымдардың сандырағымен қойыртпақтап бүлдірдік; ту, сонау УШ ғасырдан бері бір мәзһабты ұстанған діндарларымызды бытшыт етіп бөлді; ата-ана мен баланың арасына сына қақты...

Осы сияқты түрік елінде оқып келгендер де еліміздегі ежелден қалыптасқан жолды бұрмалап жүр. Солардан бірі – азан

шақырудағы қылығы. Еліміздегі көнекөз қарттар мен менің замандастарым, азанның қалай айтылып келгенін жақсы біледі. Азан шақырарда екі қолды құлаққа дейін көтеріп, бас бармақты құлақтың жұмсағына тигізіп тұрып азан шақырылады. Ал, кейбір араб елдері мен түрік азаншылары құлағын қынтап алады немесе оң қолымен оң құлағын басып тұрып азан айтады. Бұл – Исламды мазақ ету. Сондықтанда олардың елінде жылына бірнеше рет берекесіздік жүз беріп тұрушы еді, сол берекесіздік біздің елге де жетті. Мен оң қолымен оң құлағын басып тұрып азан айтқанды, бірінші рет 2016 жылы көрдім. Содан бері елімізде көңілсіз оқиғалар орын алуда. Демек, олардың үлгісінен қашу керек.

Мына бір дерекке зейін салайық. «Егемен Қазақстанда» А. Тасболатовтың «Қанқұйлы қырғын кімге керек?» (2016 ж. 9. 01.)-деген көлемді зерттеуі жарық көрді. Онда Исламның және Түркияның қазақтарға, ортазиялық ғалымдарға қарыздар екенін, Түркияға Қожахмет Ясауидің шәкірті Қажы Бекташ Уәли келіп, Исламды таратқанын, оның жолын әлі ұстанып келе жатқанын айтқан. «Түркияның мемлекет және қоғам қайраткері Намық Кемал Зейбек: «Қожахмет Ясауидің Анадолыға жіберген шәкірті Қажы Бекташ Уәли шынайы Мұсылмандықты таратты. Біз оны жалғастырудамыз. Яғни, Ясауидің Мұсылмандығы – нағыз Мұсылмандық. Аллаға барудың Жолы – халыққа қызмет», -депті. Сол жолды ұстап қалған біздің бабаларымыз емес пе? Олардың ізі әлі ортамызда жүр. Осыны біле тұра, өзіміздегіні жаңғыртып, кәдуілгі жолымызды тіктемей (елімізге кең жаймай) неге біз өзімізден үйренгенін сақтап қала алмаған Түркияға еліктей береміз?

Бұл – заман, ғылым осынша дамыса да, өз кемшілігімізге өзіміз көңіл бөлмейтін, жаңағы Абай бабамыз сынаған кемшілігіміз. Мұны тоқтату керек!

Еліміз Діни басқармасы қазір де араб, түрік елдерімен тығыз байланыста. Біздің көздегеніміз, оларға теріс айналу емес, қайта, олармен туыстық сұрасуды (10) сақтай отырып, Құранды, Ислам Жолын бірге талдап жаңаруды ұсынбақ.

Еліміздің жастарына қатер әкелген мына бір дәйекке де назар салайық. Кімнің ойында – жүрегінде не барын жалғыз Алла ғана біледі. Пенделер бір-біріне араласып, сынап көрмей бірінің бірі ішкі сырын білмейді. Сондықтан қоғам да, адамдар да адасқандар мен сатқындардан көп опық жейді.

2005 жылы Александр деген орыс тілді жігіттің атасымен көрші тұрдым. Александр жалғыз басты, қалжыраған қарт атасына жиі келіп тұрады. Жақсы танысқанбыз. Бірде біз адамның ұлты басқа болғанымен бәрі бір адам. Бірақ, тәрбиесі оны әр қалай дәрежелерге жеткеретіні хақында әңгімелесіп қалдық. Сонда Александр, 8-сыныпта оқып жүріп (1997 ж.), сынып бойынша қатты қиыншылыққа тосылғанын айтты. Ол былай болыпты: сыныпқа орыс тілі мен әдебиетінен дәріс беретін, жас әйел мұғалім, бірде, еркек пен әйелдің арасындағы, жария айтуға болмайтын (11) ұятты жағдайларды ашық әңгімелепті. Бірнеше оқушылар мұны естігісі келмей, орындарынан атып тұрып, сыныптан шығып кетпек болғанда, әлгі бұзық әйел мұғалім: «Бұған ұялмаңдар. Бұл – өмірде болатын нәрсе. Сендер енді жас емессіңдер, мұны білулерің керек. Білу керек нәрсенің ұяты жоқ», -деп көсемсіпті. «Сонда ұжданымыз қатты қиналды. Ұялғанымыз соншалық, бірнеше күнге дейін қыздар біздерге, біздер қыздардың бетіне тіке қарай алмай жүрдік...», -деп, қоғамымызға ұятсыздардың араласа бастағанын қиналып әңгімеледі. Сөйтсе, бұл әйел мұғалім әке-шешесімен, аға-інілерімен тір жалаңаштанып, бір баяға бірге шомыла беретін ғайридіндерден екен.

Мұны айтып отырғанымыз, сол әйелге бүкіл қоғам сеніп, әр қайсысында 25 оқушыдан бар, бірнеше сыныпты тапсырды. Ал, ол өзінен ақылдыларға, басшыларға сыр бермей жүріп, өмірге енді көзі ашылып келе жатқан қанша өскіннің танымын ластады! Пәк ар-ұяттың жанын сыздатып тұрып, бетін жыртты! Дәл осы рәуішті, біздің де әлдеқандай көріп, құрметтеп жүрген шетелдік діндарларымыз, бізден оқу іздеп барғандарға, қазақы дәстүрімізде жоқ, Ислам мәдениетіне жат тұрпайылықтарды үйретіп жіберді. Сондықтан қазір елімізде бір мәзһабты жамылған бірнеше ағым жүр. «Алашқа іші жау боп, сырты күлмек» (Абай), -демекші, сырт көзге сездірмегенімен іштей бірін бірі жақтырмайды...

Мына сөзімізді және қайталайық, «Соңғы Пайғамбар арабтан шыққанмен арабтың бәрі Пайғамбар емес», -деген пәлсапа да елге сырттан келген не өзге елде оқып келіп, әуелден келе жатқан Жолды «жанартпақ» болғандарға жасалған ескертуден шыққан түйін. Әуелгі Жол жайын айтайық.

Ұлы Ислам діні елімізге VIII ғасырда келді. Ибраһимнен қалған жолдың* негізін ғана ұстанып жүрген дана халық Кітабы, Пайғамбары бар Исламға түгелдей бұрылды да кірме ағымдар өз-өзінен өшіп кетті. Өстіп, Ислам діні бабаларымыздың ауызбіршілігі мен даналығының арқасында айқай-шусыз, дау-дамайсыз күшіне мінді.

Бұл – әуелгі Жолдың жаңаруы еді. Ел өздерінің Алланың Тура Жолына түскендерін біліп, Құранда не кеңес, өсиет, тиым айтылған болса, соны ұстанған. Бұдан кейін сырттан бірдеңе алып келгендерге жол бермеген. Сондықтан медресе, мешіті өте аз көшпелі ел ортасында Ислам әлсіремеген. Ғұламалары да медресе, мешіті көп елдердің ғұламаларынан кем болмаған.

Ислам тарихында «Крес жорықтарынан» бөлек, Мұсылман мемлекеттерінде жалғыз Аллаға Кәлима келтіргендердің өздері, өз алдарына бөлек-бөлек мәзһаб ашып, әр қайсысы өзінікін жөн, (12) деп бір-бірімен соғысты. Ізі әлі жалғасуда. Бізде және атырабымыздағы: өзбек, қырғыз, қарақалпақ, татар елдерінде, Мұсылмандар жіктеліп, өзара қырылмаған, тіпті, христиандармен көршілес отырған елдерде дін үшін соғысқан емес. Керісінше, Құранның бірлік пен бітімшілік туралы Аяттарына қарсы келуге, Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) татулық, сыйластық хақындағы хадистеріне көз жұмуға Ақыреттің азабынан қорықты. Сөйтіп, Алланың Тура Жолын әу бастағы мұнтаз күйінде сақтады.

Бұл сөзімізді тастықтайтын тарихи тағлымға тоқталайық. 2016 жылдың 1-наурызы күні теледидардың «Білім және мәдениет» арнасында Тараз қаласының тарихына байланысты түсірілім берілді. Сонда Тараздың ғылымы мен мәдениеті дамыған шәһар болғанын әңгімелеген, философия ғылымының докторы Әбдікәрім Әбдімомынов ағамыз, сол заманда шәһарға арабтың, парсының көптеген шайырлары келгенін, олардың 70-ке жуығының өлеңдерінде Тараз бен Бұхараның ғылым-мәдениетіне тамсанған жолдар барын айтты.

Ол уақыттың ғылымы – тек Ислам ғылымы еді.

Солар тамсанғандай-ақ, расында, біздегі Мұсылманшылық,

* «Тақуалыққа бастар жол...» атты әдістемемізде халқымыздың Ибраһимнің Жолында болғанын дәлелмен жаздық.

VIII ғасырда қалай үйретілген болса, 1998-2000 жылдарға дейін, сол күйі таза қалпында келді. Тек кейбір дүмшелердің былшылы мен атеистердің алып қашпа сөзі ғана шамалы жол тосқанымен, негізі жоғалған жоқ – Мұсылмандар өзара бөлінбеді. Біз Мұсылманның жіктелетінін КСРО кезінде, құдайсыздардың саясатын насихаттаған БАҚ-тардан, Ислам мемлекеттеріндегі сүнниттер мен шийіттердің арасындағы қақтығыстар туралы хабарлардан білетінбіз. Тіпті, Мұсылмандардың өзара қырылып жатқанын әбес көріп таңырқаушы едік...

Намазхан Парохат Қалмаханұлы 1943 жылы туылған. Аяттар мен хадистерден, халық даналықтарынан мол білімі бар кісі.

-Әкем Қалмахан (1906-1993 ж.) бала күнінде Таңат деген байдың малын баққан. Бай Қадыр деген қызының Құрани сауатын ашу үшін молда жалдаған. Әкем де қызығып, молдаға өтініш жасап, әріп үйренген. Қой қайтару үшін қоянсүйектен шопан таяқ жасап алған. Әр күнгі әріпті сол таяғына жазып алып, өрісте жаттап әрі топыраққа жазып қанық игерген. Тәжуидті меңгерген. Кеңес үкіметі құрылғасын, сол білімімен ұжымшар төрағасы қызметтерін атқарды. Үкімет дінге тиым салған жылдары да Алланы, Құранды ұмытпады. Жасырып намазын оқыды.

Анаммен немере туыс Ермұхаммед Шабарұлы – алдымен ақмешіттік Ақмырза Төсұлынан білім алып, кейін Бұхара Көкәлташ медресесін бітіріп, ахун атанған кісі*.

Әкем 1964-65 жылдарда сол кісіге білімін сынатып, ауылда молдашылық етті.

Ермұхаммед атам және басқа молдалар үйге жиі келіп тұратын. Себебі, өздері аз ғана болғандықтан Ермұхаммед атамнан Жол үйреніп, Исламның тарихы мен Мұхаммед саллалаһу ыәлейһи уә сәлламның, шадиярлардың, сахабалардың өмірін, ерліктерін тыңдайтын.

Мен солардың талай сұхбаттарына куәмін. Солардың әңгімесінен білетінім, қазақ даласына Мұсылман ұстаз-молдалар Қазан қаласынан да келген. Бұлардан оқып, білімін тереңдетуге талаптанғандардың көпшілігі Бұхараға барып оқыған. Бұхарада

* Е. Шабарұлының пайдаланған кітаптары 2010 жылы ҚМДБ-сына тапсырылды. Кітаптар жәйлі «Ислам және өркениет» газетінде А. Ноғаевтың мақаласы жарияланды.

оқып келген шәкірт пен қазандық ұстаздардың, молдалардың, олардан дәріс алған шәкірттердің құлшылық амалдары, айтқан уағыздары, бір бөтен сөзі жоқ бірдей болған. Олар бірін-бірі өте жетік түсінген, үнемі бірін-бірі қолдап, елде Имандылықты күшейткен. Біздер сол толқынның үлгісін көріп өстік. Олар жіктелмейтін...,-деп, 1992 жылдардан кейін шетелдерде оқып келгендердің амалдары мен уағыздарына таңырқайды.

Бұдан шығатын қорытынды да, тақырыптың бисмилласында айтылғандай, шынайы Мұсылмандықты даладан іздемей, Құраннан және кәдуілгі қазақы Мұсылманшылық Жолымен жүріп өткен – Шәкәрім, Ыбырай бабаларымыздың қолымен жазылған оқулықтармен іс жүргізу; шетелдіктерге еліктеу мен елендеуді қою; бұл – өз кезегінде сөнгенімізді қайта лаулату мен жоғалтқанымызды табуға күш салу – «Мәида» сүресінің 105-аятында ескерткендей, өзімізді түзеу болады.

Негізінде осы бабаларымыздың бұл кітаптарды жазып кетуі де Алладан екеніне күмәнданбаймыз. Біздің бұрынғымызды да, алдағымызды да (13) жақсы білетін Алла: «1992 жылдан әрі қарай шатасқан ағымдар келеді. Онсызда жүзшіл, рушыл, ақсүйекшіл ұрпақтарың соларға еріп сорлап қалмасын...», -деген ойды жүректеріне салуынан (14) соң жазылған болар. Дін ұстаған адамдарды қуғындап, діни тақырыпта жазылған кітаптарды өртеп жатқан, қан-қасап жылдары бұл кітаптардың аман қалып, бізге жетуі де Алланың Өзінен. Алла «Һижра» сүресінде (9-а) Өз Жолын Өзі қорғайтынын айтқандай (15). Бұл кітаптар да Өзінің Жолын насихаттауға арналғандықтан түрлі бәлелерден Өзі сақтаған. Мұнысы бізге беріп отырған Хикметі, бізге көрсетіп отырған Кереметі, бізге сыйлаған Мейірімі мен төккен Рахымы! Осыны біліп, бабаларымыздың Ер Сейітпенбеттен бері сақтап, құдайсыз қызылдарға бермей, қызғыштай қорып келген Жолымен жүрейік.

Ақылды арашалау. Тақырыбымыздың әлқиссасынан дәл осы жерге дейін біраз дәлелдерді айтып отырғандағы мақсат, біз колданып жүрген, кезінде араб елдерінің бірінен елімізге келген шариғат пен силсила әдісінің заманы өткенін айтпақ еді. Енді Құранның: **«Ақиқатты бұзықтыққа араластырмандар, ...біле тұра Шындықты жасырмандар»** («Бақара» с. 42-а), **«...Әділдікте мықты тұрып, өздеріңнің, әке-шешелеріңнің,**

жақындарының зиянына болса да Алла үшін айғақ болыңдар... Әділдік істеуде нәпсіге ермеңдер...» («Ниса» с. 135-а), **«...Әділдік істеңдер...»** («Мәида» с. 8-а), **«...Жақындарың болса да әділдікті айтыңдар... Осыларды Алла нұсқады»** («Әнғам» с. 152-а),-деген ескертулерге сүйене отырып, дініміздің зиялыларының зиянына болса да, Алланың ризашылығы үшін, дініміздің, Тәуелсіз Еліміздің, ұрпағымыздың жарқын болашағы үшін, шарифат пен силсилаға байланысты Шындықты ашық баяндайық.

Халқымыз айтқан: «Өткенге кесек атсаң, болашақ саған тас лақтырады», - деген даналықтың мәнін жақсы түсінеміз. Біз ешкімді сынап-мінемек емеспіз. Тек қолданыстағы шарифат пен силсиланың заманы өткендігін дәлелдеп, жаңарту ләзімдігін ортаға салмақпыз. Болашақтың атқан тасы бір басты жарар, ал, өткеннен қалған қатені түзетуге ұмтылмау – Алланың: **«Олар бір-бірлерін істеген жамандықтарынан тыймайтын. Расында олардың істегендері нендей жаман»** («Мәида» с. 79-а), - деген Аятын сыйламағандық болар, бұл салақтығымыз күнәнің де ең ауырына алып барар! Сұлтанмахмұт Торайғыров бабамыздың тілімен айтқанда: «...көре-біле отқа түсу ...» болар.

Бәрі Алланың қалауымен болып жатыр дейтіндер де табылар. Иә, қолданыстағы шарифатты да кезінде, заманына лайықтап, Алланың Өзі бекіттірген еді. Алайда, үстіміздегі инновациялық технологияның ғасырын да Алла беріп отыр. Демек, Өзінің берген замандарына сай, күллі адам баласына насихаттармен келген Құраннан дұрыс пайдаланып, жаңарып жасау да, Алланың үкіміне лайық болу деген сөз. Бүгінгі ғылым Аяттардың сырын ашып, адамзаттың санасын Алланы тануға жетелеуде. Бұл бізді Құранға жүрек көзімен тереңірек үңіліп, Оның Аяттары туралы ашық пікір айтуға, сонымен бірге, шарифат пен силсила жолын ұстануда да өзгерістер талап етілетінін жариялауға мәжбүрлеп отыр.

«Зүмәр» сүресінің 32-аятында: **«Ал, енді Аллаға өтірік айтқан, сондай-ақ, өзіне Шындық келген кезде, Оны жалғанға шығарған біреуден залымырақ кім бар?...»**- дейді. Расында, ескі шарифат пен силсиланың біздің заманымыз үшін жарамсыз екенін көріп отырмыз, оны айтпасақ, жасырсақ өзімізге өзіміз қиянат жасаған боламыз («Бақара» с. 89; 159-а). Алладан ештеңе кемімейді.

Алла Құлдарын қате баспасын (16) деп Кітабын, Елшісін (с.ғ.с.) жіберді. Әркім заман үдерісінде Иманынан жаңылмай, өзін түзеуі ләзім («Мәида» с. 105-а).

«Араб-қазақ сөздігінде» шариғаттың жеке өзі жазылмаған. «*Шааригун*» сөзін жазып, оны: «1) *шаригат* заңын бекітуші (Алла); 2) *бастаушы*; 3) *заң шығарушы*», -депті. Бұл сөзді «Араб-орыс сөздігінен» де таппадық. Бірақ, «*Шариитатун мн. шарадиту – условие; шаргун – религиозный, церковный закон; шариат; согласно шариату; шариитатун мн. шарадигу – законоположение, церковный закон; шариат*», -деген.

Ғалымдардың жазуынша, шариғаттың өзі 11-12-ғасырларда шығыпты. Осы мерзім бойынша ойлансақ, бұл – Шадиярлардың заманынан көп кейінгі шара. Яғни, Исламды әлсіреткен де осы – бір патшалықтың камын қорғап жазылған шариғат дегенге саяды. Біз сұхбаттасқан діндарлар: «Ақылдан шариғат жоғары. Адамның ақылы шектеулі, шариғат Құраннан. Сондықтан оны ақылдан төмен қоюға болмайды. Әрбір амал не әрекет бойынша шариғат не айтса, ол, солай орындалуы керек», -дейді. Бірақ, Құранды үйренетін білімді де, Құранды да, шариғатты да адам ақыл арқылы меңгеретінін, Құрандағы Аяттар арасынан фикһты да ақыл арқылы ажыратып алғанын мойындамайды. Бірінші ұстаз Аристотельдің не Хакім Абайдың тұжырымдарын; ақыл жайын нақты түсіндірген, екінші ұстаз Әбу Нәсір әл-Фараби бабамыздың ақыл – Алланың Нұрының бір құрамдас бөлігі екенін, туа біткен қабілет екенін сипаттағанынан ой түйіп, ұстанымдарынан қайтса да жақсы еді. Жоқ! Қайтпайды. Силсиланы тізіп, өздері оқыған ғалымдарының пікірлерін алдыңызға тартады.

Шариғат мәселесінде көп сұхбаттасқандарымыздың бәрі де діни сауатты Мұсылмандар. Олардың бірі – медресе бітірген, қазір ұстаз; қалған екеуі діни оқу орындарын тәмамдаған. Екеуі де кезінде көп жыл мешіттерде имам болған, бүгінгі күнде, біреуі мешітте кезекші молда, екіншісі көрші қалада имам. Бірде оларға:

-Сіздерде ақылды шариғаттан кейінге қояды. Алла, Өзінің қасынан, біздің Өзі берген сана күшіміз жететін Аяттарды ғана, Жәбрейіл (ғ.с.) арқылы түсіріп отырған жоқ па? Біздің ақылымыз жетпейтінін түсірсе, оны біз қалай түсінер едік? Құранды түсініп отырған біздің ақылымыз, Құраннан алынған шариғаттан қалай кем болады?-деп сұрақ бердік. Олардан бірі:

-Бұл ежелден осылай бекітілген. Мұны өзгерту – тек күнәларға апарады. Ақылға еретін болсақ, ол нәпсіге де алып барады. Ал, шарифат нәпсіге бағынбайды. Құран Жолын тәртіпті ұстайды.

Ақылға салсақ, дәретте мәсінің табанына мәсих тартуымыз керек. Бұл болмайды. Шарифат оны оңайластырып, үстіне мәсих тартатын етті.

-Сол шарифатты адамдар жазып отырған жоқ па? Құранда киімнің сыртынан мәсих тарту айтылмаған ғой?!

-Бұл – көптеген ғұламалардың шешімі.

-Олар қандай дәлелге сүйенді екен? Құранда: **«Негізінен дін тұрғысынан Алла бұйырмаған нәрсені оларға шарифат қылатын ортақтары бар ма?...»** («Шура» с. 21-а),-деген. Яғни, Алла бұйырмаған нәрсені оларға шарифат қылып беретін, Алладан өзге ортақтары бар ма? Аятпен бекітілмеген нәрсені қалай шарифат етеді?

-Ол жағын алымдардан сұрау керек. Біз шарифатта қалай айтылса, солай орындаймыз.

-Сонда мәсінің табаны таза болуы шарт емес пе? Оған жабысқан, біздің көзімізге түсе қоймаған әлде не намазды бұзбай ма?

-Жоқ, бұзбайды. Бұған қарсы келу – Иманның әлсіздігінен есептеледі. Шарифат бойынша не айтылған болса, сол – дұрыс, солай орындалуы тиіс (17). Бұл – Тура Жол!-деп сөзін бекітті.

Құран мен ақылға салсақ, бұл – Тура Жол емес, Алланың әр нәрсені жұбынан (18) жаратқаны туралы Аятын елемеген, дәрет туралы Аятына атүсті қараған, бір жақты жүретін жол. Егер тәптіштеп талдасақ, сол кездегі пәтуашылар: «Аяттарды Жәбрейіл (ғ.с.) әкелді. Ол Алладан, ал, ақыл Алладан емес, адамның өзінен»,-деп, жіктеп, Аллаға нұқсан келтіргендей.

Алла адамды басқаратын Рухтағы сананы да ақыл және надандық деген екі түйсікпен жаратты. Ақылдың да адалы мен арамы бар. Мұны «Пайғамбарлар қиссасы және ХХІ ғасыр» деген тақырыбымызда талдадық. Абай бабамыз:

Ақылмен ойлап білген сөз,

Бойыңа жұқпас сырғанар.

Ынталы жүрек білген сөз,

Тамырыңды қуалар,-деген. Жүрек Алланикі – аманаты сонда тұр!

Құранда (19) ойына сенгендердің қателесетіні ескертілген. Мына төрт шумақтағы «Ақылмен ойлап білген сөз» деп ойына сенгендерді айтып отыр. Бұл – ақылдың арамы*. Ал, «Ағраф» сүресінің 200-201-аяттарын (20), «Фуссилат» сүресінің 36-аятын білген ақылды адам, шайтаннан сыбыс болғанда, шайтан түрткен кезде, Алланы есіне алып, Алланың қалауын тілеп, Алланың атымен іс бастайды. Бұл – адал ақыл. Сонда ақыл қайсы нәрсе Иманнан, қайсы нәрсе Иманға қарсы, соны айырып отырған жоқ па? Бірақ, ақыл Құдайдың сөзін өзгерте не бұра алмайды. Өйтсе, ақылдың «Әнғам» сүресінің 115-ші, «Жүніс» сүресінің 15-ші, «Фуссилат» сүресінің 42-аяттарына қарсы барып, теріс бағытқа бұрылғаны. Ал, ақылды шариғаттан төмен қоятындар осы және осылар мазмұндас Аяттарды ескермей, мәсіге мәсих тартудың пәтуасын бекіту арқылы, дәрет алу Жолын көрсеткен («Ниса» с. 43; «Мәида» с. 6-а) Аяттарды бұрмалаған...

Сонымен адал ақыл мен Аят – Нұр туралы пікірімізді жүрек көзімен қарап айтар болсақ, бұлар – егіз, бұлар бірін-бірі шырайландырып, қуаттандырған біртұтас бір әлем. Бұлардың бірінсіз екіншісінің қадірі жоқ – Аятты оқып зерттемеген адамның Рухани танымы аз болғандықтан ақылы шолақ. Рухани танымы жетілмей, тек дүнияуи білімімен, өзінің талабымен жүрген ақылдының Ақырының қайырсыздығын өмір тәжірибесінен көріп жүрміз (21).

Алланы танып, құдыретін мойындап, Аяттардың мағыналарын дәл түсіну үшін, тағдырларды мөлшерлеп жазушы Алла (22), Өзінің қалаған Құлдарына сөзін түсінетін ақыл берді. Сондықтан Құранда: **«Өзін білмеген ақылсыздан басқа кім Ибраһимнің Жолынан бет бұрады...»** («Бақара» с. 130-а), **«Әй, ақыл иелері!...»** («Бақара» с. 197-а), **«Мұны ақыл иелері ғана түсінеді»** («Әли Ғыман» с. 7-а), **«Пайғамбарлар қиссасында ақыл иелері үшін ғибраттар бар...»** («Жүсіп» с. 111-а), **«Ей, Адам балалары: шайтанға табынбандар, расында ол, сендерге ашық дұшпан»**, -деп айтпадық па? Маған ғибадат етіңдер

* 1970 жылдарда елде жырау аз болды. Сонда (?) есімді жырау беташар тойға бара жатып: «Мен беташар тойға шақырылдым. Тойдан қайтарда ақшанды төлеп кетемін», -деп дүкеншіден қарызға сауда қылады. Той иесі келінінің бетін басқа жырауға аштырады. Бұл құр қалады. Міне, ойына сенген, деген осы сияқты. Пара алатындар да осындай, оңашада ешкім білмейді, деп істейді. Соңында маскара болады.

және Тура Жол осы. Сендерден көптеген нәсілді шайтан жолдан шығарды. *(Соны ойлауға Біз берген) ақылдарың болмады ма? (Болды ғой! Біз жеткілікті ақыл берген едік қой!)*»-деп ақылдың маңызын байқатқан Аяттар түсірілген. Яғни, Құранды ақылдылар үшін түсіріп және Оны насихаттауды да ақыл иелеріне тапсырған. Өзіне ынтық **Құлдарын ақыл иелері** деп ең асыл, ең жақсы атаумен шақырып отыр. «Ей, Құран оқыған, Аят пен хадисті көп білетіндер, шариғатты білетіндер,пәтуа шығарушылар...»,- деген. Сонда қалай шариғат ақылдан жоғары тұрмақ?! Алла сөзін бізге, біздің меңгеріп, игеріп пайдалануымыз үшін берді. Бәлкім, Алланың бізге туа беріп, жүре келе дамыған ақылы, ақыл талдап ақ-қараны танитын дәрежеге жеткенде оқып түсінетін шариғаттан үстем тұруы керек шығар! Ол үстем болғанда ғана сол сөзді түсінбей ме? Төменде тұрған жан, жоғарыдағыны қалай алады? Алалмайды, тек тамашалайды, тамсанады, біздің Аяттардың мағынасын өз мәнінде түсінбегеніміздей...

«Бақара» сүресінің 44-аятында: «Елді игілікке бұйырып, өздерінді ұмытасыңдар ма? **Кітапты оқисыңдар, ойламайсыңдар ма?!**»-дейді. Ал, 269-аятында: «Алла Тағала Хикметті (терең білімді) қалаған Құлына береді. ...кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. **Бұны ақыл иелері ғана түсіне алады**», -дейді. Бұл Аяттарда да ақылдың мәртебесі көрініп тұр.

«Ниса» сүресінің 174-аятында: «Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ, **сендер үшін бір ашық Нұр түсірдік**», -деген. Аяттағы «...Нұр...» сөзі – Құран. Құран – Нұр. Нұрда қараңғыны жарық қылатын сәуле бар. Құранның да мақсаты пенделерді қараңғылықтан жарыққа алып шығу, соны Алла Нұр деп жеткеріп отыр. Абай бабамыздың: «...Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек», -дегендегі «Нұрлы ақылы», осы – Алладан келген ақыл, дегені.

«Фатыр» сүресінің 32-аяты (23) бойынша, білім берілген, қалағаны біз – Мұсылмандар емеспіз бе? Демек, бізге көп игілік, алыс пен жақынды, жақсы мен жаманды, көнерген мен көнермейтінді және Аяттарды терең үйренерлік Хикметті ілім берілді. Біз мұны дұрыс пайдаланып, «Мәида» сүресінің 79-аятында (24) айтқанынан тәлім алып, шариғат пен силсила (25) біздер үшін, бүгінгі замандағы Исламдық гуманизм мен демократия талабына ерісе алмайтын жағдайда (26) екенін, оларды

заман ағымына бейімдеп жаңарту керектігін айтуға міндеттіміз. *Себебі, қолданыстағы ескі шарифат пен силсила, пенделердің көнген тобын тар аяда ұстап қалса, бір көнген болған тобын екі жүзділікке апарды, көнбегенін көнгендер мен ортадағыларға қарсы қойып, арада алауыздық туындайды. Бүкіл әлемдегі Исламның біріге алмай жүргені де осыдан.* Алла «Әли Ғымран» сүресінің 4-аятында: **«...Расында Алланың Аяттарына қарсы келгендер үшін қатты азап бар. Алла – өте Үстем, өш алу Күшіне Ие»**,-деген. Біз Аятпен бекітілмеген шарифат үшін жазаланып, барлық діндерден басым өз мәртебемізге ие бола алмай келеміз («Фатх» с. 28; «Саф» с. 8-9-а).

Ақылдың шарифаттан үстем екеніне екінші дәлел, ақылдың тіке Алладан екендігі, ал, шарифатты пенделердің Құраннан алып ақылмен таразылап жазғандығы. Сол себепті де парыз бен уәжіпті айыруда, мәсіге мәсих тартуда, Аяттарға түсінік беруде, тағы бірнеше мәселелерде қарама қайшылыққа, қателікке жол қойылған. Осы жерде қоғамды ақыл мен білім дамытатынын, ақыл мен білімнің сабақтаса беруіне қоғам әсер ететінін еске салып, бұрынғылардың, әсіресе, кейбір – кейбір пәтуаларды шығарғандардың ақыл мөлшері де, өз ортасына яғни, қоғамына жараса ғана болғанын әндишамен бүркемей ашық айтайық.

Бұған дәретке байланысты Аяттан дәлел келтірейік. «Мәида» сүресінің 6-аятында: «Әй, Момындар! Қашан намазға тұрсаңдар (тұрарда) жүздеріңді және қолдарыңды шынтаққа дейін жуыңдар. **Бастарыңа мәсих тартыңдар** (су қолмен сипаңдар) және екі аяқты тобықтарыңа дейін жуыңдар. Егер де жүніп болсаңдар шомылыңдар. Егер науқас не сапарда болсаңдар немесе түзге отырып я әйелге жақындап, тазаруға су таппасаңдар, таза **жерге тәйемүм** (алақанды құмға) **соғыңдар**; онымен беті-қолдарыңды сипаңдар. Өйткені, Алла сендерге **ауыршылық қаламайды**. Бірақ сендерді тазартуды, сондай-ақ, шүкірлік етулерің үшін сендерге нығметтерін тәмамдауды қалайды»,-дейді. Бұл Аятта тақырыбымызға байланысты, ерекше назар аударатын екі жағдай бар: бірі – мәсих, екіншісі – тәйемүм.

Шарифат дәретте, аяққа мәсінің сыртынан мәсих тартуды айтқан. Бұл – қате шешім! Себебі, Аят негізінде шарифат Жолын жазған пәтуашылар, мәсих мәселесінде, «Әнғам» (34; 115-а), «Жүніс» (15-а), «Кеһф» (27-а), «Фуссилат» (42-а), «Нәжім» (2-4-а), «Хаққа» (43-46-а) сүрелеріндегі ескертулерді менсінбей, Құдай

айтпағанды айтып отыр, яғни, Аятты бұрмалап отыр. Екіншіден, бұл арқылы Исламның тазалық жөніндегі артықшылығына нұқсан әкелінген.

Мәсих тартылатын бас – тақия не қалпақ жоқ, жалаңаш бас. Оған ғана мәсих тарт деген. Аяқта мәсі бар. Оның үстіне мәсих тартқанмен аяқтың шуашы не мәсінің табанына жабысқан ластық кетпейді ғой. Осыны: «Аяқты жууға мүмкіндік болмаса, басқа мүшелерді жуып болғасын, аяқ үшін тәйемүм алу керек», -десе, Құранға өте жақын болар еді әрі шынайы тазалыққа нұсқау*. Тәйемүм киімнің сыртынан, ал, мәсих жалаң басқа...

Жуылмаған аяқ үшін тәйемүм алуды нұсқау – Аятқа негізделген Нұрлы ақылдың жемісі болады. Ал, бас киімсіз басқа мәсих тартуды айтқан «Ниса» сүресінің 34-ші, «Мәйда» сүресінің 6-аяттарын негізге ала отырып, мәсінің сыртынан мәсих тартуға пәтуа жасау – Алланың сөзін бұрмалау, яғни, шарифат жазушылардың өздерін Аяттардан жоғары қоюы.

Мысалы, таңғы намазда аяғын, оның екі арасын жуып, толық дәрет алған, диқан не шаруагер жұмысқа кетеді де, қаншалаған жер жаяу жүріп, аяғы терлейді – шуаш иісі шығады. Мәсіге мәсих тартқанмен, бұл Алла бекіткен амал болмағандықтан, иіс сыртқа да әсер етеді. Сонда Аллаға қабыл болатын тазалық қайда калады?

Біз осы Аяттың, жүніп болғанда немесе әйелге жақындағанда ғана ғұсыл құйыну туралы үкімінен пікірлеп, әр дәрет сайын екі аяқтың арасын жуамыз және ауыз бен мұрынды шаямыз, құлақ пен мойынға мәсих тартамыз. Мұндағы мақсат, денеміздегі терлеуден пайда болған бөтен иіс пен ашық ауадан қонған шаңтозаңды кетіру. Ғұсылдың ишарасымен денені мүлде тазалау. Ал, иіс шығару жағынан екі аяқтың арасынан кем келмейтін мәсінің ішіндегі аяқты «аяп» мәсих тарт деу – қисынсыз шара.

Әрине, қарсы болушылар шарифаттың жамағат шешімімен жазылғанын айтар. Солай болғанмен де, Құранның кемін Құлдарым түзейді, деген. Керісінше, **«Раббыңның Сөзі Шындық әрі Туралықпен тәмәмдалған. Оның Сөздерін өзгертуші жоқ...»** («Әнғам» с. 115-а),-деген. Ал, бұларға

* Біз «Біз Тақуалық мектебіндеміз, бірақ, жақсы оқушы емеспіз» атты кітабымызда «Аллаға сенсең, аян аласың; су таппасаң тәйәм аласың»,-деген тақырыбымызда тәйемүмнің асыл қасиетін айттық.

қарсы амал жасау – осы Аяттарды бекерге шығару, Алланың қаһарын шақыру*, деген сөз (құдайсыздарға құл болғанымызда сондықтан!).

Міне, ескі жолда, осындай, байқалмаған, Мұсылман пендеге сын болар келеңсіздіктер бар. Бәлкім, олар: «Аяқты жумай, тәйемүм алуды айтса, біреулер мүлде дәрет алмай, тәйемүммен намаз оқуы мүмкін», -деп сақтық жасаған болар. Олай етсе, «Әркім қылса, өзіне» (27), -деп Аятпен бекітілгендей, ондай мұнафиқтар кінәсін өздері көтереді.

Нақтырақ айтсақ, мәсіге мәсих тарту – пенделер шығарған жаңылыс пәтуа, жаңылдырған амал. Тәйемүм – Аятпен бекітілген, Алла қалаған амал.

Мұны біз ұсындық, бірақ, ақ-қарасын айырып, жүзеге асыру ҚМДБ-сының ісі. «Бақара» сүресінің 272-аятында айтқандай, біз ешкімді Тура Жолға сала алмаймыз, тек осы сүренің 42-ші, «Ниса» сүресінің 135-ші, жаңағы «Мәида» сүресінің 79-аятына амал ретінде Шындықты айттық, сүндетке амал қылып ескерттік.

Мәсихтан гөрі тәйемүмді қолдану, алдымен, амал тұрғысынан Құранға теліну десек, екіншіден көп жеңілдік. Бәлкім, таңғы дәрет толық алынғаннан кейін, өзінің денесінің тазалығына күмәні жоқтардың, аяғы мен екі аяғының арасына бола, таза қабырғаға, даракқа, сырланбаған ағашқа, матаға, киімге, есік пен терезеге ұсталған пердеге тәйемүм алуын пәтуамен бекіту, көптеген жақсылардың намазға жығылуына себепші болар.

Исламда кеңшілік, жеңілдік көп. Тек ескі пәтуамен тоқтап қалған біздер ғана адамдарды құлшылықтан шошытып келеміз.

Мәсих пен тәйемүмнің мәнін тереңірек түсіну үшін «Таһа» сүресіне де тоқталайық. Құранда ғибадаттардың машақаттарына сабыр етуді ескерткен. Машақаттар, намазда: дәрет алу, тік тұру, еңкею, сәждеге бару және ораза, хаж амалдары..., осылардың бірі – осы аяқ жуу. Негізі аяқтың жуылуының құлшылық үшін маңызы үлкен. Бұған дәлел – «...Әй, Мұса...», «Рас, Мен Раббыңмын. **Кебісінді шеш.** Өйткені, сен қасиетті Туа ойпатындасың» («Таһа» с. 11-12-а), -деген Аяттағы кебісті шешуге бұйыруы.

* Ислам мемлекеттерінің бірінен кейін бірі бірнеше жылдан бері лаңкестер мен бүлікшілердің шабуылына ұшырап келе жатқанының тағы бір себебі осы – Аяттарға қарсы пәтуа, әрине.

Алланың аманаты жүректе емес пе? Неге Мұсаға (ғ.с.) кебісін шештірді? Нәті топырақтан сомдалғандықтан, топырақты жалаңаяқ бассын дегені ме?

Болмаса, көктер мен жердің арасындағы байланыстарға байлану үшін – қосылу үшін бе екен?.. Ал, Құранда дәрет алуда, шуашы болатын қолтықты емес, аяқты жууды тапсырды. Бәлкім, топырақтан жаралған адам, Аллаға таза жүрекпен құлшылыққа тұру үшін аяқты жуып, керек болса, жалаңаяқ тұрып ғибадатын жасауы керек шығар?

Міне, аяқты жуу мен жуа алмаған жағдайда тәиемүм алудың маңызын осы Аяттан да («Таһа» с. 11-12-а) аңғару қиын емес.

Аяққа байланысты өмір Шындығынан да дәлел айтайық. Аурудан бірнеше күн төсек тартқан адамның Жанының шығуы, екі аяғының қол тоңатындай мұздап жансыздануынан басталады. Мұны сондай жағдайға ұшыраған жақынын өз «қолымен жөнелткендер» жақсы біледі. Екінші дәлел, ҰО соғысының қатысушысы Тойлан Бәйімбетов атамыздың басынан кешкен мына бір мұғжиза. Атамыз: «...Кезекті бір күні танктің шабуылына қарсы келе жатқанбыз. Ажалдың аузында жүргесін оның қайдан келгеніне қарайсың ба, шаң бұрқ ете қалғанда, сол шаңмен мен де шаң болып ұшып бара жаттым. Қалай жерге түскенімді білмеймін. **Бір кезде аяғымнан жоғары қарай жылу жылжып келе жатқанын сездім.** Бұл жылу жаныма жағады. Тізем де жетті. Одан өтіп, ішіме, кеудеме келді. Басыма жеткенде көзімді аштым. Кейін білсем, снарядтың жарықшағы шекеме жанай тиіпті...», - деген еді. Осы оқиғаларға қарағанда, топырақтан жаралған адамға, Алламен байланысында аяқтың маңызы ерекше болар, бәлкім.

Бәлкім, Ислам ғалымдары дәрет алу «машақатын» оңайластырамыз, деп, Алланың сөзін бұзып, байланыстарды үзіп, мәсихты айтқаны үшін, **бүткіл Мұсылман жұрты, Алланың көп нығыметтерінен құр қалып, бүгінгі ахуалында отырған болар?** Кезінде ілімімен, мәдениетімен дүниені иілдірген Исламның, бүгінде тармақтары мен бүлікшілерінің көбейіп кетуіне осы бір жай себепші болып тұрған шығар?!

Бәлкім!

Шариғатты жақтаушы бүгінгі қазақстандық шәкірттер де, ұстазы нені үйретсе, өз «міндетіне адалдық» етіп, оны кәдімгідей, күйініп тұрып қорғайды... Дегенмен, Құранның қазақшасын

бірнеше мәрте көңіл қойып оқып, Аяттардың қазақшасын жаттап, іздене берсе, Нұр мен ақылдың егіз екеніне бір уақыттары көз жеткерер, деп үміттенеміз, оң Жолға қайтуын тілейміз.

Ақылдылық адам баласын жақсылыққа жетелейді, білімдіні Тақуалыққа жеткереді. Ібраһим Халиулла (ғ.с.) шарифатпен емес, көзі көргендерге ақылмен баға беріп («Әнғам» с. 75-80-а), соңында Алланы тапты емес пе?

Мұхаммед надан меккеліктердің ортасында туылды. Бірақ, олардан аңы биік еді. Өсе келе отандастарының, Құдай жаратқан тастан, ағаштан өздері жонып жасаған бұтқа сыйынған надандықтарын көріп, ақылына ақыл қосты, әділдікті әділетсіздіктен, Мейірімді жауыздықтардан айырып, қашанда әркім өз үшін жауап беретінін сезініп, Өзі (с.ғ.с.) әділетті, парасатты, таза болды. Оны (с.ғ.с.) сол надандардың өздері тән алып, «Мұхаммед – Әмін» атап құрметтеді.

Ортаның әсерімен ақылы жетілген сайын, елді надандықтан құтқару Жолын армандады.

Ешкімге зұлымдық етпейтін әділ, Мейірімді, Рахман, Рахым кезкелген Құлының жүрегіне ақыл салады («Шура» с. 51-а). Оны жүрегінде кірі барлар пәмдемейді. Жүрегі тазалар қырағылықпен тез сезіп, Имандылық Жолына түседі. Хабары Өзінен бұрын келген Мұхаммед те (с.ғ.с.) анық түстерін ақылына салып талдап, оң қорытынды шығарып, Алла жүрегіне берген Жолды дер кезінде біліп, Алланы іздеді. Оңашаға – Хира үңгіріне барып отырып, ақылы арқылы, бір Жаратушының барын ойлап, ғайыпты Білуші күдірет Иесіне жалынып, Жол сұрады. Алла бір күні тілегін беріп, Пайғамбарлық қонды.

Осы ақылдың ісі емес пе? Ол уақта шарифат қайда?

Пайғамбарлық қонған алғашқы күні, Расулалла (с.ғ.с.) мені қынта, деп жатқанда, Хадиша (р. а.) анамыз, Оған (с.ғ.с.) Пайғамбарлық келгенін жүрегімен сезді. Бірақ, анығын білу үшін, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) атасы, бұтқа табынушы, Иләһи ілім-білімі жоқ, Әбу Тәліпке бармады, өзінің ағасы, Християн дініндегі қарт ғалым Уарақа бин Науфилге барды.

Анамыздың (р.а.) осы барысы – ақылының тапқан Жолы емес пе? Егер Әбу Тәліпке не үлкен атасына айтқанда не болар еді?

610-641 жылдар аралығындағы оқиғалардан алсақ, Византия патшасы Геракл Әбу Суфиянға бірнеше сұрақтар беріп, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Алланың Елшісі екенін,

араб түбегіне әділдіктің келгенін ақылымен біліп: «Оның келетінін білуші едім...», -деп, Шындыққа көз жеткеруі, ақылдан емес пе?

Эфиопия патшасы Ән-Нажаши де хаттың мазмұнынан Алладан келген Шындықты ақылымен түсініп, пана сұрап барған алғашқы сахабаларды жайғастырған еді ғой. Сонда Геракл мен Ән-Нажашиге кім шарифатты үйреткен еді?

Бұл жерде де олардың ақылы қызмет қылды, шарифат емес.

Әзіреті Омар, Уәлид ибн Халит, Әбу Суфиан ... бұлар – Пайғамбар Мұхаммедтің ашық және ащади дұшпандары еді ғой... жүре-жүре, есіте-есіте, Туралықты көре келе ақылымен Шындықты таныды емес пе?

Жас балаға алма мен шиені қатар ұсынсаңыз, ол алманы алады. Соны бала өмірде дәмін татып көріп, ащы мен тұщыны ақылымен айырып білгенінен, тәттісін таңдап отырған жоқ па?

Бұл да ақылдың мөлшерін сипаттайды. Шындығына келгенде, қоғамы, ғылымы бүгінгідей дәрежеде дамыған замандағы біздің, соқамен тірлік еткен уақыттың оқымыстыларының пәтуасымен амал етуіміз өте тұрпайы. Құран барлық замандарға, барлық адамзатқа бола түсірілген дейміз де, өзіміз, арқада қалған ғасырлардың шарифатымен жүреміз – тым күлкілі. Сондықтан өзіміздегі және атырабымыздағы елдердің ақыл иелерімен біргелікте, пәтуаларға заман үдерісіне сай өзгерістер енгізуіміз – Қасиетті дініміздің, Мәңгілік Тәуелсіздікті армандаған еліміздің, бейбіт өмірінің баяндылығы үшін табанды күрес болар еді.

Шарифатшылар талабының тағы бір қызық жері, ақылдан шарифатты жоғары қоя отырып, Ислам үкімдерін орындайтын адамдардың ақылының дұрыс болуын ескертетіні. Сонда Ол қалай шарифаттан төмен болады?! Шарифат ақылдай әсерлі болса, өзінен төмен ақылсызды тәртіпке салып түземей ме? Бұл да ақылдан шарифат үстем деген пәтуаның, өз заманының адамдарының санасына, білім-пайымына, мәдениетіне жараса ғана екенін дәлелдейді.

Ақылдан шарифат үстем болса, неге Мұсылмандар жіктеледі? Исламда бөлін деген сөз жоқ. Тек ақылы кемдер ғана Құранды жетік түсінбегендіктен өз алдарына шарифат жазып, дүниеге бүлік салып, бүлініп жүр. Тіпті, бір мәзһабтағылардың өзі «Бақара» сүресінің 111; 113 (28) және «Хұжрат» сүресінің 10-13-аяттарын ескермей бірін-бірі кемсітеді. Бітімшілік, бірлік хақындағы

(«Әли Ғымран» с. 102-103; «Шура» с. 13-а.) Аяттарды ескеріп, Алланың Сөзі деп құрмет етпейді, керісінше, осы дүниелік (29) мүддемен әділетсіздік етеді. Егер елге, шарифаттан ақылдың үстем тұратыны уағыз етіліп ұғындырылса, халық әрбір Аяттың мағынасын ақылмен талдап, оң ақылмен тірлік етіп, бірлікті қолдап, берекені қорғар еді.

Шарифат. Шарифатшылардың қисынсыз пікіріне және бір дәлел айтайық. Шарифатшыл ғалымдардың өзі «Фатиха» сүресі, Құран Кәрімнің негізі, барлық сүрелердің қысқаша мазмұны екенін айта отырып, оған: «Намаз сүресі» деген атау бергенмен, оның намазда оқылуын уәжіп десе, «Пайғамбардың намазы» (2010 ж. Қарағанды. 3-бет) деген кітапшада «Фатиха» сүресін оқымаған адамның намазы дұрыс», -деп шатады.

«Фатиха» сүресінде Құлдары, құлшылығын Алланың атымен бастайтынын, барлық мақтау-мадақ сөздер тек Аллаға ғана лайық екенін, Алланың Рахымды, Мейірімді екендігін, Оның Қиямет күнінің Иесі екендігін жүрекке бекітіп тұрып, ешбір серік қоспай, жалғыз Өзіне ғана құлшылық жасайтынын айтып, Өзінің Тура Жолына – нығметіне бөленгендердің Жолына салуын сұрап жалынады. Құрандағы 113 сүренің түсіндіретіні де осы Жолмен жүріп, Алланың ризашылығына жетуді насихаттау. Сонда **«... қайталанып оқылатын жеті...** Аятсыз намаз оқу дегенді қалай түсіну мүмкін? «Фатихадан» басқа қайсы сүреде, Мұсылман болғандағы мақсатты сезіндіретін, осындай мақтау мен осындай тілеу бар?

«Хыжыр» сүресі: **«...ап-ашық Құранның Аяттары».** **«...: «Әттең! Мұсылман болсақ еді!»-деп арман қылады»,-** деп басталып, Адамды (ғ.с.) жарату, ескерту мен өсиет айтылып, Ибраһимге (ғ.с.), Лұтқа (ғ.с.) Періштелердің келуі, Лұт (ғ.с.) қауымына берілген жаза айтылып, ізінен Шұғайыптың (ғ.с.), Салихтың (ғ.с.) қауымдарының істері өздеріне пайда бермегенінен хабар беріп, Қияметтің келетінін ескертіп барып, **«...қайталанып оқылатын жеті...»** Аятқа – «Фатихаға» үлкен мәртебе беріп отыр. Мұнан басқа бірде бір сүре **«қайталанып оқылатын...»** деп бекітілмеген. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) те: «Хақ Тағала Таурат пен Інжілде «Құранның анасына» ұқсас нәрсе түсірмеген. Ол – «Әс-Сабұлмасәни...» (намаздың әр рәкатында қайталанып оқылатын жеті Аят),-деген. Ал, пәтуашылардың шешімі жоғарыдағыдай. Сонда олар Алланың

сөзін қалай түсінген?! Және «Фатиха» сүресін оқымаған адамның намазы дұрыс» деушілер, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с): «Фатиханы оқымағанның намазы қабыл болмайды», - деген хадисін қайда қояды?

Екіншіден, оның түсу ретіне қарамай, Құранның беташары деп, бірінші сүре етіп, Құранға кіріспені осы сүреден бастаған. Оған «... қайталанып оқылатын жеті Аятты және Ұлы Құранды түсірдік», - деп, ерекше мәртебе беріп, тіпті, **жеті Аятты** бөлек атап «және Ұлы Құранды», - деген. Бұлай ескертуі бейжай емес! Бұл – Жеті Аят, Ұлы Құранмен тең дегенді байқатады. Осы жеті Аяттың мағынасы Құрандағы барлық Аяттардың мағынасы – айтпағы, дегенді білдіреді.

Біздіңше, Аллаға тікелей құлшылық ету мен жалынуды үйрететін, «Фатиханың» намазда оқылуы – парыз. Бұл осы – «Хыжыр» сүресінің 87-аятымен және Мұхаммедтің (с.ғ.с.) жоғарыдағы хадистерімен бекітілген. Ал, «Пайғамбардың намазы» атты кітапшадағыдай «Фатиханың» оқылу, оқылмауын езбелеп оқырманның басын қатыру – құлшылықты қиындату, адамдарды Исламнан қашыру. Жіктелу мен араздыққа тұтатқы тастау ғана.

Осы сүре әңгімесі үстінде, Исламдағы алауыздық пен берекесіздіктің себебін байқаймыз. Бұл тәпсіршілер мен шарифатшылардың (пәтуа жасаушылардың) өздерін Аяттардан жоғары ұстап, Құранның толықтастырылып түсірілгендігі туралы, Оны өзгертуші болмайтындығы хақындағы, Оның алдынан да, артынан да сөз келмейтіндігі жөніндегі «Әнғам» (115-а) «Жүніс» (15-а), «Фуссилат» (41-42-а) «Хаққа» (43-46-а) сүрелерінің Аяттарын ескермегенінен екені көрініп тұрады. Екінші себеп, тарихтан белгілі жай, ол замандардың халқы да, патшасы да шарифатқа бағынған. Өкінішті жері, сол шарифаттың бір дәуірдегісін Шамнан шыққан, екінші бір кезеңдегісін Бағдаттан шыққан, үшіншісі Мысыр елінен шыққан ғалымдар жазған. Оның қате жеріне патшалардың бірі сауатты болып түзету жасамаса не тоқтатпаса, ол ел ішінде орындалған. Мысалы, «Фатиха» сүресінде «бисмилланың» қалай оқылуы туралы екі заман ғалымдары екі басқа пікір айтқан. Мұны осылай ұстанғандар, шартты түрде екі мәзһабқа – топқа бөлінген*

* Ханафи, Шафиғи. Бір деректе Хазіреті Әлиден кейін бөлінген, деп те оқыдық.

Мұхитдин Исаұлының «Мәңгі мұғжиза» атты кітабындағы «Фатиха» сүресінің шағын тәпсірі», деген тақырыпта: «*Рахман да Рақымды Аллаһтың атымен*». Араларында Имам Әбу Ханифа да бар бір топ фикһ (құқық) ғалымдарының көзқарасы бойынша, «бәсмәлә» аяты – «Фатиха» және басқа сүрелердің бір аяты емес, тек қана «Нәміл» сүресінің 30-аяты. Басқа сүрелердің басында тәбәрік етіп жазылғандықтан намазда оны дауыстап оқымайды.

Имам Шафиғи бастаған басқа бір топ фикһ ғалымдарының көзқарасы бойынша, «бәсмәлә» аяты «Фатиха» және өзге сүрелердің алғашқы аяты. Сондықтан «Фатиханы» Шафиғилар намазда дауыстап оқиды» (30)-деп, автор төменінде қайсы ғалымның қайсы кітабынан оқығанына сілтеме берген.

Таң қалдыратын жері, сол ғалымдар, Аллаға, Құранға Иман келтірген бола тұра, жамағат болып отырып, Алланың сөзіне түсінік бергенде, Алладан қорықпай Аяттарды өзгертетіні. Бұл Құран, Ислам діні – Алланың нығметі.

Оның Аяттары «Әнғам» (34; 115-а), «Тәубе» (32-33-а), «Кеһф» (27-а), «Фуссилат» (40-42-а) «Хаққа» (43-46-а) сүрелерінің (31) хабары бойынша, Шындықпен әрі Туралықпен ауыстырылмайтындай етіп, өзгертілмейтіндей қылып толықтырылып («Мәида» с. 3-а), аяқталған еді ғой! Қалай олар: «бәсмәлә» аяты – «Фатиха» және басқа сүрелердің бір аяты емес...», -деп қорықпай айтқан*. «Бәсмәлә – бисмилла», «Фатиха» сүресінің бірінші Аяты болып, ол осы Аятпен жеті Аят, деп аталмай ма? Сонда неге оны «Фатиханың» бір Аяты емес, дейді?

Ең бірінші түскен «Ғалақ» сүресі де: «Иқро **Бисми** Раббикалләзи...», деп басталады. Неге «Ісра» сүресінің 110-аятында ескерткендей орташа дауыспен емес, іштен оқылуы керек?

Бисмиллаға байланысты жоғарыдағы пәтуашылардың: «Басқа сүрелердің басында тәбәрік етіп жазылғандықтан намазда оны дауыстап оқымайды», дегеніне сүйеніп айтсақ, «Бқылас», «Фәлақ», «Нәәс» сүрелерінің басында келетін «Құл» сөзін де іштен оқу керек. Өйткені, «Бисмилла Рахман Рахиим» – «Фатиха» сүресінің өз алдына бір Аяты болумен бірге Алланың есімі мен субити сипатын беріп тұрған, мазмұны терең үлкен сөйлем. Ал, «Құл» – жеке тұрғанда ондай мағына бермейді. Тек «айт», деген ескерту ғана.

* Осы жаңылдырудың кесірінен қаншалаған Мұсылман зиян тартты, бүгінгі аудармашылар да жаңылып жүр.

Бұрынғылар мұны ескермеген де Бисмиллаға тиіскен...

Біз «Құл» сөзін дауыстап айтпау керек, деп ұсыныс жасап отырған жоқпыз, Бисмилланың «Фатиха» сүресінің бірінші Аяты екенін және оның намазда дауыстап оқылуын қорғамақпыз.

Бүгінгі Ислам ғалымдары, аудармашылар мен имамдар, уағызшылар «Бақара» сүресінің 78-79-аяттарын («Әли Ғымран» с. 78-а) өз мәнінде түсінбегендіктен, ескі тәпсірлерге көп сүйенеді. Негізі бұл дұрыс емес. Құранды Алланың Өзі ғана үйретеді – ешбір тәпсірші емес. Алла Тағала «Нахыл» сүресінің 9-аятында және «Қиямет» сүресінің 19-аятында: «... **оны түсіндіру Бізге міндет**», -деген. Сондықтан ұқсас Аяттар түсірілген. Олар бірін-бірі ашып, Құрандағы барлық сырды ұқтырады. Ал, тәпсіршілердің пікірлері жүз пайыз дұрыс дегенге сыймайды. «Бақара» сүресінің 32-аятында, Алланың жанындағы Періштелер Алланың үйреткенінен басқаны білмейтінін айтады. Сонда пенделер қалай өздерінше тәпсір жасайды? Мысалы, Халифа Алтайдың аудармасында, есімі жақша ішінде қысқартып көрсетілген тәпсіршілер «Бақара» сүресінің 180-аятын толық жазып, ізінен, жақша ішінде: «(Бұл аяттың үкімі мирас аятымен қалдырылған. (4-с. 11-а))», деген. 240-аятын 234-аяты бойынша мансұқ, деген. Яғни, бұрын түскен Аят Өзінен кейін түскен Аятты мансұқ етіп тұр? Бұл қалай? Құранда керексіз, бос сөз де жазылғаны ма? Ал, А. Саъди бұл тәпсіршілермен келіспей : «... өсиетке қатысты өз күшін сақтайды», -деген.

Адамның (ғ.с.) балалы болғасын баласын Аллаға серікке қосқанын және Лұттың (ғ.с.) өзіне Періштелердің келгенін есітіп, арам пейілмен жеткен қауымына: «...**Әй, халқым! Мына қыздарым. Олар сендер үшін таза.** Енді Алладан қорқындар...», -деген Аятына да (32) Аяттағыдан басқаша түсінік береді*. Осылар айтқандай етіп, бұрып жазса, Алла білмей отыр ма? Әлде тәпсіршілер Алладан да білімді ме? Бұлар ойлаған абыройды Алла білмеп пе? Немесе бұлар «Жүсіп» сүресінің 111-аятында: «... **Құран бір жасама сөз емес...**», -деген, «Фуссилат» сүресінің:

* «Ағраф» сүресінің 190-аяты, жақша арасында: «(Бұл жердегі шерік қатушылар кейінгі ұрпақтар. Адам ғ.с. шерік қатудан пәк. Б.М.Р.Ж-Қ)», деген. Ал, Лұттың (ғ.с.) қауымына айтқанын: «(Лұттың ғ.с. «мына қыздарым», -дегені, елінің әйелдері. Өйткені, бір пайғамбар үмбетінің әкесі ретінде Б.К.Х.Т.Ж-Қ)», -деген. Бұлар бірнеше аудармада және «Пайғамбарлар қиссасы» сияқты діни кітаптарда осылай айтылған.

«...Ол бір Ардақты Кітап. Оның алдынан да, артынан да бос сөз келмейді...» (42-а),-деген Аяттарын, «Хаққа» сүресінің 44-47-аяттарының үкімдерінен қорықпай өзгерте бере ме?

Шындығына келгенде, «Фатиха» сүресінің бірінші Аяты – «Бисмилла Рахман Рахиим» «Нәміл» сүресінің 30-аяты ғана емес, егер мағынасы бойынша айтсақ, бұл – «Бақара» сүресінің 163-аяты, Сүлейменнен (ғ.с.) алдыңғы Нұхқа (ғ.с.) келген Аят, яғни, бұл – «Һұд» сүресінің 41-аяты да...(33) «Әнғам» сүресінің 118-119-аяттарында: «Алланың Аяттарына сенуші болсаңдар, Алланың аты (*Бисмилла Аллаһу әкбар, бисмилла...*) айтылғаннан жеңдер», «Алланың аты айтылғанды жемейтін сендерге не болды? Арам нәрселер ескертілген. Оларды да тым шарасыз қалғанда жеуге болады. **Олардың көбі білместікпен ойша адастырады. Күдіксіз, Раббың шектен шығушыларды жақсы біледі**»,-деген. 144-аятта да, «Шура» сүресінің 21- аятында да Құранға байланыспайтын шешімдер айтқандарды сынаған.

Ал, «Жүніс» сүресінің 15-аятында, дұшпандары Мұхаммедке (с.ғ.с.) Аяттарды өзгертуді, басқа Құран әкелуді сұрайды. Расулалла (с.ғ.с.) Өзінің олай етуге түк құқығы жоғын айтады. Себебі, «Хаққа» сүресінде: «Күдіксіз бұл Құран – Ардақты бір Елшінің Сөзі». «Ол бір ақынның сөзі емес». «...», «Ол, әлемдердің Раббынан түсірілген. Егер Елші кей сөзді өз айтып Бізге таңса», «Әрине, оның оң жағынан қолға алар едік». «Сосын оның күре тамырын кесер едік» (40-47-а),-деген. Алланың Елшісі Алладан шынымен қорыққан. Сонда жай пенделер қалай өзгерте бермек?!

Міне, осы Аллаға қош келмейтін өзгертулер: Алланың Сөзіне толықтыру, түзету жасау, қате тәпсірлеу шегіне жеткелі бері Ислам жұрты Мейрімді Алланың қамқорлығынан тыс қалып («Хаж» с. 38-а) тыныш өмір сүре алмай келеді әрі несібеден таршылық көруде. Бәлкім, **барлық діннен үстем етіп түсірілген Исламның** («Тәубе» с. 33-а), **қайта түлеп, Өз күшіне мінуі үшін заманға сай жаңаруы керек шығар!**

Орынсыз пәтуалар мен тәпсірлердің қазақ халқының – бабаларымыздың Алланың қаһарына ұшырауына себепші болғанын да айта кетейік.

Құранның «Хұжрат» сүресі Пайғамбардан (с.ғ.с.) озбау, Оған (с.ғ.с.) өзара сөйлескендей дауыстамау, айқайлап шақырмаудан басталып, бұзық хабарды анығына жетпей айтпау, Момындарға

берген нығметі мен Мұсылмандарды татуластыру және туыстық туралы айтып келіп, 11-13- аяттарында Момындардың бірін-бірі кемсітпеуі, келемеждемеуі, ғайбаттамау, күмәннан сақтану, сыр тексермеу хақында және түбі бір туыс екенін ескертіп, ұлттар мен руларға бөлгенін айта келе: «...Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, бір-бірлерінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың алдындағы ең Ардақтыларың Тақуаларың...», - деген. Ал, Тәуке хан бабамыздың «Жеті жарғысында» құн мәселесінде, қожа мен төрені өзгелерден жоғары санап, он есе артық құн төлеуге шешім қабылдаған. Мұнымен де шектелмей 13-аятта көрсетілмеген жүз деген, **аксүйек** деген жікті шығарған.

Бұлар мұны қайдан шығарды?-деген заңды сұрақ туады, әрине. Әлбетте, біріншіден, «Хан өлгесін «Жеті жарғы» қайта жазылған...», деген дерекке және сол қайта жазғандар, Құранды жетік білмеген; кейбір Аяттарды мансұқ еткен пәтуаларға сүйеніп, Құрандағы бөлінбеу хақындағы Аяттарды ескермей, жүз бен аксүйекті шығарған, деген тоқтамға келеміз. Әйтпесе, Софы Әзіз – Мүсрәлі бабамыз және оның төңірегіндегілер Аяттарды жақсы білген*. Тәуке хан да, оның кеңесшілері де Алладан шынымен қорыққан.

Міне, осы ескі пәтуаларға сүйеніп, жүзге бөлу мен аксүйекті шығару, оларға ерекше мәртебе беру – қазақ руларының басын біріктірмеді. Нәтижеде Ресейдің отарына айналды...

Силсила. Өстіп, ақылдан шарифатты жоғары қоюшылар, өздері негізін қалаған шарифат жолымен бір жақты ойлап, Құранға сай келмейтін пәтуалар жасаған. Солардың бірі – ізгілік тұрғысынан да, ұстаздарды сыйлау жағынан да өте маңызды бола тұра, орынсыз қолданғаннан Исламға үлкен зиян әкеп отырған силсила жолы.

Әңгімені әлемдік түйткілдерден бастайық. Адамзатты алаңдатып отырған экологиялық, экономикалық түйткілдерден бөлек, үлкен мәселе – Ислам атын жамылған лаңкестер мен бүлікшілердің ойраны. Бұлардың көзін құрту жайлы талай жиндар өтті не түрлі шаралар көрілді.

* Тәуке хан бабамыздың бас кеңесшісі Софы Әзіз – Мүсрәлі Тәуке хан өлгеннен кейін хан сарайын тастап, Созақ жеріндегі Бабатүкті Шашты Әзіз әулиеге көшіп кеткен. Айтушылар хан өлгеннен кейін «Жеті жарғыға» орынсыз, яғни Аяттарға тура келмейтін тармақтар енгізілгеніне келіспеген, дейді...

2015 жылдың күзінде, Алматыда өткен Орталық Азия Мұсылмандарының экстримизм мен лаңкестікке қарсы форумында ғұламалар, лаңкестердің ұстанымына қарсы екендіктерін және дін атын жамылған лаңкестік – Исламға жасалған қиянат екенін ескертіп, қарар қабылдапты.

Бұған бейбітшілікті сүйетін, жаны таза әрбір саналы адам қосылады. Бірақ, көп жылдардан бері қанша шаралар көрілгенімен, олардың көзін жоя алмай келеді. Неге? Себебі, **оларды осы бағытқа өзіміз оқытып отырмыз.**

Ол қалай?

Ислам ілімін игеру жолында силсила деген тәсіл бар. Бұл арғы ғасырлардан Исламның ғылыми дамуы мен заманаға сай ілгерілуіне жол бермей келе жатқан және лаңкестік ойларды оятатын әдіс.

Бұған дәлелдер көп. Солардан бірі – журналист Жақсыбай Самырат жасаған әлгі шолу. Онда: «Алдымен «Әл-Каиданың құрамына еніп, ...олардан безіп, ИМ (Ислам мемлекеті) жасақтарының құрамына ...» өткен, «Осында жүріп ержүрек жауынгер, батыл командир ...» атанған, 2014 жылы қазанда Сирия жауынгерінің оғына ұшқан Әбдіәзіз Кувейн, Сауд Арабиясындағы дін академиясында оқыған; ИМ-тінің негізін қалаушы әз-Заркави Амман мешітіндегі курста оқыса; Сирия мен Иракта ИМ құрмақшы болған Әбубәкір әл-Бағдади Бағдадтың университетінде Ислам ғылымдары докторлығы дәрежесіне жеткен.

Егер кітап авторлары өтірік жазған болмаса, бұлардың үшеуі де жай емес, Мұсылман мемлекеттерінде, Ислам ілімі бағытындағы үлкен оқу орындарында оқыған. Түсініксіз жері, осындай атақты оқу орындарында оқыған бұлар, неге тыныштықты бұзушы, адам өлтіруші болып психикалық шындалғаны? Олар «Бақара» сүресінің Кәлима келтіріп, сосын бұзықтық істегендердің: «... **зиянға ұшыраушылар**», - екенін ескерткен 27-аятын біле тұра қылмысқа барған ба? Өз-өзіне зұлымдық қылып, бұзықтық жолына түскені қалай? - деген сұрақтар туады. Мұның жауабы, әрине, Ислам әлеміндегі **оқыту әдісі мен бағдарламаларының заманның Санасынан кейінде қалғанынан**. Егер оқыту әдістері дұрыс болса, олар, Құраннан Алла қаламайынша ешкім Иман келтірмейтіні («Бақара» с. 272; «Жүсіп» с. 103; «Қасас» с. 56-а) хақындағы, дінде зорлық жоқ екендігі жөніндегі («Бақара» с. 256-а) Аяттарды білер еді;

- Алланың ешкімге зұлымдық («Жүніс» с. 44-а) етпейтіні – әркім өз қолымен істегенінің жазасын тартатыны туралы («Жүніс» с. 23; 100; «Шура» с. 30-а) Аяттарды;

-Алланың Жолына даналықпен, көркем үгіт, көркем күреспен шақыру жайындағы («Нахыл» с. 125-а) Аятын;

-Алланың жер бетінде тыныштық орнағасын бүліншілік іздемеу хақындағы («Ағраф» с.56-а),

-Алланың шектен шыққандарды жақсы көрмейтіндігін айтқан («Бақара» с. 190-а) Аяттарын;

-жазықсыз бір адамды өлтіру, барлық адамды өлтіргенмен бірдей, деген мағынадағы;

-Мұсылмандар өзара бауыр («Хұжрат» с. 10-13-а) екендігі жәйлі Аяттарды;

-Рахманның Құлдары жерде сыпайы жүретіні және біреу тіл тигізсе де сәлемін беріп («Фурқан» с. 63-а), иіле салатыны, тағы осылар мағыналас Аяттарды біліп, Тура Жолға түсер еді;

-оқуы дұрыс болса, Алланың Аяттарына қарсы амал істеген адамға, екі дүниеде де дозақ қана («Бақара» с. 39-а) бұйыратынын терең түсініп, Имандылықтың ғана Жолында Бейішке лайық болып өмір сүрер еді;

-оқуы дұрыс болса, «Әнғам» сүресінің: **«...Егер Алла қаласа еді, оларды Туралыққа жинар еді. Ендеше сен надандардан болма»** (35-а),-деген, достығын ескеріп, Алланың алдында надан болудан сақтанар еді;

-оқуы дұрыс болса, бұлар Алланың бір есімі – Әл-Халиқу екенін түсініп, Халықтың тынышын бұзу – Алланың тынышын бұзу, деп, Алла-Әл-Қаһардан қорқар еді. Егер Халық сайлаған Президентке қарсы болса, тағы да Халыққа қарсы шыққаны екенін біліп, Әс-Сабырдан пана тілеп, тек Тура Жолмен ғана жүрер еді.

Анығырақ айтқанда, бұлар Құранды **ақылға салып, білім көзімен емес, өздері оқыған шарифат нұсқағандай етіп түсініп**, «Бақара» сүресінің 256-аятын жоққа шығарып, «Һұд» сүресінің 116-аятын мүлде ескермей, әлемге үстемдік етуді армандайды. Сондай-ақ, Алланың «Бақара» (272-а), «Жүсіп» (103-а), «Қасас» (56-а) сүрелеріндегі Мұхаммедке (с.ғ.с.) айтқан ескертуін білмейді. Білсе, «Алланың сүйікті Құлы Тура Жолға сала алмай-тындарды біз қалай салмақпыз!»-деп, тыныш қана жүріп, ақылы мен байлығын, өнері мен күшін ізгіліктер жасау жолына жұмсап,

Ақыретіне азық болар сауаптар жинап, әлемге Ислам атына кір келтірген бүлікшіліктің емес, шынайы Мұсылманның үлгісін көрсетіп өтер еді...

Бұларды бұзық жолға алып барған, заманы өткен әлсіз пәтуалар мен силсила және ескірген оқыту әдістері. Мұның кесірі бізге де келіп жетті. Сол елдерде оқып келген Ислам діні мамандары әр қайсысы өзінше сөйлеп, еліміздің біртұтас Мұсылмандарын төрт мәзһәбқа бөлді. Сөйтіп, халықтың сеніміне күмән, ықыласына үрей араластырып жүр*. Исламды түсіндіру, Құранды зерттеу дегенді санаулы ғана амалдардан** тұратын тар аяның ішінде шайқап отыр. Бұл елімізде Исламның кемелденуіне, халықтың Рухани жаңғыруына жол байлау болуда.

Силсила сөзінің мағынасын да айта кетейік. Силсила – сөздік бойынша, шынжыр, жанжыл деген мағынада. Әмір Темір бабамыздың өмірбаяны туралы жазылған, «Темурнома» атты кітапта – шынжыр, тізбе, тәртіп; ал, «Ислам» энциклопедиялық анықтамалықта: «Силсила – а) сопылық әдебиетте адамның Құдайлық Нұрға, Оның дидарына ұмтылысын білдіреді. б) Тарихат шейхтарының рухани ұстаздарының шынжыры», – деп беріліпті.

Екеуі де түсінікті әрі Аят не хадистің сахихтығын тастықтауға таптырмайтын амал. Әрі әруақтардың есімі ескеріледі. Оларды ескермеу де құрметсіздік. Алайда, мұны **орынды қолданбаудан** туған қиындық, Исламға көп абройсыздық әкеп тұр.

Қиындығы қайсы? Әкеп отырған абройсыздығы қайсы? Осыларды талдап айтайық.

Біріншіден, хадисті оқып отырып, оны айтқандардың кітаптағы ұзын тізімін атап шыққаныңызша, хадис туралы түсінігіңізден жаңыласыз, яғни, бұл хадистерді үйренуге ауырлық етеді. Бұл – қиындығы. Аталған есімдерді тергіштеп жүрекке бекіту, солар өмір сүрген дәуірді және оны жеткерушілердің бейнесін ойға келтіру мен хадистің, тәтті – жүрекке өте сіңімді

* «Сөйтіп, халықтың сеніміне күмән, ықыласына үрей араласып», көптеген ата-аналар балаларын мешітке жіберуге, ағымдардың біріне еріп кете ме?-деп қорқатынын есіттік.

** Исламды мынадай тар аяда ұстайды: Кәлима келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, хажылыққа бару, неке қию, жаназа шығару, садақаларда Құран оқу, жетім-жесірге қарасу, қайырымдылық жасау, Құранды, тәпсірлерді қазақшаға аудару, кітап жазу сияқты фәнилік амалдар төңірегінде.

мазмұны және олардың дәуірі мен тірлігі жайында айтылған риуаят қосылып, оқырманның қиялын сол дәуірге жетелейді. Нәтижеде, тірлігіне, ортасына көңілі толмай жүретін ынсапсыз («Ібраһим» с. 34-а.), жанжалшыл пенделердің өз заманына наразылығын тұтандырады, осыдан келіп ағымдар – үкіметке қарсы бүлікшілер пайда болады; үшіншіден, Исламның өркендеуіне жол бермейді. «Кезінде... ұстаздар, ғалымдар осылай деп, бұған шешім айтқан!...»-деп білмегеніңізді әрі қарай зерттеп үйренуге шек қояды (34). Шарифат пен силсиланың кесірінен Ислам ғылымы тұралап қалғанын жасырып, бүгінгі ғылыми жетістіктерде ғайридіндердің үлесі басым болғандықтан, ол технологиялардан өздері де пайдалана отырып: «Мұның барлығы шайтанның ісі», -деп, Алланың нығыметі мен адамзаттың түсінігінің ортасын бұзады. Ғылым арқылы Құран құпияларын ашып отырған, ғылымшыл ғайридіндерді бөлектейді. Яғни, кезіндегі Еуропа католиктерінің (35) кертартпалығын қайталап отыр.

Бұлар – Ұлы Исламға әкеп отырған абройсыздықтары.

Силсиланың қателігіне және анық дәлелдерді айтайық. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Менен кейін менің атымнан хадис айтушылар болады. Жүрегіңе сіңбесе, қабылдама», -деген. Ол (с.ғ.с.) Құранды насихаттауды, үйретуді сүндет етті. Бірақ, Хадис жеткерушілердің тізімі Қияметке дейін айтылсын, деген. Құранда Исламның ешкімге ауыр жүк – қиыншылық артпайтынын айтқан. Ал, силсила әдісі, кітап оқушыға артық жұмыс.

Бұл әдіссіз-ақ, адамның жүрегін Құдай Өзіне ашқан болса, ол соны сезіп, өзін түзесе, жетіп жатыр. Хадисті жеткеруші бірнеше сахаба не табиғиннің есімі аса маңызды емес.

Егер мұны Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) «Исламды қиындатпандар», -деген хадисімен салыстырсақ, бұл – қиындық. Құран бойынша талдасақ: қағаз, сия, уақытқа ысырап; екіншіден, бұл тәсіл Ақыреттің ісі емес, дүниенің ісі – атақ-даңқ аңсаған адамның ойлап тапқаны. «Есімім (не әкемнің есімі) адамдардың ауызында жүрсін – ұмытылмасын, өшпесін», -дегені. Ол (36) Алланың қалауындағы іс. Алла кімді қаласа, оның атақ-даңқы өмір бақи өшпейді. «Әнғам» сүресінің 132-аятында: **«Және әркімнің істегеніне қарай дәрежелері бар. Раббың олардың істеген ісінен хабарсыз емес»**, -деген. Мәселен, Алла Тағала Елшілерінен басқа, Өзі қалаған Хакім Лұқпанға (37) Құраннан

орын берді, Ескендір Зұлқарнайынды (38) Аяттарда атады, Құран түскеннен кейінгі жақсы көрген Құлдары: төрт Шадияр, бейіштік он сахаба және олардан кейінгі сыйлыққа жеткендер мен есімін бүкіл әлем білетін әл-Бұхари, Имам Ағзам Әбу Ханифа, Матуриди, Ибн Сино, Әл-Фараби, Сағди, Руми, Науайи, Низами, Қожахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұн, Абай, Мәшһүр Жүсіп, Қанарбай Айбасұлы, Бекет Мырзағұлұлы, Дәуіт Бердісүгірұлы, Қоңыр әулие, Қарабура баба... сияқты сандаған ғалымдар мен әулиелердің, ізгіліктер істеп Аллаға жаққан жақсылардың есімі неше ғасырлардан ел аузында келе жатыр. Расында, Алласыз ешкім ешбір дәрежеге жете алмайды.

Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі шарифат пен силсила әдісінің Исламды өркениеттен кейінде қалдырып қана қоймай, Исламдық терроршылардың мектебі болып отырғанын жасырмау керек. Олардан тәлім алғандар, адамзаттың заманмен өркендеп-өсуін қаламайды. Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) кезінде адамдар қалай киінсе солай ұстап тұруды түсінеді. Құранды зерттемей, Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүндеті, деп, бет-аузын жүн қаптатып, балағын шелтеңдетіп, жындылар сияқты олпы-солпы киініп жүретіні де содан. Сөйтіп, олар діннің негізгі ұстанымын біз ұстап отырмыз, деп заманға қарап ілгерілеген қоғамды кінәлайды. Олар, оқуы солай болғандықтан жаңаруды ойлай алмайды.

Мысалы, Мекке мен Мәдине қалалары Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманынан түбегейлі өзгерді. Неге? Әлем жаңарып жатқанда, қасиетті қалаларды 7-ғасырдағы қалпында сақтап қалу адамзат тарихы алдында ұят еді. Соны ойлаған ақылды ғалымдар екі қаланы да, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) жерленген үйін де, мешітті де заманаға сай жаңартты. Бұл – Алланың берген нығметтерінен пайдалану деген сөз.

Мұхаммедке (с.ғ.с.) Пайғамбарлық келгенге дейін, Алла адамзатқа қанша ілім мен білім берген еді? Біз мұны алдыңғы Пайғамбарларға қауымының жасаған мәмлесі мен өздеріне берілген Кітаптарды Пайғамбарларынан соң өзгерткенінен білеміз.

Одан кейін ше? Мұны Құранның амандығы мен Оны түсініп үйренудің нәтижесінде адамзаттың ғылым мен мәдениеттің бүгінгі биігіне жеткенінен және Мұхаммедке (с.ғ.с.) баға берген, көптеген сырткөз ғылым сардарларының пікірінен білеміз.

Осы не деген сөз? Бұл – жердің үстіндегі, астындағы асылдарды игеріп, жер бетінде Имандылықты қорғап, бақытты жасауға Алланың Жол бергені деген сөз.

Барлық діндарлар Алланың үкімінсіз шөптің де ұшы сынбайтынын біледі. Екілескен жерде айтып та отырады. Онда неге, діндарлар осы заманды беріп отырған да Алла екенін мойындап, өркениетке ұмтылмайды. Алла адамдарды сынау үшін жер бетіне бүкіл жылтыраған мен жалтырағанды шығарғанын, шайтанға ерік бергенін ескерткен (39). Демек, біздің мал мен дәнді дақылдардан басқа, алтын, мұнай т.б. байлықтар арқылы байып, байыған сайын ойымыз өрістеп, киінудің жаңаша сәнін, техникалық дамудың (40) да, ғарышқа көтерілудің (41) де жылдамдаған түрлерін игеріп отырғанымыз, Алла берген білімнен (ғайридің ғалымдардың арқасында) пайдалануымыздан. Алла бермеген нәрсені адамзат қайдан алады?

Ал, силсила әдісімен оқытушылар мен оқығандар заман ғылымы жеткен жетістіктерді Алланың нығметі, деп бағалай алмай, оны ғайридіндерге теліп қояды. Бұл «Мәида» сүресінің 48-аятының мәнін түсінбеген, бір пенделерде: «Олардың құдайы басқа ғой. Сол үшін олар ғылымда алда»,-дегендей, Алланың жалғыздығына* күпірлік келтірер ой тудырады. Және соларға қызығуына, солардың жолына түсуіне түрткі болады...

Силсилашыл діндарлар білуге тиіс бір нәрсе, Алланың Өзі берген нығметтері арқылы сынайтыны: одан пайдалана ма? Шүкірлік қыла ма? Өзгелерге пайдаландыра ма? Міне, осылар.

Егер пайдаланбаса және өзі пайдасын көріп отырғанынан өзгерлерге пайдаландырмаса, «Ісра» сүресінің 72-аятында айтқандай, Қияметте екі көзін соқыр қылып, тірілтеді.

Алланың бүгінгі нығметтерін ғайридіндерге теліп қойып, Мұсылмандарды тар аяда тұқырып отырған, ескі тәпсірлермен тоқтап қалған діндарлардың ешбірі Мекке мен Мәдиненің бүгінгі өзгерісінен де пікір түймейді. Себебі, мұғалімдері: «Біз айтқан уағыздар ғана дұрыс, біз берген кітаптарды ғана оқыңдар»,-деп шәкірттерін қоршаудың ішінде ұстап отырады. Бұл Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекетіндегі» өз анасын танымайтын, түйе бағар мәңгүртті еске салады.

* «Олардың Құдайы – Иса Мәсих және анасы. Сондықтан олар мәдениетті, ғылым мен саясатта алда...»,-деген пікірге келеді. Исламға күмәнда қалады.

Сондықтан силсиланы пайдалануды амалдағы тәсілмен емес, заманаға сай жолмен – хадистерді жеткерген сахаба мен Мұхаммедтің (с.ғ.с) есімін жазып, қалғанын олар туралы естеліктерде еркін әрі кеңірек баяндаған жөн болар.

Тарихи тұлғалардың өміріне зер салсақ, тәпсіршілер мен пәтуашылардың шешімімен, ел арасындағы ойшылдар да келісе бермеген. Мұны Омар Һайям рубайынан, Сағди мен Машрабтың өмірінен байқаймыз.

Муслихиддин Сағди Шеразидің (1203-1292 ж) әкесінің: «Басқаларды мінеп-шенегенше, түс көріп, рахатқа батсаңшы», - деген кеңесі мен өзінің: «Дамашықтағы достарымның сұхбаты жаныма тиіп, шаһардан бас алып, Қуддуси шариф даласына кеттім...», - дегеніндей, елден алыстап жүруі – заманынан озып туған оның, сол Дамашықтағы дәлдүріш діндарлармен келісе бермегеніне нақты айғақ. Бірақ, Алла абырой берген Сағдидің аты тарихта қалғандықтан, соңғы ғасырлардағы ғалымдар оны Монғол шапқыншылары ойранының кесірінен бір жерде тұрақтай алмады деп өзгертіп жазған. Егер замандастары мен патшасы оның пікірімен келісіп, Құранды бірге тәпсірлеп, шарифатты бірге жүйелегенде, бәлкім, Ислам Мұхаммедтің (с.ғ.с.) заманындағы деңгейіне қайта көтерілер еді...

Олай болмапты. Бұл өкінішпен жүздескеніңізде:

Даналар ой маржанын жіпке тізген,

Кеңесіп Құдай Жолын текке бізбен.

Шеше алмай сыр түйінін ақырында,

Кетті ғой, талай надан кеткен ізбен,-деген, үлкен ғалым, пәлсапашы Омар Һайямның (1040-1123 ж) төрт қатарға сиғызған замана ақпары көзіңізді ашады. Сыр түйінін шеше алмағандар, өздерінің түсінігін, силсила жолынан өтіп ашық айта алмағандар. «Кетті ғой талай надан кеткен ізбен», - дегендегі: «надандар» Құранды түсінбей насихаттап кеткендер. Дегенмен, Алла қалаған ұлылық заңдарына қарсы тірлік еткен, шарифатшылардың аты өз әмпәйластары арасында ғана өмір сүріп, өздерімен бірге өлді. Ал, Аллаға ұнаған Омар Һайямды да, Сағдиді да күллі Ислам әлемі де, Христиан әлемі де, құдайсыздар әлемі де кітаптары арқылы танып отыр, бұлардың аты болашаққа да жетеді (42).

Құран туралы түсінігін еркін айта алмаған, тарихта: «Еркін ойлылығы үшін қудаланған», - деген атпен қалған Машраб Бабарахым (1657-1711 ж.) да шарифат пен силсиладағы орынсыздықтарға қарсылығынан қуғындалған.

Бұған оның мұнараның үстінде тұрып, мұнара көлеңкесінде отырған пәтуашылардың үстіне с...-тіні; дауласқанда: «Алла адамды бір тамшы судан жаратқан. Ол су адам шыққан жерден шығады. Өздерің: «Кезкелген ағын су 40 домаласа, адал», - дейсіңдер. Менің с...дігім, мұнарадан түскенше 100 мәрте домалайды. Демек, бұл да адал!»-деп, патша мен қазыны біліміне риза етіп, басына бостандық алып кететін Тақуалықтары дәлел...

Осы силсиланың кесірінен Қиямет туралы да осы уақытқа дейін өмір Шындығымен байланыстырылып ештеңе жазылмай келді. Тек үлкен, кіші болып екіге бөлінетінін құрғақтай айтудан әріге өте алмады. Егер осы күйі қала берсек, бұл әдіс, бізді де тоқырататыны Шындық. Сондықтан Рухани жаңаруымыз ләзім.

Жалпы алғанда, Ислам Жолында қиындық болмауы керек. Құран көңіл қойып оқыған ынталыға өте түсінікті. Бір Аяттан түсіне алмағанын түсінуге басқа бір сүредегі Аяттар көмектеседі*; бірнеше аудармадан пайдалану – одан да жақсы. Бір аудармашының кітабынан түсінбеген Аятын, екіншісінен не өзге ұлттардың аудармаларынан қарап ұғынып алу қиын емес. Тек көне шарифаттың таптаурын үкімдері, адамдардың Исламды толық түсінуі мен оның ілімінен еркін пайдалануына тосқауыл болуда...

Шарифат пен силсиладан түйетін тағы бір жайт, діндарлардың, халықтың жаппай діни сауатты болуына қызғанышы бары. Олардың Ислам Жолын адамдардың толық біліп алуынан қорқатыны. Бұлай деуімізге төмендегідей бірнеше жағдайлар себепші.

Алланың Жолы да, сөзі де тегін үйретіледі (43). Алла Тағала бұларды біреулер нәпақа тауып күн көрсін деп түсірмеген. Мейірім, қайырым және жүректерге шипа етіп түсірген.

...Құртубидің кітабын сұрастырсам: «Ой! Ол кітап қымбат тұрады!»-деп шошып кетеді, сұрағандарым. Бұл қалай? Құртуби Алланың, Мұхаммедтің алдында кім? Алла Құранда: «...Алла, Иман келтіріп, түзу іс істеген Құлдарын қуанышқа бөлейді. (Мұхаммед с.ғ.с.) **«Сендерден бұған жақындық махаббаттан басқа ешбір ақы тілемеймін»**»-де. Кім бір жақсы табысқа ие

*Біз «Тақуалыққа бастар жол немесе Құран Аяттарын талдап өз мәнінде толық түсіну әдістемесі» атты еңбегімізде бұл тәсілді бірнеше дәлелдермен анық түсіндірдік.

болса, оның мұндағы жақсылығын арттыра түсеміз. Күдіксіз, Алла – тым Жарылқаушы, шүкірлікті Бағалаушы» («Шура» с. 23-а),-деген. Сонда Алланың сөзі жалпы адам баласына тегін уағыздалады, ықыластыларға Аллаға махаббаттан басқа ештеңе талап етілмей, ақысыз үйретіледі. Құртубидің тәпсірі неге қымбат сатылады? Ол тәпсірін ХХІ ғасырдағы бізге және алдағы замандардың адамдарына Құранды толық түсінетіндей етіп, дым қатесіз жазған ба? Ол соншалықты күшті болса, ол туылған Андалусия неге Исламнан қайтты?

Қысқасын айтқанда, бұл – біреулердің Құран тәпсірлерін халықтан қызғанған әрекеті. Олай емес, дейтін болсақ, ол неге қымбат? Екіншіден, елімізде діни наным-сенім хақындағы заң өмірге келген 30 жылда (1992-2022 ж), ол неге қазақшаға аударылып, халыққа таратылмады? Тіпті, бүкіл Қазақстан бойынша екі-үш дана ғана бар деп есіттім. Білімді де жанында біз мұқтаж әр нәрсенің қоры бар Алла береді. Құранның ашық Аяттары бізді адастырмайды. Біреулер әлдеқандай етіп отырған кітаптың бізге керегі шамалы. Оны білеміз. Біз тек, қолымызға тисе, қайсы Аят жәйлі не жазғанын білгіміз келген еді.

Сөйтіп, олардың әрекеттерінен сезілетін қисын: «Ислам тек біз үшін түсірілген, Оны біз ғана білеміз, ол, кезкелген адамға қолжаулық емес!...», деген сияқты, өзгелерді күмәндарға жетелейтін амал ғана. Тап бір: «Алла да, Құран да, Мұхаммед (с.ғ.с) те біздікі. Жағаласпаңдар!»-дегендей.

Иә, бұл сөздерді бір маман ашық айтты: «Шымшықты да қассабы сойсын»,-деген, әр кәсіптің өз маманы болады. Құранды да тек мамандар түсіндіреді. Қалғаны солардың айтқанын орындап, құлшылығын қылып жүре берсін...»,-деді.

Негізінде Ислам барлық адам баласына келген, жария насихатталатын дін. «Бақара» (44-а), «Мүминұн» (68-а) сүрелерінің ескертуін, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ілім-білім іздеу хақындағы хадисін айттық. Сол айтпақшы, Құранды, Құдай оқу мен түсінуге қабілет берген әркім оқуға, одан түсінгенін өзгелерге үйретуге міндетті.

Егер «Құранды тек мамандар* ғана үйретуі керек», деп

* «Мамандар»: «Мектепте ұстаз оқытады ғой, бізде де Құранды ұстаздар үйретеді»,-деуі әбден мүмкін. Мұғалімдер әркімнің өзінше оқып ізденуіне тиым салмайды. Керісінше, жанкүйер болады. Екіншіден, мәзһаб дегеннің өзі әркім өз мұғалімінен көргенін істегенінен шыққан. Соны жақсы білген Алла, ұстаз үйретеді, демеген...

жүргендердің айтқан жолын ұстансақ, ел тағы да тоқырайды. Мәселен, мемлекет мектеп ашып халқын сауаттандыруға өзін-өзі міндеттендіреді. Себебі, халқы сауатты болса, ел дамиды, елде мәдениет орнығады. Осы сияқты Аллаға ғашық әрбір адам Құранды өзі оқып мағынасын дұрыс түсінсе, Алладан шынымен қорқып, тек қана Имандылықпен өмір сүреді. Алладай білгір, Аяттарын жүректерге сіңдіріп түсіндіруші ұстаз жоқ. Сондықтан әркім өзі оқуы керек. Біз халықты осыған қызықтыруымыз ләзім. Әркім өзі ынтықса ғана, Алла оның жүрек көзін Өзін іздеуге ашады. Сол кезде елімізде таза Тақуа Момындар мен Мұсылмандар өмір сүреді. Бұл – еліміз Тәуелсіздігінің Мәңгілік сақталуына кепілдік береді.

Алла бергенді халықтан қызғану еш уақытта жақсылыққа апармайды. Мұны тарих дәлелдеген. Алла көктен жауындар жаудырып, халыққа мол ризық бергенде, патшалар оны қызғанып, есепсіз салықтар салып, соның үстінде көтерілістер болған...

Қазіргі діни ұстанымымызға қарапайым мысал ретінде, құдайсыздар құрған қызыл империя жайын айтсақ өте түсінікті болар. Олар өз жолымыз тура деп, 1960-70 жылдар аралығында жеткен жетістігіне тоқмейілісіп, әлемдегі ғылыми прогрессті елге кіргізуге **елден қызғанды**. Нәтижеде, тоқырап, соңы – мәжбүр тарқады. Бұл – жаңаруға қарсылықтан туған жоғалту еді, ізі – жоғалып тынды.

Осы сынды, кезінде әл-Харазми (780-850), Мұхаммед әл-Бұхари (816-878), Әбу Әбдулла Рудаки (860-941), Әбу Мансур Мұхаммед әл-Матуриди (944 ж. ө.), әл-Фараби (870-950), Хасан Фердауси Туси (940-1030), әл-Беруни (973-1048), Әбу Әли ибн Сино (980-1037), Ахмет Игүнеки (XII ғ. аяғы XIII ғ. басы), Қожахмет Яссауи (1103-1166), Гиясатдин Омар Наям Нишапури (1040-1123), Мұхаммед Тарағай Ұлықбек (1394-1449) сынды ілім құдыретімен дүниенің көзін ашқан, көп санды ғалымдар шыққан Ислам мемлекеттерінің дамымай келе жатқаны да, жан-жақты жетілген ғайридіндерге аяқасты болып (Ауғанстан, Ирак, Ливан, Йемен, Сирия) отырғаны да көнерген шарифат пен силсиланың, ой-пікір бостандығының жолын байлап келе жатқанынан, әрине.

Біз әрқашан Құранды басшылыққа ала отырып, хадистер мен сүндеттерге амал қыламыз. Құранның бірнеше Аяттарында Ақиқатты бұзықтыққа араластырмау («Бақара» с. 42-а), кімнің зиянына боларына қарамай («Ниса» с. 135-а), тек Шындықтың

айтылуы ескертілген. Біздің біраз діндар бауырларымыздың көңіліне тигіміз келген жоқ. Алланың ризашылығы үшін аталған Аяттарға және «Мәида» сүресінің 79-аятына амал қылғанды Имандылық деп түсініп, осы жолдарды жаздық. Артық айтқан болсақ, тиісті кісілердің кешіруін өтінеміз!

Шариғат сөзінің мағынасы Исламда Тура Жол, деп түсіндірілгенмен, түбірі «Араб-орыс сөздігінде» келтірілгендей, жағдайға келіп тіреледі. Елде бұрыннан, бір шаралардың күтілгеннен өзгешелеу болған тұсында, көпшілікке түсінікті болуы үшін: «Ағайындар, **шариат** осындай болып қалды», - деген; «**Шариатқа** қарап шара көреміз да!» - деген үзірлі тіркестер бар. Егер біздің дінімізде қолданып жүрген шариғатымыз да осы сөзден шыққан болса, онда шариғат – Құранға негізделген Тура Жол болады. Өйткенді, жалғыз Алланы таныстырған Исламда зорлау жоқ («Бақара» с. 256-а) және ол «Әр заманға, әр жағдайға бейімделген» (хадис). Ал, оның Құранға негізделген Тура Жолдығына келіссек, онда жоғарыда дәлелі келтірілген, Аяттардан алыс шариғаттарды заманаға сай өзгерту – уақыт талабы.

Осы пікірімізді Құранмен де дәлелдеп өтейік. Халифа Алтай ағамыздың көрсетуі бойынша зерттесек, шариғат туралы Құранда: «Мәида» сүресінің 48-ші, «Хаж» сүресінің 67-ші, «Шура» сүресінің 13; 21-ші және «Жасия» сүресінің 18-аятында айтылыпты. Бұл Аяттардың мағынасы бойынша түсінсек, шариғаттың өзі Аллаға шүбәсіз Иман келтергендер үшін түскен Құранның Өзі ғана.

Олай болса, «Жасия» сүресінің 18-аятында: «... **(Мұхаммед с.ғ.с.) сені шариғат ісіне қойдық.** (Бүгінгі дін басындағылар) **Енді сонымен жүр. Білмегендердің ойларына ерме**», - деген өсиетіне сауатты амал жасап, біз де бұрынғылардың өз заманы мен патшалықтың жағдайына сәйкестендіріп шығарған пәтуа, шариғат, тіпті хадистерімен қала бермей, Құран Аяттарына дұрыс амал жасасақ, көп жақсылықтарға жетерміз. Бұл – Шындық!

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әуелгі жылдардан-ақ, экономикалық өркендеу мен Рухани жаңаруларды жиі айтып отырды. 2017 жылдың 31-желтоқсаны күнгі Қазақстан халқына Жолдауында: «**Болашағын айқындап, сын-қатерлерді күтіп отырмастан, оған табанды түрде қарсы тұра алатын халық қана жеңіске жетеді.**

Әлемде кезекті Төртінші өнеркәсіптік революция басталды.

Экономиканы жаппай цифрландыру тұтас саланың жойылуына және мүлде жаңа саланың пайда болуына алып келеді...», -деген. Рас, мұның шетін көзіміз көріп, жаңа қоғам келе жатқанын жанымыз сезіп отыр. Сол қоғамға сай жаңару діни наным-сенімге де тікелей қатысты. Жаңармасақ – ескі тәпсірлерден қол үзіп, Аяттарды зерттеп өз мәнінде түсінбесек, тоқыраудан шыға алмай қала береміз. Нәтижеде барып-барып Алланың қаһарына ұшырап тынамыз әрі талай ұрпақтың обалына қаламыз.

«Біздің жыл санауымыздан бұрынғы төртінші ғасырлардан – Аристотель заманынан бастап, көп ғасырлар бойы жұлдызды аспан мәңгілік және өзгермейтін хрусталь сфера тәрізді, оның сыртында құдайлар өмір сүреді, деп жорамалданған...» («Қазақстан Ұлттық энциклопедия» 4-т. 59-б), -деген түсінік, біздің жыл санауымыздың алғашқы ширегіне дейін өмір сүріпті. 16 ғасырдың соңында Дж. Бруно жұлдыздар да күн сияқты аспан денелері, деген пікір айтты. Содан бері көк пен жерді зерттеу бір сәтке тоқтаған емес. Олар жаңалықтар тапқан сайын Аяттардың Шындығын дәлелдеп келе жатыр және адамзаттың санасы да жаңарып, жаңаша өмір сүруде. Алла осыншалықты дәлелдер ұсынып отырған кезде, біздердің де Х-ХІХ ғасырлардың түсінігімен сәлденің саясында отыра беруіміз, дұрыс болмас, әрине. Соңғы кездегі инновациалық технологиялар жеті қабат көктің де, жеті қабат жердің де түте-түтесін шығарып, талдап, жұмбақ болып тұрған талай құпияларды ашарына дау жоқ. Сол кезде де біз Куртибилердің тәпсірімен сөйлейтін болсақ, бір толқын ұрпақтың обалын арқалаймыз және бір толқын ұрпақтың сынына ұшыраймыз, мазағына қаламыз. Сондықтан, дәуірі өтіп, тоқырап қалған соқпақтан шығып, Имандылығымызды шыңдап, ешбір заманда да өзгермейтін, ғылыммен бірге дамып, адамзатқа жұмбақ болып келген құдыреттерін көрсете беретін шынайы Исламмен өмір сүрейік.

***Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с): «Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...». («Бақара» с. 272-а) «Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік. («Фурқан» с. 56-а) «Ал енді насихат ет. ... Сен бір насихатшысың», («Ғашия»**

с. 21-а)-деп, келесі Аятта: **«Сен оларды зорлаушы емессің»**,- деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Алла ешкімге зұлымдық қылмайды, деген Аяттарды жіті түсінген дана халық: **«Әркім қылса өзіне»**,-деген...

- - - - -

1. «Әнфал» сүресінің 20; 24-аяты: **«Әй, Момындар! Аллаға әрі Елшісіне бой ұсынындар. Және Құранды ести тұра Пайғамбардан бет бұрмаңдар»**. «Әй, Момындар! Сендерді өздеріңе тіршілік беретін нәрсеге (дінге) шақырған кезде, **Алланың әрі Елшісінің тілін алыңдар**. Және де Алланың, кісімен жүрегіннің арасына дейін килігетіндігін біліңдер. Шәксіз, Алла тарапына жиналасыңдар»

2. «Бақара» сүресінің 100-101; 146-аяттары: «(Яхудилер) қашанда бір уәде жасалса, олардың бір бөлімі оларды бұзып тастамады ма? Бәлкім, олардың көбі Тауратқа да сенбейді». **«Оларға Алла тарапынан, олардың қолындағы Тауратты растаушы Елші (Мұхаммед с.ғ.с) келген шақта, Кітап берілгендердің бір бөлімі тіпті, түк білмегендей, Алланың Кітабын (Тауратты) арт жақтарына атты...»**. «Өздеріне Кітап бергендеріміз (Мұхаммедті с.ғ.с) өз ұлдарын танығандай таниды. Негізінен олардың бір тобы (ғалымдары) Шындықты біле тұра жасырады».

«Саф» сүресінің 6-аяты: «Сол уақытта Мәриям ұлы Иса (ғ.с.): **«Әй, Израил ұрпақтары! Шын мәнінде, мен, сендерге Алланың Елшісімін, алдымдағы Тәуратты растаушы және менен кейін келетін «Ахмед» атты Пайғамбарменен сүйіншілеймін»**, деген еді. Бірақ, олар (ол, айтылған) Пайғамбар, оларға ашық дәлелдермен келген кезде: «Бұл ашық жады»-деді».

3. «Ағраф» сүресінің 158-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.): **«Әй, адам баласы! Мен барлығыңа Алланың Елшісімін**. Ол сондай Алла жер мен көктің иелігі Оған тән. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ол тірілтеді де өлтіреді. Аллаға және Алланың Сөздеріне сенген, жіберілген сауатсыз Пайғамбарына Иман келтіріңдер. Және оған еріндер. Әрине, Тура Жол табасыңдар»-де».

«Жұма» сүресінің 2-3-аяттары: «Ол сондай Алла, сауатсыздардың ішінен – өздерінен, оларға Алланың Аяттарын оқып, оларды тазартатын, сондай-ақ, оларға Кітап,

даналық үйрететін бір Пайғамбар жіберді». «Ол Алла, бұл Пайғамбарды олардан басқа, әлі оларға қосылмағандарға да жіберді. Ол – тым Үстем, аса Дана».

«Шура» сүресінің 52-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) саған осылайша әмірімізден бір Рух уахи еттік. Сен Кітап не? Иман не? Білмейтін едің. Бірақ, Құранды Нұр қылып, Онымен Құлдарымыздан кімді қаласақ, Тура Жолға саламыз. Расында, сен Тура Жолға бастайсың».

4. «Әли Ғыман» сүресінің 102-103-аяттары: «Әй, Момындар! Алладан шынайы қоркумен қорқындар да Мұсылман болған күйде ғана өліңдер». «Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысындар да бөлінбедер. Сондай-ақ, өздеріне Алланың берген нығметін еске алындар. Өйткені: Бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды, Оның игілігімен туысқа айналдыңдар. Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша, Алла сендерге Аяттарын Тура Жолға түсулерің үшін баян етеді.

«Шура» сүресінің 13-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Алла Нұхқа (ғ.с.) нұсқау берген нәрселерді және саған уахи еткенімізді, сондай-ақ, Ібраһим, Мұса және Ғисаға (ғ.с.) нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни Жол қылды: **Дінді мықты орындандар да дінде бөлінбедер.** Сенің шақырған нәрсең мүшріктерге ауыр келді. Алла оған (сен шақырған дінге) кімді қаласа, соны сайлайды. Кім Оған бейімдесе оны Тура Жолға салады».

5. «Бақара» с. 44-а. «Мүминұн» сүресінің 68-аяты: «Олар Сөзді (Құранды) зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?»

«Фуссилат» сүресінің 43-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) саған сенен бұрынғы Елшілерге айтылған ғана айтылды. Күдіксіз Раббың – жарылқау әрі күйзелтуші азап Иесі». *(Құранды замана ғылымымен ұштастырып, Аяттардың сырын үйренбегені себепті дамымады).*

6. «Әнбия» сүресінің 51-53-аяты: «Рас, бұрын Ібраһимге (ғ.с.) де туралық берген едік», «Сол уақытта Ол әкесіне: «Мына шоқынған мүсіндерің не?»-деді». Олар: «Біз аталарымызды осыған табынған түрде таптық»,-деді».

«Қасас» сүресінің 36-аяты: «Мұса (ғ.с.) оларға ашық Аяттарымызбен келгенде: «Бұл жасанды бір жады ғана. Бұрынғы аталарымыздан бұны естігеніміз жоқ»-десті».

7. «Таһа» сүресінің 128-аяты: «Оларды жасаған жұрттарында өздерінен бұрынғы, Біз жоқ еткен нәсілдер (дін үлгісі) жолға салмады ма? **Рас, мұнда Ақыл иелеріне өнеге бар.**

8. «Әнғам» сүресінің 141-аяты: «Ол сондай Алла аспалы және аспасыз бақшаларды, құрма ағаштарын, түрлі жемісті, өсімдіктерді, зейтін және анарды бір-біріне ұқсаған, ұқсамаған түрде жаратқан. Әрбірі жеміс берген кезде, жемісінен жеңдер. Оны жиып алған күнде құшырын беріндер; **Ысырап етпендер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді жақсы көрмейді.**

«Ағраф» сүресінің 31-аяты: «Әй адам балалары! Әрбір құлшылық орнында таза, әдемі киімдеріңді киіндер. **Және жеңдер, ішіндер де ысырап етпендер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді.**

«Ісра» сүресінің 26-27-аяттары: «Туысы жақындарға, міскіндерге, жолда қалғандарға міндетті түрде қарайласындар. **Және мүлде ысырап қылмандар». «Шынында ысырапқорлар шайтанның туысы. Ал шайтан, Раббыңа өте қарсы.**

9. «Таһа» сүресінің 132-аяты: «**Үй-ішінді намазға бұйыр және өзің де оған көңіл бөл. Біз сенен ризық тілемейміз. Сені Біз ризықтандырамыз. Соңғы табыс Тақуаға тән.**

10. «Ниса» сүресінің 1-аяты: «Әй, адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адамнан ғ.с.) жаратқан және одан оның жұбайын жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан **Раббыларыңнан қорқындар. Өзара оны-мұны сұрасқанда, сұхбаттарда аты жиі аталатын Алладан және туыстардан (безуден) сақтанындар. Шәксіз Алла (Т.) сендерді бақылаушы».**

11. «Ниса» сүресінің 148-аяты: «Алла (Т.) жаман сөздің жарияланып сөйленуін жақсы көрмейді. Бірақ, зұлымдыққа ұшыраған біреудікі басқа. Алла – әр нәрсені Естиді, Біледі».

12. «Ісра» сүресінің 84-аяты: (Мұхаммед с.ғ.с.): «**Әркім өз жөн көргенін істейді. Алайда, Раббың, кімнің Тура Жолда екенін жақсы біледі**»-де.

13. «Хаж» сүресінің 76-аяты: «**Олардың алдарындағыны да, арттарындағыны да біледі. Сондай-ақ, барлық іс Аллаға қайтады**».

14. «Шура» сүресінің 51-аяты: «**Алла (Т.) бір адам бала-сымен көкейіне салу түрінде немесе перде артынан ғана сөйлеседі. Не бір елші жіберіп, өз бұйрығымен қалағанын уахи етеді. Күдіксіз Ол – өте Жоғары, Хикмет Иесі**».

«Хадид» сүресінің 22-аяты: «Жер жүзінде, сондай-ақ, сендерге мүбәдә бір бейнет келетін болса, ол жаратуымыздан бұрын **Кітапта жазулы**. Шәксіз осы, Аллаға жеңіл».

«Талақ» сүресінің 12-аяты: «Ол сондай Алла, жеті көкті жаратқан және жерді де солар сияқты жаратқан. **Күмәнсіз Алланың әр нәрсеге күші толық жететінін білулерің үшін, әмірлері жер мен көктің арасына түсіп тұрады**. Сондай-ақ, Алланың білімі әр нәрсені ішіне алады».

15. «Һижра» сүресінің 9-аяты: «**Расында, Құранды Біз түсірдік. Әрі шын мәнінде Оны біз қорғаушымыз**».

16. «Ібраһим» сүресінің 1-аяты: «...(Мұхаммед с.ғ.с) **Бұл Құран – адамдарды Алланың рұқсатымен, қараңғылықтардан жарыққа, сондай-ақ, үстем әрі мақтауға лайық Алланың Жолына шығаруың үшін Біз саған түсірген бір Кітап**»;

«Кеһф» сүресінің 1-аяты: «**Барлық мақтау Құлына (Мұхаммед с.ғ.с) Құранды түсірген Аллаға тән. Онда ешбір қыңырлық жоқ**»;

«Таһа» сүресінің 2-3-аяттары: «**Саған Құранды машақат үшін түсірмедік**», «**...қорыққан Кісіге насихат үшін түсірдік**»;

«Нәміл» сүресінің 2-аяты: «**Момындар үшін Тура Жол әрі қуаныш**»;

«Хадид» сүресінің 28-аяты: «**Әй, Момындар! Алладан қорқындар, Елшісіне Иман келтіріңдер. Сендерге мәрхаметінен екі есе береді. Әрі сендерге сонымен жүретін Нұр жаратады. Сендерді жарылқайды. Алла (Т) – тым Жарылқаушы, ерекше Мейірімді**».

17. «Һүд» сүресінің 53-аяты: «Олар: «**Әй, Һүд! Сен бізге ашық дәлел келтірмедің. Біздер сенің сөзің (үгімің) бойынша тәңірлерімізді тастамаймыз да саған сенбейміз**», -деді».

«Лұқман» сүресінің 21-аяты: «Қашан оларға: «**Алланың түсірген нәрсесіне ілесіндер**»-делінсе, олар: «**Жоқ, аталарымызды тапқан нәрсеге ілесеміз**»-дейді. Егер оларды шайтан жалындаған азапқа шақырса да ма?!».

18. «Лұқман» сүресінің 10-аяты: Сендер, тіреусіз көрген көкті жаратты да сендерді теңселтеді деп, жер бетіне асқар тауларды қойды. Сондай-ақ бүкіл жандықты өргізді де көктен жаңбыр жаудырып, **онда әр түрлі көркем жұбымен өсімдіктерді өсірдік**.

19. «Фурқан» сүресінің 43-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с) **ойын тәңір жасап алғанды (ойына құлы болғанды) көрдің бе? Сонда сен оларға кепіл боласың ба?**».

20. «Ағраф» сүресінің 200-201-аяттары: **«Егер шайтаннан саған бір түрткі болса, сонда Аллаға сиын. Өйткені, Ол – толық Естуші, өте Білуші», «Тақуаларға шайтан тарапынан бір сыбыс тисе, олар Алланы еске алады да қырағылық істейді».**

«Фуссилат» сүресінің 36-аяты: **«Ал, енді шайтаннан бір түлен түртсе, лезде Аллаға сиын. Өйткені, Ол – әр нәрсені толық Естуші, Білуші».**

21. «Бақара» сүресінің 200-аяты: **«Қашан Хаж амалдарын орындасандар, (Минада) Алланы ата-бабаларыңды зікір еткендей, тіпті, одан да артық зікір етіндер. Сонда адамдардан кім: «Раббымыз! Бізге дүниеде ғана жақсылық бер!»-десе, оларға Ақыретте несібе жоқ».**

22. «Мүрсәлат» сүресінің 20-23-аяты: **«Сендерді болымсыз судан жаратпадық па?» «Оны берік бір жерде (жатырда) етпедік пе?» «Белгілі бір мерзімге дейін». «Оның тағдырын мөлшерледік. Нендей толық күшке иеміз».**

23. «Фатыр» сүресінің 32-аяты: **«Сосын ол Кітапты Құлдарымыздан таңдағанымызға мұра қылдық. Және олардан әлде кім өзіне кесір тигізеді де кейі ортада болады. Ал, тағы біреулері, Алланың бұйрығынша жақсылықтарға ілгерілеуші болады. Міне, осы ұлы мәрхамет».**

24. «Мәйда» сүресінің 79-аяты: **«Олар бір-бірлерін істеген жамандықтарынан тыймайтын болған. Расында, олардың істегендері нендей жаман».**

25. «Ахқаф» сүресінің 27-аяты: **«Расында, маңдарыңдағы кенттерді жоқ еттік. Райдан қайтуларың үшін Аяттарды егжей-тегжейлі түсіндірдік».**

26. «Бақара» сүресінің 177; 256-аяттары: **«(Яхудилер Месжід Ақсаны, Христиандар оның шығыс жағын қыбла тұтып, әрқайсысы өз қыбласын жақсы деп ойлайды). Жүздерінді шығысқа, батысқа жөнелту бір игілік емес. Бірақ, кім Аллаға, Ақырет күніне, Періштелерге, Кітаптарға, Пайғамбарларға Иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға және құл азат етуге жақсы көре отырып, мал сарып қылса әрі намазды толық орындап зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы болса, таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне, солар шыншылдар әрі солар тақуалар».** «Дінде зорлау жоқ. Расында, Туралық, азғындықтан ажыратылды. Енді кім жауыздыққа қарсы келіп, Аллаға Иман

келтірсе, сонда ол, рас, үзілмейтін (берік) тұтқаны ұстады. Алла – әр нәрсені Естуші, Білуші».

«Мәйда» сүресінің 48-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) саған шынайы түрде Құранды Өзінен бұрынғы Кітаптарды растаушы және оларды қорғаушы түрінде түсірдік. Олардың араларына Алланың өзіне түсіргенімен үкім қыл. **Өзіңе келген Шындықтан айрылып, олардың ойларына еліктеме! Сендердің әрбіреулерің үшін бір жол- жоба қойдық.** Егер Алла қаласа еді, барлығыңды бір-ақ үммет қылар еді. Алайда сендерге берген жол- жобаларыңда сынамақшы. Ендеше жақсылыққа жарысындар. Біртұтас барар жерлерің Алла жақ. Ол сендердің таласқан нәрселеріңді білдіреді».

«Нахыл» сүресінің 90-аяты: «Негізінде Алла **Әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Және де арсыздықтан, қарсылықтан әм зорекерліктен тыяды.** Сендерге насихат береді. Әрине, түсінерсіңдер».

«Ахқаф» сүресінің 19-аяты: «**Әркімнің амалы бойынша дәрежелері бар. Сондай-ақ, өздеріне амалдарының бодауы толық беріледі де оларға әділетсіздік етілмейді.**

27. «Әли Ғымран» сүресінің 117-аяты: «Олардың бұл дүние тіршілігінде қылған қайырларының мысалы: өздеріне зұлымдық істеген елдің егініне тиіп жоқ еткен **суық боран тәрізді. Оларға Алла зұлымдық етпейді, бірақ, олар өздеріне өздері зұлымдық етеді**».

«Әнғам» сүресінің 104-аяты: «Расында, сендерге Раббыларың тарапынан ашық дәлелдер келді. **Кім оны көрсе, өзі үшін; және кім көрмесе зияны өзіне.** Мен сендерге күзетші емеспін».

«Жүніс» сүресінің 44-аяты: «Расында, Алла адам баласына зұлымдық қылмайды. Бірақ, адамдар өздеріне өздері зұлымдық қылады».

«Жүніс» сүресінің 108-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.): «Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан хақ (*ақиқат – уахи хат*) келді. Енді кім Тура Жолда болса, өзі үшін Тура Жолда болады. Ал, енді біреу адасса, өз зиянына ғана адасады. Мен сендерге кепіл емеспін»-де».

«Һұд» үресінің 101-аяты: «**Біз оларға зұлымдық қылмадық. Олар өздеріне зұлымдық етті.** Раббыңның әмірі келген сәтте, олардың Алладан өзге жалбарынғандары өздеріне ешбір пайда келтірмеді. Сондай-ақ зияндарын арттырғаннан басқа түкке тұрмады».

«Ісра» сүресінің 7-аяты: **«Егер игілік істесеңдер, өздерің үшін жақсылық істеген боласындар; ал, жамандық істесеңдер тағы өздерің үшін.** Екінші уәделі мезгіл келген кезде *(екінші қылмыстарыңның кешірім мезгілі толған кезде)*, беттеріңді бұзып қынжылту үшін және алғашқы кіргендеріндей Месжид Ақсаға кіріп, тасталқан қылулары үшін (дұшпандарыңды жібереміз)».

«Лұқман» сүресінің 12-аяты: «Рас Лұқманға шүкіршілік етуі үшін даналық бердік. **Кім шүкір етсе, өзі үшін шүкір етеді.** Ал, кім нашүкірлік етсе, сонда да Алла мұнсыз, мақтауға лайық». (Өркім өзіне өзі жамандық қылатыны бұлардан да басқа бірнеше сүрелерде ескертілген).

28. «Бақара» сүресінің 111; 113-аяттары: «Олар: «Жұмаққа Яһуди немесе Христиан ғана кіреді» деді. **Бұл олардың өз ойлары ғана.** (Мұхаммед с.ғ.с.): «Егер сөздерің шын болса, дәлел келтіріңдер»-де». «Кітапты оқи отырып, Яһудилер: «Христиандар еш нәрсе емес» деді. Христиандар да: «Яһудилер дәнеңе емес»-деді. **Сондай-ақ, білмегендер де олардың айтқанындай айтты.** (Араптар да: «Ислам діні еш нәрсе емес» деді.) Сонда Алла (Т.) олардың таласқандарына **Қиямет күні билік айтады**».

29. «Бақара» сүресінің 16-аяты: **«Олар қисық жолды Туралықпен айырбастап алды.** Сонда оларға саудалары **(бұл амалдары)** пайда бермеді. **Іәм олар Тура Жолды таппады.** (102; 175; «Ниса» с. 44; «Тәубе» с. 111; «Саф» с. 10-13-а).

30. Халифа Алтай. «Құран Кәрим қазақша мағына және түсінігі». «Фатиха» сүресі. Мұхитдин Исаұлы. «Мәңгі мұғжиза» 252-бет.

«Ісра» сүресінің 110-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с) оларға: «Мейлі, Алла деп немесе Рахман деп атаңдар. Қайсысымен атасаңдар да ең көркем аттар Оған тән»-де. Намазда жариялап та, құпиялап та оқыма, **осының арасындадағы жолды ұста**».

«Кеһф» сүресінің 54-аяты: «Расында, осы Құранда адам баласы үшін әр нәрсені ашық-ашық баян еттік. Ал, **адам баласы көп нәрседе жанжалшыл**».

31. «Мәида» сүресінің 3-аяты: Сендерге: Өлексе, аққан қан, доңыз еті және Алладан басқаның атымен бауыздалған мал арам қылынды. Бірде буынып, ұрылып, құлап, сүзіліп өлген малдар және жыртқыш жеген мал арам. Бірақ бауыздағандарың

басқа. Және тігілген тасқа арнап бауыздалған мал әрі оқтар арқылы талай сынауларының (бал ашуларын) да арам етілді. Бұларын бұзықтық. **Бүгін кәпірлер діндерінен күдер үзді. Олардан қорықпаңдар, Менен қорқындар. Бүгін діндерінді толықтастырдым және нығметімді тамамдадым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым. Кім аштықтан шарасыз қалса, күнәға ауытқымаса (жеуге болады.) Шәксіз Алла – тым Жарылқаушы, ерекше Мейірімді.**

«Әнғам» сүресінің 115-аяты: **«Раббыңның Сөзі Шындық әрі Туралықпен тәмамдалған. Оның Сөзін өзгертуші жоқ. Ол – толық Есітуші, аса Білуші»,**

«Кеһф» сүресінің 27-аяты: **Раббыңның Кітабынан саған уахи етілгенді оқы. Оның Сөздерін ешбір ауыстырушы жоқ. Әрі Одан өзге паналайтын орын да таба алмайсың.**

«Жүніс» сүресінің 15-аяты: **«Сондай-ақ оларға Аяттарымыз ашық дәлел түрінде оқылған кезде, сондай, Бізге кездесуді үміт етпегендер: «Бұдан басқа бір Құран келтір немесе мұны ауыстыр!»-деді. (Мұхаммед с.ғ.с.) «Оны өз тарапымнан өзгертуіме болмайды. Мен өзіме уахи етілгенге ғана еремін. Расында мен Раббыма қарсы келсем, ұлы Күннің азабынан қорқамын»-де».**

«Хакқа» сүресінің 43-46-аяттары: **«Ол әлемдердің Раббы тарапынан түсірілген», «егер Елші кей сөзді өзі айтып, Бізге таңса», «әрине, оның оң жағынан қолға алар едік», «сосын оның күре тамырын кесер едік».**

«Фуссилат» сүресінің 40; 42-аяттары: **«Шын мәнінде сондай Аяттарымызда бұрмалаушылық жасағандар, Бізге жасырын емес». Ендеше отқа тасталған біреу жақсы ма? Немесе Қиямет күні аман-есен келген біреу жақсы ма? Қалағандарынды істендер. Сөзсіз Алла – не істегендерінді толық Көруші».**

«Оның алдынан да, артынан да бос сөз келмейді. Аса дана, өте мақтаулы Алла тарапынан түсірілген».

32. «Ағраф» сүресінің 189-190-аяттары: **«Ол сондай Алла сендерді бір-ақ Кісіден (Адам ғ.с.) жаратқан және Оған тиянақ үшін жұбайын (Һауа р.а.) жаратқан. Ол жұбайына жақындасқанда, жұбайы жеңіл түрде жүкті болды. Сонда онымен жүріп ауырлаған кезде, Аллаға: «Егер бізге игі бала берсең, әрине, шүкіретушілерден болар едік»,-деп, жалбарынды».**

«Дегенмен, Алла Оларға дұрыс бала берген кезде, Олар Өздеріне берген бала жайында Аллаға серік қата бастады».

«Һұд» сүресінің 77-78-аяттары: «Елшілеріміз (жас жігіттер бейнесінде) Лұтқа (ғ.с) келгенде (елінің сұмдығын ойлап,) олардың келуімен қынжылды да олардың салдарынан көңілі тарайып: «Бұл ауыр бір күн»-деді». «Қауымы оған жүгірісіп келді. Сондай-ақ, олар бұрыннан да жаман істер істейтін еді. (Лұт ғ.с): **«Әй, халқым! Мына қыздарым, олар сендер үшін тағы таза. Енді Алладан қорқындар! Қонақтарым жайында мені қорламаңдар. Іштеріңде бір де есті кісі жоқ па?»** - деді.

«Хыжыр» сүресінің 67-71-аяттары: «Қаланың халқы (арсыздық істеу үшін) қуанып жетті». «Лұт (ғ.с.): «Рас, бұлар менің қонағым. Мені қорламаңдар»...». «Алладан қорқындар. Мені ренжітпеңдер...». «(Олар:) «Біз сені елді қорғаудан тимап па едік?!»-деді». «(Лұт ғ.с.): **«Егер айтқанымды істейтін болсаңдар, мыналар қыздарым»-деді**».

33. «Һұд» сүресінің 41-аяты: «Нұһ (ғ.с) кемеге отырындар. **Оның жүруі де, тұруы да Алланың атымен.** Расында Раббым – өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді»-деді».

34. «Әнбия» сүресінің 51-53-аяттары: «Рас, бұрын Ібраһимға (ғ.с.) да Туралық берген едік». «Сол уақытта Ол, әкесіне, еліне: «Мына сендер шоқынған мүсін не?»-деді». «Олар: **«Біз аталарымызды осыған табынған түрде таптық»-деді**».

35. Инквизация (іздеу, тексеру, ізіне түсу) – католик шіркеуінің жазалау мекемесі. 13-ғасырда феодалдар мен католик шіркеуінің ұйымдары әділетсіздікке қарсы қала халқы мен шаруаларды отқа өртеу жазасын белгіледі. Үздік ойшылдар, ғалымдар, жазушылар, дәрігерлер, азаттық жолындағы күрескерлер инвизация құрбаны болды. (ҚСЭ, 5-том, 42-бет).

Осы тәртіптің ізі 1870 жылға дейін келіп, сол жылы Париж коммунасында діннен мемлекет бөлінді...

36. «Рағыз» сүресінің 39-аяты: «Алла (Т) **қалағанын өшіреді де, қалдырады.** Негізгі Кітап Оның қасында».

«Фатыр» сүресінің 10-аяты: **«Кім құрмет көксесе, негізінде, бүкіл қадыр-құрмет Аллаға тән.** Көркем сөз Алла жаққа шығады. Сондай-ақ, жақсы амал да оны (*құрмет-дәрежені, оны көксеушіні*) көтереді. Ал, жамандықтың тәсілін істегендер, олар үшін қатты азап бар. Олардың тәсілдері өз-өзінен жоқ болады».

37. «Лұқман» сүресінің 12-аяты: «Рас, Лұқманға шүкірлік

етуі үшін даналық бердік. **Кім шүкір етсе, өзі үшін шүкір етеді. Ал, кім нашүкірлік етсе, сонда да Алла мұнсыз, мақтауға лайық».**

38. «Кеһф» сүресінің 83-98-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) олар сенен Зұлқарнайынды сұрайды: «Сендерге оның жайын түсіндірейін»-де. «Негізінде Зұлқарнайынды жер жүзінде күшке ие қылдық. Өзіне әр істе қолайлылық бердік». «О да бір шара қолданды». «Тіпті, күн бататын жерге жеткен сәтте, оны қара балшықты бұлаққа батқан түрде көрді. Сондай-ақ, сол маңнан бір ел тапты. «Әй, Зұлқарнайын, не (ол елді) азаптарсың немесе оларға жақсылық істерсін»-дедік». «Оларға: «Енді кім зұлымдық қылса, оны жазаландырамыз. Сосын Раббына айдалып, Рабы оған қатты жаза береді»-деді». «Ал енді кім Иман келтіріп, түзу іс істесе, оған жақсы сыйлық бар. Сондай-ақ, жеңіл іс бұйырамыз». «Бұдан кейін (шығысқа қарай) шара қолданды». «Тіпті, күн шығатын жерге жеткен кезде, оның бір елдің үстінде туғанын көрді. Ол елге күннен өзге перде жасамаған едік. (Баспаналары, киімдері жоқ еді)». «Осындай еді. Расында, оның не істегенін толық білеміз». «Содан кейін тағы да бір шара қолданды». «Тіпті, екі таудың арасына жеткен кезде, сөзді түсіне алмайтын бір ел тапты». «Олар: «Әй, Зұлқарнайын! Яжұж, Мажұж бұл жерде бұзақылық істеуде. Саған салық төлесек, олар мен біздің арамызға бір бөгет жасайсың ба?»-деді». «Зұлқарнайын: «Раббымның маған бергені бес артық. Сендер маған күш көмегін қылыңдар да сендер мен олардың арасына бір бөгет жасайын»-деді». «Маған темір тақтайлар әкеліндер»-деді. Екі беттің арасы теңелген кезде: «Көріктендер!»-деді. Ол от болған сәтте: «Маған еріген мыс әкеліндер, үстіне құяйын»-деді». «Сонда олар, оны аса алмады да тесе алмады...». (Зұлқарнайын): «Бұл Раббымнан бір мәрхамет. Қашан Раббымның уәдесі (Қиямет) келсе, оны жермен-жексен қылады. Сондай-ақ, Раббымның уәдесі хақ»-деді».

39. «Кеһф» сүресінің 7-аяты: «Біз адам баласының қайсысы жақсы амал істейді, деп сынау үшін, жердің үстіндегі нәрселерді, жердің көркі қылдық».

40. «Иасин» сүресінің 42-аяты: «Әрі олар үшін сол сияқтыдан **мінетін көліктер жаратуымыз** (да бір белгі)».

41. «Рахман» сүресінің 33-аяты: «Әй, жын мен адамзат тобы! Көктер мен жердің шектерінен өтуге шамаларың келсе, өтіңдер. Өте алмайсыңдар! **Бірақ, бір қуатпен өте аласыңдар»**

42. «Рағыз» сүресінің 39-аяты: **«Алла қалағанын өшіріп, қалағанын қалдырады.** Кітап Оның қасында».

43. «Әнғам» сүресінің 90-аяты: «Міне, солар Алланың Тура Жолға салғандары. (Мұхаммед с.ғ.с) онда, олардың Жолын кү және: **«Сендерден ақы сұрамаймын. Өйткені, Құран әлемге үгіт қана»-де»;** («Жүніс» с. 72; «Фурқан» с. 56-57-аяттары).

Дат, ағайын!

Біздер – ХХ-ХХІ ғасырдың ұрпақтары, заманымыз ғылым-білімнің заманына тура келіп, тарихты танып өстік. Бабаларымыздың ерлігін де, елдігін де жақсы білеміз. Бірақ, оларды соншалықты мақтаныш тұтқанымызбен олар да Алланың қаһарына ұшырады. Әйтпесе, уәдесіне берік (1) Алла «Хаж» сүресінің 38-аятында Өзі ескерткендей, Кәлима келтірген қазақ елін орысқа мәтәл қылып қоймас еді (2). Жаңылысқан жерден жедел жөнделуіне жәрдемдесер еді (3).

38-аятта: «...Алла Иман келтіргендерді қорғайды, **қасарысып қырсыққандарды жақсы көрмейді**», -деген. Сегізінші ғасырдан бастау алып, он бесінші ғасырдан түгелдей Имандылыққа келген бабаларымыз Аллаға қасарысып қырсыққан ба? Не себепті Иман келтірген жалғыз Алласына паналамай, Ресейге барды?

Бұл сұраққа жауап табу үшін әңгімені әріден бастауға тура келеді. Олай етсек те, 1731 жылы Әбілқайыр ханның Ресейге өз аяғымен барып қосылуна не себеп болды?-деген сұраққа таяламыз. Расында, осылай болуына не себеп? Бұған қалмақтың, Қоқан хандығының жиі-жиі шабуылдауы мен зұлымдықтары себепші болды десек, біз де Мұсылман едік қой, неге Алла қорғамай, олардың шабуылына ұшырадық?-деп, ешбір мұрағат құжаты дәлелді жауап бере алмайтын сұрақтармен қала береміз.

Әрине, бұл сұрақтардың жауабын Құраннан ғана табамыз. Құранның «Әли Ғымран» (102-103-а), «Шура» (13-а) сүрелерінде бөлінбеңдер, деген Аяттар бар (4). Біз осы Аяттарды сыйламай, **үш жүзге, ақсүйекке, қараға бөлінген жерден қатты қателестік.** («Ұлтқа Қияметті әкелген қазақ мақалдары» тақырыбымызда кеңірек айттық).

Біз Құран ілімі дегенде, молдалардың сөзіне сеніп, Аллаға, Елшісіне келтірген Кәлимамыздан сауатты пайдаланбадық. Жүзге бөліну туралы әңгіме бықси бастағаннан: «Бұл Алланың

бөлінбеу, жіктелмеу хақындағы Аяттарына қарсы амал!»-деп, оны жөргегінде жойып жібермедік. Содан Алланың қаһарына ұшырадық. Ол Қоқан хандығы мен қалмақ шабуылдары арқылы және ашаршылық пен таршылық жіберіп бірнеше мәрте ескертті («Ағраф» с. 94-95-а). Бұдан нәтиже шығарылмады. Алла «... қарсы келмейтін елді өкіл етіп...» («Мәида» с. 54; «Әнғам» с. 89-а), аяғы орысқа барып қосылумен тынды.

Жиырмасыншы ғасырда оянған қазақ зиялылары жүзді зерттеуге көңіл бөлді. Бірақ, қолдарында Құран болмады, мұрағаттық құжат жоқ. Сосын бұл бүлдіргіні елден есіткендері бойынша тарихи мұраға айналдырды.

Енді осы жүздің шығуына тоқталайық. Мұның тарихын шекараны қорғауға байланыстырып, тек жорамалмен ғана айтып жүрміз. Бірақ, бабаларымыз жүзге бөлінбей тұрып-ақ, ерлігімен, елдігімен жерін жауға бермей келген еді. Ол кезде бұл жер, бұдан – бүгінгі көлемінен екі есе үлкен еді!...

Алдымен, бабаларымызды жаңылдырған «жүз» сөзіне мән бере кетейік. «Жүз» сөзі арабтың «бөлім», «бөлу» деген сөздерінен шыққан. Біздің «шежірешіл» қарттарымыз: «Жердің бүтіндігі мен елдің амандығын сақтау үшін, әр жүз руды бөлек-бөлек топтап, үшке бөліп, әр топқа қызметтер жүктеліп, оларды сол міндеттеріне қарай орналастырған. Бірінші топты үлкен ұл – Ақарыстан тараған ұрпақ, деп, Ұлы жүз деген мәртебе беріп, шаруаға – ел экономикасын тіктеуге және қалыпты сақтауға міндеттендірген;

-келесі жүз рудан құралған топты – Бекарыстан тараған ұрпақ, деп, Орта жүз деген мәртебе беріп, елшілік, бітімшілік, ел ішіндегі үгіт-насихат жұмысына міндеттендірген;

-ылғи батырлардан құралған, үшінші жүз руды, Жанарыстан тараған ұрпақ, деп, атап, Кіші жүз мәртебесін беріп, елді сыртқы жаудан қорғауға міндеттендірген...», -дейтін.

Күлкілі де қызық жері – қожа, төре, төленгітке уәзипа жүктелмеген. Сонда бұл жүзге бөлу қай ғасырдан және қайдан шыққан болады?!

С. Дәуітов құрастырған «Майқы би» атты кітаптың 82-бетінен, бұрыннан таныс, Майқы би бабамыз айтқан аңызды оқыдық және осы кітаптың 141-бетінен: ...«Тауарих хамсаның» авторы Құрбанғали Халит: «Өзбектен соң ұлы Жәнібек хан

көшпелі Мұсылмандарды үшке бөліп: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп ат берген...», - деген дерекпен де таныстық.

Ал, ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология» атты зерттеуінің 77-ші, 114-беттерде оғыз тайпаларына тоқталып келіп, 303-бетінде: «...Біз басында оғыздан бөлінген едік. Оғызға қараған 92 тайпаның кейін 24 саны түрікмендерге, 12-сі өзбектерге кетіп, 56 тайпасы қазақ жерінде қалған еді...», - деген. Жүз сөз болмаған, арыстар айтылмаған.

Құранға жүгініп отырып (5), тереңірек ойласақ, жүздің хикаясы берідегілер ойдан шығарған бос гәп қана. Мұны қостайтын үлкен дәйек, мейлі ұлы жүз болсын, мейлі, орта не кіші жүз болсын, басты рулардың санының жүзге толмайтыны; екінші дәйек, қалпе, қаракесек, тоқа, ысты (ыстық) сияқты рулардың басқа жүздерде де кездесетіні – шежірешілер айтып кеткен естеліктегідей болса, тарихтың не-не зауалын көрсе де, әр ру өз жүзінде қалған болар еді; үшінші дәйек, жаңа айтқанымыздай, жүзге қосылмайтын: төлеңгіт, төре, қожа руларына ешбір міндет жүктелмегені. Бұлар да елге бір қызмет жасауы керек емес пе?!

Бүгінгі қазақтар өз көздерімен көріп отырған мына Шындық, осы жүзге қарсы сөзімізді қостайды: қазақ үш жүзге бөлінген еді. 1996 жылдан шет елдегі қандастар көшіріп алынды. Бұларды **оралман** деп атады. Қолдарына оралман деген куәлік берді. Бұл – төртінші жүз болды. Себебі, жүздерді бір-бірінен алалап кемсіткендей, оралмандарды да отырса – опак, тұрса – сопак, деп жіктейді. Ал, оралмандардың арасында: қалпе, тоқа, ысты, арғын, найман, қоңырат, үйсін, жалайыр, төлеңгіт, қожа, төре, қыпшақ рулары бар – аралас. Сонда да бұлар – оралман.

Ана тілі мен руын, ата салтын жоғалтқан қалалық «қазақтарды» – **шаталар**, дейді. Зерттеп қарасаңыз, бұлардың арасында да қазақтың барлық рулары аралас...

Егер жазу болмағанда еді, жүз жылдардан кейінгі ұрпақ, оралманды да бір жүз ретінде атап, оған мына рулар кірген деп; шаталарды да бір жүз ретінде көрсетіп, ол жүзді түген рулар құраған деп сандалар еді. Бұл айтылғандарға, бүгінгілер сияқты жаңа толқын сене қалары даусыз. Сонымен қазақ бес жүз болар еді.

Құдай сақтасын!

Міне, жүздің шығу тарихы да осындай бірдеңеден басталған. Оны Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс қылған берідегі өтірікші «шеберлер».

Осы дәлелдерге қарағанда, жүзге бөліну кейінгі ғасырлардың құйтырқылығы. Бұған бірінші дәлел, жаңағы Ә. Қоңыратбаевтың оғыздар туралы дерегі болса, екінші дәлел, XIII ғасырдан келген төрелер мен төлеңгіттердің жүзге қосылмай қалғаны. Жүзге бөлу, сол замандағы Исламды таратушы арабтардың жұмыс тәсілі, деп топшыласақ жаңылмаспыз. Олар ұстаздар мен уағызшыларға шетсіз-шексіз даланы иелеп жатқан елді, ру-ру емес, рулар аралас отырған ауыл-ауыл етіп бөліп берген болар. Бір рулардың екінші жүзде де ұшыраса беретінінің себебі де осы тұжырымды мақұлдайды.

Мұның егжей-тегжейін тарихшылар анықтар, қазақтың бірлігіне ғасырлар бойы кесір болып келген опасыз теңнің Шындығы да сонда шешілер.

Қалай болғанда да, жүзге бөліну дегеннің атының өзі жаман. Бұл – Құранға қарсы амал. Бұған, Алланың алдындағы Ардақтыларың – тек Тақуаларың ғана, деген Аятты аттап өтіп, «ақсүйек» деген қосылды. Бұл екеуі (жүзшілдік пен ақсүйекшілдік) Алланың қаһарын шақырып қазақтың ауызбіршілігіне іріткі болды.

Алла «Әли Ғымран» сүресінің 103-аятында: **«Түп-түгел Алланың жібіне жабысындар да бөлінбендер. ...өздеріне берген Алланың нығыметін еске алындар: бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды, Оның игілігімен туысқа айналдындар; оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша Алла сендерге Тура Жолға түсулерің үшін Аяттарын баян етеді»**,-деген. Бұл Аят – тап осы бүгінгі біздерге айтылып отырған ескерту. Расында, өткен ғасырларды ескерсек, бабаларымыз жүз-жүзге, ру-руға бөлініп, бірін-бірі кемсітіп, жер дауы, жесір дауы, барымтамен әйтеуір, берекесіз бір өмір кешті; Алашорданың кезінде де бірінің бірі аяғынан шалды, нәтижеде Орынбор мен Ташкеннен айырылып қалды; 1929 жылдың азабын, 1932-33 жылдардың ашаршылығын, **«...оттан бір шұңқырдың ернеуіндегі»** – 1935-38 жылдардың нәубетін, 1941-45 жылдардың соғысын көріп*, **жүректеріміздің арасы жарасып**, ел тәубеге келіп, бір мүддеге шақырған кеңестік идеология қосымша болып, басымыз бірікті, **туысқа айналдық**. Енді осы туыстықтан айырылмау керек еді,

* Алла Аяттарына қарсы елді осылай тәубесіне келтіреді – «Ағраф» с. 93-а...

өкінішті жері, зұлмат күндерді беріп, тәубеге келтіріп, туыс қылған Алланы тағы ұмытып, осы күнде тағы жүз бен ақсүйек қолаңсасы бықсып өкпені қауып тұр...

Бір танысыма: «Осында туылып өсіпсің. Қазақ тілін білмейді екенсің. Сеніңше қазақ деген қандай халық? Қазақ ұлты туралы не білесің?»-дедім. Ол зерттеп үйренуге қызықпағанын, бірақ, үш жүзге, ақсүйекке бөлінетінін, рушыл екенін жақсы білетінін айтты. Жүрегім мұздап салды. Мұны қайдан білгенін сұрадым. «Бала күнімнен есітіп өскенмін. Сендерді жаулап алуға әрмия жасақтаудың, қару-жарақ шығындаудың реті жоқ»,-деп, өзінің тым ашылып кеткеніне өкініп, сөзін аяқтамай кілт үзіп, ұяла жымыды.

Ақсүйек пен жүздің қазаққа әкелген аймамасы осы-ақ, одан өзге бір тиындық пайда берген жоқ. Қазақтың Ресейге бодан болуының тетігі де осы. Жүзге бөлініп алған қазақ, өзара іштей, кейде жария күңкілдесіп, бір жүздің ардақтысының ақылын қалған екі жүз тыңдамай, бастары бірікпей, соңында өз аяғымен Ресейге барып қосылуға мәжбүр болды.

Содан бері біз, Құранды берген Алланың алдында және 1465 жылдан қазақ хандығын құрған Керей, Жәнібек бабаларымыздың Рухының алдында, текті халық, батыр халық мәртебемізді қорғай алмағандығымыз үшін ұяттымыз!

Жүз бен ақсүйекке бөліну – ақыл ойы кемел бабаларымыздың Құран Аяттарының қазақша мағынасын жақсы білмегендігінен, «Құранды жақсы білемін»,-дегендерге қапыда сеніп, **байқамай жол қойған кемшіліктері еді.** Оның тақсыретінен ел көп азап көрді. Тіпті, Қазақ елі деген ел, қазақ деген ұлт жоғалып кету қаупіне дейін барды. Бүгінгі ана тіліміз бен ұлттық мәртебемізді әлемнің басқа ұлттары қатарлы көтере алмай келе жатқанымыз да содан. Ендігі біздің міндетіміз – сол бабаларымыз жол қойған қателікті қайталамау. Құранда: «**...Егер қайталасандар, Біз де қайта жазалаймыз**» («Ісра» с. 8-а), қасарысқандар «**...бұрынғылар қорланғандай қорланады...**» («Мүжәдала» с. 5-а),-деген. Қайталамайық! Сауатты өмір сүрейік! Алланың: бөлінбеңдер, бір-біріңді кемсітпеңдер, өсектемеңдер деген өсиеттеріне Нұрлы ақылмен амал жасап, Алланың ризашылығына жетейік. Егер Аяттардан, өткен тарихымыздан дұрыс нәтиже шығармай алауыздық ететін болсақ, бұл – Аллаға **қасарысып қырсыққанымыз** («Хаж» с. 38-а) деген сөз. Алла және де

бізді, алдағы жылдарда біздің үлгімізбен бүлінген жүзшіл, сүйекшіл балаларымызды, келешекте немерелерімізді, жалпы ұрпағымызды атырабымыздағы ғайридіндердің қоластына береді. Сол қайталанбасын десек, жүзшілдік пен сүйекшілдік тарихта қала берсін, біз оны пайдаланбайық, олардың ел бірлігі үшін **арам амал екенін** мойындап, бастартайық. Біздің бабаларымыз бен мамаларымыз тақсыретін тартқан ащы тарихтан алатын тағлымымыз осы болмақ.

Және қайталайық, жүзшілдік пен рушылдық, «Ақтабан шұбырынды...» қасіретінен кейін бір тоқтап еді; екінші рет, 1931-33 – ашаршылық жылдары; үшінші мәрте, 1935-38 – репрессия жылдары; соңғы тоқтауы 1941-45 жылдары. Содан 1960 жылдарға дейін ел тыныш болып еді. Аш, жалаңаш қазақ біртұтас еді, тіпті, ұлт та айырмайтын. Бұған соғыс жылдарында эвакуация қылынған бірнеше ұлт өкілдерінің естеліктері де дәлел. 1965 жылдардан – халық тойынып, өз-өзіне келген жылдардан, ел арасындағы бұзушы тексіздер білгіштік қылып, өлген бәлені қайта түтетті. Тіпті, рудың Алладан («Хұжрат» с. 13-а) екенін ескермей, тап осы қазақтың кіндігін өзі кескендей, үш жүзді Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс деген үш атадан таратты. Неткен «шеберлік» десеңізші, нәлет! Сөйтіп, кешегі азапты өмірінен тәубесіне келіп, тұтасып келе жатқан елге және жіктелу дертін жайды....

Құранның «Лұқман» сүресінің 21-аятында: **«Қашан оларға: «Алланың түсірген нәрсесіне ілесіндер», - делінсе, олар: «Жоқ! Аталарымызды тапқан нәрсеге ілесеміз», - дейді, аталарын шайтан жалындаған отқа салған болсада...»**,- деген. Сол айтпақшы, біздер де, осы Алла бөлмеген бөлінуден зиян тауып келе жатсақ та: «Бұл жүз бабаларымыздан келе жатқан жол. Бір атадан тараған үш арысты атауы – бірліктің белгісі...»,- деп, дау айтушылар шығары да заңдылық. Себебі, Құранда: **«...Өйткені, қарсылықтарының салдарынан жүректеріне бұзау сіңіп қалған...»** («Бақара» с. 93-а), - демекші, жүректерге сіңіп қалған ескі әдет жаңаруға ерік бермейді. Біз бірлік туралы Аяттарды ескертіп, бабаларымыз Құранды жақсы білмегеннен, «білем», дегендерге қапыда алданғанын айттық.

Ал, Құранның қазақшасы қолдарында болғанда, Алланың Аяттарына қарсы болғандарды лағнеттейтінін («Бақара» с. 89;

«Әли Ғымран» с. 87-а) ұғынып, өш алатын Әл-Қаһар-Алладан сақтанар еді. Сонда Ресейге отар болмас едік...

Және қайталайық, егер бөлінбеу хақындағы Аяттардың («Әли Ғымран» с. 102-103; «Шура» с. 13; «Хұжрат» с. 10-13-а) үкімдерін елемей, «... **Аталарымызды бір жол үстінде таптық. Расында біз де олардың іздеріне түсіп, Тура Жол та-бамыз**», ...», -деп, жүзшілдік пен ақсүйекшілдікті қорғап қалсақ, Алла: **«...Егер аталары еш нәрсені түсінбеген әрі Тура Жолды таппаған болсада ма?»** («Бақара» с. 170-а) (6)-деп мүшріктерді лағнеттегеніндей, бізге де теріс қарауы бұлтартпас Шындық. Қазақты арыстар емес, жалғыз Аллаға Иман мен Оның қаһарына кезігуден қорқу және бір тілде сөйлеу («Рұм» с. 22-а) мен түсінісу ғана біріктіреді.

Біз тарихтан әрқайсысы неше мыңдаған шаңырақты құраған сандаған қазақ руларын білеміз. Осынша шаңырақтарды және руларды бір мақсатта ұстап, басын қосқан да бір тілде сөйлеу мен Алла салған («Мәида» с. 48-а) жалғыз дін Жолы. Біз осыдан сабақ алып, басымызға қасіретті тағдыр келмей тұрып, Құранмен, жалғыз Алланың маңдайымызға жазған тілі – ана тілімізбен жасайық (7).

Құлдарын жақсы білетін әрі олардың сақтануы үшін Құранды түсірген Алла, тарихта: **«...Ата-бабаларымызды тапқан жолдан бұруға әрі жер жүзінде екеуің ғана ұлық болуға келдіңдер ме?...»** («Жүніс» с. 78-а), -деп, Мұса мен Нарунға (ғ.с.) қарсы шыққандар болғанын да **«...Сендер де бар болғаны біздер сияқты адамсындар. Сендер біздерді ата-бабаларымыз табынып келген құдайларымыздан айнытқыларың келеді. ...біздерге ашық дәлел, анық мұғжиза көрсетіңдер»** («Ібраһим» с. 10-а), -деп, менсінбей, тіпті, кереметтер көрсетуін талап еткендер шыққанын да хабарлаған. Бізбен келіспейтіндер де жүз беруі мүмкін. Бірақ, біздің мақсатымыз ұлық болу емес, Алланың бөлінбеу туралы Аяттарына теріс жолдан қайтару («Мәида» с. 79-а), Ата-бабамыздың басына келген жамандықтардан сақтандыру, Тәуелсіздігімізді мәңгілікке қорғап қалуға шақыру.

Үш арыс жайын да талдап өтейік. Біз руды Мұсаның (ғ.с.) заманынан, яғни, Оның қауымын 12 руға бөлген жерден бар деп білеміз. Мұны «Хұжрат» сүресінің 13-аяты да тастықтайды. Бізде қожалардың кейбір аталығы ғана өз бабаларын Мұхаммедке (с.ғ.с.) апарып қосады. Басқа бірде бір ру ататегін мұншалықты

алысқа апара алмайды. Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс атауларының да қайсы ұлттың сөзі, мағынасы не екендігін де ешкім жаза қойған жоқ. Дыбыстық қасиетіне қарағанда бұлар он бесінші ғасырдан бергі атаулар. Бұған сүйенсек, жүз де (ру емес) сол он бесінші ғасырда пайда болған. Мұны да ешкім анық дәйекпен айта алмайды. Сондықтан Құранның: **«Өзің білмеген бір нәрсенің соңына түспе...»** («Ісра» с. 36-а), деген өсиетіне құлақ асып, жүзшілдіктен тиылайық. Құраннан, өмір Шындығынан, ғылымнан тастығы табылмаған – туған-өлген жылы, жасаған дәуірі белгісіз «арыстарды» жайына қояйық.

Алла Тағала «Әнфал» сүресінің 38-аятында: «...Егер райдан қайтсаңдар, өткен күнәларың жарылқанады. **Ал, егер оларды қайталасаңдар, онда өткендегілердің үкімі орындалады**»-...», - деген. Бұл Аят – тек қана бізге, бізге – жүзшіл, сүйекшіл, міншіл, әйелдеріне дейін жікшіл қазаққа атап түсірілген Аят. Бұдан айбынайық. Әзер алдамен, Алладан тілей-тілей зорға жеткен Тәуелсіздігімізді қорғайық. Енді өткендегілер қайталанбасын!

«Тағабұн» сүресінің 5-аятын тарихымызбен талдайық. Аятта: **«Сендерге бұрынғы қарсы болғандардың әңгімесі келмеді ме? Олар істегендерінің жазасын тартты.** Олар үшін тағы күйзелтуші азап бар», - деген. Бұл Аят та жүз бен ақсүйекке бөлінген біздерге тікелей тиесілі. Аятта: **«Сендерге бұрынғы қарсы болғандардың әңгімесі келмеді ме?...»**- дейді. Иә, біз бабаларымыздың Құранның бөлінбегендер, деген Аяттарына талап дәрежесінде дұрыс амал жасамай, жүзге, ақсүйекке бөлінгенін, содан нешеме соғыстарды көріп, соңында, орыстарға отар болғанын; олардың қолынан қан қасап азаптар шеккенінің, кемсітушіліктер көргенінің хабарын қарттардың аузынан естігенбіз, тарихтан оқығанбыз. Одан берідегі төңкеріс, тәркілеу, ашаршылық, нәубеттер, соғыс жылдарындағы азапты сағаттар – бәрі-бәрінің **«...әңгімесі келген...»** – білеміз. Екінші сөйлемде: **«Олар істегендерінің жазасын тартты...»**, дейді. Иә, олар жүзге бөлінген қателегінен, осынша азапты өмір кешті – **істегендерінің жазасын тартты.** Осыны біле тұра олардың қателігін қайталамайық!

Тәуелсіз Қазақстан осы 5-аят пен тарихтан тағлым алуы ләзім. Академик, антрополог ғалым Оразақ Смағұлов ағамыздың журналист Темур Балұмбетовпен сұхбатында да бұл жүзді антропология әдісімен зерттегенін, жүзден жүздің түк айырмашылығы

жоғын, бұл ойдан шығарылған, қолдан жасалған бөлу екенін айтады.

Біз де бүгіннен жүзшілдіктен тиылып, тек қазақша сөйлеп, өз салтымыз бен дінімізді құрметтеп түзелмесек, бәлкім, осы қамсыздығымыздың жазасын тартамыз... Алла Аяттарына қарсы болғандардан өш алады («Әли Ғымран» с. 4-а). Ал, Оның қаһарының келуі қас-қағымда-ақ («Қамар» с. 50-51-а), ол келгенде қасымыздағы мардымсыған біліміміз ештеңеге жарамайды («Ғафыр» с. 83-а). Яғни, Оның Қаһарынан қорғай алмайды...

Мына Аятты да талдап таратайық. Құранның «Мүминұн» сүресінің 68-аятында: «...Сөзді зерттемей ме? Оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?»-дейді. Бұл деген сөз: «Әй, 1991 жылдан Менің Мейірімім түсіп, Тәуелсіздікке қол жеткерген қазақ елі! Осы Құран VIII ғасырдан бері бабаларыңның қолында келді. Олар Оны оқып, Аяттардан дұрыс тағлым алудың орнына, Менің: «бөлінбеңдер», деген; «Алланың алдындағы Ардақтыларың – Тақуаларың ғана», деген; «басшыларға бағыныңдар, Мен несібесін ұлық еткендерді (8) және бір-бірінді өсек етпеңдер, кемсітпеңдер», деген Аяттарымды, өздері айта салатын бос сөздей көріп: жүзге, ақсүйек пен қараға бөлінген еді; Мен ілім-білім берген Абай, Ыбырай текті Тақуаларды мойындамады (9); Мен мәртебе-мерейлі еткендерді өсектеді, бірін-бірі кемсітті және басқа Аяттарымды ескермей, нәпсілерінің сыбырлағанын (10) істеді. Яғни, Менің Аяттарыма қарсы келді. Сондықтан Мен бабаларыңа ғайридіндерді басшы етіп, еріктерін солардың қолына берген едім (11).

Енді сендердің қолдарыңда, сол **аталарыңның қолында болған – Құранның қазақшасы бар**. Сөзді зерттеңдер, Аяттарымызға қарсы келсеңдер сол аталарың көргенді алдарыңа әкелемін («Әнфал» с. 38; «Ісра» с. 8; «Мүжәдала» с. 5-а).

1991 жылдан Мен сендерге Исатай, Досан, Махамбеттер, кешегі Тұрар, Мұстафа, Әлихан, Ахмет, Міржақыптар... ең соңғысы қыршын Қайраттар армандаған Тәуелсіздікті сыйладым (12). Осы бақыттың баянды болуын қаласаңдар, **бабаларың алданғаннан қапыда жоғалтқан Тәуелсіздіктен айырылып қалмаңдар**. Қолдарыңда Құранның Мен нәсіп еткендер аударған қазақша мағынасы бар. Оқыңдар, Менің тиғандарымнан тиылыңдар. Мен берген нығыметті бағалап, Тура Жолымда табанды болыңдар. Егер бабаларың сияқты қателессеңдер, Мен де қайта жазалай саламын (13). Менен ештеңе кетпейді!

Мына «Әнбия» сүресінің 44-аятын оқыңдар. Онда: **«Әрине, оларды да, аталарын да ұзын бір өмірге дейін пайдаландырдық. Ал, енді олар жерді айналасынан кеміткенімізді көрмей ме? Сонда жеңіске олар ие бола ма?!»**-дегенбіз. Бұл Аят сендерге арналған. Бірінші сөйлемдегі **«пайдаландырдық»**,-дегенім, осы уақытқа дейін ақ сүйек пен қараға бөлініп, жүзді айтып бір-бірінді кемсітіп, күндеп жүргендерің; **«...жерді айналасыңнан кеміткеніміз...»** – көп жерлерің шет елге кетті; бөлінбеңдер деген Аятымды сыйламағаны үшін бабаларыңды Тәуелсіздігінен айырып, **«..мемлекеттігін жоқ қылдым»** және Яссы, Сайрам, Сарайшық... сияқты қаншалаған кенттерін жойдым («Ахқаф» с. 27-а), жерлеріңнен кеміттім... («Рағыд» с. 41-а). Құран арқылы және сол бабаларың тартқан азап арқылы («Фуссилат» с. 53-а) **«...райдан қайтарсыңдар деп Аяттарымызды егжей-тегжейлі түсіндірдік»** («Ахқаф» с. 27-а).

Және қайталайын, **«Расында, Аллаға, Елшісіне қасарысқандар, ... бұрынғылар қорланғандай қорланады. Әлбетте, ашық Аяттарды түсірдік. Қарсы болушылар үшін қорлаушы азап бар»** («Мүжәдала» с. 5-а). Жүзге бөлінбеңдер, өз ана тілдерінде сөйлендер. Енді сендер Құранды жақсы үйреніп, Аяттардың үкімдеріне сауатты амал жасап, Менімен бірге өмір сүріңдер. Сонда Тәуелсіздіктеріңді қорғап, Мәңгілік елге айналасыңдар!»-дегені (14). Жаңағы «Мүминұн» сүресінің 68-аятына көңіл бөліп, Аяттарды зерттеп ойланайық: ұлтымыздың өткен тарихын талдап ойланайық; бабаларымыздың Абай сынаған мінездері мен Аяттарды салыстырып ойланайық; Құран өсиеттері мен ескертулеріне бас қатырып, ұрпағымыздың тағдырын көздеп ойланайық...

«Жүніс» сүресінің 13-аятында: **«Біз сендерден алдыңғы ұрпақтарды әділетсіздік еткені және Пайғамбарларға сенбегені үшін...»**,-деп, Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейінгі ұрпақтарды жоқ еткенін айтқан. Бұл да біздерге ескерту деп қабылдайық. Бабаларымыз жүз бен ақсүйекке бөлінді; төрелікті байлар мен болыстардың пайдасына бұрды; малшылары мен жалшыларының еңбекақысын әділетті төлемеді; кедейлер мен жетім-жесірлердің садақа, зекеттен (15) тиесілі үлесіне қиянат жасады. Сол себепті олардың **мемлекеттігін жойып**, орыстың қоластына беріп, 1991 жылға дейін барлығын, Өзіндік жоқ етуімен құртты. Бізді ғасырлар бойы арман болған Тәуелсіздікке жеткерді.

1992 жылдан Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев діни наным-сенім заңын бекітіп, Ұлы дінімізді үйренуге ерік берді, Исламды терең игеру мен меңгеруге барлық қолайлылықтарды жасады. «Жүніс» сүресінің 14-аятының үкімін жалпақ тілмен, осы шақпен айтқанда: **«... олардың (– Құранды дұрыс түсіне алмай жазаға ұшыраған бабаларымыздың) орнына, Аяттарға қалай амал жасайтынымызды көру үшін ... (біздерді – замандастарының 99,9 пайызы сауатты, арасында араб тілін жетік білетін мамандары бар, біздерді Өзіндік орналастыруымен) жайғастырды»** (16).

Қайталайық, біздерді **Аяттарға қалай амал жасайтынымызды көру үшін жайғастырды. Енді біз қателеспейміз керек!**

Алла «Хаж» сүресінің 30-аятында, өтірік айтудан сақтандырған. Себебі, өтірікшілер – шайтандардың достары, олар Құранды бұрмалаушылар, Момындарды Имандылықтан қайтарушылар, араға іріткі салып, бірлікті бұзушылар. Бұны бір деп қоялық. Екінші, «Жүніс» сүресінің 15-аятында Мұхаммед (с.ғ.с.) Аяттарды Өз тарапынан өзгерте алмайтынын айтса, Алла «Фуссилат» сүресінің 42-аятында, Құранның алдынан да, артынан да бос сөз келмейтінін ескертіп, «Хаққа» сүресінің 44-46-аяттарында: **«Егер Елші кей сөзді өзі айтып Бізге таңса», «әрине, оның оң жағынан қолға алар едік», «оның күре тамырын кесер едік»**,-деген. Енді осы (30-шы, 15-ші, 42-ші, 44-46-шы) Аяттарды топтап қорытсақ, Алла Құранда жоқ – Аяттармен бекітілмеген жүз, ақсүйек, кара деген сияқты т.б. өтіріктерді айтқандарды жазалайтынын ескерткен...

Міне, бізге үйренетін, зерттейтін нәрселер. Біріншісі – Құран Шындығы мен Оны зерттей алмаған бабаларымыздың қателігі; екіншісі, олардың байқамағанын байқап, Құранға келтірген Кәлимамызға адалдық етіп, Аяттарға құрмет көрсету.

Және қайта ескертейік, ру, ұлт әсілінде, Алладан. Құранның «Хұжрат» сүресінің 13-аятында: **«Әй, адам баласы! ...сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. ...бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық...»**,-деген. Жүз бен сүйектер сөз болмаған. Мұндағы: **«...ұлттар...»** деген сөз, әр ұлттың өз тілі барының, ал: **«...рулар қылдық...»**,-деген сөз, барлық ұлтта ру барының хабары. Мұсылман халықтарын айтпағанда, біз өркендеген ел деп, бағалап жүрген Израил ұрпақтарында он екі ата ру бар, ал, орыста сегіз ата ру бар. Олар бұл руларын тек некелесерде, ген тазалығын сақтау үшін ғана пайдаланады.

Олар осы рушылдықты аса сақтықпен сауатты пайдаланғаны үшін ауызбіршілікті. Сондықтан жан-жақты күшті. Біздің олардан алатын үлгіміздің ең біріншісі осы – жікшілдіктен арылу, екіншісі – ғылымшылдық қана. Басқасының керегі жоқ. Бұл – бір.

Екіншіден, бір рудың өзін бірнеше тармаққа бөлу де Алланың бөлінбеңдер деген Аятына қарсы амал. Сондықтан әркім өз руы мен жеті атасын ғана біліп, күллі қазақты, бүкіл қазақстандықтарды бірге туған бауырындай қабылдауы керек.

Бабаларымыздың жікшілдіктен кейінгі қатесі, парақорлығы мен әділетсіздігі. Мұны өз заманында Абай бабамыз сынап өткен еді. Бүгінгі интелегенция оны жақсы біледі. Өкінішті жері, олардан бір тобы, сол білген тұрпайылықтарды – Құдай тиым салған надандықтарды өздері ұялмай қайталауда. Чех халқының атақты жазушысы Карл Чапек: «Өркениет кезіндегі ең үлкен қасірет – оқымыстының ақымақтығы», -деген болатын. Біздегі интелегенция осыдан сақтануы тиіс. Себебі, Алла «Бақара» сүресінің 247-аятында: **«...Алла әкімшілікті қалағанына береді. Алла – әр нәрсені кеңінен Білуші»**,-десе, 269-аятында: **«...Ал, кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Мұны ақыл иелері ғана түсіне алады»**,-деп, лауазымдының парасатын өзінің ақылына тапсырады. «Өнғам» сүресінің 165-аятында: **«...Сендерге берген нәрселерде сынау үшін дәрежелерде бірінді біріннен жоғары көтерді...»**,-деген. Демек, лауазымды адам – Алла қалаған адам әрі Алланың сынағындағы тұлға. Ол физиканың қарсылық заңдары сияқты, Аяттарға қарсы амал істегендердің сөзсіз жазаланатынын ескеруге міндетті.

Бабаларымыздың заманында, халықтың 99,5 пайызы сауатсыз болатын. Қазіргі қазақтың 99,9 пайызы сауатты, тіпті, әйелдері мен қыздарына дейін училище, колледж, институт, университет, академия, асперантура бітірген. Тарихтан ата-бабаларының көрген азаптарын оқып біліп отыр. Сөйте тұра олардың сауатсыздығынан байқамай жол қойған қателерінен бастартпайды. Керісінше, сол қателерді жалаңаштанумен, арақорлықпен жаңаша түс алдырып жандандыруда.

Егер, надандық деген – біле тұра өз-өзіне жауыздық жасау, екеніне келіссек, бабаларымыз байқамай жол қойған қателікті сезіне отырып қайталауымыз – ғылым-білім шыңына жеткен ғасырдағы надандығымыз болады.

Иә, мұны мойындауға міндеттіміз. Қолымыздағы бай ілім Құралынан дұрыс пайдаланбай, бабаларымызды қапы қалдырған білместікті қайталауымызға ертеңгі тарих осылай баға береді. Бұл – Шындық. Мұны жасыруымыз не қарсы келуіміз – өзімізге өзіміздің зұлымдық жасағанымыз (17). Ұлтымызға, ұрпағымызға опасыздық еткендігіміз... Одан аман қалу үшін Рухани жаңғырайық, алдымен жүзшілдіктен, аксүйекшілдіктен қашайық, паракорлық пен әділетсіздік деген пасықтықтардан жиіркенейік.

Біз орысты әлдеқандай қылып, өзімізден биік ұстағанымызбен олардан ұлтымыз үшін аса маңызды құндылықтарды үйренбей келеміз. Мысалы олар түбі швед Суворовты да, тегі эфиоп Пушкинді де, қаны ағылшынның лордынан тараған Лермонтовты да ұлттық мақтанышы ретінде биік ұстайды. Ал, бізде ол жоқ. Орталық және солтүстік пен шығыс облыстарымызда оңтүстік өңірлерден шыққан ұлылардың ескерткіші қойылмаған, олардың есімімен көшелер де аталмайды, оңтүстікте солтүстіктіктер ескерілмейді.

Ресей Федерация – бірнеше автоном республикалар мен автоном облыстардан, аудандардан құралған. Ұлттардың да саны көп. Алайда, оларды біріктіріп отырған – жалғыз орыс тілі. Осы бір тілділіктің арқасында Ресей ғылымда да, саясатта да, экономикада да әлемдік құрметке ие. Бір тілділік – ауызбіршіліктің кепілі. Осыдан ғибрат алып, бір ғана мәзһабты ұстанып, жалғыз Аллаға құлшылық жасап, бір ғана тілде сөйлейік. Бұл еліміздің қуат күші болады; бұл елімізді үлкен абройларға жеткереді.

Тіл жәйлі. Біздің келешегімізге кесір әкелетін келесі кемшілігіміз – қандастарымыздың ана тілінен, ұлттық салт-дәстүрінен жерініп, Құдайдың қаһарына ұшырағандар мен Құдай адастырғандардың жолымен жүруі. Құранның «Фатиха» сүресінің 7-аятында: «Нығыметіңе бөленгендердің Жолына сал, **Қаһарыңа тап болғандар мен адасқандардың жолына емес**», - деген. Біздің интелегенция осыны оқығанмен, зерделеп мағынасын шақпай, өзара және отбастарында орысша сөйлеп, әйелдері мен қыздары солардың сәнімен киініп, солардың жолымен жүр.

Өкінішті жері, бірі балаларын, бірі немерелерін өз қолдарымен «жетектеп апарып», солардың жолына салуы...

Сөйтіп, Құран тиым салған амалдарды істейді. Бұл да – осы 7-аятты және мұнымен мағыналас бірнеше Аяттарды (18) менсінбей, Аллаға **қасарысып қырсығу** («Хаж» с. 38-а). «Әли Ғыман» сүресінде (4-а) Алла Аяттарына қарсы келгендерден өш алу күшіне Ие екенін, «Бақара» сүресінің 89-аятында лағнеттегенін ескерткен. Ал, «Мәриям» сүресінің 84-аятында: **«Олар үшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз»**, -дейді. Күнәларымыздың Алла кешіретіні де бар. Кешірмейтіндерінің **саны толып кетсе**, уәдесіне (19) берік Алланың қаһарлана қалуы ештеңе емес. Ол, Қиямет сағатының қас қағымнан да жылдам екенін ескерткен. Мұны ата-бабамыз: «Қиямет аяқ астында», -деген. Және олардың: «Қиямет әркімнің басында», -деген де тұжырымы бар. Құран ешкімнің күнәсін ешкім көтермейтінін, әркім өзі үшін жауап беретінін ескерткен. Сондықтан әр қайсымыз өз бас амандығымыз үшін Алланың Тура Жолында болайық. Алланың қаһарына ұшырағандар мен Алла адастырғандарға және Алланың Аяттарына қарсы амал істеушілерге ермейік.

Адасқандардың кімдер екенін және бір қайталайық. «Мәида» сүресінің 60-аятында: «Алла **біреуді қарғап ашуланса** және олардан маймылдар, доңыздар тағы бұтқа табынушылар қылса, міне, солардың орны жаман және (*олар*) Тура Жолдан мүлде **адасқандар**», -дейді. Мағынасы өте түсінікті ашық Аят. Аятты Өзі Мұсылман қылып жаратқан біздерге ғана айтылған хабар деп қабылдасақ, адасқандарға еліктеп жүрген біздер не істеп жүрміз? Алланың Мұхаммедті (с.ғ.с.) жіберіп, Құранды түсіргендегі мақсаты, Ислам үшін жаралған бізді («Рұм» с. 30-а) солардан (адасқандар мен қарғалғандарға еруден) сақтандыру (20) үшін емес пе? Сонау УШ ғасырдағы ата-бабамыз Исламды да ұрпағымыз азбасын, адаспасын, барлығы түгел бір Аллаға сыйынып, иіліп Бейіштік болсын деп қарсылықсыз қабылдаған еді ғой!...

Біз өткен заман туралы, ол дәуір өгіп кетті, біз Тәуелсіз елміз, енді қайтып ол зұлмат жылдарды көрмейміз, деп, Аллаға **қасарысқан** жолымызда жүре берсек, Алла қас қағымда сол дәуірді әкеле қалары даусыз. Оның бір есімі – Әл-Қаһар. Оның қаһары қатты және тез («Қамар» с. 50-а). Кеңшілік беріп («Әли Ғыман» с. 178-а), күнімізді санап отырған («Мәриям» с. 84-а) Оның қаһарынан сақтанайық. Алланың айтқанын қылайық –

жіктелмейік, өз тілімізде сөйлеп, дәстүрімізбен сәнденейік (21). Кімнің зиянына болса да Шындықты сөз етейік. Әділдіктің қорғаушысы болайық. Куәлікте ешкімге жамбарсымай, турасын айтайық. Ақиқат пен бұзықтықты араластырмайық. Ешкімнің еңбекақысына, өзіміздегі үлесіне қиянат жасамайық. Қысқасы, Аллаға қасарысып қырсықпайық. Сонда біз Оның қамқорлығында боламыз. Зұлмат жылдар қайтып оралмайды.

Осы бастауымызды мына Аяттармен және төмендегі деректермен толықтырайық. Алла Тағала Құранның жасама сөз емес, үгіт-насихат екенін бірнеше Аятта айтқан. «Рұм» сүресінің 9-аятында: **«Олар жер жүзін кезіп, өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын көрмей ме? Негізінен олар бұлардан күштірек еді де, олар жерді қопарып, олар оны, бұлардың дамытуынан да көбірек дамытқан еді. Оларға ашық дәлелдер мен Елшілер де келген еді. Алла оларға зұлымдық еткен емес, бірақ, олар өздеріне өздері зұлымдық етті»**,-десе, «Фатыр» сүресінің 44-аятында: **«Олар жер жүзін кезбей ме? Сонда олар өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын көрер еді. Тіпті, олардың күші бұлардың күшінен артық еді...»**,-деп, «Ғафыр» сүресінің 82-аятында: **«...Олар бұлардан көп және күшті әрі жер жүзінде қалдырған деректері мықты еді. Алайда, бұл табыстары олардың кәдесіне жарамады (яғни, оларды қорғап қала алмады)»**,-дейді. Ал, «Қамар» сүресінің 50-51-аяттарында: **«Әміріміз бір-ақ қас қаққандай». «Расында сендер сияқтыларды жоқ еткен едік. Ал сонда түсінуші бар ма?»**-деген. Енді осы бес Аятты талдасақ, ең алдымен ойымызға 1991 жылы жойылған КСРО түседі. Оның территориясы 22, 4 миллион шаршы шақырым болып, онда 285 миллион халық жасайтын. Техникалары, ғылымы, әскері де, қару-жарағы да күшті еді. Оның идеологиясының күштілігі соншалықты, оны ешкім жер бетінен жойылады, деп ойлай алмайтын. Сондай күшті империя қас қаққандай мерзімде жоқ болды. Осы тұста 9-аяттың үшінші сөйлеміне мән берейік. **«...Оларға ашық дәлелдер мен Елшілер де келген еді...»**,-дейді. Міне, осы КСРО-ның жойылуы, бізге келіп тұрған ашық дәлел. Ал, **Елші** – қолымыздағы Құран, осы Аяттар.

Сондықтан біз бүгінгі нығыметтерге мәз болып, масайрай бермей, Алланы жиі ескеріп, шүкірлер айтайық. Құран тиған тиымдардан тиылып, Аяттар көрсеткен Жолмен, Ата заңмен

жүріп-тұрайық. Сонда Тәуелсіздігімізді – бүгінгі бақытты ғұмырымызды қорғаған боламыз. Бұл Тақуалық болады, бұл – Иманнан дұрыс пайдалану деген сөз.

Құранның «Һүд» сүресінің 116-аятында, Алла Өзінің сүйікті Елшісі Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Сендерден бұрынғы ғасырлардағы ақыл Иелері, жер жүзін бұзықтықтан тыйса еді...»**,-деп және бір Аятта: **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. ...Алла кімді қаласа Тура Жолға салады...»** («Бақара» с. 272-а), **«Сен бір ескертуші ғанасын»** («Фатыр» с. 23-а),-деген. Сондай-ақ, біз де ескертушіміз. Ескерттік. Ендігісі елін сүйген, Отанының амандығын, жерінің бүтіндігін тілеген, балаларының, ұрпағының бақыты үшін ойлана алатын, оларға жаны ашитын әркімнің өзіне байланысты.

«Ісра» сүресінде: **«Әр адамның қылығын мойнына қоямыз...»** (13-а), **«Кім Тура Жолда жүрсе, шын мәнінде өзі үшін Тура Жолда жүреді; ал, кім адасса, ол да өз зиянына ғана адасады. Ешкім басқаның күнәсін көтермейді...»** (15-а),-деген. Мұны дана бабаларымыз: **«Әркім қылса – өзіне»**,-деп қазақшалаған. Біреудің бұзық жолдалығымен ісіңіз болмасын, Алла дозақ үшін де адамдар жаратқан (22). Сіз өзіңізге сақ болыңыз!

Орысшылыққа есін алдырған біреулер кеңес үкіметін сылтаурадады, біреулер ата-анасын айыптайды. Құранда Алла, Ол Күні – Сізге тиесілі санап отырған күн толған шақта («Мәриям» с. 84-а) ешқандай сылтау арашашы бола алмайтынын ескерткен. Мына 15-аятта: **«Ешкім басқаның күнәсін көтермейді»**,-деп отыр. Демек, әркім өзі үшін жауап береді, деген сөз. Онда өзіңіздің білмей шайтанға беріп қойған, намыссыздығыңыз бен жігерсіздігіңізді жасырып, заманға, ата мен анаға кінә тағуыңызды қойыңыз. Ол – орынсыз айла, тіпті, ұят тәсіл!

Біліп қойыңыз, Сіздің ойыңызға осындай сылтауларды салып отырған да сол – бабаларыңызды шатастырған шайтан досыңыз (23). Ол Адамнан (ғ.с.) бастап, жеңіл ойлы, пікірсіз талай пендені алдады, адастырды. Енді Сізге жағаласып жүр. Байқаңыз, ол бастаған жолдардың арты қайырсыз!

Байқайтын, шайтаннан сақтанатын нәрселер, тақырыбымызға байланысты айтсақ: «Әли Ғымран» сүресінің 102-103; «Шура» сүресінің 13-аяттарын, «Ниса» сүресінің 1-аятын, «Хұжрат» сүресінің 10-13-аяттарын құрмет етіп, туыстық, ағайындық байланысты үзбеу, қасиетсіз жүз бен ақсүйекке, қараға бөлінбеу; Мұхаммедтің (с.ғ.с.): **«Өзіңе тілегенді өзгелерге тілемейінше...»**,

яғни, «Өзгелерді өзіндей көрмейінше шынайы Мұсылман бола алмайсың», - деген хадисіне жүректен амал жасап исі қазақты, бүкіл қазақстандықтарды, күллі адам баласын құрмет ету; ешкімнің еңбекақысына қиянат жасамау және өзіндегі ақысына – садақаға, зекетке сақилық ету; садақа, зекеттен жиналған байлықтан тиесілілердің үлесін беру және оларды ортақ қазынаға салу.

Екіншісі ұлттық тілге байланысты ұқыптылық ететін жай: «Рұм» сүресінің 22-ші, «Хұжрат» сүресінің 13-аятына жүректен Иман келтіру, Аяттардың үстемдігі үшін бойыңыздағы шайтанмен табанды күресу. Міне сонда Сіз өзіңіз үшін Бейішке Жол салуыңызбен бірге, Тәуелсіз еліміздің Мәңгілік ел болып қалуына үлкен үлес қосқан боласыз... Біз тарихтағы қателіктерімізді түзеген боламыз. Алланың сүйікті Құлдарына айналамыз.

Әркім өзіне сақ болса, ол – Иманның сақталғаны. «Иманды елді жау алмас», - деген. Имандылар Алланың қамқорлығында жасап, күллі жамандықтан, қауіп-қатерден аман болады. Бұл – еліміздің, ұрпағымыздың бақытты өмірінің кепілі!

«Әнфал» сүресінің 19-аятында: **«...Топтарың қанша көп болса да сендерге әсте пайда бермейді. Өйткені, Алла Момындармен бірге»**, - дейді.

Жаңа қуатты, күшті КСРО деген мемлекетінің жойылғанын айттық. Әлемде тек Алла белгілеген өз дінінде («Мәида» с. 48-а) келе жатқан мемлекеттер ғана өз Тәуелсіздігін ұзақ жылдардан сақтап келе жатыр. Солар сияқты біз де қару-жарағымызға, айналамыздағы достарымызға сеніп, қапы қалмайық. Бұл – өз кезегінде Аллаға серік қосумен бірдей («Фурқан» с. 43-а). Көршілерімізбен сіз-біздікті нығайта отырып, Имандылыққа басымдық беріп, Құранда айтылған әмірлерді орындап, белгілерге Иман келтіріп, Алланың шынайы Құлы болайық. Сонда біз Алланың ризашылығына жетіп, Оның Мейірімі мен Рахымында бақытты, баянды өмір сүреміз. Тәуелсіздігіміздің баяндылығына негіз қалап, ұрпағымызға Тура тағлым қалдырамыз.

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...»**. («Бақара» с. 272-а) **«Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік.** («Фурқан» с. 56-а) **«Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың»**, («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: **«Сен оларды зорлаушы**

емессің»,-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорламақшы да емеспіз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Құранда: «... **Алла сақтанушыларды жақсы көреді** («Кеһф» с. 7-а),-десе, атам қазақ: «**Құдай да сақ болсаң, сақтайды**»,-деген.

1. «Хаж» сүресінің 47-48-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) олар сенен азаптың тез келуін тілейді. **Алла уәдесінен әсте айнымайды**. Негізінен Алланың қасындағы бір күн сендер санайтын мың жылмен тең», «Қаншалаған кенттерге, залым болса да кеңшілік беріп, кейін қолға алдым. Әрине, барар жері Біз тарап».

2. «Бақара» сүресі 251-аят: «Сонда олар, оларды Алланың бұйрығымен жеңіліске ұшыратты. Дәуіт Жалутты өлтірді. Алла Дәуітке патшалық, даналық берді әрі қалағанын үйретті. **Алла адам баласының бірін бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді**. Алла – бүкіл әлемге кеңшілік Иесі». («Хаж» с. 40-а).

3. «Ғафыр» сүресі 51-аят: «**Расында, Елшілерімізге Иман келтіргендерге дүние тіршілігінде де, куәлікке тұратын Күні (Қиямет) де, әлбетте, жәрдем етеміз**».

4. «Әли Ғымран» сүресі 102-103-аяттар: «**Әй, Момындар! Алладан шынайы қорқумен қорқындар да Мұсылман болған күйде өліндер**», «**Түп-түгел Алланың жібіне жабысындар да бөлінбендер**. Сондай-ақ, өздеріне Алланың берген нығыметін еске алындар. Өйткені, **бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды, Оның игілігімен туысқа айналдындар. Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды**. Осылайша Алла сендерге Аяттарын Тура Жолға түсулерің үшін баян етеді». («Шура» с. 13-а).

5. «Хұжрат» сүресінің 10-13-аяттары: «Шын мәнінде Момындар **туыс қой**. Сондықтан **екі туыстарыңның арасын жарастырыңдар**. Және Алладан қорқындар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер», «**Әй, Момындар! Бір ел, бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ, әйелдер, әйелдерді келемеждемесін**. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Бір-біріңді міндемендер; жаман ат тағыспаңдар. Иман келтіргеннен кейін сүркей ат нендей жаман. Ал, кім тәубе қылмаса, міне солар залымдар», «**Әй, Момындар! Күмәнның**

көбінен сақтаныңдар. Өйткені, күмәннің кейбірі күнә. Сыр тексермеңдер, **біреуді-біреу ғайбаттамасын.** Біреулерің өлген туысының етін жеуді жақсы көре ме? Әрине, оны жек көресіңдер. Расында, Алла – тәубені тым Қабыл Етуші, ерекше Мейірімді», «Әй, адам баласы! Шүбәсіз, сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, **бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық.** Шынында, Алланың қасында **ең ардақтыларың Тақуаларың.** Шәксіз, Алла – толық Білуші, әр нәрседен Хабар Алушы».

6. «Бақара» сүресі 170-аят: «Алла түсірген (Құранға) бойұсыныңдар делінсе, олар: **«Жоқ, үстінде ата-бабаларызды тапқан жолға ілесеміз»**,-деді. Егер аталары еш нәрсені түсінбеген әрі Тура Жолда болмаған болса да ма?!». («Мәида» с. 104; «Ағраф» с. 28; «Жүніс» с. 78; «Мүминүн» с. 24;«Шұғара» сүресі 74; 136-138; «Лұқман» с. 21; «Сафват» сүресі 69-71;«Зұхрұф» с. 22-25-а).

7. «Рұм» сүресі 22-аят: «Көктер мен жерді жаратуы, тілдеріңнің, түстеріңнің қарама қарсылығы да Оның белгілерінен. Шәксіз бұларда білгендер үшін белгілер бар».

8. «Ниса» сүресі 54-59-аяттар: **«Немесе олар Алланың Өз кеңшілігімен адамдарға бергенін қызғана ма?** Расында Ибраһимнің жұрағатына Хикмет және зор патшалық берген едік» «Олардың кейі оған сенеді де, кейі одан бас тартты. Оларға жалындаған от жетіп асады». **«Негізінен ондай, Аяттарымызға қарсы шыққандарды жедел дозаққа саламыз да, олардың терілері жанған сайын азапты татулары үшін, оны басқа терілерге ауыстырамыз.** Шәксіз, Алла – тым Үстем, Хикмет Иесі». «Ал, сондай, Иман келтіріп, ізгі іс істегендер, оларды астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземіз. Олар Онда мәңгі қалады. Сондай-ақ, оларға тап-таза жұбайлар бар. Және оларды қалың көлеңкеге кіргіземіз». «Негізінен Алла сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларыңды және адамдардың арасына билік қылсаңдар, Әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді. Расында Алла сендерге нендей жақсы уағыз береді. Шәксіз Алла – толық Есітуші, тым қырағы». «Әй, Момындар! Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар. Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаға, Пайғамбарға ұсыныңдар. Егер сендер Аллаға, Ақырет күніне Иман келтірген болсаңдар, міне, осы қайырлы да нәтижеде жақсы».

9. 6-ретті қараңыз.

10. «Қаф» сүресі 16-аят: **«Расында адамзатты жараттық. Оған нәпсісінің не сыбырлағанын білеміз. Өйткені, оған күре тамырынан да жақынбыз».**

11. «Зұхрұф» 36-37-аяттар: **«Әлде кім Рахманды еске алу-дан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да, сонда ол оның жолдасы болады».**

«Күдіксіз шайтандар оларды жолдан тосады. Олар өздерін тура жолға түсірілдік, деп ойлайды».

12. «Әнфал» сүресі 19-аят: **«Жеңіс тілеп едіңдер, расында, үстемдік зияндарыңа келді. Егер енді тиылсаңдар, сонда сендер үшін жақсы. Ал, қайталасаңдар, Біз де қайталаймыз. Топтарың қанша көп болса да сендерге әсте пайда бермейді. Өйткені, Алла Момындармен бірге».**

13. «Әнфал» сүресі 38-аят: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) сондай қарсы болғандарға, егер олар жамандықтан тиылса: «Өткен кінәларың жарылқанады, ал, егер қайталасаңдар, өткендегілердің үкімі орындалады»-де».** («Ісра» с. 8-а).

14. «Бақара» сүресі 208-209-аяттар: **«Әй, Момындар! Исламға бүтіндей кіріңдер де шайтанның ізіне ермеңдер. Өйткені, ол сендерге ашық дұшпан», «Сендерге ашық дәлелдер келгеннен кейін Жолдан тайсаңдар, Алла – тым Үстем, Хикмет Иесі».**

15. «Бақара» сүресі 3-аят: **«Сондай! Олар көмеске Иман келтіреді, намазды толық орындайды, өздеріне берген несібемізден пайдаландырады»** және садақалар туралы Аяттар: «Бақара» с. 195; 215; 219; 261-274; «Ісра» с. 29; «Мұнафиқун» с. 10-а.

16. «Жүніс» сүресі 14-аят: **«Сонан кейін олардың артынан не істейтіндіктеріңді көру үшін, жер жүзіне сендерді орындарына қойдық».**

17. «Мәйда» сүресінің 79-аяты: **«Олар бір-бірін істеген жамандықтарынан тимайтын болған. Расында, олардың істегендері нендей жаман».**

18. «Мүжадәле» сүресінің 14-20-аяттары: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) өздеріне Алла ашуланған қауымды дос тұтқандарды көрмедің бе? Негізінде олар, сендерден де олардан да емес. Сондай-ақ, олар біле тұра өтірікке ант ішеді». «Алла оларға қатты азап әзірледі. Олардың істегендері нендей жаман». «Олар анттарын қалқан қылып алып, Алланың Жолынан тосады. Сондықтан олар үшін қорлаушы азап бар».** «Олардың малдары да, балалары

да Алладан келген нәрсеге еш төтеп бере алмайды. Міне солар, тозақтық. Олар онда мәңгі қалады». «Қиямет күні Алла, оларды, тұтас тірілтіп жинағанда, сендерге ант ішкендей Оған да ант ішеді. Расында, олар оны пайдалы деп ойлайды. Байқандар! Шын мәнінде олар, өтірікші». **«Оларға шайтан үстем келіп, өздеріне Алланы еске алуды ұмыттырды. Олар – шайтанның тобы. Байқандар! Расында, шайтанның жамағаты солар; зиян тартушылар».** «Сөзсіз, Аллаға, Елшісіне қарсы келгендер, солар; қорлардың қатарында болады».

19. «Рұм» сүресі 5-6-аяттары: «...Алланың жәрдемімен. Ол кімді қаласа жәрдем етеді. Ол – аса Үстем, ерекше Мейірімді». «Бұл – Алланың уәдесі. Алла уәдесінен айнымайды. Бірақ, адамдардың көбі түсінбейді».

20. «Бақара» сүресінің 120-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.)» олардың діндеріне ермейінше Яһуди де, Христиан да, сірә, сенен риза болмайды. Оларға: «Әрине, Алланың Жолы сол Тура»-де». **Өзіңе мәлімет келгеннен кейін егер олардың көңілдері тартқанына еліктесең, Алла тарапынан саған не дос, не жәрдемші болмас».** 145-аятта да айтқан.

21. «Мұмтахина» сүресі 13-аят: «Әй, Момындар! Алланың ашуына ұшыраған елді дос тұтпандар. Олар кәпірлердің қабырдағылардан күдер үзгеніндей, Ақыреттен үміт үзген».

22. «Ағраф» сүресі 179-аят: «**Рас, дозақ үшін де көптеген жындар мен адамдар жараттық.** Олардың жүректері бар, алайда олар онымен түсінбейді. Көздері бар, онымен көрмейді. Және олардың құлақтары бар, ол арқылы естімейді. Олар хайуан тәрізді, тіпті, одан да әрі адасуда. Міне, солар, мүлде қаперсіздер».

23. «Бақара» сүресі 168-169-аяттар: «Әй, адам баласы! Жер жүзінде болған, халал, таза нәрселерден жендер және **шайтанның ізіне ермендер! Өйткені, ол сендерге ашық дұшпан».** «Шынайы түрде ол, сендерге жамандықты, арсыздықты және Аллаға қарсы білмейтіндеріңді айтуды нұсқайды».

Пайдаланылған әдебиеттер:

Он бір Құран аударма түсінігінен және «Сахих әл-Бұхариден» және төмендегі әдебиеттерден пайдаландым:

1. Әбсаггар қажы Дербісәлі «Ұлық имам-имам ағзам Әбу Ханифа».
2. Әзілхан Нұршайықов «Тоғыз толғау».
3. Ахмет Жұбанов «Ғасырлар пернесі».
4. Әнуар Әлімжанов «Ұстаздың оралуы».
5. Қожа Ахмет Яссауи. «Қырық хикмет». 1991 ж.
6. Әбу Номид Ғоззалий «Өлімнен кейін...».
7. Шейх Мухаммад Садық Мухаммад Юсуф «Хадис уә хаят» бірінші, бесінші және сегізінші бөлімдері.
8. Хаммами. «Ясин сүресінің тәпсірі».
9. Бәдиүззаман Сайд Нұрси. «Рисалай-Нұр жинағынан». «Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың мұғжизалары»
10. С. Карбозұлы «Түрік даналары»
11. Исрайыл Сапарбаев «Әмір Темір аманаты».
12. Қайрат Жолдыбай «Имани гүл», «Дін мен діл» 1-кітап.
13. Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбай «Ислам ғылымхалы»
14. Мұхитдин Исаұлы «Мәңгі мұғжиза»,
15. Ата әс-Сынбати, Мұхитдин Исаұлы «Отбасы ғылымхалы».
16. Алау Әділбаев «Саңлақ сахабалар», «Кемелдік кілті».
17. Имам ибн Касирдің «Пайғамбарлар қиссасы». (А. Қадыров, Ж. Жакипов, Қ. Қыдыралыұлдары құрастырған).
18. Махмұтұлы Нәжіметдін «Хақ дін – Ислам діні».
19. Сабыр Үсенұлы «Ғибратты әңгімелер»
20. Смайыл Сейтбеков «Иман негіздері».
21. Құдайберді Бағашар «Тағлым таразысы», «Тағлым тамшылары», «Ислам және өнеге», «Исламдағы тазалық».
22. ҚМДБ. «Дін – насихат». Ақпараттық-насихат тобына арналған әдістемелік құрал.
23. Абдуллоһ Севинч «Қабырдан хат»
24. Дамира Өмірзаққызы Ибрагим «Адамзаттың асыл тәжі».
25. Али Хіммет Берки, Осман Кескіоғлы «Соңғы Пайғамбар хазіреті Мұхаммедтің өмірбаяны».
26. Нұрғай Ерназар «Ұлы тұлғалар Ислам жөнінде».
27. Амантай Рзашұлы «Сыр елінің сырлары».
28. Қалмахан Ержан Сейітұлы «Матуриди ақидасы», «Періштелерге иман».
29. Мұхаммед Юсуф Кандахлауи «Сахабалар салған сара жол».
30. А. Қадыров, Қ. Спатай, З. Аман. «Ақырет өткелдері».
31. Жанар Теңлібаева. «Ақырет жәйлі 100 сұрақ».
32. «Егемен Қазақстан» газеті мен «Иман», «Мұсылман» журналдары, «Ислам және өркениет», «Мұнара» газеттері.

Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі

**Құрандағы Қиямет
пен
қиялдағы Қиямет**

Үшінші кітап

Редакторы *Нарбай Тағайұлы Қожахметов*
Корректор *Нарбай Тағайұлы Қожахметов*
Компьютерде беттеген *Анархан Чагимқұлова*

Басуға 24.12.2022 қол қойылды. Пішімі 60×90^{1/16}.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 23.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №7259.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41

Бұл тапсырыстың мазмұнына баспахана жауап бермейді.

ISBN 978-601-10-0246-2



9|786011||002462||

